

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 811.512.122'36

Қолжазба құқығында

МАРАЛБЕК ЕРМҰХАМЕТ

**Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы
(лингвистикалық аспектіде)**

6D021300 – Лингвистика

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор З.Қ.Ахметжанова;

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD доктор, доцент Мухаммед Қожак

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	11
1.1 Мөлшер категориясының философиялық мәні	11
1.2 Мөлшер категориясының тілтанымдық аспектіде зерттелуі.....	16
1.3 Мөлшер категориясының тілдік жүйедегі логика-семантикалық құрылымы және өзге шектес ұғымдармен байланысы.....	35
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....	48
II МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІЛІК КЕЗЕҢДЕГІ (V–XIV ғғ.) ТІЛДІК СИПАТЫ.....	50
2.1 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің көне дәуіріндегі (V–IX ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі	51
2.2 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің орта дәуіріндегі (X–XII ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі	74
2.3 Мөлшер категориясының XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі функционалды-семантикалық өрісі	111
III МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ (XV–XX ғғ.) ТІЛДІК СИПАТЫ.....	134
3.1 Мөлшер категориясының хандық дәуір (XV–XVIII ғғ.) тіліндегі функционалды-семантикалық өрісі	134
3.2 Қазіргі қазақ тіліндегі (XIX–XX ғғ.) мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі.....	171
Үшінші тарау бойынша қорытынды	193
ҚОРЫТЫНДЫ	195
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	199
ҚОСЫМШАЛАР.....	210

Шартты қысқартулар:

МҚ – Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі

АЙ – Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегі

КТЕ – Көне түркі ескерткіштері

ДТС – Древнетюркский словарь

ҚТТС₁ – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986. 1-10 т.

ҚТТС₂ – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.

ЭСТЯ – Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974, 178, I, III т. 1980 (VI т. Соавт. Левитская Л.С.), 1989. – 767, 349, 395.

КТк. – Күлтегін кіші жазуы

КТү. – Күлтегін үлкен жазуы

ББ – «Бірқ бітіг» ескерткіші

Тар. – «Тариат» ескерткіші

С. – «Суджа» ескерткіші

ХТ – «Хойто-Тамир» ескерткіштері

Тон. – «Тоникук» ескерткіші

МЧ – «Мойын-Чор» ескерткіші

БҚ – «Білге қаған» /Могилян/ ескерткіші

УТ – «Уюк-Тарлак» ескерткіші

АХ – «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы

МН – «Мұхаббатнаме» ескерткіші

ХШ – «Хусрау уа Шірін» поэмасы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл тірі организм ретінде көптеген ұғымдар аясында өмір сүреді. Осы ұғымдардың қатарынан мәні, ауқымы, көнелігі, өзектілігі жағынан айрықша ерекшеленетіні – «мөлшер» ұғымы. Мөлшер – болмыстағы заттар мен құбылыстардың заттық, сандық, сындық, қимыл-қозғалыс қасиеттерінен туындайтын түрліше деңгейден құрылған шама. Табиғат, ғалам, бүкіл тіршілік қандай да бір мөлшер негізінде құрылады. Сондықтан адамзат таным үдерістерінің бір ұшы «мөлшер» ұғымымен байланысып жатады. «Мөлшер» ұғымы жалпы адамзаттық болғанымен, тілдегі, санадағы көрінісі этностық, ұлттық сипат алады. Яғни әр этностың тыныс-тіршілігімен, өмір сүру салтымен, әдет-ғұрып, наным-сенім, құндылықтарымен етене қабысып жатады. Сондықтан «мөлшер» ұғымы – сананы ұлттық болмыспен байланыстырушы арналардың бірі.

XXI ғасырда жаһандануға қарсы ұлттық идея да қарқын алып отыр. Мұның терең мәні бар. Өмірдің барлық саласы стандартизацияға айналып, соның салдарынан ұлттық бояуы бар көптеген құндылықтар жойылуға бет алды (Ғ.Есім). Бұл өз кезегінде адамзат руханиятына орасан зор құлдырау әкелді. Ал осы тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – жаһан көшіне ұлттық құндылықтар негізінде ілесу екені айқын танылды. Бұл туралы Елбасы дәуірлік мәні бар «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында нақты айта келіп: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деуі біздің болашағымыз ұлттық құндылықтар мен оның негізін құраған кодтарда жатқанын айқындады. Ал рухани кеңістіктегі осы тілдік кодтардың бірі – әлемді «мөлшер» ұғымы аясында тану. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «мөлшер» ұғымын зерттеудің өзектілігі айқындала түседі. «Мөлшер» жай ғана шамалар жиынтығы емес, ол – дүниені танудың ерекшелігі. Онда әлемді танудың ұлттық жүйесі, құндылықтары сақталған. «Мөлшер» ұғымының қалыптасу, даму тарихына үңілу – әлемді «мөлшер» ұғымы аясында танудың ұлттық негізін табуға, ойлау мен дүниені танудың ұлттық өлшемін табуға көмектеседі. Әрі бізге болашақтағы жаһандану үдерісіне қарсы әрқашан тілдік, рухани бағдарлаушы болып отырады.

Әлемдік лингвистикада да, қазақ тіл білімінде де мөлшер мәнді тілдік бірліктер тақырыбында жазылған еңбектердің көпшілігі оларды *құрылымдық бағытта* зерттеуге, семантикалық талдау мен топтастыруға арналды. Мөлшер категориясы *функционалды бағытта*, тарихи парадигмалық тұрғыдан, тілдің әр тарихи даму кезеңдері салыстырыла зерттелмеді. Соның салдарынан аталмыш тілдік бірліктердің мәні толыққанды ашылмады. Сондықтан мөлшер категориясын этностың тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен және жалпы ұлттың даму ерекшелігімен байланысты зерттеу қажет. Тіл дамуын үздіксіз жалғасатын тарихи үдеріс ретінде қарап, оның әр тарихи кезеңдерін өзара сабақтастықта қарастыру керек. Осы тұрғыдан келгенде аталған зерттеудің өзектілігі айқындалады.

Зерттеу нысаны – мөлшер категориясының қазақ тілі дамуының бес тарихи кезеңіндегі (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ.) тілдік бірліктері.

Зерттеу пәні – қазақ тіліндегі мөлшер категориясының тарихи парадигмасын танудың лингвистикалық аспектісі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – мөлшер категориясының тарихи парадигмасын лингвистикалық аспектіде анықтау. Зерттеу мақсатына жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

- «мөлшер» ұғымының тілдік, логикалық мәнін ашу және оған жақын ұғымдармен байланысын көрсету;

- мөлшер категориясының бес тарихи кезеңдегі (V–IX ғғ., X–XII ғғ., XIII–XIV ғғ., XV–XVIII ғғ., XIX–XX ғғ.) тілдік көрінісін функционалды-семантикалық аспектіде талдау;

- мөлшер категориясын құраушы тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктерін бес тарихи кезең және тіл деңгейлері бойынша салыстыру, әр тарихи кезеңнің өзара байланысы мен өзіндік ерекшеліктерін шығару;

- мөлшер категориясының поэтикалық тілдегі ерекшеліктерін айқындау;

- мөлшер категориясының даму, өзгеруінің негізгі заңдылығын табу және оған қандай тілдік және тілден тыс факторлар әсер ететінін анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеудің нысаны қазақ тіліндегі мөлшер категориясының тарихи парадигмасын құраушы тілдік бірліктер болғандықтан, қазақ тілінің даму кезеңдерін шартты түрде бес тарихи кезеңге бөлдік. Осы кезеңдер аясында мынадай тілдік жәдігерлер дереккөз ретінде алынды:

- *Көне түркі жазба ескерткіштері* (V–IX ғғ.) – «Күлтегін кіші жазуы», «Күлтегін үлкен жазуы», «Білге қаған /Могилян/» ескерткіші, «Ырқ бітіг» ескерткіші, «Тариат» ескерткіші, «Суджа» ескерткіші, «Хойто-Тамир» ескерткіштері, «Тоникук» ескерткіші, «Мойын-Чор» ескерткіші;

- *Орта ғасыр жазба ескерткіштері* (X–XII ғғ.) – М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігі»;

- *Қытшақ жазба ескерткіштері* (XIII–XIV ғғ.) – «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы, «Мұхаббатнаме» ескерткіші, А.Ибатовтың «Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі»;

- *Хандық дәуір әдебиеті* (XV–XVIII ғғ.) – Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Тәтіқара ақын, Бұқар жырау толғаулары, «Бес ғасыр жырлайды». I том / Құраст.: М.Мағауин, М.Байділдаев, Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорындағы жыраулар поэзиясына, ескі ауыз әдебиетіне байланысты қолжазбалар;

- *Қазіргі заман тілдік мұралары* (XIX–XX ғғ.) – XIX ғасырдағы Абай, Шәкәрім, Зарзаман ақындар поэзиясы, XX ғасыр басындағы Алаш мұрасы, Тәуелсіздік жылдардағы түрлі басылымдар, он бес томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Этимологиялық сөздік», сондай-ақ, ауызекі тілде,

аймақтық сөйленістерде «мөлшер» ұғымына қатысты қолданылатын тілдік бірліктер жинақталып, жұмыста пайдаланылды. Сонымен қатар, «мөлшер» ұғымы арнайы қарастырылған диссертациялар мен ғылыми зерттеулерден қажетті мәліметтер алынды.

Осы дереккөздерден жинақталған тілдік бірліктердің саны төмендегідей:

- Көне түркі жазба ескерткіштері бойынша (V–IX ғғ.): 176 т. бірлік, 112 мысал;

- Орта ғасырға жататын М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздігі» бойынша (X–XII ғғ.) – 254 т. бірлік, 311 мысал, 193 карточка (мысал);

- Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштері бойынша (XIII–XIV ғғ.): 436 т.бірлік, 377 мысал;

- Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясы бойынша (XV–XVIII ғғ.): 154 т.бірлік, 192 мысал;

- Қазіргі заман тілдік мұралары (XIX–XX ғғ.): 226 т. бірлік, 598 мысал.

Барлық тарихи кезеңдерді жинақтай келгенде 1246 тілдік бірлік, 1590 мысал, 193 картотека жиналды.

Зерттеу жұмысында қолданылған әдіс-тәсілдер. Диссертацияда мөлшер категориясының тілдік табиғатын қазақ тілінің бес тарихи кезеңі бойынша зерттеу көзделгендіктен, бұл түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Атап айтқанда: әр тарихи кезеңдердегі мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін айқындау үшін құрылымдық әдіс қолданылды; қазақ тілінің қазіргі және тарихи қабаттарындағы мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық, функционалды-грамматикалық ерекшеліктерін өзара салыстырып, олардың байланысын, тарихи даму үдерісін анықтау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды; қазақ әдеби тілінің даму кезеңдеріндегі (XV–XX ғғ.) тілдік материалдар мен түркілік кезеңдегі (V–XIV ғғ.) тілдік материалдарды салыстыру, тілдің тарихи кезеңдерімен байланысын, генетикалық туыстығын анықтау үшін салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды; «мөлшер» ұғымының философиялық мәні мен тілдегі логика-семантикалық құрылымын анықтау үшін анализ әдісі қолданылды; микромөлшер ұғымдары мен әр тарихи кезеңдерге байланысты мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің санын анықтау, оларды өзара салыстыру және кейбір тірек сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу жиілігін анықтау үшін сандық әдіс қолданылды. Сондай-ақ мөлшер семантикалы тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасауда мәнмәтіндік талдау, бөлшектік талдау, этимологиялық талдау тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізі. Мөлшер категориясы – көптеген ұғымдармен ұштасып (интеграциялық қатынаста) жататын, қазақ тілінің барлық тарихи кезеңдерінен кең орын алған күрделі тілдік, логикалық категория. Сондықтан оның тілдік табиғатын ашу көптеген зерттеу тәсілдері мен ғылыми-теориялық негіздерге сүйенуді қажет етеді. Материалдарды пайдалану, талдау бойынша интегративті ұстаным басшылыққа алынады. Зерттеу жұмысында функционалды-семантика, функционалды грамматика, құрылымдық грамматика, когнитивті грамматика,

жалпы тіл білімі, этнолингвистика, когнитивті лингвистика, түркология, әдебиеттану ғылымдарының теориялық тұжырымдары мен зерттеу әдістері басшылыққа алынды.

Сондай-ақ әлемдік лингвистикада метрологияның жалпы мәселелері мен дүниежүзіндегі әртүрлі өлшемдер жүйесін зерттеген Ф.И.Петрушевский [1], И.Я.Депман [2], Л.А.Молчанова [3] еңбектері, орыс тіл білімінде жалпы метрология мәселесі мен ескі өлшемдер жайлы Л.В.Черепнин [4], Г.Я.Романова [5], М.М.Копыленко [6], Е.И.Каменцева [7], түркологиялық зерттеулер аясында А.Н.Кононов [8], [9], А.М.Щербак [10], В.М.Насилов [11], В.Д.Аракин [12], Н.З.Гаджиева [13], т.б. ғалымдардың зерттеулері, мұсылман халықтарының дәстүрлі халықтық өлшем бірліктерін қарастырған В.Хинцт [14], Е.А.Давыдович [15] сияқты ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде: мөлшер мәнді тілдік бірліктерді құрылымдық бағытта сөз еткен Ж.Ш.Ахмедова [16], Т.Сайрамбаев [17], Ә.Болғанбаев [18] еңбектері; функционалды бағытта қарастырған А.Байтұрсынұлы [19], З.Қ.Ахметжанова [20], А.Д.Данияров [21], Қ.Т.Рысалды [22], А.Жанабекова [23], М.Жолшаева [24] еңбектері; тарихи-танымдық, этимологиялық бағытта сөз еткен Ғ.Айдаров [25], М.Томанов [26], Э.Наджип [27], Е.Жанпейісов [28], Қ.Өмірәлиев [29], Н.Ғ.Шаймердинова [30], К.Қ.Күркебаев [31], т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеудің ауқымы мен болашағы. Мөлшер категориясы – көптеген логика-семантикалық құрылымдардан құралатын, қазақ тілінің барлық деңгейлері мен тарихи кезеңдерін қамтып жататын өте ауқымды категория. Сондықтан мөлшер категориясының тілдік табиғатын бірер ғылыми жұмыстың көлемінде және бірнеше ғылыми бағытта ғана ашу мүмкін емес. Болашақта ұлттық тілдің даму кезеңдеріндегі мөлшер тілдік категориясының негізгі базасы мен ұлттық құндылықтардың қалыптасуын анықтауға баса назар аударылады. Жұмысқа енбей қалған әр тарихи кезеңдердегі тілдік деректер толықтай жинақталып, жұмыстың мазмұны және материалдық аясы ұлғайтылады. Әрі осы жинақталған ауқымды тілдік деректер негізінде мөлшер категориясы этимологиялық, концептуалдық бағытта арнайы қарастырылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қойылған міндеттер негізінде жүргізілген зерттеудің жаңалықтары мынада:

- мөлшер категориясының тілдік табиғаты алғаш рет қазақ тілі дамуының бес тарихи кезеңдері бойынша, әрі функционалды бағытта зерттеу нысаны етіліп, мөлшер семантикалы синхронды және диахронды тіл бірліктерінің ұқсастығы мен айырым белгілері анықталды;

- мөлшер лингво-семантикасының поэтикалық тілдегі көрінісі, көркемдік тәсілдер арқылы берілу жолдары XV–XVIII ғасырларға жататын жыраулар поэзиясы негізінде алғаш рет анықталып, «поэтикалық мөлшерлік» ұғымы негізделді;

- мөлшер категориясының он түрлі логика-семантикалық құрылымы мен микроөрісі лингвистикалық аспектіде алғаш рет анықталды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Қазақ тіл білімін теориялық тұрғыдан толықтыра түседі. Функционалды-семантикалық, концептуалдық бағыттағы зерттеулерге теориялық материал бола алады. Сондай-ақ

«мөлшер» категориясының даму барысын ауқымды үдеріс ретінде көрсетеді. Түркі мәдениеті мен дәстүрлі және қазіргі қазақ мәдениетінің сабақтастығын дәлелдейді. Мөлшер категориясы қоғамның, тарихтың, саясаттың бет-бейнесін көрсететін ұғымдар, тілдік құрылымдар жүйесі саналады. Сондықтан мөлшер категориясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, дүниені танудың ұлттық кодтарын анықтауға септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның жалпы материалдары: түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, қазақ тілінің этимологиялық сөздігін құрастыруда материал бола алады; жоғары оқу орындарының филология мамандықтарындағы студенттерге қазақ тілінің тарихы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, когнитивті грамматика, функционалды грамматика, тарихи лексикология, мәтін лингвистикасы пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар жазуда материал бола алады. Сондай-ақ «Тарихи-функционалды грамматика» деп аталатын жаңа пән қалыптастыруда бастапқы материал бола алады; «Рухани жаңғыру» жобасы аясында жастардың тілдік білімін тереңдету мен ана тілінің тарихын тануда да көмекші материал болады; «Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы» деп аталатын тілді категория шеңберінде модельдеп үйретуге арналған электронды әдістемелік құрал мен бағдарлама жасауға, қазақ тілінің дәстүрлі өлшемдерінің модельді картасы мен оның электронды нұсқасын жасауға болады. Сондай-ақ «Wikipedia» ашық энциклопедиясы мен қазақ тілді «Google» базасын толықтыруға материал бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Мөлшер категориясы – қазақ тілі мен әлем тілдеріндегі ең байырғы категориялардың бірі. Онда халықтың, этностың, ұлттың тарихы, дүниеге көзқарасы, өмірлік құндылықтары, дүниені мөлшерлік тұрғыдан танудың кодтары сақталған;

- Мөлшер категориясы қазақ тілінің барлық тарихи кезеңдері мен тіл деңгейлерінде көрініс табады. Барлық тарихи кезеңдерде мөлшер семантикасын берудің синтаксистік құрылымдары, көркемдік амалдары, аналитикалық-синтетикалық тәсілдері негізінен бірдей, тек әр тарихи кезеңдерде мөлшерлік лексемалар морфонологиялық, фонетикалық өзгерістерге ұшырап, семантикалық өрісі кеңейеді немесе тарылады және функционалдық әлеуеті бірде артып, бірде бәсеңдеп отырады;

- Қазақ дүниетанымының бастауында нақты шамалық ұғымдар мен өлшемдер тұрса, рухани ізденістер өрістеген сайын ол абстракцияланып, образды формаға айнала бастайды да, көркемдік, эстетикалық мазмұны күшейеді. Бұл кейде қайта айналып, нақты ұғымдарға ұласады. Мөлшер категориясының ішкі құрылымы осылай ұдайы айнымалы үдерісте, қозғалыста болады;

- Мөлшер категориясы поэтикалық тілде жаңаша сапада, сипатта танылып, категориялық әлеуеті кеңейеді, мөлшер семантикасының жасалу тәсілдері мен мазмұны қарапайым сөйлеу тілінде жоқ үлгілермен толығыады. Мөлшер


семантикасы көркем тілдің эпитет, метафора, перифраз, метонимия, теңеу, әсірелеу, т.б. тәсілдері арқылы да ажарлы, образды формада беріліп, тілдің эстетикалық қызметі үшін де жұмсала алады. Бұл орайда мөлшер категориясы поэтикалық тілге ең оңтайлы категориялардың бірі ретінде танылады;

- Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы көбіне екі бағытпен ұштасып жатады: бірінші – лингвомәдени бағыт. Яғни халықтың мәдени өмірі өзгерген сайын мөлшер категориясының тілдік формасы да өзгеріске ұшырап, толығу, даму, екшелу үдерісінен өтеді; екінші логикалық-танымдық бағыт. Яғни этностың, халықтың рухани құндылықтары алмасқан, өзгерген, дамыған сайын мөлшер категориясының ішкі құрылымдары да өзгеріске түсіп отырады. Мөлшер категориясының мұндай өзгерістеріне белгілі тарихи кезеңдерде орын алған ірі саяси өзгерістердің ықпалы зор;

Жарияланымдар туралы мәлімет. Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері төмендегідей республикалық және шетелдік ғылыми-әдістемелік журналдар мен жинақтарда, конференция материалдары мен ұжымдық монографияларда жарық көрді:

«Жұмсаламды грамматика» оқулық-монографиясында (Сан-мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі), Абай ат. Қаз-ҰПУ Хабаршы, Филология сериясы, 2016 ж., №4 санында (Мөлшер есімдіктер), Абай ат. Қаз-ҰПУ Хабаршы, Филология сериясы, 2017 ж., №2 санында (М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «мөлшер-өлшем» ұғымын білдіретін соматизмдер), С.Торайғыров ат. ПМУ Хабаршысы, Филология сериясының, 2017 ж., №4 санында (Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының көрінісі), Гази университетінің (Түркия) «21 Yüzyılda Eđitim Ve Toplum Dergisi» журналы (Мөлшер ұғымын берудің әлем тілдеріне ортақ ежелгі синтаксистік конструкциясы) мен «Türk kúltürü ve Hacı Bektaş Veli arařtırma Dergisi» Скопус базасындағы журналда (М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер) жарияланды. Сондай-ақ ф.ғ.д., профессор Б.Қ.Момынованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (Мөлшер категориясын зерттеудің логика-семантикалық тәсілдері), ф.ғ.д., профессор Г.Б.Мәдиеваның ғылыми-педагогикалық қызметінің 35 жылдығына арналған «Филология мен шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияда (Поэтикалық мәтіндерде «мөлшер» ұғымының теңеу тәсілі арқылы берілуі), «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» аясындағы «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» арналған «Өзбекәлі Жәнібек оқулары – 2018» атты ІХ республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда (Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының әсірелеу (гипербола) тәсілі арқылы берілуі), «6 Uluslararası Çün'den Adrúyatık'e sosyal býlýmler kongresú» атты алыс шетелдік конференцияда (Ankara, 29-31 Mart, 2018) баяндама жасалып, ғылыми тұжырымдар конференция материалдары мен жинағында жарияланды.

Жұмыстың құрылымы. Кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.



Кесте 1: мөлшер категориясының тілдік табиғатын тану және тарихи парадигмасын анықтау механизмі

¹ Мөлшер – өте күрделі жаратылыстанымдық ұғым және ғаламды құраушы субстантивті негіздердің бірі. Мөлшерді адамзаттың ақыл-ой қызметінен бұрын пайда болған *субстантивті мөлшер* (Гегельше – таза мөлшер) және рухани-материалдық ізденістер нәтижесінде анықталған *субъективті мөлшер* (Гегельше – анықталған мөлшер) деп екіге жіктеуге болады. Мұнда субстантивті мөлшерді адамзат ақылы түбегейлі анықтауға қауқарсыз. Өйткені «шекті мен шексізді өлшеуге болмайды» (Абай). Десе де адамзаттың танымдық әденісі ұлғайған сайын субстантивті мөлшер субъективті мөлшерге ауысып отырады. Сана кеңістігіндегі мөлшер, ең әуелі, бес сезім мүшесі мен рухани ізденістердің нәтижесінде ұғымға айналады да, оның бір бөлігі мазмұнға ие болып, адамдар арасында ақпараттық алмасу (тілдесу) қажеттілігінен, тіл бірліктеріне, тілдік мөлшерге айналады. Бұл қайта айналып мөлшер туралы ұғымның ұлғаюына септігін тигізеді. Бұлар, дәл осы формада, ұдайы бір-біріне тәуелді байланыста әрекет етеді. Ұғым деңгейіндегі мөлшерді тұжырымдар, теориялар, аксиомалар түрінде философия ғылымы анықтаса, оның заттар (материя) бойынан көрініс табатын тілдік емес формасын түрлі ғылым салалары анықтайды. Бұл ғылымдардың басты мақсаты – мөлшер жайлы ақиқат ұғымға жету және оны адамзат игілігіне жарату. Ал тілдік деңгейде мөлшер тілдің коммуникативтік және эстетикалық қызметі (функциясы) негізінде тіл бірліктеріне айналады. Бұл тілде *поэтикалық мөлшер* мен *бейтарап мөлшер* деп анықталатын мөлшердің екі тобын қалыптастырады. Аталған екі топтың да тілдік құпиясын лингвистика ғылымы анықтайды. Бұл лингвистиканың үш парадигмасы аясында, көптеген жаңа және дәстүрлі бағыттар шегінде қарастырылады.

Мөлшер ұғымдық категория болғандықтан, мөлшерлік ұғым мен мөлшер мәнді бірліктердің ішкі логикалық байланысын, ұғымдану мен құрылымдану жүйесін тіл философиясы анықтайды. Ал оның поэтикалық тілдегі образды құрылымдар жүйесін, семантикасын лингвопоэтика зерделейді. Мөлшер категориясын тану үдерісін жеңілдету, жеделдету үшін қазақ тіл білімі мен әлемдік лингвистикада бұған дейін жасалған зерттеулердің тұжырымдары мен тәжірибелерін назарда ұстау да аса қажет. Сондай-ақ субъективті мөлшер – тіл мен таным үдерісіндегі тарихи категория болғандықтан, оның тілдегі жүйесін парадигмасын сол тілдің барлық тарихи кезеңдері бойынша байланыстыра қарастыру қажет. Міне, осындай, тұтасқан, бір-біріне тәуелді зерттеу әдістері мен жүйесі мөлшер категориясы туралы толыққанды тұжырым мен түсініктерге жетелейді. Бұл зерттеу осы жүйені мақсат етіп құрылды.

I МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Мөлшер категориясының философиялық мәні

Әлемнің тілдік бейнесі мәселесін сөз еткенде, оны сипаттайтын категориялық, концептуалдық ұғымдарды ең әуелі философиялық аспектіде негіздемей, оның мәнін тереңнен түсіну мүмкін емес. Философия «болмыстың мәні жайлы ғылым» болғандықтан, ол жаратылыстық дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың өзара ішкі байланыстары мен өмір сүру, даму заңдылықтары туралы терең танымға жетелейді. Ал философияның бір саласы саналатын «тіл философиясы» тілтаным үдерісінде методологиялық маңызға ие. Осы тұрғыдан келгенде, біз зерттеу нысаны еткен жалпытілдік «мөлшер категориясы» да, ең әуелі, философиялық ой-тұжырымдарды басшылыққа алады. Олай болса, «мөлшер» деген не? Оның өмір сүру формасы қандай? Оның шегі бар ма? Ол тілде қалай көрініс табады? Осы бірнеше сұрақтарға жауап іздеу керек. Бұл үшін философия ғылымы тарихында осы күрделі мәселе төңірегінде зерттеулерге қысқаша тоқталу қажет.

«Мөлшер» категориясын зерттеу әдеттегідей антикалық кезеңдерден бастау алады. Онда да аталмыш тақырып ертедегі Грек философиясының ең өзекті тақырыптарының бірі болды. «Мөлшер» проблемасы туралы кең көлемде алғаш қарастырғандардың бірі – Пифагор. Ол «мөлшерді» сан деп тұжырымдады. Пифагор және оның ізін жалғаушылар «сан» ұғымын асыра дәріптеді, дүниенің бастамасы, тегі сандар деп білді. Бұл туралы ол былай деп жазады: «Сан – дүниенің заңы және оның байланысы, барлығын анықтайтын және танып білетін құрал. Заттар дегеніміз – сандарға еліктеу. Заттардың түпкі мәнін және гармониясын туғызушы – сан» [32, 5 б.]. Ал *сандық мән* «бірлік/көптік» тіресімдік ұғымдарымен сипатталды. Пифагордың бұл көзқарасын кейін оның шәкірттері жалғастырды. Пифагоршылар «мөлшер» ұғымының кеңістіктегі заттармен болған байланысын түсінді. Алайда оның мәнін тек біржақты, сандық аспектіде шешуге талпынды. Мөлшерді тек бүтін сандар деп түсінді және заттарды сыртқы сипаты аясында анықтай алғанымен, заттардың ішкі құрылымындағы «мөлшер ұғымдарын» анықтай алмады. Өйткені «сан» – «мөлшер» ұғымы көрінісінің бір формасы ғана және ол көбіне заттардың сыртқы формасына немесе бүтін тұлғасына бағытталады. Сонымен қатар «сан» мөлшердің ішкі ұғымына да жатады. Әрине мөлшер категориясы ең әуелі сан формасында, саналатын нақты заттармен байланысты көрініс тапты. Ал ол кейін саналушы заттардан ажыратылып, абстракциялық ұғымға айналды.

Пифагоршылардан кейін мөлшер категориясымен Элейлік концепция өкілдері (Ксенофон, Парменид, Зенон, Мелисс) айналысты. Олар бұл мәселені тек математикалық емес, философиялық тұрғыдан да қарастыру керектігін түсінді. Соның нәтижесінде мөлшерді *сан* және *шама* ұғымдарына жіктеді. Бұл бағыттың ірі өкілдерінің бірі – Зенон мөлшер категориясының басты ұғымдары ретінде *кеңістік* пен *уақытты* алады да, кеңістікті «үздіксіз, шексіз бөліктер жиыны» деп таныса, уақытты «үздіктілік» ретінде қарастырады. Оның түсінігінде мөлшер тек заттық денеде болады да, қимыл-қозғалыста болмайды.

Зенон тағы шектелген мөлшерлік шамаларда «бөлік», «бүтіндік», «теңдік» ұғымдары болатынын айтады.

Антикалық кезеңде «мөлшер» ұғымының тууы мен өмір сүруі туралы көптеген таластар болды. Біреулер шамаларды тұрақты, тыныш күйде тұрған заттарда болады десе, енді бірде ол қозғалыстағы заттарда да болады деп есептеді. Ал тұрақты, үздікті шексіздік *актуалды шексіздік* деп аталса (Зенон), даму, өзгеру процесін қуаттайтын екінші түрі *потенциалды шексіздік* деп аталды (Аристотель) [33, 63 б.].

«Мөлшер» ұғымына қатысты тағы бір күрделі сұрақ – оның *шектілігі* мен *шексіздігі*. Платон шексіз және шекті ұғымдар өзінен санды тудырады деп есептеп, мөлшер категориясын санмен байланыстырды. Бұл жағынан ол Пифагорға жақын ұстанымда болды. Аристотель әлемді билеуші сандар деп түсінген пифагоршыларды сынай отырып, материяны санмен теңестіруге болмайтынын айтты. Өйткені мұнда қозғалыс жоқ, «қозғалыссыз, өзгеріссіз әлемдегі дүниелердің пайда болуы, жойылуы мүмкін емес» [34, 608-609 бб.]. Бұл мөлшерлік шамалардың барлығын санға айналдыруға, санға құруға болмайтынын, саннан тыс та мөлшерлік шамалар барын көрсетті. Аристотель алғаш рет мөлшер категориясын және оның математикалық көріністері «сан», «шама», «жиын» ұғымдарын бір-бірінен айыра білді. Мөлшердің болмыстағы «сапа», «форма», «мән» сияқты туынды ұғымдарын байланыстыра көрсетуді мақсат етті [35, 14 б.]. Тұңғыш рет мөлшерге: «Количеством называется то, что может быть разделено на составные части, каждая из которых, будет ли их две или несколько, является чем-то одним, данным налицо. То или другое количество есть множество, если его можно счесть, и величина, если его можно измерить», – деп анықтама берді [34, с. 173].

Евклид мөлшерлік шамаларды өзгермейтін ақиқат ретінде қарастырса, Архимед «мөлшер» ұғымын физикалық шамалармен байланыстырды. Мөлшерлер мен шамаларды есептегенде, математикалық тәсілдерді физикалық шамалар мен мөлшерлерді есептеуге қолданды. Оның: «Тіреу нүктесін берсеңдер, мен жер шарын да төңкеріп беремін», – деген аңызға айналған сөзі заттардың механикалық қозғалысы мен шамасын өлшеу талпынысынан туған болса керек.

Ертедегі грек ойшылдары «мөлшер» проблемасын шешуде *мөлшер* және *сапа*, *үздіктілік* және *үздіксіздік*, *шекті* және *шексіздік* ұғымдарын негізгі мәселелер етіп қойды. Бірақ бұл ұғымдардың байланысын диалектикалық заңдылық тұрғысынан шеше алмады. Сондықтан да мөлшер теориясында *шексіздік* идеясының мәнін ашып бере алмады [35].

Мөлшер категориясының күрделі проблемаларын шешуде жаңа заман философтарының үлесі зор. Солардың бірі – Р.Декарт. Ол математикаға қозғалыс пен диалектиканы алып келді. Соның нәтижесінде тыныш күйдегі заттар ғана емес, олардың қозғалысын да мөлшерлік тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік туды. Алайда мөлшер категориясын көбіне математикалық категория ретінде сипаттады. Бұл туралы ол былай дейді: «Реттегіштік және өлшеуіштік шамаларды қарастыратын барлық ғылымды математикаға жатқызуға болады. Олардың нысанасы сандар, пішіндер, жұлдыздар, дыбыстар, тағы басқа болып келуі мүмкін» [36, 68 б.]. Бұл жағынан ол мөлшердің мәнін сан деп түсінді. Декарт кеңістіктегі денелердің шамалық байланысын қарастыруда интуициялық

ұғымдарға сүйенді және оны өлшеу тәсілінің маңызын көре білді. Бұл болмыстағы мөлшерлік шамалардың танылуының бір жолы – ішкі түйсік екенін көрсетті.

Мөлшер проблемасымен шешуге тырысқандардың қатарында Спиноза да болды. Ол «мөлшер» ұғымын нақты заттардың өзінен іздеді. Бұл туралы ол: «Денелер белгілі бір ұзындығы, ені, тереңдігі болатын және белгілі бір фигуралық шектелуі бар шамалар», – деп көрсетті [37, 13 б.]. Оның бұл тұжырымы мөлшердің материяның ажырамас бір қасиеті екенін түсіндіреді. Және бір материяның өзінде әлденеше мөлшер ұғымдары қатар өмір сүретінін көрсетеді. Сол сияқты ол тағы: «Шексіздік шамасын өлшеуге болмайды және де ол шектелген бөліктерден тұрмайды», – деді [37, 13 б.].

Лейбництің мөлшер категориясын зерттеуде бір табан алға ілгерледі. Ол мөлшер категориясының логикалық негізін жасауда табиғи тілдік бірліктердің мүмкіндігі жетпейтінін алғаш байқады және оған қосымша математикалық символдар керек екенін ұсынды. Оның ғылыми тұжырымдары мөлшер категориясын дерексіз ұғымнан, жүйелі, логикалық ұғымға айналдыруға бастама болды.

«Мөлшер» ұғымының философиялық категория екені туралы құнды диалектикалық тұжырымдар жасаушылардың бірі – Кант. Ол философияда идеалистік бағытты ұстанды. Ол өзінің «Жалаң ойға сын» деген еңбегінде мөлшер категориясын ең басты категорияға жатқызады. Оның түсінігінде, мөлшер категориясы «бірлік», «көптік» және «жалпылық» категорияларды қамтиды. Мұнда жалпылық категориясы – сан, ал бірлік, көптік категориясы – шама [35, 30 б.]. Ол: «Субъектінің ақыл-ойынсыз кеңістік те, уақыт та болмақ емес», – деп те жазды [38, 133 б.]. Бұл тұжырым «мөлшер» ұғымының субъектілік сипатын дәл көрсетті. Яғни мөлшер қаншалықты материяға тән қасиет болғанымен, оның адам санасындағы бейнесі, сандар арқылы шартты сипатталуы субъектілік сипат алады. Бұл туралы антикалық дәуір философы Протогор «Адам – барлық нәрсенің өлшемі» десе, жаңа заман философиясының ірі өкілі Фрэнсис Бэкон «Адам сезімі – барлық заттардың өлшемі» деп жазды («Жаңа Органон»). Адам заттарды санасы, сезу мүшелері арқылы таниды. Сондықтан Бэкон Протогордың тұжырымын нақтылаған.

Канттан кейін Г.Гегель мөлшер категориясын философиялық тұрғыдан, диалектикалық байланыстар негізінде зерттеді. Ол өзінің «Логика ғылымы» атты еңбегінің мөлшер бөлімінде мөлшер категориясының *сан*, *шама* сияқты бейнелену формаларын байланыстыра қарастырды. Г.Гегель философиясында қиялды субъективті ұғым, ақыл-ойды субъективті және объективті ұғымдардың бірлігі деп есептеді. Осыған орай математикалық сандар мен шамаларды қиял негізіндегі субъективті ұғымдарға жатқызады [35]. Бұл дұрыс та. Жоғарыда айтқанымыздай, мөлшер ұғымы материалдық болмыстың ежелден бар қасиеті болса да, оның сана синтезінен өткен формасы шартты, субъективті болады.

Г.Гегель мөлшер категориясын *таза* және *анықталған мөлшер* деп бөлді. Мұндағы «таза мөлшер» ұғымын мөлшер категориясының философиялық ұғымына, ал «анықталған мөлшерді» математикалық ұғымына жатқызды [35, 33 б.]. Г.Гегель «таза мөлшер» табиғатта өмір сүрмейді, сапа мен мөлшер байланыста болады деп қараған. Және мөлшерді «үздіксіз шамалар» деп есептейді [39, 124 б.]. Ал өлшемнің өзіне: «Мера как масштаб в обычном смысле

– это определенное количество, которое произвольно принимается за в себе определенную единицу по отношению к внешней численности», – деп анықтама береді [40, с. 302]. Г.Гегель мөлшердің «шексіздік» ұғымының күрделі мәселелерді қарастыра келіп, «оңбаған мөлшерлік шексіздік» деп атайды [39, 263 б.]. Бұл – мөлшердің және оның шексіздік қасиетінің тым күрделі, сан салалы ұғым екенін түсініп жету еді.


К.Маркс мөлшер проблемасын диалектикалық материализм негізінде қарастырды. Сондай-ақ мөлшердің «сапа» ұғымымен де ажырамас байланысы барын негіздеді. Айнала қоршаған объективті дүние *сапалық және мөлшерлік* қасиеттерден құралатынын айқын көрсете білді. К.Маркс тұңғыш рет «мөлшер» ұғымын экономика ғылымымен байланыстырды. Капитализмдегі өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды сапа және мөлшерлік қатынастар тұрғысынан қарастырды. Соның нәтижесінде сапа мен мөлшер категориясының диалектикалық бірлігін дәлелдеді. Ол: «Әрбір пайдалы затты екі түрлі көзқараста, яғни сапалық және мөлшерлік жағынан қарауға болады», – деп жазады [41, 173 б.]. Мұның өзі сапа мен мөлшер затты құраушы ең басты элементтер екенін ұғындырады. Әрі «мөлшер» ұғымы «сапа» ұғымының кеңістік пен уақыт ішіндегі көрінісі екенін ашып көрсетті.

Мөлшер категориясы дәстүрлі қазақ танымында, дала философиясында да болмыстағы ең басты ұғымдардың бірі ретінде сипатталды. Ол түрлі мақал-мәтел, ақыл-нақыл сөздерде, салт-дәстүр, тағы басқа да мәдени-рухани құндылықтарда көрініс тапты. Көне түркілер танымында мөлшер категориясына тән белгілердің бірі «шекті/шексіз» ұғымдарының мәні зор болды. Олар уақыт пен кеңістікті шексіз, ал тіршілік пен адам өмірін шекті құбылыс деп таныды және ең үлкен мақсат-мұраттарын уақытпен өлшеді, уақытпен теңестіргісі келді. Мәңгілік, шексіз өмірге ұмтылды. Түркілер бұл мәңгілік мұратын «мәңгі тасқа» былай деп жазды: *Өтүкен йыш олурсар, беңгү іл тута олуртачсен // Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігіңді сақтайсың сен /сонда/* (КТк., 55, 8). Мәңгілік өмірге ұмтылу Қорқыттың ажалмен күресуінен де көрініс тапты. Мәңгілік өмір, мәңгілік елдік идеясы кейінгі ғасырларда да әр кез жалғасын тауып отырды. Қазақ хандығының алғашқы құрылу кезеңінде Асан қайғының «Жерұйық», «Жиделібайсынды» іздеуі соның айғағы. Ал бұл бүгінгі Қазақстанның «Мәңгілік ел» идеясымен астасып жатыр. Демек, «уақыт» ұғымы – түркілер танымында ең басты мөлшерлік ұғымдардың бірі.

Ал мөлшер категориясын тануда Абай жаратылыстық негізді шексіз, адамзаттық негізді шекті деп сипаттады. Бұл туралы 38-қара сөзінде былай дейді: *Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Затты түгіл, хикметіне ешбір хакім ақыл ерістіре алмады. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды* (Абай, 38-қара сөзі). Мұнда «Алла» сөзі тар мағынада Жаратушының өзін сипаттаса, кең мағынада оның жаратқан құбылыстары мен заңдылықтарын көрсетеді. Алайда екеуі де шексіз. Абай мөлшерді тепе-теңдік, үйлесім ретінде де сипаттай білді: *Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады* (Абай, 43-қара сөз). Егерде әрбір өлшемді нәрсе

қалыпты шегінен шықса, тепе-теңдік бұзылса, дәл сол мөлшер басқа формаға ауысады. Жинақтай келгенде, Абай «мөлшер» ұғымының субстантивті негіздерін өлшеусіз, шексіз, адамзаттық негіздерін өлшеулі, шекті деп біледі.

Адамзат руханияты тарихындағы есімі әлемге белгілі аталған ойшыл, ғұламалардың мөлшер категориясы туралы ой-тұжырымдары мен анықтаған басты жаңалықтарын түйіндей келе, төмендегі кесте² түрінде көрсетуге болады:



Кесте 2: мөлшер категориясының философиялық мәні

«Мөлшер» шартты түрде үш деңгейден тұрады. Материя мөлшердің пайда болуының адам санасынан тыс, жаратылыстық негізін көрсетеді. Бұл объективті мөлшер саналады. Әрі мөлшердің пайда болуының бірінші сатысы. Ал осы объективті мөлшердің адам рухани кеңістігіне енуі, ойлау, таным жүйесі арқылы сипатталуы, сан, шама формасында көрініс табуы оның адамзаттық негізі саналады. Бұл объективті әрі субъективті мөлшер саналады. Бұл мөлшердің ұғым ретінде пайда болуы, яғни екінші сатысы. Бір формадағы жаратылыстық нысан әр адамда, әр этноста, әр халықта түрліше формада, ұқсамаған мөлшерде сипатталады. Өйткені жаратылыстық дүние барлық адамға бірдей болғанымен, адамзаттың рухани әлемі бірдей «кеңістікте» болмайды. Дүниені танудың шарттары, құралдары, тәсілдері адамдарда жасына, жынысына, тобына, тағы да басқа тарихи-әлеуметтік топтардың түріне қарай түрліше болады. Сондықтан нысандар осы «екінші әлемге» енгенде қайта құрылымданып, түрліше шамалар болып танылады және ол тіл-тілдерден түрліше формада көрініс табады. Міне, бұл мөлшердің пайда болуының үшінші сатысы. Бұл субъективті мөлшер болады.

² Кестедегі түзу сызық философтардың бірінші болып анықтаған басты жаңалықтарын, үзік сызық өзінен бұрын анықталған ақиқатты мақұлдауын, құптауын білдіреді.

Қорыта келгенде, «мөлшер» – философиялық категория. Ол жаратылыстың ең үлкен, ең өзекті категорияларының бірі. Сондай-ақ барлық заттар мен құбылыстарда өмір сүреді. Әрі шекті, әрі шексіз, әрі үздікті, әрі үздіксіз. Ол адамзаттық негізде шекті, үздікті, жаратылыстық негізде шексіз, үздіксіз. Мөлшер қозғалыс күйінде де, тыныштық күйде де болады. Мөлшердің пайда болуы мен өмір сүруі адам санасына тәуелсіз. Тек адамзат мөлшердің формасын өзгерте алады. Мөлшер, энергияның сақталу заңында айтылғандай, жойылмайды, жоқтан бар болмайды, керісінше, бір формадан екінші формаға ауысады. Мөлшер адамның рухани кеңістігінде сан, сапа, шама, жиын формасында көрініс табады. Мөлшер адам санасына әсер етіп, онда көрініс табады. Ал адам санасы да мөлшердің жаратылыстық дүниедегі бір формадан екінші формаға ауысуына ықпал етіп отырады. Соның нәтижесінде «мөлшер» ұғымының бейнелену формасы көбейеді. Санасыз мөлшер өмір сүреді, бірақ мөлшерсіз сана өмір сүрмейді. «Сана» мен «мөлшер» ұғымының диалектикалық байланысы осындай айналмалы формада құрылады. Сана қай деңгейде болса, мөлшердің бейнелену формасы мен тәсілі сол деңгейде болады. Мөлшер саналы да, санасыз да кеңістіктерді қамтиды. Мөлшер философия, математика, тіл білімі, экономика, физика, механика, логика, бұдан басқа да ғылымдардың басты категориясы саналады.

1.2 Мөлшер категориясының тілтанымдық аспектіде зерттелуі

Мөлшер – тілдік категория. Заттар мен құбылыстарда ежелден бар және адамзат санасынан тыс өмір сүретін *мөлшер категориясы* ең әуелі философиялық категория саналғанымен, оның тілдегі бейнесі оны тілдік категорияға айналдырады. Заттар мен құбылыстардың бойындағы сан-санақсыз мөлшерлік ұғымдар адам санасының, танымының көмегімен түрлі тілдік тәсілдер, логикалық құрылымдар арқылы тілдік бірліктерге айналады немесе тіл арқылы көрініс табады. Жүйесіз көрініс таппайды, белгілі заңдылық негізінде жүйелі көрініс табады. Тілдің барлық деңгейіндегі мұндай жүйелі көрінісі оны тұтас бір категорияға айналдырады. Мөлшер заттар мен құбылыстарда ежелден бар қасиет болғандықтан, ол барлық халықтардың таным үдерісіне де ортақ. Әрі адамзат тілінің барлық типтері мен түрлерінен көрініс табады. Алайда жалпыадамзаттық осы «мөлшер» ұғымының таным үдерісіне енуі, сол арқылы тілдік бірлікке айналу деңгейі әр халықта әртүрлі. Бұған көптеген интратілтанымдық және экстратілтанымдық жағдаят әсер етеді. Кей тілдерде мөлшер мәнді тілдік бірліктердің саны көп болса, кейбірінде салыстырмалы аз, ал кейде тілдің белгілі деңгейінде ғана басымдық алса, кей тілдерде ол деңгей өнімсіз, керісінше, басқа деңгейдегі берілу жолдары, формалары көп. Мұндай ерекшеліктер бір жағы сол халықтың тілтанымдық психологиясын, тілдің ішкі болмысын көрсетеді. «Мөлшер» ұғымының түрліше тілдердегі тілдік бірліктерге айналу, берілу формаларындағы мұндай өзгешеліктер бұған қатысты тілтанымдық зерттеулерде де түрліше пікірлердің айтылуына себепші болды. Ұқсамаған тілдер өз алдына, бір тілдік деректер бойынша жасалған зерттеулердің өзінде де әртүрлі тұжырымдар қалыптасуда.

Тіл – тірі организм. Ол туу, даму, қалыптасу, өзгеру басқыштарынан, түрліше даму кезеңдерінен өтіп, бүгінге жетті. Сондықтан тілдегі белгілі ұғымды зерттеу нысаны еткенде, оның тарихи даму кезеңдерін тұтастай қамтымайынша, тілдік табиғатын толыққанды ашу қиын. Және түрліше ұстанымдар мен түрліше кезеңдер бойынша жасалған зерттеулердің үздік тұжырымдарын басшылыққа алу маңызды. Осы тұрғыдан келгенде, ең әуелі мөлшер мәнді тілдік бірліктердің әлемдік лингвистикадағы зерттелуі жайына назар аудару керек.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктер әлемдік лингвистикада да зерттеу нысаны етілген. Атап айтар болсақ, ағылшын, орыс, қытай, тағы басқа да әлемдік тілдерде кеңінен зерттеліп келеді. Алғашқы кезеңдерде орыс, ағылшын тіл білімінде мөлшер семантикасы өлшем бірліктер аясында қарастырылды. Метрологияның жалпы мәселелері мен дүниежүзіндегі әртүрлі өлшем бірліктердің мәні жайлы Ф.И.Петрушевский [1], В.Депман [2], С.К.Кузнецов [42] еңбектерінде қарастырылады. Ф.И.Петрушевскийдің «Общая метрология» деген екі бөлімнен тұратын еңбегінде өлшем бірліктердің әртүрлі және өте ауқымды тілдік құбылыс екенін айта келіп, оның себебін былай деп түсіндіреді: «Меры, как известно, чрезвычайно разнообразны, а разнообразия ихъ суть следующие причины: 1) качество или свойство измеряемыхъ предметовъ; 2) ихъ количество, и 3) самое существо меръ. Сюда же прибавить должно местность съ политическими и религиозными правилами и народными привычками» [1, с. 2]. Ғалым өлшем бірліктерді үлкен-үлкен сегіз семантикалық топқа бөліп қарастырады. Ал Л.А.Молчанова [3] кейбір славян халықтары мен шығыс халықтары тілдеріндегі өлшем атауларын жинақтай келіп, оны *халықтық метрология* тұрғысынан қарастырады. Орыс тіл білімінде метрология мәселесі бойынша Д.И.Прозоровский [43], Л.В.Черепнин [4], Н.В.Устюгов [44], Г.Я.Романова [5], т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеулер жүргізді. Бұлардың қатарында Д.И.Прозоровскийдің орны ерекше. Ғалымның «Древняя русская метрология» атты лекциялар курсы орыс метрологиясының қайнар көзі саналады [43]. Г.Я.Романованың «Наименование мер длины в русском языке» деп аталатын еңбегінде көне жазба ескерткіштер мен диалектологиялық материалдар негізінде 200-ден астам орыстың ескі ұзындық өлшемдеріне талдау жасалады [5]. Орыс ғалымдарының зерттеулері көбіне өлшем бірліктерге бағытталатындықтан, «мөлшер» ұғымын «сандық мән» тұрғысынан сипаттайды. Сондықтан да орыс ғалымдары мөлшер категориясының ішкі семантикалық топтарын сандық ұғымдар негізінде ажыратады.

Орыс тілінде де «мөлшер» ұғымы функционалды аспектіде кеңінен қарастырылды. В.В.Химик [45], А.А.Худяков [46], Н.С.Чиркинян [47], Н.Д.Дизенко [48], В.В.Новицкая [49], Т.П.Перетятко [50], т.б. ғалымдар аталған тақырыптың түрлі мәселелері бойынша кандидаттық диссертация қорғаса, А.В.Бондарко [51], [52], З.Я.Тураева [53], Л.Д.Чеснокова [54], т.б. ғалымдар маңызды ғылыми еңбектер жазды. Ал Н.Н.Гарина [55], Е.В.Щебетенко [56] сынды зерттеушілер мөлшер категориясын ағылшын тілі, Д.А.Кашина [57] неміс тілі материалы негізінде қарастырды. Мөлшер категориясына біртабан жақын көптік категориясын француз тілі деректері бойынша Л.М.Беляева [58] қарастырса, жапон тілі материалдары негізінде А.А.Холодович [59] зерделеді.

Мөлшер семантикалы тілдік бірліктер туралы зерттеулер ағылшын тілді әдебиеттерде де кездеседі. Аталған зерттеулерде мөлшер семантикалы тілдік бірліктер түрліше лингвистикалық аспектіде қарастырылады. Мөлшер категориясы туралы бұл зерттеулердің көпшілігі қазіргі лингвистика ғылымының даму деңгейін көрсетеді. Атап айтқанда, тілді философиялық бағытта қарастыратын ағылшын зерттеуші Дерек Болл (Derek Ball) [60] мөлшерлеу, өлшеу үдерісінің жүзеге асуы мен ұйымдасуын семантикалық теория негізінде қарастырады. Неміс ғалымы Стефани Солт (Stephanie Solt) [61], [62] сандық семантика мен мөлшердің, шамалардың арасындағы танымдық, логикалық байланысты көрсетеді. Ал АҚШ зерттеушісі Грегори Сконтрас (Gregory Scontras) «The Semantics of Measurement» тақырыбынғы докторлық диссертациясында [63] *мөлшер, өлшем, көптік, сан, дәреже* т.б. семантикаларының байланысы мен айырым белгілерін қарастырады. Француз зерттеушісі Грегори Шамбон (Grégory Chambon) [64] нумеративтер мен метрология мәселелерін бір нысанда қараса, тағы бір АҚШ ғалымы Ретт Джессика (Jessica Rett) [65] «көп», «аз» ұғымдарының семантикалық интерпретациясын қарастырады. Ал Алексис Уэлвуд (Alexis Wellwood) [66] ағылшын тіліндегі морфологиялық бірліктердің мөлшер семантикасын беру ерекшеліктерін қарастырады. Бұл зерттеулер Еуропалық лингвистердің аталмыш категорияны функционалды-семантикалық аспектіде кеңінен қарастырғанын көрсетеді.

Мөлшер категориясы бірнеше тілдер бойынша салыстырыла зерттеген еңбектер де бар. Айталық, С.А.Швачко ағылшын, орыс, украин тілдерін қатар ала отырып, «Языковые средства выражения количества в современном английском, русском и украинском языках» атты еңбек жазса [67], А.В.Степанова [68] ағылшын, орыс, чуваш тілдеріндегі сан-мөлшер категориясын салыстыра зерттеді. Әлемдік лингвистикада мөлшер категориясын зерттеуге қосқан Украин ғалымдарының үлесі зор. В.В.Акуленко [69] тұтас еуропа тілдерін зерттеу материалы ете отырып, «Категория количества в современных европейских языках» атты құнды еңбек жазса, М.А.Парнюк [70] мөлшер категориясын ғылыми тіл деректері негізінде қарастырды. Бодуэн де Куртэннің сан-мөлшер семантикасын логикалық процестермен байланыстыратын «Количественность в языковом мышлении» атты еңбегі де құнды теориялық еңбек саналады [71]. Аталған еңбектер мен авторлардың қай-қайсы да мөлшер категориясын зерттеуде өзіндік үлестерімен ерекшеленеді және оны әр қырынан, толыққанды түсінуге теориялық негіз бола алады.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктердің қытай тіл білімінде зерттелуі де айрықша маңызға ие. Мөлшер семантикалы сөздер қытай тіл білімінде «мөлшер сөздер» деген атпен ғылыми деңгейде ХІХ ғасырдың аяғынан бастап сөз бола бастады. Одан бұрын түрлі тарихи жазбаларда, тіпті біздің жыл санауымыздан бұрын, антикалық кезеңдерге тән жазбаларда да түрлі ұзындық, салмақ өлшемдері мен ақша атаулары кездесіп, олардың мағынасы, қанша шамаға тең екені баяндалады. Кейде бұл өлшем бірліктер «Жібек жолы» бойындағы сауда-саттық, түрлі мәдени-экономикалық қарым-қатынас арқылы түркі халықтарының тіліне де енгені байқалады. Қытай тіл білімінде мөлшер мәнді сөздердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері мен өзге сөздерден айырмашылығы туралы алғаш

ғылыми пікір айтқан Ма Жианжун (Ma Jianzhong) болды. Ол өзінің 1898 жылы жарық көрген «Ма Ши Вин Тун» (Ma shi wen tung) деген еңбегінде «мөлшер сөздердің» бір алуан лексика-грамматикалық, стильдік қызметі бар екенін айтқан болатын [72]. Одан кейін Li Jinxi 1924 жылы жарық көрген «Жаңаша жазылған мемлекеттік тіл грамматикасы» (Xinzhì guoyu wenfang) атты еңбегінде мөлшер сөздерді «сандық мағынаны білдіретін зат есім сөз» дей келіп, оны сандық семантикамен байланыстырады [73]. Бұдан соң Лүй Шусян 1940 жылы жарық көрген «Қытай тіліне кіріспе» кітабында мөлшер сөздерді есім болғанымен әдеттегі зат есімнен өзгешелеу болғандықтан, «есімше» деп таныса [74], 1943 жылы Ваң Ли «Қазіргі заман қытай тілі грамматикасында» мөлшер семантикалы сөздерді, адам не затқа қатысты айтылатындықтан, «зат есім бірлігі» деп санайды [75]. Бұдан кейінгі жарық көрген ғылыми еңбектерде бірде «сандық өлшем» (1948), «көмекші зат есім», «сандық мөлшер сөз» (1957), «шамалық сөз» деп түрліше қарастырып келді. Тек 1962 жылы «Қазіргі заман қытай тілі» жарық көргеннен кейін «мөлшер сөз» (liang cí) аталып, он бірінші сөз табы ретінде танылды [76]. Содан кейінгі әр жылдарда үздік-үздік қарсы пікірлер айтылғанымен, бұл бүгінге дейін орныққан тұжырым саналады.

Байқағанымыздай, қытай тіліндегі мөлшер мәнді сөздер туралы зерттеулер негізінен құрылымдық бағытта және олардың таптық статусын анықтау болып келді. Шын мәнінде, қытай тіліндегі *мөлшер сөздердің* өзге тілдерге ұқсамайтын лексика-грамматикалық қызметі, өзіндік ерекшелігі бар. Олар көбіне заттар мен қимыл-әрекеттің сандық мәнін анықтау және түрліше қасиетін сипаттау мәнінде болып келеді. Бұл, бір жағы, мағынаның берілу формасы негізінен аналитикалық тәсілге құрылған қытай тілінің өзіндік ерекшелігі. Сондықтан да әлемдік лингвистикадағы қалыптасқан ұстанымдарға сәйкес келмейтін тұжырымдардың орын алуы заңды. Біздің ойымызша, бұл құрылымдық бағыттағы зерттеулер жалпы мөлшер категориясын тануға, мөлшер семантикасының тілдік құралдар арқылы берілу жолдарын анықтауға жеткілікті ғылыми негіз бола алмайды. Сондықтан оны кең ауқымда, функционалды аспектіде қарастыру қажет.

Қытай тіліндегі мөлшер сөздерді функционалды аспектіде қарастырды деуге тұрарлық қазірге дейін біз кездестірген жалғыз еңбек – өзбек ғалымы А.А.Каримовтың «Счетные слова в китайском языке» деп аталатын кандидаттық диссертациясы. Зерттеуші диссертациясында мөлшер сөздерге құрылымдық, лексика-семантикалық, функционалды аспектіде талдаулар жасайды. Мөлшер сөздерді «счетные слова» деп атап, лексика-семантикалық ерекшелігіне қарай «именные сч. слова», «глагольные сч. слова» деген екі үлкен топқа бөледі де, әр топты өз ішінен тағы да әлденеше тармақтарға жіктейді [77, 13 б.]. Осы аталған еңбектер жалпытілдік мөлшер категориясының жекелеген тілдердегі ерекшеліктерін тануға және тілтанымдағы маңызын айқындауға септігін тигізеді.

Мұсылман әлемі мен түркі халықтары да аса ауқымды мәдени-рухани кеңістік саналады. Сондықтан аталған халықтардың тілдік кеңістігінде де «мөлшер» ұғымының алатын орны ерекше. Шығыс елдерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда зерттеумен айналысқан белгілі неміс ғалымы В.Хинц [14] Шығыс метрологиясына назар аударып, көптеген ауырлық, көлем, ұзындық өлшем бірліктерін жинақтайды. Әрі оны ғылыми негізде түсіндіріп, анықтамалық сипаттағы еңбек құрастырады. В.Хинцтің кітабының мазмұны

өздігінен сөйлейді, тіпті ондағы мағлұматтарды түсіндіріп берудің қажеті жоқ. Аталған еңбек осы уақытқа дейін Шығыс метрологиясын, яғни Мароккодан Үндістанға дейінгі көптеген елдердің өлшем жүйесі жайлы жалғыз практикалық құрал деуге де болады. Е.А.Давыдович Орта Азиядағы түркі халықтары тіліндегі өлшем бірліктерді де Мұсылман әлемі өлшем бірліктері ретінде тани отырып, В. Хинцтің еңбегіне «Материалы по метрологии средневековой Азии» атты үлкен бір тарау қосады. Бұл тарауда Орта Азия елдерінде қолданылатын салмақ, көлем, ұзындық, қашықтық өлшемдері туралы терең мағлұматтар берілген [15]. Түркі халықтарының ішінде өзбек ғалымы П.Хамдамов «Нумеративы в современном узбекском языке» атты диссертациясында өлшем бірліктерді «нумеративтер» деп атап, оны он төрт түрге бөледі. Сондай-ақ нумеративтердің синхронды және диахронды ерекшеліктеріне морфологиялық, синтаксистік талдаулар жасайды [78]. Тағы бір өзбек ғалымы С.А.Шакиров нумеративті фразеологизмдерге семантикалық-типологиялық талдаулар жасайды [79].

Бауырлас түрік халқы, Түркия ғалымдары да мөлшер категориясына, өлшем бірліктердің мәніне айрықша назар аударып, зерттеу нысаны етіп келеді. Атап айтқанда, қазақ-түрік тілдеріндегі дәстүрлі өлшем бірліктерді Атмаса Емине (Atmаса Emine) [80], ескі түркі медицинасындағы өлшем бірліктер мен өлшеу амалдарын Гүмүшатам Гүркан (Gümüşatam Gürkan) [81], Османлы дәуіріндегі халықаралық теңіз саудасы саласында қолданылған өлшемдер жүйесін Екінші Илхан (Ekinсі İlhan) [82], аталған дәуірдің метрологиялық жүйесін Иналчик Халил (İnalçik Halil) [83] мен Гүнергун Феца (Günergun Feza) [84] қарастырса, түрік халқының дәстүрлі өлшем бірліктерін Шенел Мустафа (Şenel Mustafa) [85] мен Өзиетгін Мелек (Özyetgin Melek) [86], б.з.б. Анадолы жерінде мекен еткен ескі Хетт империясының сына жазулы көне жазбаларында сақталған ескі өлшем бірліктерді Таш Илкнур (Taş İlknur) [87], түрік тілі диалектілеріндегі өлшем бірліктерді Каймаз Зеки (Kaymaz Zeki) [88], Гөкяй Шайк (Gökyay Şaik) [89], ескі шағатай тіліндегі ұзындық өлшемдерін Сейхан Танжу (Seyhan Tanju) [90] сияқты зерттеушілер мен ғалымдар жан-жақты зерделеді. Бұдан түрік ғалымдарының еңбектері негізінен түрлі дәуірлердегі өлшем бірліктерді зерттеуге арналғаны аңғарылады.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктер өзге түркі халықтарының тілдік деректері бойынша да қарастырылды. Бұл көбіне түркітану, алтайтанумен байланысты болды. Орыс және өзге де шетелдік түркітанушы, алтайтанушы ғалымдардың еңбектерінде үздік-үздік ойлар, пікірлер айтылып, құрылымдық-семантикалық сипаттамалар, этимологиялық талдаулар жасалады. Түркі тілдеріндегі нумеративтер мен метрологиялық терминдер В.В.Радлов [91] пен Л.З.Будагов [92] сөздіктерінен де жиі ұшырайды. Орыс ғалымы М.И.Граммның «Занимательная энциклопедия мер, единиц и денег» еңбегінде ежелгі және қазіргі өлшем бірліктер мен ескі монеталар, ақша түрлері туралы ауқымды мәліметтер беріледі. Сонымен қатар олардың пайда болу тарихы туралы баяндалады [93]. Ал тілдерінің деректері бойынша өлшем бірліктерді Н.К.Дмитриев [94], А.Н.Баскаков [95], П.Хамдамов [78], Э.В.Севортян [96] сияқты ғалымдар лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғыдан қарастырады.

Әлемдік лингвистикадағы зерттелуі жайлы бұл қысқаша шолудан «мөлшер» ұғымы көбіне сандық мәнді білдіретін өлшем бірліктер, ақша атаулары

шеңберінде қарастырылып келгенін көруге болады. Алайда *мөлшер* – көптеген тілдік құрылымдар арқылы көрініс табатын кең ұғым.

«Мөлшер» ұғымы – қазақ тілі кеңістігінде де тым ерте тарихи кезеңдерден бастап орныққан іргелі ұғымдардың бірі, әрі тілдік қарым-қатынаста өте ауқымды танымдық-ақпараттық мазмұндарды құрайды. Сондықтан мөлшер семантикасын беруге сөз таптарының көпшілігі қатысады және әлденеше аналитикалық, синтетикалық формалар, тәсілдер арқылы беріледі. Қазақ тіл білімінде мөлшер мәнді тілдік бірліктерді ғылыми деңгейде зерттеу ХХ ғасыр басынан, А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Содан бергі жүз жыл ішінде жарық көрген шағын мақалалар мен көлемді еңбектер түрліше мақсаттар мен тәсілдерді басшылыққа алады және тіл дамуының түрліше кезеңдеріне арналған. Бұларды зерттеу тәсілдері мен бағыттарына қарай төмендегідей төрт топқа жіктеуге болады. Бұл зерттеулердің жалпы сипаты төмендегідей:

1) Құрылымдық бағыттағы зерттеулер. Мөлшер мәнді тілдік бірліктерді құрылымдық бағытта зерттеу ерте кезеңдерден бастау алады. Бұл тілтанымның дәстүрлі бағыты болғандықтан, әлденеше зерттеу әдіс-тәсілдері мен тіл білімінің салаларын қамтитыны белгілі. Мөлшер мәнді тілдік бірліктерді қазақ, түркі, тіпті әлемдік лингвистикада алғаш зерттеген ғалымдардың бірі М.Қашқари деуге болады. Ғалым сегіз кітаптан тұратын «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде түркі тайпаларындағы ең жиі қолданыстағы 9000-ға тарта сөздер мен грамматикалық формаларға лексика-семантикалық түсіндірме береді. Сонымен қатар кей сөздерге этимологиялық, текстологиялық, фонологиялық талдаулар жасайды. Бұлардың қатарында мөлшер семантикалы тілдік бірліктер де бар. Түрлі өлшем бірліктер мен ақша атауларын қоса алғанда, сөздікте 260-қа жуық мөлшер семантикалы лексемалар, синтетикалық, аналитикалық формалар кездеседі. Бұлардың кейбіріне әрі семантикалық, әрі этимологиялық талдаулар жасалады. Мысалы, *құлаш* ұзындық өлшемі туралы былай беріледі: «Құлаш // құлаш. Мұның негізі «қол аш» деген болады. «Бір құлаш баршын // бір құлаш баршын; бір құлаш шәйі мата» [97, Т₁-406 б.]. Кейде мұндай өлшем бірліктердің қай түркі тайпаларында қолданылатыны да ашып айтылған. Мөлшер мәнді тілдік бірліктердің зерттелуінде аталмыш еңбектің орны айрықша маңызды.

Бұдан кейінгі әр тарихи кезеңдерде қазақ тіліндегі мөлшер семантикалы тілдік бірліктер жайлы орыс және Еуропа ғалымдары тарапынан үздік-үздік пікірлер айтылып, зерттеулер жасалды. Ал ХХ ғасыр басы қазақ тілі үшін өтпелі кезеңдердің бірі болды. Қазақтың ұлт ретінде жойылу қаупі ең әуелі тілден көрініс тапты. Бұған қарсы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары, тіл жанашырлары қазақ тілінің ғылыми-теориялық базасын дамыту, қолданыс аясын кеңіту бағытында қыруар жұмыстар жасағаны белгілі. Тіл майданындағы бұл күрестің бір саласы мөлшер мәнді тілдік бірліктермен тікелей байланыста болды. Ғасырлар бойы қолданылып келген дәстүрлі өлшем бірліктер орыс тілінің экспансиясы салдарынан қолданыстан шығып, мәдени лексиканың ауқымды бір бөлігі жоғалуға бет алды. Тілдегі осы келеңсіз бетбұрысқа қарсы өлшемдік жүйеге ұлттық өлшем бірліктерді енгізу, олардың сандық мәнін тұрақтандыру және насихаттау бағытында жұмыс жасалды. Мұның өзі мөлшер семантикасының ұлттық таным кеңістігі мен ойлау жүйесіндегі орнын көрегендікпен көре білуі еді. Алайда Кеңестік жүйе оған ерік бермейді.

Түркістан Республикасы мен ҚазССР аумағында үкіметтік қаулылар шығып, 1922-1925 жылдар аралығында метрлік өлшем жүйесі енгізіледі. 1918 жылы 14 қыркүйекте Жалпы Россия Орталық атқару комитеті, Халық шаруашылығы кеңесі «Жер жүзіне бірдей метрик өлшеуін һәм таразысын жүргізу» туралы 12 баптан тұратын қарар шығарды. Ал бұл 1923 жылы 22 қазанда Түркістан Республикасының Халық комиссарлар кеңесі «Жер жүзіне бірдей метрик өлшеуін жүргізу» туралы №149 қарарымен мақұлданады [98, 52-56 б.]. Осылайша ескі қазақ өлшемдері ресми қолданыстан шығарылды. Осыған орай ескі қазақ өлшемдерінің мәнін жалпақ жұртқа түсіндіру мақсатында Е.Омарұлы 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 299 санында Тайбағар деген бүркеншік есіммен «Метр өлшеуіштері» деген мақала жазады [99, Т₁-112-116 бб.]. Ғалым мұнда *метр, сантиметр, грамм, килограмм, тонна* сияқты халықаралық өлшемдердің мәнін *кез, бүршік, мысқал, қадақ, бұт, аршын, таяқ* сияқты халықтық ескі өлшем бірліктердің мәнімен салыстыра түсіндіреді.

XX ғасыр басында өлшем бірліктер жайлы жүйелі мағлұматтар Х.Досмұхамедұлы еңбектерінен кездеседі. Ғалым «Табиғаттану» кітабының «Бұйымдардың жалпы қасиеті» деп аталатын бірінші тарауында дүниежүзінде қолданылатын халықаралық өлшем бірліктер мен дәстүрлі өлшем бірліктер жайында біршама мол ақпарат береді. Өлшем бірліктерді «өлшеуіш» деп атай келіп, *салмақ, аудан, бәсеке салмақ, сыйымдылық, температура, қашықтық, тығыздық* өлшемдері жайлы баяндайды [100, 5-26 бб.]. Ғалым ескі орыс өлшемдерімен қатар ескі қазақ өлшемдерін де *орыс өлшемдері* деп жалпылама атай келіп, былай дейді: «Бұйымдарды өлшеуге түрлі өлшеуіштер қолданылады. Россиядағы ұзындықтың өлшеуіштері: *убршок, кез, саржан, шақырым*. Беттің өлшеуіштері: *шаршы убршок, шаршы кез, шаршы саржан, шаршы шақырым*. Ауданның өлшеуіштері: *куб убршок, куб кез, куб саржан, куб шақырым*. Сұйық, шашылғыш бұйымдардың ауданын өлшеуіштер: *күбі, шелек, бөтелке*. Салмақтың өлшеуіштері: *пұт, қадақ, мысқал*» [100, 17 б.]. Біздіңше, мұндағы *орыс өлшемдері* деген ұғым Жалпыресей аумағында қолданыста болған өлшем бірліктер жүйесін білдіреді.

А.Ысқақов мөлшер мәнді сөздер туралы «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулығының «Сан есім» тарауында: «Сан есімдер сияқты мөлшерлік мағына білдіретін бір алуан сөздер, ...бірақ мұндай сөздер мен сөз тіркестері қаншалықты мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, сан есімдер қатарына жатпайды», – деп тұжырымдайды [101, 192 б.]. Ғалым *жарты, жалқы, сыңар, қос, егіз* т.б. сөздерді сын есімге, *қадақ, қарыс, килограмм, адым* т.б. сөздерді зат есімге жатқыза келіп, *ат шаптырым, қас қаққанша* т.б. тіркестерді «қызметіне қарай әртүрлі сөз таптарына телінетін фразалық тіркестер» деп береді. Мөлшер мәнді тілдік бірліктер жайында осымен шектеледі. Ал Н.Оралбаева мөлшер мәнді сөздерді «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығының «Сан есім» тарауында «сандық ұғым мәнді басқа сөздер» деп қарастырады. Бұл туралы: «Сан есімге жатпайтын сөздердің ішінде де мағынасы жағынан «сандық» ұғымға жақындығы бар сөздер тілде кездеседі», – дей келіп, оларды әлденеше семантикалық топтарға бөледі [102, 177-178 бб.].

Қазақ тіліндегі «мөлшер», «өлшем» ұғымын білдіретін тілдік бірліктерді арнайы зерттеген Ж.Ш.Ахмедова болды. Зерттеуші өлшем атауларының

зерттелу тарихына тоқтала отырып, былай дейді: «Есептік сөздер (счетные слова) заттың өзін немесе оның санын білдірмейді, оның саналуымен байланысты ұғымдарды білдіреді». Бұл пікірді ары қарай жалғастыра келіп, есептік сөздерді мынадай үш топқа бөледі: 1) зат немесе нәрсе бірліктерінің есебі: *бас, тал, түп*, т.б.; 2) адамдар тобының есебі: *тайпа, топ, қауым*, т.б.; 3) малдар тобының есебі: *үйір, табын, қора*, т.б. [16, 148 б.].

Қазақ тілі синтаксисінің білікті мамандарының бірі Т.Сайрамбаев бұл сөздерді, зат есімді күрделі сөз тіркестері құрамында қарастырып, «өлшем мәнді нумератив тіркестер» деп атайды. Бұларды семантикалық ерекшеліктеріне қарай: *мезгіл-мерзімге байланысты өлшем, қашықтық өлшемі, көлем өлшемі, салмақ өлшемі, баға қою, даналап санау, аудан өлшемі, сұйықтық өлшемі, жылдамдық өлшемі* сияқты мағыналық топтарға бөліп қарастырады [17, 39б.]. Сонымен қатар «мөлшер» ұғымын білдіретін сөздердің синтаксистік ерекшелігі, сөйлемде атқаратын қызметі, байланысу тәсілдері, жалғаулықсыз байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары сияқты құрылымдық грамматиканың өзекті, күрделі мәселелерімен айналысты [103, 162 б.].

Ә.Хасенов мөлшер мәнді тілдік бірліктерді сан есімдермен байланыстыра қарап, «сан есім мағыналы сөздер» деп береді де, құрылымдық-семантикалық ерекшелігіне қарай екі топқа бөледі:

Бірінші: сан есімнің тура мағынасындағы, яғни белгілі бір дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер: *егіз, қос, жарты, жарым, жеке, жалқы, сыңар, жалғыз, некен-саяқ, дара*, т.б.;

Екінші: 1) абстракттілі сан ұғымды сөздер: *бір үйір жылқы, бір келе түйе, бір табын сиыр, бір отар қой, көз көрім жер, ат шаптырым жер* т.б.; 2) счеттік (нумеративтік) сөздер: *бір үзім нан, бір қарын май, бір жұтым су, бір уыс бидай, бір құлаш арқан*, т.б. [104, 48 б.].

Белгілі ғалым Ә.Болғанбаев «Өлшемдік ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері» деп аталатын мақаласында қыруар мөлшер мәнді сөздер мен сөз тіркестерін жинақтай келіп, лексика-семантикалық ерекшелігіне қарай: 1) *уақыт-мерзім өлшемдері*; 2) *ұзындық, қалыңдық, тереңдік, биіктік өлшемдері*; 3) *көлем өлшемдері* деп үш топқа бөледі [18, 133-142 бб.]. Сондай-ақ бұл сөздердің пайда болу негізін халықтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен байланыстыра баяндайды. Ғалым түрлі өлшемдік мәндегі сөздерді жинау, семантикалық талдау жасауды ғана мақсат тұтқандықтан, грамматикалық ерекшеліктері мен ғылыми-теориялық мәселелері жайлы сөз қозғамайды.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктердің грамматикалық ерекшелігін ғылыми деңгейде зерттелуге айтарлықтай үлес қосқандардың бірі – Ж.Көпбаева. Зерттеуші «Қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер пысықтауыш» атты кандидаттық диссертациясында мөлшер мәнді сөздердің тіркестүзім ерекшелігі, сөйлемдегі синтаксистік қызметі жайлы тыңғылықты зерттеулер жүргізді. Қазақ грамматикасында бұған дейін айтылмаған, пысықтауыштың жаңа түрі «мөлшер пысықтауыш» ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Сондай-ақ «мөлшер пысықтауыш» қызметін атқаратын күрделі құрамдардың байланысу тәсілдерін, олардың сөз таптарына қатысын сөз етеді [105]. Бұл зерттеу мөлшер мәнді сөздердің қазақ тілі грамматикасындағы орнын, маңызын ғылыми негізде анықтаудағы сәтті қадамдардың бірі болды. Сонымен қатар, пысықтауыштың

өзге түрлері сияқты, «мөлшер» де зат пен қимылға тән қасиет, әрі объективті, әрі субъективті ұғым екенін көрсетті. Тілдегі мұндай ауқымды ұғымдарды жеке бір сала ретінде қарастыруға болатынын байқатты.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктер туралы өзгеше пікір шетел қазақтары тарапынан айтылды. 2002 жылы Үрімжі қаласында шыққан «Қазіргі қазақ тілі» атты академиялық грамматикада кейбір мөлшер мәнді сөздер жеке сөз табы ретінде берілді. Зерттеуші Нұрғабыл Сұлтаншәріпұлы ұзақ жылдар бойы бұл тақырыпта ізденіп, мөлшер мағыналы сөздердің құрылымдық, лексика-семантикалық, синтаксистік ерекшеліктеріне талдау жасайды. Нәтижесінде кейбір өлшемдік мәні бар сөздерді «мөлшерлік» деп атай келіп, қазақ тіліндегі оныншы сөз табы ретінде ұсынады. Ал «мөлшерлік» ұғымына: «Сөйтіп мөлшерлік дегеніміз – заттың немесе қимылдың шамасын білдіретін сөз табы, яғни заттың салмағы, тұрпаты, ұзындығы, сыйымдылығы және қимылдың шамасы секілділерді білдіретін сөздер», – деген анықтама беріледі [106, 244 б.]. Аталған академиялық грамматикада мөлшер сөздерді жеке сөз табы ретінде негіздеу үшін құрылымдық грамматикадағы сөзді таптастырудың ғылыми ұстанымдары бойынша ауқымды мәселелер қозғалған. Мұнда біршама көңілге қонымды тұжырымдар бар. Алайда ағаттықтардан да ада емес. Әсіресе, қазақ тіл біліміндегі сөз тіркесі туралы қалыптасқан теориялық тұжырымдарға қайшы келетін тұстары кездесіп жатады. Біз бұл зерттеуді мөлшер мәнді тілдік бірліктердің табиғатын тануда жасалған оң қадамдардың бірі деп есептейміз.

«Мөлшер» ұғымын көбіне өлшем бірліктермен байланыстыру тілтаным тәжірибесінде жиі кездеседі. Сондықтан өлшем бірліктерді жинау, мағынасын түсіндіру, қанша мәнге тең екенін негіздеу бағытындағы жұмыстар жиі кездеседі. Бұл да қажетті үдерістердің бірі. Осы бағытта жасалған жұмыстардың бірі ретінде А.Құралұлының «Қару-жараққа, құрал-жабдыққа, өлшемге, ойындарға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі» атты шағын сөздігін атауға болады. Сөздікке «аудан», «көлем», «салмақ», «қашықтық», «уақыт» ұғымдарын білдіретін сөздер мен сөз тіркестері, күрделі құрылымдар біршама мол енгізіліп, олардың мағынасына, қанша шамаға тең екеніне нақты түсіндірме берілген [107, 35-54 бб.].

Қазақ тілінде мөлшер семантикалы біралуан сөздердің барын айтып, оларды мағыналық ерекшеліктеріне қарай өзінше топтастырған және зерттеудің тәсілдерін ұсынып, жасалу жолын, сөйлемдегі қызметін, сандық мәнін, халықтық өлшемдер ретінде мағынасын түсіндірген, бұдан басқа да түрлі мәселелері бойынша танымдық мақалалар арнаған авторлар біршама мол. Олардың қатарында Э.Өтебаева [108], Г.Назарқұлова [109], Ф.Р.Ахметжанова [110], Л.А.Байназарова [111], Б.Кәмалашұлы [112], С.Кенжеахметұлы [113], Б.Қинаятұлы [114], Г.Қалиқызы [115], Ж.Кейкин [116], С.Б.Бектемірова [117], Т.Тілеубекұлы [118], т.б. зерттеушілер бар. Мөлшер мәнді тілдік бірліктерді арнайы қарастырмаса да, маңызды танымдық ақпараттар беріп, жанамалай сөз еткен диссертациялар да бар. Бұл топқа А.Елешеваның «Қазақ тіліндегі сан есімді фразеологиялық бірліктер» [119], Қ.Ғабитханның «Киелі сандарға байланысты тұрақты тіркестер» [120], А.Солтанбекованың «Қазақ тіліндегі шақтық локальдылық/шақтық бейлокальдылық функционалды-семантикалық категориясы» [121] атты кандидаттық диссертацияларын жатқызуға болады.

Жоғарыда берілген деректер көрсеткендей, мөлшер мәнді тілдік бірліктер көбіне құрылымдық бағытта қарастырылған. Көпшілігі өлшем бірліктерді жинау, мағыналық топтарға жіктеу, оның тілдегі зерттелмей жатқан біралуан құбылыс екенін айтумен шектеледі. Лексика-грамматикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері, сөйлемдегі қызметі, жасалу формалары, т.б. күрделі теориялық мәселелері жүйелі қарастырылмайды. Алайда құрылымдық бағыттағы осы жұмыстардың өзі де аталмыш тілдік бірліктердің табиғатын тануға айтарлықтай септігін тигізеді.

2) Тілралық салыстырмалы зерттеулер. *Тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-тарихи әдістер* – тіл біліміндегі дәстүрлі әдістер. Бұлардың көмегімен белгілі бір тілдің синхронды және диахронды бірліктері, тілдің қазіргі қалпы мен тарихи кезеңдері, тілдердің туыстығы мен ұқсас құбылыстардың мәні туыс емес өзге тілдік деректерімен салыстырыла зерттелетіні белгілі. Аталған әдіс мөлшер мәнді тілдік бірліктерді зерттеуге де қолданылды. Қазірге дейін қазақ тіліндегі мөлшер мәнді тілдік бірліктер ағылшын, қытай, орыс, түрік тілдерімен салыстырыла қарастырылды. Бұл бағыттағы басты-басты зерттеулер мыналары:

О.С.Караджа «Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері (қазақ-түрік тілдері негізінде)» атты кандидаттық диссертациясында қазақ-түрік тілдеріндегі өлшемдік мәндегі сөздер мен сөз тіркестерін «нумератив» деп атай келіп, салыстырмалы түрде зерттейді. Аталмыш сөздерді: 1) *салмақ*; 2) *сұйықтық*; 3) *жер көлемі, ұзындық, биіктік және қашықтық*; 4) *уақыт-мезгіл*; 5) *құн-ақша*; 6) *дүркіндік*; 7) *дана*; 8) *түрлі* деп сегіз топқа бөліп, құрылымдық, семантикалық талдаулар жасайды. Сондай-ақ *бесін, екінді, сәске, таң* сияқты сөздердің нумеративті сөздер емес, олар уақыт кезеңдерін білдіретін сөздер екенін айтады [122, 24-25 бб.].

Г.А.Сарбасова «Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты» атты кандидаттық диссертациясында қазақ және түрік тілдеріндегі мөлшерге, ақша өлшеміне қатысты тілдік бірліктер салыстырыла талданып, ұқсастықтары мен өзгешеліктері, қолданылу ерекшеліктері көрсетіледі. Сондай-ақ өлшемге қатысты кейбір сөздердің танымдық, этимологиялық қырларын біршама сөз етеді. Қазақ-түрік тілдеріндегі халықтық өлшем бірліктерді: «1) уақытты білдіретін өлшем атаулары; 2) салмақ-көлем өлшем атаулары; 3) ұзындықты білдіретін өлшем атаулары; 4) қашықтық пен жақындықты білдіретін өлшем атаулары», – деп төрт үлкен семантикалық топқа бөліп қарастырады [123, 12 б.].

Ә.К.Тоқтанова «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген фразеологизмдерге ұйытқы болған сөздер» мақаласында қазақ тіліндегі кейбір фразеологизмдерге ұйытқы болатын тірек сөздер дене мүше атаулары екенін айта келіп, олардың қатарына *көз, иек, ауыз, аяқ, қабақ* сөздерін жатқызады. Одан әрі қарай аталған сөздердің қатысуымен жасалған тіркестерге талдау жасайды. Уақыт, кеңістік өлшеміне қатысты фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болған сөздерді екі топқа бөле отырып, ағылшын тілімен салыстырады. Мұның бірі – есептік сан есімдер (*бір, екі, үш, бес, жеті*), екіншісі – жан-жануар атаулары (*құлан, қозы, ит, түйе*). Ал «мөлшер» ұғымын білдіретін фразеологизмдердің ағылшын тілінде жасалу, берілу жолдарын төрт топқа

бөледі. Олар: *сан есімдер ұйытқы болған фразеологизмдер, «уақыт» сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер, уақытқа байланысты айтылған тұрақты тіркестер, өлшем мен кеңістікке байланысты фразеологизмдер.* Зерттеуші осы ұғымдарды екі тілде де бірдей айтылатын фразеологизмдермен талдап көрсетеді [124, 206 б.].

Р.Б.Джельдбаева «Мөлшерлік ұғымды білдіретін сөздердің қытай және қазақ тілдеріндегі валенттік-дистрибутивтік заңдылықтары» атты кандидаттық диссертациясында қытай және қазақ тілдеріндегі мөлшер мәнді сөздердің лексикалық-семантикалық ерекшеліктері және өзара ұқсастықтары мен өзгешеліктері қарастырды. Сондай-ақ қытай тіліндегі мөлшер сөздердің қалыптасу, даму жолдарын және олардың дербес сөз табы ретінде танылуының ғылыми ұстанымдарын, мөлшер сөздердің синтагмадағы валенттік қызметін қарастырды [125]. Зерттеуші мөлшер мәнді тілдік бірліктердің ұдайы күрделі құрамда келетіні, оны тіркестен бөле қарастырмау керектігін байқаған. Бұл туралы былай дейді: «Сан-мөлшер сөздердің сөз тіркесін жасауы деп, сөйлемде сан-мөлшер сөзі жалғыз келмей, негізгі толық мағыналы сөзбен тіркесіп келуін айтамыз. Мөлшер сөздер сан есіммен, сілтеу есімдіктерімен бірігіп, *сан-мөлшер сөзді* сөз тіркесін жасайды. Мөлшер сөзге сан есім қосу конструкциясынан «шу лиан дуан үй – сан мөлшер сөз тіркесін» жасайды» [126, 60 б.]. Сонымен қатар мөлшер сөздердің синтаксистік қызметін екі тілде салыстыра көрсетеді. Автордың айтуынша, аталмыш сөздер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштық қызмет атқарады. Әрі сан есімдер мен мөлшер сөздердің тіркесу жолдарын төрт түрге бөледі. Десе де автордың мөлшер сөздердің синтаксистік қызметі жайлы тұжырымдарында ағаттықтар кездеседі. Өйткені мөлшерліктер сөйлемде затқа *анықтауыш*, қимылға *мөлшер пысықтауыш* қана бола алады. Бұдан басқа синтаксистік қызметі зат есімнің синтетикалық формалары жалғанып, заттанғанда, яғни мөлшер сөз емес, өзге сөз табына ауысқанда туады.

Тіларалық салыстырмалы зерттеулер көптілділікті талап ететін, қиын да күрделі жұмыс болғандықтан, бұл салада жазылған жұмыстардың саны шекті болатыны заңды. Алайда осы аздаған жұмыстардың өзі жалпы «мөлшер» ұғымының, мөлшер мәнді тілдік бірліктердің тіл-тілдердің бәріне тән құбылыс екенін танытуға жеткілікті материал бола алады.

3) Танымдық, этимологиялық, түркологиялық бағыттағы зерттеулер.

Тілді таныммен, этностың, халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра зерттеу де тіл табиғатын тереңнен түсінуге мүмкіндік береді. Мөлшер мәнді тілдік бірліктер де – халықтың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен, тарихымен, бірге туып, біте қайнасқан, ұлттың тарихи кезеңдердегі болмысын көрсететін менталды бірліктер. Сондықтан мөлшер мәнді тілдік бірліктерді аталған бағытта қарастырған жұмыстардың маңызы зор. Қазақ тіл білімінде халықтық өлшемдерді осы бағытта Ә.Қайдар [127], Е.Жанпейісов [28], Е.З.Қажыбек [128] Ж.Манкеева [129], Е.Аққошқаров [130], Н.Ф.Шаймердинова [30], Н.Базылхан [131], [132], К.Қ.Күркебаев [31], С.Жанпейісова [133], [134] т.б. ғалымдар мен жас зерттеушілер қарастырды.

Белгілі этимолог, лексиколог ғалым Е.Жанпейісов әр жылдардағы зерттеулерінде мөлшер мәнді тілдік бірліктерге жиі оралып, этимологиялық,

лексикалық талдаулар жасап, қызықты деректер келтіреді. Айталық, «соқыр» өлшемінің шығу төркіні туралы былай дейді: «Ертедегі қазақтардың малы көп байлары өздерінің түйесінің санынан шатаспау үшін, әрбір жүзінші түйенің көзін ойып алып отырған. Сол көзі ойылған соқыр түйе арқылы жүз түйенің санын анықтайтын болған. Яғни, сондағы «соқыр» атауы өзінің ауыспалы мағынасында «жүз» деген сөздің сандық, өлшемдік мағынасын білдіріп тұр» [28, 131 б.]. Ғалым бұл қызықты дерегі арқылы халықтық өлшем бірліктердің шығу, пайда болу уәжін сәтті көрсеткен. Қай тілде болмасын кез келген өлшем бірліктер жайдан-жай тумайды. Ол халықтың өмірімен, дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен байланысты туады. Өлшем бірліктердегі осындай мәдени кодтарды аша білудің маңызы зор.

Мөлшер категориясын «ескі тілдік бірліктер» негізінде жаңа бағытта қарастырған ғалымдардың бірі – Н.Ф.Шаймердинова. Зерттеуші өзінің «Когнитивная семантика древнетюркских Орхонских текстов» деп аталатын докторлық диссертациясында көне түркі тілін концептуалдық бағытта қарастыра келіп, ондағы концептілер жүйесі мен тілдік категория жүйесін құрайтын ұғымдардың бірі ретінде «мөлшер» ұғымын көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, диссертацияның үшінші тарауында көне түркі ескерткіштеріндегі *тіресім* құрайтын және *тіресім* құрамайтын категориялық ұғымдарды санамалай келіп, *близкий-далекий, верх-низ, единичность-множественность, малочисленный-многочисленный*, т.б. мөлшер категориясының тіресімдік микроөрістерін атайды [30, 28-29 бб.]. Ал төртінші тарауында «уақыт» пен «кеңістік» ұғымының, сондай-ақ «сандық» ұғымдардың көне түркілер танымындағы концептуалдану ерекшеліктерін сөз етеді [30, 35-41 бб.]. Ғалымның бұл зерттеулері көне түркілер дүниетанымының модельдік жүйесін құраушы ұғымдардың бірі «мөлшер» ұғымы екенін нақты көрсетеді.

Мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрістерінің бірі – құн өлшемі. Құн – «мөлшер» ұғымының ең бір өзекті, танымдық үдерістерде жиі шыңдалып, сараланып отыратын салаларының бірі. Құн өлшемінің басты бірлігі – ақша. Ал түрлі ақшалардың айналымға енуі – өркениеттің белгісі. Н.Базылхан Көне түркі дәуіріндегі түркі қағандарының ескі монеталары, олардың шығу тарихы, этимологиясы туралы, көне түркі жазба мәтіндерінен деректер келтіре отырып, құнды ғылыми тұжырымдар жасайды [131, 4 б.], [132, с. 7]. Соның нәтижесінде түркілер өркениетінің түптамасын тереңнен танытады.

С.Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» атты диссертацияның үшінші тарауын халықтық метрологияға арнайды. Онда бірталай мезгіл, ақша және кейбір өлшемдердің этимологиясына үңіледі [133]. Ал «Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер» мақаласында *сан, лек, түмен, танап, соқыр, қыруар* сияқты әлденеше нумеративтерге этнолингвистикалық, этимологиялық тұрғыдан талдау жасайды [134, 45-50 бб.]. Өзге тілдермен салыстырмалы негізде жазылған бұл жұмыс ескі өлшемдерді терең түсінуге мүмкіндік береді.

К.Қ.Күркебаев «Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты» атты кандидаттық диссертациясында өлшемдік мәндегі сөздерге кеңірек тоқталады. Зерттеуде тіліміздегі «ұзындық», «арақашықтық», «салмақ», «көлем» ұғымдарын білдіретін байырғы өлшем атауларының

этнолингвистикалық, когнитивтік-концептуалдық, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне талдаулар жасалады. «Өлшем атауларына байланысты қолданылатын терминдер» атты тараушасында өлшем мәнді нумератив сөздердің қазақ тілінде мол ұшырасатыны көрсетілген [31, 27-100 бб.].

«Өлшем» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер жекелеген авторлардың шығармашылығы бойынша да қарастырылды. А.Қ.Тұрышевтың «М.Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері» атты докторлық диссертациясының бір тарауы М-Ж.Көпеев шығармаларындағы өлшем бірліктер мәселесін қарастыруға арналады. М-Ж.Көпеев шығармаларындағы өлшем бірліктерді метрология деп атап, оны мынадай екі топқа бөледі: «1) Халықтық метрология: *қара киік жылы, жұт, сауын, өсім, көтерме, несие, алымта, соғым, сыбаға, сауын айту, асар, үмме, бөрте, самсаған, дүйім, таяқ, соқыр, күдір, жұмырық, күреш*; 2) Ескілікті нумеративтер: *сағат, сахар, бесін, намаздыгер, құптан, екінті, сәске, ширек, бесін махал, жарым, құлаш, кез, сере, сере қарыс, кере қарыс, сүйем, қадам, қадақ*» [135, 180 б.]. Мұнда бірінші топтағы кейбір сөздер «уақыт» ұғымын білдіргенімен, халықтық астрономияға қатысты лексикаларға жатады. Ал екінші тобындағы *сағат, сахар, бесін, намаздыгер, құптан, екінті, сәске, ширек, бесін махал* сөздері уақыт кезеңдерін білдірсе, *дүйім, соқыр, күреш* сөздері – өлшем бірліктер.

Бұған жалғас Р.Т.Сабырханова «М-Ж.Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика» атты еңбегінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында кездесетін өлшем бірліктерді халықтық өлшем бірліктермен байланыстыра қарастырып, олардың грамматикалық ерекшеліктері мен этимологиялық сипатына да тоқталады [136]. Десе де автор *метрология, нумератив* терминдерінің дефиницасын бергенімен, бұлардың тобына жататын сөздерді ажыратуда қатаң сақталған принцип жоқ. Айталық, *елі, құлаш, қарыс, кез, түстік жер, аршын, қары, ат шаптырым, тұтам, шақырым, кісі бойы, қол созым, қадам, адым, бір табан жол, он айшылық, он күндік, күншілік, айлық, қоналқалық* сияқты халықтық өлшем бірліктерді *нумеративтер* деп атаса, *батпан, пұт, мысқал, қадақ* сияқты салмақ өлшемдері мен *тал түс, шаршы түс, тапа-тал түс, тайдай тал түс, ұлы бесін, кіші бесін, құлама бесін, екінді, намаздыгер* т.б. сөздерді *метрологиялық лексикаға* жатқызады. Ал *күреш, ілкі, зекет, түмен* сөздерін *ескі өлшемдер* деп береді. Бұл топтастырудан *метрология, нумератив, ескі өлшем* ұғымдарының нақты аражігін ажырату қиын.

Мөлшер мәнді тілдік бірліктерді танымдық, этимологиялық тұрғыдан зерттеу – күрделі жұмыс. Сондықтан да бұл бағытта жазылған жұмыстардың саны шекті. Жалпы, тіліміздің лексикалық қабатының өзі этимологиялық тұрғыдан сирек сөз болады. Бірлі-жарым сөздер, ертеректе шыққан шағын көлемді сөздіктер болмаса, қазірге дейін кең ауқымды этимологиялық сөздіктің болмауы соның дәлелі. Ал танымдық бағыт соңғы кездері қарқын алып келеді. Мөлшер мәнді тілдік бірліктер көп құрамнан, күрделі грамматикалық тіркесімнен тұратындықтан, оларды ұғымдық концепті аясында қарастыру ыңғайлы. Жекелеген сөздер танымдық мән алып, концептуалдануы өрісті емес.

4) *Функционалды (жұмсалымды) тілтанымдық бағыттағы зерттеулер.*

Тіл бірліктерін жұмсалым барысында, сөйлеу актісінде, тілдесім үдерісінде, мәтін ішінде тану соңғы жылдары әлемдік лингвистикада етек алған бағытқа айналды. Еуропа ғылымында бұл өткен ғасырдың ортасынан бастау алса, қазақ лингвистикасында соңғы он-он бес жыл көлемінде туып, қарқынды дами бастады. Тілді мағынадан формаға қарай зерттеуді нысан еткен бұл бағыт тіл табиғатын тануда бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктер тудырды. Қазақ лингвистикасында функционалды бағыттың тууы М.М.Копыленко және бүгінгі қазақ лингвистикасының жетекші ғалымдарының бірі З.Қ.Ахметжанованың есімімен байланысты. Ғалымның жетекшілігінде бір топ шәкірттері бір-бір категорияны арнайы қарастырып, осы саланың дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Мөлшер категориясы функционалды бағытта да зерттеу нысаны етілді. Қазақ тіл білімінде мөлшер мәнді сөздер жайлы тұңғыш рет ғылыми тұжырым айтушы – А.Байтұрсынұлы. Ғалым мөлшер семантикалы сөздерді көбіне үстеудің қатарына жатқызады. Бұларды *өлшеулік үстеулер* деп атай келіп, былай дейді: «Сынның я істің шамасын көрсететін сөздерді өлшеулік үстеу дейміз. Өлшеулік үстеу болатын зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың да үстеу екен-еместігін сұраудан айырамыз. Өлшеулік үстеу сұраулары: Қанша? Неше есе? Осы сұрауларға жауап болмаған сөз өлшеулік үстеу болмайды» [19, 116 б.]. Ғалым кейбір сан есім, сын есім, есімдік сөздер мен синтетикалық формалардың да мөлшер семантикасын білдіретінін айтады. Бұл сөздер тобын үстеу орнына жүретін сөздер дей келіп, олардың мәнмәтіндік қолданысына, функционалды ерекшелігіне қарай семантикасы ауысатынын айтады. Сондай-ақ есептік, реттік сан есімдерді сипаттай келіп: «Нәрсенің бүтінін емес, бөлімінің санын көрсететін сөздер бар: олар «темілдік» деп аталады. Темілдік сан: *жарты, жарым, ширек*. Қазақтың тілінде темілдік санның есімі тіпті аз», – дейді [137, 38 б.]. Ал «Тіл – құралдың» кейінгі басылымдарында (1923-1924) мұны «жарнақ сан» деп өзгертеді [138, 42 б.]. Бұл тұжырымдардан функционалды семантиканың алғашқы негіздері айқын танылады.

Қазақ тіл білімінде *функционалды грамматика* категорияларын ғылыми деңгейде алғаш сөз еткен А.Д.Данияров болды. Зерттеуші 1965 жылы «Категория множественности в современном казахском языке» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, қазақ тіліндегі көптік категориясын ғылыми деңгейде қарастырды. Көптік категориясы мөлшер категориясына ең жақын категориялардың бірі саналады. Тіпті кей зерттеушілер көптік категориясы мен мөлшер категориясын сан-мөлшер категориясы деп атап, бір категория ретінде таниды. А.Д.Данияров аталған диссертациясында көптік семантикасының берілу жолдарын лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейлерге бөліп, оны түрлі мысалдар арқылы дәйектейді. Зерттеуші көптік семантикасының лексикалық деңгейдегі берілуін тоғыз топқа бөліп, оған халық, ұлт атауларын, мал-жан, жануарлардың атаулары, «сандық» ұғымды білдіретін сын есім сөздерді, есептік сан есімдер, күшейткіш үстеулер мен мөлшер үстеулерді жатқызады. Морфологиялық деңгейдегі көрінісіне *-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер* көптік жалғауы мен басқа да көптеген қосымшаларды жатқызады. Сонымен қатар жақ, шақ қосымшаларын да морфологиялық деңгейдегі көптік семантика беруші формалар деп таниды. Ал синтаксистік деңгейдегі көрінісіне сөздердің

бірігу, кірігу, қайталану, тіркесу тәсілдері арқылы жасалған әртүрлі мөлшер семантикалы сөздерді жатқызады. Зерттеушінің тағы бір ерекшелігі зерттеу жұмысында көптік семантикалы өзге түркі тілдерінің материалдарын да салыстыра беріп отырады [21]. Қалай дегенмен де бұл алғашқы зерттеулердің бірі болғандықтан, аздаған олқылықтар да бар. Зерттеуші мөлшер мәнді тілдік бірліктерді тек көптік категория аясында ғана қарастырған. Сондықтан жалпы «мөлшер» ұғымының өзге де берілу жолдары назардан тыс қалады. Алайда жұмыстың олқылығынан гөрі, жетістіктері, нәтижелері көп.

Қазақ тіл білімінің теориялық мәселелерінде өзгеше ұстанымдарымен ерекшеленетін белгілі ғалым Ы.Маманов бұл тақырыпты арнайы қарастырмаса да, тіл білімінің әртүрлі мәселелеріне байланысты зерттеулерінде жанамалай сөз етеді. Сын есім, сын есімнің шырай қосымшалары, қос сөздер туралы тұжырымдары мөлшер семантикасының *грамматикалық формалар, аналитикалық тәсілдер* арқылы берілу жолдарымен ұштасып жатады [139, 181 б.]. Сонымен қатар «мөлшер» ұғымын білдіретін *оқ, елі* сияқты бірнеше сөздердің этимологиясы мен мөлшер семантикалы *-дай, -дей, -тай, -тей* грамматикалық формалары жайлы құнды пікірлер айтады. Ғалымның қазақ тілінің ғылыми грамматикасына қатысты тұжырымдарынан функционалды грамматика ұстанымдарын байқауға болады. Десе де мөлшер семантикалы кей құрылымдар жайлы тосын пікірлері де кездеседі. Айталық, сын есім тарауында кейбір күрделі құрылымдар жайлы былай дейді: «Осылар сияқты бір сөз болып, әлі кіріге алмай келе жатқан сын есімдер де бар. Мысалы: *Жол бойы таяқ тастам ел* (Ғ.Мүс.); *Бір құшақ суық Асқармен бірге кірді* (С.Мұқ.); *Бір құшақ шөптен бір-ақ уыс бар қалғаны*. Осылар тәрізді *бір асым ет, бір қайнатым шай, бір шүйке жүн, бір түйір отын, бір үйір жылқы, бір сауым сүт, бір салым тұз, бір тартым жіп, бір дем жер* деген сөздер кездесе береді. Мұндай сөздер соңғы кезде мағынаға ие болып, өмір жаңалығына байланысты, дәуірге сай, қажеттілікпен байланысты туған жаңа ұғымдарға жол беріп, өздері кейін қалып, ескіріп барады» [140, 32 б.]. Ғалымның халықтық өлшемдердің ескіріп, қолданыстан шығып бара жатқаны жайлы пікірі құптарлық, алайда «*бір сөз болып, әлі кіріге алмай келе жатқан сын есімдер*» дегенін құптау қиын. Өйткені, біріншіден, бұл сөздер – сын есім емес, мөлшер семантикалы синтаксистік конструкция. Екіншіден, бұл типтегі синтаксистік құрылымдар ешқашан кірігіп, бір сөз болмайды. Өйткені бұл – мөлшер семантикасын берудің ең ежелгі аналитикалық формаларының бірі. Көне түркі ескерткіштері мен М.Қашқари сөздігінде де мұндай құрылымдар көптеп кездеседі және олар қанша уақыт өтсе де, дәл сол құрылымын бүгінге дейін сақтаған. Тіптен бұл құрылым генетикалық туыстығы қазақ, түркі тілдерінен мүлде алшақ тілдерден де кездеседі. Синтаксистік құрылымдағы әр сөзге жүктелген мөлшерлік мазмұн сөздердің басын біріктіріп, бір сөзге айналдырып жібермейді де.

Отандық лингвистикадағы белгілі ғалымдарының бірі М.М.Копыленконың «Средства выражения количества в русском языке» атты еңбегінде сан-мөлшер категориясын орыс тілі материалдары негізінде қарастырады. Ғалым сан-мөлшер (көптік) семантикалы тілдік бірліктерді тоғыз семантикалық топқа бөледі [6]. Алайда мұнда да көптік категориясы мен сан-мөлшер, мөлшер категорияларының аражігі нақты көрсетілмеген. Еңбек алғашында үш бөлімге

жоспарланған. Екінші, үшінші бөлімінде қазақ тілі мен орыс тіліндегі сан-мөлшер категориясын салыстыра зерттелу мақсат етілгенмен, жарық көрмеген. Бұл туралы кітаптың кіріспе мазмұнында баяндалады. Дегенмен, аталған еңбек қазақ тіліндегі мөлшер категориясын зерттеуде теориялық негіз бола алады.

З.Қ.Ахметжанова мөлшер категориясын «зонтичная категория» деп атайды. Ғалым өзінің «Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков» докторлық диссертациясы [141] мен «Функционально-семантические поля русского и казахского языков» [20], «Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки» [142] еңбектерінде қазақ тілі мен орыс тілі материалдарын салыстыра отырып, қазіргі қазақ лингвистикасында қарқынды дамыған функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдары мен теориялық негізін қалыптастырды.

Қазіргі қазақ лингвистикасында мөлшер категориясын сан-мөлшер категориясы деп беру біршама қалыптасқан. «Сан-мөлшер категория» терминін ұсынған ғалым – С.Исаев. Ол өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар» атты монографиясында мұны арнайы тақырып көлемінде сөз етеді. Еңбекте көптік категориясын сан-мөлшер категориясы дей келіп, зат есімнің көптік жалғау категориясы мен көптік категориясының айырмашылықтарына тоқталады. Мұның алғашқысын *жалқы ұғым* деп білсе, соңғысын *жалпы ұғым* деп таниды да, осы жалпы ұғымды сан-мөлшер категориясы ретінде таниды. Бұдан әрі «көптік» ұғымды берудің тәсілдері, көптік жалғауының басқа да мағыналары, синтагмадағы қызметі туралы нақты мысалдармен ғылыми талдау жасалады [143, 58-64 бб.]. С.Исаевтің түсінігіндегі сан-мөлшер категориясы ол «мөлшер» ұғымы (категориясы) емес, керісінше, «санның мөлшері» деген мағынаға келеді, яғни көптік категория.

Белгілі ғалым Б.Момынова да «Қазақ тілінің морфологиясы» еңбегінде (оқу құралы) көптік категорияны грамматикалық категориялардың бірі ретінде арнайы қарастырады. Ғалым көптік категориясын жалпытілдік категория ретінде алып, оның «жекелік», «көптік» ұғымдарын өз алдына дербес категория ретінде алуға болатынын айтады. Сонымен қатар аталған категорияның тіресім құрайтын бұл екі түрінен бөлек, санскрит, ежелгі орыс тілдерінде *екілік тұлға (двойственное число)* дейтін түрі де барын еске салады. Сондай-ақ көптік мағынаның үш түрлі морфологиялық формасы, көптік категориясының өзіндік ерекшеліктері туралы тоқталады. «Көптік категория» терминін қолданғанда «жекелік» ұғым мұның сыртында қалып қоятыны себепті, мұны «сан-мөлшер категориясы» деп атауды құптайды [144, 67-70 бб.].

Мөлшер категориясы кей зерттулерде оған жақын категориялар шегінде де қарастырылады. Қ.Т.Рысалдының «Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты» атты докторлық диссертациясында мөлшер категориясының «сындық» ұғым шеңберіндегі көріністері кеңінен сөз болады. Ғалым жұмысында тілдегі сапалық сын, қимыл-сын белгілерінің сандық айқындалуын жалпылай «сын дәрежесі» деп атап, оның берілу формаларына тоқталады. Сынның дәрежесін үлкен жақтан *сынның салыстырмалы дәрежесі, сынның салыстырмасыз дәрежесі* деп екі топқа бөліп, оларды өз ішінен тағы да бірнеше топқа жіктейді. Айталық, сынның салыстырмалы дәрежесін *теңдік дәреже, теңсіздік дәреже* деп, ал сынның салыстырмасыз дәрежесін *қалыпты*

дәреже, бәсеңдік дәреже, күшейтпелі дәреже деп үш топқа бөледі. Әрі қарай «сын дәрежесі» ұғымының лексика-грамматикалық өрісін құрайтын тілдік бірліктерді қазақ және неміс тілі материалдары негізінде талдап көрсетеді [22].

Мөлшер категориясының ғылыми деңгейде зерттелуіне З.Қ.Ахметжанованың функционалды грамматика мектебі шәкірттерінің үлесі зор. Ғалымның М.Жолшаева, А.Жаңабекова, О.Жұбаева сынды шәкірттері докторлық диссертацияларында мөлшер семантикасының жекелеген ұғымдар аясында берілу жолдарын қарастырды. Атап айтқанда:

М.Жолшаева «Қазіргі қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн» атты докторлық диссертациясында қимылдың өту сипаты семантикасы (аспектуалды семантика) «мөлшер» ұғымы аясында да берілетінін айтады. Яғни сөзжасамдық формалар (-ла /-ле (-да /-де/, -та / -те); -қыла / -кіле, -ғыла / -гіле; -мала / -меле, -бала /-беле, -пала /-пеле) арқылы қимыл-әрекет өтуінің дүркіндік мағынасы берілсе [24, 206-213 бб.], көсемше тұлғалардың қайталана қосарлануы (жұлқып-жұлқып), аналитикалық формалы етістіктердің қайталануы (сүйе беретін, сүйе беретін) арқылы қимылдың уақыт жағынан созылыңқылық, мөлшер жағынан көптік семантикасын білдіретінін айтады [24, 229-230 бб.]. Сондай-ақ «Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі» атты еңбегінде сапалық сын есімдерді бес түрлі мағыналық топқа топтастыра келіп, мөлшер семантикаға қатысты «күн, мөлшер, салмақты білдіретін сын есімдер», «көлем, форма, қашықтықты білдіретін сын есімдер» деген екі үлкен мағыналық тобын көрсетеді [145, 31-32 бб.]. Сонымен қатар аталған сапалық сын есімдер тобының тіркесім қабілеті мен функционалды-семантикалық ерекшелігін көрсетеді.

А.Жаңабекова «Уақыт ұғымының тілдік парадигмасы» атты докторлық диссертациясында уақыттың түрлері мен тілдегі көрінісін «мөлшер» ұғымы тұрғысынан да қарады. «Уақыт» ұғымын өз ішінен *объективті уақыт, физикалық уақыт, биологиялық уақыт, жағдаяттық уақыт, психологиялық уақыт, этномәдени уақыт, тарихи уақыт, әлеуметтік уақыт, концептуалды уақыт, перцептуалды уақыт, шынайы уақыт, тілдік уақыт, көркем уақыт*, т.б. түрлерге жіктейді. Ал «уақыт» ұғымының лексика-семантикалық парадигмасы адам, мал (жан-жануар), өсімдіктердің жас мөлшері мен аспан денелері, түрлі тамақ түрлеріне қатысты мәдени, тарихи лексикада көрініс табатынын айтады [23]. «Уақыт» та жалпы тілдік мөлшер субкатегориясының микроұғымына жатады. Уақыттың аталған түрлері мен тілдегі формасы белгілі мөлшер, өлшем аясында туындайды. Оның тілдегі және жаратылыстық болмыстағы бейнесі «мөлшер» ұғымы шегінде өмір сүреді.

О.Жұбаева «Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі» атты докторлық диссертациясының бір тарауын сан-мөлшер категориясына арнайды. ««Сан-мөлшер» ұғымының морфологиялық деңгейдегі тілдік көрінісі» деп аталатын бұл тарауда көптік семантиканың берілуін морфологиялық деңгейде қарастырылады. Аталған деңгейде мөлшер семантикасы көптік жалғауы мен сын есімнің шырай категориясы арқылы берілетінін айтады. Өзіне дейін зерттеген ғалымдардың пікірлеріне тоқтала келіп, көптік категориясын *дискретті көптік, сапалық көптік, репрезентативті көптік, нақты көптік, кеңістік көптік, заттық көптік-континуум, абстракттілі көптік, жалпыланған көптік, нақты жекелік* сияқты топтарға бөледі. Ал

«шама» концептісінің *морфологиялық репрезентациясын* сын есімнің шырай категорияларымен байланыстырады. Сондай-ақ салыстырмалы шырай тұлғалы етістіктердің қимыл мәнін білдіру ерекшеліктерін *қимыл-сын, мезгіл мәнді, мөлшер мәнді, кеңістік мәнді, сипат мәнді, заттың түр-түсіне қарай* сияқты бірнеше топқа бөліп көрсетеді [146, 221-275 бб.].

Сан-мөлшер категориясын функционалды бағытта қарастырған келесі бір жұмыс – Л.М.Қабылдинаның «Мөлшер-өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісі» атты кандидаттық диссертациясы. Зерттеуші бұл жұмысында ұлттық өлшем бірліктерге қатысты тілдік бірліктер мен қимылдың қайталануын білдіретін кейбір қосымшаларды «мөлшер-өлшем мағыналы» деп танып, оның функционалды-семантикалық өрісін талдауға баса назар аударылды [147]. Ал Г.Сәрсекке өз мақаласында сан-мөлшер категориясы мен көптік категориясын бірдей ұғымдар ретінде қарап, тек сандық жағынан «көптік» ұғымдарды білдіретін лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктерді көрсетумен шектеледі [148].

Л.О.Асқардың «Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары» атты кандидаттық диссертациясында тәулік кезеңдері атауларын семантикалық, концептілік және функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан зерттеп, «тәулік кезеңдері» функционалды-семантикалық өрісі құрылымын, оның тілдегі берілу формаларын анықтайды. Сондай-ақ тәулік кезеңдерін білдіретін тілдік бірліктерді *табиғат құбылыстарына байланысты атаулар, діни әдет-ғұрыптарға байланысты атаулар, адамның қимыл-әрекетіне, төңіректі қабылдауына байланысты атаулар, шаруашылыққа, төрт түлікке байланысты атаулар, жан-жануар, құстарға байланысты атаулар* деп бес семантикалық топқа бөліп көрсетеді [149, 14 б.].

Өз кезегінде біз де мөлшер категориясы тақырыбында шағын мақалалар жаза бастап, әрі қарай ізденісімізді тереңдетуге талпындық, мөлшер категориясының тілдік табиғатына өзімізше үңілдік. 2011 жылы шыққан «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» атты ұжымдық еңбекте мөлшер мәнді тілдік бірліктердің құрылымдық ерекшелігін қарастырсақ [150, 721-775 бб.], 2014-2016 жылдары «Қазақ тіліндегі сан-мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі» тақырыбында магистрлік диссертация жаздық. Бұдан соң осы жұмыстың толық мәтіні «Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі» атты ұжымдық еңбекте жарық көрсе [151, 255-353 бб.], оқулық мазмұнына сәйкес ықшамдалып өңделген нұсқасы (30 бет) «Жұмсальмды грамматика» атты монография-оқулықта жарық көрді [152, 422-466 бб.]. Ал мөлшер категориясын «тарихи парадигма» тұрғысынан қарастыруға арналған зерттеулеріміз, нақтырақ айтқанда, XV–XVIII ғасырлардағы тілдік деректер бойынша мөлшер категориясының поэтикалық ерекшелігі талданған «Поэтикалық мәтіндерде «мөлшер» ұғымының теңеу тәсілі арқылы берілуі» [153] деп аталатын бір мақала отандық конференция материалында, «Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының метафора тәсілі арқылы берілуі» [154], «Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының перифраз тәсілі арқылы берілуі» [155], «Miktar Semantiğinin Dünya Dillerine Ortak Eski Sentaktik Yapısı» [156] деп аталатын үш мақала шетелдік конференция материалдары мен ғылыми журналдарда, «Поэтикалық тілдегі мөлшер ұғымының көрінісі» [157], мөлшер

категориясының түркілік кезеңдегі (V–XIV ғғ.) тілдік ерекшеліктерін талдауға арналған «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «мөлшер-өлшем» ұғымын білдіретін соматизмдер» [158], «Мөлшер категориясын зерттеудің логика-семантикалық тәсілдері» [159] атты мақалаларымыз отандық ғылыми журналдарда, «М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер» [160], «Language Units Expressing the Notion of Degree or Quantity on Turkic Monuments» [161] деп аталатын екі мақаламыз Scopus базасындағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланды. Аталған зерттеу жұмыстары мөлшер категориясының тілдік табиғатын ашуға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Мөлшер категориясын зерттеудегі ендігі бір мәселе – аталған категорияның тұрақты терминдік атауы мен оған тән тілдік бірліктер. Мөлшер категориясының тілдік тұрғыдан зерттелу тарихына үңілгенде, аталмыш тақырыпта азды-көпті ізденістер, зерттеулер жасаған ғалымдар бұл тілдік құбылысты түрліше қарастырғанын көруге болады. Соған сәйкес әртүрлі терминдермен берілген. Олар қысқаша төмендегідей: «Телімдік», «жарнақ сан» (А.Байтұрсынұлы), «өлшеуіш» (Х.Досмұхамедұлы), «сан-мөлшер категориясы» (С.Исаев), «сан есім мағыналы сөздер» (Ә.Хасенов), «бейтарап фразеологизмдер» (Ә.Болғанбаев), «есептік сөздер» (Ж.Ахмедова), «шама есім» (М.Думанұлы), «мөлшер сөз», «мөлшерлік» (Н.Сұлтаншәріп), «өлшемдік атау» (К.Қ.Күркебаев), «түсіндірмелі сөздер» немесе «сандар мен зат атауларының арасында қолданылатын сөздер» (В.А.Гордлевский), «нумеративті сөздер» (А.Н.Кононов, А.М.Щербак) «сметтік есімдер» немесе «сметтік сөздер» («сметные имена», «сметные слова») (А.Н.Баскаков, Ә.Т.Қайдаров) деп аталса, кейбір ғалымдар «сан-мөлшерді білдіретін сөздер» (Ф.Р.Зейналов), «есептеп шығарылатын» (считаемый), «есептеп шығарылмайтын» (несчитаемый), «санауға келетін» (исчисляемый), «санауға келмейтін» (неисчисляемый) сөздер, метрологиялық лексика, классификаторлар (Л.А.Молчанова), мезуративтер (М.М.Копыленко В.В.Акуленко, С.А.Букреева), «халықтық номенклатура» (Т.В.Дементьева) деп атайды. «Мөлшер мәнді тілдік бірліктер», «шама есім» дегендер де бар. Байқағанымыздай, бір тілдік құбылысқа әр алуан атау берілген. Алайда бұл атаулардың қай-қайсы да мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің ішкі сипатын толық қамти да, аша да алмайды. Біз өз жұмысымызда тілдің барлық деңгейіндегі мөлшер семантикалы бірліктерді «мөлшер мәнді тілдік бірліктер» деген ортақ атаумен береміз. Ал лексикалық деңгейде қажетіне қарай «мөлшерліктер», «мөлшер мәнді сөздер», «мөлшерлік лексема», «өлшем бірліктер», «мөлшер» ұғымын білдіретін сөздер деген атауды қолдансақ, грамматикалық деңгейде «мөлшерлік форма», «синтетикалық форма», «аналитикалық форма» атауларын қолданамыз. Ал жалпы категорияға «сан-мөлшер» де, «көптік» те емес, «мөлшер категориясы» деген атауды қолданамыз.

Қорыта келгенде, жоғарыда аталған зерттеулер әртүрлі бағытта, түрліше деңгейде жазылғанына қарамастан, мөлшер категориясының тілдік табиғатын тануға көп септігін тигізеді даусыз. Сондай-ақ мөлшер категориясының көп қырлы, сан салалы, аса ауқымды тілдік категория екендігін көрсетеді.


1.3 Мөлшер категориясының тілдік жүйедегі логика-семантикалық құрылымы және өзге шектес ұғымдармен байланысы

Әлем сан-санақсыз заттар мен құбылыстардан құралады және олар үздіксіз даму, өзгеру үстінде болады, жаңғырып, жаңарып отырады. Сонымен қатар, оларға түрлі қасиеттер мен функциялар тән. Айталық, *түрі, түсі, саны, сыны, сапасы, мөлшері, күйі, қалпы, қызметі* т.б. Заттар мен құбылыстардағы мұндай қасиеттер адам санасында көптеген ұғымдар мен түсініктердің пайда болуына жол ашып, тіл бірліктерінің қалыптасуына негіз болады. Тіл мен танымның түрлі деңгейлерінде өзара иек арта өмір сүретін осы ұғымдар қаншалықты бір-бірінен ерекшеленеді десек те, кейде шет-шекарасы білінбей, аралас, шектес жатады. Әсіресе, «сан», «сын», «мөлшер», «өлшем», «шама» сияқты қанаттас ұғымдар – тілтаным үдерісінде жиі шатастырылады. Сондай-ақ мөлшер категориясының «парадигма», «тарихи парадигма» ұғымдарымен арақатынасы да нақты ашып көрсетуді қажет етеді. Сондықтан «мөлшер» ұғымының аталған ұғымдардан басты айырмашылығын табу, оған тән нақты тілдік және категориялық белгілерді анықтау, ішкі семантикалық өрісі мен құрылымын жүйелеу, мөлшер категориясының тілдік сипатын танытатын өзге де лингвистикалық ұғымдармен байланысын ашу – зерттеудің қажетті міндеттерінің бірі.

Мөлшер – *қолшатыр тәрізді категория* (зонтичная категория – З.Қ.Ахметжанова). Ол тіл мен таным кеңістігінде кеңінен етек жайып, тарамдалып жатады. «Мөлшер» ұғымына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтамалар берілген: «1. Белгілі бір нәрсенің, заттың жалпы аумағын көрсететін шама, көлем; 2. Бір жолғы қабылдауға арналған дәрі мөлшері; 3. Қоспа құрамына кіретін заттардың дәл мөлшері» [162, 237 б.]. Сөздікте аталмыш сөздің *жалпылық, бөлшектік, дәлдік* мағыналары көрсетілген. Ал біздің пайымдауымызша, мөлшер дегеніміз – *болмыстағы заттар мен құбылыстардың заттық, сандық, сындық, қимыл-қозғалыс қасиеттерінен туындайтын түрліше деңгейден құрылған шамасы*.

«Мөлшер» ұғымының мәні екі түрлі таным деңгейінде және соған сәйкес екі түрлі талдау тәсілдері арқылы анықталады. Бірінші, барша адамзатқа ортақ және ең басты *философиялық категориялардың* бірі ретінде *логикалық талдауларға* иек артады. Екінші, халықтық, ұлттық таным деңгейінде көрініс табатын, құрылымдық-семантикалық, функционалдық-грамматикалық, тарихи-танымдық мәні бар *тілдік категория* ретінде *семантикалық* талдауларды қажет етеді. Сондықтан *логика-семантикалық тәсіл* «мөлшер» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын басты тәсілдердің бірі ретінде алынады.

Адамзаттың табиғаттағы заттар мен құбылыстар жайлы танымының үлкен бір бөлігін олардың *шамасы, мөлшері* туралы ұғым-түсініктері құрайды. Осыған сәйкес, біздің анықтауымыз бойынша «мөлшер» ұғымының өзі тілдік санада мынадай ұғымдармен сипатталады:



Кесте 3: «мөлшер» ұғымының тілдік жүйедегі логика-семантикалық құрылымы

Мөлшер, ол – өлшем (стандарт: англ. standard – норма, образец). Өлшем де, стандарт та – семантикалық өрісі өте кең ұғымдар. Аталған екі сөз, тіл-тілдегі қолданысына қарағанда, бір-біріне дәл балама бола алмайды. Бірақ «мөлшер» ұғымының бір қырын сипаттайтын ұқсас мәндегі сөздер ретінде алынады. Мұндағы басты ортақтық – екі ұғымға да тән дәлдік, нақтылық семантикасы. Адам санасындағы кез келген нәрсенің қалыптасқан нормасы, стандарты болады. Ол санада уақыт, сұраныс, әртүрлі жағдайларға байланысты трансформацияға ұшырайды. Мысалы, жылқы десек, бізге, ең әуелі, стандарт ретінде қазақ жылқысының тұрқы елестейді, ешқашан да ағылшын, араб, түркімен жылқыларының тұрқы келмейді. «Барлық заттардың өлшемі – адамның өзі» дейді Протагор. Мұның мәні – өлшем санадан тысқары емес, адам санасында өмір сүреді дегендік. Яғни, болмыстағы нәрселерді адам ғана өлшеп-пішеді. Себебі, ол адам үшін ғана маңызды. Маңыздылығы артқан сайын өлшемдер нақтылыққа, стандартқа айналады. Заттардың санада қалыптасқан типтік, модельдік нормасын стандарт дейміз. Алайда стандарт тілдік санада бір рет қана қалыптасқан, өзгермейтін нәрсе емес, ол заманға, танымға, қажеттілікке қарай өзгеріп отырады. Мысалы, үй дегенде өткен замандарда бір қабатты үй елестесе, қазір қала мәдениетіндегі адамдар үшін екі не көп қабатты үйлер елестейді. Өлшем (стандарт) ол мәдениетке де байланысты. Мысалы, көпбалалы отбасы деген сөзді айтсақ, бұл ұғым қазақ танымында кемінде төрт немесе одан да көп балалы отбасын білдіреді. Ал өзге халықтарда, әсіресе, қытай, орыс, Еуропа халықтарында екі-үш балалы отбасы көпбалалы отбасыға жатады. Демек, стандарт – әр мәдениет пен әр тарихи кезеңнің талабына сай қалыптасатын және өзгеріп отыратын, белгілі уақыт шегінде ғана тұрақты мөлшерлік шама.

Өлшем – өлшеуден шығатын нақты мөлшерлік мән. Әдетте «мөлшер» ұғымы жалпылама мағынасында өлшенген-өлшенбеген немесе стандартталған-

стандартталмаған шамалардың бәрін қамтиды. Ал *өлшем* ретінде сипатталғанда, тек қана *стандартталған* шамалардың жиынтық атауы ретінде танылады. *Стандарт* – әртүрлі заттар мен іс-әрекеттердің бәріне ортақ жиынтық мөлшер емес, бір түрлі заттың көпшілігіне ортақ норма. Мысалы, *есіктің мөлшері қанша?* деп те, *есіктің өлшемі қанша?* деп те айтуға болады. Бірінші тіркес есіктің болжалды мәнде сұралған санын білдіреді. Ал екінші тіркес биіктігі 2,1 м, кеңдігі 0,8 м келетін барлық есікке ортақ, нақты өлшемді (стандарт) білдіреді. Бірақ екеуі де мөлшер, бірі нақты, бірі болжалды. *Өлшем* нормативтік сипатқа ие, жалпыға ортақ, біртұтас қабылданған, нақты бекітілген және міндетті түрде талап етілетін мөлшерлік мәнді береді. Мысалы, *еуроөлшем (евростандарт), мемлекеттік өлшем (госстандарт)* десек, бұл қабылданған, бекітілген нақты стандартты білдіреді. Ал мұны *еуромөлшер, мемлекеттік мөлшер* деп айтуға келмейді.

Өлшем – зат пен іс-қимыл сапасының *эталоны*. Ол қандай да бір қалыптасқан сандық мәнді және тұрақты норманы білдіреді. Ал сол өлшемнен артық не кем болса, ол *бейөлшемді* саналады. *Өлшем (стандарт)* нақты модель, стереотип болғандықтан, оның маңыздылығы күн санап артып бара жатыр. Ғылым мен техниканың, әсіресе, сандық технологиялардың дамуына және адамдар арасындағы қарым-қатынастың сапасы мен қажеттіліктердің өзгеруіне байланысты адамзат қоғамы стандарттау әлеміне көшуде. Тұрмыс-тіршілігі, айналасындағы заттарға болған танымы көбіне *стандартқа* айналуға. Мұны белгілі философ Ғ.Есімнің мына тұжырымы нақтылай түседі: «Мен жаһандануды әлемдік саясаттағы, идеологиядағы, экономикадағы америкалық вектор деп түсінемін. Жаһанданудан басқа нақты термин бар, ол – стандартизация, яғни әр нәрсенің стандарттық өлшемі» [163, 4 б.]. Философ *жаһандану* мен *стандарт* ұғымдарын қатар атағанымен, екеуінің ішкі мәнін ажыратады. Яғни жаһандану – саяси астарлы, қолдан мәжбүрлі түрде жасалған (субъективті) *ортақтық* болса, стандарт – табиғи ортақ қажеттілік, жоғары сапа, ортақ өлшемге сұраныс негізінде туған шоқтығы биік ортақтық. Мөлшер ұғымының *стандарттық* сипатына тән басты қасиет – *тұрақтылық*.

Мөлшер, ол – норма (лат. norma – дословно «наугольник», переносное значение – «правило»). *Норманы* қазақ тілінде *қалып, шама, шек, мөлшер* сынды бірнеше атаулармен беруге болады. «Мөлшер» ұғымына алғаш рет анықтама берген Аристотель оны *шама, өлшем* ұғымдарымен байланыстырады. Ол туралы былай дейді: «Количеством называется то, что может быть разделено на составные части, каждая из которых, будет ли их две или несколько, является чем-то одним, данным налицо. То или другое количество есть множество, если его можно счесть, и величина, если его можно измерить», – деп анықтама берді [34, с. 173]. Мұнда философ мөлшердің нақтылық, есептік сипатына баса назар аударған. *Норма* – кез келген қажетті шаманың жеткілікті мөлшері. *Нормада жеткіліктілік, қажеттілік* басты уәж. Ал өлшем (стандарт) *қажеттілік* емес, ол – *міндеттілік*. Мысалы, судың қайнауы үшін жылулық мөлшерін 100 °С -қа дейін көтеру жеткілікті. Бұл – *норма*, ешқандай да *стандарт* емес. *Норманың* нақты мөлшерді де, нақты мөлшерге жақын болжалды мөлшерді де білдіруі мүмкін. Мысалы, қалыпты ересек ер адам 50-100 кг-ға дейін салмақты көтере алады. Бұл жалпы ер адамдарға ортақ орташа *норма*. Дене қуаты мығым кейбір

ер адамдар одан да көбірек көтере алуы мүмкін. Бұлар әр адамның қуатына қарай анықталатын жалпылама *болжалды нормалар*. Ал ауыратлеттердің әрбірінің көтере алатын нақты салмағы бар (Илья Ильин – 243 кг). Бұл тұста *норма* нақты сандық мәнді көрсетеді. *Норма* кез келген зат пен құбылыстың бойында бар мүмкіндікті де көрсетеді. Жанды-жансыз заттардың физикалық мүмкіндігі, биологиялық күшінің іс-әрекетке қабілеттілік шегін, әрі материалдық және механикалық қажеттіліктің деңгейін білдіреді. Мысалы, кез келген қозғалтқыштар белгілі қажетті күшке лайықталып жасалады және оның жұмыс істеу мерзімінің уақытпен, қашықтықпен өлшенген шегі бар. Қозғалтқышқа өз мүмкіндігінен артық күш түсірілгенде немесе өзінің белгіленген жұмысқа жарамдылық мерзімі аяқталғанда жұмыс істеу механизмдері істен шығады. Ойша немесе нақты түрде бағамдалған мұндай мөлшер – *шама* деп те аталады. Қазақ тілінде *шамадан тыс, шектен тыс, қалыптан тыс* деген тілдік қолданыстардың бары белгілі. Бұл кез келген зат пен іс-әрекеттің өз мүмкіндігінен, *қалыптасқан межеден тыс* деген ұғымды білдіреді.

Норма кейде рұқсат етілген *орташа мән* ұғымдарын да білдіреді. Сол белгіленген шектен шықса, зат қалыпты қызметін жоғалтуы, өзіне тән қасиеттен не сападан айырылуы мүмкін. Мысалы, әр адамның өзіне тән тамақтану, ұйықтау, жұмыс істеу, т.б. нормасы бар, қарағайдың желге төзімділік күшінің шегі бар, тастың соққыға төзімділік қуаты бар, т.б. Мұндай норма түрлі факторлардың ортақ әсерінен қалыптасқан. Сондықтан оны өзгерту біршама қиындық тудырады. Қазақта «*Қаз тырнаның жүрісін саламын деп бұты айырылыпты*» деген мәтел бар. Бұл шамасын білмей, нормадан тыс жасалған іс-әрекет пен қадамның тап болатын трагедиясын көрсететін нақыл. Ал тағы бір мақалында «*бетегеден биік бол, жусаннан аласа бол*» дейді. Бұл *әр нәрседе шектен шықпа, әр істе қалыпты межені өлшем ет* дегенді білдіреді. Жоғарыдағы мысалдардан *норма* зат пен құбылыстың ішкі қасиетіне көбірек бағытталтынын көруге болады. Демек, норма – қалып, шама, шек. Сондықтан «мөлшер» ұғымының *нормалық* сипатына тән басты қасиет – *шектілік*.

Мөлшер, ол – симметрия. Табиғаттағы барлық заттарда қандай да бір мөлшер болғанымен, ол тәртіпсіз шамалардың жиынтығы емес. Ол – белгілі үйлесімділікке құрылған және үйлесімділікпен өмір сүретін *мөлшерлік пішіндердің жиынтығы*. Симметрия бір осте немесе бір жазықтықта жататын екі не одан да көп мөлшерлік пішіндерден түзіледі. Табиғаттағы көптеген заттардан үйлесімділіктің ізін табуға болады. Тұтас табиғат емес, бір бүтін заттың бойында да симметрияға құрылған көптеген элементтер кездеседі. Мысалы, *көбелектің қанаттары, емен ағашының жапырағы* т.б. *Симметрия* жазықтықтағы пішіндердің сәйкестігі ғана емес, кеңістік пішіндердің де орналасу үйлесімділігін білдіреді. Мысалы, *адамның екі қолы, екі көзі, екі құлағы, екі аяғы, тіптен, тұтас денесі* – бәрі-бәрі екі жарты пішіннің қосындысы сияқты бір остің бойында жатады. Мұнда үйлесімділік аса дәлдікке құрылмаса да, *симметрия* деп тануға әбден болады. Мұндай үйлесім жәндік, өсімдік, жан-жануар т.б. табиғаттағы көптеген тіршілік иелерінен кездеседі.

Қазақтар да аталмыш ұғымға аса байыппен қараған. Мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінің кез келген саласынан *симметрияны* табуға болады. Мысалы: ат-әбзелдері (*қоржын, өмілдірік, құйысқан, тізгін, ердің қапталы*, т.б.); ою-

өрнектер (*қошқар мүйіз, қосмүйіз, аймүйіз, қармақ, қосалқа*, т.б.); қолөнер бұйымдары (*киіз үй, оның ішкі жабдықтары*) бәрі-бәрі симметриялық өлшемге құрылған [164]. Заттардағы *табиғи симметрия* жоғары деңгейдегі жаратылыстық қасиетті білдірсе, *жасанды симметрия* адамзаттың өмір сүру сапасының және табиғатты тануының жоғары деңгейін көрсетеді. Сондықтан симметрияны – аса дәлдікке құрылған мөлшерлік пішіндер, мөлшерлік шамалар деуге болады. Ал мөлшердің *симметриялық* сипатына тән басты қасиет – *дәлдік*.

Мөлшер, ол – тепе-теңдік. Мөлшер – біржақты ғана құбылыс емес, өзара қатар өмір сүретін екі немесе одан да көп шамалардың байланысы және екі немесе одан да көп нысандардың өзара селбестігі, ықпалдастығы. Мысалы, қазақтың *алтыбақан* ойыны. Алтыбақанның тіреуіштерінен бастап, орналасуы, бірдей қашықтықта төрт жіптің байлануы, оны ойнаушы адамдарға дейін тепе-теңдікті сақтайды. Тепе-теңдік – өте ауқымды және сан тараулы күрделі ұғым. Ол адамзат қоғамының кез келген саласы мен табиғат дүниесінің барлық нысандарына қатысты айтылады. Мысалы, *құқықтық тепе-теңдік, әлеуметтік тепе-теңдік, саяси тепе-теңдік, химиялық тепе-теңдік, механикалық тепе-теңдік, физикалық тепе-теңдік*, т.б. Десек те, тепе-теңдікті ішкі сипатына қарай екі түрге бөлуге болады. Бірі – *нақты тепе-теңдік*, екіншісі – *шартты тепе-теңдік*. Нақты тепе-теңдікте *теңдік нысандары* қанша болса, *мөлшерлік нысан* соған теңдей бөлінуі шарт. Мысалы: *зілтемірдің екі басы бірдей салмақта; құстар қанатын бірдей жылдамдықпен қағады* т.б. Ал *шартты тепе-теңдікте* теңдік нысандары қанша болса, *мөлшерлік нысан* соған теңдей бөліну міндетті емес. Керісінше, осы тепе-теңдік *шарттылық* негізінде құрылады. Нақтырақ айтсақ, мұндай тепе-теңдік өміршеңдік қажеттілікке құрылады да, теңдік нысандары өзара *қарама-қарсылықтың бірлігі* қатынасында болады. Бірін-бірі шектейді, тежейді және сол арқылы бірін-бірі әрі қарай өмір сүруі мен дамуын қолдайды. Мысалы, астрономдардың дәлелдеуінше, жершары маңайындағы планеталарсыз, әсіресе, Күн мен Айсыз өмір сүрмейді. Күн (149,6 млн.км) жершарына Айдан (384000 км) қарағанда әлдеқайда алыс қашықтықта орналасқан. Соған қарамастан, Күн мен Ай жершарындағы тіршілік үшін қажетті тепе-тең қашықтықты сақтап отыр. Егерде Күн жермен тұрақты қашықтығынан сәл жақындаса, жер бетінде ғаламат ыстық болып, отқа оранады да, сәл алыстаса, жер бетінде ғаламат үсік жүріп, мұз құрсаанады. Бұл жер бетіндегі тіршілікке, тіпті жершарына айтарлықтай қауіп төндіреді немесе жояды. Ал жершарының Аймен арақашықтығы су деңгейіне әсер етеді. Міне, бұл – тіршіліктің тепе-теңдігі, шартты тепе-теңдік.

Нақты тепе-теңдік болсын, шартты тепе-теңдік болсын, бәрі де белгілі шамаға тең. Сондықтан бұлар да «мөлшер» ұғымына жатады. Тепе-теңдік өміршеңдіктің басты шарты, сондықтан жаратылыстық дүниедегі барлық заттар осы тепе-теңдік үшін күреседі. Заттардың кеңістікте орналасуы, іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың бәрі тепе-теңдік аясында өмір сүреді. Адамзат та жаратылыстың бұл заңдылығын барлық іс-әрекетіне басты өлшем етеді. Ал қазақтың «*Құда да тыныш, құдағи да тыныш*», «*Тең теңімен, тезек қабымен*» деген мақалдары – тепе-теңдік ұстанымдарының көрінісі. Мөлшердің бұл ұғымдық сипатына тән басты қасиеттер – *шарттылық, дәлдік*.

Мөлшер, ол – меже, болжам. Кез келген заттар мен құбылыстардың мөлшерлік мәнін нақты санмен көрсету немесе анықтау мүмкін емес. Бәріне бірдей нақтылыққа тілдік те, ұғымдық та қажеттілік жоқ. Сондықтан кейде кейбір шамалар болжалды түрде, сол шамаға жақын межемен де айтылады. Мысалы, *бір мая шөп, бір үймек құм* десек, шөптің әр талы мен құмның әр түйірін санап отыру мүмкін де емес, ондай нақтылықтың қажеті де жоқ. Мұндай шамалардың межемен айтылғаны қай жағынан да оңтайлы. Сондықтан кейбір мөлшерлік шамалар осындай тәсілдерге құрылған. Сөйлеу актісінде *мөлшермен, шамамен, жобамен* деген тілдік қолданыстар жиі кездеседі. Бұл – ағымдағы кез келген мөлшерлік нысананың нақты сандық шамасын емес, болжалды шамасын білдіретін тілдік қолданыстар. Арнайы техникалық өлшеу құралдары болмаса, адамның 5 түрлі сезу мүшесінің көмегімен тікелей межелеген шамалар негізінен *болжалды мөлшер* саналады. Олар көбіне *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтар мен *тарта, шамалы, шақты, жете, артық*, т.б. көмекші сөздердің қатысымен беріледі. Мысалы, *таудай, жүздей, оншақты, жүзге тарта*, т.б.

XIX ғасырға дейін қалыптасқан мөлшерлік ұғымдардың көпшілігі болжалды мөлшерлік шамалар деуге болады. Себебі, бұған дейін анықталған мөлшерлік шамалардың бәрі – арнайы техникалық өлшеу құралдары арқылы емес, көбіне бес сезу түйсігі арқылы танылған мөлшерлік шамалар. Ал одан бергі екі ғасыр ішінде ғылым мен техниканың дамуына, адамзат қоғамының жаңа сапаға ауысуына, адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтерілуіне байланысты кез келген мөлшерлік шама дәлдік пен нақтылыққа ойыса бастады. Соған орай әлемде біртұтас метрологиялық өлшем бірліктер жүйесі қалыптасып, болжалды шама, ең әуелі, нарықтық қатынастардан бастап ығыса бастады. Болжалды шаманың нақты шамаға ауысу үдерісінде ХХІ ғасырда кеңінен тараған сандық технологияның тигізген әсері тіптен мол. Соған сәйкес өмірдің барлық саласы нақтылық пен дәлдікке құрылуда. Ал қазіргі таңда ауызекі сөйлеу стиль мен көркем әдеби стильден басқа стиль түрлерінде сирек кездеседі. «Мөлшер» ұғымын *болжалды шама* ретінде сипаттау немесе болжалды мөлшерліктер – «мөлшер» ұғымының даму эрархиясындағы ескі кезеңдерді көрсететін тілдік және ұғымдық факті. Мөлшердің межелік сипатына тән басты қасиет – болжалдылық.

Мөлшер, ол – көлем (объем). Заттар мен құбылыстардың жалпы мөлшері жекелеген тармақтардан құралғанымен, біртұтас мөлшерлік шама ретінде сипаттау тілдік тәжірибеде жиі кездеседі. Бұл тілдік қолданыс пен ұғымдық түсінікте жеңілдік, оңтайлылық тудырады. Мұндай бір бүтін мөлшерлік шама – *көлем (объем)* деп танылады. Көлем – қандай да бір заттардың кеңістіктегі нақты сыртқы пішінін көрсетумен қатар, қимыл-әрекеттің *таралу аумағын, кеңістігін, өрісін, күшін* көрсететін өрісі кең ұғым. Сонымен қатар, көлем «ауқым», «аудан», «аймақ» ұғымдарын да қамтиды. Мысалы, *ауқымды іс-шара, көлемді шығарма, кең көлемде атап өту, кең ауқымды дамыту* т.б. *Объем* заттар мен іс-әрекеттің ішкі, сыртқы мәніне бірдей иек артады. Сыртқы пішініне байланысты *үлкен-кіші* тіресімдік ұғымы шеңберінде көрініс тапса, ішкі аумаққа байланысты *кең-тар* тіресімдік ұғымы аясында көрініс табады. Мысалы, *ірі көлемді тауар айналымы* десек, айналымға түскен тауар санының көптігі мен көлемінің үлкендігін білдірсе, *кең көлемде атау, кең ауқымда насихаттау* десек, іс-әрекеттің белгілі

сфера ішіндегі (шеңберіндегі) таралу аймағын көрсетеді. *Көлем* көбіне нақты пішінге ие заттардың кеңістік пен жазықтықтағы иеленетін аумағын көрсететін сөз. Ал абстрактілі заттық ұғымдарға келгенде семантикалық әлеуеті төмендей бастайды. Мысалы, *көлемді жер*, *көлемді үй* деп айтылады, бірақ *көлемді бақыт*, *көлемді қайғы* деп айтылмайды. Себебі, дерексіз ұғымдарда заттық пішін болмайды. Ал *көлем* – нақты пішінге байланысты айтылатын ұғым. Жоғарыдағы мысалдарға қарағанда, *көлем* заттардың сыртқы пішіндік жағына көбірек қолданылса, *ауқым* заттардың ішкі пішініне байланысты қолданылатын тәрізді. Мысалы, *көлемді зат* дейміз, *ауқымды зат* демейміз, *ауқымды кеңістік* деп айтылады, *көлемді кеңістік* деп айтылмайды. *Көлем мен ауқымның (объем)* нақты сандық мәні болуы да, болмауы да мүмкін. Ол сол сәттегі ұғымдық қажеттілікке қарай анықталады. Қалай болғанда да, *көлем*, *ауқым* – заттар мен іс-қимылды бір бүтін *шама* ретінде танылады. Мөлшердің ауқымдық сипатына тән басты қасиет – *жалпылық, тұтастық*.

Мөлшер, ол – деңгей. Заттар мен құбылыстар ұдайы өзгеріссіз бір қалыпта тұрмайды. Ол қашан да *өзгеру, даму* үдерісінде болады. Заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиетіндегі мұндай өзгеріс «сатылы мөлшер» ұғымын тудырады. Мысалы, *алма*: Ол, ең әуелі, гүл қауашағында пайда болады, сосын тозаңданып, түйінге айналады, содан бастап оның көлемі мен сапасында үздіксіз өзгерістер болады, көлемі ұлғаяды, күн санап дәм кіреді, ең соңында өсуі тоқтайды да, біртіндеп қызара бастайды, қызғылт тартады, сосын қып-қызыл болады. Міне, мұның бәрі мөлшерлік сапаның деңгейлеп өсуі. Адамның рухани жүйесі де дәл осылай. Мөлшер – сан өзгерісінен туындайтын сапа.

Зат пен құбылыстардың мөлшері тек *сезу түйсіктері* арқылы тікелей қабылданатын заттық негізді мөлшерліктерден ғана тұрмайды, сонымен қатар, *сапа, қасиет* сияқты абстрактілі, дерексіз ұғымдарға да байланысты айтылады. Мұндай кездерде сол дерексіз ұғымдарға деректі ұғымдар семантикалық жағынан балама болады. Яғни деректі заттарда болатын *өсу, көтерілу, сему* сияқты табиғи қасиеттер бейнелі мағына ретінде абстрактілі ұғымдарға көшіріледі, нақтырақ айтсақ, метафораланады. Мысалы, *судың деңгейі, адамның білім деңгейі* деген тіркестерді алсақ, судың тасу-қайту (*көтерілу-төмендеу*) қасиеті дерексіз білім ұғымына семантикалық балама болып тұр. Сапа мен қасиеттің сатылы деңгейі бірбүтін «мөлшер» ұғымын құрайды.

Деңгей «мөлшер» ұғымын қашан да *тік бағытта* сипаттайды. Мысалы, *деңгейі жоғары, өресі биік* деп айтылады, *деңгейі ұзын, өресі қысқа* деп ешқашан айтылмайды. Сондықтан «деңгей» ұғымы тіл мен санада «жоғары-төмен» тіресімдік ұғымы аясында көрініс табады. Бұл рухани сапаның да деңгейін, заттардың кеңістіктегі орнының да деңгейін білдіреді. Мысалы, *ақылды-ақылсыз, білімді-білімсіз немесе білімі жоғары-білімі төмен* тіресімдері рухани өсу деңгейін, ал *еңсесі жоғары-еңсесі төмен* тіресімдері заттың деңгейін білдіреді. Бұл туралы белгілі ғалым З.Ахметжанова: «В следующих фразеологизмах *ақыл (ум)* предстаёт как некая сущность, характеризующаяся параметрами объема, длины, линейностью. При этом предполагается, что в сознании людей существует представление о нормативных параметрах ума: *ақылы артық, ақылы атасынан асқан, ақылы жарым (кем, аз), ақылы қысқа (шолақ), ақылы тапшы, ақылы түзу, ақылы толы, кең ақылды*», – дейді [165, 126 б.]. Сондықтан мөлшер

– заттар мен құбылыстардың сапалық қасиетін түрлі деңгейлер арқылы анықтайтын сатылы ұғым. Мөлшердің деңгейлік сипатына тән басты қасиет – *салыстырмалылық, ауыспалылық, даму*.

Мөлшер, ол – дәреже. Жоғарыда *мөлшер* заттардың ішкі-сыртқы қасиеттерінің деңгейіне байланысты айтылады дедік. Ал *дәреже* заттардағы сол рухани немесе заттық қасиеттердің деңгей бойынша бағалануын білдіреді. Мысалы, *магистрлік дәреже, кандидаттық дәреже, докторлық дәреже* десек, бұл – ізденушілердің ашқан ғылыми жаңалығы мен соның нәтижесінде дәлелін тапқан білім деңгейін бағалау. Сонымен қатар бағалауға сай құқықтар мен құзыреттіліктерді беруді білдіреді. *Деңгей, дәреже* – бір-біріне жақын ұғымдар. Бірақ екеуі екі түрлі сипатқа ие. *Деңгей* жинақталған *сапа* мен *қасиетті* білдірсе, ал *дәреже* сол сапа мен қасиеттің *бағасын, құқықтық баламасын* білдіреді. Деңгейге ұқсас, *дәреже* де *жоғары-төмен* тіресімдік ұғымы аясында көрініс табады. Мысалы, *дәрежесі жоғары, дәрежесі төмен, шені жоғары, шені төмен, мәртебесі жоғары, мәртебесі төмен* т.б. Заттардың бойындағы түрлі қасиеттің деңгейін тілде *сын дәрежесі* деп те аталатыны белгілі. Сын дәрежесі сын есімнің шырай жұрнақтары мен күшейткіш үстеулер арқылы беріледі. Мысалы, *ыстығырақ, ыстық, өте ыстық, қызылдау, қызыл, қып-қызыл* т.б. Бұл – заттардың ішкі қасиетінің тілдік бірліктер тұрғысынан деңгейленуі. Бұған байланысты «Қазақ грамматикасында»: «Ал осы мөлшер үстеулерін сын есім сөздерімен тіркестіргенде қалай? қанша? деген сұрақтарға жауап беріп, сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін көрсетеді», – деп беріледі [166, 548 б.]. Сын дәрежесін *сын мөлшері* деп те атасақ, қате болмаса керек.

Дәреже кейде «мәртебе», «шен», «мандат», «лауазым» ұғымдарына да қатысты. Аталған ұғымдар әскери және қоғамдық-саяси қатынастарда көбірек қолданылады. Мысалы, *әскери шен, қоғамдық мәртебе, саяси мәртебе, мәртебелі мейман, депутаттық мәртебе, депутаттық мандат, жоғары лауазым* т.б. Ал *дәреже* ғылым-білім саласында жиірек қолданылады. Мысалы, *ғылыми дәреже, академиялық дәреже* т.б. Мұнда *дәреже* – атақ-даңққа, мәртебе – құрмет-қошаметке, шен – тәртіп пен құзыретке бағытталған ұғымдар.

Деңгей объективті болса, дәреже субъективті сипатқа ие болады. Өйткені деңгей заттар мен құбылыстардың шынайы болмысы, ал дәреже – деңгейдің субъективті танымнан өткеннен кейінгі көрінісі. Мысалы,

Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде,
Тең атаның ұлы едің,
Дәрежеңді артық етсе, Тәңірі етті! (Шалкиіз жырау).

Мұнда жырау айтып отырған *дәреже* – *шен, мәртебе*. Яғни адамның қоғамдық мәртебесіне байланысты иеленген құзыреті, қызметі. Ал оның жоғары не төмен болуы бағалаушы субъективті факторларға да байланысты болады. Мысалда көрінгендей, екі тарихи тұлғаның «ішкі қасиеті» объективті түрде тең, бірақ субъективті дәрежесі тең емес. Мөлшердің дәрежелік сипатына тән басты қасиет – *бағалауыштық*.

Мөлшер, ол – параметр. Аталған ұғымды *бір заттың бойындағы бірнеше стандартты өлшемдердің жиынтығы* деп түсіндіруге болады. Кез келген зат

бірнеше немесе көптеген мөлшерлік шамалардан құралады. Мысалы, *тас* десек, ол *салмақ, көлем, тығыздық, ұзындық* сияқты әлденеше шамалардан тұрады және осы шамаларымен ғана бірбүтін зат ретінде танылады. Бірақ бұл мысалдағы мөлшерлік шамалар *параметр* ұғымына сәйкес келмейді. Себебі, мұндағы өлшемдік шамалар – заттарда ежелден бар табиғи өлшемдер. Ал *параметр* – белгілі стандартқа түсірілген, субъектілік талаптан туған, тәртіп, шарт бойынша қалыптасқан шамалардың жиынтығы. Мысалы, *ғылыми мақала*. Оның көлемі, жазылу тәртібі, жазудың шрифті (түрі) мен үлкендігі, интервал, әр беттің төрт жағының өлшемдері т.б. белгілі талапқа сай қалыптасқан өлшемдер бойынша рәсімделеді. Бұл талаптардың өзі ғылыми, материалдық қажеттіліктерден туады. Міне, бұл – мақаланың параметрі. Параметрді *өлшенуге тиіс объектілердің жүйесі* немесе *құрамы* деп түсінуге де болады. Біртұтас жүйені құрайтын шамалар *атрибуттық* қасиетке ие болады. Әрі белгілі уақыт шегінде *тұрақтылық, ұдайылық* сипатқа ие. Бұған қарап параметр мәңгі өзгермейтін өлшемдер жиынтығы деп түсінбеу керек. Параметрге де *ауыспалылық, өзгермелілік* қасиеттері тән.

Мөлшер, ол – қарқын. Мөлшер тек заттық негізден ғана емес, қимыл-қозғалыс негізінен де туады. Болмыстағы заттар мен құбылыстардың бәрі қозғалыста өмір сүреді. Мысалы, *жел соғады, ағаш өседі, жан-жануар жүреді, құс ұшады, жер өз осін айналады, тау өседі не шөгеді* т.б. Сондықтан осы қимыл-қозғалыстардың да белгілі мөлшері болады. Қимылдың бұл мөлшері «қарқын» ұғымы арқылы беріледі. Қимыл мөлшері *тез-ақырын, жылдам-баяу* тіресімдері шеңберінде көрініс табады. Мысалы, *ат тез жүрді, ат ақырын жүрді, құс жылдам ұшты, құс баяу ұшты* т.б.

Тез-ақырын немесе *жылдам-баяу* жұптас тіресім (бинарная оппозиция) арасында қарқынның мөлшері қалыптасады. Міне, бұл – *қимылдық мөлшер*. Қимыл-қозғалыстың өзі әртүрлі. Айталық, *механикалық қозғалыс (машина жүрді), физикалық қозғалыс (жер осін айналды), химиялық қозғалыс (сүт ашыды), биологиялық қозғалыс (ағаш өсті)* т.б. Аталған қозғалыстардың бәрінің де қарқындық шамасы бар. Олар не *тез* қозғалады не *баяу* қозғалады. Қозғалыстың өзі салыстырмалы болады. Яғни тез не баяу қозғалыс екені белгілі межеге салыстырмалы түрде анықталады. Мысалы, *адам жүрді* десек, мұндағы *жүріс* барлық адамға ортақ *қалыпты жүріс*. Ол қалыпты жүрістің не екені, қандай болатыны санада *өмішеуіш ақпарат* ретінде бұрыннан қалыптасады. Ал осы қалыпты жүріспен салыстырғанда қозғалысы артса, *тез қозғалыс* болады да, ал одан кемісе *баяу қозғалған* есептеледі. Заттар қозғалысының бәрінде осындай *ортақ меже* болады. Ал оның *қарқын мөлшері* осы ортақ межеге қарап анықталады. Мөлшердің қарқындық сипатына тән басты қасиеттер – *тоқтаусыздық, ұдайылық*.

Біз жоғарыда сөз еткен «мөлшер» ұғымын сипаттайтын ұғымдардың кейбірі ежелден бар (*симметрия, тепе-теңдік, деңгей, дәреже* т.б.), ал кейбірі адамзат өркениетінің дамуына сәйкес жаңадан қосылған ұғымдар (*стандарт, параметр*). Алайда ежелден бар ұғымдардың өзі өз ішінен тағы да толығыады, кеңейеді. Мысалы, *деңгей* бұрын судың деңгейін білдірсе, қазір, сонымен қатар, көптеген рухани үдерістерге қатысты қолданылады. «Мөлшер» ұғымының дамуы екі бағытта жүріледі. Бірі – бұрын жоқ, мүлде жаңа ұғымдық компоненттермен

толығады, өрісі кеңейеді. Мысалы, *футбол алаңы (стандарт), мақала (параметр), ғылым докторы (дәреже)* т.б. Ал екіншісі бағыт – бұрыннан бар ұғымдық компоненттер семантикалық мәні жағынан нақтыланады. Мысалы, *ат шаптырым жер (норма) – 25 км (қашықтық ұғымы)*. Бұл «мөлшер» ұғымын сипаттаушы ұғымдардың бәріне ортақ қасиет. Жалпы «мөлшер» ұғымының адамзат қоғамы өркениетіндегі даму тарихына көз жібергенде, оның мәні үздіксіз нақтылыққа беттеп отыратынын көруге болады. Яғни «мөлшер» ұғымының өрісін құрайтын компоненттерде нақты сандық мәннің үлесі артуда. Сондықтан «мөлшер» ұғымы дамуының соңғы нәтижесі *сандық мәнге айналу* деп қорытынды жасауға болады. Философия тарихында мөлшерге кең көлемде талдау жасаған неміс ойшылы Г.Гегель бұл туралы былай дейді: «Мера как масштаб в обычном смысле – это определенное количество, которое произвольно принимается за в себе определенную единицу по отношению к внешней численности» [40, с. 302]. Демек, мөлшер, ол – өлшеу, ал өлшеу – сан.

Кез келген тілдік зерттеулердің басты мақсаты – тіл бірліктерінің өзіне тән ішкі-сыртқы қасиетін, мәнін ашу арқылы оны сөйлеу тәжірибесінде ұтымды қолдану және ұғымдық, танымдық түсінік беру. «Мөлшер» де тілдік сананың негізгі қабатында өмір сүретін ұғым болғанымен, көпшілік тіл қолданушылар оның ішкі мәнін терең түсіне бермейді. Оның сөздермен тіркесімділік қабілеті мен ұғымдық өрісін, тіл деңгейлеріндегі берілу тәсілдерін біле қоймайды. Қазақ тілді аудиторияның өзі мөлшер семантикасының тек беткі қабатындағы негізгі ұғымдармен шектеледі. Осыған орай, «мөлшер» ұғымының біз көрсеткен семантикалық құрылымдары бұл олқылықтардың орнын толтырады. Әсіресе, қазақ тілін үйренушілердің мөлшерлік ұғымдарды терең түсініп, мәнін ажырата білуіне жол ашады. «Мөлшер» сияқты ауқымды ұғымдардың тілдік танымдағы толыққанды мәні көп жылдық тілжұмсау тәжірибесінен жинақталады.

Кейбір зерттеушілер «мөлшер», «өлшем», «шама» ұғымдары ұқсас ұғымдар, бірінің орнына екіншісі қолданыла беретін дублет сөздер деп санайды. Алайда бұлардың қолданысы мен мағынасында айтарлықтай айырмашылық бар. Мұны 2016 жылы жарық көрген «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігінен» де көруге болады. Жеті миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын мәтіндік база негізінде құрастырылған бұл сөздікте сөздердің жиілігі бес функционалды стиль мен ортақ база бойынша жіктеліп берілген. Сөздікте аталған сөздердің жиілігі мынадай:

- *мөлшер*: ғылыми стильде 838 рет, ресми іскери стильде 60 рет, көркем әдеби стильде 9 рет, публицистикалық стильде 34 рет, ауызекі сөйлеу стилінде 4 рет, ортақ база 404 рет қолданылған. Барлығын қоса алғанда, 1349 рет қолданыс табады [167, 448 б.];

- *өлшем*: ғылыми стильде 392 рет, ресми іскери стильде 49 рет, көркем әдеби стильде 0, публицистикалық стильде 35 рет, ауызекі сөйлеу стилінде 0, ортақ база 338 рет қолданылған. Барлығы 814 рет қолданыс тапқан [167, 482 б.];

- *шама*: ғылыми стильде 580 рет, ресми іскери стильде 24 рет, көркем әдеби стильде 67 рет, публицистикалық стильде 141 рет, ауызекі сөйлеу стилінде 52 рет, ортақ база 603 рет қолданылған. Барлығы 1467 рет қолданылған [167, 683 б.].

Берілген сандық деректерге жүгінсек, *мөлшер* сөзі *өлшем*, *шама* сөздеріне қарағанда, ғылыми стиль мен ресми іскери стильдегі мәтіндерде жиі

қолданылады. Бұл *мөлшер* сөзінің ғылыми мәтіндерге тән ұғым екенін, сондай-ақ ресми мәтіндер тіліне тиесілі сөз екенін аңғартады. Ал *шама* сөзі *мөлшер*, *өлшем* сөздеріне қарағанда, көркем әдеби стиль мен публицистикалық стильді мәтіндерде жиі қолданылған. Бұл аталған сөздің семантикалық табиғаты ресмиліктен гөрі, еркін қолданысқа бейім екенін түсіндіреді.

Сондай-ақ 7 миллионнан астам сөзқолданыстан тұратын мәтіндік базадағы 36265 негізсөз сөзтізбесінің жиілігінде *мөлшер* сөзінің қолданылыс жиілігі 813-орынды [167, 751 б.], *шама* сөзі 751-орынды [167, 750 б.], *өлшем* сөзі 1225-орынды иелеген [167, 759 б.]. Ал, лингвистикада мөлшер категорияның ғылыми атауы ретінде беріліп жүрген *сан-мөлшер* сөзі ғылыми мәтінде бір-ақ рет қолданылып, өзге стильді мәтіндерде мүлде қолданылмаған [167, 527 б.]. Міне, бұл сандық фактілер зерттеу нысаны етілген категорияны *сан-мөлшер категориясы*, *өлшем категориясы*, *шама категориясы* деп алмай, *мөлшер категориясы* деп алуымыздың себебі, оның кеңінен қолданылатын сөз болуымен қатар, ғылыми тілге тән ұғым екенін есепке алуда жатқанын анықтай түседі.

Әдетте кез келген категорияны өзге категориялардан ерекшелеп тұратын басты-басты белгілер болады. Ол кейде семантикалық та, грамматикалық та, тіпті одан басқа да белгілер болуы мүмкін. Өте ауқымды категория болуына қарамастан, мөлшер категориясының да өзін құрайтын микроұғымдардың бәріне ортақ, жалпылық сипаттағы мынадай басты белгілері бар:

- мөлшер семантикалы тілдік бірліктер бір ұғым аясында (*микромөлшер ұғымдардың бірінде*) *сатылы тіресім (градуальная оппозиция)* құруы керек;

- мөлшер семантикалы тілдік бірліктер «қанша?», «қаншалық?» деген грамматикалық сұрақтың аясында жатуы тиіс;

- мөлшер семантикалы синтаксистік, морфологиялық бірліктердің түзілуіне табиғаттағы бір зат пен екінші затты, бір құбылыс пен екінші құбылысты салыстыру, ұқсату негіз болуы, бірі өлшеуші, екінші өлшенуші қатынасынан туындауы тиіс;

- әрбір микромөлшер ұғымдардың тілдік көрсеткіштері тілдің барлық деңгейінде болуы тиіс.

Бұдан тыс мөлшер категориясын құраушы жекелеген микромөлшер ұғымдары аясында танылатын, олардың өзіне ғана тән көптеген белгілері бар. Алайда оның бәрін мұнда жеке-жеке санамалаудың реті келмейді. Сондықтан ендігі кезекте мөлшер категориясының «парадигма», «тарихи парадигма» ұғымдарымен арақатынасына назар аударайық.

Біздің зерттеуіміздің тірек ұғымдарының бірі саналатын «парадигма» терминін ХХ ғасырдың 60-жылдары америкалық философ Томас Кун ғылыми айналымға енгізген. Бұл «ғылыми парадигма» атауымен беріліп, ғылымның даму мен қоғам өмірінің белгілі жүйесін, заңдылықтарын сабақтастықта қараумен байланысты туған. Аталған термин ең алғаш тіл білімі саласында қолданыс тапты. Тіл білімінде тілді парадигмалық аспектіде зерттеудің лингвистикалық негізі Ф. де Соссюрдің еңбектерінен бастау алады [168, 155-159 бб.]. Кейін келе оның қолданыс аясы кеңейіп, 1960-1970 жылдардан кейін философия, саясаттану, педагогика, психология, әлеуметтану сияқты гуманитарлық ғылым салаларында кеңінен қолданыла бастады. Осымен байланысты әртүрлі сала ғалымдары аталмыш терминге өзіндік тұрғыдан келіп, өзінше анықтама береді.

Тіл білімі саласында да «парадигма» ұғымы кеңінен қолданылып, әртүрлі анықтамалар беріліп жүр. Ал қазіргі қазақ тіл білімінде «парадигма» ұғымы екі түрлі ұғымда түсіндіріледі: бірі – тар мағынада, лексикология, семасеологияның нысаны ретінде қарастырылып, сөздердің синтагматикалық қатынасы аясында танылатын, бір ғана синтаксистік позицияда бірінің орнын екіншісі ауыстыра алатын, ішкі дифференциалды семасы бар синонимдік қатарлар ретінде түсіндіріледі; ал кең мағынада тілдің барлық деңгейін қамтитын әмбебап ұғым ретінде қаралады. Яғни парадигматикалық қатынастар аясында танылатын лексика-семантикалық топ, морфологиялық формалар, синтаксистік құрылымдар, т.б. тілдік бірліктердің ішкі бірлігі мен қарсылықты қатынасы ретінде түсіндіріледі.

Отандық тіл біліміндегі беделді анықтамалық сөздіктерде «парадигма» терминіне мынадай анықтама берілген:

- «Парадигма (грек. *paradeigma* – мысал, үлгі): – 1. Тілде олардың мүшесінің формалды немесе семантикалық ортақтық принципі бойынша оңашаланған және сонымен бірге осы негіздердің біріне сүйене отырып, бір-біріне қарама-қарсы қойылған белгілі деңгейдегі лингвистикалық единицалардың (топтардың) жиынтығы; 2. Жекелеген семантикалық белгілері және қарама-қарсы грамматикалық мағыналары бірігіп, бір лексеманы білдіретін сөз формаларының жүйесі. Мыс. Сөз П. оның барлық сөзформаларын сөздік құрайды (сөздіктерді, сөздіктермен, сөздікті және т.б.)» [169, 264 б.].

- Ғ.Қалиев: «Парадигма грек сөзі (*paradigma*). Тура аударғанда үлгі деген мағынаны береді. Тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылады: 1) кең мағынада бір-бірінен ерекшеленіп келетін, сонымен бірге бәріне ортақ белгілері арқылы біріккен кез келген тілдік бірліктер тобы; 2) осындай топтар мен жиынтықтардың жасалу моделі (үлгісі) мен схемасы (сызбасы). Тіл бірліктері тобының жүйесіне қарай парадигма *морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және сөзжасамдық* болып жіктеледі», – деп түсіндіреді [170, 245 б.]. Тілдік терминдердің ұғымдық аясы, функционалды әлеуеті әуелгі қолданысқа енген кезінен әлдеқайда кеңейіп, артып отыратынын ескерсек, әрине кең мағынадағы қолданысын құптаймыз. Яғни «парадигма» тілдің барлық деңгейінде категория құрайтын тілдік бірліктердің жүйелі ұйымдасқан тобын көрсетеді. Тіл деңгейлеріндегі категория құраушы тілдік бірліктерден танылатын мұндай *бірлік пен қарсылық* мөлшер категориясынан да көрінеді. Мысалы, мөлшер категориясының жекелеген микроұғымдары бірін-бірі қайталамайды, өзінше ерекше және олар жалпы «мөлшер» грамматикалық мағынасы аясында бірігеді. Сондай-ақ әрбір мөлшер мәнді тілдік бірліктер дифференциалды сема жағынан бір-бірінен ерекшеленеді, ал грамматикалық мағына, лексика-семантикалық топ аясында олар бірігіп, бірін-бірі толықтыратын қатарлар құрайды.

«Тарихи парадигма» дегенде «тарихи» сөзі көне, ескі дегенді білдірмейді. Керісінше, біртұтас уақытты, тілдік құбылыстардың тууынан, бүгінгі дейінгі барлық кезеңдерді тұтастай қамтиды. Демек, *тарихи парадигма – тілдің барлық деңгейлеріндегі тіл бірліктерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерінің дамуы мен өзгеру желісін, қарсылықтары мен бірліктерінің негізінде жатқан тарихи сабақтастықты, қатынасты, әрі олардың тілдік және тілден тыс факторлармен байланысын көрсетеді.* Тіл бірліктерінің парадигмалық жүйесін

белгілі уақыт шеңберінде ғана шектемей, оны уақытпен ұштасқан біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

«Тарихи парадигма» термині қазақ тіл білімінде бұған дейін қолданыс таппаған болса керек. Өйткені функционалды бағытта категориялар көбіне тілдің синхронды қабаты бойынша зерттеу нысаны етіледі де, қазақ тілі дамуының барлық тарихи кезеңдерін тұтас қамтымайды. Егер мұндай зерттеулер жасалмаса, аталған терминнің де қолданыс таппайтыны заңды. Осы орайда біздің ұсынып отырған жұмысымыз бұл бағыттағы алғашқы зерттеу екенін де айта кетуіміз орынсыз болмас. «Тарихи парадигма» термині шетел ғалымдары тарапынан қолданыс табады. Бұл, әуелі философияда, содан кейін тіл білімі саласында өрістеген. Нақтырақ айтар болсақ: орыс зерттеушілері Н.А.Некрасова, С.И.Некрасовтар Москва мемлекеттік университетінің студенттеріне арналған «Философия науки и техники» деп аталатын анықтамалық сөздігінде былай дейді: «Структурализм – 1) методологическая парадигма естественно-научного и гуманитарного познания, противостоящая исторической парадигме (*историческая парадигма* акцентировывает внимание на изучение изменения предмета в его реальной истории, а структурализм – на нахождение совокупности базовых свойств, отношений и законов предметной области, которая не зависит ни от конкретного содержания её элементов, ни от их изменения с течением времени)» [171, с. 209]; тағы бір орыс зерттеушісі Е.В.Кароннова «Парадигма в историческом знании» деп аталатын кандидаттық диссертациясында «тарихи парадигма» туралы: «Историческая парадигма может быть представлена на методологическом уровне как образец для интерпретации исторических фактов и исторических текстов, а на онтологическом – как совокупность определенных элементов, к числу которых относятся общественные идеи, теории», – деп жазады [172, с. 8]; ал Ресейдегі Самара мемлекеттік университеті Филология факультетінің курстық бағдарламасында *ғылыми парадигма* туралы былай берілген: «Понимание научных парадигм в современном гуманитарном знании, множественность интерпретаций (парадигма – научное направление; парадигма – научная область; парадигма – научная школа; парадигма – научный подход; парадигма – этап развития науки; парадигма – система взглядов; парадигма – концепция конкретного автора и др.). Понятие об открытом характере парадигм в лингвистике. Принципы классификации лингвистических парадигм (историческая парадигма, таксономическая парадигма, функциональная парадигма и др.)» [173, с. 4]. «Тарихи парадигма» терминімен берілген нақты лингвистикалық зерттеулер де бер. Беларусь зерттеушілері А.Г.Кот пен Н.И.Пержинская неміс тілі мен әдебиетіндегі «табиғат» ұғымын «табиғат», «орман» лексемаларының тарихи парадигмасы тұрғысынан түсіндіреді [174, с. 313-314]. Демек, «тарихи парадигма» термині лингвистикада қолданыста бар және бүгінгі ғылымның даму қарқынымен бірге оның қолданылу аясы кеңейіп келе жатыр. Олай болса, қазақ тіл білімінде де аталған терминнің мазмұнын нығайтып, қолданысын өрістетуге – орынды. Ал біз ұсынып отырған *мөлшер категориясының тарихи парадигмасы* – «мөлшер» ұғымы шеңберінде *парадигмалық қатынас құрайтын қазақ тіліндегі барлық тілдік бірліктердің тіл дамуының барлық тарихи кезеңдері бойынша туатұп негізін, қалыптасу, даму, өзгеру жолы мен механизмдерін,*

заңдылықтарын көрсетеді. Яғни мөлшер категориясын уақытпен шектелген тар өрісті категория емес, өте ұзақ уақыт шеңберін алып жатқан тілдік прогресс, тарихи категория ретінде қарастырады. Бұл – «мөлшер» ұғымы аясында топтасқан әр тарихи кезең тілдік бірліктері мен құрылымдарының жүйесі, жай жүйе емес, ұйымдасқан, топтасқан, белгілі бір тарихи даму кезеңдерін басып өткен жүйесі.

Қорыта келгенде, мөлшер – тілдің әр деңгейінде жүйелі көрініс табатын, ұлттың ойлау жүйесі арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан, терең танымдық мән арқалайтын, ойлау мен танымның ұлттық және адамзаттық деңгейін бірдей қамтитын аса ауқымды категория. Мөлшер заттар мен құбылыстарды құраушы негіздердің бірі болғандықтан, ол да тірі организм сияқты, адамзат танымында үздіксіз трансформацияға ұшырайды, дамиды, толығыады, жаңғырып, жаңарып отырады. «Мөлшер» ұғымы ұлттық таным кеңістігінде *өлшем, шама/қалып, көлем/ауқым, меже/болжам, симметрия, тепе-теңдік, параметр, дәреже, деңгей, қарқын* т.б. сипаттарда көрініс табады. Мөлшер – рухани кеңістікте тілдік, логикалық ұғымдарды бірдей алып жататын *шатыр тәрізді категория*. Ал тілтанымдық тұрғыдан келгенде *мөлшер категориясы дегеніміз – болмыстағы заттар мен құбылыстардың заттық, сандық, сындық, қимыл-қозғалыс қасиеттеріне байланысты туындайтын мөлшерлік шамалардың санада өңделіп, белгілі бір логикалық құрылымға түскен танымның ұғымдар жүйесі мен тіл деңгейлеріндегі жүйелі көрінісі*. «Категория», «парадигма», «тарихи парадигма» ұғымдары – бір-бірінен айырмашылығы бар ұғымдар болғанымен, бір тілтанымдық мақсатта өзара сәйкестік табады. Аталған ұғымдар мөлшер категориясын уақытпен ұштасқан бірбүтін тілдік құбылыс ретінде көрсетіп, тілдік, логикалық табиғатын танытады.

Бірінші тарау бойынша қорытынды

«Мөлшер» – ең әуелі, философиялық категория, содан кейін адамзаттың тілдік санасы дамуының түрлі тарихи кезеңдерінде кең өріс алған тілдік категория. Мөлшер болмыстың ең үлкен категорияларының бірі ретінде барлық заттар мен құбылыстарға қатысы бар, әрі шекті, әрі шексіз, әрі үздікті, әрі үздіксіз. Адамзаттық негізде шекті, үздікті, жаратылыстық негізде шексіз, үздіксіз. Мөлшер қозғалыс күйінде де, тыныштық күйде де болады. Мөлшердің пайда болуы мен өмір сүруі адам санасына тәуелсіз, субстантивті болады.

«Мөлшер» философиялық категориясының зерттелуі адамзат тарихының есте жоқ ежелгі кезеңдерінен бастау алып, бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Бұған әдеттегідей антикалық дәуірдегі грек философиясының қосқан үлесі зор болды. Пифагор, Архимед, Платон, Аристотель, Декарт, Спиноза, Протогор т.б. философтар оның логикалық құрылымдарын, мәнін ашуға талпыныс жасады және бірін-бірі толықтырып отырды. Ал одан кейін неміс классикалық философиясының ірі өкілдері Кант, Г.Гегель, К.Маркстің үлесі айрықша. Мөлшер категориясы философиялық зерттеулерде ең әуелі, «сан» ұғымымен байланыстырылса (Пифагор), одан кейін бұл бағыттағы зерттеулер тереңдей түсіп, оның шама, жиын, форма, мән (Аристотель), сапа (К.Маркс), шекті/шексіздік (Платон), тыныштық/қозғалыстық, үздікті/үздіксіздік, бірлік/көптік, жалпылық (Кант), субъективтілік/объективтілік (Г.Гегель)

тіресімдік (оппозициялық) мәні анықтала түсті. Бұл жағынан келгенде мөлшер категориясы материалдық болмыспен және адамзаттың рухани ізденістерімен тікелей байланысты болды. Соған сәйкес құрылымы да күрделеніп, өзгеріп отыратын логикалық процесс ретінде танылады.

Дәстүрлі қазақ философиясында «мөлшер» ұғымы туралы философиялық таным бастауларының бірі – көне түркі кезеңі. «Мөлшер» ұғымы сол дәуір тілінен де көрініс тапты. Түркілер «мөлшер» ұғымын, ең әуелі, «уақыт» ұғымы аясында өмірлік концепцияға айналдырып, оны «мәңгі» сөзімен байланыстырды. Одан кейінгі тарихи кезеңдерде ислами дүниетаныммен ұштасып, шекті/шексіздік ұғымдарымен сипатталды және моральдық өлшемдер мен рухани құндылықтар аясында кең өріс алды. Хандық дәуір тұсында материалдық құндылықтармен жиі ұштасты. Сондай-ақ ырысты мекен, байлық, батырлық, адамгершілік қасиет, сапа ұғымдары шегінде қанат жайды. XX ғасырдан кейін «мөлшер» ұғымының логика-семантикалық құрылымы барынша тармақталып, адамзат руханиятының түрлі салаларында қолданылатын, түрлі кәсіп, мамандықтардың басты-басты ұғымдарын тоғыстырып жатқан аса ауқымды логикалық ұғымға айналды және оның мәні күн санап стандартизацияға бетбұра бастады.

«Мөлшер» заттар мен құбылыстарға тікелей байланысты болғандықтан, ол да тірі организм сияқты динамикалық қалыпта өмір сүреді. Адамзат танымында үздіксіз трансформацияға ұшырайды, дамиды, толығыады, жаңғырып, жаңарып отырады. «Мөлшер» ұғымы ұлттық таным кеңістігінде *өлшем, шама/қалып, көлем/ауқым, меже/болжам, симметрия, тепе-теңдік, параметр, дәреже, деңгей, қарқын* т.б. сипаттарда көрініс табады. Рухани кеңістікте тілдік, логикалық ұғымдарды бірдей қамтып жататын *шатыр тәрізді* категория.

Мөлшер категориясының сан тарау логикалық құрылымдары тілдік санада орнығып, тіл бірліктеріне айналады және тілдік категория құрайды. Мұнда халықтың, этностың, ұлттың тұрмыс-тіршілігі, арман-мұраты бағдарлаушылық сипатқа ие және бұған тарихи оқиғалар, саяси шешімдер тікелей өз ықпалын тигізеді. Осындай тілден тыс факторлардың нәтижесінде «мөлшер» ұғымында сол тілді тұтынушы халықтың рухани кодтары қалыптасады. «Мөлшер» ұғымына кодталған мұндай күрделі рухани құбылыстарды ашу – лингвистика ғылымының міндеті.

«Мөлшер» категориясының тілтанымдық аспектіде зерттелуі Еуропа халықтарында ерте кезеңнен-ақ басталған. Ал қазақ тіл білімінде ғылыми деңгейде XX ғасырдан бастап зерттеле бастады. Содан бергі зерттеулердің көпшілігі мөлшер семантикалы тілдік бірліктердің құрылымдық, лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктері сияқты таза лингвистикалық мәселелерге арналды. Алайда «мөлшер» ұғымының таныммен, логикамен байланысы, лингвомәдени қырлары, тілдегі категориялық сипаты, оның тіл бірліктеріне айналу жолдары мен механизмдері, тілдің тарихи кезеңдерімен байланыстары жете қарастырылмады. Сондықтан аталған мәселелер бойынша зерттеулер жасау қазіргі қазақ қоғамында өзекті тақырыпқа айналған «рухани жаңғыру» идеясымен ұштасып жатады. Десе де бұл бағыттағы зерттеулердің қай-қайсы болмасын мөлшер категориясының тілдік табиғатын ашуда бірін-бірі толықтырып, ғылыми таным деңгейінің өсуіне баспалдақ бола алады.

II МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІЛІК КЕЗЕҢДЕГІ (V–XIV ғғ.) ТІЛДІК СИПАТЫ

Қазақ халқының ұлт ретінде ұйысу үдерісі ерте кезеңнен басталса да, XV ғасырдың орта шенінде (1456 ж.) біртұтас ұлт ретінде дербес мемлекеттігін қалыптастырғаны белгілі. Бұған дейінгі кезеңдердің барлығы түркі халықтарына ортақ, сондықтан бұл тарихи кезеңдерге тән тілдік мұралар да – түркі тілдес халықтарға ортақ жәдігерлер. Десе де X–XV ғасырлар шегінде қазіргі түркі тектес халықтардың ұлттық тілінің арнасы қалыптаса бастады. Алғашқы кезеңдерде түркі тілі *қыпшақ тобы, оғыз тобы, қарлұқ тобы* т.б. әлденеше тілдер тобына жіктеле бастап, XV ғасырдың соңына қарай бұл топтар жекелеген ұлт тіліне ұласты. Қазақ тілі де алғашында қыпшақ тілдері тобы негізінде дами келе, XV ғасырдың соңғы шегінде халықтық тіл ретінде орнығып, одан кейінгі әр ғасырлар сайын ұлттық әдеби тіл мәртебесін нығайта түсті.

Түркі тілдерінің даму кезеңдерін дәуірлеу мәселесі көптеген беделді түрколог ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапты. Солардың ішінде айрықша назар аудартатыны – Н.Баскаковтың дәуірлеуі. Ғалым түркі тілдерінің даму кезеңдерін: «1) Алтай дәуірі; 2) Ғұн дәуірі (б.з. V ғасырына дейін); 3) Көне түркі дәуірі (V–X ғғ.); 4) Орта түркі дәуірі немесе негізгі түркі тайпалары тілдерінің қалыптасуы мен даму дәуірі (X–XV ғғ.); 5) Жаңа түркі дәуірі немесе ұлттық тілдердің дамуы мен қалыптасу дәуірі (XV–XX ғғ.); 6) Ең жаңа дәуір немесе Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі түркі тілдерінің даму дәуірі», – деп, алты кезеңге бөледі [175, 148 б.]. Ал Ә.Құрышжанұлы, Б.Е.Көмеков, Д.С.Жүнісұлы сияқты белгілі отандық түркітанушы ғалымдар бірлесіп жазған «Ескі қыпшақ тілі» оқулығында Н.Баскаковтың жоғарыда көрсетілген классификациясына сүйене келе: «Түркі тілдерінің көне дәуіріне (V–XV ғғ.) жататын ескерткіштер үлкен екі топқа бөлінеді: 1) көне түркі немесе ежелгі ескі түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар; 2) орта түркі немесе ескі түркі (орысша «среднетюркский» немесе старотюркский) тілінде жазылған нұсқалар», – деп екі үлкен кезеңге бөледі де, көне түркі тілі жазбаларына Орхон-Енисей ескерткіштерін жатқызса, орта түркі тілі ескерткіштерін: «1) Қараханид түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер, 2) Орта Азия түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштер, 3) Ескі қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер, 4) Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер», – деп, төрт топқа бөледі [176, 44 б.]. Біз де осы классификацияларға сүйене отырып мөлшер категориясының тарихи парадигмасын қарастыруда қазақ тілінің даму кезеңдерін шартты түрде *түркілік кезең (V–XV ғғ.)* және *қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері (XV–XX ғғ.)* деп екі үлкен кезеңге бөлеміз де, түркілік кезеңді өз ішінен тағы *көне түркі (V–IX ғғ.)* және *орта түркі (X–XV ғғ.)* деп екіге бөлеміз. Ал қазақ әдеби тілінің даму кезеңін *хандық дәуір (XV–XVIII ғғ.)* және *қазіргі кезең (XIX–XX ғғ.)* деп тағы екі кезеңге бөлеміз. Н.Баскаков көрсеткен *Алтай дәуірі* мен *Ғұн дәуіріне* жататын тілдік деректер өте аз, әрі мөлшер категориясының тілдік сипатын жүйелі түрде көрсете алмайды. Сондықтан жұмыста мөлшер категориясының тарихи парадигмасы V–IX ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінен басталады.

Тілдің тарихын бұлайша дәуірлеу, кезеңдерге жіктеу тілдегі даму мен өзгерістерді жүйелі түрде табудың бір кілті саналады. Бұл зерттеуде де

жоғарыдағы тарихи кезеңдерге жататын тілдік материалдар негізінде қазақ тіліндегі мөлшер категориясының қалыптасу, даму жолы, мөлшер семантикасының әр тарихи кезеңдер мен тіл деңгейлеріндегі берілу формалары, жасалу тәсілдері, олардың өзіндік ерекшеліктері мен айырым белгілері сияқты мәселелер анықталады. Тіл тарихына қатысты зерттеулердің мақсат-міндеті тұрасында қазақ әдеби тілінің тарихы мәселесін қарастырған ғалымдардың бірі ретінде Б.Момынованың мына пікірі орынды айтылған: «Әдеби тілдің тарихын сөз етудегі мақсат – тілдік құрылымдардың қазақ әдеби тілінің заңдылықтарына лайық екенін анықтау, сонымен бірге тілдік қолданыстар мен құрылымдардың жандануын, олардың тіркесімділігінің артуы олардың қазақ әдеби тілінің сөздік қорынан лайықты орын алғанының көрсеткіші болып табылатынын нақты мысалдармен көрсету» [177, 3 б.].

Соңғы жылдары әлемде тілді зерттеу жаңа бағыттарға бет бұрды, лингвистика жаңа сапаға көтерілді. Осыған орай, қазақ тіл білімінде де көптеген жаңа бағыттар пайда болып, жедел дами бастады. Соның нәтижесінде құрылымдық лингвистиканың мүмкіндігі жетпейтін көптеген тіл құпиялары ашыла бастады. Қазақ тіл білімінде жылдам дамыған осындай жаңа бағыттардың бірі – функционалды бағыт. Бұл – бір қарағанда, зерттеу әдісі жағынан құрылымдық лингвистикаға қарама-қарсы бағыт. Яғни құрылымдық лингвистика формадан мазмұнға қарай болса, мұнда мазмұннан формаға қарай зерттеуді негіз етеді. Құрылымдық лингвистикада тіл бірліктері таптар мен топтарға жіктелсе, мұнда керісінше, басты-басты тілдік ұғымдар аясында топтастырылып, бір бүтін категория ретінде қарастырылады. Бұл жұмыста да біздің ұстанатын бағытымыз – мөлшер категориясының тарихи парадигмасын функционалды бағыт бойынша қарастыру.

2.1 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің көне дәуіріндегі (V–IX ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі

Көне түркі ескерткіштері – түркі халықтарының ортақ мұрасы. Ол – ежелгі түркілердің тілін, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, өмірлік мақсат-мұратын және одан басқа да көптеген рухани-мәдени құндылықтарын танытатын теңдесі жоқ мұра. «Тіл – адам мен ақиқат дүниені жалғастырушы буын», – дейді белгілі ғалым Н.Уәли [178, 50 б.]. Олай болса, көне түркі тілі де – ақиқат дүние мен түркілер танымын, мәдениетін жалғастырушы тін. Ал бұл «тіннің» тарихтан тозбай жеткен бірден-бір тілдік фактісі – осы көне түркі ескерткіштері. Осындай ғылыми, мәдени, тарихи құндылығы болғандықтан да өз алдына жеке «Түркітану» ғылымы болып қалыптасып, неше ғасыр бойы көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысаны айналып келеді. Қанша ғасыр бойы зерттелсе де, құпиясы көп бұл құнды құлыптастардың сыры толық ашылып бола қоймады. Өзге ғылым салалары өз алдына, бір ғана тіл ғылымы шеңберінде зерттелмей, ашылмай жатқан құпиялары көп.

Көне түркі ескерткіштері оншақты *тас мәтіндерден* құралатыны белгілі. Шын мәнінде, осы аздаған тас ескерткіштер ғасырлар бойы дамып, әдеби тіл деңгейіне көтерілген *көне түркі тілінің* толық баламасы бола алмайды. Яғни сөз байлығы мен тіл иірімін толыққанды бейнелеп бере алмайды. Дей тұрғанмен,

қолда бар осы тілдік мұралар көне түркі тіліндегі басты ұғымдар мен оның тіл бірліктеріне айналу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазірге дейін көне түркі ескерткіштеріне фонетикалық зерттеулер көп жасалды. Аты әлемге белгілі отандық және шетелдік түркологтар тарапынан ең көп қаралған сала да осы. Мұнда, көбіне-көп, көне түркі тілінің дыбыстық құрамын анықтау, ежелгі қалпын *реконструкция* жасау, *аффрикаттардың* пайда болуы мен *силлабофонемаларға* жіктелуі т.б. *морфонологиялық* мәселелерге назар аударылды. Алайда жаңа бағытта қарастыру әлі де жеткіліксіз болып келеді, әсіресе функционалды бағытта көп қарастырылмады. Түркология саласында «мөлшер» ұғымы, көбіне, «сандық» ұғымдармен теңестіріліп, *көптік категория* шеңберінде қарастырылды. Нәтижесінде көптік мағына білдіретін *формалар* мен *аффрикаттар* анықталды. Шын мәнінде, заттардың саны мен мөлшері – екеуі екі бөлек ұғымдар. Бірі сандарды семантикалық өзек етсе, екіншісі *тіресімді (оппозициялық) қатарлар* құрайтын шамаларды негіз етеді. Тас ескерткіштер мәтінінде көптеген мөлшер мәнді тілдік бірліктер кездеседі және «мөлшер» ұғымының функционалды-семантикалық өрісін құрайды. Олар тілдің әр деңгейінен көрініс табады.

1. Көне түркі ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы лексикалық бірліктер³

Көне түркі ескерткіштерінде «мөлшер» ұғымы лексикалық деңгейде *сапалық сын есімдер, сан есім, үстеу* сөздерінің кейбір мағыналық топтары арқылы беріледі. Мұнда әрбір мөлшерлік лексемалардың лексика-грамматикалық ерекшеліктерін талдау – жұмыстың көлемін ұлғайтады және кейбір ұқсас жүйемен берілетін мөлшерлік семантикалар үшін артық қайталау. Сондықтан аталған тіл деңгейінде мөлшерлік семантиканың берілу жүйесін, тәсілдерін анықтау, сол негізде мөлшерлік лексемалардың ортақ және айырым белгілерін табу көзделеді:

1. Ескерткіштерде кейбір сапалық сын есімдер жеке-дара тұрып та, тіркес ішінде де мөлшер семантикасын білдіреді. Мөлшер семантикалы мынадай сапалық сын есімдер кездеседі: *аз // аз* (КТк., 10; КТү., 19, 29, 34, 40; БҚ, 32; Тон., 9, 24), *қоп // көп, көптеп* (КТк., 3, 9, 10; КТү., 2, 14, 30, 38, 50, 53; БҚ, 28, ХА/12; ЫБ, 29; Тон., 36, 46), *үкүс // көп* (КТү., 16; Тон., 38), *үкүш // көп* (КТк., 7, 10; КТү., 29; ЫБ, 36), *улуғ // көп, үлкен, өте* (КТү., 28, 30, 40; БҚ, 34, ХА/ 9; ЫБ, 50; Тон., 56); *йуйқа // жұқа* (Тон., 13), *йінчге // жіңішке* (Тон., 14), *йозан // жуан* (Тон., 14), *қалын // қалың* (Тон., 13), *йазуқ // жақын* (КТк., 7), *ырақ // жырақ* (КТк., 7); *узун болзун // ұзақ жаса* (ЫБ, 47), *узун // ұзақ* (Тон., 52), *узун тонлығ // ұзын киімді*, (ЫБ, 22); *кічіг // кішкене* (КТк., 3), *учруғлуғ // үлкен* (ЫБ, 36); *толқу // ауыр* (Тар., 3); *йаблақ // нашар* (КТү., 26), *йабыз // әлсіз* (КТү., 26; БҚ, 32; ЫБ, 24) т.б.

Көрнекті түркітанушы ғалым Ғ.Айдаров көне түркі тілі жайлы зерттеуінде: «*Заттардың сынын, белгісін көрсететін сөздер: бедүк – биік, йуйқа – жұқа, йозан – жуан, йінчке – жіңішке, қалың – қалың, узун – ұзын, улуғ – ұлы, үлкен, кічіг – кіші*», – деп көрсетіп, заттарды мөлшерлік тұрғыдан сипаттайтын мұндай сөздерді *зат сыны* деп түсіндіреді [25, 56 б.]. Біздіңше, құрылымдық бағыттағы

³ Бұл тараудағы талдауларға дереккөз ретінде алынған көне түркі ескерткіштері бойынша Ғ.Айдаровтың транскрипциясы пайдаланылды: (Ғ.Айдаровтың Орхон ескерткіштерінің тексі. –Алматы: Ғылым, 1990. - 220 б.).

зерттеулер сөз мағынасын нақтылау емес, жалпылауға құрылатындықтан, жоғарыдағы сөздердің мағынасын *сандық мағына* деп түсіндіруі заңды. Ал функционалды зерттеулер сөз семантикасының әрбір деталін ескеретіндіктен, ол барынша нақтылыққа құрылады. Демек, *сын* – аталмыш сөздердегі жалпы мағына да, *мөлшер* – нақты мағынасы. Ал Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанұлы, М.Томанов үш автор бірлесе жазған еңбекте: «Заттардың көлемі мен аумағын білдіретін сын есімдер: *йуйқа (жұқа), йінчке (жіңішке), қалын (қалың), узун (ұзын), улуг (ұлы, үлкен)*», – деп береді [179, 102 б.]. Бұл – аталмыш сөздердің нақты мағынасына біршама жақындау пікір. Мұнда *көлем, аумақ* дегендерді жалпылама *сын* деп атауға болғанымен, шын мәнінде, «мөлшер» ұғымына жатады. Заттардың сынын да, мөлшерін де білдіретін осындай көпмағыналы сапалық сын есім сөздері «мөлшер» ұғымы мен «сын» ұғымын өзара жақындастырады, тоғыстырады.

Жоғарыдағы берілген лексикалық бірліктердің бір тобы заттардың *сандық мөлшерінің* көп не аздығын, енді бір тобы тік және көлденең бағыттағы «қашықтық» ұғымын, келесі бір тобы «уақыт мөлшері» ұғымын білдірсе, тағы бір тобы «көлем», «салмақ мөлшері» ұғымдарын білдіреді. Аталған тілдік бірліктер нақты шаманы емес, сипаттау мәніндегі мөлшерлік мағынаны білдіреді. Бұл мөлшерлік лексемаларды семантикалық ортақтығына қарай мынадай ұғымдарға жіктеуге болады: «сандық» ұғым, «көлем» ұғымы, «қашықтық» ұғымы, «уақыт» ұғымы, «салмақ» ұғымы. Мөлшерлік лексемалар осы микромөлшерлік ұғымдар шеңберінде өзара *тіресім (оппозиция)* құрайды. Төменде олардың «мөлшер» ұғымын беру ерекшелігіне назар аударайық.

«Сандық» ұғым аясында топтасқан лексемалар *аз* және *көп* семантикасы негізінде градуалды *тіресім* құрайды. Ескерткіштерде «көптік» ұғымы *қоп, үкүш, улуг* сөздері берілсе, «аздық» ұғымы бір ғана *аз* сөзі арқылы беріледі. Бұлар деректі зат есім сөздерімен тіркесе келіп, сол заттың саны *көп* не *аз* екенін жалпылама сипаттайды. Мұнда сандық мәnniң нақты болуы шарт емес, көптігі немесе аздығы жалпылама берілсе жеткілікті. Мысалы: *Аз будунығ үкүш қылтым, ызар еллігде йег қылтым* (КТү., 29); *Төрт булундақы будунығ қоп баз қылтым, йағысыз қылтым, қоп маңа көрті. Ісіг-күчіг бірсер бунча төрүг қазғанып* (КТү., 30) // *Аз халықты көп қылдым, тату елге жақсылық қылдым; Төрт бұрыштағы халықты көп бейбіт еттім, жаусыз қылдым, бәрі маған бағынды, ісін-күшін жұмсап сонша жұртты жиып*

Мысалда *аз / үкүш* (*аз / көп*) сөздері өзара *тіресім* құрап, халық санының есебін жалпылама, салыстырмалы түрде білдіреді. Мәтіндегі мөлшерлік семантиканың жалпылама немесе нақты болуы белгілі ұғымдық қажеттілікке қарай анықталады. Мәнмәтінде халықтың нақты саны емес, өзге шамалармен салыстырмалы түрде *көп* не *аз* болуы тірек (доминанта) семантика. Бұл сөз М.Қашқаридың сөздігінде де *үкүш* тұлғасында кездеседі. Ғалым бұған: *Үкүш нәң // көп нәрсе* (МК, Т₁-90), – деп түсініктеме береді. Ал Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінде⁴ *өкүш* тұлғасында беріліп, мұнда да *көп* мағынасында қолданылады. Мысалы: *Санып сөзлаган ер сөзи сөз сағы, Өкүш йаңшаған тил ей алмас йағы // Ойланып сөйлеген кісінің сөзі сөздің асылы, Көп шатып*

⁴ Ахмет Йүгнеки. «Ақиқат сыйы». – Алматы: Ғылым. 1985, 135 б. («Ғибат-ул хақайық» // Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы транскрипциясы бойынша).

мылжыңдаған тілді алдырмайтын жау /деп түсін/ (АЙ, 133-134). Бұдан аталмыш сөз орта ғасыр түркі тілінде өте жиі қолданыста болғаны байқалады.

Сөз бойындағы көптеген мағыналардың біреуі контексте актуалдануы *улуғ* сөзінен де көрінеді. Мысалы, *Біргеру табғач тапа улуғ сү екі йегірмі ... /сүнүшдім/* (КТү., 28) // *Түстікте табғашқа қарсы көп әскермен он екі /рет/ соғыстым.* Бұл мысалда *улуғ сү* тіркесі *көп әскер* мағынасын білдіреді. *Улуғ* – әлденеше мағынада кездесетін көпмағыналы сөз. Соның бірі – көптік семантикасы. Жыраулар поэзиясында *улуғ* сөзі *ұлы* формасында беріліп, *ұлы шерік қол* тіркесінде кездеседі. *Ұлы*, даңқты, үлкен жорықтар, шайқастар көп әскердің қатысуымен болатыны заңды. *Улуғ (ұлы)* сөзінде *айбын, айбат, үлкен* деген де мағыналар бар. Міне, осындай жасырын семалар тұтаса келіп, «көптік» ұғымды білдіріп тұр. Ескерткіш мәтінінде *үкүш, улуғ, қоп* сөздері синонимдік қатар түзеді де, *аз* лексемасына *тіресім* құрайды. Академиялық «Қазақ грамматикасында» зат есімнің көптік мағынасы туралы: «Қазақ тіліндегі көптік тұлға мен көптік мағына бір-біріне тепе-тең емес. Көптік тұлғамен салыстырғанда көптік мағынаның өрісі әлдеқайда кең. Олай болатыны – тіліміздегі әрбір зат есім ешқандай сыртқы морфологиялық көрсеткішсіз-ақ екі бірдей грамматикалық мағынада – жекеше де, көпше де жұмсала алады», – деп берілген [166, 446 б.]. Бұл тұжырымның дұрыстығын атай отырып, сын есім сөздері де ешқандай көптік формасыз-ақ «көптік», «мөлшер» мағыналарын бере алатынын айта кеткіміз келеді. Мұны жоғарыдағы мысалдар толық дәлелдейді.

Ескерткіштерде «қашықтық» семантикасы «алыс/жақын» *тіресімдік (оппозиция)* ұғымдары аясында құрылымданады. «Қашықтық» *жазықтықтағы және кеңістіктегі* кез келген екі нүктенің арақашықтық мәнін білдіретіні белгілі. Олай болса, ескерткіштерде «қашықтық» ұғымы көлденең және тік бағыттарды құрайды. *Йағуқ // жақын, ырақ // жырақ* сөздері көлденең бағытты қашықтықты білдірсе, *ууйқа // жұқа, йуйқа қалын // жұқа қалыңдаса, ұзун (тонлығ) // ұзын (киімді), кішіг // кішкене* сөздері тік бағытты қашықтықты білдіреді. Алайда бұл сөздердің көне түркі тіліндегі қолданысы кейде бұған керісінше бағытта да болуы мүмкін. Дегенмен ескерткіштерде кездесетіні – осы. Аталған лексемалар нақты заттардың ұзындық/қысқалық, алыс/жақындық мәнін білдіргенімен, бәрі жалпылама «қашықтық» ұғымы саналады. Бұл «қашықтық» ұғымдарында сол заманға (VII–VIII ғғ.) сай қалыптасқан ортақ мөлшерлік меже бар. Жер бетіндегі, кеңістіктегі немесе қандай да бір заттағы ұзындық шаманың мөлшері сол ұғым негізінде *алыс/жақын тіресімдеріне* бөлінеді де, құрылымданып, қашықтық семантикасына ие болады. Мысалы: *Анта аңыз кісі анча бошғурур ерміс, ырақ ерсер йаблақ ағы бірүр, йағуқ ерсер, едгү ағы бірүр-тір, анча бошғурур ерміс. Біліг білмез кісі ол сабығ алып, йағру барығ, үкүш кісі өлтіг* (КТк., 7) // *Сонда өш адамдар былай сендірген еді: «жырақ болса, жаман сыйлық берер, жақын болса, игі сыйлық берер», – деп. Осылай сендірген еді. Білімсіз кісілер сол сөзге сеніп маңына барып, көп кісі өлді.* Мәтіндегі *ырақ, йағуқ* сөздері көлденең бағытты «қашықтық» ұғымын білдіреді. Яғни қытайлар мен түркілер қонысының (астанасының) арақашықтығы «жақын-алыс» ұғымдар арқылы сипатталған. Мұндағы «қашықтық» ұғымы тарихи және географиялық танымға тәуелді. Нақтырақ айтқанда, *алыс / жақын тіресімдік семантика* бұған дейінгі тарихи кезеңдерде екі ел астанасының орналасудағы қашықтық межесі негізінде туады.

Демек, кейбір мөлшерлік ұғымдар тарихи сананы, танымды, түсініктерді ұдайы жаңғыртып, жадта сақтап отыру қасиетіне ие.

Көне түркі тілінде «жақын қашықтық» ұғымы *кішіг* // *кішкене* сөзі арқылы да беріледі. Мысалы: *Ілгерү – Шантуң йазықа тегі сүледім, талуықа кішіг тегмедім, бергерү – Тоқуз Ерсенке тегі сүледім, Түпүтке кішіг тегмедім* (КТк., 3) // *Ілгері Шантуң жазыққа дейін соғыстым, теңізге кішкене жетпедім. Түстікте Тоғыз Ерсенге дейін соғыстым, Тибетке кішкене жетпедім.* Үзіндідегі *кішіг* сөзі *кішкене* деген мағынада. Қазіргі қазақ тілінде *кішкене* сөзі қандай да бір заттың көлем мен сыйымдылығына байланысты айтылып, қалыпты мөлшерден «кішілік» ұғымын білдіреді. Ал контексте, одан басқа әлденеше мөлшерлік ұғымдарды білдіруге жұмсалады. Мысалда *кішіг* // *кішкене* сөзі ауыспалы мағынада жұмсалған. Яғни «қашықтық» ұғымына байланысты қолданылып, жер бетіндегі екі межелі орынның арақашықтығын білдіреді. Көлемге байланысты сөздің «қашықтық» ұғымында қолданылуы метафораланудың нәтижесінде жүзеге асқан. Бұған қарағанда, көне түркі тілінде де сөздердің көпмағыналығы кең өріс алған.

Ескерткіштер мәтінінде «көлем» ұғымын білдіретін *иінчге* // *жіңішке*, *йоган* // *жуан*, *учруғлуғ* // *үлкен*, *улуғ* // *үлкен* сөздері кездеседі. Бұл лексемалар *кішкене/үлкен* сатылы тіресімі (градуалды оппозициясы) аясында беріледі. «Көлем» ұғымы көбіне деректі заттардың сыртқы пішініне қатысты айтылады. Ал дерексіз (абстракті) көлем сол деректі заттардың негізінде метафоралы мағынаға ие болады. «Тониқуқ» ескерткішінде былай беріледі: *Иінчге йоган болсар үзгүлүк али ерміс* (Тон., 14) // *Жіңішке жуандаса үзетін алып болар.* Мұнда мөлшер мағынасы «көлем» ұғымы аясында беріліп, ол адамның сыртқы тұлғасына қатысты алынған. Әр заманда санада адамдарының дене тұрқына (үлкен/кішілігіне), басқа да заттар мен құбылыстарға байланысты белгілі мөлшерлік меже қалыптасады. Сол орталық меже шамаларды анықтаушы, «көлем» ұғымын *тіресімдік мағыналарға* ажыратушы құралға айналады. Мысалы: *Алып ер бізіңе тегміш ерті, антағ өдке өкүнүп, Күлтегінің аз ерін іртүрү ытымыз, улуғ сүңүш сүңүшміш* (КТү., 40) // *Алып ерлер бізге тиісті, сол кезде өкініп, Күлтегінді аз ермен шабуылға жібердік, үлкен соғыс жасады.*

Үзіндіде *улуғ (сүңүш)* сөзі *үлкен (соғыс)* деген мағынада қолданылған. Яғни соғыстың кеңістіктегі таралу аймағының кеңдігі, қатысқан әскер санының көптігі, соғыс зардабының ауырлығы сынды бірнеше мөлшерлік мағыналар бір сөзге сыйып тұр. Көне түркі тілінде *улуғ* сөзі бұдан басқа да көптеген мағынада қолданылған. Айталық, *көптік*, *жастың үлкендігі*, *соғыстың үлкендігі*, *ұлылық*, *биліктің үлкен*, *туыстық қатынастағы үлкендік* т.б. Аталған мағыналардың бәрі де «мөлшер» ұғымының семантикалық өрісіне жатады.

Көне түркі тілінде «уақыт» ұғымы да лексикалық деңгейде беріледі. Ескерткіштерде «уақыт» ұғымын білдіретін *өзүң узун болзун* // *өзің ұзақ жаса, узун* // *ұзақ*, *беңгү* // *мәңгі (4 рет)* сөздері кездеседі. Мұнда *узун (ұзын)* сөзі тура мағынасында деректі заттарға байланысты қолданылып, «қашықтық» (ұзындық) ұғымын білдіреді. Алайда ескерткіштер мәтінінде «уақыт» ұғымына да қатысты қолданылған. Яғни адам өміріне байланысты биологиялық уақыттың созылыңқылығын бірдіре келіп, ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. Қазіргі қазақ тілінде бұл контексте *ұзақ (жасы ұзақ, өмірі ұзақ)* сөзі қолданылатыны белгілі. Олай болса, қазақ тіліндегі *ұзын* сөзінің ұмытылған тағы бір мағынасы – адам

өмір жасына байланысты қолданылып, «уақыт» ұғымының созылыңқылығын білдіру. Дәстүрлі қазақ танымында «уақыт» ұғымы қашан да деректі заттар арқылы метафораланып, ұзындық/қысқалық ұғымы арқылы беріледі. Замананы ұзын шұбалған көшке, қамшының, балтаның сабына теңеуі соның нақты көрінісі. Міне, бұл – ескі түркі танымы мен қазақ танымының сабақтастығын білдіретін нақты семантикалық тұтастықтар.

«Уақыт мөлшері» ұғымын білдіретін, көне түркі заманында-ақ үлкен концепцияға айналған сөздің бірі – *беңгу*. Қазақ тілінде *мәңгі* сөзформасы түрінде келетін бұл сөз уақыттың мейлінше шексіздік мөлшерін білдіреді. «Күлтегін кіші жазуында» әлденеше рет кездеседі. Мысалы: *Өтүкен йиш олурсар, беңгу іл тута олуртачсен* (КТк., 8) // *Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігіңді сақтайсың сен /сонда/; Неңнең сабым ерсер, беңгу ташқа уртым* (КТк., 11) // *айтар сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым*.

Түркілер елдіктің ғұмырын мәңгілік уақытпен өлшейді (армандайды). Ал елдіктің өсиетін тозбас *мәңгі тас* ұғымы арқылы береді. *Беңгу* сөзінің уақыт мөлшеріне мынадай болжам жасауға болады: ұзақ уақыт, дүниенің соңғы сәті, екі шексіздік – уақыт пен кеңістіктің соңы (шегі). Түркілердің Еуразия кеңістігіндегі күресінің ең басты өлшемдерінің бірі – жер бетінде мәңгілік үстемдік құру. Демек, түркілердің ең басты арманы да «мөлшер» (уақыт) ұғымы арқылы құрылымданады. Көне түркі тіліндегі сын есім сөздерінің көпмағыналылығы «мөлшер» ұғымы аясында да нақты көрініс табады.

2. Ескерткіштерде «мөлшер» ұғымы *сан есімдер* арқылы да беріледі. Жеке тұрғанда емес, анықтауыш компонент ретінде өзге атауыш сөздермен тіркесіп келгенде ғана заттардың «сандық мөлшері» ұғымын білдіреді. «Мөлшер» ұғымын берудің бұл тәсілін М.Томанов көптік мағына шеңберінде қарастырады да, *синтаксистік әдіспен жасалған көптік мағыналар* деп береді. Одан әрі көптік мағына берудің синтаксистік тәсілін өз ішінен тағы үш түрге бөледі [26, 71 б.]. Біздің ойымызша, заттардың сандық шамасын білдіретін мұндай сан есім тіркестерін синтаксистік деңгейде қарастырғаны – құптарлық. Сондықтан біз де мұндай тәсілмен жасалған тілдік бірліктерді «сандық мөлшер» ұғымы аясында қарастыра келіп, оның *нақты сандық мөлшер, болжалды сандық мөлшер* деген екі мағыналық тобын ажыратамыз. Сандық мөлшер дегеніміз – заттар мен құбылыстардың сан арқылы анықталған шамасы (есебі).

Олай болса, көне түркі ескерткіштерінде *нақты сандық мөлшерді* білдіретін мынадай сан есімді тіркестер кездеседі: *ар біс йүз...кедімліг йадаг* (МЧ, 33) // *бес жүз жаракты жаяу; бесінч ай* (МЧ, 21) // *бесінші ай; биң йонт* (МЧ, 48, 49) // *мың жылқы; біз екі биң ертіміз* (Тон., 16) // *біз екі мың екенбіз; он түмен сү* (Тон., 36) // *он мың әскер; он уйгур, тоқуа оғуз* (МЧ, 3) // *он ұйғыр, тоғыз оғыз; тоқуз йегірмі йыл* (БК, 9) // *он тоғыз жыл; түмен қон* (МЧ, 48, 49) // *он мың қой; үч отуз балық* (Тон., 19) // *жиырма үш қала; еліг йыл* (МЧ, 4) // *елу жылдай; екі йүз йыл* (Тар., 16) // *екі жүз жыл т.б.*

Жоғарыдағы тіркестік қатарларда есептік сан есімдер зат есім сөздерімен тіркесіп келіп, сол заттың нақты *сандық мөлшерін* білдіріп тұр. Бірақ мұнда заттардың сандық шамасының *көп* немесе *азды* сатылы деңгейі айтылмаған. Тек сандық мәні ғана нақты берілген. Мысалы: *Тылыз келүрті сабы антаг иарыс йазыда он түмен сү тірілті тір ол сабыз есідіп беглер қопан йаналым* (Тон., 36) // *Тілдіні келтірді сөзі мынадай: Иарыс жазығында он мың әскер жиылды деді*

ол сөзді естіп бектер көбі қайтайық деді. Бұл үзіндіде Иарыс жазығына жиналған қалың нөпір әскердің сандық шамасы он мың (бір түмен) екені нақты айтылған. Сондықтан бұл заттың нақты сандық мөлшері болады.

Ал көне түркі ескерткіштерінде болжалды сандық мөлшерді білдіретін мынадай сан есімді тіркестер кездеседі: *екі-үч биң сүмүз келтечіміз* (Тон., 14) // *екі-үш мың қолмен*; *елігче ер* (Тон., 42) // *елудей ерін*; *йүзче ер* (БҚ, 37) // *жүздеу ер*, *йүз артуқ оқун* (КТү., 33) // *жүзден артық оқ* т.б.

Берілген тіркестерде заттың мөлшері болжалдық сан есімдер арқылы беріледі. Болжалды сандық мағына көбіне грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы:

1) *Елігче ер* тұтдымыз ол оқ түн будунын сайу ытымыз ол сабығ есідіп он оқ беглері будуны коп келті йүкүнті (Тон., 42) // *Елудей ерін ұстадық*, *тұтқындады сол түні халық сайын еліші жібердік*, *ол хабарды естіп*, *он оқ бектері*, *халқы түгел келді*, *жүгінді*;

2) *Уйгур елтегер йүзче ерін ілгерү тезіп барды* (БҚ, 37) // *Уйғыр елтебері жүзге тарта ерімен ілгері /шығысқа/ қашып кетті*.

Бірінші мысалда тұтқындардың (әскер) саны елудің маңайында (елуден аз не елуден аздап көп) екені шамалай айтылған. Ал екінші мысалда да ұйғыр Елтеберінің әскері саны жүзшақты (жүзден жетер-жетпес) екені шамамен айтылған. Бірінші мысалдағы *елігче ер* тіркесін ғалым Ғ.Айдаров *елудей ер* деп аударса, екінші мысалдағы *йүзче ерін* тіркесімін *жүзге тарта* деп береді. Екеуінде де тіркестің беретін жалпы мағынасы сақталып, дұрыс аударылған. Алайда ескерткіштердегі болжалдық мағына тудыратын салыстыру мәнді *-че (-ча)* жұрнағының тұлғасы *-дей* формасына немесе *тарта* көмекші сөзіне сәйкес келмейді, бұлар *-ша*, *-ше* жұрнағымен сәйкес келеді. Бұл туралы ғалымдар: «Тексте кездесетін болжалды сан есімдердің саны азғантай. Олар есептік сан есімдерге *-ча*, *-че* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мұндағы *-ча*, *-че* жұрнағының орнына қазақ тіліндегі *-дай*, *-дей* жұрнағы сәйкес келеді», – деп мәлімдейді [179, 104 б.]. Негізінде тіркестердің тікелей аудармасы *елуше ер*, *жүзше ер* болуы керек еді. Бірақ қазіргі қазақ тілінде мұндай қолданыс жоқ. Қазақ тілінде *-ша*, *-ше* жұрнағы форма, қасиет ұқсату мағынасын береді. Ал мысалдан көне түркі тілінде *-че (-ше)* жұрнағы заттарды сандық шама жағынан салыстыру мағынасын бергенін көруге болады. Демек, *-че (-ше)* жұрнағы мағыналық даму үдерісін бастан өткерген.

Жоғарыда берілген сан есімді тіркестердегі болжалды мағынаның берілу жолдарының өзі әртүрлі. Бірі сан есімдердің қосарлануы арқылы, бірі көмекші сөздердің тіркесі арқылы болжалдық мағына тудырып тұр. Мұның өзі «сандық мөлшер» семантикасының берілу тәсілдері көне түркі тілі кезеңінде де мейлінше жетілгенін көрсетеді.

3. Ескерткіштерде «мөлшер» ұғымы *есімдіктердің* бірнеше мағыналық топтары арқылы да беріледі. Бұл мағыналық топтардың қатарына *сілтеу есімдігі*, *жалпылау есімдіктері* жатады. Сілтеу есімдіктері мен кейбір шылаулардың тіркесі белгілі үдеріс пен іс-әрекеттің орындалу уақытының созылыңқылық мөлшерін білдіреді. Бұған байланысты ескерткіштерде мынадай тіркесімдер кездеседі: *анта /йа/ қғару* (МЧ, 41) // *содан соң*; *анта йана түсіп* (МЧ, 34) // *содан кейін*; *анта кісре* (КТү., 5, 34; МЧ, 10, 12) // *содан соң*; *анта ынағару* (МЧ, 10) // *содан кейін*; *анчып секізінч* (МЧ, 40) // *содан кейін* т.б.

Бұл тіркестерде *анта* (сол) сілтеу есімдігі белгілі уақыт кезеңі мен кеңістік орынды нұсқау мағынасын білдірсе, *қзару*, *кісре*, *ынағару* сөздері сол нұсқалған уақыт кезеңінен кейінгі тұтас уақыт пен кеңістікті көрсетеді. Ал екі сөз тіркесіп келіп, белгілі процестің басталу уақыты мен оның жүзеге асу уақытының созылыңқылық мөлшерін білдіреді. Бұл туралы Қ.Малғаждаров былай дейді: «*Кісре* септеулігі барыс, жатыс септікті есімдік және есім сөздермен тіркесіп келіп мезгілдік қатынасты білдіреді», – десе [180, 23 б.], О.Бегжан: «*Анта кісре* (одан кейін) тіркесі арқылы мезгіл мағыналы пысықтауыш жасалады», – дейді [181, 130 б.]. Мұндағы *мезгілдік қатынас* немесе *мезгіл пысықтауыш* дегендер іс-әрекеттің уақытқа қатысын, уақыттың созылыңқылық, кезеңдік мөлшері семантикасы дегенді білдіреді. Бұған байланысты ескерткіштерде мынадай қолданыстар кездеседі:

1) *Йабғу атады, анта кісре қаным учды, қара будун ... қылынмыс ... санчдым...*(МЧ, 12) // *Жабғы атады, содан кейін әкем қаған ұшты /өлді/ қара халық бағынды жеңдім;*

2) *Анта кісре інісі қаған болмыс ерінч. Оғлы та қаған болмыс ерінч, анта кісре інісі ечісін тег қылындадуқ ерінч оғлы қанын тег қылынмадуқ ерінч* (КТү., 5) // *Содан соң інісі қаған болды. Ұлы да қаған болды. Содан соң інісі азасындай болмады, ұлы қандай /әкесіндей/ болмады.*

Қандай да бір іс белгілі уақыт шегінде орындалады және оның басталу, аяқталу сәті болады. Осы уақыт шегі, кезеңдері белгілі тілдік құралдар арқылы беріледі. Бірінші мысалда *анта кісре* тіркесімі Мойын-Чордың йабғу (жабғы) атанғаннан кейінгі уақыт кезеңі ұғымын білдіреді. *Анта* сөзі дәл сол шақты (уақытты) білдірсе, *кісре* сөзі сол кезеңнен басталған жаңа уақыт мөлшерін тұтастай білдіреді. Алайда бұл уақыттың ұзақтық (жалғасу) мөлшері нақты белгісіз. «Сол істен кейінгі уақыт» ұғымын жалпылама білдіріп, басталу межесінен тым алшақ кетпейтін уақыт мөлшерін қамтитыны анық. Әкесінің ұшуы (қайтыс болуы), қара халықтың бағынуы, *йабғу* атана салып бірден, яғни бір сәтте болмайтыны айқын, ол белгілі уақыт аралығында біртіндеп жүзеге асады. Бұл аралық процестің созылу уақыты болып, уақыт мөлшерін құрайды және тілдік құрылымға айналады. Екінші мысалда берілген *анта кісре* тіркесімі де бірінші мысалмен ұқсас. Қаған болудан бастау алған уақыт мөлшері биліктің келесі қағанға ауысу сәті арқылы екі кезеңге бөлініп, қағандық биліктің уақытпен өлшенген тұтас дәуірін білдіреді.

Жалпылау есімдіктері жеке тұрып та, өзге сөздермен тіркесіп келіп те, «мөлшер» ұғымын білдіреді. Ескерткіштерде жалпылау есімдіктері арқылы жасалған мынадай «мөлшер» мәнді бірліктер кездеседі: *қамуғы* (КТү., 13) // *бәрі; қоп келті* (Тон., 46) // *түгел келді; төрт булуң қоп* (КТү., 2) // *төрт бұрышың бәрі; қоп* (КТү., 14) // *бәрі; қоп* (КТү., 2) // *бәрін; қоп* (Тон., 46) // *түгел* т.б.

Жалпылау есімдіктері заттар мен іс-қимылдың тұтас барысын, мөлшерін қамту мағынасын білдіреді және шет-шегін көрсетеді. Зат пен іс-қимылдың шегін, жалпы мөлшерін көрсету – ол да «мөлшер» ұғымына жатады. Жалпылау есімдіктері жеке тұрып та «мөлшер» ұғымын білдірсе, сөздермен тіркескенде жалпылауыш шаманың дерегі нақтыланады. Яғни ол нақты нені жалпылап, шегін көрсетіп тұрғаны айқындала түседі. Көне түркі ескерткіштерінде де жалпылау есімдіктері мөлшерлік семантиканы беруге ұтымды қолданылған.

Мысалы:

1) *Қаңым қаған сүсі бөрі тег ерміс, йағысы қой тег ерміс. Ілгерү-құрығару сүлеп тірміш қобартмыш (КТү., 12); Қамуғы йеті йүз ер болмыш (КТү., 13) // Қаңым қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті; Бәрі жеті жүз ер болыпты;*

2) *Өд Теңрі йасар, кісі оғлы қоп өлгелі терүміс (КТү., 50) // Тағдырды Тәңрі жасар, адам баласы бәрі өлгелі туган;*

3) *Төрт булуң қоп йағы ерміс, сү сүлепен. Төрт булуңдақы будунығ қоп алмыс, қоп баз қылмыс (КТү., 2) // төрт бұрышың бәрі жау еді, әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған.*

Бірінші мысалда Қаңым қаған әскерінің айбаты сипаттала келіп, жорыққа жиналған әскерінің саны жеті жүздей екені айтылған. Осы жеті жүз санының мәнін қамуғ жалпылау есімдігі қамтып тұр. Екінші мысалда Тәңіршілдік дінінің ұғымдары баяндалған да, өлімді қоп жалпылау есімдігі арқылы тірі адамның бәріне ортақ іс ретінде сипаттап отыр. Яғни қоп сөзі «барша тірі адам» мағынасын білдіреді. Ал үшінші мысалда қоп сөзі төрт атыраптағы жауласқан, кейіннен бағынып, ел болған тайпалардың жиынтығын білдіреді. Бұл да – белгісіз сандық мәндегі мөлшерлік «ұғым». Демек, жалпылау есімдіктері мәтінде айтылған мөлшерлік шамаларды жинақтау, жалпылау мәнді болып келеді.

Ескерткіштердегі жалпылау есімдіктерді Ғ.Айдаров контекстегі мағынасына қарай қазақша бірнеше нұсқада аударарды. Айталық қамуғ сөзін бірде бәрі деп берсе, бірде түгел деп береді. Ал қоп сөзін де бірде бәрі деп берсе, бірде түгел деп береді. Мысалы: *Елігче ер тутдымыз ол оқ түн будунын сайу ытымыз ол сабығ есідіп он оқ беглері будуны қоп келті йүкүнті (Тон., 42) // Елудей ерін ұстадық тұтқындады сол түні халық сайын елші жібердік, ол хабарды естіп, он оқ бектері, халқы түгел келді, жүгінді.*

Жоғарыда үзінділерде қоп жалпылау есімдігі бірнеше жерде бәрі деп берілсе, берілген мысалда түгел деп аударылған. Көне түркі тілінде қамуғ, қоп сөздері өзара дублет бола алмаса керек, қолданысында аз да болса нақты семантикалық айырмасы, өзіндік тілдік қызметі бары даусыз. Мұның жұмбағы синтаксисте жатыр. Бұл әр сөздің семантикасын аудармада екінші сөзбен толықтай жеткізуге болғанымен, оның синтагмадағы қызметін ешбір сөз толық атқара алмайтынын түсіндіреді. Әр сөздің тіркесім табиғаты бірегей болады.

4. Көне түркі тілінде мөлшер семантикасы үстеудің күшейткіш үстеу, мөлшер үстеу сияқты мағыналық топтары арқылы да беріледі. Күшейткіш үстеулер дербес тұрып та, кейбір атауыш сөздермен тіркесіп келіп те, «мөлшер» ұғымын білдіреді. Ескерткіштерде үстеулердің қатысымен жасалған мөлшер мағыналы мынадай тілдік бірліктер кездеседі: *ең ілк (КТү., 45; БҚ, 30) // ең ілкі; кечүрү (МЧ, 36) // өте; қатығды сақынтым (КТү., 51) // қатты сағындым; нең йылсығ (КТү., 26) // ең болмаса т.б.*

Үстеу сөздері өзі тіркескен сөздерге үстеме мағына тудыруымен ерекшеленеді. Академиялық «Қазақ грамматикасында»: «Қазіргі қазақ тіліндегі күшейткіш үстеулер заттың сындық қасиетін және қимыл, іс-әрекеттің белгі, сапасын, мөлшерін, көлемін күшейтіп не солғындатып көрсету үшін қолданылады», – деп беріледі [166, 548 б.]. Яғни күшейткіш үстеулер қандай да бір шамалардың мөлшеріне қатысты айтылады. Жоғарыда берілген күшейткіш үстеулер «мөлшер» ұғымын білдіретін сын есім сөздермен тіркесіп, «мөлшер» ұғымының сындық дәрежесін одан сайын асырмалап, түрлі сападағы күшейтпелі

мөлшерлік мағыналарды білдірген. Мысалы: *Тоғыз оғыз будун кентү будуным ерті, Теңрі йір булғақын үчүн йағ болды. Бір йылқа биш йолы сүңүшідіміз. Ең ілк Тоғу балықда сүңүшідіміз* (КТү., 45) // *Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді, Тәңрі оғыз халқы өз халқым еді, Тәңрі жер былғанымен жау болды. Бір жылда бес жол соғыстық, ең ілкі Тоғуз қаласында соғыстық.*

Үзіндіде түркілердің бауырлас тоғыз оғыз халқына қарсы *ең ілкі* Тоғыз қаласында болған соғысы жайлы айтылған. Мұнда *ілкі* сөзінің өзі уақыт жағынан *байырғы, көне, ерте заманғы* деген «шақ», «уақыт» ұғымдарын білдіреді. Уақыт, шақ кезеңдері аталып қана қойған жоқ, ол «уақыт мөлшері» ұғымы аясында сипатталып тұр. Яғни *ілкі* сөзі Тоғуз қаласының ерте кезеңде салынған қала екенін «уақыт мөлшері» арқылы аңғартады. Ал *ең ілкі* тіркесіндегі *ең* күшейткіш үстеуі *ілкі* сөзіндегі «уақыт мөлшері» ұғымын одан сайын асырмалап, өзге ескі қалалардың бәрінен де ерте бой көтергенін білдіреді. Сол сияқты *кечүрү (өте), қатығды (қатты), нең (ең)* сөздері де өзі тіркескен сөздердегі мөлшерлік ұғымдарды одан сайын асырмалап көрсетеді.

Ескерткіштерде мөлшер семантикасы *мөлшер үстеулердің* белгілі шаманың орнына ауысып келуі арқылы да беріледі: *анча // осынша* (КТк., 2; КТү., 21), *анча // сонша* (КТк., 5; КТү., 27, 51; ББ, 1, 20, 22, 24, 29, 36, 47, 50; Тон., 2, 12, 14, 20, 37; ХТ, 9/2), *бунча // көптеген* (Тар., 14), *бунча // мұнша* (КТү., 14, 53; БҚ, 2, XI; МЧ, 39), *бунча // сонша* (КТк., 4; КТү., 10, 30; БҚ, ХА/12), *бунча // соншама* (КТү., 4), *ынча // сонша* (ХТ, 10/4) т.б.

Мөлшер үстеу деп танылып жүрген *мұнша, сонша, осынша* сияқты бір топ сөздердің үстеулік қызметінен гөрі, есімдік қызметінің басым екені туралы мақала көлемінде арнайы сөз еткенбіз [182]. Біз бұл сөздер тобын есімдіктердің жаңа түрі – *мөлшер есімдіктер* деп тану керектігін ұсынғанбыз. Әлі де осы тұжырымымызды табанды қуаттаймыз. Бұл туралы түркі тіліндегі үстеу сөздердің даму тарихын арнайы қарастырған Е.Саурықов былай дейді: «Жалпы сөздің қалыптасу формасына келетін болсақ, есімдіктен, оның ішінде сілтеу есімдіктері *мен -ча, -че (-ша, -ше)* бір түбір сөз ретінде көнеленіп, семантикалық мағынасын өзгерткен. ...Сөздің түпкі бөлшегі *бунча* сөзі *бу+n+ча*, ал *анча* сөзінің құрамы *ан+ча* болып қалыптасқан» [183, 150 б.]. Демек, сөздің түбірі сілтеу есімдігі екені анық. Ал *-ча, -че* аффиксі сілтеген шамаға екінші бір шаманы ұқсату қызметінде жұмсалған. Мөлшер үстеулердің түпнегізі есімдік екенін ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы да «Тіл-құрал» кітабында айтады: «*Сонша әдемі, мұнша кешікті, онша шапшаң емес* дейміз. *Сонша, мұнша, онша* деген сөздер *қанша?* деп сұрағанға жауап болады (*қанша әдемі? – сонша әдемі, кешікті қанша? – мұнша, шапшаң емес қанша? – онша*). Бұлар – үстеу орнындағы есімдіктер» [138, 119 б.]. «Есімдік орнындағы үстеу» деген жоқ, «үстеу орнындағы есімдік» деп береді. Ғалымның осы сөйлемінің мағынасына тереңірек зер салсақ, «үстеу семантикасы бар немесе мәтін ішінде, кейде, үстеулік қызметте жұмсалатын, бірақ үстеу болып кетпеген есімдік сөз» дегенді түсінер едік. Бұл үстеу табындағы аталған сөздер тобын *мөлшер есімдік* деп тануға негіз барлығын түсіндіреді.

Десе де бұл – өз алдына бөлек тақырып. Біз жұмыста қалыптасқан үрдісті сақтай отырып, бұл сөздерді *мөлшер үстеу* деп береміз. Мөлшер үстеулер ескерткіштерде көптеп кездеседі. Бұл сөздердің барлығы да *тыңдаушы* (адресат) мен *сөйлеушіге* (адресант) ойша түсінікті белгілі шаманың орнына тілдік

жеңілдік үшін ауысып қолданылады да, «мөлшер» ұғымын білдіреді. Мысалы: *Ілін / йана біртiмiз, iлгеру Қадырқан йышығ аша, будунығ анча қонтурдымыз, анча iтдiмiз. Қурығару Кену тарманқа тегi түрк будунғ анча қонтурдымыз, анча iтдiмiз* (КТү., 21) // *Елін қайта бердік, iлгері Қадырқан қойнауынан аса халықты осынша қондырдық, осынша еттік. Кері Кену тарманға дейін түркі халқын осынша қондырдық, осынша еттік.*

Үзіндідегі Қадырхан қойнауы мен Кену тармағына қондырылған түркі халықтарының көптігі және олардың сонда тіптен өсіп-өніп, көбейгені айтылады. Мұнда халықтың нақты саны айтылмайды, тек белгісіз мәні, көп болып өсіп-өнгені ұғынылады. Бірақ қандай да бір нақты сандық мәні бар екені даусыз. Осы мөлшерлік шама орнына күрделі синтаксистік тұтастықтың соңғы компоненттерінде *анча* сөзі ауысып қолданылып тұр. Жоғарыда келтірілген *анча* сөзінің *дивергендік варианттарының* бәрі де осы мағынада жұмсалады.

Ғ.Айдаров ескерткіштердегі мөлшер үстеулерді аударма жасағанда, бір нұсқаның өзін қазіргі қазақ тілінде бірнеше нұсқада береді (аударарды). Айталық: *анча // мұнша, осынша, сонша; бунча // көптеген, мұнша, сонша, соншама; ынча // сонша*. Бұлардың аудармасында кейде дәлдіктің жетіспегені байқалса, кейде контекске қарай олардың орын талғайтынын ғалым аңғара білгені аңғарылады. Алайда бұл мөлшер үстеулердің семантикалық қызметін, мәнмәтіндік орнын ескерткіштегі тілдік материалдар негізінде нақты ажырату қиынға түседі. Десе де олардың қолданысында нақты айырмашылығы, синтагмалық ерекшелігі бар екені сөзсіз. Ал қазақ тілінде түрлі дыбыстық нұсқалар (варианттар) арқылы берілетін бұл мөлшер үстеулердің мәнмәтіндік семантикасы «Мөлшер есімдіктер» атты мақаламызда нақты анықталған [182].

Кейде *мөлшер үстеулер* мен *есім, етіс сөздері* тіркесіп келу арқылы да белгілі іс-әрекет пен қимылдың, заттық шаманың мөлшері беріледі. Ескерткіштерде мынадай тіркестер кездеседі: *анча өглеміс* (Тон., 20) // *сонша кеңесті; анча етүнтүм* (Тон., 12) // *сонша өтіндім; анча қазғанып* (КТү., 27) // *сонша үлкейтін; анча тірмен* (Тон., 37) // *сонша дедім; бунча ағыр* (БҚ, 2) // *мұнша мықты; бунча будун* (БҚ, ХА/12; КТү., 4) // *сонша халық; буңсыз анча* (КТк., 5) // *сонша шексіз* т.б. Бұл тіркестердегі *анча, бунча* сөздері бірде қимыл-әрекеттің күшейтпелі мөлшер мағынасын білдірсе, енді бірде зат есімдердің сандық, сындық мағыналарына мөлшерлік мән үстейді.

Тіркес құрамында келген мөлшер үстеулердің семантикалық қызметінде күшейткіштік мән басымдау келеді. Яғни зат пен іс-әрекеттің қандай да бір мөлшерінің орнына ауысып жұмсалуден қатар, өзі тіркескен сөзге белгілі дәрежеде мән үстейді. Нәтижесінде нақты мөлшерлік мағына абстракциялана, жалпылана бастайды. Мұндай абстрактілі мағына *өте, тым, көп, ауыр* деген күшейтпелі мағынаға сәйкес келеді. Тіркестегі *анча, бунча* сөздерінде сілтеу, нұсқау мағынасы бар. Ол контексте нақты немесе абстрактілі мөлшерлік шаманы нұсқау қызметін атқарады. Мысалы:

1) *Бунча будун сачын, құлқақын, йаңақын бычды* (БҚ, ХА/12) // */өлімге келген/ сонша халық шашын, құлағын кесіп, бетін тілкіледі / кесті/;*

2) *Ол сабығ есідіп түн удысықым келмеді күнтүз олурсықым келмеді. Анта отру қағаныма этүнтүм анча етүнтүм табғач оғуа қытан бу үчегу қабысыр қалтачы біз өз ічі-тасын тутмыс тег біз* (Тон., 12) // *Ол сөзді естіп түн ұйқым келмеді күндіз отырғым келмеді. Содан соң қағаныма өтіндім, сонша өтіндім*

табғаш, оғыз, қытан бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз.

Бірінші мысалдағы *бунча* сөзі зат есім сөздерімен (халық) тіркесе келіп, бірнеше мағына білдіреді: біріншісі – «көп» деген «сындық мөлшер» ұғымы, яғни халық санының көптігі; екіншісі – сандық мөлшердің күшейтпелі мағынаға ауысуы, яғни *бунча* сөзінің негізінде қандай да бір нақты сандық мән жатқанымен, ол контексте абстракцияланып, күшейтпелі семаға ауысқан; үшіншісі – қандай да бір шамаға сілтеу мағынасы. Ол *бун* (*бұл*) түбірі арқылы беріліп тұр. Екінші мысалдағы мөлшерлік семантика қимыл-әрекеттің орындалу, жүзеге асуына қатысты. Мұнда да *анча* сөзі бірнеше мағына білдіреді: біріншісі – «көп рет» деген ұғымды білдіріп, бірінші жақтағы қимыл-әрекеттің көп рет қайталанғанын білдіреді; екіншісі – «тым, бек» деген күшейтпелі мағынада жұмсалып, өтінгенде де жай емес, шын көңілімен, ерекше ықыласпен өтінуін білдіретін қимыл-әрекеттің абстрактілі мөлшері; ал үшіншісі – өткен шақтағы орындалған әрекеттің қандай да бір мөлшеріне нұсқау.

Бұл мөлшер үстеулердің бұдан басқа да контекстік мөлшер мағыналары болуы ықтимал. Алайда ескерткіш мәтіндері негізіндегі бізге мәлім мағыналары жоғарыдағыдай.

2. Көне түркі ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы морфологиялық бірліктер

Көне түркі тілінде «мөлшер» ұғымы морфологиялық деңгейде, синтетикалық формалар арқылы да кеңінен көрініс табады. Аталған тіл деңгейінде түрлі аффикстер заттардың сандық мәнін және қимыл-әрекеттің дүркіндік мағынасын білдіреді. Заттар мен қимыл-әрекет «жекелік» және «көптік» ұғымдары аясында морфологиялық құрылымға ие болады. Олардың өзі мөлшерлік мағына тудыру ерекшелігіне қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші тобы заттардың сандық шамасын, яғни *сандық мөлшерін* білдірсе, екінші тобы заттардың *шамалық мөлшерін* білдіреді. Олар төмендегідей:

-мыз, -міз, -дымыз, -тіміз (*-мыз, -міз, -тық, -тік*) қосымшалары белгісіз сандық, көптік ұғымдарды білдіреді. Айталық: *анамыз // бабамыз* (КТҮ., 19), *ечүміз // атамыз* (КТҮ., 19), *сүледіміз // соғыстық* (КТҮ., 17), *сүңүшдіміз // соғыстық* (КТҮ., 17, 45), *қонтурдымыз // қондырдық* (КТҮ., 21, 38) т.б.

Бұл аффикстер зат есім сөздерге жалғанып, сол заттың саны әлденеше екенін немесе сол зат біреу емес, әлденеше адамдарға тәуелді екенін білдіреді. Ал кейде етістік сөздерге жалғанып, сол қимыл-әрекетті істеушінің саны біреу емес, әлденеше екенін білдіреді. Бұл аффикстер адамдарға қатысты айтылып, меншік иесі мен іс-қимыл субъектілерінің *сандық мөлшерін* аңғартады. Жіктік, тәуелдік жалғауларының субъектіге қатысы туралы «Қазақ грамматикасында» былай деп берілген: «Есім сөздердің, соның ішінде зат есімдердің бәрі бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Лексикалық мәні жағынан алғанда, зат есімдердің ішінен жіктелетіні – адамның қызметі, кәсібі, мамандығы, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы сияқты жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер. Екінші сөзбен айтқанда, жіктелетін зат есім көбіне субъектіні білдіретін сөздер болуы тиіс» [166, 459 б.]. Көне түркі тілінде де іс-әрекет субъектісі мен субъектіге қатысты заттың санын білдіретін бұл аффикстік

форма «жекелік/көптік» ұғымдары аясында *тіресім* құрайды да, заттардың сандық мөлшерін білдіреді. Мысалы:

1) *Алып ер бізіңе тегміш ерті, антағ өдке өкүнүп, Күлтегініг аз ерін іртүрү ытымыз, улуғ сүңүш сүңүшміш* (КТү., 40) // *Алып ерлер бізге тиісті, сол кезде өкініп, Күлтегінді аз ермен шабуылға жібердік, үлкен соғыс жасады;*

2) *Темір қапызқа тегі іртіміз анта йантурдымыз* (Тон., 45) // *Темір қақпаға дейін қудық сонда қайтардық;*

3) *Ечүміз, апамыз тутмыс йер-суб ідісіз болмазун, - тийін, аз будуныг ітіп, йар /атып/* (КТү., 19) // *Атамыз, бабамыз ұстаған жер-су иесіз қалмасын деп, аз халқын құрап, орнатып.*

Бірінші мысалда Алып ерге қарсы Күлтегіннің соғысы баяндалған. Мұнда іс-әрекетті істетуші субъектілердің көп екені, яғни Күлтегінді соғысқа аттандырушылар біреу емес, әлденеше адам, тіпті бір қауым ел екені *ытымыз// жібердік* етістігіндегі *-ымыз // -дік* аффиксі арқылы беріліп тұр. Бұл көпше форманың білдіретін сандық шамасы екі немесе одан да көп сандық мәнге тең. Міне, бұл – белгісіз «сандық мөлшер» ұғымы. Екінші мысалда түркілердің Темір қақпасына дейінгі жорығы баяндалады. Мұнда *іртіміз // қайтардық* етістігіндегі *-тіміз// -дық* аффиксі іс-әрекетті істеуші субъектілердің бір емес, әлденеше мың екенін білдіріп тұр. Бірақ нақты қанша екені белгісіз. Дегенмен көпше форманың білдіретін сандық мәні алғашқы ондық пен жүздіктегі сандар еместігі айқын. Өйткені ұлы жорықтарға мыңдаған, он мыңдаған адам қатысатыны тарихи тәжірибеден белгілі. Мұнда көптік форманың сандық мәнінің шегін жадыда сақталған «соғыс» ұғымындағы көптік семантикасы айқындап тұр. Ал үшінші мысалда «сандық мөлшер» ұғымы *ечүміз, апамыз // атамыз, бабамыз* көпше формадағы зат есімдердің (адам) *-мыз, -міз // -мыз, -міз* тәуелдік жалғаулары арқылы берілген. Мысалда тәуелдік жалғаулары бір заттың бірнеше адамға ортақ екенін де, әлденеше заттың әлденеше адамға ортақ екенін де білдіреді. Бірақ нақты сандық мәні белгісіз. Жоғарыдағы мысалдар, біріншісі іс-әрекетті істетуші субъектілердің сандық шамасын, екіншісі іс-әрекет субъектісінің санын, үшіншісі меншік пен меншік иесінің санын білдіріп, үшеуі де белгісіз сандық шаманы, яғни «сандық мөлшер» ұғымын білдіріп тұр. Тәуелдеудің көпше формасы болсын, жіктік формасы болсын, бәрі де «з» дыбысымен аяқталады. Мұның өзі аталған фонема көне түркі тілінде «көптік» ұғым беретінін аңғартады.

Бұл көптік мағынаны беретін аффикстердің түп-төркіні туралы ғалым М.Томанов былай дейді: «Көптік мағына беретін көне қосымшалардың бірі *бі-з, сі-з* есімдіктерінің құрамында келетін – з. Н.К.Дмитриев «... *-ыз, -із* является архаичным показателем множественности» деп жазады. *Бегіміз – бегіміз, марымыз – оқытушымыз, қаныңыз – қаныңыз, ачыңыз – апаңыз* дегендегі *-ыз, -із* тәуелді жалғау қосымшалары бір кездерде тіпті Орхон–Енисей түркі ескерткіштері тілі қалыптасқанға дейінгі көптік жалғаудың ескі түрі болар деген ойдан да біз аулақ емеспіз», – дейді [26]. «З» фонемасының тілдің тарихи кезеңдерінде «көптік» ұғымын білдіргені дау тудырмаса керек. Алайда оның көптік жалғауы болғаны әлі де нақты дәлелдерді қажет етеді.

-Тег (-дай, -дей, -тай, -тей) қосымшасы салыстыру мәнді мөлшерлік семантиканы білдіреді. Бұл қосымша бір зат пен екінші заттың шамасын, мөлшерін, қандай да бір іс-қимылдың өлшемін, өзара ұқсас, шамаластық деңгейін салыстыру мәнінде қолданылады. Ескерткіштерде аталған аффикстер

арқылы жасалған мынадай сөздер кездеседі: *еңісін тег* // *ағасындай* (КТҮ., 5), *бөрі тег* // *бөрідей* (КТҮ., 12), *қой тег* // *қойдай* (КТҮ., 12), *қанын тег* // *хандай* (КТҮ., 5) т.б.

Мұнда *-тег* аффиксі зат есім сөздерінің көпшілігіне жалғанады. Жай жалғанбайды, бір зат пен екінші заттың сынын, санын, мөлшерін салыстырады, теңейді. Заттарды мөлшерлік тұрғыдан сипаттау сәтінде өзі жалғанған сөздерден айрықша образды мөлшерлік мағына тудырады. Мысалы: *Қаңым қаған сүсі бөрі тег ерміс, йағысы қой тег ерміс. Ілгері-құрығару сүлеп тірміш қобартмыш* (КТҮ., 12); *Қамұзғы йеті йүз ер болмыш* (КТҮ., 13) // *Қаңым қаған әскері бөрідей еді, жаулары қойдай еді. Ілгері-кейін аттанып, жинапты, көтеріпті; Бәрі жеті жүз ер болыпты*, – деген үзіндідегі *бөрі тег* // *бөрідей*, *қой тег* // *қойдай* сөзформалар - *тег* // *-дей* қосымшалары арқылы жасалған. Осы тұста бұл қосымшаны зат есім сөздерге жалғанып, *қасқырдай жауыз, қойдай жуас* деген сындық мағынаны білдіріп, сын есім тудырушы жұрнақ дей салуға болмайды. Мұнда заттың қасиеті, қасиетінің жүзеге асу мөлшері семантикасы бар. Яғни үзіндідегі *бөрі тег* // *бөрідей* сөзі Қаным қаған әскерінің соншалықты күштілігі, соғыс өнеріне төселгендігі, қайтпас қайсарлығы, ұйымшылдығы, тағы басқа да қасиеттері бөрінің (қасқырдың) қасиетімен теңестіріліп отыр. Сонымен қатар *бөріге* (қасқыр) байланысты халық танымында ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарды да жарыққа шығарып, бейнелеп тұр. Аталған қосымша сөйлемде *қой тег* // *қойдай* сөзіне жалғанып, жау әскерінің әлжуаздығын, қорқақтығын, аңғалдығын қойдың қасиетімен ұқсастырып отыр. Соғыс майданында айла мен күш сынға түссе, сол әлсіз айла мен әлжуаз күш қойға, күштілік мен айлакерлік қасқырға салыстырылып тұр. Физикалық қуат мөлшері салыстырмалы *күшті/әлсіз тіресімдік ұғымы* аясында беріліп отыр. Аталған жұрнақтың сөйлемдегі грамматикалық қызметі туралы О.Бекжан: «Қатыстық сын есімнің қазақ тіліндегі *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* тәзірді жұрнағының көне түркідегі *-тағ*, *-тег* жұрнағы арқылы да сын сапаланымды сөйлем жасалатынын көруге болады», – дей келіп, жоғарыда біз келтірген мысалды береді [181, 90 б.]. Автор мұнда *-тег* тұлғалы сапалаушы сөздің (*бөрітег*, *қойтег*), сапаланушы сөзді (*Қаңым қаған*, *иағысы*) сапалық белгісіне қарай анықтап, сын сапаланымды сөйлем жасайтынын айтады.

Заттардың мөлшері *көлем*, *аудан*, *салмақ*, *қашықтық* сынды деректі заттарда болатын ұғымдар шегінде ғана анықталмайды, дерексіз заттық ұғымдар шегінде де анықталады. Яғни деректі заттармен қатар, дерексіз заттық ұғымдардың да белгілі деңгейі, сапалық дәрежесі, мөлшері болады. Міне, кей тілдік қолданыстарда осы «дерексіз мөлшер» ұғымдары *-дай*, *-дей* аффиксі арқылы өзара салыстырылады. Екінші сөзбен айтқанда, *-дай*, *-дей* аффиксі деректі шамалар мен пішіндерді ғана салыстырмайды, дерексіз ұғымдар мен ішкі қасиеттерді де теңестіру, ұқсастыру қызметі бар. Бір заттың қасиетін екінші затқа телуі, бұл – «логикалық мөлшер» ұғымы саналады.

Бұл қосымша туралы ұжымдық монографияда былай делінген: «*-Тег* зат есімге жалғанып, салыстырмалы мәнді сын есімдер тудырады: *теңрітег* (*тәңрдей*), *бөрітег* (*бөрідей*). Бұл жұрнақтың қызметі қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер жасайтын *-дай*, *-дей* аффикстерінің қызметіне сәйкес келеді» [179, 103 б.]. Мұнда *-дай*, *-дей* тұлғалы, салыстыру мәнді сөздердің таптық статусы *сын есім* деп көрсетілген. Біздің ойымызша, *-дай*, *-дей* салыстыру

мәнді аффиксінің функциясы өте көп. Сондықтан оның қатысымен жасалған сөздердің таптық статусын анықтау оңайға соқпайды. Көне түркі тілі материалдарында үңіле зер салғанда, аталмыш қосымшаның бұдан да басқа сипаттағы мөлшерлік мағыналарды білдіретіні байқалады. Бұның өзі *-тег // дай, -дей* қосымшасы көне түркі тілі кезеңінде де көпфункционалы қосымша ретінде қалыптасқанын білдіреді.

Аталған қосымшаны А.Жаңабекова «Қазақ тіліндегі функционалды қосымшалар» атты еңбегінде жан-жақты зерделей келіп, *функционалды жұрнақтардың* қатарына жатқызады. Ғалым бұл қосымшаны қазақ тіл білімі және түркологиялық зерттеулерде айтылған тұжырымдармен ұштастыра отырып, оның бір ғана сындық мағына тудырушы емес, көптеген лексика-семантикалық, грамматикалық қызметі барын ұтымды дәйектейді. А.Жаңабекова бұл жұрнаққа қатысты көптеген тұжырымдарды қорытындылай келіп, былай дейді: «Сондықтан *-дай, -дей* тұлғасының адъективтенуі арқылы жасалған туынды сөздерді сын есім сөзжасамында синтетика-семантикалық тәсілдің (конверсия) нәтижесі ретінде, ал жаңа сөз жасамайтын, яғни салыстыру мәнін үстейтін формажасамдық қызметін морфология саласында қарастыру қажет» [184, 47 б.]. Ғалымның аталған жұрнақты сөзжасам емес, морфология саласында қарастыру керектігін ұсынуы оның көпфункционалдық ерекшелігін тани білгендігінен деп білеміз. Көпфункционалдық тіл бірліктерінің қай кезеңде де актив қабатта болғанын және грамматикалық формалардың көнелігін түсіндіреді. Тілдік деректер тілдің тарихи қабаты саналатын көне түркі тілі кезеңінде де аталған қосымшаның басты қызметі – грамматикалық «мөлшер» ұғымын білдіру болғанын нақтылай түседі (132-беттегі 4-кестеге қараңыз).

-Ча, -че (-ша, -ше) қосымшасы арқылы бір зат пен екінші заттың көлемін, мөлшерін ұқсату, қимыл-қозғалыс шамасын салыстыру семантикасы беріледі. Бұл туралы О.Сапашев былай дейді: «*-ча, -че* тұлғасы арқылы жасалған үстеулер көне жазбалар тілінде қимылдың әртүрлі белгілерін, яғни *ұқсату, өлшем, қимылдың шегі* т.б. қасиеттерін білдіретін толықтауыш болады» [185, 87 б.]. Әрине, бұл пікір *-ча, -че* аффиксінің семантикалық қызметі жайлы тұжырымымызды нақтылай түседі, алайда үстеудің сөйлемдегі негізгі қызметі пысықтауыш, сондықтан мұнда да етістікке толықтауыш емес, мөлшер пысықтауыш болады. Зерттеуші «Сөйлем мүшелері» атты оқу құралында *-ча, -че* формалы үстеу сөздердің мөлшер пысықтауыш болатынан да айтады [186, 89 б.]. Ескерткіштерде аталған қосымшалардың жалғануымен жасалған мынадай сөздер, тіркестер кездеседі: *қаның субча йүгүрті* (КТү., 24) // *қаның судай ақты; сүңкүң тагча йүгүрті* (КТү., 24) // *сүйегің таудай жатты* т.б.

-Ча, -че аффиксі *-тег* аффиксіндей салыстыру, ұқсату семантикасын білдіргенімен, сөздерге жалғанғанда туындайтын ұқсату семантикасында өзгешелік бар. Ғ.Айдаров бұл аффикстің қазақ тіліндегі баламасын (аудармасын) *-дай, -дей* деп береді. Бұл *-ча, -че* аффиксінің семантикасын жалпылама толық бергенімен, форманың дәлме-дәл баламасы бола алмайтыны анық. Аталмыш формаға *-дай, -дей* емес, *-ша, -ше* сәйкес келеді. Бірақ қазіргі қазақ тілінде *қаның суша ақты* деп қолданылғанымен, *сүйегің тауша жатты* деп қолданылмайды. Біздіңше, бұл өзгешеліктер аталмыш қосымшаның қазіргі қазақ тілінде жоқ грамматикалық функциясын аңғартатын тәрізді.

Жоғарыда мөлшерлік семантиканың сан есімдер арқылы берілуін баяндаған тұста да *-ча, -че* аффиксін Ғ.Айдаров *-дай, -дей* деп бергенін айтқанбыз. Яғни *елігче ер* тіркесімі *елудей ер* деп беріледі. Бұның тікелей баламасы *елуше ер* болғанымен, мұндай форма жасам тәсілі, сөзформа қазіргі қазақ тілінде жоқ екенін айтып өттік. Олай болса, көне түркі тіліндегі *-ча, -че* қосымшасының қазіргі қазақ тіліндегі *-ша, -ше* қосымшасына сәйкес келмейтін лексика-грамматикалық ерекшелігі болғаны анықтала түседі.

А.Жаңабекова «Қазақ тіліндегі функционалды қосымшалар» атты еңбегінде *-ша, -ше* қосымшасының түркологиядағы және қазіргі қазақ тіл біліміндегі зерттелу тарихына тоқтала келіп, бұған қатысты айтылған әрұдай тұжырымдарды мынадай үш топқа бөледі: «*-ша / -ше* қосымшасының зерттелу тарихына шолу жасағанымызда, оның үш бағытта анықталғанын байқаймыз: 1. *-ша / -ше* сөз тудырушы аффикс деп анықтау; 2. *-ша / -ше* қосымшасын форма тудырушы аффикс деп анықтау; 3. *-ша / -ше* қосымшасын екі функциялы деп анықтау» [184, 67 б.]. Мұның өзі аталған жұрнақты бір сөз табы шегінде қарауға болмайтынын және оның әлденеше түрлі семантикалық қызметі бар күрделі морфологиялық бірлік екенін айқындай түседі. Біздіңше, қазақ тіл біліміндегі және түркологиялық зерттеулердегі әрұдай пікірлердің тууы аталмыш аффикстің табиғатын толық тани алмаудан емес, керісінше, түркі тілдерінің әр бұтақтарында белгілі семантикалық айырмашылық, грамматикалық ерекшеліктердің болғандығынан туындап отыр. Яғни қазіргі қазақ тілі мен өзге түркі тілдері ортақ көне түркі тілінен бөлінген кезеңнен бастап бүгінге белгілі семантикалық, грамматикалық дамумен жеткен. Ендеше, аталмыш жұрнақтың шынайы тілдік табиғатын тану салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде мүмкін болмақ. Бұл – арнайы қарастыруды қажет ететін ауқымды тақырып. Біздің мақсат аталмыш жұрнақтың мөлшер семантикасын анықтау болғандықтан, оның таптық статусы мен «мөлшер» ұғымынан өзге де семантикалық өрістеріне, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, этимологиясына тереңдеп бармаймыз.

А.Жаңабекова аталмыш еңбегінде *-ша, -ше* аффиксінің қызметін толығымен форма тудырушы деп танып, оның сөз тудыру, сөз түрлендіру қызметін лексика-семантикалық тәсіл арқылы біртіндеп бүтінделумен байланыстырады [184, 81 б.]. Біз де бұл тұжырымды құптаймыз. Өйткені көне түркі тілі материалдарында бұл жұрнақ есімдіктерде (*анча // аниша, бунча // бұниша*), сан есімдерде (*елігче // елуше, йүзче // жүзше*), зат есімдерде (*суча // суша, тагча // тауша*) кездеседі. Бірақ бәрінде де мүлде жаңа сөз жасамайды, керісінше, сөздің тұлғасын түрлендіріп, белгілі грамматикалық мағына үстейді және ол негізінен қалыптасқан лексикалық бірлік ретінде қолданылады. Үстемелейтін грамматикалық мағынасы жағынан көбіне мөлшерлік семантикада жұмсалады.

-Ча, -че аффиксінің көне түркі тіліндегі семантикалық ерекшелігіне назар аударғанда, көбіне шама салыстыру, шегін көрсету мәнін білдіреді. Ал қазіргі қазақ тілінде шама салыстыру қызметін көбіне *-дай, -дей, -тай -тей* жұрнағы атқарып, *-ша, -ше* қимыл-қозғалысқа немесе тірі заттарға қолданатын, заттардың ішкі қасиетін ұқсату немесе заттарға белгілі қасиеттің тәндігін білдіру семантикасына ауысқан тәрізді. Мысалы: *Ілгеру барығыма бардығ, құрығару барығыма бардығ, бардуқ йірде едгүг ол ерінч. Қаның субча йүгүрті, сүңкүң тагча йүгүрті. Бегіліг уры оғлың құл болты, сілік қыз оғлың күң болты* (КТү., 24)

// Біресе ілгері шаптың, біресе кері шаптың, барған жерде не игілік таптың. Қаның судай ақты, сүйегің таудай жатты. Бек ұлдарың құл болды, сұлу қыздарың күң болды.

Үзіндіде түркі тайпаларының қайда барарын білмей сенделіп жүргенде жаулары (табғаш) тарапынан көп қырғынға ұшырағаны айтылған. Мұнда адам өлімінің мөлшері аққан судың мөлшерімен, үйілген таудың көлемімен сипатталған. Судың бір қасиеті – ағу да, таудікі – көз алдын көлегейлеп, үймектеліп жату. *Қаның субча йүгүрті // қаның судай ақты* тіркесінде қанды судың төгілуіне ұқсату семантикасымен қатар, «көп ақты» семантикасы да бар. Ал *сүңкүң тағча йүгүрті // сүйегің таудай жатты* тіркесімінде үйілген өлікті таудың пішініне ұқсату семантикасымен қатар, «көптік» семантикасы бар. Екеуінде де мөлшерлік семантика актуалданып, өлім мөлшерінің қисапсыз көптігі сипатталған. Мұнда мөлшерлік семантика метафораланып берілген. Метафоралы мөлшерлік семантиканың тууына айрықша қызмет етіп тұрған – *-ше, -ше* аффиксі.

Қанды суға, өлікті тауға салыстырып беретін бұл мөлшерлік құрылым көне түркі тілі, тіпті одан да бұрынғы кезеңдерден келе жатқан тұрақты тілдік құрылым болғанға ұқсайды. Қазақ тілі дамуының төл тарихи кезеңдерінің бірі саналатын жыраулар поэзиясында да Доспамбет жыраудың есімімен байланысты «*Қан жусандай егілсе, Аққан судай төгілсе*» болып кездеседі. Бірақ мұнда шама салыстыру семантикасы *-ча, -че* аффиксі арқылы емес, *-дай, -дей* қосымшасы арқылы берілген. Бұл лексикалық бірліктермен қатар грамматикалық бірліктердің де семантикалық дамуға ұшырайтынын, грамматикалық қызметінің ұлғайып немесе тарылып отыратынын түсіндіреді (133-беттегі 5-кестеге қараңыз).

-Ча, -че қосымшалары есімше тұлғалы сөздерге жалғану арқылы *уақыт мөлшері* семантикасын білдіреді. Мысалы: *Олуртуқыма өлтөчө сақынызма түрк беглер будун егрін себініп тоқтамыс көзі йоқа ру керті. Бөдке өзүм олурып бунча ағыр тәрүг төрт булуқдақы будунга ітідім* (БҚ, 2) // *Қаған болғанымда өлгенше ойлаған түркі бектері сүйініп, қуанып, хандық тақты жоғары көрді. Таққа отырып, мұнша мықты ережелерді, заңдарды, дүниенің төрт бұрышындағы халықтарды игердім.* Үзіндіде Білге қағанның түркі жұртына қаған болуын сарыла күткен бектердің ішкі арман-тілегі айтылған. Осы арман-тілек мөлшері *өлтөчө (өлгенше)* сөзі арқылы беріліп тұр. Аталған сөз тура мағынасында армандау процесінің басталу сәтінен өз өмірінің соңына дейінгі уақыт мөлшерін білдіреді. Ал мәтінде бектердің арман-мұратының мөлшері осы шамаға образды теңестіріліп тұр. Сондықтан *-ча, -че* аффиксінің тағы бір қызметі – уақыттың белгісіз созылықтық мөлшерін білдіру.

-Сыз, -сіз // -лығ, -ліг (-сыз, -сіз // -лы, -лі, -ты, -ті) антоним аффикстер арқылы бір заттың жоқтығын немесе молдығын білдіретін мөлшер мәнді тілдік бірліктер жасалады. Ескерткіштерде бұл қосымшалар арқылы жасалған мынадай мөлшерлік бірліктер кездеседі: *қобы атлығ // көбі атты* (ЫБ, 36), *үкүш атлығ // көп атты* (ЫБ, 36), *йарықлығ // қарулы* (Тон., 54), *сансыз // сансыз* (БҚ, ХА/12; С., 5), *тонсыз // тонсыз* (КТү., 26), *ашсыз // ассыз* (КТү., 26) т.б. Берілген тіркестердегі *-сыз, -сіз // -лығ, -ліг* қосымшалары өзара қарама-қарсы мәндес. Яғни *-лығ, -ліг* қосымшасы сол заттың барлығын, молдығын білдірсе, *-сыз, -сіз* қосымшасы, керісінше, жоқтығын, тапшылығын білдіреді. Нақтырақ айтсақ, -

лыз, -ліз қосымшасы аттың, қарудың барлығы мен молдығын мөлшерлей сипаттап тұрса, -сыз, -сіз қосымшасы киімнің, астың жоқтығын, тапшылығын мөлшерлік тұрғыдан сипаттап тұр. Мысалы:

1) Қум соруғуым күн тоғызға, батысқа тегді (С., 4); Бай ертім, оғлым он, йылқым сансыз ерті (С., 5) // Менің дабысым мен билігім күншығыс пен батысқа дейін жетті. Бай едім, қорам он, жылқым сансыз еді;

2) Үкүш атлыз өгрүнчүң йоқ, қобы атлыз қорқунчуң йоқ учруғлуғ қутуң йоқ, -тыр. Анча біліңдер аныз йаблақ ол (ЫБ, 36) // Көп аттыдан қуаныш жоқ, атсыздықтан қорқыныш жоқ, үлкен бақыт жоқ, – дер. Сонша білің: анық жасаман ол.

«Суджа» ескерткішінен алынған бірінші үзіндіде билік пен байлықтың шет-шегі баяндалған. Сансыз сөзіндегі -сыз аффиксі санның жоқтығын білдірмейді, жылқының көптігінен санауға санның жетпейтіндігін, оны санарлық санның «жоқтығын» білдіреді. Ал жылқы санына санның жетпеуі байлық мөлшерін көрсетеді. Сонымен қатар мұнда түркілер үшін жылқы малы байлықтың символы екені нақты көрініс табады. Екінші мысалда атлыз // атты сөзіндегі -лыз // -ты аффиксі аттың барлығын әрі көптігін де білдіреді. Ескерткіштерде «барлық» пен «жоқтық», «аздық» пен «көптік» тіресімдік ұғымдары -сыз, -сіз // -лыз, -ліз (-сыз, -сіз // -лы, -лі, -ты, -ті) аффикстері аясында құрылымданады. Демек, бұл да «мөлшер» ұғымының семантикалық өрістеріне жатады.

Бір заттың молдығы немесе жоқтығы, бұл да – «мөлшер» ұғымдары. Демек, аталған аффикстер арқылы көптеген сындық дәрежедегі мөлшерлік бірліктер жасалады. Бұл туралы Б.Сағындықұлы былай дейді: «Ортақтық», «жинақтау» «мол болушылық» ұғымдары «көптік» ұғымынан шығады. Қарын+д+ас, жол+д+ас сөздері арқылы берілетін ортақтық мән көне *ас көптік формасы негізінде беріліп тұр деп есептейміз. Ал «д» – түбір мен негізгі қос дауыссыздардың есебінен жылысып келген кірме дыбыс. Ортақ етістің -ыс/-іс, -с жұрнағы да этимологиялық жағынан, сөз жоқ, көптік жалғауына барып тіреледі. «Өлең+ті», «Қараған+ды» т.б. жер, елдімекен атауларына жалғанған -ты/-ды, -ті/-ді көне жұрнағы «бір нәрсенің молшылығын» көрсетеді. Қазіргі заман сын есім жұрнақтары – -ты/-ті, -ды/-ді, -лы/-лі дәл осы мағынада жұмсалады. Су+лы, орман+ды, гүл+ді, тас+ты т.б.» [187, 109 б.]. Ғалым «көптік», «жинақтау» ұғымын беретін фонемалардың ұзын санын, өзге ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, жиырмаға жуықтатады. Солардың ішінде ең ескі фонема ретінде т (с, ш) күрделі аффрикатын атайды.

3. Көне түркі ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы синтаксистік бірліктер

Ескерткіштер мәтінінде мөлшер семантикасы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Аталған деңгейде негізінен синтаксистік конструкциялар, синтаксистік модельдер арқылы беріледі. Бұл синтаксистік тәсілдердің нақты көрінісі төмендегідей:

1. Мөлшерлік конструкциялар:

Бұл синтаксистік конструкциялар үш компоненттен тұрады. Бірінші компоненті – сан есім, екінші компоненті – мөлшерлік, үшінші компоненті – зат есім немесе етістік сөздер. Үш компонент синтагмалық қатынаста өзара семантикалық жағынан тұтаса келіп, біртұтас мөлшерлік конструкция түзеді.

Аталған конструкция бойынша жасалған мөлшерлік бірліктердің бір тобы *зат мөлшерін*, енді бірі *қимыл-әрекет мөлшерін* білдіреді. Бұл конструкцияны формуламен былайша өрнектеуге болады:

Φ^1 : [*(сан + мөлшерлік) + зат есім сөздер*] = мөлшер семантикасы;

Φ^1 : [*(тоқуз + қат) + үчүргүң*] = терліктік тоғыз қабат екендігі;

Φ^2 : [*(сан + мөлшерлік) + етістік сөздер*] = мөлшер семантикасы;

Φ^2 : [*(бес + йолы) + сүңүшдіміз*] = соғыстың бес рет болғаны.

Ескерткіштердегі мөлшерлік конструкция арқылы берілетін мөлшерлік семантиканы *заттық мөлшер*, *қимылдық мөлшер* деп екі топқа бөлуге болады. Ескерткіштерде мынадай мөлшерлік конструкциялар кездеседі:

Заттық мөлшерліктер: *бес түмен сү* (БҚ, 25) // *бес түмен /бес мың/ әскер; бір түмен ағы алтун күмүш* (КТү., 52) // *он мың сый алтын, есепсіз күміс; сүңүг батыма қарыз* (БҚ, 26) // *сүңгі бойы қар; тоқуз қат үчүргүң* (ЫБ, 50) // *тоғыз қабат терлік; төрт түмен сү* (БҚ, ХА/8) // *төрт түмен әскер; тоқуз он бош қой* (ЫБ, 29) // *сексен бас қой; бір атлыг бармыс* (Тон., 24) // *бір аттық жүріс; биң иыллық түмен күнлік бітіг* (Тар., 2) // *мың жылдық, түмен күндік жазу; алты чуб согдақ* (БҚ, 25) // *алты чуб / алты баулы/ согдақ*, т.б.

Бұл мөлшерлік құрылымдарда *бес // бес, бір // бір, тоқуз // тоғыз, төрт // төрт, тоқуз он // сексен, бір // бір, биң // мың, түмен // мың, түмен; алты // алты сан есімдері* мөлшерлік конструкцияның бірінші компоненті саналады да, зат мөлшерін сандық тұрғыдан сипаттайды. Мұнда *бір* санының сандық мәні нақтылықтан гөрі абстрактілеу келеді. Яғни кейде нақты *бір* (1) санының мәнін білдірсе, кейде тұтас семантикалық құрылымға көмекші грамматикалық форма іспетті болып келеді. Мұндай құбылыс *бір* (1) сан есімінің көпмағыналылығынан туындайды. Ал конструкциядағы сандық компонент *бір* (1) санынан жоғарылаған сайын оның сандық мәні нақтылана, сан есімдік функциясы нығая түседі. Ал *чуб // бау, батыма // бойы, қат // қабат, атлыг // аттық, иыллық // жылдық, күнлік // күндік, түмен // түмен* мөлшерліктері конструкцияның екінші компоненті саналады да, сан есімдердің көмегімен нақты бір заттардың өлшемін білдіреді. Бұл сол типтегі зат мөлшерін өлшейтін тұрақты сөзформа іспетті. Ал *сү // әскер, алтун күмүш // алтын-күміс, қарыз // қар, үчүргүң // терлік, қой // қой, бармыс // жүріс, бітіг // жазу, согдақ // согдақ* сөздері – мөлшерлік конструкцияның үшінші компоненті, мөлшері өлшенетін заттар. Осы үштік компонент біртұтас синтаксистік қатынаста, бірбүтін семантикалық байланыста келіп, зат мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Алты чуб согдақ тапа сүледім. Будуныг анта буздым. Табгач оң тутуқ бес түмен сү келті. Ыдуқ баида сүңүстім* (БҚ, 25) // *Алты чуб / алты баулы/ согдаққа қарсы соғыстым, халқын сонда жауладым. Табгаиштық он тутуқ бастаған бес түмен /бес мың/ әскер келді, ыдуқ баста соғыстым.*

Білге қаған ескерткішінде кездесетін бұл үзіндіде *алты чуб согдақ // алты чуб / алты баулы/ согдақ, бес түмен сү // бес түмен /бес мың/ әскер* құрылымдары «сандық мөлшер» семантикасын білдіреді. Ғ.Айдаров бірінші конструкциядағы «чуб» сөзін «бау» деп берсе, екінші конструкциядағы «бес түмен» тіркесімін «бес мың» деп түсініктеме береді. Алайда *түмен* сөзі *он мың* деген сандық ұғымды білдіретіні айқын. Олай болса, *бес түмен сү* конструкциясы *елу мың әскер* деген сандық мөлшерді білдірсе керек. *Түмен // түмен* сөзінің сандық мәні (он мың) болғанымен, конструкцияда ол сан

компоненті емес, мөлшерлік компоненттің қызметін атқарады. Ал ДТС-те *чуб* сөзінің мағынасы былайша түсіндіріледі: «СUB [кит. 州| чжоу, сiу область?]: *alti cub* см. *alti*.» [188, с. 156]. Түсіндірменің соңына сұрау белгісі қойылуына қарағанда, бұл болжам ретінде ұсынылғаны аңғарылады. Біз бұл болжамның қисыны бар екенін жоққа шығармаймыз. Дей тұрғанмен көшпенді түркілер территориялық аумақ бойынша емес, туыстық қатынас негізінде тармақтарға жіктелетінін ескерсек, *чуб* // 州| *чжоу* болжамын тек сәйкестік ретінде қабылдауға тура келеді. Бұл әлі де жан-жақты дәлелдеуді қажет етеді. Қалай болса да *алты чуб соғдақ* конструкциясы алты рулы (алты бұтақты, алты территориялық аумаққа бөлінген) елдің тұтас халқын білдіреді. Бұл – «белгісіз сандық мөлшер» ұғымы.

Осы арада *бау* сөзіне де назар аударып, бір үзік болжамдарымызды айта кеткіміз келеді. Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрінде бала дүниеге келгенде «бауы берік болсын» деп айтады. Мұндағы *бау* сөзімен тарихи ескерткіштерде кездесетін *бау* сөзінің қандай да бір семантикалық байланысы бар сияқты. Яғни *бау* сөзі *кіндік* мағынасын білдіреді де, қандастық қатынасты негіз еткен *ру* мағынасына ауысып, бір кіндіктен тараған *алты рулы ел* мағынасын білдірсе керек. *Чуб* // *бау* сөзі дербес тұрғанда да тұтас бір рулы елдің халқын білдіреді. Бұған дәйек ретінде Енисей ескерткіштеріне жататын Уюк-Тарлак ескерткішіндегі Н.Базылханның мына дерегін ұсынамыз: (Е-1): *Есіз еліме Кунчуйыма оғланыма бодуныма есізіме алтмыш йашымда адырылтым. Атым Ел Тоған Тутұқ. Бен теңрі елімке елшісі ертім. Алты бағ будунқа бег ертім // Қайран елімнен, ханымымнан (бәйбішемнен), ұланымнан, халқымнан, қандай өкінішті, алпыс жасымда (айырылдым). Атым-Ел Тоған Тұтұқ. Мен тәңірі еліме елшісі еді. Алты баулы халыққа бек едім* [189, 170 б.], – деген мәтіндер кездеседі. Мұнда *Алты бағ бодуң* // *алты баулы* халық мөлшерлік конструкциясы туыстық қатынас бойынша алты рулы елден біріккен халықты білдіреді. Сондай-ақ *бағ* сөзі мен қазақ тіліндегі *бау* (*кіндік*) сөзінің төркіндестігі аңғарылады.

Кейде бұл мөлшерлік конструкцияда сан есім компонентінің орнына зат есім сөздері ауысып жұмсалатын, тіпті ықшамдалып, түсіп қалатын кездері де болады. Мысалы, *сүңүг батыма қарыз* // *сүңгі бойы қар* конструкциясында сан компонентінің орнына *сүңүг* // *сүңгі* сөзі жұмсалған. Әдетте, конструкцияда сан компоненті – ең өзгермелі компонент саналады. Мөлшерлік семантикада сандық мәннің қажет емес тұстарында оның қызметін зат есім немесе заттанған басқа сөз таптары атқарады. Мысалы: *Иеті отуз йашымда қырқ аз тапа сүледім, сүңүг батыма қарыз сөкшен* (БҚ, 26) // *Жиырма жеті жасымда қырық азға қарсы соғыстым, сүңгі бойы қарды аршыдым*.

Үзіндіде Білге қағанның Қырық азға (қырғыз) қарсы соғыста *сүңгі бойы қарды* аршып (кешіп) барғаны айтылады. Мұнда *сүңүг батыма қарыз* мөлшерлік конструкциясы *сүңгі бойымен бірдей* немесе *сүңгі батпа* қалың қар семантикасын білдіреді. Конструкцияны тікелей аударсақ, *сүңгі батпа қар* болар еді. Ғалым мұнда аздап еркін аудармаға ерік берген. Әдетте мұндай құрылымдар халықтық өлшем бірліктер саналады да, онда нақтылық болмайды, мөлшер шамалап айтылады. Сүңгі бойымен өлшенетін қашықтық ешқандай сандық мәнді қажет етпейді, сондықтан сандық компонент қысқарып кетеді.

Қимылдық мөлшерлік: *алты йол сүңүшідім* (БҚ., 28) // *алты жол соғыстым; биш йолы сүңүшідіміз* (КТү., 45) // *бес жол соғыстық; екі йор тиді* (Тар., 14) // *екі*

рет шабуыл жасады; төрт йолы сүңүшідім (БҚ, 30) // *төрт жол соғыстым; сү екі йегірімі.../сүңүшідім/* (КТү., 28) // *он екі /рет/ соғыстым* т.б.

Бұл мөлшерлік құрылымдарда *алты // алты, биш // бес, екі // екі, төрт // төрт, екі йегірімі // он екі* сан есімдері – әдеттегідей, мөлшерлік конструкцияның бірінші компоненті. Бұл сан есімдер қимылдың дүркіндік мөлшерін сипаттайды. Қимылдың дүркіндік мөлшерін білдіретін мөлшерлік конструкцияларда да *бір* сан есімі, жоғарыда баяндалғандай, көпмағыналы, абстрактілі болып келсе, сандық мән бір санынан жоғарылаған сайын нақтылана түседі. *Йол // жол, йолы // жолы, йор // рет* мөлшерліктері – конструкцияның екінші компоненті. Олар сан есімдердің көмегімен белгілі іс-әрекеттің (соғыстың) қайталану мөлшерін білдіріп тұр. Мұнда осы екінші компонент тұрақтылық сипатымен ерекшеленеді. Ал *сүңүшідім // соғыстым, сүңүшідіміз // соғыстық, тиді // шабуыл жасады* сөздері мөлшерлік конструкцияның үшінші компоненті болып, шамасы (дүркіндігі) өлшенетін қимыл-әрекет саналады. Осы үштік компонент біртұтас синтаксистік қатынаста, бірбүтін семантикалық байланыста келіп, қандай да іс-қимылдың орындалу мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Отуз йашыма Бесбалық тапа сүледім, алты йол сүңүшідім...сүсін қоп өлүртім* (БҚ, 28) // *Отыз жасымда Бесбалыққа қарай аттандым, алты жол соғыстым, әскерін көп қырдым.*

Үзіндіде Білге қағанның түркі халықтарын біріктіру жолындағы ұлы соғыстары, қағанның Бесбалықта *алты рет* соғысқаны айтылады. Мұнда *йол* мөлшерлігі жеке-дара тұрып мөлшерлік мағына білдірмейді, конструкция құрамында тұрып, соғыстың дүркіндік мөлшерін, дәрежесін білдіреді және мөлшерлік конструкцияны синтаксистік тұрғыдан байланыстырады.

Мөлшерлік конструкцияның тағы бір айрықша формасы бар. Онда конструкция құрамындағы үш компоненттің біреуі (яғни екіншісі) ығысып шығып қалады. Ескерткіштерде де осындай формада келетін мөлшерлік бірліктер кездеседі: *жеті йегірімі сүңүсді* (Тон., 49) // *он жеті /рет/ соғысты; бес сүңүсді* (Тон., 49) // *бес /рет/ соғысты; жеті сүңүсді* (Тон., 49) // *жеті /рет/ соғысты; ікі йаңықа сүңүсдім* (МЧ, 13) // *екінші /рет/ тағы соғыстым* т.б.

Көріп отырғанымыздай, бір компоненті қысқарып қалса да, мөлшерлік мағына сақталады. Мұны тілдік қажетке қарай конструкция құрамындағы компоненттердің ықшамдалуы деп түсіну керек. Мұнда конструкция компоненттері құрылымнан нақты көрініс таппағанымен, *логикалық компонент* ретінде ойда тұрады. Қайткенде де оның мағынасы ойша түсінікті болады. Мысалы: *Табгачқа жеті йегірімі сүңүсді қытанқа жеті сүңүсді оғузқа бес сүңүсді* (Тон., 49) // *Табгаштармен он жеті рет соғысты. Қытандармен жеті /рет/ соғысты, оғыздармен бес рет соғысты.* «Тониқуқ» ескерткішіндегі бұл мәтінде Табығач (қытайға) пен Қытанға (Кидан) қарсы соғыстың дүркіндік мәні *рет* сөзімен анықталатыны айқын. Ол ескерткіштерде, кей тұстарда нақты көрініс тауып отырады. Кейде тілдің ықшамдалу заңдылығы мөлшерлік конструкция шегінде де іске асады.

2. Синтаксистік модельдер:

Жалпы тілде «мөлшер» ұғымын берудің синтаксистік тәсілдері біршама көп. Ескерткіштер мәтінінде соның көпшілігі кездеседі және ол бүгінгі қазақ тілінің синтаксистік құрылымымен негізінен ұқсас. Солардың бірі – синтаксистік модельдер. Олардың өзі төмендегідей бірнеше түрлі болып келеді:

Сан есімдер мен тәуелдік жалғаудың байланысы арқылы «бүтін заттың бөлшегі» семантикасы беріледі. Бұл құрылымды (*сан*)+ *ы*, (*сан*)+ *і* формасында өрнектеуге болады. Ескерткіштер мәтінінде бұл модельмен берілетін мынадай құрылымдар кездеседі: *бір үлугі йадағ* (Тон., 4) // *бір бөлегі жаяу; екі үлугі атлығ* (Тон., 4) // *екі бөлегі атты* т.б.

Бұл құрылымдарда бірнеше бөлікке бөлінген бірбүтін шаманың бір бөлігі және екі бөлігі айтылып тұр. Бір бүтін шама қанша бөлікке бөлінсе де, оның бөліктері белгілі сандық немесе одан да басқа мөлшерлік семантиканы білдіреді. Осы тіркестердің семантикасына толық мәтін ішінде талдау жасап қарайық. «Тониқуқ» ескерткішінде былай беріледі: *Ыда ташта қалмысы қубранып йеті йүз болты екі үлугі атлығ ерті бір үлугі йадағ ерті иеті йүз кісіг удьягыма* (Тон., 4) // *Ағаш-тас арасында қалғаны жиналып, жеті жүз болды, екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді жеті жүз кісіні ерткен*.

Контексте тау-тастың арасынан жиналған жеті жүз әскердің үш бөлікке бөлініп, оның екі бөлігі атты, бір бөлігі жаяу екені айтылады. Мұнда «сан мөлшері» семантикасы бар. Алайда жалпы «сандық мөлшер» семантикасы нақты болғанымен, бөліктердің нақты саны белгісіз. Әр бөлігінің сандық мәні кез келген сан болуы мүмкін. Бұл арада нақты сандық мәндерге ұғымдық қажеттілік жоқ. Керісінше, «шамалық» ұғымдар шегінде беру ыңғайлы. Бөлшектік мағына сандар арқылы емес, шамалар негізінде берілген.

Жоғарыдағы синтаксистік модель керісінше болып та келеді. Яғни тәуелдік жалғаулы сөз бен сан есімдердің *ы*+ (*сан*), *і*+ (*сан*) формада байланысуы арқылы да мөлшерлік семантика туындайды. Бірақ бұл құрылым арқылы «бүтіннің бөлшегі» семантикасы емес, «жалпылауыш» семантикасы беріледі. Мысалы, *сүсі үч биң ерміс* (Тон., 16) // *әскері үш мың екен* т.б. Мұнда *-ы* аффиксі жинақтық, меншіктік мағына тудырады, ол сан есімдермен грамматикалық байланыста келіп, белгілі заттың нақты жинақтық мәнін көрсетеді. Бұл құрылымдардың семантикасына мәтін ішінде талдау жасап қарайық. «Тониқуқ» ескерткішінде былай беріледі: *Сүсі үч биң ерміс біз екі биң ертіміз сүңсүдіміз теңірі йарылқады йаңдуқ йолта йеме өлті күк анта өтрү оғуз қопын келті* (Тон., 16) // *Әскері үш мың екен, біз екі мың екенбіз соғыстық Тәңірі жарылқады қайттық өзенге түсті қайтар жолда тағы да көп өлді. Содан соң оғыз түгел келді. Үзіндіде жау әскерінің саны үш мың екені баяндалады. Бұл «сан мөлшері» семантикасы *і*+ (*сан*) құрылымы арқылы берілген. Мұнда әскер санында бөлшектік емес, жинақтық мән бар.*

Шығыс септік жалғаулы (жасырын) сөз бен кейбір сын есім сөздерінің (Ø)+артуқы ((*дан*)+*артық*) синтаксистік байланысы арқылы «межелі шамадан көптік» семантикасы беріледі. Мысалы: *Білге қаған бітігін Йолығ тігін бітідім, бунча барығ бедізіг узығ түрк Білге қаған атысы Йолығ тігін мен ай артуқы төрт күн олурып бітідім, бедізітм* (БҚ, XI) // *Білге қаған жазуын Йоллығ тегін жазды. Мұнша күмбезді, жазу өрнегін /түркі/ Білге қаған туысы /мен/ Йоллығ тегін айдан артық төрт күн отырып жаздым, өрнектедім*.

Ғалымдар арасында көне түркі тілінде шығыс септік тұлғасы болмаған (қолданылмаған) деген пікір бар. Біздіңше, бұл жаңсақ пікір. Жалғамалы тілдерде септік – тарихи категория. Сондықтан септік формасының ондаған ғасырлар шегінде пайда болуы қисынға келмейді. Тілде, аса күшті жаттілдік қысым болмаса, грамматикалық құрылымдар ондаған ғасырлар шегінде

өзгеріске түсе қоймайды және пайда болмайды да. Оның үстіне шығыс септігі қосымшасының грамматикалық мағынасына болған тілдің қажеттілігі жаттілдің немесе тарихи оқиғалардың әсерінен емес, тілдің ішкі логикалық құрылымынан тым ерте кезеңдерде туады. Ескерткіштер мәтініне зер салып қарағанда да, шығыс септігі семантикасына тілдік қажеттіліктің барлығы байқалады. Ал кез келген семантикалық сұраныс өзіне сай лексика-грамматикалық тұлғаларды тудырмай қоймайды. Ескерткіштерде шығыс септігі жалғауы өте сирек кездесетіні шындық. Бұл өзге де септік формалардың жасырын келуі сияқты, сол ғасыр тіліне тән құбылыс болса керек. Бірақ кей мәтіндерде кездеседі. Мысалы:

– *Табғач қағанта бедізчі келүртім* (КТк., 11) // *Табғаш қағаннан шебер /бедізіи/ өрнектеттім*;

– *Анта кісре* (КТү., 5) // *содан соң*;

– *Табғачда адырылты* (Тон., 2) // *Табғаштан бөлінді*.

Берілген сөйлем құрылымдарынан шығыс септігі формасын аңғаруға болады. Мұнда *-да*, *-та* аффикстері шығыс септігі жалғауының қызметін атқарып тұр.

Жоғарыдағы үзіндідегі *ай артуқы төрт күн // айдан артық төрт күн* синтаксистік конструкциясы «уақыт мөлшері» ұғымын білдіреді. Яғни *межелі уақыттан төрт күн артықтық* семантикасын білдіреді. Ескерткіштегі «уақыт мөлшері» ұғымын білдіретін бұл синтаксистік конструкция компоненттерінің орны ауысқан. Бірақ мағынасы бұзылмай, дұрыс берілген. Осы синтаксистік құбылыс туралы М.Томанов былай дейді: «Көне түркі тілінде санаудың басқа да тәсілдері болған. Әуелі ондықты білдіретін сөз, оған тіркесе *артық* сөзі, *одан соң* қажетті бірлік айтылады. Мысалы, *қырқ артуқ иеті – қырық артық жеті* (47), *отуз артуқ төрт* (34), *отуз артуқ бір* (31) т.б. *Жүзден жиырмасы артық тәрізді сан-мөлшерлік сөз тіркесі осындай қолданыстардың ізі*» [26, 246 б.]. Ғалымның болжамын біз де құптаймыз. Әлем халықтарына ондық санау жүйесі (арабша) жалпыласқанша санау жүйесінде өзіндік тәсілдерін қолданғаны айқын. Мұндай өзгеше санау жүйесі Өтейбойдақтың «Шипагерлік баяны» кітабында да кездеседі. Олай болса, көне түркілердің санау жүйесінде өзгеше синтаксистік құрылымдар болуы – заңды құбылыс. Бұл, бір жағынан, көне түркі тілінің санау жүйесінде және «мөлшер» ұғымын беру тәсілінде көмекші құрылымдардың, синтаксистік амалдардың қызметі айрықша болғанын көрсетеді.

Барыс септігі жалғауы мен септеулік шылаулардың синтаксистік байланысы арқылы мөлшер семантикасы беріледі. Ескерткіштерде мынадай модельдер кездеседі: *қа+тегі* (*ға+дейін*), *ке+тегі* (*ке+дейін*), *а+тегі* (*на+дейін*, *а+дейін*), *е+тегі* (*е+дейін*). Көне түркі тілінде бұл синтаксистік модельдер арқылы «қашықтық», «уақыт» семантикасы беріледі. Бұл туралы Қ.Малғаждаров былай дейді: «*Тегі* септеулігі қазіргі қазақ тілінде *дейін/шейін* шылау мағынасында қолданылады. Статистикалық мәлімет бойынша рун жазбаларында *үчүн* шылауынан кейінгі актив қолданылған септеуліктердің бірі. «Тариат» ескерткішінен басқа ескерткіштердің бәрінде кездеседі. Солардың ішінде «Күлтегін» жазуында көп қолданылған. Жалпы барыс септікті есім сөздермен тіркесе келіп, істің таралатын, жететін шегін білдіреді» [180, 23 б.]. Яғни белгілі географиялық орыннан өрістеген (басталған) процестің аяқталу шегіне дейінгі арақашықтықты және уақытпен өлшенетін қандай да бір қимыл-әрекеттің басталу сәтінен аяқталу сәтіне дейінгі «уақыт мөлшерін» білдіреді.

Ескерткіштерде аталмыш ұғым аясында мынадай құрылымдар кездеседі: *Темір қапығқа тегі іртіміз* (Тон., 45) // *темір қақпаға дейін құдық; күн тоғысқа, батысқа тегді* (С., 4) // *күн шығыс пен батысқа дейін жетті; башыңа тегі черіг ітдім* (МЧ, 15) // *басына дейін шеріктер қойдым; бунча йірке тегі йорытдым* (КТк., 4) // *сонша жерге дейін жүргіздім* т.б.

Жоғарыдағы тіркестердің бәрі белгілі географиялық кеңістікте басталған процестің аяқталған нүктесіне дейінгі арақашықтық ұғымын білдіреді. Мұнда кеңістіктегі үдерістің басталу нүктесі контекске қарай анықталады. Ал үдерістің аяқталған (жеткен) жерін *-қа, -ке, -а, на, -е* барыс септіктері білдірсе, басталуынан аяқталуына дейінгі арақашықтық семантикасын *тегі* шылауы білдіріп тұр. Мысалы: *Ілгеру – Шантуң йазықа тегі сүледім, талуықа кішіг тегмедім, бергеру – Тоқуз Ерсенке тегі сүледім, Түпүтке кішіг тегмедім. Құрынғару – Йінчү үгүз кече* (КТк., 3), *Темір қапығқа тегі сүледім. Йырғару – йір Байурқы йеріңе тегі сүледім. Бунча йірке тегі йорытдым* (КТк., 4) // *Ілгері Шантуң жазыққа дейін соғыстым, теңізге кішкене жетмедім. Түстікте Тоғыз Ерсенге дейін соғыстым, Тибетке кішкене жетмедім. Батыста Сырдария өзенін кеше, Темір қақпаға дейін соғыстым. Терістікте Байырқы жеріңе дейін соғыстым, сонша жерге дейін жүргіздім.*

«Күлтегін кіші жазуындағы» бұл үзіндіде Күлтегіннің оңтүстік, шығыс, батыс бағытта жасаған жорықтары нәтижесінде жаулаған жерлері баяндалған. Мәтінде мөлшер семантикасын білдіретін *ке+тегі, қа+тегі, е+тегі* синтаксистік модельдер кездеседі. Аталған құрылымдар Түркі қағанатының оңтүстікте Тибетке дейінгі, батыста Темір қақпаға дейінгі, шығыста Шантуң жазығына дейінгі ұланғайыр даласын көрсетеді. Осыншама аумақ, әрине, «мөлшер» ұғымын құрайтын «көлем», «аудан», «қашықтық» сынды микроұғымдар аясында сипатталып тұр.

2.2 Мөлшер категориясының түркі тілдерінің орта дәуіріндегі (V–XIV ғғ.) функционалды-семантикалық өрісі

Халық тарихындағы ірі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өзгерістер тілге ең күшті әсер етуші факторлардың бірі саналады. Түркі тілдерінің тарихи даму үдерісінде X–XII ғасырлар кезеңі түркі жұртының рухани әлеміндегі елеулі бетбұрыстармен ұштасып жатады. Аталған кезең түркі даласына Ислам дінінің кең таралуына орай араб тілінің етек жайып, «бәйгеге түскен екі аттай» [97, 32 б.] түркі тілдеріне өзі ықпалын көрсетуімен ерекшеленеді. X ғасырда толықтай күшіне енген бұл кезең XII ғасыр соңындағы моңғол шапқыншылығынан кейінгі қыпшақтық кезеңіне барып тіреледі. Бұған дейінгі тарихи дәуірлердің ешбірінде түркі тілдері мұндай кең ауқымда жаттілдік экспансияға (лат. *expansio*) ұшыраған емес. Сондықтан бұл кезең тілінің тарихи даму үдерісін мақсат еткен тілтанымдық зерттеулерде жеке кезең ретінде бөлек қарастырылуы қажет. Осы кезеңге тиесілі, түркі халықтарының ортақ мұрасы саналатын көптеген жазба ескерткіштер сақталған. Атап айтсақ, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік»), Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік», Ахмет Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайық» («Ақиқат сыйы»), Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), Сүлеймен Бақырғани «Бақырғани кітабы», т.б.

Аталған еңбектер – кейбірі Ислами құндылықтармен астасып жатуына қарамастан, түркі тілінің табиғатын, байлығын танытатын теңдессіз қазыналар.

Тілдің тарихи қабаттарына арналған қандай да бір тілтанымдық зерттеулер нақты тілдік деректерге иек артады. Түптүркілік (прототүрік) кезеңдердің өзінде-ақ түркі тілінің негізгі табиғаты, ішкі заңдылығы қалыптасып үлгергенімен, ол кезеңдерді сипаттайтын жүйелі, нақты тілдік фактілер бізге жетпегені мәлім. Сондықтан түркі халықтарының тілдік табиғатын жүйелі түрде танытатын ескі жазба мұралар VIII ғасырға тән көне түркі тас ескерткіштерінен басталады. Ал одан кейін осы мақсатты жүзеге асыруға толықтай жеткілікті тілдік деректермен қамтылған жазба жәдігерлер осы X–XII ғасырларға тиесілі. Бұл кезең жәдігерлерінің ішіндегі ең бастыларын жоғарыда атап өттік. Аталған мұралар бұған дейін де түрлі ғылым салаларында, әр ғылымның түрліше бағыттарында зерттелді. Әсіресе тілтанымдық зерттеулер біршама тыңғылықты жасалды деуге болады. Бұған ғылыми ортаға кеңінен танымал Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Б.Сағындық сынды отандық ғалымдар мен В.В.Радлов, К.Броккельман, Б.Аталай, т.б. шетелдік ғалымдардың үлесі зор.

Әр жаңа дәуір туған сайын тілтанымдық зерттеулердің мақсаты да өзгеріп, соған сай зерттеудің бағыты да, тәсілі де жаңарып отыратыны белгілі. Бұл жаңа бағыттар көбіне тілдің синхронды қабатына арналған да, диахронды қабаты назардан тыс қалуда. Тілдің бір күнде тұмаған, тамыры тым тереңде жатқан жүйелі құрылым екенін ескерсек, бұл жазба мұраларды жаңа бағытта зерттеудің де қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан келгенде, аталған жазба ескерткіштердегі тілдік деректер категориялық ұғымдар аясында, функционалды аспектіде де қарастырылуы қажет. Біздің зерттеу нысанамыз мөлшер категориясының тарихи даму үдерісі болғандықтан, X–XII ғасырларға тиесілі тілдік деректер «мөлшер» ұғымы аясында қарастырылады. Сондай-ақ жұмыстың көлемі мен сапасын, тілдік деректердің түркілік сипатының басымдылығын ескере отырып, М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» кітабымен шектедік.

М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі – X–XII ғасырлардағы түркі тілінің табиғатын танытатын теңдесі жоқ мұра. Сегіз томнан тұратын бұл еңбекте сол дәуірдегі түркі тілінің бірнеше ірі бұтақтары бойынша ең жиі қолданылатын сөздер мен грамматикалық формалар жүйелі түрде топтастырылған. Бұл туралы ғалымның өзі де: «Әйтсе де мен сөздерді анық табуды және кісілердің қызығып пайдалануын есте ұстағандықтан, ықшамдастырдым да, қолданылып жүрген сөздерді алдым, қолданудан шыққандарын тастадым», – деп жазады [97, 32 б.]. Араб тілінің түркі даласында күш алуына қарамастан, таза түркілік тіл элементтері қатаң сақталуы сөздіктің құндылығын одан сайын арттырады. Аталмыш еңбек тілдік бірліктердің мағынасын ғана түсіндіретін, бір ғана тілдік мақсат көзделген жұтаң дүние емес. Тілдің даму тарихын, ішкі табиғатын, сөздің мәдени-тарихи семантикасын, этимологиясын, түркі тілі бұтақтары мен этнос құрамын, т.б. көптеген мәселелер турасында терең мағлұмат беретін энциклопедиялық туынды. Өткен дәуірдің тарихи кеңістігінде өмір сүрген халықтардың (түркі халықтары) тілі жан-жақты, жүйелі сипатталған мұндай еңбек әлемде кемде-кем. Сөздіктің бұл атап өткен ерекшеліктері түркі тілінің шынайы табиғатын танытуға мүмкіндік береді.

М.Қашқари сөздігінде сөздер мен грамматикалық формалар категориялық деңгейде топтастырылып, мағыналық түсініктеме беріледі. Тілдік ережелер мен

заңдылықтар да назардан тыс қалмайды. Солардың едәуір бөлігін «мөлшер-өлшем» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер құрайды. Біздің анықтауымыз бойынша, сөздікте «мөлшер» ұғымын білдіретін 260-қа тарта сөздер мен грамматикалық формалар кездеседі. Бұл сөздікке енген 9000 мыңға тарта түркі сөзінің 3% иелейді. Сөздіктегі мөлшер мәнді тілдік бірліктерді жасалу тәсілдері мен лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мөлшер семантикасының берілуі тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлері арқылы жүзеге асады.

1. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі мөлшер семантикалы лексикалық бірліктер

М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі контекстік материал емес, сөздік болғандықтан, ондағы тілдік деректер көбіне лексикалық бірліктер. Сондықтан сөздікте мөлшер семантикасының берілуінде лексикалық деңгей негізгі тәсіл саналады. Басқа деңгеймен салыстырғанда мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер әлдеқайда көп. Мөлшерлік лексемалардың өзін әлденеше микромөлшерлік ұғымдарға топтастыруға болады. Біз көне түркі ескерткіштерінде мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер айтарлықтай көп болмағандықтан, тіл деңгейлері шегінде жинақтай қарастырғанбыз, «мөлшер» ұғымының микроөрістері түрлі тәсілдер аясында атап өтілген. Ал бұл ретте арнайы тоқталамыз. Сөздікте мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктерді *қашықтық, уақыт, салмақ, көлем, аудан, сыйымдылық, құн мөлшері* сынды микроұғымдарға топтастыруға болады. Аталған ұғымдардың ішінде лексемалардың саны жағынан ең көбі – «қашықтық» ұғымы.

«Қашықтық» – жазықтықтағы және кеңістіктегі екі нүктенің арақашықтық шамасын білдіретін «мөлшер» ұғымының үлкен бір саласы және математика, геометрия, география, физика сынды бірнеше жаратылыстану ғылымдарының басты ұғымдарының бірі әрі зерттеу нысаны. «Қашықтық» ұғымы биоденелердің ұзындығы мен физикалық құбылыстардың арақашықтығын, географиялық, кеңістік нысандардың қашықтық шамасын білдіреді. «Қашықтық» ұғымы ұдайы түзу бағытта бола бермейді, кейде «ұзындық» ұғымы ретінде сипатталғанда қисық (қисық кесінді), айналма бағытта да (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, көпбұрышты – периметр) болады. Сондықтан аталған ұғым өз ішінен тағы да *ұзын / қысқа, биік / аласа, алыс / жақын, қалың / жұқа, терең / тайыз (таяз), жуан / жіңішке, кең / тар* сынды көлденең, тік және бағыттағы *тіресімдік (оппозициялық) шамаларға* жіктеледі. Мұндай шамалар тілдік кеңістікте түрлі тәсілдер арқылы сипатталады. «Диуани лұғат-ит-түрікте» де «қашықтық» ұғымының аталған семантикалық топтарын білдіретін тілдік бірліктер кездеседі.

Сөздікте тік бағыттағы қашықтық саналатын «биіктік» ұғымы бірнеше лексикалық формалар арқылы беріледі. Бұларды ғалым сөздіктің әр тұсында көрсетеді де, мағынасын былайша түсіндіреді:

– *Иоқ // биік, жоғары: «иоқ иер // биік жер», дөң (МҚ, Т₃-12);*

– *Иүксек // (биік): «иүксек тағ // биік тау». Биік хәм ұзын нәрсенің бәрін «иүксек» дейді. Бұл құс қауырсыны, құс қанаты мағынасындағы «иүк» сөзінен туындатылған. Өйткені ұшу, биіктік – құстың жаратылысына тән қасиет. Сондықтан биік нәрсенің бәрін соған орайластырып атаған (МҚ, Т₃-65).*

Сөздікте берілгендей, *иоқ* сөзі белгілі нысанның немесе жер бедерінің қалыпты деңгейден жоғары кеңістікте орналасуын білдіреді. Қашықтық мөлшері жалпылама сындық мағынада берілген. Тік бағытта белгілі деңгей орталық меже ретінде алынады да, айналадағы заттардың орналасуы сол межемен салыстырылады. Соның нәтижесінде тік бағытта жоғары немесе төмен екені салыстырмалы түрде анықталады. Орталық меже мен орналасу биіктігі арасындағы қашықтық шама *қашықтық мөлшердің* болжалды шамасы саналады. Мұнда *иоқ* сапалық сын есімі *жоғары* (қазақша), *uikarı* (түрікше), *иұқры* (ұйғырша) сөздерінің түбірі сияқты. Ал *иүксек* сөзі – *асқар*, *заңғар* мағыналарын білдіретін туынды сын есім сөзі. Ол метафоралық тәсілмен жасалған. Құс қанатының көкте, жоғары кеңістікте самғау қызметі биіктік семантикасы ретінде заттық мағынадан бөлініп, дербес семантика ретінде қалыптасқан. Бұл екі сөз де «биіктік» ұғымын географиялық кеңістікте визуалды түрде сипаттайды. Сөздікте «биіктік» ұғымын білдіретін, өзара жақын дыбыстالاتын тағы мынадай сөздер кездеседі:

– *Eziz, edziz // биік, әр нәрсенің биігі* (МҚ, Т₁-152);

– *Әziz, әdziz // әзіз: әдіз иер // биік жер. Басқа әзіз нәрселерді солай дейді: әдіз тағ // биік, яки асуы ауыр тау* (МҚ, Т₁-84).

Edziz, әdziz сөздері сөздікте аздаған дыбыстық өзгешеліктермен екі бөлек берілгенімен, негізінде бір сөз. «Биіктік» ұғымына жалпылама қолданылады. М.Қашқари көне түркі тілінің әр диалектілерінде дыбыстық сәйкестіктермен қалыптасқан сөзформаларды қаз-қалпында берген болса керек. Бірақ *edziz (eziz) de, әdziz (әziz)* де ДТС-те кездеспейді, тек «биіктік» мағынасын білдіретін *ediz (ediz)* сөзі кездеседі. ДТС-те «*ediz*» сөзінің: «1. *высокий*; 2. *возвышенный*; 3. *высоко*; 4. *высота, высокое место*» сынды төрт түрлі мағынасы беріліп, мысалдармен түсіндіріледі [188, с. 163].

М.Қашқари сөздігінде «қашықтық» ұғымы адам дене мүшелерінің түрлі қалпын сипаттау арқылы да беріледі. Олар – тіптен, өлшем бірлік емес те, тек мөлшерлік мағына беретін лексикалық бірліктер. Бұл топтағы сөздер зат пен құбылыстың мөлшерін дене мүшелердің көмегімен өлшемейді. Басқаша айтқанда, сол дене мүшенің түрлі сындық белгілерін, мөлшерлік сапасын (*ұзын-қысқалығын, кең-тарлығын, жуан-жіңішкелігін* т.б.) білдіреді. Бұлар көбіне екі компонентті анықтауыштық қатынастағы тіркес болып келеді. Жинақтап келгенде, бұл мөлшерлік соматизмдердің ішкі семантикалық қасиеті мынадай: *айқындауыштық, дербестік, метафоралық, ауыспалылық*, т.б.

Олар мыналар:

Сұқарлаш // (ұзын құлақ): сұқарлаш бөрк // ұзын құлақ бөрік (МҚ, Т₁-551).

Сұқарлаш – дене мүшенің ұзындық қалпын білдіретін мөлшерлік лексема. Жеке тұрғанда не нәрсенің болса да құлақ бөлімінің ұзындығын білдірсе, тіркес құрамында айқындауыш ретінде келіп, нақты затқа қатысты айтылады.

Бедүк // биік; үлкен; зор. Бір нәрсенің биігі: Бедүк теvі // үлкен түйе (МҚ, Т₁-443). *Бедүк* – биіктік ұғымын білдіретін мөлшерлік лексема. Жеке тұрып та, тіркес құрамында да бірнеше мөлшерлік ұғымдарды қатар білдіреді. Әсіресе тіркес құрамында нақты қандай мөлшерлік ұғымды білдіретіні айқын көрінеді. ДТС-те аталмыш сөздің «*большой*» және «*очень*» деген екі түрлі мағыналары мысал арқылы түсіндірілген [188, с. 91]. *Бедүк* сөзінің тағы бір мағынасы сөздіктегі мына бір мысалдан көрінеді: *Бағыр // бауыр. Ешкімге бойын имейтін*

кісіні «бедүк бағырлық // үлкен бауырлы» дейді. Онысы «бауыры бүтін» дегені. Садақтың орта тұсын да «иа бағыры // садақтың бауыры (МҚ, Т₁-105). Бұдан бедүк сөзінің бауыр сөзіне қатысты туындайтын үлкен деген мағынасы анықталады.

Сын // бой; тұрық (сын-сымбат – А.Е.): бодзлығ сынлығ кіші // ұзын бойлы кісі; бой-тұрқы ұзын кісі (Бойшаң сындарлы кісі – А.Е.). Көрді де «сын» дейді. Өйткені, көрдің ұзындығы адамның бойымен бірдей шығатын (МҚ, Т₃-195). Сын – адам тұлғасының ұзындық қалпын білдіретін мөлшерлік лексема. Бойдың ұзындығын не боймен өлшенетін кез келген шаманың ұзындығын білдіреді. Қазақ тіліндегі «сын түзелмей, мін түзелмейді» деген мақал бар. Осы мақалдағы сын сөзі бой мағынасын білдіріп, «бой түзелмей, мін түзелмейді» деген ұғымды білдірмей ме деген ойға жетелейді.

Бөң // бәкене; тайпақ: бөң кіші // бәкене кісі; тайпақ кісі. Бұл сөздің негізі «шебең // шебең» болып, кейін қысқарған. Темірден жасалған астаяқ мағынасындағы сөз (МҚ, Т₃-477). Бөң – адамның бой тұрқының қысқалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Сөздің бастапқы негізі зат (кұрал) болса да, заттың бойындағы сол қасиет (қысқалық) метафораланып, адам бойына балама ретінде қалыптасқан, қашықтық семантикасына ауысқан.

Тағұрмақ // (тайпақ): тағұрмақ ер // бәкене адам; тайпақ адам. «F» әрпінің орнына «қ» әрпі айтылады. Басқаларға да осылай қолданылады (МҚ, Т₁-563). Тағұрмақ – адам бойының аласалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Сөздің тұлғасына қарағанда, туынды сөз екені көрінеді.

Тапы // орта. Бодзы тапы ер // орта бойлы адам (МҚ, Т₁-296). Тапы – адам бойының аласалығын білдіретін, қазақ тілінде қазірге дейін қолданыста бар мөлшерлік лексема. Біздіңше, тапы сөзі мен тапал сөзі түбірлес. Орта ғасырда тапы сөзі адам бойының орташа деңгейін білдірсе, біздің заманымызға семантикалық даму нәтижесінде бойдың аласалығын білдіретін сөз ретінде жеткен. Бірақ қай дәуірде де бойдың ұзын/қысқалығына қатысты қолданылатын сөз ретіндегі қызметін сақтаған.

Шөкүт // бәкене, қысқа бойлы. Шөкүт кіші // бәкене кісі. Басқаларға да осы мағынада қолданылады (МҚ, Т₁-413). Шөкүт – адам бойының қысқалығын білдіретін мөлшерлік лексема. Біздің ойымызша, шөкүт пен қазіргі қазақ тіліндегі шөк, шөкім сөздері төркіндес. Қазақ тілінің халықтық қолданысында шөкімдей шал деген тіркестер бар. Бұл шөжім, кәрілік жетіп семіп қалған кішкене, қаңбақтай шал деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан шөкүт, шөкім сөздері грамматикалық тұлғасы жағынан да, мағынасы жағынан да бір-бірінен алыс кетпейтін сияқты.

Тік бағыттағы «қашықтық» ұғымы белгілі орталық межеден төмен бағытта да сипатталады. Бұған қатысты сөздікте мынадай сөз кездеседі: *Сайрам // сайрам: сайрам сув // тобықтан аспайтын таяз су (МҚ, Т₃-240). Сайрам сөзінде заттық мағынасымен бірге, сындық мөлшер (тайыздық) семантикасы да бар. Мұндағы қашықтық семантика су бетінен су түбіне дейінгі қашықтықты сипаттайды және сол табан мен тобықтың арақашықтығына тең. «Қашықтық» ұғымын сипаттаушы өлшеуіш құрал ретінде адам дене мүшесі (аяқ) балама болған және мұндағы қашықтық мөлшері визуалды түрде емес, нақты деректі зат арқылы өлшенеді.*

Тік бағыттағы қашықтық семантикасы «қалың/жұқа» ұғымдары арқылы да сипатталады. «Қалыңдық» көбіне жер бетімен параллель жатқан заттардың жоғары бағыттағы қабатталу, өсу семантикасын білдірсе, «жұқалық» төмен бағыттағы азаю, кему семантикасын білдіреді. «Қалың/жұқа» *тіресімдік ұғымдары* да – зат мөлшерін өлшеудің бір тәсілі. Ол *астыңғы бет пен үстіңгі беттің, ішкі бет пен сыртқы беттің* арақашықтығын білдіретіндіктен, «қашықтық» ұғымына жатады. Мұндағы басты ұғымдардың бірі – «қабат». М.Қашқаридың сөздігінде бұл сөз былай беріледі: *Қат // қат, қабат: «тон қаты // тон қабаты». Тау қабаттарының қатын «қадырақ» дейтін осыдан барып шыққан* (МҚ, Т₁-379). *Қат // қабат* сөзінде *қалыңдық/жұқалық* семантикасы ажыратылмаған. Алайда тік бағыттағы белгісіз *қашықтық мөлшері* семантикасы бар. Кейде заттар тік бағытқа қарап өссе, *қабат* делінеді де, көлденең бағытқа қарай өссе, *қатар* делінеді. Ал оның *қалың/жұқалығы* белгілі нысанның ойда қалыптасқан орталық межесі негізінде анықталады. М.Қашқари сөздігінде «жұқа» ұғымы бірнеше түрлі сөзформада кездеседі және ол былайша түсіндіріледі:

– *Иұға // жұқа нан* (жұқа жайма нан, шелпек – А.Е.) (МҚ, Т₃-39);

– *Иұпқа // жұқа. Бұл сөздің «ф» әрпімен айтылатын нұсқасы да бар. «П» әрпі «ф» әрпімен алмасқан* (МҚ, Т₃-49);

– *Иұвқа // жұқа, жұқа нәрсенің барлығы. Мақалда былай деп келген: Анасы тевлүг иұвқа оғлы тетік қоша қапар // «айлакер анасы жұқа жапса, зерек ұлы қосарлап асар»* (МҚ, Т₃-48).

Мұндағы *иұға, иұпқа, иұвқа* сөздері көне түркі тілінің диалектілерінде түрлі дыбыстық өзгешеліктермен айтылатын бір сөз болса керек. Көне түркі ескерткіштерінде бұл сөз *иуйқа* (Тон., 13) түрінде кездеседі. Аталған сөздер қай бағытта және қандай заттардың *қалың/жұқалық* мәнін білдірмесін, бәрі де «қашықтық» ұғымына жатады.

«Қашықтық» ұғымы көбіне көлденең бағытты білдіреді. Көлденең бағытта *ұзын/қысқа, алыс/жақын тіресімдік ұғымдары* аясында көрініс табады. Сөздікте көлденең бағытты «қашықтық» семантикасын білдіретін мынадай сөздер кездеседі:

– *Ұзұн // ұзын* (МҚ, Т₁-107);

– *Ызұқ // ұзын, ұзақ: ызұқ тағ // асу бермейтін тау, асуы ұзақ тау* (МҚ, Т₁-94);

– *Қырт // қысқа, шолақ: «қырт от// қысқа шөп», сондай-ақ қысқа шашты да «қырт саш // шолақ шаш», құлықсыз сараң адамды «қырт кіші // қырт кісі» дейді* (МҚ, Т₁-401);

– *Бұрұң – бір оқ жетерлік жер қашықтығы: «Бұрұң атты // бір оқ жетерлік жерге атты»* (МҚ, Т₃-495).

Мұндағы *ұзұн, ызақ, қырт* сөздері көлденең бағыттар үшін қолданылады, алайда тік бағытты білдіруге де қолданылуы ықтимал. Мысалы, *ұзын ағаш* десек, ол тік бағытты білдіреді. Мұны *қырт* сөзінің *шаш* пен *шөптің* ұзындық мөлшеріне қатысты айтылуы да көрсетеді. Аталған сөздер көбіне географиялық кеңістік емес, нақты заттарға байланысты қолданылады. Ал *бұрұң* сөзі сол кезеңде белгілі қашықтық мөлшерін білдіретін халықтық өлшемге айналған сөзге ұқсайды. Аталған сөздің басқа сөздерден ерекшелігі – *тіресім* құрмай-ақ, қашықтық шаманы сипаттауы.

М.Қашқари сөздігіндегі көлденең бағыттағы қашықтық семантикасын білдіретін сөздердің ендігі бір тобы «алыс/жақын» ұғымдарымен беріледі. «Арақашықтық» семантикасын білдіретін бұл сөздер деректі заттармен қатар, абстрактілі ұғымдарға да қолданылады:

– *Иырақ // жырақ: «иырақ иер // жырақ жер»*. Туысқандардың, тағы басқалардың жырақ қалғанында да осы сөзді қолданады (МК, Т₃-41).

– *Иағұқ // жақын: «иағұқ иер // жақын жер»*. Туысқан-туғандарға да «иақ иағұқ» дейді (МК, Т₃-42).

– *Иақын // жақын: «Иақын иер // жақын жер», «иақын ер // иақын адам, жақын туыс»* (МК, Т₃-33-34).

Мұндағы *иырақ, иағұқ, иақын* сөздері нақты бір географиялық екі нүктенің (орынның) арақашықтығын білдіреді. Бұл сөздер кейде тік бағытты қашықтық шамаларға да қолданылады. Сонымен қатар абстрактілі арақашықтық ұғымдарын білдіреді. Әлем географиялық кеңістіктен құралады, соған ұқсас адамның ішкі әлемі де рухани кеңістік. Осы баламалы ұғымдардағы қашықтық ұғымдарын сипаттауға қолданылатын сөздер де ұқсас болады.

Жоғарыдағы «қашықтық» ұғымын білдіретін лексемалар – негізінен, сапалық және қатыстық сын есімдер. Бұл сөздер белгілі ұғым аясында өзара *тіресім* құрап, «қашықтық» ұғымын сындық тұрғыдан жалпылама сипаттайды. Яғни нақты мөлшерлік мән емес, салыстырмалы түрде айтылған бағалауыштық мөлшерлік мән. Бұлар дербес тұрғанда сын есім деп танылғанымен, контексте нақты қолданыс тапқанда мөлшерлік семантикасы нақтылана түседі. Сын есімдердің бұл қасиеті қазақ тілінде де, орта ғасыр түркі тілінде де ұқсас.

Мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктердің ендігі бір тобы «уақыт мөлшері» микроұғымына жатады. Әдетте лексикалық бірліктердің көбі бір ғана мағынамен шектелмейді. Тілдік қолданыс барысында семантикалық өрісі кеңейіп, бір лексема бірнеше басты ұғымдарды тоғыстырып жатады. М.Қашқаридың сөздігінде «уақыт мөлшері» семантикасын білдіретін *мәңгү // мәңгі, былдұр // былтыр, иыл // жыл, көш // сәт, уақыт* сөздері кездеседі. Бұл сөздер де, бір жағынан, уақыт, мезгіл атауын білдірсе, екінші жағынан, сол атаудың уақыттық мәнін, мерзімін, мөлшерін білдіреді. Ғалым бұл сөздерге былайша түсініктеме береді:

– *Мәңгү // мәңгі, мәңгілік, шетсіз-шексіз. Бұл сөз әрі есім, әрі мәсдар. «Мәңгү ажұн // мәңгілік дүние»*. Жырда былай деп келген:

Тұғұп тақы қалмады мәңгү ерен // адам мәңгі қалмайды, туса-туар,

Ажұн күні иұлдұзы тұтшы тұғар // дүниенің күн, жұлдызды туар-тұрар! (МК, Т₃-506);

– *Былдұр // былтыр (өткен жыл)* (МК, Т₁-516-517);

– *Иыл // жыл: бір иыл кешті // бір жыл өтті* (МК, Т₃-12);

– *Көш // сәт, уақыт: бір көш күдзгіл // бір сәт күткін, біраз күт* (МК, Т₁-380).

Сөздікте кездесетін бұл сөздердің ішінде *меңгү* сөзінің айрықша танымдық мәні бар. Түркілер танымында сан ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан, олардың уақытқа көзқарасын, тұрмыс-тіршілігінің уақытпен байланыстылығын танытатын үлкен менталды сөз. Көне түркі тілінде, «Күлтегін кіші жазуында» бұл сөз *беңгү іл // мәңгі ел* (КТк., 8) түрінде бір рет, *беңгү таш // мәңгі тас* (КТк., 11) түрінде үш рет кездеседі. Аталған сөз жаратылыстық дүниенің уақытпен

өлшенетін шегіне, өмір сүру ұзақтығына қатысты айтылып, *шексіз уақыт* семантикасын білдіреді. Ал кейде салыстырмалы түрде шекті, бірақ ұзақ уақыт семантикасын да білдіреді. М.Қашқари бұл сөзді «*әрі есім, әрі мәсдар*» деп береді. «*Есім*» дегенде заттың атауы емес, белгілі уақыт мөлшерінің атауы. «*Мәсдар*» етістіктің тұйық райы дегенді білдіреді. Соған қарағанда, бұл сөз де етіс негізді туынды сөз болғаны. Ал *былдұр // былтыр, иыл // жыл, көш // сәт* сөздері де мезгіл атауын білдірумен қатар уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Айталық, *былдұр – бір жылдан көп емес уақыт, иыл – бір жыл уақыт, көш – белгісіз қысқа мерзім*. Уақыт мөлшерін білдіретін мұндай сөздердің кейбірінде уақыт мөлшерінің нақты мәні болса, кейбірінде болжалдық мән болады.

Уақыт мөлшері семантикасы ұдайы уақыт, мезгіл атаулары арқылы беріле бермейді. Кейде өзге сөз таптарының ауысып жұмсалуды, белгілі процесс пен заттың уақыттық шегі арқылы да беріледі. М.Қашқари сөздігінде мұндай типтегі сөздер де кездеседі және оның уақыт семантикасын ғалым жақсы түсіндірген:

– *Ұзақ // ұзақ: ұзақ іш // ұзақ іс, созылған іс. Бір жаққа жіберген адам ұзақ кешіккенде де осы сөз қолданылады: «Иалауаш ұзақ барды // жаушы ұзақ кетті»* дейді (МҚ, Т₁-95);

– *Пат // тез, жылдам: «пат кел // тез кел», «шап кел // тез кел»* деген секілді (МҚ, Т₁-378);

– *Кібе // сәт, қысқа мерзім (оғызша): «кібе болды // аз уақыт өтті»* (МҚ, Т₃-296-297);

– *Тадұн – бір жасар бұзау* (МҚ, Т₃-234).

Ұзақ // ұзақ сөзі – қашықтық семантикасын білдіретін сын есім сөз. Алайда сөздермен тіркескенде іс-әрекеттің уақытпен байланысты созылу ұзақтығы семантикасын білдіріп, уақыт мөлшерін де білдіреді. Яғни уақыттың қимыл-әрекетпен өлшенуі. Демек бұл сөз жалпылама сыннан гөрі, зат пен қимыл-әрекеттің уақыттық және кеңістіктік шегін көрсететін нақты мөлшер семантикалы сөз екені байқалады. Ал *пат // тез, жылдам, кібе // сәт, қысқа мерзім* сөздері «өте аз уақыт» семантикасын білдіреді. Түркілер уақыт кезеңдерінің, мөлшерінің қажетті әр элементіне ат қоя білген. Бұл *тадұн* сөзінен де көрініс табады. *Тадұн* – туылғанына *бір жыл* толған мал баласына (сиыр) берілген атау. Мұнда заттық семантикамен қатар, уақыт семантикасы да басты тірек мағына саналады. Ежелгі түркілер мен қазақтарда уақыт ұғымымен, уақыт мөлшерімен байланысты келетін мал атаулары көптеп кездеседі. Бұл уақыт семантикасын тұрмыс-тіршілік формасында игерудің бір көрінісі саналады.

Сөздікте «уақыт» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктер сын есім, үстеу сөздері арқылы беріледі және олардың саны тым көп емес. Өйткені уақыт – абстрактілі ұғым. Сондықтан уақыт мөлшерін білдіретін тілдік бірліктер көбіне күрделі құрамды болып келеді.

Сөздікте «*салмақ*», «*көлем*», «*сыйымдылық*» ұғымдарын білдіретін лексикалық бірліктер де кездеседі. Алайда олар саны жағынан тым шектеулі және нақты мөлшерлік шаманы емес, мөлшерді сындық тұрғысынан сипаттау мәнді болып келеді. Ғалым бұл сөздердің семантикасын да мысалдар арқылы түсіндіреді. Айталық, «*салмақ*» ұғымына қатысты сөздікте *азыр // ауыр*, (МҚ, Т₁-82), *иенік // жеңіл* (МҚ, Т₃-30) сөздері кездеседі де, мынадай түсініктеме берілген: *Азыр // ауыр, салмақты: азыр адзақ емрүлді // ауыр аяқ тыншыды (шаршау мағынасында – А.Е.). Яғни, «аяғы ауыр адам қыбырлап ақырын жүрсе де межелі*

жерге, дегеніне жетті» дегені (МҚ, Т₁-82). *Азыр // ауыр* сөзі қимыл-әрекеттің сылбырлығы, қиындығымен қатар, нақты заттардың да салмағына байланысты қолданылады. Мұнда зат салмағының *ауыр* не *жеңіл* болмағы арасында түрлі шамалар жиынтығы өмір сүретіндіктен, ол түрлі деңгейден құралатын «мөлшер» ұғымына жатады. Заттардың салмағы *ауыр* не *жеңіл* болуы сол заттың ішкі межесіне және барлық адамдардың санасында қалыптасқан орталық меже негізінде анықталады.

Сөздердің ендігі бір тобы «көлем» ұғымын білдіреді. Олардың қатарына *иоғұн, алп, иасы, ұшақ, иінчке* сөздерін жатқызуға болады. Бұл сөздер сөздікте былайша түсіндірілген:

– *Иоғұн // жуан* – қалың нәрсенің бірі (МҚ, Т₃-42);

– *Алп // алып, батыр: алып иағыда, алчақ чоғыда // батыр жауда, момын дауда (білінер)* (МҚ, Т₁-70);

– *Иасы // енді, кең: иасы нең // енді нәрсе* (МҚ, Т₃-36);

– *Ұшақ // ұсақ: ұшақ нәң // ұсақ, майда нәрсе; содан барып кішкентай жас балаларды «ұшақ оғлан // ұсақ бала» дейді. Отынның ұсағын да «ұшақ отұн // ұсақ отын» дейді. Бұл сөз жалқыға емес, жалпыға қолданылады* (МҚ, Т₁-95-96);

– *Иінчке // жіңішке, жұқа, нәзік: иінчке торқу // нәзік мата; нәзік торқа, иінчке кіші // жіңішке кісі* (МҚ, Т₃-508).

Заттың көлемі мен сыйымдылығы – қатар жүретін ұғымдар. Сыйымдылығы үлкен затың көлемі де үлкен болады немесе керісінше. Жоғарыдағы *иоғұн // жуан* сөзі де сол сияқты *жуан, үлкен* деген «көлем» ұғымын білдірумен қатар, сыйымдылық ұғымын да білдіреді. Бұл сөз ДТС-те де кездеседі және мынадай түсініктеме беріледі: «1.толстый, крупный (МК III 29); кімнің тамары иоғұн болсар қанағы иеңіл // у кого толстые сосуды, кровоиспускание легкое» (ТТ VII 42₃) [188, с. 270]. Мұнда тамырдың жуандығы «сыйымдылық» ұғымына жатады. Ал *алып // алып* сөзі адамның дене бітімі орасан үлкен, қалыпты мөлшерден тым ірі екенін білдіреді. Дене бітімнің үлкендігі «көлем» ұғымына жатады. Сондықтан *иасы // кең* сөзі де дене бітімінің көлденең бағыттағы үлкендігін білдірсе де, «көлем» ұғымына жатады. Бұл сөздерге семантикалық тіресім – *ұшақ // ұсақ* сөзі. Кез келген қатты заттардың сыртқы формасына қатысты айтылып, қалыпты мөлшерлік межеден кішкенелік семантикасын білдіреді. *Иінчке // жіңішке* сөзі де заттың сыртқы формасының, енінің жіңішкелігін білдіреді. *Иінчке // жіңішке* нәрселердің иелейтін көлемі де аз болғандықтан, ол «көлем» ұғымына жатады.

Көлем сыртқы аумақ болса, сыйымдылық ішкі аумақ. Кейде екі ұғым өлшемдік мақсатта бір заттың бойынан да табылады. Десе де «сыйымдылық» ұғымы өлшемдік мақсатта көбірек қолданылады да, көлем шамалау, ойша болжау мәнінде келеді. М.Қашқари сөздігінде сыйымдылық семантикасын білдіретін *кең // кең* және *тар // тар* сөздері кездеседі. Аталған сөздерге мынадай түсіндірме беріледі:

– *Кең // кең: кең нәрсенің бәріне «кең нең» дейді. Мақалда былай деп келеді: «кең тон ұпрамас кеңешлік білік артамас // кең тон тозбас, кеңескен білік азбас». Кең тон жыртылмайды, тозбайды, ақылдасып, кеңесіп істеген іс бүлінбейді. Бұл өзімбілемдікке салынбай, басқалармен кеңесіп, ойласып іс атқарған жөн дегенді меңзейді* (МҚ, Т₃-482).

– *Тар // тар – тар нәрсе: тар еб // тар үй, басқаларға да сондай* (МҚ, Т₃-207).

Мысалда *кең, тар* сөздері қазіргі қазақ тіліндегідей заттардың ішкі бөлігінің аумағын білдіру үшін қолданылған. Кез келген заттың ішкі бөлігінің ауқымы белгілі межемен салыстырмалы түрде анықталады. «Сыйымдылық» ұғымы көбіне тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ секілді заттарға тән.

М.Қашқаридың сөздігінде мөлшер семантикалы тағы біралуан сөздер кездеседі. Аталған сөздер бір бүтін заттың толықтығы мен кемістігін, бүтіндігі мен жартылығын білдіреді. Бұларды семантикалық ерекшелігіне қарай жоғарыдағы ұғымдардың ешқайсысына жатқызуға келмейді. Сондықтан бұл сөздерді «бүтін/бөлшектік» семантикалы сөздер деуге болады. Бұлардың реті төмендегідей:

– *Бүтүн // бүтүн, бірегей: бүтүн иармақ // бүтін ақша* (МҚ, Т₁-457);

– *Иап // бүтін, тұтас – бір нәрсенің бүтіндігі: Иап иармақ иоқ // бүтін ақша жоқ; жанымда тұтас ақша жоқ* (МҚ, Т₁-11);

– *Иарым – екіге айырылған нәрсенің әрқайсысы, әр бөлегі, (жартысы, жарымы – А.Е.): бұтақ иарымы // бұтақтың жарты бөлегі. Мұның негізі «жарылмақ» болады. Иарым // жарты, (жарым – А.Е.): алмыла иарымы // алманың жартысы. Басқаларға да сондай* (МҚ, Т₃-30);

– *Бөлүк // бөлік – хайуанаттардың бір тобы, бөлігі: бір бөлүк қой // бір бөлік қой, бір бөлүк кіші // бір топ кісі. Бұл – жалпы есім, «халық, түйе» деген секілді* (МҚ, Т₁-443);

– *Пұшғақ // пұшпақ, бөлік; пұшғақ // пұшпақ, тарап: иер пұшғақы // жердің тараптары* (МҚ, Т₁-524-525);

– *Кесек – бір нәрсенің кесегі, бөлігі: бір кесек етмек // бір кесек нан, бір тілім нан* (МҚ, Т₁-450);

Мысалдағы *бүтүн // бүтүн, иап // бүтін* сөздері кез келген заттың толықтығы, өзіне тиесілі барлық бөлшектерінің бүтіндігі, ешқандай ақау, кемістік жоқтығы семантикасын білдіреді. Ал *иарым // жарты, бөлүк // бөлік, пұшғақ // пұшпақ* сөздері бір бүтін нәрсенің кемістік, толық еместік семантикасын білдіреді. Мұнда *иарым // жарты* сөздері бүтін нәрсенің екі бөлікке бөлінгендегі бір бөлігін, тіптен тең жартысын білдіреді. Бұл туралы С.Боранбаев былай дейді: «Сөздің түбірі – *йар (рассекать, расщеплять, 239)*. Бұл өзі – көне түркі сөзі. Ол сондықтан көп тарап, кең жайылып кеткен лексема болып есептеледі» [190, 99 б.]. Ал *пұшғақ // пұшпақ* сөзі бүтін нәрсенің тең жарты бөлігі емес, аз ғана бөлігі, шеткі кішкене бөлігі семантикасын білдіреді. *Бөлүк // бөлік, кесек // кесек* сөздері қанша бөлікке бөлінгені белгісіз, әйтеуір бір бүтін заттың бір бөлігі семантикасын білдіреді. Бүтін мен бөлшек арасындағы шамалар жиынтығы мөлшер семантикасын қалыптастырады. Қазіргі қазақ тілі теориясында бұл сөздер «семантикалық жағынан сан есімдерге жақын сөздер тобы» ретінде танылады [166, 470 б.]. Ал А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінің алғашқы басылымдарында (1915–1922) бұл типтес сөздерді *телімдік* деп атайды да, оны былайша түсіндіреді: «Нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сөздер бар; олар *телімдік* деп аталады. Телімдік сан: *жарты, жарым, ширек*. Қазақтың тілінде *телімдік* санның есімі тіпті аз» [137, 38 б.]. Аталған еңбектің одан кейінгі басылымдарында (1923–1924) мұны «жарнақ сан» деп өзгертеді [138, 42 б.]. Бұл сөздер ғалым айтқандай «бөлімтік» семантикасын

білдіргенімен, біздіңше, сан есімдерге жатқызуға болмайды. Бұл типтес сөздерден сандық семантиканы ұғынуға болғанымен, олар белгілі заттың мөлшерін, мөлшерлік сынын білдіретін сөздер. Сондықтан оны сын есімнің не мөлшер семантикасы шеңберінде қарастыру керек.

Заттар бүтін немесе бөлшек болумен қатар, олар белгілі сандық мәнге ие болады. Заттардағы осы *белгілі/белгісіз* сандық мән «көптік» ұғымын қалыптастырады. Тілде көптік семантика лексикалық деңгейде түрлі жолдар арқылы беріледі: кейде нақты сандар арқылы, кейде көлемін сипаттау арқылы, ал кейде орналасу тығыздығын, қозғалыс деңгейін сипаттау арқылы. Көптік семантикалы сөздердің кейбірі барлық заттарға бірдей қолданылса, ал кей лексемалар арнайылық сипат алады. М.Қашқари сөздігінде мұндай көптік семантикалы сөздер жиі кездеседі және оның семантикалық айырым белгілері мен қолданылу ерекшелігі түсіндірілген. «Көптік» ұғымы *көп/аз тіресімі* арқылы сипатталады. Сөздікте барлық заттарға ортақ қолданылатын көптік семантикасы *күп // көп, көп // көп, мол* сөздері арқылы берілсе, аздық семантикасы *аз // аз* сөзі арқылы беріледі. Бұл сөздерге сөздікте мынадай түсіндірме берілген:

– *Көп // көп, мол: көп нең // көп нәрсе, мол нәрсе; көп шаш // көп шаш, шұбатылып өскен қалың (қолаң – А.Е.) шаш* (МҚ, Т₁-377-378);

– *Аз // аз: аз нең // аз нәрсе* (МҚ, Т₁-110).

Жоғарыдағы сөздер кез келген заттардың сандық көптігін де, көлемдік көптігін де білдіріп, барлық заттарға ортақ қолданылады. Ал жоғарыдағы *күп, көп* сөздері, біздіңше, аздаған фонетикалық өзгерістерге ұшыраған бір сөз. Ол әр түрік тайпаларында түрліше дыбысталатын болса керек.

Сөздікте «көптік» ұғымы сандық семантика арқылы да беріледі. Мұндай сөздердің нақты сандық мәні болады. Солардың бірі – *түмен* сөзі. Сөздікте сөз былай беріледі: *Түмен // түмен, көп; түмен мың // мың-мың, мың есе мың, демек, бір миллион; түмен мың иармақ // мың-мың ақша, бір миллион ақша* (МҚ, Т₁-461). Бұл сөз ақша, тағы басқа да құн өлшемдеріне байланысты қолданылғанда нақты сандық мәнді (он мың) білдіреді де, ал нақты сандық мәні қажет емес тұстарда қолданылса, «өте көп» деген мағынаны білдіреді. Сөздікте *түмен* сөзіне ұқсас *түпен* сөзі кездеседі. Бұл сөздің де семантикасы *түмен* сөзіне жақын келетіні мына түсініктемеден аңғарылады: *Түпен // көп: түмен түрлі сөзледі // түрлі-түрлі сөйледі, яғни көп түрлі сөйледі* (МҚ, Т₁-461). Десе де бұл сөз ДТС-те кездеспейді. Соған қарағанда аздаған дыбыстық өзгешеліктермен айтылып, көптік семантикада қолданылатын *түмен* сөзінің өзі сияқты. *Түмен* де, *түпен* де заттардың ғана көптігін емес, қимыл-әрекеттердің де көптігі семантикасын білдіреді.

Сөздікте көптік семантикасын білдіретін қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін *үкүш, өкіл, телім, бүте* сияқты сөздер бар. Бұлардың кейбірі көне түркі тілінде де кездесіп, онда да көптік семантикасын білдіреді. Аталған сөздердің сөздіктегі түсіндірмесі мынадай:

– *Үкүш // көп: үкүш нәң // көп нәрсе. Мәтелде былай айтылыпты: тіріг есен болса таң үкүш көрүр // аман болса тірі (жан) таңды көп көрер. Адамның басы аман болса, таңданарлық қызық жайларды көп көрер әлі демекші* (МҚ, Т₁-90);

– *Өкіл // көп (қыпшақша): өкіл кіші // көп кісі* (МҚ, Т₁-104);

– *Телім // көп, қалың: телім иармақ – көп ақша* (МҚ, Т₁-455);

– *Бүте // көп, мол: мен аңар бүте иармақ бердім // мен оған көп ақша бердім; бұ ышқа бүте болды // бұл іске біраз мерзім өтті. Бұл сөз оғыздардың «кібе // аз уақыт, аз мерзім» деген сөзіне үйлеседі* (МҚ, Т₃-296-297).

Бұл сөздер көбіне ақшаның көптігіне байланысты қолданылған. Ал *өкіл* сөзі қыпшақша деп берілген. Соған қарағанда түркі тайпаларында ақша немесе басқа да заттардың көптігін білдіретін әр бөлек сөздер қолданыста болғанға ұқсайды. *Үкүш* сөзі көне түркі тілінде заттық ұғымдардың көптігін білдіруге қолданылған. М.Қашқарида заттық ұғымдармен қатар қимыл-әрекеттің де көп мәрте орындалу, шамадан тыс атқарылу семантикасын беруге қолданылады.

Қашқари сөздігіндегі көптік семантикасын білдіретін сөздердің ендігі бір тобы заттардың орналасу тығыздығын, жиілігін сипаттау мәнді болып келеді. Бұл сөздер нақты деректі заттарға байланысты қолданылып, олардың бөлшектерінің көптігін емес, өзі тектес заттардың бір орында тығыз орналасуын сипаттау арқылы сол зат тобының көптігін білдіреді. Олар *қалын, иі* сөздері. Аталған сөздердің сөздіктегі нақты түсіндірмесі мынадай:

– *Қалын // қалың, көп: қалын сү // қалың әскер* (МҚ, Т₁-463);

– *Иі // (қалың, жыныс – А.Е.): иі иағаш // қалың ағаш; қалың жыныс ағаш, бір-біріне шырмалып тұтасып өскен ағаш. Бұл сөздің негізі «иігі // жиі, қалың, тығыз» деген сөз еді, әріп қысқарып түсіп қалған. Арасы жақын, тығыз өскен тісті де «иігі тыш // жиі тіс» дейді* (МҚ, Т₃-295).

Жиі, тығыз орналасқан заттар қашан да көп болатыны түсінікті. Орналасу, тығыздану үдерісі белгілі қимыл-әрекет негізінде жүзеге асады және бұл көбіне тірі организмдерге қатысты айтылады. Соның ішінде әсіресе көбі – өсімдік түрлері. *Қалын, иі* сөздер қазақ тіліндегі *қалың* және *жиі* сөздерінің ежелгі формасы екенін байқау қиын емес. Мұнда *қалын* сөзінің *қалың* екеніне күмән тумаса керек. Ал *иі* сөзін *жиі* екенін тағы да нақтылай түсу қажет. Берілген Қашқаридың түсініктемесінде *иігі* сөзінің *апокопа* салдарынан *иі* болып қалыптасқаны айтылған. Сөздікте бұл туралы мынадай тағы бір дерек кездеседі: *Чігі // жиі; тығыз: «чігі иі // жиі тігіс», «ч» әрпі «иігі тікті // жиі тікті» дегендегі «и» әрпімен алмасқан. Кітаптың бас жағында айтқанымыздай, қыпшақ, тағы басқалардың тілінде «и» әрпінің орнына «ч/ж» әрпі ауыстырылады. Сөйтіп олар інуді «чінчу» дейді. Дұрысында «и» әрпімен келеді* (МҚ, Т₃-311). Мұнда *ж/и* сәйкестігі туралы айтылған. Алайда ғалым «и» дыбысын ежелгі форма (дұрысы) деп таныған. Бұл тұжырымға қазіргі түркологиялық зерттеулердің қорытындысы қайшы келеді. Түркітанушы ғалымдардың көпшілігі ең ежелгі форма «и» дыбысы емес, *ж* дыбысы деп санайды. Ал қазақ тілі – сол ежелгі қалыпты сақтаған тілдердің бірі. Олай болса, аталған сөздің даму генезисін *жігі/чігі – иігі – иі – жиі* деп көрсетуге болады. Бұл сөздер дыбыстық өзгеріске түскеніне қарамастан, архисемасын сақтаған.

Мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде есімдіктердің кейбір мағыналық топтары арқылы да беріледі. Есімдіктер тілдің икемді қолданысында белгілі сөздердің орнына ауысып жұмсалатын сөз ретінде белгілі. Есімдіктердің бұл ауыспалылық қызметі мөлшерлік ұғымдарға да қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде мөлшер семантикасын *жалтылау, сұрау есімдіктер* білдіреді. Мөлшер семантикалы есімдіктер мөлшерлік шаманы тіке білдірмейді, белгілі бір шамаға, мөлшерге бағыттайды, нұсқайды, ойша қамтиды немесе сол мөлшерді сұрайды. Бұл сөздердің тағы бір ерекшелігі – привативті жұптар жоқ, *тіресім* құрамайды.

М.Қашқари сөздігінде де мөлшер семантикалы есімдіктер кездеседі және ол қазіргі қазақ тілімен сәйкес келеді. Сөздіктегі мөлшер семантикалы жалпылау есімдіктерге *барша, қамұз, түгел* сөздер жатады және оның сөздіктегі түсіндірмесі мынадай:

– *Барша // барша, түгел: барша келділер // баршасы келді* (МҚ, Т₁-477);

– *Қамұз // бәрі, түгел, барлық: қамұз кісі түз емес // барлық кісі бірдей емес* (МҚ, Т₁-434);

– *Түгел // түгел, толық – бүтін нәрсені де «түгел» дейді: түгел алғыл // түгел алғын, бүтіндей ал* (МҚ, Т₁-472).

Жалпылау есімдіктері белгілі нысан мен үдеріске қатысты заттардың, қимыл-әрекеттің бәрін қамту ұғымын білдіреді. Сол арқылы шамалардың жиынтық семантикасын құрайды. Жоғарыда *барша* сөзі келуге тиіс адамдардың немесе үдеріске қатысы бар адамдардың бәрін жалпылап, қамтып тұр. Ал *қамұз* сөзі де сондай, «барша адамзат баласы» жалпылау семантикасын білдіріп тұр. Аталған сөз көне түркі тілінде де дәл осы формада келіп, осы мағынада жұмсалады. *Түгел* сөзі де үдеріске қатысты заттар мен құбылыстардың бәрін қамтиды және бүтіндік семантикасын білдіреді. Бұлар зат пен іс-әрекеттердің жиынтық шамасын білдіретіндіктен, мөлшер семантикалы сөздерге жатады.

2. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі мөлшер семантикалы грамматикалық формалар

Жалпытілдік мөлшер категориясында «мөлшерлік семантика» өрісінің бір бөлігін грамматикалық деңгей құрайды. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде мөлшер семантикасын білдіретін грамматикалық бірліктер де көптеп кездеседі. Тілдің грамматикалық деңгейінің өзі морфологиялық және синтаксистік деңгейді қамтитыны белгілі. Сонымен қатар соңғы жылдары тілдің тағы бір деңгейі ретінде сөзжасам алынады. Мөлшерлік семантиканың жасалуына негізінен сөз тудырушы емес, форма тудырушы қосымшалар қатысады. Кейбір арнайы мөлшерлік бірліктерді тудырушы сөзжасамдық жұрнақтардың өзі (*-ым/-ім*) тіркес құрамында келіп, синтаксистік байланысқа түспей, мөлшерлік семантика бере алмайды. Сондықтан кейбір сөзжасамдық бірліктер синтаксистік деңгейде сөз болады.

Осы арада мынаны ескерте кету керек, М.Қашқари сөздігінен грамматикалық формаларға мысал кездесе қоймайды. Өйткені сөздікте, негізінен, лексикалық бірліктер енгізілген. Бұл туралы ғалымның өзі де: «Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болатын түбір сөздерді алдым», – деп ескертеді [97, 33 б.]. Сол себепті сөздікте кездесетін аффикстердің грамматикалық мағынасын мысалдар арқылы жан-жақты ашуға қиындық туады. Сөздердің мағынасын ашу үшін енгізілген өлең-жырлар мен нақылдардан аздаған мысалдар табылмаса, сөйлем, контекст деңгейінде мысал келтіру қиын. Сондықтан синтетикалық формалардың мөлшерлік семантика беру ерекшелігіне сөздіктегі түсіндірмесі және қазіргі қазақ тілі мен көне түркі тіліндегі дәл сол формалармен салыстыру негізінде талдау жасалады.

1) М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі мөлшер семантикасының морфологиялық деңгейдегі көрінісі

Сөздікте мөлшерлік семантика морфологиялық деңгейде мынадай грамматикалық, синтетикалық формалар арқылы беріледі:

-*Тег* аффиксі салыстыру мәнді мөлшерлік семантиканы білдіреді. М.Қашқари сөздігінде бұған мынадай түсіндірме берілген: *Тег // – тай / – дай – ұқсату қосымшасы: ол андағ тег // ол сондай секілді; ол анандай* (МҚ, Т₃-216). Аталған аффикс қазақ тіліндегі *-дай, -дей, -тай, -тей* функционалды қосымшасына сәйкес келеді және жай ғана ұқсату семантикасын білдірмейді: бір зат пен екінші затты көлемі, салмағы, ауданы, ұзын-қысқалығы, түрлі сындық, сапалық, мөлшерлік белгілеріне қарай теңестіреді; бір құбылыс пен екінші құбылысты көріну сипатына қарай ұқсастырады; бір қимыл-әрекет пен екінші қимыл-әрекетті жылдамдығы, күші, ауқымы, уақыты, түрлі шамалық белгілеріне қарай салыстырады. Қай жағынан алсақ та заттар мен құбылыстарды мөлшерлік тұрғыдан салыстыра сипаттайды. Заттар мен заттарды мөлшерлік тұрғыдан сипаттағанда кейде образды мөлшерлік мағына да тудырады. «-Тег» аффиксі көне түркі тілінде де «-тег» формада кездеседі және оның семантикалық ерекшеліктері де ұқсас. Ал ДТС-те бұл аффикстің семантикалық ерекшелігі былайша түсіндіріледі: «ТЕГ послелог: 1. Как, словно, будто, подобно; 2. В сочетании с глагольными формами выражает сравнение и соответствует по значению сравнительному союзу и частице как, как будто» [188, с. 546]. Аталған қосымша қазақ тілінің тарихи қабаттарының бәрінде кездеседі және әр кезеңдерде семантикалық өрісінде аздаған айырмашылықтар болмаса, барлық кезеңде бірдей мөлшерлік мәнде жұмсалады (132-беттегі 4-кестеге қараңыз).

-*Ча/-че* аффиксі де салыстыру мәнді мөлшер семантикасын білдіреді. М.Қашқари сөздігінде бұл формаға мынадай түсіндірме берілген: *-ча/ -че – ұқсату, баламалау қосымшасы. Бұл араб тіліндегі «г» сынды ұқсату, мезгеу қосымшасына ұқсайды. Мысалы, «ол менің че // ол менше; ол мен секілді», «бұ аның ча // бұл оныңша; бұл сол секілді»* (МҚ, Т₃-285). Бұл қазіргі қазақ тілінде *-ша/-ше* түрінде берілсе, көне түркі тілінде *-ча / -че* формасында кездеседі және заттардың түрлі мөлшерлік белгілерін ұқсату семантикасын білдірген. *-Ча // -ша, -че // -ше* аффиксінің мөлшерлік семантикадан басқа да грамматикалық мағыналары көп. Мөлшерлік семантикасының өзі де бірнеше түрлі. Айталық, уақыт шегі (өлгенше), қимыл-әрекеттің орындалу мөлшерін ұқсастыру, сандық шамалардың белгілі мәнге жуықтығы, шамаластығы, заттық пішіннің (көлем), жасының кішілігі сияқты көптеген мөлшерлік мағыналарды білдіреді. Бұл аффикстің түркілік кезеңдегі семантикалық ерекшелігі туралы А.Жаңабекова «Қазақ тіліндегі функционалды қосымшалар» атты еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «М.Терентьев өзбек тілінің грамматикасында оның кішірейту мағынасын беретіні жайлы айта келіп, оның жіктеу есімдіктерімен келгенде салыстыру мағынасын білдіретіні (*менче*), барыс септігімен келгенде шектеулік мағына (*үйга ча-до дому*) беретіні жайлы мәлімет берді» [184, 69 б.]. Бұған қарағанда, аталған аффикс түбі бір өзге туыстас тілдерде де функционалды әлеуетін көрсетеді. Демек, аталған жұрнақтың семантикалық әлеуеті ерте түркі, орта түркілік кезеңнен жалғасып келе жатыр деуге негіз бар. Соның ішінде мөлшер семантикасы негізгі мағыналарының бірі (132-беттегі 5-кестеге қараңыз).

Сөздікте мөлшер семантикасы *-рақ, -ырақ // -рақ, -рек, -ырақ, -ірек* аффиксі арқылы да беріледі. Бұл форма қазіргі қазақ тілінде салыстырмалы шырай қосымшасы деп аталып, заттар мен құбылыстардың сындық, сапалық белгілерінің түрлі деңгейін, дәрежесін білдіретіні белгілі. Заттар мен құбылыстардың түрлі деңгей, дәрежесі «мөлшер» ұғымына да қатысты. Мысалы, *кішкене, кішірек, үлкенірек, үлкен, өте үлкен* деген сөздерде бір-біріне ұқсамайтын көлемдік семантиканы білдіретіні түсінікті. Осы ұқсамаған көлемдік шамалар «мөлшер» ұғымын қалыптастырады. Олай болса, аталған семантика орта ғасыр түркі тіліне де тән. Бұл форма туралы Қашқари сөздігінде: «*-рақ, -ырақ – салыстырмалы реңді білдіреді*» (МҚ, Т₁-33) деп берілген. Мұндағы «салыстырмалы рең» мөлшерлік шамалардың түрліше дәрежесі дегенді білдіреді.

-Лыз, -ліг, -лұғ, -лүг // -лы, лі, -ды, -ді, -ты, -ті аффиксі арқылы да мөлшер семантикасы беріледі. Бұл – X–XII ғасырлар түркі тілінде өнімді әрі функционалды жұрнақтардың бірі. М.Қашқари сөздігінде *-лыз, -ліг, -лұғ, -лүг* қосымшалы сөздер (*ұларлыз, алынлыз, топұнлұғ*) біршама мол кездеседі және *барлық, тәндік, молдық* семантикасын білдіреді. Сөздікте былай беріледі:

– «*Ұларлыз // ұларлы: ұларлыз тағ // ұларлы тау*» (МҚ, Т₁-179);

– «*Алынлыз // (маңдайлы, маңдайы ашық): алынлыз ер // маңдайы кең адам, маңдайлы адам*» (МҚ, Т₁-179);

– «*Топұнлұғ // (топанды): топұнлұғ тарғ // топанды бидай, топаны көп астық*» (МҚ, Т₁-557).

Бұл үш сөздің үшеуі де түрлі заттардың әртүрлі мөлшерлік ұғымын білдіреді. Айталық, *ұларлыз тағ* «ұларлы тау, ұлары көп тау» деген мағынада *заттың сандық көптігі* семантикасын білдірсе, *алынлыз ер* «маңдай алды кең, жазық маңдай, маңдайы үлкен» деген мағынада «аудан» ұғымын білдіреді. Ал *топұнлұғ тарғ* да «топаны көп араласқан» деген мағынада «шамалық көптік» ұғымын білдіреді.

Аталған аффикстер адамның дене мүше атауларын білдіретін зат есім сөздерге жалғанғанда *көптік, барлық* мағына емес, сол дене мүшенің үлкендік, ұзындық семантикасын білдіреді. Яғни жай қалыпты мөлшерден артық екенін білдіреді. Сөздікте бұған қатысты мынадай сөздер кездеседі және оған төмендегідей анықтамалар беріледі:

– «*Боз, бодз // бой: ұзұн бодзлұғ кіші // ұзын бойлы кісі*» (МҚ, Т₃-173-174);

– «*Табандыз // (табанды): табандыз теуі // табанды түйе*» (МҚ, Т₁-557);

– «*Қарындыз // (қарынды): бедүк қарындыз ер // үлкен қарынды адам*» (МҚ, Т₁-558).

Мұнда *бодзлұғ* – бойдың ұзындығын; *табанлыз* – табан көлемінің үлкендігін; *қарындыз* – қарын көлемінің үлкен әрі жуандығын білдіреді.

-Лыз, -ліг, -лұғ, -лүг аффиксі қазіргі қазақ тілінде зат есімнен сын есім тудырушы *-лы, лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағына сәйкес келеді. Алайда А.Байтұрсынұлы бұл жұрнақты сын есім тудырушы жұрнақ демейді, *зат есімнен туған сөздер* деп зат есім тарауында қарастыра келіп, былай дейді: «*-Лыз*» (*-ды, -ты*) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол заттың екінші затта барлығын, хаттө молдығын да көрсету үшін. Мәселен: *бала* деген сөзге *-лы* жұрнағын жалғап, *балалы* деп, баласы көптігін көрсетеміз. *Мал* деген сөзге *-ды* жұрнағын жалғап, *малды* деп, малы барлығын, һәм молдығын көрсетеміз. *Ұлақ* деген сөзге *-ты* жұрнағын жалғап, *ұлақты* деп, ұлағы барлығын көрсетеміз, тағысын тағылар»

[138, 30 б.]. Ғалым аталған жұрнақтың семантикалық ерекшелігін дәл анықтай білген. Мұнда мына бір ғылыми танымы назар аударуға тұрарлық. Яғни *зат есімнен туған сөздер* деп беруі бұл жұрнақтың қызметін сөзжасамдық емес, форма жасамдық деп танығаны аңғарылады. Шындығында, бұл жұрнақтар сөзді мүлде өзгертіп, жаңа сөз жасамайды. Керісінше, зат есімдерге грамматикалық мағына үстеп, барлық, көптік семантикасын білдіреді.

-*Лыз, -ліг, -лұз, -лүз* аффиксінің тағы бір мағынасы – белгілі бір заттың барлығын, біреуге тиесілілігін білдіру. Бұл мағынаны сөздікте кездесетін мына сөздердің түсіндірмесінен аңғаруға болады:

– *Үгүрлүз // (үйірлі): үгүрлүз ер // қой және басқа үйір-үйір малы бар адам. Байталдары бар айғырды да «үгүрлүз азғыр // үйірлі айғыр» дейді* (МҚ, Т₁-183);

– *Барлыз // барлық, баршылық, қолда бар: барлыз ер // бар адам; қолында бар адам (Мал біткен, дәулетті адам)* (МҚ, Т₃-580);

– *Алымлыз // (алашағы бар): алымлыз ер // алымы бар адам, алашағы бар адам* (МҚ, Т₁-179).

Берілген сөздердің үшеуі де (*үгүрлүз, барлыз, алымлыз*) белгілі заттың көп мөлшері әлдебіреуге тиесілілігін, біреуде барлығын білдіреді. Алайда қазіргі қазақ тілінде мұндай қолданыстар жоқ. Соған қарағанда бұл сөздер сол кезеңде адамдар арасындағы күнделікті алым-берім қатынасында тұрақты қолданыс тапқан, байлық ұғымын сипаттайтын терминдік ұғым деңгейіндегі сөздер болғанға ұқсайды. Сонымен қатар бұл өзгешелік орта ғасырда аталған аффикстердің сөздерге жалғану қабілетінің қазіргі қазақ тіліне қарағанда кеңдеу болғанын көрсетеді. Бұл грамматикалық қосымшалардың тарихи даму барысында формалық қана емес, мағыналық та өзгеріске түсетінін түсіндіреді.

-*лүк (-лық, -лік, -лұқ)* аффикстері арқылы уақыт мөлшері семантикасы беріледі. Яғни белгілі зат пен іс-қимылдың уақыттық шегін көрсетеді, мезгіл, мерзім, уақыт атауларына жалғанғанда, уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Сөздікте былай беріледі: *«Күнлүк // (күндік): күнлүк ием // күнделік жем, күндік азық. Аз қолданылатын сөз»* (МҚ, Т₁-540). Мұнда *күнлүк // күндік* сөзі бір күн (24 сағат) уақыт ұзақтығын білдіріп, бір күнге жетерлік жем (азық) ұғымын білдіріп тұр. Негізінде бұл синтетикалық форма ерте, орта ғасыр түркі тілінде өнімді жұрнақтардың бірі және бұдан да басқа бірнеше мағыналары бар.

Мөлшер семантикасын білдіретін синтетикалық формалар бұдан да көп болуға тиіс еді. Алайда сөздікте, жоғарыда айтылғандай, түбір сөздер ғана алынғандықтан, қосымшалар көбіне берілмейді. Біз сөздікте бар нақты тілдік фактілерді алғандықтан, жоғарыдағы формаларды ғана қарастырдық.

2) М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі мөлшер семантикасының синтаксистік деңгейдегі көрінісі

М.Қашқари сөздігінде мөлшер семантикасын білдіретін синтаксистік бірліктер де көптеп кездеседі. Мөлшер заттар мен құбылыстарға, қимыл-әрекеттерге байланысты күрделі ұғым болғандықтан, оны сипаттайтын тілдік бірліктер де көбіне күрделі құрамды болып келеді. Синтаксистік деңгейде мөлшер семантикасын білдіретін аналитикалық формалар бірнеше түрлі. Олар – сөз тіркестері, синтаксистік конструкция, синтаксистік модельдер.

М.Қашқари сөздігінде мөлшерлік семантиканың ең негізгі тәсілі – синтаксистік конструкция. Ол үш компонентті болып келеді: біріншісі – сандық компонент, екіншісі – мөлшерлік компонент, үшіншісі – заттық немесе

қимылдық компонент. Осы үштік құрылымның тұтастығы арқылы шексіз мөлшерлік семантика жасалады. Бұл конструкция арқылы зат мөлшері семантикасы да, қимыл мөлшері семантикасы да беріледі. Сөздікте зат мөлшерін білдіретін мөлшерлік конструкциялар жиі кездеседі. Ал осы зат мөлшерінің өзі заттар арқылы да, қимыл-әрекет арқылы да өлшенеді. Сондықтан конструкцияның *мөлшерлік компоненті* бірде зат есімдер, бірде етістіктер болып келеді. Конструкцияда ең негізгі компонент *мөлшерлік компонент* болып, ол тұтас мөлшерлік семантиканың түзілуіне ұйытқы болады. Мөлшерлік компоненттің өзі *туынды сөз және түбір сөз* болып келеді. Туынды мөлшерлік компоненттің түбірінің өзі кейде зат есім не етістік болып келеді. Мөлшерлік компонент болатын түбір сөздер дербес тұрғанда ешқандай *мөлшерлік мағына* білдірмейді, тек заттық мағына білдіріп, зат есім сөзі болады. Мөлшерлік мағына синтаксистік конструкцияның ішінде туындайды. Сондықтан мұндай мөлшерлік компоненттерді *ауыспалы мөлшерліктер* деп атауға болады. Ал мөлшерлік компонент туынды сөз болса, дербес тұрып *ешқандай мағына* білдірмейді де, конструкция құрамында мөлшерлік семантика тудырады. Сондықтан мұндай мөлшерлік компоненттерді *арнайы мөлшерліктер* деп атауға болады. Мөлшерлік компоненттердің мөлшерлік семантикасы тек конструкция ішінде айқындалатындықтан, ол синтаксистік деңгейде қарастырылуы керек және мөлшерлік семантика осы мөлшерлік компоненттердің аясында түсіндіру қажет.

М.Қашқари сөздігіндегі мөлшер семантикалы мөлшерлік конструкциялар көбіне соматизмдердің қатысымен құрылады. Яғни оның мөлшерлік компоненті не дене мүше атаулары, не дене мүшелерінің қатысымен істелетін қимыл-әрекет болып келеді. Сөздікте «мөлшер» ұғымын білдіретін соматизмдердің жалпы саны 40-қа тарта. Бұл сөздікте кездесетін мөлшер мәнді тілдік бірліктердің жалпы санының 15% иелейді. Сөздіктегі мөлшер семантикалы соматизмдер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға жіктеледі.

Адамның дене мүшелері жаратылыстан берілген түрлі физикалық-биологиялық табиғи функцияларға ие екені белгілі. Бұдан бөлек тұрмыс-тіршілік барысында әртүрлі қажеттіліктер үшін де қолданылады. Сондай қызметтің бірі – өлшем құралы. Айталық, *қол* – барлық жұмыстарды атқару құралы, сонымен қатар, ол – өлшем құралы; *аяқ* – көзделген бір нысанадан екінші нысанаға жетудің құралы, әрі ол да – өлшем құралы. Сол сияқты адам ағзалары, қажеттілікке қарай, өзінің басты функциясынан бөлек түрлі қызметтерде жұмсалады. Бұл туралы К.Күркебаев: «Соматикалық атаулар – дене мүше атауларының өте ежелгі лексика-семантикалық сөздер тобы. Тілдің эволюциялық дамуына сәйкес, дене мүше атаулары сөз мағыналарының дамуы мен кеңеюі үдерісінде өлшемге айналған. Мысалы, моңғол тілінде *гар-гара*, қазақ тілінде *қар, бармақ, табан*, орыс тілінде *локоть, пиядь* сияқты атауларды атауға болады», – дейді [31, 62 б.]. Адам ағзаларының екінші, үшінші деңгейдегі мұндай функциялары, ең әуелі, тілдік санада ұғым ретінде пайда болады да, содан кейін нақты тілдік бірліктерге айналады. Бұл процесс мұнымен тоқтамайды, алғашқыда *соматикалық мөлшер* болжаммен, шамамен айтылады да, сосын қолданыла келе шамасы нақты сандық мәнге жақындай бастайды, тіпті, ең соңында сандық мәнге теңеседі. Бұл – *соматикалық мөлшерліктердің* қасиеті ғана емес, өлшем бірлікке айналған барлық мөлшерліктердің даму иерархиясы.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін *соматикалық мөлшерліктерді*

семантикалық ерекшелігіне қарай *өлшеуіш соматизмдер*, *шамалауыш соматизмдер* деп екі топқа бөлуге болады. Бұлардың саны бір-бірімен негізінен шамалас. *Өлшеуіш соматизмдер* заттар мен құбылыстардың шамасын, мөлшерін тікелей өлшейді және толық мөлшерлік семантика үш компонентті синтаксистік конструкция арқылы беріледі. Мысалы, *бір қарыс мата* десек, *қол* (қарыс) арқылы *мата* тікелей өлшеніп тұр. Сонымен қатар, оның *бір қарыс* ұзындықтағы мөлшері аталады. Бұл топтағы соматизмдер басқа соматизмдерге қарағанда нақты өлшем бірлікке айналу мүмкіндігі жоғары және нақты сандық мәнге біршама жақындау.

М.Қашқари сөздігінде *өлшеуіш соматизмдердің* мынадай түрлері кездеседі: – *Адзут // уыс* (МҚ, Т₁-79); *абут // уыс* (МҚ, Т₁-112) (*сөздікте абут сөзін А.Егеубаев абут деп транскрипциялаған*). Сөздікте *уыс* сөзі *адзут*, *абут* секілді екі түрлі нұсқада кездеседі. М.Қашқари зат есімдердің төрт әріпті бөлімінде *абут* сөзін *адзут* сөзінің варианты ретінде көрсеткен. Әрі осы *адзут* сөзі туралы: *Азут – адзут секілді де айтылады* (МҚ, Т₁-112), – деп түсіндіреді. Түркі тілінің әр бұтақтарында аздаған дыбыстық өзгерістермен айтылғаны болмаса, бұлар дене мүше атауын білдіретін бір сөз. *Уыс* сөзінде заттық мағынамен қатар, өлшемге, өлшеуге бейімделген белгілі қимылдық ұғым (вербалдану) да бар. Яғни алақанның белгілі сыйымдылық мөлшердегі формасының атауы. Мұның өзі осы сөздің басты функциясы зат емес, өлшеу құралы болу екенін айғақтайды. *Уыс* – халықтық өлшем бірліктердің бірі. Ол қазақ тілінің кей қолданыстарында жалғыз алақанның сыйымдылығын көрсетсе, кейде қос алақанды түйістіргендегі сыйымдылық мөлшерін білдіреді. Бұған байланысты тілдік қолданыста *қос уыс* тіркесі бар. Ал М.Қашқари *уыс* сөзін зат атауы ретінде зат есім тарауында бергенімен, сөз мағынасын түсіндіретін мысалда: *Бір адзұт нәң // бір уыс нәрсе* (МҚ, Т₁-79) деп береді. Демек, *уыс* сөзі, ең әуелі – өлшем құралы.

– *Әлік, елік // қол* (МҚ, Т₁-101-102). Сөздікте *әлік*, *елік* сөзі қандай да бір мөлшерлік шаманы білдіретін өлшем бірлік ретінде емес, кәдімгі дене мүше атауы, *қол* мағынасында беріледі. М.Қашқари бұл сөзді былайша түсіндіреді: *Оң әлік // оң қол. Оны оғызша «сағ әлік // оң қол» дейді. Сол қолды түрік халықтарының бәрі бірдей «сол әлік // сол қол* (МҚ, Т₁-101-102). *Әлік (елік) орта ғасыр түркі тілінде қол мағынасын білдіретін сөз болғанымен, сөз мағынасы дамуының сан ғасырлық күрделі процесінен кейін, қазіргі қазақ тіліне қолдың өзі емес, оның тарам-тарам саусақтары мағынасында жеткен. Тіптен, қол саусақтарының да дәл өз атауы емес, оның қалыңдық мөлшерінің баламасы мәнінде қолданылады. Яғни өлшем атауы ретінде қалыптасқан. Аталған сөздің мағынасы туралы қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Елі – саусақтың қалыңдығы, көлденең ұзындығы», – деп берілген [ҚТТС, Т₆-110] (162 әд.).*

– *Әлік, елік* сөзінің ең алғаш *қол* не *саусақ* ұғымдарының қайсысын білдіргені жайлы түрколог ғалымдар арасында тоқайласқан ортақ байлам жоқ. Көпшілігі түрлі болжамдар жасайды. Десе де, олардың пікіріне қарағанда, бұл сөз түркі тілдерінің көпшілігінде түрлі фонетикалық варианттармен айтылады. Мысалы: алтай тілдерінде – *äli, ely // elii, өлу // ölii*; татар, башқұрт тілдерінде – *или, ili, илли // illi, илиғ // ilir*; тува тілінде – *ilir // ilig*; қазақ, қырғыз, ноғай, қарақалпақ тілдерінде *ели* түрінде кездеседі. Соңғы қыпшақ тобындағы тілдерді айтпағанда, көпшілік түркі тілдерінде *қол* мағынасын білдіреді. Осы сөздің қатысымен қазіргі қазақ тілінде «мөлшер» ұғымын білдіретін біршама тұрақты

құрылымдар, тіркестер кездеседі. Мысалы, *маңдайының соры бес елі, бір елі қазы, екі елі қазы* т.б. Бұдан дене мүше атауларының мөлшерлік бірлікке айналу үдерісі айқын көрініс табады.

– *Қары // қолдың қары*. Сөздікте бұл сөздің мағынасы: *Шынтақтан қолдың басына дейінгі аралық* (МК, Т₃-304), – деп түсіндірілген. Яғни нақты бір дене мүшенің атауы емес, дене мүше арқылы өлшенетін мөлшерлік шаманың (*ұзындық*) атауы ретінде түсіндіреді. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Қары* – қолдың шынтақ қосындысынан иыққа дейінгі бөлігі», – деп беріледі [ҚТТС, Т₆-112]. Байқап қарасақ, екі сөздікте де *қары* сөзі қолдың ұзындығы арқылы өлшенетін өлшемнің атауы ретінде берілген. Бірақ бірінде қолдың жоғарғы бөлігін айтса, екіншісінде төменгі бөлігін көрсетеді.

Қары сөзі М.Қашқари сөздігінде бір емес, бірнеше жерде кездеседі. Соның бәрінде де өлшем бірлік ұғымдарымен байланысты түсіндірілген. Соған қарағанда, орта ғасыр түркі тілінде де кеңінен қолданылған өлшем бірлік екені анық. Бұған ғалымның мына сөзі де дәлел: *Қары – бөз өлшейтін өлшем, кез (Ұзындық өлшемі – А.Е.). Бұл алдыңғы сөзден алынған ұғым. Бұл ұғым араб тіліне де үйлеседі. Қол өлшемімен, қолдың қарымен мата өлшейтін өлшем екі тілде бір сөзбен айтылады* (МК, Т₃-304). Ғалымның түсіндіруіне сүйенсек, *қары* сөзі, алғашқыда, дене мүше ұзындығына тең қашықтық ұғымының атауы да, сосын нақты мәнге ие өлшем бірлік атауына айналған. Тіптен, бір түркі тілдес халықтар ғана емес, араб-парсы тілді халықтар арасында да кеңінен қолданыс тапқан өлшем бірлік болғаны және тамыры тереңде жатқан сөз екені байқалады. Сондықтан болса керек, аталмыш сөздің этимологиясы, семантикасы туралы көптеген түрколог ғалымдар зерттеулер жасап, құнды тұжырымдар қалдырған. Кейбір отандық зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, *қары* сөзі түркі-араб әлемінде ғана емес, Вавилон, Египет сынды ірі мәдениет ошақтарында да нақты ұзындық шаманы білдіретін (525 мм, 450 мм) өлшем бірлік ретінде кеңінен қолданылған.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін *қары* сөзімен төркіндес келесі соматикалық өлшем бірлік – *қарыш // қарыс* (МК, Т₁-426). Бұл сөзге байланысты *бір қарыш // бір қарыс* мысалы келтірілген. Мұнда *бір қарыс* сөзі қарыстың *заттық санын* білдірмейді, *ұзындық мәнін* білдіреді. *Бір алма* десек, алманың санын білдіреді, ал *бір қарыс* десек, қарыстың санын емес, бір рет қарыстағандағы *ұзындық мөлшері* ұғымын білдіреді. Осы тіркестен-ақ *қарыш // қарыс* сөзінің зат атауы емес, оған баламалы *өлшем бірлік, мөлшерлік* екені айқын көрінеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *қарыс* сөзіне: «*Қарыс* – бас бармақ пен ортаңғы саусақтың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі», – деп анықтама берілген [ҚТТС, Т₆-119]. Біздіңше, бас бармақ пен ортаңғы саусақтан басқа саусақтардың да арасы жалпылама *қарыс* деп аталады. Жоғарыдағы *қары* сөзі сияқты *қарыш* та сөздікте *өлшем бірлік* қызметінде қалыптасқан сөз ретінде түсіндіріледі. М.Қашқари *қарыш* сөзінің туынды формасы ретінде *қаршағ* сөзін былайша түсіндіреді: *Қаршағ: киімнің өлшемі. Аның қаршағы көр // оның (тонының) өлшемін көр* (МК, Т₁-524). Бұл сөздің туынды түбірі – *қарыш* (*қарыш+ағ*), оған етістіктен зат есім тудырушы *-ағ* аффиксі жалғанып, затсымақ өлшем бірлік атауы ретінде қалыптасқан. Ал *-ағ* аффиксінің өзі қазіргі қазақ тіліндегі етістіктен зат есім тудырушы *-ау, -еу, -ақ, -ек* жұрнақтарымен мәндес. *Қарыш* сөзі сөздікте *қаршады* формасында да кездеседі. Оны М.Қашқари:

Қаршады: қарыстады. Ол тонығ қаршады – ол тонды қарыстап өлшеді. Басқалары да осылай. Қаршар-қаршамақ / қарыстар-қарыстамақ (МҚ, Т₃-386-387), – деп түсіндіреді. Яғни өлшеу процесіне байланысты қимылдық ұғымды білдіретін етістік сөз. Мұнда қаршады сөзі белгілі нәрсені өлшеу, ұзындық шамасын анықтау мағыналарын білдіріп тұр.

Аталмыш сөз түркі тілдерінде *қарыш//қарич//қарыс//xarus* сияқты фонетикалық варианттарда кездеседі. Түрколог ғалымдар бұл сөздің ұзындық өлшемін білдіретінін мойындай отырып, оның этимологиясы жайлы түрлі болжамдар жасайды. Айталық: *қар+ы+и*, *қары+и* формасында *ш~с* сәйкестігі бойынша түзген фонетикалық варианттардан қалыптасқан; *қар+и* (*қар – қол, ии(и)* – *қолдың ішкі бөлігі*) қосылып келіп *қолдың ішкі бөлігінің ұзындығы* мағынасынан туындаған (Қ.Дыйқанов); иран тіліндегі *ен, ендік* мағынасын білдіретін *гэрыс* сөзінен *қарыс* болып өзгерген (Ә.Нұрмағамбетов). Бұл сөздің этимологиясы жөніндегі тұжырымдардың үлкен жобасы осылай. Біздіңше, *құлаш* сөзінің буын жігін М.Қашқаридың өзі *қол+аш* деп ажыратып бергені сияқты, *қарыс* сөзінің де түбір құрамы *қар+аш* болып ажыратылады. Бүгінгі қазақ тіліне *қар+аш // қар+ыш // қар+ыс* формасында дамып жеткен тәрізді. Демек, бұл сөзден семантикалық даму ғана емес, құрылымдық даму үдерісін көре аламыз. Тағы бір айта кететіні, біздің ойымызша, *қары, қарыс* сөздері түбірлес. Оның түбірі – *қар*, қол немесе саусақты жазған кездегі *ұзындығы, тұрқы, бойы* мағыналарын білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде *пышақтың қары // пышақтың бойы, қанына тартпағанның қары сынсын // бой бүгіліп, сағы сынсын* деген тұрақты құрылымдарда сақталып қалған.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін *мөлшерлік соматизмдердің* ішінде этимологиясы айқын көрсетілгені – *құлаш* сөзі. *Құлаш // құлаш. Мұның негізі «қол аш» деген болады. «Бір құлаш баршын // бір құлаш баршын; бір құлаш шәйі мата* (МҚ, Т₁-406), – деп берілген сөздікте. Жоғарыда айтылғандай, бұл сөз екі қолды кере жазған кездегі шамаға тең ұзындықты білдіреді және сол қимыл процесінің атауынан мөлшерлік мәнге ауысқан. Қазіргі қазақ тіліне де дәл осы формасы мен мағынасын сақтап, өзгеріссіз жеткен. Бұл өлшем басқа соматикалық мөлшерліктерге қарағанда біршама ұзындау заттық шаманы өлшеуге қолданылады. Айталық, қазақ тіліндегі *бір құлаш* тіркесі *заттың бір құлашқа тең ұзындық шамасын* білдірумен қатар «ұзын» деген *сындық мөлшер* ұғымын да білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы*», – деп түсіндірілген [ҚТТС, Т₆-458 б.]. Қазақ тілінде де, орта ғасыр түркі тілінде де *құлаш* мөлшерлігінің нақты сандық мәні белгісіз. Ұзындық шамасы нақты әрі тұрақты сандық шамамен теңестірілмеген, әркімнің құлашының ұзындығына қарай, сол құлашқа тең белгілі зат (таяқ, ағаш) баламасы ретінде көбірек алынған. Оның өзінде, қажет кезінде ғана болмаса, көбіне шамамен, мөлшермен алынып отырған. Бұл, бір жағы, ұлттық өлшем бірліктердің өзіне тән ерекшелігі. Ал екіншіден, ол дәуірлерде бүгінгідей өте дәлдікке қажеттілік те көп емес.

Сөздікте *құлаш* мөлшерлік соматизмі етістік сөз ретінде де беріледі. Мұны ғалым былай түсіндіреді: *Құлашлады // құлаштады. Ол ұрұқны құлашлады // ол арқанды құлаштады; ол арқанды құлаштап өлшеді. Құлашлар-құлашламақ // құлаштар-құлаштамақ* (МҚ, Т₃-442-443). *Құлаш* мөлшерлігі *етістік және шақ* жұрнақтарын қабылдап, өлшеу, мөлшерлеу үдерісінің жүзеге асқанын білдіреді.

Қары, қарыс сөздері сияқты бұл да ертеден-ақ өлшем бірлік ретінде әбден қалыптасқан, бағзыдан келе жатқан көпмағыналы сөз.

Жоғарыда баяндалған *адзут, ағым, әлік, қары, қарыш, құлаш* сөздерінің қай-қайсында болмасын, олардың бастапқы мағынасынан ауысып, *мөлшер-өлшемдік* мағынасының тууында ортақ бір уәжділік бар, ол – белгілі *өлшеу процесінің, қимыл-әрекеттің* атауы ретінде қолданыла келіп, *өлшемдік мағына* ретінде тұрақтануы. Бұл туралы қазақ, түркі тілдерінің сөзжасам жүйесін қарастырған ғалым Б.Қасым түркі тілдеріндегі *қол* сөзінің мағыналық өрісі мен аталымдық сипатын баяндай келіп, былай дейді: «Ал қазір бұл көрсетілген екінші мағынасында «*әскер*» мағынасында, сонымен қатар «адамның дене мүшесі» ұғымындағы негізгі мағынасымен бірге «*қол қою*», «*қолтаңба*» күрделі аталымдар ауыспалы мағынада қолданылады. Демек, «*қол*» атауының барлығына ортақ мағына қимылдық қасиеті уәж, себеп болып тұр» [191, 69 б.]. Демек, дене мүше атауларының өлшем бірлікке айналуында заттық мағынаның ғана болуы жеткіліксіз, сонымен қатар соматизмдердің қимыл, іс-әрекет процесіне жиі енуінің маңызы зор. Сөздегі кез келген жаңа мағына қимыл-қозғалыстан туады.

Қары мен *қарыс* сөздерінің төркіндестігі сияқты, сөздікте *құлаш* сөзімен жақындығы бар тағы бір сөз кездеседі. Ол – *құшам* сөзі. Сөздікте етіс негізді - *үм, -ум, -ұм, -ам -ым, -ім //-ым, -ім* қосымшалы сөздер қатарында беріледі. Оның көпшілігі – өлшем бірлік атаулары. Бұл сөзге: *Құшам // құшақ. Бір құшам нәң // бір құшақ нәрсе* (МК, Т₁-457), – деп түсініктеме берілген. Яғни *құшақ* толатындай шамадағы *сыйымдылық мөлшер мағынасын* білдіреді. *Құлаш* сөзі «*иық деңгейіндегі екі қол ұшының арасы*» болса, *құшам (құшақ)* сөзі керісінше *иық деңгейіндегі екі қол ұшының түйісу* немесе саусақтардың байласу көлемі. Екеуі де – бір дене мүше арқылы қалыптасқан өлшем бірліктер. Ал бұл екі сөздің айырмашылықтарына келсек, бірі (*құлаш*) – ұзындық өлшемі, енді бірі (*құшам*) – сыйымдылық, көлем өлшемдері. Мұның өзі бір дене мүшенің бірнеше өлшемдік қызметте жұмсала алатындығын көрсетеді. *Құшам* сөзінің нақты өлшем бірліктік қасиеті *құлаш* сөзіне қарағанда солғындау, яғни өлшем бірлікке айналу деңгейі бірдей емес. Екі сөз де *өлшеу құралы* ретінде қолданылады, бірақ *құшам* жалпылық мәнде болса, *құлаш* біршама нақты. М.Қашқари да оны *құлаш* сөзі сияқты нақты өлшем бірлік деп түсіндірмейді. Мұның өзі дене мүше атауларының өлшем бірлікке айналу үдерісінің сатылы дәрежесін көрсетеді.

Біздің ойымызша, *құшам (құшақ)* сөзінің түбірі – *құш*, ал *-ам (-ақ)* – етіс түбірлерден *қимыл атауын* немесе *өлшем бірлік* атауын тудыратын көне жұрнақ. Бұл сөздің бастапқы мағынасы қазіргі қазақ тілінде дербес сөз ретінде қолданылатын *құш* сөзінде сақталғанға ұқсайды. *Құш* сөзінің, көркем әдебиеттегі өзге мағыналарын айтпағанда, *құшақтау, бауырына басу* мағыналары бар. *Құш* пен *құшақ* арасында мағыналық байланыс, ортақ сема барлығын байқауға болады.

Заттық мағынасы да, мөлшерлік мағынасы да бар көпмағыналы сөздің бірі – *тү*. Сөздікте: *Тү // түк. Денедегі түк. Бір тү шам // бір тал шам (бір түк шам – А.Е.) дегенді содан алып айтқан* (МК, Т₃-284), –деп берілген. Мұндай сөзді мөлшер категориясы шеңберінде *ауыспалы мөлшерліктер* қатарында қарастырамыз. Сөздікте аталмыш сөздің заттық мағынасын емес, мөлшерлік мағынасын түсіндіргеніне қарағанда, бұл – орта ғасыр түркі тілінде кәдімгі

мөлшер мәнді сөз. Әрі мысал ретінде берілген *бір тү шаш* конструкциясы орта ғасыр сөйленісінде қалыпты норма болса керек. Бірақ қазіргі қазақ тілінде *бір түк шаш* деп айтылмайтыны белгілі. Керісінше, *бір тал шаш* деп қолданылады. Соған қарағанда, сол кезеңде *түк* сөзі *тал* сөзінің мағынасын білдірумен қатар, мөлшерлік конструкция құрамында да оның синтаксистік қызметін атқарғанға ұқсайды. Соматикалық мөлшерліктер заттар мен құбылыстардың шамасын, өлшемін, мөлшерін ғана білдірмейді, кейде сандық ұғымдар аясында сипаттауыш сөз болып та келеді. Мысалда *тү//түк// тал* сөзі шаштың саны *бір* екенін білдірумен қатар, оның пішіндік қасиетін де (*ұзын, дара, жіңішке*) сипаттап отыр. Мұндай *сипаттауыш мөлшерліктерде* бірнеше мөлшерлік мағына қатар жүреді. Яғни зат не құбылыстың қандай форма, қасиетке ие екенін барынша толық сипаттайды.

Сөздікте *қадам, адым* мағынасында берілетін мөлшерлік соматизмдердің келесі бірі – *ағым // адым* (МҚ, Т₁-105). Бұл – түркі тектес халықтардың бәрінде бар өте көне сөз. Көпшілік түрколог-этимолог ғалымдар *адым* сөзінің түбірін «*аяқ басу, жүру, аттау*» мағыналарын білдіретін *ат* (*ат, ад, атых*) етістік түбірі деп көрсетеді [187, 7 б.]. Құрылымдық-семантикалық даму нәтижесінде қазіргі түркі тектес халықтар тілдерінде әртүрлі дыбыстық варианттармен кездеседі. Аталмыш сөздің түбірі түркі тілі дамуының ортағасырлық (X–XII ғғ.) кезеңінде-ақ *ат* формасынан *ағ* формасына өзгергенге ұқсайды. Өйткені М.Қашқари сөздігінде бұл сөз *ағым* түрінде кездесіп, үш әріпті есім сөздер бөлімінде жасалу формасы біркелкі (*-үм, -ум, -ым, -ім // -ым, -ім*) етіс негізді туынды сөздер қатарында беріледі. *Ағым* сөзіндегі *ағ* буыны *аттау, қадам басу* мағынасын білдіретін етістік түбір де, *-ым* аффиксі – етістерден есім сөз тудырушы жұрнақ. М.Қашқари сөздігіндегі аталған жұрнақтың қолданыс аясы туралы Ә.Керімұлы былай дейді: «*Ым* жұрнақты сөздерді МҚ сөздігінен де көптеп кездестіруге болады. Әсіресе мұнда *өлшем, мөлшер* мағынасын білдіретін сөздердің саны едәуір» [192, 65 б.].

Қазіргі қазақ тіліндегі *-ым, -ім* функционалды жұрнағы, шын мәнінде, зат есім емес, мөлшер мәнді сөздерді көбірек жасайды. Үш компонентті мөлшер мәнді тіркестерде (*мөлшерлік конструкция*) келетін *-ым, -ім* тұлғалы сөздердің тіркестен бөлек, жеке-дара қолданылмауының өзі осы сөздердің табиғаты зат есімдерден алшақ жатқанын түсіндіреді. Мысалы, *бір жұтым су* тіркесіндегі *жұтым* сөзі зат атауы ретінде дербес айтылмайды, тек сөз тіркесі құрамында ғана мөлшер ұғымын білдіретін бірлік ретінде қолданылады. *Жұтым* деген зат жоқ, керісінше, «мөлшер» ұғымы бар екені сияқты, *ағым* деген зат жоқ, тек «мөлшер» ұғымы бар. Осыған негізделгенде, *-ым, -ім* жұрнақтары тұлғасы бір болғанымен, біреуі зат есім (*м.: өрім өрді*) тудырушы, енді біреуі мөлшер сөз (*м.: бір өрім қайыс*) тудырушы тұлғалас жұрнақ па деген ой келеді. Ал қазақ тіліндегі *адым* сөзінің түбірі *ад // ат* екені осы тұста байқалады. *-ым* – түбірге сіңісіп кеткен етістіктен мөлшер сөз тудырушы жұрнақ. Түбір мен аффикс жымдасып, редуцияланған. Әрі өлшемдік мәнде қолданыла келе, үш компонентті *мөлшерлік конструкция* құрамынан дербестеніп, *бір аттам* «қашықтық» ұғымының атауы ретінде *заттанған*. Мұндай *заттану* үдерісінде ұдайы өлшем құралы ретінде қолданылудың әсері зор. Сөздер ұдайы «мөлшер» ұғымын білдіру қызметінде жұмсалғанда, ондағы мөлшерлік мән мейлінше нақты шамаға жуықтап, санада дербес лексикалық мағынасы тұрақтанып,

затсымақ өлшем-бірлік атауына айналады. Мұндай сөздер атауыш мәнді болғандықтан, зат есім категорияларымен де түрленіп, зат есім сияқтанып көрінеді. Яғни *-ым, -ім* жұрнақтарының атауыштық мәнге ие болып, белгілі бір заттық (өлшемдік) ұғымның атауы ретінде қалыптасуының себебі осында. Аталған жұрнақ тіркестің шұбалаңқы құрылымын конструкция ішінде ықшамдап, «өлшем» ұғымын білдіретін бір бүтін құрылымға, күрделі атауға айналдырады.

М.Қашқари *адым* мағынасындағы *ағым* сөзін зат есім тарауында баяндағанымен, бұл сөздің заттық мағынасын зат есім сөздерінше түсіндірмейді. Керісінше, нақты мысалмен: *Бір ағым иер // бір адым жер, бір аттан үстіне шығуға болатын жер* (МҚ, Т₁-105), – деп түсіндіреді. Бұл тұста да аталмыш сөздің басты функционалды мағынасы заттың есімін емес, «мөлшер» ұғымын білдіру екенін байқауға болады. Жоғарыдағы мысалдардан «мөлшер» ұғымын білдіретін сөздердің бұлайша заттанып, дербестену үдерісі сонау орта ғасыр, одан да бұрын басталғанын аңғаруға болады.

Тұрұм // бойлам – адам бойына бара-бар ұзындық өлшемі: *Бір ер тұрұмы сув / бір адам бойынан келетін су. Басқаларға да осылай қолданылады* (МҚ, Т₁-455). Бұл да – бір буынды етістіктерге *-ұм // -ым, -ім* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған өлшем бірлік атауы. Нақты сандық мәні берілмесе де, М.Қашқаридың «ұзындық өлшемі» деп бергеніне қарағанда, тұрақты шамаға тең *қашықтық (биіктік) өлшемі* екені байқалады. Бірақ қазіргі қазақ тілінде дәл мұндай қолданыс жоқ. Оның орнына *бойы* сөзінің тіркесуімен жасалған күрделі құрылымдар (*адам бойы, кісі бойы*) қолданылады. *Тұрұм* сөзіндегі мұндай өзгеріс сөз семантикасының кері дамуы, тараю құбылысын аңғартса керек. Тілімізге соңғы ғасырларда нақтылыққа құрылған халықаралық өлшем бірліктердің енуіне байланысты бағзы заманнан бері қолданылып келе жатқан халықтық өлшемдер тілден ығысып барады. Оның басты себебі халықтық өлшем бірліктерде нақты сандық мәнінің қалыптаспауы, яғни өлшем бірлікке айналу үдерісі толық аяқталмауында. Қазақ тілінде бұл үдерісті аяқтаған да сөздер бар. Мысалы, *шақырым* сөзі «1 км» арақашықтықты нақты білдіреді. Сондықтан бұл тілде жарыспалы қолданылатын белсенді қабаттағы сөз.

Жинақтай келгенде бұл *өлшеуіш соматизмдерден* мынадай басты-басты семантикалық ерекшеліктерді аңғаруға болады: *дәлдік, арнайылық, ауыспалылық, көпмағыналылық, функционалдылық, дербестік* т.б.

Жоғарыдағы *ағым, тұрұм* мөлшерліктерінде көрініс тапқандай, синтаксистік деңгейде мөлшер семантикасы тек қана аналитикалық формалар арқылы берілмейді, кейде бір құрылымның ішінде синтетикалық та, аналитикалық та формалар қатар келіп, синтаксистік байланысқа түсіп, бір бүтін мөлшерлік семантиканы білдіреді. Мұнда, жоғарыда баяндалғандай, кейбір етістік түбірлер *-ым, -ім, -ұм, -үм, -ам // -ым, -ім* аффиксін қабылдау арқылы жаңа мөлшерлік компонент жасайды. Зат есім жасамайды, мөлшерлік жасайды. Бұл – мөлшерлік компонент тудырушы ең өнімді жұрнақтардың бірі. Сонымен қатар, бұл аффикс түбір етістіктердің бәріне емес, негізінен дене мүшелердің қимыл-қозғалысын (жұмысын) сипаттайтын етістік түбірлерге жалғанады. Бұл форма қимыл-әрекет арқылы өлшенуді қажет ететін шамалардың сұранысынан туған. Сөздікте осы аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы түзілген мөлшерлік конструкциялар жиі кездеседі.

Белгілі бір мөлшер семантикасын білдіргенімен, *өлшеуіш соматизмдерден* мөлшерлік сипаты бір саты төмендеуі осы – *шамалауыш соматизмдер*. Бұл топтағы соматикалық мөлшерліктер зат пен құбылыс мөлшерін, өлшемін дәлдікпен анықтап бере алмайды, тек болжайды, шамалайды. *Мөлшерлік конструкция* құрамында ғана «мөлшер» ұғымын білдіреді де, конструкциясыз дербес қолданылмайды, бөлек шығарсақ, мағынасыз *графикалық тұлғаға* айналады. Көпмағыналы да емес, конструкция құрамында бір ғана мөлшерлеу үдерісінің атауы болып келеді. Сондықтан олар кейде тұрақты құрылымдарға ұқсаңқырайды, десе де олар – еркін тіркестер. Ондағы тұрақтылық мағынаның біреу екендігі мен белгілі мөлшерлеу үдерісіне арнайы қолданылуында. Аталған *шамалауыш соматизмдер* зат пен құбылыс мөлшерін өлшеуде адам не жан-жануарлардың физикалық қуатын, шамасын өлшем етеді. Яғни белгілі шамалар соматизмдер арқылы тікелей өлшенбесе де, *мөлшерлеу үдерісі* дене мүшелердің қатысы арқылы жүзеге асады. Тек бір сәттегі вербалды амалдар арқылы мөлшері шамаланады. Олардың реті төмендегідей:

– *Иаршым // (шаптырым – А.Е.): Бір иаршым иер // бір шаптырым жер; бәйгеде бір шаптырым жер* (МҚ, Т₃-66). Қазіргі қазақ тілінде *бір иарышым иер (бір жарысым жер)* қолданысы жоқ. Сондақтан мұны А.Егеубаев *бір шаптырым жер* деп аударады. М.Қашқаридың *иарышым* сөзін бөлек алып, қашықтық өлшемі ретінде арнайы түсіндіруіне қарағанда, бұл түркі тілінде, нақты болмаса да, болжалды қашықтық мәні бар өлшем бірлік екенін түсіндіреді. Бұл, бір жағы, орта ғасыр түркі тілінің мөлшерлік ұғымдар мен тілдік бірліктерге байлығын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі *ат шаптырым жер* тіркесінің қашықтық мәнін ғалымдар әртүрлі көрсетеді. Айталық: Арғынбаев – 30-40 км, С.М. Абрамзон – 50 км, М.Әуезов – шамамен 20-25 км. Біздіңше, бұл мөлшерлік конструкцияның нақты мәні жоқ. М.Әуезовтің шамамен айтқаны негізсіз емес. Бәйгеге түскен аттың бабы мен физикалық қуаты шамамен осынша (20-25 км) қашықтықты бағындыра алады. Бұл шама бәйге аттардың жүйріктігіне қарай және бәйгенің түрлеріне қарай да өзгеріп отырады. Олай болса, орта ғасыр түркі тіліндегі *иарышым* сөзінде де нақты қашықтық мән болуы екіталай. Бұл да бәйгеге (аламанға) қосылған аттардың бағындыра алатын арақашықтығына тең. Оның сандық мәні әр кез әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ бір-бірінен тым алшақ кетпейді.

Тағы бір айта кететіні, физикалық процесті білдіретін *иарышым* сөзінің дене мүшесіне қандай қатысы бар деген ой тууы мүмкін. Төменде талданатын шамалауыш соматизмдердің көпшілігі де осы типтегі сөздер. Сондықтан физикалық процестер мен соматизмдердің қатысын осы арада анықтап өткен абзал. Шынында жарысатын – ат. Бірақ сол аттың жарысы не шабысы төрт аяқ, яғни дене мүше арқылы болады. Төрт аяқтың қуаты атты *иарышым иер* қашықтығына апарады. Сондықтан бұл шамалаушы мөлшерлік саналады. Төмендегі шамалауыш соматизм деп танылған мөлшерліктердің бәрінде осы негізді ұстанамыз.

– *Сағым // сауым: бір сағым сүт // бір сауым сүт* (МҚ, Т₁-457). *Сағым* – «сыйымдылық» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Сүт беретін жануарды (*төрт түлік*) бір рет (*кезек*) сауғандағы сүтінің орташа мөлшерін білдіреді. Сұйық заттарда нақты пішін болмайды. Сондықтан оның мөлшері қандай да бір ыдысқа құйылу арқылы, сыйымдылық өлшемі негізінде өлшенеді.

– *Орым // орым: бір орым от // бір орым шөп* (МҚ, Т₁-105). *Орым* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Шөп орган адамның физикалық қуаты таусылғанша орып үлгерген шөбінің көлемін емес, орақпен бір рет орып түскен кездегі немесе малдың бір уақыт азығына жетерлік көлемдегі шөпті білдіреді.

– *Оқтам // бір оқтық, оқ жетерлік: бір оқтам иер // бір оқ атым жер* (МҚ, Т₁-112). *Оқтам* – «қашықтық» ұғымын білдіретін мөлшерлік. Садақтан атылған жебенің (*оғының*) жеткен жеріне дейінгі қашықтықты білдіреді. Мұнда садақ тарта алатын кез келген адамның оғы жетер орташа қашықтығы алынады. Адамның физикалық қуаты мен қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына басты негіз болады. Қазіргі қазақ тілінде көбіне осы ұғым *оқ бойы жер, бір атым жер* тіркесі арқылы беріледі.

– *Екім // егім: бір екім иер // бір егім жер; бір еккенде егілетін жер (шамасы)* (МҚ, Т₁-105). *Екім* – «аудан» ұғымын білдіретін мөлшерлік. Жер бетінің бір адамның егін салуға физикалық қуаты жететін аумағы. Адам қуаты мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Пішім // тілім; кесім; пішім: бір пішім қағұн – бір тілім қауын. Басқаларға да солай қолданылады* (МҚ, Т₁-455). *Пішім* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Ұстауға және жеуге ыңғайлы етіп тілінген қауынның қалыпты көлемін (*қалыңдығын*) білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Тілім // тілім, бөлік: бір тілім ет // бір тілім ет. Ұзынынан кесілген, яки тілінген нәрсенің барлығына да «тілім» дейді* (МҚ, Т₁-456). *Тілім* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Нақты мөлшері белгісіз болғанымен, пышақпен бір кесіп алған аз мөлшердегі зат мөлшерін (нан, ет, т.б.) білдіреді.

– *Тізім // тізбе; тізім: бір тізім иүнжу // бір тізбе інжу* (МҚ, Т₁-455). *Тізім* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Мойын не қолға тағуға ыңғайлы көлемдегі інжу тізбегін білдіреді. Қол мен мойын шеңберінің көлемі «мөлшер» ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Иүгрұм // (илем, жайым – А.Е.): бір иүгрұм ұн // бір илем ұн; бір рет қамыр илейтін ұн* (МҚ, Т₃-66). *Иүгрұм* – «көлем», «сыйымдылық» ұғымдарын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Зат мөлшерінде кейде көлем мен сыйымдылық ұғымдары қатар жүреді. Өйткені сыйымдылықпен өлшенген қою, қатты заттардың қандай да бір көлемі болады. Ал бұл сөз бір реткі тамаққа жетерлік көлемдегі немесе сыйымдылық шамадағы ұн мөлшерін білдіреді. Илеу немесе қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Иүгрім // (жүгірім – А.Е.): бір иүгрім иер // бір жүгірім жер: бір жүгірім барып қайтатын жер* (МҚ, Т₃-66-67). *Иүгрім* – «қашықтық» ұғымын білдіретін мөлшерлік. Ол адамның бір рет жүгіріп бара алатын қашықтығына тең. Адамның физикалық қуаты мен екі аяқтың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Өнұм // өбім; жұтым: бір өнұм мүн // бір өбім сорпа; бір ұрттам сорпа* (МҚ, Т₁-104). *Өнұм* – «сыйымдылық» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Ұрттаған (өпкен) сорпаның ауыз қуысына еркін сыйарлық мөлшерін білдіреді. Қол мен ауыз қуысының қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Үзұм // үзім* (МҚ, Т₁-105). *Үзұм* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш соматизм. Бармақ пен сұқ саусақ арқылы бір рет үзіп алған зат (*азықтық*)

мөлшерін білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

Мөлшерлік конструкцияда шамалауыш мөлшерліктер түбір тұлғада да келеді. Ондайда мөлшерлік компонент зат есім сөздерінен болады. Бірде зат, бірде сол затпен өлшенетін өлшем болып келетін мұндай ауыспалы мөлшерліктер сипаттау, бейнелеу мәнінде жұмсалады. М.Қашқари сөздігінде бұл формада мынадай сөздер кездеседі:

– *Шөп // шөкім, буда. Тұтмаш бөлігі. Бір шөп иегіл // бір шөкім жегін. Үгітілген, кесілген нәрселерге де солай делінеді* (МҚ, Т₁-377). *Шөп* – «көлем» ұғымын білдіретін шамалауыш мөлшерлік. Бес саусақ немесе басқа да тамақтану құралымен *бір алым* көлеміне тең мөлшерді білдіреді. Қолдың қызметі мөлшерлік ұғымның тууына негіз болып тұр.

– *Иүк // үйік, жүк (Бір артым, бір арқа – А.Е.): бір иүк бұғдай // бір үйік бидай; бір арқа бидай. Бұл сөз малға артылатын жүк пен соған ұқсас нәрселерге қолданылады* (МҚ, Т₃-12). *Иүк* сөзі *арқа, үйік* емес, *жүктеу, арту* мағыналарын білдіреді. Қазіргі қазақ тілінше тіке айтсақ, *бір жүктем бидай, бір артым бидай* болады. Бірақ мұнда *иүк* зат есімінің өзі ауыспалы мағынада мөлшерлік қызметінде жұмсалған. Бұл – бір жағы, X–XII ғғ. түркі тіліндегі мөлшерлік құрылымдардың өзіндік ерекшелігі. *Иүк* – «көлем» және «салмақ» ұғымдарын білдіретін мөлшерлік. Адамның физикалық қуаты мен қол-аяқ және арқаның қызметі мөлшер ұғымның тууына негіз болып тұр. Кейбір соматикалық мөлшер ұғымдарында «көлем», «салмақ» ұғымдары қатар жүреді. Себебі, адамның дене қуаты арқылы жүзеге асатын өлшеу үдерісі заттардың салмағы мен көлеміне тікелей байланысты болады.

Кейде *-ым, -ім, -ұм, -үм, -ам // -ым, -ім* аффикстері арқылы жасалған мөлшерлік компонент дене мүше атауларына қатыссыз сөз болып та келеді. Мұндайда мөлшерлік компоненттің жасалуына негіз болған етістік түбір өзінен-өзі істелетін немесе адамдардың қатысынсыз жүрілетін қимыл-қозғалыстарды білдіреді. Мысалы: *Ақым // ағым: бір ақым су // бір ағым су* (МҚ, Т₁, 105). *Ақым* – бір құлақ су мағынасын білдіреді. Қазақ тілінде *бір ағын су, бір өзен су, бір арық су* деп те келеді. Мұнда ағын да, арық та өзеннің арнасын білдіреді. Ал аққан судың мөлшері осы арналар арқылы шамаланады және осы арналар тілде ағын судың мөлшерін шамалаушы мөлшерлікке айналады. Бірақ бұл – заттық мағынадан мөлшерлік мағынаға ауысу үдерісі саналады. Судың ағуы жаратылыстан бар қасиет, оған адамның қатысы шамалы. Су өздігінен ағады. Ал *ақым* сөзінде *ақ* түбір етістік *-ым* аффиксі арқылы мөлшерлік семантикаға ауысты. Бұл – мөлшерлік компоненттердің түзілуіндегі екі дәуір (кезең) тілінің ерекшелігін көрсететін маңызды түйін. *Қазіргі қазақ тілінде адам қатысын білдірмейтін түбір етістіктер мөлшерлік компонентке айналмайды.*

М.Қашқаридың сөздігінде бүгінде қазақ тілінде кездеспейтін бірнеше мөлшерлік компонент жасаушы аффикстер кездеседі. Мысалы, сөздікте былай берілген: *Тілге // тілім, бөлек: бір тілге ет // бір тілім ет. Ұзыннан тілінген нәрсенің бәрін де солай атайды. Ұзыннан бөлінген бір бөлек жерді де «бір тілге иер // тілім жер» дейді* (МҚ, Т₁, 489). Мұнда *тілге* сөзінің түбірі *тіл* етістігі, ал оған *-ге* аффиксі жалғанып, мөлшерлікке айналған. Алайда бұл аффикс *-ым, -ім, -ұм, -үм, -ам* аффикстерінен басқа болғанымен, мағынасы, мөлшерлік семантика тудыру қызметі жағынан ұқсас.

Шамалауыш мөлшерліктерге жататын жоғарыдағы мөлшерліктердің көпшілігі дене мүшелерінің қатысы арқылы орындалады. Бұл топтағы мөлшерліктерге мынадай қасиеттер тән: *бірізділік (жасалу жолындағы), болжалдық, бір мағыналылық, тәуелділік, арнайылық*, т.б.

Соматикалық өлшем бірліктердің мән-маңызы мен қызметі жайлы бұл тақырыпта біршама ізденістер жасаған ғалым Е.Аққошқаров былай дейді: «Мәдениеті жоғары, сауда-саттық қатынасы жедел дамыған елдерде байырғы өлшемдер алғашқы шыққан күйінде қалып қоймай «цивилизацияланған», яғни нақтылана түскен. Бұл келтіріп отырған мысалдардан қазақтың халықтық терминдерінің шығу төркіні, қолданылу мақсаты, өміршендігі, аталу сәттілігі жағынан да басқа халықтардың ұлттық өлшемдерімен деңгейлес болғанын байқауға болады. Алайда түрлі тарихи себептерге байланысты өлшемдік мәні бар байырғы терминдеріміз ұлт шеңберінен аса алмай, нақты мәнге ие бола алмаған. Сондықтан да қазақтың «бармағы» мен «табаны» немесе «құлашы» мен «қарысы» арық пен семіздің, ұзын мен қысқаның жекелеген мөлшеріне тәуелді күйінде қалып қойған» [130, 47 б.]. Ғалым айтқандай, таным кеңістігінде ғасырлар бойы айрықша қызмет атқарған халықтық өлшем бірліктер бүгінгі таңда күн санап тілдің пассив қабатына ауысып, тіптен, қолданыстан мүлдем шығып барады. Оның басты себебі – ұлттық өлшем бірліктердің *өлшемдік бірлікке айналу процесін* толық аяқтай алмауында және нақты сандық мәнге теңестірілмеуінде. Жаһандану үдерісі де ұлттық өлшемдердің тілден ығысуына басты себептердің бірі.

Мөлшер семантикасының синтаксистік деңгейдегі берілу тәсілдерінің ендігі бір түрі – сөздердің қайталана, қосарлана тіркесуі. Бұл да аналитикалық тәсілге жатады. Мұнда кейбір есім сөздері мен етістіктер қайталануы немесе екі дербес мағыналы сөз қосарлануы арқылы заттың не іс-әрекет шамасының көптік семантикасын білдіреді. Қос сөздер *қосарлы зат есімдер* ретінде танылып, аналитикалық тәсілмен берілген сөз ретінде сөзжасам деңгейінде қарастырылатыны белгілі. Бұл туралы «Қазақ грамматикасында» былай беріледі: «Тіл байлығын көрсететін ендігі бір арна – қосарлы зат есімдер. Сөзжасамның аналитикалық тәсілімен қалыптасқан қосарлы зат есімдер жасалу тәсіліне қарай қосарлы және қайталама деп аталады» [166, 333 б.]. Мұның дұрыстығын қуаттай отырып, тағы мынаны айтқымыз келеді. Біздіңше, қос сөздердің барлығы семантикалық ерекшелігі жағынан сөзжасам деңгейіне сыймайды. Аналитикалық жолмен байланысқан қосарлы зат есім сөздер аталым дәрежесіне жетіп, жаңа сөз жасай бермейді. Кейде жаңа сөз емес, жаңа семантикаға өрістейді. Бұл осы мөлшер семантикасының қосарлану тәсілі арқылы берілуінен айқын көрінеді. М.Қашқари сөздігінде мынадай өлең жолдары кездеседі:

Түн күн тұрұп ығлауұ // түн күн тұрып жылайын

Иашым менің сабрұлұр // жасым менің сорғалап (МҚ, Т₂-331).

Өлеңдегі *түн-күн // түн-күн, күн-түн* қос сөзі уақыт мөлшерін білдіріп тұр. Яғни жылаудың уақытпен өлшенген мөлшерін білдіреді. Тіркесте жылаудың да көптігі, уақыттың да ұзақтығы семантикасы бар. Мұндағы *күн* де, *түн* де мезгіл үстеулер емес, зат есімдер. Ал олар қосарланып келгенде, уақыт мөлшері семантикасын береді. *Күн, түн* сөздерінің ешқандай қосымшасыз қосарлану арқылы уақыт мөлшері семантикасын беруі – көне және орта ғасыр түркі тілдеріне тән тілдік құбылыс. Тіпті бұл жыраулар поэзиясында да жалғасын

тапқан. Мысалы, Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең» толғауында былай келеді: «*Сере, сере, сере қар, Асты кілең, үсті мұз, Күн-түн қатса, жібімес*». Мұнда да *күн-түн* қос сөзі уақыт мөлшерінің ұзақтық семантикасын білдіргенін көруге болады. Қазіргі қазақ тілінде бұл *күні-түні* формасында қолданылатыны белгілі. «Қазақ грамматикасында» бұл тәсілмен түзілген сөздердің семантикалық ерекшелігі туралы былай беріледі: «Қосарлы зат есімдер – қазақ тіліне айрықша тән құбылыс және заттың, құбылыстың, ұғымның, түсініктің атауын жинақтап беру үшін қолданылатын сөзжасам амалының бірі» [166, 334 б.]. Жинақтап беру семантикасымен қатар, сөздердің қосарлануы – мөлшер семантикасын берудің айрықша тәсілдерінің бірі.

Кейде сөздер қайталанып келіп те мөлшер семантикасын білдіреді. Бұл әдетте сын есім (үлкен-үлкен), етістік (жүре-жүре) және еліктеуіш сөздерге тән құбылыс. Бұл да – мөлшер семантикасын тудырудың аналитикалық тәсіліне жататын, сөзжасам деңгейіне емес, синтаксистік деңгейге тән құбылыс. Алайда М.Қашқари сөздігінде еліктеуіштердің қайталанып келу формасы ғана кездеседі:

– *Зып-зып // зып-зып – жылдам-жылдам қадам басқанда шығатын дыбысты аңғартады: зып-зып барғыл // зып-зып (басып) барғын, тез барғын* (МҚ, Т₁-377-378);

– *Шар-шар // шар шар – қатты жауған нөсердің дауысы. Қандай да бір сұйық нәрсенің қатты аққандағы дауысын осы сөзбен білдіреді. Бұл сөздегі «ш» дыбысы «ж» дыбысымен алмасып кеткен* (МҚ, Т₁-382).

Мысалдағы *зып-зып, шар-шар* сөздері дыбыстық еліктеуіштер екені белгілі. Бұлар табиғаттағы белгілі дыбыстардың атауы болумен қатар, сол дыбыстардың шығу мөлшерін де білдіреді. Мұның мөлшерлік мәні көбіне нақты сөйлеу үдерісінде интонация арқылы айқын көрініс табады. Мұны былайша түсіндіруге де болады. *Шар ету* судың төгілуі бір сәтте аяқталатынын білдірсе, *шар-шар ету* судың төгілу барысының уақыт жағынан созылыңқылығын, мөлшер жағынан көптігін білдіреді. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантиканың берілу жолдарын арнайы зерттеген М.Жолшаева былай дейді: «Б.Маманов етістіктің өткен және келер шақ көсемше тұлғаларының қайталанып айтылуын қайталама етістіктер деп атайды да, оларды *қимылдың дүркіндік және созылыңқылық* сипатын көрсететін грамматикалық форма деп санайды [117, 34 б.]. Біз бұл пікірге толық қосыламыз. Қайталанған қосарлама көсемше тұлғалар, біріншіден, барлық етістік атаулыны толық қамтып, грамматикалық абстракция жасайды. Екіншіден, көсемше тұлғалардың лексикалық мағынасы өзгермегенімен, қайталану арқылы оларға грамматикалық мағына үстеледі. Үшіншіден, бұл грамматикалық мағына лексикалық мағынасы арқылы көрінетін әрекеттің қайталануын немесе созылыңқы өту сипатын көрсетеді» [24, 229 б.]. Етістіктің де, еліктеуіш сөздердің де қайталану тәсілі арқылы түрлі семантика тудыру сипаты бір. Ғалымның бұл тұжырымымен толықтай келісе отырып, қосарымыз мынау ғана: қимыл-әрекеттің қайталануы дегеніміз іс-әрекет орындалуының дүркіндік көптігі болса, созылыңқылығы уақыттың ұзақтық мөлшерін білдіреді. Демек, бұл, ең әуелі – мөлшерлік семантика. Ал етістіктердің қайталануы арқылы туындайтын бұндай семантиканы Қ.Рысалды: «Қимыл сынының үдемелі жоғарғы дәрежесін көрсетеді», – деп таниды [22, 37 б.].

М.Қашқари сөздігінде кездесетін мөлшерлік семантикалы тілдік бірліктердің ендігі бір тобы да жоғарыдағы қос сөздерге ұқсайды. Олар –

күшейкіш буындар мен күшейткіш үстеулер. Бұл топтағы сөздер де сөздермен аналитикалық жолмен байланысып, түрлі күшейтпелі грамматикалық мағына үстейді. Яғни сөз семантикасына әсер етеді, бірақ жаңа сөз жасамайды. Мұның бірі қазіргі қазақ тілінде *күшейткіш буындар* деп аталып, сын есімнің күшейтпелі шырайына жатса, екіншісі *күшейткіш үстеулер* деп аталып, үстеу сөздерге жатады. Сөздікте мөлшер семантикалы мынадай күшейткіш буындар беріледі:

– *Ап // әп – қуаттап, күшейткіш қосымшасы. Нәрсені мақтап, аса жақсы екендігін білдірмекші болса «әп әзгү нәң // іп-ізгі нәрсе, бек жақсы нәрсе» дейді. Оғыздар таза, әппақ нәрсені «ап ақ» дейді (МҚ, Т₁-82);*

– *Үп // ұп – реңге қатысты қолданылатын үстеме, қосымша сөз: үп үрүң // әп ақ (шігілше) (МҚ, Т₁-82);*

– *Сарыз // сары – қою сары нәрсені «сап-сарыз // сап-сары» дейді (МҚ, Т₁-431).*

Мұнда *ап, үп сап* буындары түс атаулар мен адами қасиетті білдіретін сын есім сөздердің әуелгі мағынасын одан сайын күшейту қызметін атқарып тұр. Заттардың сындық, сапалық белгілері де түрлі деңгей, дәрежеден құралады. Ал деңгей, дәреженің өзі – «мөлшер» ұғымының ішкі семантикалық құрылымының бірі. Сондықтан «сын дәрежесі» ұғымының өзі де мөлшер семантикасы аясында қаралуы тиіс. Жоғарыда аталған буындар тек абстрактілі ұғымдар мен визуалды сындық ұғымдарға қатысты қолданылған. Бұл буындар нақты заттық мөлшерді күшейту, асырмалау қызметінде де кеңінен жұмсалады. Сондықтан күшейткіш буынды бұл қос сөздер мөлшер семантикалы бірліктер саналады.

Күшейткіш буындар сияқты келіп, сапалық сын есім сөздері мен етістіктерді семантикалық жақтан күшейту қызметінде жұмсалатын ендігі бір сөздер тобы – *күшейткіш үстеулер*. Алайда бұлардың күшейткіш буындардан басты ерекшелігі – толық мағыналылығы. М.Қашқари сөздігінде мынадай күшейткіш үстеулер беріледі:

– *Аррыз // таза (тап-таза): аррыз нәң // өте таза нәрсе. Бұл жерде «р» әрпінің қайталануы мағыналық күш атқарып тұр (МҚ, Т₁-173);*

– *Шым // бек, аса, өте – бір нәрсенің жастығын, ылғалдылығын немесе ишкілігін баса аңғартатын сөз: шым иік ет // бек ишкі ет; шым өл тон // өте су тон (МҚ, Т₁-386);*

– *Қоп – «аса, өте, күшті» деген секілді нақтылап, тиянақтап, бекіте түсетін мағынадағы көмекші сөз: оғұл қоп бедүді // ұлы аса зор болып өсті, ұлы аса үлкен болды; қоп едзгүнең // өте жақсы нәрсе (МҚ, Т₁-377-378).*

Мұндағы *аррыз, шым, қоп* сөздері белгілі сапаның, сынның, қалыптың, күйдің ең жоғарғы шегін білдіреді. *Аррыз* сөзі мен қазіргі қазақ тіліндегі *ару* сөзінің шығу тегі бір екені байқалады. Қазақ тіліндегі *ар, ару, арулау, ару ана, аруақ* сөздерінің түбірі *ару* екені, ол тілдің тарихи қабаттарында *таза, пәк* деген мағынаны білдіргені тілдік деректерден белгілі. Сол нақты тілдік фактілердің бірі осы – *аррыз* сөзі. Бұл сөз, өзге екі сөздей емес, лексикалық деңгейде тұрып-ақ ең жоғарғы сапаны, күшейтпелі мәнді білдіріп тұр. Ал *шым, қоп* сөздері сын есім сөздерінің мәнін одан сайын асырмалау қызметінде көбірек жұмсалады. *Қоп* сөзі көне түркі тілінде де кездесіп, күшейтпелі көптік семантикасын білдіреді. Мысалы: «*қоп // түгел*», «*қоп келті // түгел келді*», «*қоп маңа көрті // бәрі маған бағынды*» деген қолданыстарда көптік, жалпылық ұғымы бар.

3. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер

Мөлшер категориясының семантикалық өрісін құрайтын тілдік бірліктердің ең ауқымды бөліктерінің бірі – өлшем бірліктер. Бұлар – қандай да бір шамалардың нақты мәнін сипаттау үшін эталон ретінде қолданылатын арнайы тілдік бірліктер. Олар нақтылығымен, арнайылығымен ерекшеленеді. Тіпті бұларды, мәні жағынан, өзге мөлшер семантикалы тілдік бірліктерге қарағанда нағыз мөлшерліктер деуге болады. Мөлшер семантикалы сөздер қашан да нақты сандық мәнге қарай жылжу үдерісінде болады. Оның ең соңғы тірелетін жері – нақты сандық мән. Ал өлшем бірліктер сол сандық мәнің тілдегі формасы саналады. Сондықтан өлшем бірліктер «мөлшер» ұғымының шеңберінде қарастырылып, оның семантикалық өрісінің өзегінде орналасады. Тілдің қандай да бір тарихи даму кезеңдерінде болмасын, қоғамдық-әлеуметтік ортада түрлі мақсаттарда кеңінен қолданысқа енген өлшем бірліктер мол қалыптасады. Сондай-ақ өлшемдік мәні бар кез келген тілдік бірліктің қолданылу жиілігі артқан сайын өлшем бірлікке айналады және ол нақты сандық мәнге қарай жақындайды. Кейде әр тілдегі төл өлшем бірліктер сол тілдің өміршеңдігін, әлемдік тіл кеңістігіндегі ықпалын да байқатады. Қай тілдің қолданылу аясы кең болса, сол тілдің өлшем бірліктер жүйесі өзге тілге енеді. Сондықтан өлшем бірліктерді зерттеу – қай жағынан да өзекті.

Өлшем бірліктер тілдің тарихи қабаттары мен жаңа (қазіргі) қабаттарында да кездеседі. Тілдің жаңа қабаттарында халықаралық өлшем бірліктер мол кездессе, тарихи қабаттарында халықтық өлшем бірліктер мол кездеседі. М.Қашқаридың сөздігі ежелгі және орта ғасыр түркі тілінің таза тілдік табиғатын танытатын бірегей тілдік жәдігер болғандықтан, мұнда кездесетін өлшем бірліктер түркі халықтарының өлшемдік жүйесін, түркі тілінің тілдік кеңістіктегі қуатын көрсетеді. Өлшем бірліктер жеке тұрғанда сандық мәні белгісіз өлшемдердің атауы ғана, ал оның мәні тіркесте анықталады. Сондықтан кез келген өлшем бірліктер жеке сөз ретінде лексикалық деңгейге тиесілі болғанымен, нақты мөлшерлік семантиканың берілуі тұрғысынан келгенде синтаксистік деңгейдің нысанына жатады.

М.Қашқаридың сөздігінде кездесетін өлшем бірліктер *салмақ, ұзындық, құн өлшемі* сынды бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Өйткені тілдің аталған кезеңінде ең өзекті өлшемдік ұғымдар осы болғандықтан, соған сай өлшем бірліктер қалыптасады. Сөздікте кездесетін өлшем бірліктердің қатарында *құн өлшемін* білдіретін бірліктер көбірек. Құн өлшемі қандай да бір заттың ішкі қасиеті мен адамдарға қажеттілігі арасындағы байланысты анықтайды. «Ақша – тауардың тауары» болса, мөлшер семантикасында құн өлшемі – өлшемнің өлшемі. М.Қашқаридың заманында-ақ адамдар арасында «құн» ұғымы жоғары деңгейде қалыптасып, оның тілдік құрылымдары да бекіген.

М.Қашқаридың сөздігінде көп ғылыми әдебиеттерде кездесе бермейтін, көне түркі кезеңі мен орта ғасырда қолданыста болған бірнеше ақша атаулары мен құн өлшемдері туралы деректер кездеседі. Соның бірі – көне ұйғыр елінде қолданылған *қамдұ* деп аталатын мата ақша. Бұл туралы сөздікте былай берілген: *Қамдұ – ұзындығы төрт кез, ені бір қарыс болатын бір бөлек бөз. Оның үстіне ұйғыр ханының мөрі басылып, сауда-саттыққа ақы пұл орнында жүреді. Бұл бөз ескірсе, әр жеті жылдан соң жуылып, тазартылып, үстіне жаңадан*

мортаңба басылады (МК, Т₁-478). Дәл осы мазмұндар ДТС-те де баяндалады [188, с. 415]. Қазіргі ұзындық өлшем бойынша есептегенде, *қамдұ* шамамен ұзындығы 3 метр, ені 20 сантиметр матаға (бөзге) тең. Бұл деректер 10-12 ғасырларда түркі жұртында қағаз ақшаның алғашқы баламасы *мата ақша* қолданыста болғанын түсіндіреді. Әрі жоғарыда түрлі ғылыми әдебиеттерден келтірілген деректегідей, мата тек қана айырбас үшін жүретін тауар емес, кәдімгі ақшаның қызметін атқарған. Себебі, ұзындығы шамамен 3 метр, ені жиырма сантиметрлік мата мардымды керекке жарай қоюы екіталай және ол әр жеті жылда қайта жинап алынып, жуылып, қайта ұйғыр ханының таңбасы басылуы оның ақша қызметін атқарғанын нақтылай түсіндіреді. Егер айырбас тауары десек, кез келген асыл маталар, ұйғыр ханының таңбасынсыз-ақ, айырбас тауары бола алар еді. Демек, *қамдұ* – арнайы жасалған мата ақша. Оның белгілі құндық мөлшері бар. Бұл тәжірибе ұйғырдан басқа да түркі ұлыстарында, сауда-саттық өркендеген Жібек жолы бойындағы ірі қалаларда қолданылған болса керек.

Мата ақшалардың болғандығы *пұл* сөзінен де айқын көрінеді. *Пұл* ерте кезеңдерде де, қазір де ақша ұғымын білдіретіні белгілі. Ал осы *пұл* сөзінің өзі орта ғасыр (мүмкін одан да бұрын) ақша қызметін атқарған *бұл* сөзінен дыбыстық өзгеріске түсіп қалыптасқан. Бұл туралы этнографиялық энциклопедияда былай деп беріледі: «*Бұл / пұл* – дәстүрлі ортада тұтынылған қымбат, қалың мата түрлерінің жалпы атауы. *Бұл (пұл)* атауы ертеде аса қымбат жібек түрлерінің айырбас элементі ретінде ақша құралы қызметін атқарғандығына байланысты шыққан. Түркі, парсы тілді халықтарда ақшаны *пұл* деп атау қолданыста әлі бар (қ. Ақша). Кейбір өңірлерде атаудың *бұл* деген мағынада қолданылуы бағасын арттыру мәніндегі «*бұлдау, бұлдану*» сөздеріне негіз болған» [194, 553 б.]. Мата, бөз – ұқсас заттарды білдіретін синонимдік атаулар. Мата ақшалардың бірде *қамдұ*, бірде *бұл* аталуы олардың бірнеше түрде болғанын және кең таралғанын түсіндірсе керек. *Бұл /пұл* деп аталатын мата ақша кейінгі кезеңдерде де кеңінен танымал болған. Қазақ хандығының алғашқы кезеңдеріне жататын толғауларда да кездеседі. XV–XVI ғасырлардағы Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғау» атты толғауында мынадай жолдар бар: «*Сен – алтынсың, мен – пұлмын, Сен – жібексің, мен – жүнмін*». Мұнда жырау алтын ақша мен мата ақшаның, *пұл/бұлдың* құнын, қасиетін салыстыру арқылы сұлтан мен өзінің әлеуметтік орнын образды бейнелеп отыр. *Бұл* сөзінің әуелде мата атауы болып, кейін ақша қызметін атқарғаны туралы белгілі ғалым Ж.Манкеева да: «Кездеме, матаның мағынасындағы *бұл//пұл* атауы келесі жолда *сұлама* сөзімен ұйқасып, *бұлама* түрімен айтылып тұр деп жорамалдауға болады» [194, 117 б.] десе, Дулат ақынның «Тәтті менен дәмдіні, қолында бұлы бар жейді» деп келетін өлеңіндегі «*бұл*» сөзі туралы: «*Бұл арада бұл төлемақы, ақша мағынасында қолданылып тұр*», – дейді [194, 125 б.]. Демек, мата ақша – түркі дүниесінде ертеде-ақ пайда болған және ғасырлар бойы кең қолданыс тапқан құн өлшемдерінің бірі.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін ақша, құн өлшемінің келесі бірі – *бенек*. Аталған сөздің Қашқари сөздігінде екі мағынасы берілген: *Бенек // дән; ұрық (арғу және бір тайпалар тілінде); Бенек // бақыр; ақша* (МК, Т₁-444). Соған қарағанда, сөздің алғашқы мағынасы – дән, ұрықша. Ал дән түйірінің кішкенелік мағынасы алынып, ұсақ монеталарға қолданылған болса керек. Бұл сөз ДТС-те де осы мағынада түсіндіріледі [188, с. 94]. *Бенек* қазіргі қазақ тілінде

кездеспегенімен, қазіргі түрік тілінде кездеседі. Түрік тілі сөздігінде екі мағынасы берілген: «1. isim Herhangi bir şey üzerindeki ufak leke, nokta, puan (Burunlar koyu renkte beneklerle kaplıdır - S. Birsel); 2. gök bilimi Güneş lekeleri yöresinde görülen, parlak taneciklerden ve parlak damarlardan oluşmuş bölüm, fakül» [195]. Яғни бірінде кез келген кішкене дақ, нүкте мағынасында, ал екіншісі, күнге қараған кездегі көзде білінетін кішкене дақтар, ноқаттар. Бұл Қашқари сөздігіндегі *бенек* сөзі мен түрік тіліндегі *бенек* сөзінің семантикалық байланысы барлығы аңғартады. Көлемнің кішкенеелігі, әрі қатты, түйір болуы – екі сөздің ортақ семантикасы. Сөздің лексикалық дамуы нәтижесінде ең алғашында кішкене түйір дән, одан кейін ұсақ монета, ал одан кейін *дақ*, *ұсақ нүкте* мағынасына ауысқан болса керек.

Түркі халықтары арасында кеңінен тарап, сауда-саттықта құн өлшемі ретінде жұмсалатын ақшаның тағы бір түрі – *бақыр*. Бұл да ақша ұғымын беретін түркі сөзі ретінде сөздікте кездеседі. Сөздікте мынадай түсіндірме берілген: *Бақыр – Шыныда құйылған ақшаның бір түрі. Алыс-беріс сол арқылы жасалады* (МҚ, Т₁-418). Бақыр – мыс. Ақша мыстан құйылғандықтан, бақыр деп аталған. Сөздікте бұл туралы тағы былай деп беріледі: *Бақыр // мыс. Мақалда былай деп келген: бар бақыр иоқ алтұн // бар – мыс, жоқ – алтын (барда – бақыр, жоқта – алтын), қолда бар болса, мыстай қадірсіз, жоқ болса, алтындай қадірлі. Бұл мақал жақын-жұрағаттар арасында қорланып жүрген кісі арадан кеткеннен кейін, оның қадірі білінеді деген мағынада қолданылған* (МҚ, Т₁-417). Бақыр металл ақша болғанымен, алтыннан құны төмен екенін мақалдан аңғаруға болады. Бақырдың Қытайда құйылғанына қарағанда, сол кезеңде Қытай елі қолданатын ақша түрі болса керек. Түркілер мен қытайлар арасындағы сауда-саттық нәтижесінде түркі халықтарына тараған болуға тиіс.

Этнографиялық энциклопедияда *бақыр* туралы былай беріледі: «*Бақыр₁* – ұсақ сауда жасауға пайдаланылатын мыстан, күмістен соғылған тиынның жалпы атауы. Тиынның мыстан жасалған түрін қарабақыр деп атайды. *Бақырдың* сауда-саттықтың негізгі объектісі сан алуан тауарлардың эквиваленті ретіндегі рөлі қазақ жеріне Ресейдің ықпалымен тауарлық-ақша қатынастарының орныға бастаған кезінде күшейді. Қазақ ауылдарында орыс *Бақырлары* ғана қолданыста болды» [193, 373-374 б.]. Энциклопедияда дұрыс берілгендей, *бақыр ақшаның* құны алтыннан төмен болғандықтан, көбіне ұсақ саудада қолданыс тапқан. Ал оның күмістен де жасалуы ақша ретінде орнығып, мыс ақшаның атауы ғана емес, жалпы ақша семантикасын берген кезеңде болған. Яғни семантикалық дамудың нәтижесінде металдың атауынан, құн өлшемі ретінде ақша атауына ауысқан. Сондай-ақ *бақыр ақша* қолданысының күшеюі Ресей ықпалындағы жылдарда ғана емес, X–XII ғасырларда да орын алған. Бұл бақыр ақшаның семантикалық дамуынан да көрінеді.

Бақыр сөзінің ДТС-те төрт түрлі мағынасы берілген. Соның біріншісі, үшінші мағынасы жоғарыда айтылғандай, *мыс, металл және мыстан жасалған ақша* мағынасы. Ал екінші мағынасы *ауырлық өлшемі* болса, төртінші мағынасы – *ақша бірлігі*, яғни *ақша өлшем бірлігі*. ДТС-те төмендегідей беріледі: «2. Бақыр (мера веса, вероятно, несколько менее четырех граммов): *murč t[ört] baqir pitpidi beš baqir bisiy sinir alti baqir čur [ni] qilip // красного перца четыре бакыра, черного перца пять бакыров [и] разваренных сухожилий шесть бакыров [язять и], сделав порошок* (Rach I₇);» [188, с. 82]. Біздіңше, бақыр ақша мен салмақ

өлшемінің арасында семантикалық байланыс жоқ, сондықтан үзіндідегі бұрышқа қатысты қолданыста бақыр салмақ өлшемі емес, *көлем, сыйымдылық* өлшемін білдірсе керек. Яғни бақыр (мыс) ыдыстан (шөміш тектес) жасалған өлшем құралының сыйымдылығымен өлшенетін шамаларды білдіреді. Ал күн өлшемі бірлігі семантикасы былайша түсіндіріледі: «4. Бақыр (денежная единица): *bol mäsniñ üc satir üc jarim baqir bertim* // три сатыра [и] три с половиной бакыра, [принадлежащих] Болмышу, я отдал (USp 50)» [188, с. 82]. Мұнда да ақша ұғымында қолданылған. Яғни күн өлшемі түрліше болғанда мөлшерлік конструкция арқылы сандық және заттық компоненттер өзгеріп, түрліше шамалар мен ақша мөлшерін білдіреді. Бақырдың біз баяндаған әр тарихи кезеңдердегі әлденеше мағынасы оның күн өлшемі кеңістігінде кеңінен қолданылғанын, тілдің ең белсенді қабатындағы сөз болғанын түсіндіреді.

Бақыр сияқты *иармақ (жармақ)* та тарихи кезеңдерде кеңінен танымал күн өлшемі, ежелгі ақшалардың бірі болған. Бұл да М.Қашқаридың сөздігінде кездеседі. Алғашқыда: *Иармақ // ақша, пұл* (МҚ, Т₃-61), – деп түсіндірілсе, соңғысында: *Йарымақ // жармақ; теңге (ұйғырша)* (МҚ, Т₃-573-574), – деп берілген Екеуіндегі айырмашылық жалғыз дауысты «ы» дыбысы болмаса, екеуі бір сөз. Соған қарағанда *иармақ* сөз түркі тайпаларында түрліше айтылатын болса керек. М.Қашқари сөздігінің түпнұсқасында да *иарымақ, иармақ* деп екі түрлі берілген. Яғни бұл транскрипциядағы қате емес. Дыбыс құрамы, әріп саны ұқсамайтын болғандықтан, М.Қашқари оны екі жерде берген. Бірақ мағынасы бір. Алайда ДТС-те тек *иармақ* түрінде ғана беріледі [188, с. 242]. М.Қашқари сөздіктің әр тұсында сан атауларының мағынасын түсіндіргенде көбіне *иармақ* сөзін пайдаланады. Мысалы: *Еллік // елу: еллік иармақ // елу теңге, елу ақша», осыған ұқсас, тағысын тағылар* (МҚ, Т₁-173). Бұған қарағанда, *иармақ* сол кезеңде ең жиі қолданыста болған ақша түрі болса керек. Этнографиялық энциклопедияда *иармақ* туралы мынадай мәліметтер бар: «*Жармақ* – ортасы тесік келген тиын есебінде жүретін ұсақ, бақыр ақша. *Жармақ* сауда-саттықта пайдаланылумен бірге бөрікке, балалардың, қыз-келіншектердің сырт киіміне сәндік үшін таққан» [196, 335 б.]. Демек, темір, мыс сияқты құны алтын мен күмістен төмен металдардан жасалған және көбіне ұсақ сауда-саттықта қолданылады. Сондықтан да ол бұқара халыққа түрлі қажеттіліктер үшін қолжетімді. Ал оның *иармақ/жармақ* аталуы ортасының тесік (жарық) болуына байланысты болса керек.

Ерте, орта ғасырларда ақшаның түрлі баламалары болған. Солардың ішінде түрлі металдар жиі қолданылған. Ал металдың ең құндысы – алтын мен күміс. Бұлардан құйылған ақшалар ірі көлемді сауда-саттықта, жоғары тап өкілдері арасында қолданылған. Сондықтан бұл құнды металдар да ең үлкен күн өлшемі қызметін атқарған. X–XII ғасырларда күміс ақшаның қолданыста болғаны Сөздіктегі күміс сөзіне байланысты мына түсініктемеден де аңғарылады: *Күмүш // теңге. Өйткені ол күмістен құйылған* (МҚ, Т₁-428). Күміс күн өлшемі болудан тыс, түрлі қымбат бағалы бұйымдарға әшекей ретінде де жұмсалған. Сондықтан оның қажеттілігі басқа металл түрлеріне қарағанда жоғары. Күн өлшемі де жоғары шамаларды құрайды. Ал оның түрліше күн мөлшері сан есімдермен тіркесу арқылы берілген.

М.Қашқаридың сөздігіне, ғалымның өзі айтып өткендей, таза түркі тілінің сөздері енген. Сондықтан сөздіктер кірме тілдік элементтер жоқ деп саналады,

бар болса да ондай тіл элементтерінің дерегі нақты көрсетілген. Мұны М.Қашқари сөздік түзудің басты ұстанымдарының бірі ретінде қатаң ұстанған. Десе де, жіті зерделей қарағанда, кейбір кірме сөздердің ертеректе түркі тіліне сіңісіп, төл сөз сияқтанып кеткені де байқалады. Бұл мөлшер мәнді тілдік бірліктерге де қатысты. Сөздікте құн өлшемі ретінде қолданылған *сун* сөзі кездеседі. Жоғарыда атап өйткендей, бұл сөз сауда-сақтық, мәдени қарым-қатынас, түрлі себептермен өлшем бірлік ретінде қытай тілінен түркі тіліне сіңісіп кеткен деп болжаймыз. Бұл сөздің мағынасы М.Қашқари сөздігінде былайша түсіндірілген: *Сун // сом: сун алтун // сом алтын. Оның көлемі бір бармақтың ұзындығынан бір кезге дейін болуы мүмкін* (МК, Т₃-195). Яғни *сун* сөзі алғашында ұзындық өлшемі болса, кейін келе сол ұзындық мөлшердегі алтынды білдіре келіп, *кесек алтын, құйылған салмақты алтын* деген мәнде сындық мағынаға ауысқан. Бұл туралы этнографиялық энциклопедияда да: «Алтын тазартылып, өңделіп дайындалған соң әртүрлі құйма түріне енгізіледі және олардың атауы түрліше болып келеді: үлкендеуін *алтын жамбы* немесе *сом алтын* (*құйма алтын деп те атаған*) деген», – деп беріледі [193, 163 б.]. Мағыналық дамуы, дыбыстық өзгерісі мұнымен де тұрақтамай, *сом* түріне өзгеріп, ақша атауын алған. А.Егеубаев оны *сом* деп дұрыс берген. Кейбір Орта Азия елдерінде *сун* сөзі *сом* түрінде әлі қолданыста екені белгілі. Қазақстан аумағында да кезінде кеңінен қолданылған. Осы *сун* сөзінен *сом алтын, сом күміс* сөздері шығып, кейін қысқара келіп, *сом* сыңары ғана айтылып, ол құн, ақша атауы ретінде орныққан болса керек. Бұл сөздің ДТС-те мынадай екі түрлі мағынасы берілген: SUN I [кит. 寸, цунь, tshon, «мера длины», около 3 см] мера длины (от кончиков пальцев до локтевою сустава) (МК III 138); bir sunč budanī tü udara jarip // разделив на равные доли виноградиную кисть в один сун (Rach I₁₄₆). Sun altun слиток золота (МК III 138)»; SUN II: sun kiš человек с мягким характером (МК III 138)» [188, с. 514]. Мұнда бірінші мағынасы *сунның* Қытай елінің ұзындық өлшемі екені нақты көрсетілген және оның сандық мәні шамамен алынған. Біз бұған толықтай келісеміз. Қазіргі Қырғызстан, Өзбекстанда, тіпті Қазақстанның жергілікті диалектілерінде қолданыстағы ақша атауы *сомның* түп төркіні – осы *сун* деп аталған, ұзындық өлшемін білдіретін қытай сөзі. М.Қашқаридың оны қытай сөзі ретінде көрсетпеуі сол тілді білмеуінен және құн өлшемі ретінде жалпыға ортақ қолданылуынан болса керек.

Ал қазіргі заман қытай тілінің сөздігінде *сун* сөздің мағынасы былайша түсіндірілген: «寸 cun, 量: 长度单位, 10分等于1寸, 10寸等于1尺. 一市寸合1/30米» [197, 226 б.] (Ауд.: ұзындық өлшемі, 10 фен (0,333 см) 1 сунге (3,3 см) тең, 10 сун 1 чыға (33,3 см) тең. 1 сун (қала өлшемі) тең 1/30 (3.3 м)). Яғни *сун* – қытай тілінде де нақты сандық мәні бар, тым ерте заманнан келе жатқан ескі ұзындық өлшемдерінің бірі. Оның сандық мәні әр тарихи кезеңдерде, әр патшалық тұсында өзгеріп отырған. Түрлі қытай деректерін зерделегенде, *сун* өлшемі қазіргі метрлік өлшем жүйесімен мынадай шамаларды білдірген: 1,58 см, 2,31 см, 2,42 см, 2,45 см, 2,96 см, 3,1 см, 3,12 см, 3,27 см, 3,2 см, 3,4 см, 3,55, 3,6 см. Әр кезеңде түрлі шамаларды білдіргенімен, бір-бірінен тым алшақ кетпейді, 1,58-3,6 аралығындағы түрліше ұзындықты білдіреді. Демек ДТС-те дұрыс берілгендей, *сунның* ұзындық мәнін шамамен 3 см деп алуға болады. Кейде *сун* орыстың ұзындық өлшемі *дюйммен* теңестіреді. *Дюйм* шамамен 2,54 сантиметр ұзындықты білдіреді десек, бұл да дұрыс балама.

Сом сөзінің *суннан* шыққанына тағы бір дәлел ретінде қытай тіліндегі 寸 иероглифінің тағы бір мағынасын айтуға болады. 寸 (сун) қытай тілінде көбіне ұзындық өлшемі ретінде емес, тік төртбұрышты заттардың ұзындығы мен енін тұтас қосқандағы белгілі стандартты өлшемдерін білдіреді. Мысалы, 1 寸 = 2,5*3,5 см (сурет, қағаз т.б.). Ал алтын ең қымбат бағалы металл болғандықтан, ол құн өлшемі ретінде стандартты ұзындықта (ені мен ұзындығы) құйылады. М.Қашқаридың сөздігіндегі *сун алтын* да осындай нақты стандартты ұзындықтармен дайындалған. Яғни қытай өлшемі негізінде құйылған. Құйма алтынның ұзындығы мен енінің шамасын айтудан гөрі оның стандартты атауын айтқан әлдеқайда жеңіл, әрі бұл – тіл заңы. Сондықтан *сун* (寸) ұзындық өлшемі, *сун алтын*, *сом ақша* атаулары бір негізден тарады деуге толық негіз бар.

М.Қашқари сөздігіндегі өлшем бірліктердің келесі бір тобы – қашықтық (ұзындық) өлшемдері. Сөздікте *иығаш*, *фарсах*, *чыг* сияқты қашықтық өлшем бірліктері кездеседі. Бұлар жер беті қашықтығы мен сауда-саттықта түрлі тауарлардың ұзындығын өлшеуге қолданылады және нақты сандық мәні бар.

Осы өлшемдердің ішінде жоғарыда баяндалған *сун* ұзындық өлшеміне ұқсас, түркі тіліне енген ескі қытай өлшемдерінің бірі – *чыг*. Бұған М.Қашқари сөздігінде мынадай түсіндірме берілген: *Чыг // ши – түріктердің ұзындық өлшемі. Бұл араб өлшемінің үштен екісіне тең болады. Онымен көшпенділер бөз өлшейді* (МК, Т₃-183). Ғалымның мұны «түріктердің өлшем бірлігі» деп нақты айтуы жаңсақтық болса керек. Тіпті қытай тіліне түркі тілінен енуі де мүмкін. *Чыг* өлшемінің нақты ұзындығы қазіргі метрлік жүйе бойынша 33,3 сантиметрге сәйкес келеді. ДТС-те *чыг//尺 (chi)* өлшемі туралы: «*Сіу II*: [кит. 尺, чи, chiaeg мера длинны, около 30 см] *чыг* (мера длины) (МК 4993): altı jегirmi сiу beş tsun etüz belgürtür [Будда] явил свое тело [величиной] шестнадцать чыгов и пять цунов (Suv 41₁₂)», – деп берілген [188, с. 147]. Мұнда архетұлға *чыг* па, әлде 尺 (*chi*) ма, оны нақты айту қиын. Десе де, келтірілген деректердің сенімділігіне көз жеткізе отырып, түркі, қытай тілдерінде ортақ қолданылған өлшем бірліктер деуге болады. Алайда бұл сөз қытай тілінде қазірге дейін қолданыста және ескі қытай өлшемдері ретінде беріледі. Қазіргі заман қытай тілінің түсіндірме сөздігінде аталған сөздің мағынасы былайша түсіндірілген: «尺 chi I 量: 长度单位, 10 寸 等于 1 尺, 10 尺 等于 1 丈. 1 市尺合 1 / 3» [197, 175 б.] (Ауд.: ұзындық өлшемі, 10 сун (3,33 см) 1 чыға (33 см) тең, 10 чы 1 жаңға (333 см) тең. 1 чы (қала өлшемі) тең 1/3 (3,33 м)). *Чыг* ұзындық өлшемі ескі қытай тілінде де әр патшалық тұсында әртүрлі шамаларға сәйкес келеді. Бірақ бір-бірінен тым алшақ кетпейді. Бұл ұзындық өлшемдерінің қытай және түркі тілдерінде бірдей қолданылуы өлшем бірліктер ең жиі қолданыстағы сөздер тобы болумен қатар, жылдам жалпылану, жаһандану үдерісіне бейім тілдік қабат екенін айғақтайды. Тілдің бұл заңдылығы Түркі тілі кезеңінде-ақ өз күшін байқатқан.

Ең жиі қолданыста болған қашықтық өлшем бірліктерінің келесі бірі – *иығаш*. Бұған М.Қашқари сөздігінде мынадай түсініктеме беріледі: *Иығаш // фарсах – ұзындық өлшемі: Бір иығаш жер // бір фарсах жер* (МК, Т₃-17). *Иығаш* сөзінің сөздікте екі мағынасы беріледі. Бірі – өлшемдік мағына, екіншісі – ағаш. Ал *фарсах* та орта ғасырда алыс қашықтықты білдірген ұзындық өлшемі. А.Егеубай сөздікті тәржымалағанда мұның қашықтық шамасын *иығашпен* теңестіреді де, мынадай түсініктеме береді: *Бір фарсах он екі мың аршыңға тең* (МК, Т₃-17). *Аршын* да ескі халықтардың көпшілігінде кездесетін ұзындық

өлшемі. Орыс деректеріне қарағанда, аршын 0,71 сантиметрге тең. Бұлай болғанда, 12 мың аршын 8520 метр болады да, *иығаш* та, *фарсах* та осы ұзындық шамасына тең. Ал ДТС-те де *иығаш* сөзінің үш түрлі мағынасы берілген: бірінші мағынасы – ағаш; екінші мағынасы туралы: *йығаш*: мера расстояния: *bir jығаш jер* – расстояние в один йигаш, около семи километров (МК. III. 8.), – деп берілген [188, с. 265]. Екі деректе де ұзақ қашықтық мәнін білдіретіні айтылғанымен, теңестірілген сандық мәнінде айтарлықтай алшақтық бар. ДТС-те үшінші мағынасы: «*jйуащ III: jйуащ julduz // Юпитер (ТТ VII 1₃₂)*», – деп берілген [188, с. 265]. Күн жүйесіндегі ең алып планета саналатын Есекқырғанның (*Юпитер*) көкте, алыста орналасуына байланысты *jйуащ julduz // алыс жұлдыз* деп аталған болса керек. Бұлай болғанда *иығаш* сөзі алыс, шалғай деген тағы да бір сындық мағынаны білдіреді. Біздіңше, *иығаш* – М.Қашқари заманынан да бұрын қолданыста болған ұзындық өлшемі. Өйткені ұзындық өлшемі ретінде мағынасының тұрақтанып, тұтас түркі тайпаларында кеңінен қолданылуы бірер ғасырдың шегінде жүзеге аспайды. Бұл сөз тіпті кейінгі XV ғасырға тән тарихи жазбаларда да жиі кездеседі. XV–XVI ғасырға жататын «Бабырнамада» да *иығаш* өлшемі кездеседі. Мұнда шамамен 6 км қашықтыққа меңзеледі [198, 436 б.].

Фарсах та алыс қашықтықты білдіретін өлшем ретінде М.Қашқари сөздігінде бірнеше жерде кездеседі. Сөздікте түркілердің жер көлемін сипаттау үшін осы *фарсах* сөзін қолданылады. Соған қарағанда *иығаштан* гөрі *фарсах* сөзі өлшемдік мәнде жиірек қолданыста болғанға ұқсайды. Сөздікте былай беріледі: *Рұм өлкесінен Машынға дейін күллі түрік елдерінің ұзын бойы бес мың фәрсах, ені үш мың фәрсах болып, барлығы сегіз мың фәрсахты құрайды. Бұлардың орнын анық білдіру үшін бәрін жер беті секілді картаның ішінде көрсетіп өттім* (МК, Т₁-56). Мұндағы Рұм «Кіші Азия» қазіргі Рим болса, Машын (Үндістан, Моғолстан) елін білдіреді. Осы аралықтағы ұланғайыр жердің қашықтығы 5000 фарсах. Ал А.Егеубай фарсах сөзіне: *Фәрсах – ұзындық өлшемі, 6,24 шақырымға (км) тең* (МК, Т₁-56), – деп түсініктеме береді. Олай болса, Қашқари деректеріндегі түркі жұртының батысы мен шығысының арақашықтығы 31,200 км болады. Ал тұтас жер шары экваторының ұзындығы 40,076 км деп беріледі. Демек, *фарсах* туралы не А.Егеубай көрсеткені жаңсақ, не М.Қашқаридың түркі жұртының аумағы туралы дерегі жаңсақ болғаны және *фарсах* пен *иығаштың* қашықтық мәні тең емес. А.Егеубайдың «*Бір фарсах он екі мың аршынға тең*» деген дерегі бойынша есептегенде де *фарсах* жоғарыдағы 6400 шақырымға сәйкес келмейді. Демек екі өлшем бірлік те ұзақ арақашықтықты білдіргенімен, мәні тең емес.

М.Қашқари сөздігінде кездесетін өлшем бірліктердің келесі бір тобы – *салмақ өлшем* бірліктері. Сөздікте нақты сандық мәні бар небәрі 4-5 салмақ өлшемі кездеседі. Салмақ өлшем бірліктері орта ғасырдағы күнделікті тұрмыста да, ірілі-ұсақты сауда-саттықта да ұдайы қажеттілік тудыратын өлшемдердің санатына жатады. Алайда М.Қашқари сөздігінде *сағұ*, *батман*, *қырқлұм*, *кевши* сияқты әлденеше салмақ өлшемдері ғана кездеседі. Десе де, осы бірнеше сөз түркі тайпаларында салмақ өлшемінің дәлдігіне болған қажеттілік ерте кезеңнен басталғанын аңғартады. Мұның өзі өркениеттің бір белгісі саналады.

М.Қашқари сөздігінде өлшем бірліктердің кейбірі аталып қана өтеді де, нақты мәні түсіндірілмейді. Мұның себебін біз жалпыға түсінікті болуынан деп болжаймыз. Сондай өлшемдердің бірі – *сағұ* (МК, Т₃-306). Сөздікте оның өлшем

екені ғана айтылады. Мұның нақты қандай заттарға қолданылатыны жайлы мысал да берілмеген. Ал ДТС-те аталған өлшемнің мәні былай түсіндіріледі: «*Sayu*: мера измерения для зерна (МК III 225): *qırqlum sayu* / мера измерения сыпучих тел ($\approx 16,48$ л) (МК III 418)» [188, с. 481]. Бұған қарағанда, *сағу* тек салмақ өлшемі емес, сыйымдылық өлшемін де білдіреді және ол санауға келмейтін, көлемі, салмағы арқылы өлшенетін, ұсақ, қатты заттарға қолданылады. Ал *қырқлұм* өлшемі туралы М.Қашқари сөздігінде: *Қырқлұм // қырқлұм; таразы: «қырқлұм сағу // өлшеу, таразылау құралы». Толтырғанда бір өлшем болады,* – деп берілген (МҚ, Т₃-555-556). Яғни бұл – белгілі сыйымдылыққа тең, дәнді дақылдарды өлшейтін құрал. Оның сыйымдылық мөлшері жоғарыда берілгендей 16,48 литрге тең. Бұл шама *қырқлұмның* ДТС-тегі түсіндірмесінде де айтылады: «*Qırqlum*: мера сыпучих тел ($\approx 16,48$ л) (МК III 418)» [188, с. 446]. Келтірілген деректер аталған сөздердің нақты шамаға тең өлшемдер екенін көрсетеді.

Салмақ өлшемдерінің ішінде көне түркі кезеңінен бастап соңғы ғасырларға дейін түркі халықтарында кең таралып, ең ұзақ қолданыста болған өлшемдердің бірі – *батман*. Бұл сөз М.Қашқари сөздігінде де кездеседі. Сөздікте: *Батман // батпан: бір батман ем // бір батпан ем,* – деп берілгенімен, нақты қанша шамаға тең екені айтылмаған (МҚ, Т₁-503). Ал ДТС-те: «*Batman*: (мера веса (от 180 до 300 кг) (МК 223₃): *iki batman et* два батмана мяса (USp 91₅)), – деп көрсетілген [188, с. 89]. Мұнда да нақтылық жоқ. *Батман* орта ғасырда орыстарда да қолданылған. Бұл мән орыс деректері негізінде алынған. В.И.Даль сөздігінде: «*Батманъ м.* Турец (а безмень. шведс., но вброятно одного корня) азиатский весь, весьма разнообразный: крымский батманъ и закавказский, 26 пудов; крымский же небочный 25 пуд.; крымский кансустный 6 око, или 18 фунтовъ; в Средней Азии 12 пуд», – деп беріледі де, оның түрік өлшемі екені айтылған [199, с. 39]. *Батман//батпан* түркі халықтарында да, өзге халықтар арасында да түрліше дыбыстық өзгерістермен айтылады және әр тарихи кезеңдер мен әр елдерде түрліше салмақ мөлшерін білдіреді. Сондықтан *батманның* нақты салмақ өлшемін айту қиын. Бұл туралы этнографиялық энциклопедияда да айтылады: «*Батман* да салмақ бірлігі ретінде әр елде, әр кезеңде, әртүрлі хандар тұсында түрліше болып отырған. Өлшем ауытқуы 401,78 г басталып, үлкен батмандар (манн-и-шах, падишах батмандары) 6-7 кг болып, кейде 83 кг-ға дейін жететін. XIV–XVIII ғ.-да Бұқарада шарифаттық канондық манн 4,8 г-ға тең болған. Дешті Қыпшақта, Алтын Орданың астанасы Сарайда манн 1,953 кг-ға теңеліп, XIX ғ.-да Ташкент, Шымкент қаласында бір Б. 10,5 пұт, яғни 171,99 кг, Әулиеатада 12 пұтқа тең болды» [193, 436 б.]. Оның түрліше шамаларға сәйкес келуінің өзі ғасырлар бойы кең қолданыс тапқанын түсіндіреді. *Батпан* қазіргі қазақ тілінде нақты өлшем бірлік ретінде қолданылмаса да, тілдік қолданыста бар. Яғни «*ауыр салмақ*» семантикасын білдіре отырып, түрлі тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде, образды салмақ ұғымдарын беруде жиі қолданылады.

М.Қашқари сөздігінде астық, сол сияқты ұсақ заттарды өлшеуде қолданылатын өлшемдердің бірі – *кевши*. Сөздікте былай берілген: *Кевши // кемшен. Ұйғыр елі тарапында, Қашқарда қолданылған астық, тағы басқа ұсақ сусыма нәрселерді өлшейтін өшем; он ритлге тең* (МҚ, Т₁-477-478). Мұның да нақты өлшемі берілмейді. Тек А.Егеубай «*бір ритл 306 грамға тең*» деп түсініктеме береді және бұл сөзге «*кеусен, кепсен*» деген болжам жасайды. *Кевши*

– орта ғасырда да өте сирек кездесетін өлшемдердің бірі. Араб өлшемдері мен түрлі түркологиялық материалдарда да кездеспейді. Ал мұның салмақ өлшемі қаншаға тең екенін осы *ритл* арқылы анықтауға болады. *Ритл* – орта ғасырға тән түркі, араб жазба мұраларынан көптеп кездесетін салмақ өлшемі болғандықтан, ғылыми әдебиеттерден бұл туралы мәліметтер беріледі. Ескі құжаттар мен жазба деректері негізінде жазылған татар тарихы туралы кітапта: «*Ритль (фунд) Харезмский весом в 330 дирхемов. Средства пропитание заключаются, как говарят, в пшенице, ячмене, просе (дохн), которое у них называется эрзень, чечевице, джаверсе (род проса), похожем на зерно трилистника. Зерна эти продаются у них не иначе, как по ритлям [43]. Говорится (обыкновенно у них): каждая ослиная ноша (того-то) стоит столько-то, а ослиная ноша у них (составляет) сто таких ритлей. Средняя стоимость (100 ритлей) пшеницы 2 ½ динара; по такой же цене и чечевица. Ячмень (стоит) 2 динара», – деп берілген [200, с. 54]. Осы бойынша есептегенде, *ритл* шамамен 475 грамға сәйкес келеді. Мұны он еселесек, *кевши* шамамен 4,75-5,0 кг салмақты құрайды. Кейбір деректерде бір *ритл* шамамен 15 кг дейін барады. Ал Өзбекстанның Имам әл-Бухари атындағы Ташкент Ислам институтының оқытушысы Абдул Азим Зиёуддин деректерінде ритлды «*ратл*» деп атай келіп, оның шамасын былай береді: «*Ратл (ритл) (қадоқ):* Ироқий ратл = 0,515625 литр (≈ 0,516 литр). Оғирлиги = 408 гр (= 128,57 ироқий дирхам)» [201]. Бұлай болғанда *кевши* шамамен 4 килограмға тең болады. Бұл да татар деректерінен тым алыс кетпейді. Олай болса, М.Қашқари сөздігіндегі *кевши* ауырлық өлшемі шамамен 4-5 килограмм салмақты құрайтын салмақ өлшемі. Сонымен қатар ол сыйымдылық өлшемін де білдіреді.*

2.3 Мөлшер категориясының XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі функционалды-семантикалық өрісі

Орта түркі дәуіріне тиесілі (X–XV ғғ.) қыпшақ жазба ескерткіштері біршама мол. Сондай-ақ олардың тілдік ерекшеліктері де әртүрлі. Белгілі түркітанушы, қыпшақтанушы ғалым Ә.Құрышжанұлы орта түркі дәуіріне жататын ескерткіштерді тілдік ерекшелігіне қарай былайша жіктейді: «Қыпшақ жазба ескерткіштері *әдеби тілде* және халықтың *ауызекі сөйлеу тілінде* жазылған. Бірінші топ шығармалары екіге бөлінеді: а) *дәстүрлі әдеби тілде* жазылған еңбектер; ә) *жергілікті халықтың әдеби тілінде* жазылған Орта Азия мен Еділ (Алтын Орда) ескерткіштері» [176, 45 б.]. Мұнда *дәстүрлі әдеби тіл* дегені – көне түркі кезеңінен бері жалғасын тауып келе жатқан, бүкіл түркі халықтарына ортақ жазба тіл (А.Н.Самойлович). Ә.Құрышжанұлы осы жіктеуі бойынша Рабғузидің «Қиссасу-л-Ән-бия», Құтыбтың «Хусрау уа Шірін», Хорезмидің «Мұхаббатнаме» ескерткіштерін *дәстүрлі әдеби тілге* жатқызады. Біз ғалымның бұл тұжырымдарын толықтай қуаттаймыз және ескі қыпшақ тілі кезеңіндегі мөлшер категориясының тілдік табиғатын сөз еткенде, осы дәстүрлі әдеби тілде жазылған аталған үш ескерткішті дереккөз ретінде аламыз. Өйткені тарихи кезеңдер үшін тілдің әдеби нормаға айналған үлгісін зерттеудің маңызы жоғарылау.

1. XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы лексикалық бірліктер

Қыпшақ ескерткіштерінде⁵ мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде кеңінен көрініс табады. Оны сөз таптары шеңберінде нақты көрсетуге болады. Ескерткіштерде мөлшер семантикасы, ең әуелі, *сын есімдер* арқылы беріледі. Сын есімдердің кейбір мағыналық топтарының мөлшер семантикасын білдіру қызметі түркі тілінің барлық тарихи кезеңдеріне және орта ғасыр түркі тілінің барлық топтарына тән. Тілдер тобында жекелеген сөздердің морфологиялық тұлғасы мен қолданыс аясында өзгешеліктер болғанымен, сын есімдердің жалпы семантикалық жүйесі ұқсас. Сондықтан түркі тілінің бір бұтағына (тобына) тән семантикалық жүйе екінші бұтағына да тән деп айтуға болады. Мұны аталған кезеңдер мен тілдер тобы бойынша жүргізілген зерттеулер де көрсетеді. Айталық, Мәмлүк қыпшақтары тілінде (оғыз тобының тілдік элементтері көп) жазылған, «Китаб Муқаддима» ескерткішін арнайы қарастырған Қ.Садықбеков аталған ескерткіште кездесетін сапалық сын есімдерді семантикалық ерекшелігіне қарай: «Заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер, заттың көлемін, аумағын білдіретін сын есімдер, заттың мөлшерін білдіретін сын есімдер, заттың сапа, сыр-сипатын білдіретін сын есімдер», – деп төрт топқа бөледі [202, 48-49 бб.]. Мұнда төрт топтың екеуі мөлшер семантикасына тікелей қатысты. Демек, сын есімдердің семантикалық өрісінің едәуір бөлігін «мөлшер» ұғымы құрайды. Ал біз дереккөз ретінде алған қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикасының сын есімдер арқылы берілу ерекшелігі төмендегідей:

«Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында мөлшер семантикасын білдіретін *көп, чандан* сын есімдері кездеседі. Бұлар бірнеше есім, етістік сөздермен анықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста тіркесіп келіп, бірде іс-әрекеттің уақыт жағынан созылыңқылығы мен мөлшер жағынан көптігін (*көп йығладылар* (АХ, 211/40) // *көп жылады*), бірде деректі заттардың (*алар көндур* (АХ, 185/19) // *олар көп*) немесе абстрактілі заттық ұғымдардың (*көп михнат* // *көп бейнет*) көптігі семантикасын, енді бірде адами іс-әрекеттің шектен тыс белең алуын (*көп забандаразлық* (АХ, 195/11) // *көп сөзділік*) білдіреді. Тіпті кейде *көп* сөзі күшейткіш үстеу қызметін де атқаратыны байқалады. Мысалы: *Хазрат Адамни терилари көп көрүглүг ерди, күн йаруғыдин һам раушанрақ ерди* (АХ, 187/28-29) // *Хазірет Адамның терісі өте көрікті еді, күн жарығынан жарығырақ болатын*. Мұндағы *көп көрүглүг* тіркесін тура мағынасынша *көрікті* деп беруге болмайды. Өйткені сұлулық көптіктен тұрмайды, тұтастық пен үйлесімділіктен тұрады. Тіркесте *көп* сөзі *өте көрікті, тым көрікті* мағынасында, күшейту мәнінде жұмсалған. Ал *чандан* сөзі де көптік семантикасын білдіреді. Алайда *көп* сөзіне қарағанда *чандан* сөзінің көптік семантикасы күшейтпелі, әсірелеулі келеді. Мысалы: *Гаһи башларыға уруб (ұстан) гаһи тизларини тутуп чандан (өте көп) йығладылар кә көзларидин ақған йаишлары бир улуг су болуб ақышқа*

⁵ Дереккөз ретінде алынған қыпшақ ескерткіштерінің транскрипциясын пайдалану реті мынадай:

- «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасы бойынша Б.Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» (–Алматы: Ғылым, 1997. -296 б.) атты кітабындағы транскрипциясы мен аудармасы пайдаланылды;

- «Хусырау уа Шірін» поэмасы бойынша А.Ибатовтың «Қутыбтың «Хусырау уа Шірін» поэмасының сөздігіндегі» (XIV ғ.) (– Алматы: Ғылым, 1974. – 278 б.) атты еңбегіндегі транскрипциясы мен аудармасы пайдаланылды;

- «Мұхаббатнаме» ескерткіші бойынша Б.Сағындықұлының ««Мұхаббат-наме» ескерткішінің (XIV) мәтіні» (– Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 228 б.) атты оқу құралындағы транскрипциясы пайдаланылды.

башлады (АХ, 211/36-39) // Кейде басын ұстап, кейде тізелерін құшақтап өте көп жылады: көзінен аққан жасы бір үлкен су болып, аға бастады. Мысалда чандан (өте көп) йығладылар тіркесі көз жасы көл болу, етегі жасқа толу мағынасын білдіріп, іс-әрекеттің шамадан тыс мөлшерде істелуін көрсетеді. Сондай-ақ зат есім сөздерге де анықтауыштық қатынаста тіркесіп, зат мөлшерінің шектен тыс шамасын білдіреді. Мысалы: Аларны чандан (көп) кұнаһлары бирла бараһна (жалаңаш) қылмаслар (АХ, 229/34-38) // Оларды сонша көп кұналары болса да жалаңаш қалдырмайды. Бұған қарағанда, чандан сөзінің ауыспалы мағынада, шектен тыс шамаларды білдіру үшін образды тіркестерде де келетіні байқалады.

Мөлшердің көптігі семантикасын білдіретін *чандан, аз, көп* сөздері «Мұхаббатнаме» ескерткішінде де кездеседі:

Ешиттің ерса Йүсүфнің жамалин
Сени хүсн ичра сад чандан йаратты//
Естіп пе едің Жүсіптің сұлулығын?

Сенің сұлулығыңды (содан) жүз есе артық жаратты (МН, А/91-92).

Берілген мысалда да *чандан* сөзі *артық, көп* мағыналарын білдіреді. Ал *көп, аз* сөздерінің қолданыс аясы, семантикасы негізінен ұқсас. Бұлардан бөлек, ескерткіште кездесетін *фараван* сын есім сөзі де мөлшер семантикасын білдіреді. Дастанда былай беріледі:

Айыт, ей мехриң аз, ишваң фараван
Нетар ол ағызда мунча йалған //
Ей, мейірімің аз, қылымсуың көп де
Неліктен аузыңда мұнша жалған (МН, А/251-252).

Берілген өлең тармақтарындағы *ишваң фараван* тіркесі әйел затына тән қылымсу, наздану әрекетінің шамадан тыс мөлшерде жасалуын білдіреді. Мұнда *фараван* сөзі *көп, мол* мағынасын берумен қатар, сапалық белгіні, қасиетті мөлшерлік тұрғыдан күшейту семантикасын да білдіреді. Тіркес ескерткіштің араб жазуымен хатқа түскен тағы бір нұсқасында (1508–1509) *хуснуң фараван* деп те беріледі. *Фараван* сөзінің, көптік мағынамен қатар, *кемелдену, толысу, шегіне жету* сынды мағыналары болғаны осыдан байқалады. Түпнұсқада қалай берілетініне қарамастан, бұл тіркестердің қай-қайсын да ағат қолданыс емес.

Мөлшер семантикалы сын есімдердің үлкен бөлігі Қутыбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасында кездеседі. Оларды семантикалық ерекшелігіне қарай *салмақ, қашықтық, көлем, сыйымдылық, уақыт, көп/аздық* ұғымдарына бөлуге болады.

Ескерткіште салмақ семантикасы *ағыр (ауыр), йәсіргә (жеңіл)* сөздері арқылы беріледі. Бұл сөздер көбіне деректі заттардың нақты салмақ ұғымын білдіреді. Мысалы:

1) *Ағыр тур тағтег ырғанма бу йелдін (ХШ, 92р-44) // Ауыр бол таудай, ырғалма бұл желден;*

2) *Йәсіргә теггәсән (ХШ, 92в-2) // Жеңілге тигенсің.*

Таудың салмағы өлшеуге келмесе де, ауыр болатыны түсінікті. Ал бұл «салмақ» ұғымы образды түрде адамның қиындықтарға төзе білетін рухани күшінің мықтылығын бейнелеуге қолданылған. *Ағыр (ауыр), йәсіргә (жеңіл)* лексемалары өзара *сатылы тіресім* құрайды. Бұл градуалды салмақ семантикасының арасында түрлі салмақ өлшемдері бар. Олар тілде көбіне шырай қосымшалары арқылы беріледі. Кейде күшейткіш үстеулер арқылы да салмақ

семантикасының өрісін бұдан әрі кеңейтуге болады. Міне, бұлар түрлі шамалардан құралған біртұтас «салмақ мөлшері» ұғымын қалыптастырады. Э.Наджиб бұл сөздің көне, орта ғасыр түркі ескерткіштерінде *ауыр, салмақты, құрметті, бағалы, қымбат, берік, қатты, көп*, т.б. көптеген мағыналарды білдіретінін айтады [27, Т₁/ с. 224-226].

Поэмада кездесетін *узун, узақ, йырақ, бәдук, ағлақ, йінічкә* сын есімдері қашықтық семантикасын білдіреді. Мұнда *узун, узақ, йырақ, ағлақ, йінічкә* көлденең бағыттағы, *бәдук* тік бағыттағы деректі заттардың нақты қашықтық шамасын білдіреді. Мысалы:

- 1) *Бар ерді бір узун бодлуғ қыз* (ХШ, 75в-27) // *Бар еді бір ұзын бойлы қыз*;
- 2) *Йырақ йер кәлмиш ерді қайра сүрді* (ХШ, 67в-31) // *Жырақ жерге келген еді, қайта кетті*;
- 3) *Ош анда бір бәдук қаршы қылыңыз* (ХШ, 23р-4) // *Сонда бір биік сарай салыңыз*;
- 4) *Алардын адырылыб тутты узақ йол* (ХШ, 30р-24) // *Олардан айырылып, ұзақ жол жүрді*;
- 5) *Айтурмән вәлі болса йер ағлақ* (ХШ, 18р-36) // *Жер аулақ болса дер едім*;
- 6) *Қашытег йінічкә йолға сүрді Гулгун* (ХШ, 93р-26) // *Қасындай жіңішке жолға түсті Гулгун*.

Мысалдағы *узун* сөзі мен оның семантикалық тіресімі (*оппозициясы*) қысқа сөзі ауыспалы мағынада уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Бұл туралы сын есімдердің семантикалық жүйесін арнайы қарастырған Ә.Ақкөзов те: «*Ұзын* сын есімі мәтінге қарай уақыт өлшемінің де мағынасында жұмсала алады», – деп көрсетеді [203, 31 б.]. Ал аталған сын есім сөздерінің көпмағыналығын Р.Байымбетова егіз ұғымдардың концептуалдануымен байланыстырады: «Уақытқа қатысты құбылыстар мен ұғымдарды кеңістік аясында, кеңістікке қатысты ұғымдар мен құбылыстарды уақыт аясында саралау қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, тілінен айқын аңғарылады. Мысалы, қазақ тіліндегі *ұзақ* лексемасы уақытқа да, кеңістікке де қатысты қолданыла береді. Уақыт өлшемін білдіретін – *ұзақ уақыт, күн ұзақ, уақытты ұзақ, ұзақ күн, жасы ұзақ, қыс ұзақ болды*; кеңістік өлшемін білдіретін – *ұзақ жол, ұзаққа кету, жол ұзарту* тіркестерінде қолданылған *ұзақ* сөзі уақыт концептісінің де, кеңістік концептісінің де тілдік репрезентанттары болып табылады» [204, 108 б.]. Мұнда «кеңістік» концептісі – «қашықтық» ұғымын қамтып жататын жалпылама балама. Сапалық сын есімнің аталған семантикалық ерекшелігі қыпшақ тілі кезеңіне де тән. Мысалы:

- 1) *Узун күн тыңмадын тағ қазмыш* (ХШ, 67р-29) // *Ұзын күн дем алмай тау қазған*;
- 2) *Өмур қысқа ерүр һиммат бәдік қыл* (ХШ, 115в-33) // *Өмір қысқа болар, адамгершілікті биік қыл*.

Берілген мысалдардағы *узун күн, өмур қысқа* тіркестерін алып, семантикалық ерекшелігін тіркескен сөздерімен қоса салыстырып қарасақ, логикалық қайшылықтың барлығы байқалады. Яғни бір күн *ұзын* болғанда, адамның тұтас өмірі *қысқа* болмасы анық. Демек, бұл сөздердің семантикасына екінші бір зат пен іс-әрекеттің ықпал етуімен қатар, субъектінің жеке көзқарасының да қатысы барлығы байқалады. Бұл – сын есім сөздерінің басты қасиеттерінің бірі.

Поэмада көптік/аздық семантикасын білдіретін сөздер де көптеп кездеседі. Атап айтқанда, *бәса // көп, көб // көп, көп // көп (2), аз // аз (2), өкуш // көп, өкүш // көп, телім // көп, хайлі // көп, қалың // қалың, артуқ // артық*, т.б.

Бұл сөздер заттардың сандық, шамалық көп-аздығы, сондай-ақ қимыл-әрекет мөлшерінің көптігі мен аздығы және оған жұмсалатын уақыттың да көп-аздығы семантикасын білдіреді. Десе де, әрқайсысының өзінің контекстік орны, аздаған семантикалық айырым белгілері де жоқ емес. Мысалы, *бәса* сөзі сын есім болса да, контексте заттанып, көпшілік, қауым мағыналарын білдіреді. *Телім* сөзі көптік семантикамен қатар, жалпылау семантикасын да білдіреді. Ал *қалың* сөзі қашықтық ұғымымен қатар, заттық көптік, молдық семантикасын береді. Э.Н.Наджип аталған сөзді қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін және көне, орта түркі кезеңінде де заттың сандық көптігі, етістік ретінде ұлғайту, толтыру т.б. мағыналарын білдіретін көпмағыналы сөз ретінде көрсетеді [27, Т3/с. 224-226]. Бір *қалың* сөзі ғана емес, жоғарыда берілген сын есім сөздерінің барлығы да ерте, орта ғасыр түркі тілінде көпмағыналы, кең қолданыс тапқан сөздердің қатарында болған. Мысалы:

1) *Бәлі бәса көңлі бу* (XIII, 116р-6) // *Және көп көңілі бұл*;

2) *Қалың өврәккә кірміштег лачын* (XIII, 19р-39) // *Қалың үйрекке кіргендей лашын*;

3) *Телім мал* (XIII, 26в-28) // *Көп мал*;

4) *Аның чәрігі хайлі* (XIII, 9р-9) // *Оның әскері көп*.

Поэма мәтінінде көлем, сыйымдылық семантикасын білдіретін сөздер де кездеседі. Атап айтқанда, *ушақ // ұсақ* сөзі қатты заттардың сыртқы көлемінің кішілігін, *зәppә // зәppә* сөзі ең кіші көлемге ие заттық бөлшекті, *тар // тар* сөзі белгілі кеңістік пен абстрактілі сыйымдылық ұғымдарын білдіреді. Мысалы:

1) *Ушақ таи ічрә мән һәм іздәсәм кән* (XIII, 92в-39) // *ұсақ тас ішінде мен де іздесем кен*;

2) *Қуяш бар не бушар әксілә зәppә* (XIII, 72р-31) // *күн барда не қылады азайғанмен зәppә*;

3) *Жіһан болды үзәмгә сенсізін тар* (XIII, 65в-2) // *жіһан болды өзіме сенсіз тар*.

Мысалда *ушақ* сөзі деректі заттардың көлемімен қатар, дерексіз заттардың да абстрактілі көлем семантикасын білдіреді. Бұл сөздің семантикалық аясы кең, түркі тілдерінің тарихи кезеңдерінде әлденеше варианттармен, дыбыстық өзгешеліктермен келеді. М.Ескеева аталған сөздің түп-төркінін етістіктен тарата келіп былай дейді: «*Үк~уақ~ууақ*: үк – ет., затты майдалап ұсақтау, уақ – зат., майда, ұсақ. Ортақ түбірі *иг* «размельчить, молотъ». Бұл сөздердің гомогендігі *үгім~уақ~ууақ* етістіктерінен анық байқалады. Э.Севортян *иг* түбірінің тоғыз вариантын көрсетеді /62. 560-561/. *Уақ* сөзі ұйғыр тілінде *ügak* түрінде қолданылады. Қазақ тілінде түбірдің архетипі сақталған» [205, 53 б.]. Бұған қарағанда, қазіргі қазақ тіліндегі *уақ*, *ұсақ* сөздерінің негізі бір, автордың ойы – құптарлық. Ал *тар* сөзі контексте абстрактілі сыйымдылық семантикасын білдіреді. Бұл қолданыста сыйымдылық семантикасы образды түрде беріліп, ауыспалы мағынада жұмсалған. Негізінде бұл сөз деректі заттардың нақты сыйымдылық мөлшерін білдіруге де қолданылады. Ал *зәppә* сөзі – зат есім. А.Ибатов бұл сөздің мағынасын «ең ұсақ бөлшек» деп береді [206, 89 б.]. Яғни,

ең ұсақ заттың көлеміне байланысты қасиеті доминант семаға айналып, метафораланып, заттық мағынасы сын есімге ауысқан.

Поэмада жалпылама мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, нақты микромөлшер ұғымдарының ешқайсысына толық жатқызуға келмейтін сөздер де кездеседі. Солардың бірі – *улу*. Аталған сөз көне түркі ескерткіштерінде *улуғ* тұлғасында берілсе, одан кейінгі тілдің барлық тарихи кезеңдерінде кездеседі және семантикалық аясы кең, ауыспалы мәнде көп жұмсалатын сөздердің қатарына жатады. Бұл сөз аталған поэмада былай беріледі: *Кетәрдің мендін ошбу ұлу захмат* (XIII, 69р-9) // *кетірдің менен осы ұлы азапты*. Осы қолданыста *улу* сөзі белгілі зат пен затқа біткен қасиеттің жоғары шегін де, заттардың сандық көптігі семантикасын да (ұлы шерік) білдірмейді. Керісінше, адамның рухани әлемі душар болған азаптың, қиындықтың ең жоғары шегін, азаптану үдерісінің абстрактілі салмағын, уақыт жағынан ұзақтығын білдіреді. Мұндай рухани құбылыстарға байланысты қолданылған мөлшерлік бірліктердің семантикалық ерекшелігін дәл айту қиын.

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы есімдіктердің мағыналық топтары арқылы да беріледі. Есімдіктердің ішінде, қазіргі қазақ тіліндегідей, көбіне *жалпылау есімдіктері* арқылы беріледі. Мөлшер семантикалы жалпылау есімдіктердің үлкен бөлігі «Хусрау уа Шірін» поэмасында кездеседі. Атап айтқанда, *барча // барша (бәрі), бары // бәрі, бүтүн // бүтін, бүкіл, жәм // барлық, қамуғ // барлық, тәлім // барлық, түкәл // түгел* т.б. Жалпылау есімдіктердің мұндай түрлері «Мұхаббатнаме» ескерткіштерінде де кездеседі: *барча // барша, бары // барлық, қамуқ // бар (барша, барлық), жұлма // барлық* т.б. Ал «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында *жәми' // барлық, тамам // барлық, һамма // барлық (бүкіл, барша)* т.б. бірнеше түрі кездеседі. Бұлардың бәрі де белгілі зат пен процестің сандық, шамалық, мөлшерін тұтас қамту, жалпылау семантикасын білдіреді. Мұны «Мұхаббатнаме» ескерткішін арнайы қарастырған Б.Сүйерқұл да былай деп көрсетеді: «*Барча – қамуқ – бары – жұлма*. Есімдіктен құралған синонимдік қатарлар *бүкіл, барлық* ұғымында қолданылған» [207, 96 б.].

Жоғарыда берілген жалпылау есімдіктерін жинақтай келгенде, *барча, бары, бүтүн, тәлім, түкәл, қамуқ, жәм, жәми', тамам, һамма* сияқты он түрлі болады. Бұлардың ішінде *тәлім, қамуқ, һамма, жұлма* сөздерінен басқалары аздаған фонетикалық өзгерістермен қазақ тілінде қазір де қолданыста бар немесе кейбір кіріккен түбірлерде сақталған. Айталық, *жәм, жәми'* сөздерінің негізі бір. Бұл *жиылған топ, көпшілік* мағынасын білдіретін *жамағат* сөзі мен туысқандық қатынастағы адамдар тобын білдіретін *жамағайын* сөздерінде сақталған. *Тамам* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі *тамам жұрт (барша жұрт)* тіркесінде сақталған. Ал *жұлма* сөзі Шалкиіз жырауда *жімле* түрінде (*жімле галамға күлкі етер*) кездеседі. Демек, бұл сөз де бертінге дейін қазақ тілінің белгілі бір аймақтарында қолданыста болған. Ал *тәлім, қамуқ* сөздері көне түркі тілінде де, М.Қашқари сөздігінде де кездеседі және заттардың сандық көптік семантикасы мен процестердің шамалық мөлшерін жалпылау семантикасын білдіреді. *Һамма* сөзі түркі тілдерінің қарлұқ тобында бүгінге дейін қолданыста бар. Қыпшақ ескерткіштерінде аталған есімдіктердің қолданыс ерекшеліктерін, семантикалық аясын көрсететін қолданыстар жеткілікті. Десе де, әрбіріне бірден мысал келтірудің мұнда реті келмейді, солардың ішінен маңызды бірнешеуіне ғана мысалмен тоқталайық. Мысалы:

1) Қатында йир өпарлар жумла шахлар (МН, А/206) // Барлық шахтар сені көргенде құрмет көрсетіп, жерді сүйеді;

2) Тәлім бағлығ қабуғ дәвләтдін ачлур (ХШ, 74в-21) // Барлық байлаулы есік дәулетпен ашылар;

3) Тамам беһишлариңни арайиш (шырай, сән) бергил (АХ, 197, 26-28) // Барлық пейіштеріңе сән беріңдер;

4) Һамма фаришталар мендин йүз үкүрдилар (АХ, 220, 11-13) // Барлық періштелер менен жүз бұрды.

Берілген мысалдарда жалпылау есімдіктердің қай-қайсы да белгілі кеңістіктегі заттардың сандық, көлемдік шамасын тұтасымен көрсетеді және әр ескерткіште әртүрлі сөз қолданылғанына қарамастан, бір-біріне семантикалық балама бола алады.

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы мөлшер үстеулер арқылы да беріледі. Мөлшер үстеулердің саны жағынан ең көбі – «Адам Ата–Хауа Ана» ескерткіші. Ескерткіште мынадай түрлері кездеседі: *андағ // сонша, анһама // сонша, анчунан // сонша (соншалық), мунча // осынша (осыншама, қаншама)* т.б. Ал «Хусрау уа Шірін» поэмасында *анча // онша (сонша, көп), мунча // мұнша (мұншама, сонша)* сияқты бірнеше түрі ғана кездесе, «Мұхаббатнаме» ескерткішінде *мунча // мұнша, неча // қанша (қаншалық)* деген екі түрі ғана кездеседі. Аталған мөлшер үстеулердің семантикалық ерекшелігінің өзі екі түрлі: бірінші, белгілі бір нақты мөлшерлік шаманы сілтей, нұсқай отырып, соның орнына ауысып қолданылады; екінші, белгілі бір зат пен қимылдың сандық, дүркіндік, шамалық мөлшерін одан сайын асырмалау, күшейту семантикасын білдіреді.

Аталған мөлшер үстеулерді қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер үстеулермен салыстыра келіп, мынадай үш топқа бөлуге болады:

Бірінші, қазақ тілімен негізінен сәйкес келетін мөлшер үстеу – *мунча*. Бұл дереккөз ретінде алынған қыпшақ ескерткіштерінің үшеуінде де бірдей кездеседі, сондай-ақ тілдің көне-жаңа барлық тарихи кезеңдерінде кездеседі және бәрінде бірдей белгілі мөлшерлік шаманы көрсету, күшейту семантикасын білдіреді. Сондықтан *мунча* сөзін мөлшер үстеулердің ең жалпы және ежелгі нұсқаларының бірі деп айтуға болады;

Екінші, семантикалық жағынан ерекшеленетін мөлшер үстеулер – *андағ, анча, неча*. Бұлар негізінде мөлшер үстеулер емес. Алайда кей контекстік қолданыстарда мөлшер үстеудің семантикалық қызметін атқарады. Мысалы:

1) Йер андағ нала уа зары қылып йығлады (АХ, 181/1-3) // Жер сонша нала болып, зар илеп жылады;

2) Нічә дост ерсә йүз анча йағы (ХШ, 46р-21) // Неше досы болса, сонша жүз жауы;

3) Неча хошаматли султан болса болсун

Етман мал үчүн мадах-о санамин (МН, А/611-612) //

Қанша қошаметті сұлтан болса да,

Мал үшін мақтамаймын, мадақ етпеймін.

Бірінші мысалда *андағ* сөзінің қазақ тіліндегі тікелей баламасы – *андай*. Яғни, сілтеу есімдігіне салыстыру формасы жалғану арқылы белгілі шаманы ұқсату семантикасын білдіреді. Берілген мысалда белгілі процестің шамасын нұсқаумен қатар, мөлшерлік семантика үстемеленіп тұр. Ал екінші мысалда *анча*

сөзі *-ча* ұқсату формасы арқылы келгені анық көрінеді. Сондықтан да аталған сөздің мағынасын А.Ибатов «онша, сонша» деп береді [206, 35 б.]. Бұл сөз поэмада ең жиі қолданылған (66 рет) мөлшер үстеулердің қатарына жатады. Берілген мысалдан *анча* сөзінің үстеуішілік мағынасынан гөрі, есімдіктерше, белгілі шаманы нұсқау, сол шаманың орнына ауысып жұмсалу қызметі анық байқалады. Үшінші мысалдағы *ничча* сөзі – сұрау есімдігі. Алайда контексте сұраулық семантикадан гөрі, өзі белгілі шаманың орнына жұмсалып, мөлшерлік мағына үстейді;

Үшінші, қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін түрлері – *анһама*, *анчунан*. Бұл мөлшер үстеулер қазіргі қазақ тілінде дәл осы тұлғада кездеспейді. Алайда сөздің тұлғасына мұқият зер салғанда, *ан* сілтеу есімдігіне *-һа* (*-ша*), *-ма* (*-ма*) аффикстері жалғанған сияқты да, *соншама* сөзіне ұқсастығы байқалады. Ал *анчунан* мөлшер үстеуі де сол сияқты, *ан* сілтеу есімдігіне *-чу*, *-нан* аффикстері қабаттаса жалғанған. Сондықтан бұл сөздердің морфонологиялық құрылымы айтарлықтай өзгергені байқалады. Ал бұл сөздердің семантикалық ерекшелігіне келгенде, белгілі шаманы нұсқау мәнінен гөрі, үстеу, күшейту семантикасы басымдау. Мысалы:

1) *Йер анһама (соншама) нала уа зары қылды кә: хаддин (шектен) фузун (тыс) уа 'аддин (саннан) бирун (сыртқары)* (АХ, 180/31-33) // *Жер сонша нала болып, зарлады: тіпті шамадан асып, шектен шығып кетті;*

2) *Анчунан (соншалықты) улуг болды ким өзидин өзгани билмади* (АХ, 172/17-19) // *Бақ-дәрежесін ұлық сезінгені соншалық, өзінен өзге бар деп білмеді.*

Бірінші мысалда *анһама* мөлшер үстеуі жер назасының нақты мөлшерін білдіріп тұрған жоқ, *өте налыды, тым қайғырды* деген күшейтпелі семантиканы білдіреді. Ал екінші мысалдағы *анчунан* сөзі бақ-дәреже ұлықтығының нақты мөлшерін емес, солай сезінудің жоғары шегін күшейтпелі түрде сипаттап тұр. Бұл екі сөздің де семантикалық ерекшелігі қазақ тіліндегі мөлшер үстеулердің семантикалық ерекшеліктерімен сәйкес келеді. Демек, мөлшер үстеулер қай кезеңде қолданылмасын, жекелеген сөздердің контекстік қолданысы мен құрылымында өзгешеліктер болғанымен, жалпы грамматикалық мағынасы, семантикасы ұқсас болып келеді.

2. XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы морфологиялық бірліктер

XIII–XIV ғасырларға жататын аталған қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы морфологиялық деңгейде де кеңінен көрініс табады. Мөлшер семантикасын білдіретін синтетикалық формалар бірнеше түрлі:

– Ескерткіштерде мөлшер семантикасы шырай қосымшалары арқылы беріледі. Шырай қосымшаларының түрлері «Хусрау уа Шірін» поэмасында біршама мол. Атап айтқанда, *-рақ*, *-ырақ*, *-рәк*, *-ірәк* деген түрлері кездеседі. Бұл шырай қосымшалары *көбрәк* // *көбірек*, *узақрақ* // *ұзағрақ*, *азрақ* // *азырақ*, *артуқрақ* // *артығырақ*, *йырақрақ* // *жырақтау*, *әдізрәк* // *биігірек*, *оқушрәг* // *көбірег*, *йақынырақ* // *жақынырақ* т.б. сөздерге жалғанып, заттардың сандық, шамалық көптігі мен аздығының түрліше деңгейін, алыс/жақын арақашықтықтың, ұзақ/қысқа уақыттың салыстырмалы мөлшерін білдіреді. Мысалы:

1) *Хазіна көбрәк аның һәм астын да* (XIII, 12р-15) // *Қазына көбірек оның да астында;*

2) *Ұзақрақ теді бу ішім бір анча* (XIII, 25в-9) // *Ұзағрақ деді бұл ісім біраз;*

3) *Йақынырақ келді ат бірлә* (XIII, 23р-29) // *жақынырақ келді атпен;*

4) *Булутдын көб әдізрәк* (XIII, 19р-35) // *бұлттан көп буйгірек.*

Бірінші мысалда *көбірек* сөзі сандық көптікті емес, қазынаның жалпы мөлшерінің салыстырмалы түрде алғанда біршама көптігін білдірсе, екінші мысалдағы *узағырақ* сөзі белгілі істің орындалу процесі уақытпен өлшегенде біршама көптеу уақытты алатынын білдіреді. Ал үшінші, төртінші мысалдарда көлденең және тік бағыттағы арақашықтық мөлшерін салыстырмалы түрде білдіріп тұр. Осы тұста еске сала кету керек, «Хусрау уа Шірін» поэмасының лексика-грамматикалық ерекшелігін арнайы қарастырған ғалым М.Сабыр шырай қосымшаларының семантикалық ерекшелігі туралы, аталған қосымшалар сөзжасамдық емес, форма жасамдық жұрнақтар болған соң ба, арнайы тоқталмайды.

«Мұхаббатнаме» ескерткішінде де шырай қосымшаларының *-ырақ, -рақ* екі түрі мөлшер семантикасын білдіру қызметінде жұмсалады. Бұлар ескерткіште *артуқрақ // артығырақ, хошрақ // жақсырақ* т.б. сөздерге жалғанып, заттардың салыстырмалы шамасының, деңгейінің, сапасының мөлшерін білдіреді. Мысалы:

1) *Сени жанымдын артуқрақ севарман //*

Сені жанымнан артығырақ сүйермін (МН, А/325);

2) *Вафадин жавриңиз миң қатла хошрақ //*

Адалдықтан жәбіріңіз мың есе жақсырақ (МН, А/578).

Берілген екі мысалда да *артығырақ, жақсырақ* сөздері адамның ғашықтық сезіміне, сүюдің деңгейіне байланысты қолданылған. Яғни тек деректі заттардың мөлшерлік деңгейін ғана емес, рухани құбылыстар мен құндылықтардың да түрліше деңгейін, дәрежесін білдіреді.

«Адам Ата, Хауа Ана» қиссасында шырай қосымшасының мөлшерлік семантикада қолданысы аса көп емес. Тек *көбрақ, раушанрақ* т.б. сөздерге байланысты *-рақ* формасы кездеседі. Мысалы: *Фаришталар һаммалары салауат таййабат (ізгілікті) айтур ердилар. Фаришталар һамма арқаларыға көбрақ та'зым қылу ердилар* (АХ, 198/19-21) // *Периштелердің баршалары «Таййбат» (ізгілік) салауатын айтушы еді. Олар арқасына көбірек тағзым ететін.* Контексте *көбрақ* сөзі Аллаға ғибадат пен құлшылық шамасының салыстырмалы көбірек мөлшерін білдіреді. Яғни қимыл-әрекеттің реттік мөлшерінің көптігі мен артықтық семантикасын білдіреді.

– мөлшер семантикасы зат есімнен сын есім тудырушы *-сыз, -сіз* жұрнақтары арқылы да беріледі. «Хусрау уа Шірін» поэмасында аталған жұрнақтың екі түрі де кездеді. Поэмада *сансызын // есепсіз, чақсыз // шақсыз, хисабсіз // есепсіз* сияқты бірнеше сөздерге жалғанып, заттардың сандық есебі мен шамалық шегінің аса көп мөлшерін білдіреді. Бұл жұрнақта белгілі шаманы асырмалау, күшейту семантикасы да бар. Кейде тіпті тура мағынада «жоқтық» семантиканы да біліреді. Контексте аталған жұрнақтың семантикалық сыйымдылығы кең екендігі байқалады. Мысалы:

1) *Жіһан болды үзәмгә сансызын тар* (XIII, 65в-2) // *жіһан болды үстіме есепсіз тар;*

2) *Ішім күйді сәнің чақсыз назыңдын* (XIII, 43в-8) // *ішім күйді сенің шақсыз назыңнан;*

3) *Хісабсіз көб чәріг* (XIII, 45р-25) // *есепсіз көп әскер.*

Бірінші мысалда *сансыз* сөзі «сан жоқ» дегенді білдірмейді, *сансызын тар* тіркесі ішінде мағынасы ауысып, көлемнің өлшеусіз кішілік семантикасын білдіреді. Шын мәнінде, әлемнің сыйымдылығына сан балама бола алмайды, сондықтан оның тарлығы *сансыз* да болмайды. Мұнда *сан* сөзі «өлшем» ұғымында берілген. Бұл қолданыс *-сыз, -сіз* жұрнағының семантикалық әлеуетін көрсетеді. Екінші мысалдағы *чақсыз* сөзі де ауыспалы мағынада берілген. Мұны А.Ибатов «шақсыз, шексіз» деп түсіндіреді [206, 239 б.]. Біз бұған келісе отырып, оған «теңдессіз» деген ұғымды білдіріп тұрғанын ғана қосамыз. Үшінші мысалдағы *есепсіз* сөзі – неғұрлым тура мағыналы. Әйтсе де, асырмалау, әсірелеу семантикалы сөз. Өйткені қанша көп әскер болса да, оның санына жете алмау қисынға келмейді. Мұнда *сансыз* сөзі «көп» деген ұғымды білдіреді. Берілген мысалдар көрсеткендей, орта ғасырда *-сыз, -сіз* жұрнағының семантикалық өрісі кең болған. Алайда «Ескі түркі ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтарды (XIV ғасыр)» деп арнайы еңбек жазған зерттеуші Ә.Керімұлы аталған жұрнақтың «Хусрау уа Шірін» поэмасында *-сыз, -сиз, -суз, -сүз* төрт түрі кездесетінін айта келіп, былай дейді: «*-Сыз* жұрнағы жалғану арқылы жасалған сөздердің де беретін мағынасы біреу-ақ. Есім сөздерге жалғанып, түбірде аталған заттың, құбылыстың жоқтығын білдіреді» [192, 54 б.]. Әрине, бұл жұрнақтың көбіне жоқтық семантиканы беретіні шындық. Алайда мұнда аталған жұрнақтың контекстік мағынасы ескерілмеген болса керек. Жоғарыдағы мысалда келетін *сансызы, хісабсіз* сөздері санның да, есептің де жоқтығын білдірмейді, керісінше, сандық көптігін білдіреді. Бұл – жоқтық форма арқылы көптік семантиканы беру болмақ.

– Ескерткіштерде мөлшер семантикасы *-ча* жұрнағы (салыстыру формасы) арқылы да беріледі. Бұл жұрнақ көне түркі ескерткіштерінен бастап, барлық тарихи кезеңдердегі тілдік деректерде көп кездесетін ескі синтетикалық формалардың бірі. Тілдің ежелгі кезеңдерінде *-ча (-че, -чә)* жұрнақтарының қолданыс аясы кең болғанын сақталған тілдік деректер көрсетеді. Алайда сөз болып отырған XIII–XIV ғасырлар тілдік деректерінде қолданыс аясы, семантикалық ерекшелігі бұрынғымен салыстырғанда аздап тарыла бастағаны байқалады. Аталған кезеңдерде *-ча* жұрнағы уақыт мөлшері семантикасында көбірек қолданылады. Сондай-ақ мөлшер үстеулердің құрамында көбірек келеді. «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында *ақызмагунча // төкпегенше, сурғача // тартылғанша* т.б. сөздерде кездесіп, белгілі процестің аяқталу барысына керек тұтас уақыттың мөлшерін білдіреді. Мысалы:

1) *Мен күнаһни Жабирдин гуһ (тау) 'Арафатқа барып көз йашымны дида'ан хунбарымдин (қан араластырып) ақызмагунча һәр кез өтмади* (АХ, 229/34-38) // *Жабирден Арафат тауына дейін барып қан араластырып көз жасымды төкпегенше күнәмді еш кешпеді;*

2) *Шайтан айды ким меңа узун 'умур бергил сурғача тирик булай* (АХ, 196/42-45) // *Шайтан айтты: «Маған ұзақ өмір бер, ақырғы заманның кернейі тартылғанша тірі болайын».*

Берілген мысалдардың біріншісінде Адам Атаның қан аралас көз жасын төге жүріп, Жабирден Арафат тауына жеткенше кеткен уақыт мөлшерін білдірсе,

екіншісінде сөйлеу сәтінен бастап, ақырзаманның кернейі тартылғанға дейінгі уақыт шегін білдіреді.

-Ча/-чә жұрнағы «Хусрау уа Шірін» поэмасында да кездеседі. Поэмада күн батмышча // күн батқанша, таң атғынча // таң атқанша, айча // (бір) айдай т.б. бірнеше сөздерде келеді де, белгілі шақ, мезгіл, уақыт кезеңдері аралығындағы уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Мысалы:

1) Күн батмышча бітәррәк сабры кітті (XIII, 90р-13) // күн батқанша одан бетер сабыры кетті;

2) Таң атғынча тәлім гәз қылды зары (XIII, 36в-20) // таң атқанша барлық кезде зар жылады;

3) Бір айча артуқ әксүк сабыр қылды (XIII, 71в-1) // бір айдай артық па кем сабыр қылды.

Берілген екі мысалда да белгілі істің басталу сәтінен таң атқанға немесе күн батқанға дейінгі аралықтағы уақыт мөлшері мен бір ай шамасындағы уақыт мөлшері семантикасын білдіреді.

Кей қолданыстарда -ча, чә жұрнағының семантикалық қызметін қазіргі қазақ тілінде -дай, -дей формасы атқарады. Бұл поэмадағы *зәррәчә* сөзінің қолданысынан да аңғарылады. Поэмада былай беріледі: *Зәррәчә // зәредей: Кәрам қылсаң көрүнмәз зәррәчә йар* (XIII, 40р-20) *мейірімділік қылсаң, көрінбес зәредей жар*. Контекстегі мағынасына қарай *зәррәчә* сөзін А.Ибатов *зәредей* деп аударарды [206, 89 б.]. Мұнда *зәррә* сөзі – ең кіші көлемдегі заттарды (түйіршікті) бірдіретін сөз. Ал оған -чә ұқсату формасы жалғану арқылы екінші бір заттың көлемін соған ұқсата теңеп, «кішкене» деген көлемдік семантиканы білдіріп тұр.

-Ча жұрнағы «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында да қолданыс тапқан. Қисса мәтінінде *тақийаматғача // қияметке шейін, белигича // беліне дейін, бугазығача // тамағына дейін, чығнақығача // шынтағына дейін, ашуқығача // асығына шейін* т.б. сөздер кездеседі. Аталған сөздер контексте белгілі кезеңнен басталған уақыттың аяқталу сәтіне дейінгі уақыт мөлшері семантикасы мен заттардың бойымен (дене мүшелерінің) өлшенетін ұзындық, қашықтық семантикаларын білдіреді. Бұл ретте барыс септігі мен -ча формасы грамматикалық байланыста болады. Аталған қосымша *дейін, шейін* септеулік шылаулардың мағынасы мен салыстыру семантикасын білдіріп, екі түрлі семантикалық қызметте жұмсалады. Мысалы:

1) *Уа йана: Йа арз хазийа дедилар. Йер белигича йутти* (АХ, 218/24-26) // *Ей, жер, тарт! – деді. Жер беліне дейін тартты*;

2) *Тақийаматғача адам фарзандини куфур ... сабаб ошбу нафс болгусыдур* (АХ, 186/28-31) // *Адам баласының қиямет күніне шейінгі бүкіл өмір тарихында кәпір болып кетуіне ... нәпсі себенкер*.

Бірінші мысалда *белигича* жердің адам беліне дейінгі тереңдікте тартқанын білдірсе, екінші мысалда *тақийаматғача* сөзі қияметке дейінгі уақыт мөлшері семантикасын білдіреді.

-Ча жұрнағы «Мұхаббатнаме» ескерткішінде де уақыт мөлшері семантикасында қолданыс табады. Мысалы:

Давысқынча газал шах гәш қылды

Меңа хил ат аийүрүб, қош тутты //

Тауысқанша газалды шах тыңдады

Маған шапан жауып, құрмет көрсетті (МН, А/75-78).

Мұнда да белгілі іс-әрекеттің (ғазал оқудың) басталу сәтінен аяқталу сәтіне дейінгі уақыт мөлшері семантикасын білдіріп тұр.

Берілген мысалдар көрсеткендей, дереккөз ретінде алған үш ескерткіште де *-ча* жұрнағы уақыт мөлшері семантикасында қолданылған. *-Ча* жұрнағының бұдан бұрынғы тарихи кезеңдерде уақыт мөлшерінен басқа да мөлшерлік ұғымдарды білдіргеніне қарамастан, бұл кезеңде ондай семантикалық өрісінің байқалмауы оның семантикалық қызметі өзге де салыстыру формаларына (*-тег // -дай, -дей*) ауыса бастағанын түсіндірсе керек (133-беттегі 5-кестеге қараңыз)..

– Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы *-тег* функционалды қосымшасы арқылы да беріледі. Аталған жұрнақтар «Хусрау уа Шірін» поэмасында кеңірек қолданыс табады: *бір са 'аттег // бір сағаттай, ағызтег // ауыздай, тағтег // таудай, мундағ // мұндай, мунтег // мұндай, дивтег // диюдай* т.б. Бұлар контекстегі қолданылуына қарай *уақыт, көлем, сапа, шама* ұғымдарын білдіреді. Мысалы:

1) *Беліңні шәш бу бір са 'аттег олтур* (XIII, 97р-37) // *Беліңді шеш, бір сағаттай отыр*;

2) *Ағыр тур тағтег ырғанма бу йелдін* (XIII, 92р-44) // *Ауыр бол таудай, ырғалма бұл желден*;

3) *Недің мунтег йаман йердә сарайың* (XIII, 30в-3) // *Неден мұндай жаман жерде сарайың*.

Бірінші мысалда *бір сағаттай* тіркесі болжалды уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Екінші мысалда *тағтег* сөзі көлемді асырмалау және ұқсату семантикасын, ал үшінші мысалдағы *мунтег* сөзі белгілі бір шаманы сілтеу, нұсқау семантикасын береді. Яғни *-тег* жұрнағы үш мысалда үш түрлі мағынада жұмсалады. Түркі негізді есім қосымшаларының даму тарихын арнайы қарастырған Ж.О.Тектіғұл аталған форманың үш түрлі семантикалық қызметін көрсетеді: «Жалпытүркілік *тег* шылауы ескерткіштерде үш түрлі мағынада жұмсалады: 1) ұқсату – «*тәрізді, секілді, ұқсас*» мәнінде; 2) етістіктермен тіркесіп келіп, салыстыру – «*сияқты, секілді*» мәнінде; 3) *дейін, шейін тегін, тегін, тегі* шылауы қызметінде шектеулік мәнде жұмсалады» [208, 51 б.]. Әрине, зерттеушінің бұл тұжырымын толықтай қуаттаймыз. Алайда *-тег* қосымшасының семантикалық өрісі мұнымен ғана шектелмейді. Жоғарыда берілген бірінші мысалдағы *бір са 'аттег // бір сағаттай* тіркесінде келетін *-тег* формасының семантикасы бұл үш түрдің ешқайсысына да келмейді.

Бұл форманың семантикалық ерекшелігі мен шығу төркіні туралы XIII поэмасын қарастырған М.Сабыр былай дейді: «XIII-да *-тег* тұлғасы бастапқы заттың шыққан тегін білдіру мағынасынан алыстап, бірыңғай ұқсастыру мағынасында сын есім тудырып отырады [209, 124 б.]. Ғалым бұдан әрі *-тег* аффиксі мен *-ча* аффиксінің шығу түркінін *дейін, шейін* жалғаулық шылауларымен байланыстыра келіп, оның қазіргі түркі тілі мен көне түркі тілдеріндегі нұсқаларын екі топқа бөліп көрсетеді және бұларды төркіндес деп санайды [208, 125 б.]. Соңында бұл тақырыптағы тұжырымдарын белгілі ғалымдар Т.И.Рамстедт, Ж.Дени, А.Н.Кононов, С.Исаевтардың пікірлеріне сүйене отырып, былай деп түйіндейді: «Алғашында *-дег// -тег* тұлғасы дербес сөз ретінде қолданылған. Бірақ тіл тарихының ұзын жолында дербестігін жоғалтып, бірінші көмекші сөзге, одан кейін жұрнаққа айналған. Ал «*теңестіру, салыстыру*» мағынасы кейінгі дәуірде пайда болған. Бірақ бұл процесс Орхон-

Енисей дәуірінен ертерек кезде басталғанға ұқсайды» [209, 126 б.]. Біздің ойымызша да *-ча* (*-ча*, *-че*) және *-тег* аффикстерінің төркіні бір. Бұл екі аффикстің түркі тілінің тарихи кезеңдерінде бірінің семантикалық қызметін екіншісі атқаруы, бірінің қолданылу өрісін екіншісі иеленуінің мәні осында (132-беттегі 4-кестеге қараңыз).

3. XIII–XIV ғасыр қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшер семантикалы синтаксистік бірліктер

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Бұл деңгейдегі берілу жолдарының өзі үш түрлі: *тіркестер*, *синтаксистік модельдер*, *синтаксистік конструкциялар*. Осы үш түрлі тіркесім түрлері түрліше мазмұндағы мөлшерлік ұғымдарды дәл, анық, айшықты, бейнелі түрде береді және сандық жағынан да шексіз деуге болады.

1. Сөз тіркесі – мөлшер семантикасын берудің ең бір ұтымды жолдарының бірі. Ескерткіштерде зат есім, сын есім сөздері қайталанып келіп, зат есім немесе етістік сөздерімен қабыса байланысып, зат пен іс-қимыл мөлшерінің сол шамадан әлденеше есе көп не аз екендігін білдіреді. Мысалы:

1) *Нәкісәға айытур азын-азын* (XIII, 95в-10) // *Аздап-аздап айтар Нәкісәге*;

2) *Ыдысам табғынға харвар харвар* (XIII, 66в-2) // *Жіберсем табығына тең-тең жүк*.

Берілген мысалдардағы *азын-азын* тіркесімі айтылмақ сөзді біртіндеп, ретіне қарай аз-аздап айтуды білдірсе, *харвар-харвар* тіркесімі бір емес, әлденеше тең жүкті, сондай-ақ «көп жүк» деген мағынаны да білдіреді. Бір сандық жүйедегі өзімен іргелес тұрған сандар қосарланып келіп, зат есімдермен қабыса байланысып та сол заттың *болжалды сандық мөлшер* семантикасын білдіреді. Мысалы, *Отуз қырқ мәйіл тыңмаз ерді ол шаһ* (XIII, 75в-32) // *отыз-қырық тілекпен тынбас еді ол шах*.

Кейде белгілі заттық пішіннің түріне, тұрқына атау болып келетін зат есім сөздері қайталанып келіп, сондай сандық форманың көптігі семантикасын білдіреді. Мысалы:

1) *Тұруб саф-саф қамуз мунларны таңлар* (XIII, 34р-20) // *тұрып қатар-қатар бәрі бұлардан таңдар*;

2) *Бүрі таласа қылса парә-парә* (XIII, 37в-16) // *бөрі таласа, қылса пара-пара*.

Берілген мысалдардағы *саф-саф*, *парә-парә* тіркесімдері белгілі зат пен іс-қимылдың тәртібін (сынын), түрін білдірумен қатар, сол тәртіптелген форманың біреу емес, әлденешеу екенін білдіреді.

Сөздердің қайталанып келуі арқылы сандық мөлшер семантикасын білдіретін қосарлар «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында да кездеседі: *Алқисса хазрат Адам суратлары маддат (мезгіл) қырық йыл бу йерда йатты. Бу суратни көргали фаришталар фауж-фауж (тайпа-тайпасымен), фариқ-фариқ (тобыр-тобырымен), гуруһ-гуруһ (топ-тобымен) келур ердилар* (АХ, 183/20-24) // *Әлқисса, хазіреті Адам суреті қырық жыл уақыт осы жерде жатты. Бұл суретті көру үшін періштелер тайпа-тайпасымен, тобыр-тобырымен, топ-тобымен келуші еді*.

Мысалдағы *фариқ-фариқ*, *фууж-фууж*, *гуруһ-гуруһ* тіркесімдері Періштелердің туыстық қатынастары мен атқаратын қызметтеріне қарай

бөлінген топтарының бір емес, әлденеше, тіпті көп екенін білдіреді. Яғни сандық мөлшер семантикасын білдіреді.

Уақыт, мезгіл атауын білдіретін сөздер қосарлана тіркесіп келіп те уақыт мөлшерінің созылыңқылық семантикасын береді. Қыпшақ ескерткіштерінде «уақыт мөлшері» ұғымына байланысты ең жиі қолданыстардың бірі – *күн-түн* тіркесімі. Бұл «Хусрау уа Шірін» поэмасында жиі көрініс табады және әлденеше түрлі болып беріледі. Мысалы:

1) *Ақрун йүрсә күн-түн барча талмаз* (ХШ, 48в-30) // *Ақырын жүрсе, күндіз-түні жүрсе де талмас;*

2) *Тіләб түн-күн Уғандын ай йүзүмні* (ХШ, 24в-32) // *Тілеп күн-түн құдайдан ай жүзіңді.*

Берілген мысалдардың біріншісінде *күн-түн* болса, екіншісінде орны ауысып, *түн-күн* түрінде берілген. Десе де, бұлардың семантикалық ерекшелігі ұқсас, екеуі де белгілі қимыл-әрекетке қатысты айтылып, істің орындалу уақытының тоқтаусыздығын, сондай-ақ созылыңқылық, ұзақтық мөлшерін білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде мұндай қосарлардың орны ауыспай, қатаң сақталатыны белгілі. Ал ХІІІ–ХІV ғасырлар кезеңінде мұндай алмасулар орынды тілдік қолданыс болғанға ұқсайды.

Поэмада бұл қосардың жігіне әлдеқандай аффикстердің кіріккен түрі де кездеседі. Мысалы:

1) *Йаратты түнмә-күн ай ва йұлдуз* (ХШ, 2р-6) // *Жаратты күні-түні ай мен жұлдыз;*

2) *Тыңмаз йұлдузлар түнмә-күндүз* (ХШ, 106в-24) // *Тынбас жұлдыздар күндіз-түні.*

Берілген мысалдарда *-мә* аффиксі көмектес септігінің немесе жалғаулық шылаулардың орнында жұмсалып, стильдік қызмет атқарса керек. Бірінші мысалда қосардың екінші сыңары *күн* болса, екінші мысалда ол *күндүз* түрінде ерін үндесімімен берілген. Бұлардың тағы *түнлә-күндүз* (ХШ, 21в-36), *түнлә-күндіз* (ХШ, 15в-18) деген түрлері де кездеседі. Мұнда да *-мә* аффиксінің орнына *-лә* беріледі. Біздіңше, мұндағы *-лә* аффиксінің қызметі *-мә*-мен ұқсас. Мұны А.Ибатовтың: «*Түнлә (10): түнімен, түні бойы*» деп беруі де дәйектейді [206, 215 б.]. Бұл қолданыс «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында *кеча уа күндүз (3)* (АХ, 203/1-2) түрінде беріледі. Демек, бұл да аталған құрылымның арасына енген форманың жалғаулық шылау екенін нақтылай түседі. Ал қосардың екінші сыңары *күндүз* және *күндіз* түрінде беріледі. Бұлайша бір сөздің бір поэмада әлденеше нұсқада берілуі тілдің туыстас тілдер тобына жіктеле бастауының айқын көрінісі болса керек. Дей тұрғанмен, аталған сөздерде аздаған құрылымдық өзгешеліктер, кей қолданыстарда контекстік орны (өлең ырғағына байланысты) болғанмен, қай-қайсысының да семантикалық ерекшелігі бір-бірімен ұқсас.

Ескерткіштерде мөлшер семантикасы күшейткіш үстеулердің қатысымен де жасалады. Нақтырақ айтқанда, күшейткіш үстеулер сын есімдермен қабыса байланысып, сол сындық мөлшерді асырмалау, күшейту семантикасын білдіреді. Осымен байланысты «Хусрау уа Шірін» поэмасында *бәғайат // өте, хасә // тым, іңән // ең* т.б. күшейткіш үстеулер кездесе, «Мұхаббатнамеде» *мунаввар // ең жоғарғы* (МН, А/7-8), *хабибуллах // ең* (МН, А/33), *ким асру // тым* (МН, А/175)

т.б. күшейткіш үстеулер кездеседі. Бұлар контекстік қолданысына қарай «сын мөлшер» ұғымының ең жоғарғы шегін білдіреді. Мысалы:

1) *Йігіт турмыш бәғайат татлы сөзлуг* (XIII, 75р-26) // *Жігіт тұрған өте тәтті сөзді*;

2) *Йығыламағай хасә кім йар* (XIII, 70р-40) // *Жыламағай тым ерекше ол жар*;

3) *Іңән дүшвар табылур біл саламат* (XIII, 49в-26) // *Ең қиыны табылар бол саламат*.

Берілген мысалдардың біріншісінде *бәғайат* күшейткіш үстеуі *татлы* қатыстық сын есімінің ауыспалы сындық мағынасын одан сайын асырмалап, сөздің жағымдылық сапасының ең жоғарғы мөлшерін білдіріп тұр. Ал екінші мысалда *хаса* сөзі де *ерекше* сапалық сын есімінің сындық семантикасын ең жоғары шекте асырмалап тұр. Бұл сөздің мағынасын А.Ибатов та: «*Хасә (3)*: аса, тым, ерекше», – деп түсіндіреді [206, 233 б.]. Ал мұның қазіргі қазақ тіліндегі *қас сұлу*, *қас батыр* тіркестік қолданыстарындағы *қас* сөзімен түбірлес екені байқалады. Сондай-ақ Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңінің «*Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға*» деп келетін жолдарындағы *хаса* сөзі де осы *хасә* сөзімен бір және неғұрлым бастапқы тұлғасын сақтай қолданылған. Үшінші мысалдағы *іңән* күшейткіш үстеуі де қазіргі қазақ тіліндегі *ең* сөзінің әуелгі тұлғасы, түп негізі тәрізді. Редукцияға ұшырап, бір буыны ғана (ең) қалғанға ұқсайды. Ал контексте іс-әрекеттің қиындық деңгейінің ең жоғарғы мөлшерін білдіріп тұр. А.Ибатов та бұл сөздің мағынасын: «*Іңән: ең, өте, тым*», – деп түсіндіреді [206, 251 б.].

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы *синтаксистік модельдер* арқылы да беріледі. Бұған негізгі сөздер мен көмекші сөздер, сондай-ақ морфологиялық формалар қатысып, біртұтас синтаксистік байланысқа түседі. Мұнда негізгі синтаксистік байланыс көмекші сөздер мен синтетикалық формалардың арасында құрылады. Сондықтан синтаксистік модельдерде көмекші сөздердің мөлшерлік семантика тудырудағы қызметі айрықша. «Хусрау уа Шірін» поэмасында *ічіндә // ішінде, ічрә // ішінде, ішін // ішінде* көмекші сөздері мен *кәдін // кейін, тегі // дейін* сияқты шылаулар кездеседі. Мұнда *тегі // дейін* шылауының өзі *тәгі, тегрү, тегү* сияқты бірнеше түрлі формада кездеседі. Алайда барлығы да *дейін, шейін* септеулік шылаудың орнына жұмсалады. «Адам Ата мен Хауа Ана» қиссасында *кейін (3) // кейін, соң // соң* сияқты септеулік шылаулар мен *узақ (бойы)* көмекші сөзі кездеседі. Ал «Мұхаббатнаме» ескерткішінде *ичра // ішінде, хамиша // бойы* көмекші сөздері мен *текин // дейін* септеулік шылауы кездеседі. Аталған сөздердің синтаксистік модельдердегі байланысы мынадай:

– Ескерткіштерде барыс септігі жалғауы мен септеулік шылаулардың *қа+тегі (қа+дейін), қа+тәгі (ға+дейін), гә+тегрү (ге+дейін), қа+текин (ға+дейін)* синтаксистік байланысы арқылы мөлшер семантикасы беріледі. Мысалы:

1) *Қыйаматқа тегі арам қылғай* (XIII, 26р-26) // *Қияметке дейін арам қылғай*;

2) *Нічәгә тегрү мені тутғасән зар* (XIII, 48р-34) // *Нешеге дейін мені тұтқайсың зар*;

3) *Бүгүн таңқа текин май нүш қылған*

Бадиха бу газални гөш қылғын //

Бүгін таңға дейін шарап ішіп

Осы сәтте шығарған газалымды тыңдағыл (МН, А/57-60).

Мысалдардағы қыйаматқа тегі, нічәгә тегрү, таңқа текин синтаксистік модельдері белгілі бір сәттен басталған уақыттың аяқталу кезеңіне дейінгі уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Ал екінші мысалдағы *нічәгә* сөзі барыс септікті сұрау есімдігі болғанмен, уақыт мөлшерінің созылыңқылық, ұзақтық семантикасын білдіреді.

– Ескерткіштерде шығыс септігі жалғауы сөз септеулік шылаулардың *-дин+соң (-дан+соң), -дин+кейин (-дан+кейін), -дын+кейин (-дан+кейін)* модельдегі синтаксистік байланысы арқылы да мөлшер семантикасы беріледі. Мысалы:

1) *Алқисса беш йылдин кейин Шиш 'алайһи с-салам ужудға келдилар (АХ, 219/8-9) // Әлқисса, бес жылдан кейін Шиш алайһи с-салам өмірге келді;*

2) *Қырық йылдин соң ол тофрақ балчық болды (АХ, 181/33-36) // Қырық жылдан соң ол топырақ балшық болды.*

Бұл мысалдардағы есептік сан есімдер арқылы уақыт мерзімі анықталған (нақтыланған) *беш йылдин кейин, қырық йылдин соң* модельдер белгілі процестің жүзеге асуына қажет немесе жүзеге асуына кеткен уақыт мөлшерінің шегін білдіріп тұр.

– Кейде модельдердің құрылымы одан сайын күрделеніп, шығыс септігі, барыс септігі, септеулік шылаулардың *-дың+ -ға+тегү (-дан+ -ға+дейін), -дин+ -гача (-дан+ -ға+дейін)* байланысы арқылы да мөлшер семантикасы беріледі. Мысалы:

1) *Тогардын күн батарға тегү кездім (ХШ, 18р-25) // туардан күн батарға дейін кездім;*

2) *Ол уақытдин та бу уақытгача та'ажабдин (гажап істе) баиларыны тутмақ 'адатлары ол сабабдиндур (АХ, 190/39-41) // Сол уақыттан осы уақытқа шейін гажап істерге жолыққанда бастарын төмен ұстайтын әдеттері осы себептен.*

Бірінші мысалда батыстан шығысқа дейінгі аралықты қамтитын қашықтық мөлшер семантикасы, екінші мысалда белгісіз өткен уақыттан, осы кезге дейінгі уақыт мөлшері семантикасы берілген.

– Ескерткіштерде ілік септігі жалғаулы сөз (кейде ілік септігі жасырын, нөлдік формада келеді) бен жатыс септігі жалғаулы немесе жалғаусыз көмекші есімдердің *-ның+ічіндә (-ның+ішінде), Ø+ічіндә (Ø+ішінде), Ø+ічрә (Ø+ішінде)* синтаксистік байланысы арқылы мөлшер семантикасы беріледі. Мысалы:

1) *Қылу аз вақыт ічіндә тагдын ол йол (ХШ, 68р-17) // Аз уақыт ішінде ол тауға жол салар;*

2) *Бу аср ічрә агәр сөзләтсәңан қыл (ХШ, 53в-1) // Бұл гасыр ішінде егер сөйлететін болсаң, қыл.*

Бұл мысалдарда *аз вақыт ічіндә, бір аср ічрә* синтаксистік модельдері белгілі сәт, кезең ішіндегі уақыт мөлшері семантикасын білдіреді.

Қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасы синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі. Конструкция үш компоненттен құралып, компоненттерінің өзара ұйымдасқан синтаксистік байланысы негізінде бір бүтін мөлшерлік ұғымды білдіреді. Қыпшақ ескерткіштеріндегі мөлшерлік

конструкциялар да, өзге тарихи кезеңдер бойынша да берілгендей, мынадай үш компоненттен құралады: біріншісі – сандық компонент, екіншісі – мөлшерлік компонент, үшіншісі – заттық немесе қимылдық компонент. Осы үштік құрылымның тұтастығы арқылы шексіз мөлшерлік семантика жасалады. Конструкцияда ең негізгі компонент *мөлшерлік компонент* болып, ол тұтас мөлшерлік семантиканың жасалуына ұйытқы болады. Олай болса, біз дереккөз ретінде алған ескерткіштерде жеке-жеке мынадай мөлшерлік компоненттер, өлшем бірліктер кездеседі:

– «Хусрау уа Шірін» поэмасында: *бір авуч тобрақ // бір уыс топырақ, бір пара қағад // бір жапырақ қағаз, йеті қат иер // жеті қабат жер, бір лоқма йегу // бір жапырақ ас, бір йығач йер // бір йығач жер, бір жур 'а сүсүн // бір ұрттам сусын, үч аршун дәстар // үш аршын сәлде, йүз түман гәнж // жүз түмен байлық, нечә қатра сув // неше рет су* т.б. үш компонентті мөлшерлік конструкциялар кездеседі.

– «Мұхаббатнаме» ескерткішінде: *бир қатра суны // бір тамшы суды (2), бир тар (сачы) // бір тал (шаш), ичра сад чандан // жүз есе артық, йеті қат зарнигар // жеті қабат алтындаған, миң турли асрар // мың түрлі сыр* т.б. үш компонентті мөлшерлік конструкциялар кездеседі.

– «Адам Ата мен Хауа Ана» қисасында кездеседі: *би түб сукт // бір түп қаратал, бир авуч жисм // бір уыс дене, бир бөләк жаунуа // бір бөлек жануар, бир дана бугдай // бір дана бидай, бир жами 'а фаришталар // бір топ періштелер (4), бир көз йашы қылса // бір рет жыласа, бир қабза // бір-ақ уыс, бир қатла маширф // бір мәрте қосылу, бир қатра су // бір тамшы су, бир улуғ су // бір үлкен су, бир чингал (шеңгел) алтун // бір уыс алтын, бир чингал тофрақ // бір шеңгел топырақ, еки йүз йыллық йер // екі жүз жылдық жер (2), еки кисм (түрлі) халқ // екі түрлі халық, елик уақыт намаз // елу уақыт намаз, йети мартаба айлантур // жеті мәрте айналдыр, йетмиш қат хала // жетпіс қабат киім, йетмиш мың йылдық йол // жетпіс мың жылдық жол, йүз мың турлуғ хашарат // жүз мың түрлі жыртықши, үч мартаба сура // үш мәртебе сұра, еки рақ 'ат намаз // екі бас намаз, йетмиш мартаба қасам // бір сағатта жетпіс мәрте ант, йетмиш еки груһ халиқ // жетпіс екі түрлі халық, йермиш мартаба ант // жетпіс мәртебе ант* т.б.

Үш ескерткіштегі осы берілген мөлшерлік конструкцияларды жинақтай келгенде, мынадай мөлшерлік компоненттерді (өлшем бірліктер, арнайы мөлшерліктер, ауыспалы мөлшерліктер) бөлек алуға болады: *авуч (уыс), пара (парақ), қат (қабат), лоқма (жапырақ), йығач (ағаш), жур 'а (ұрттам), аршун (аршын), түман (түмен), қатра (тамшы), тар (тал), турли (түрлі), түб (түп), дана (дана), жами 'а (топ), қабза (уыс), қатла (мәрте), чингал (шеңгел), йыллық (жылдық), кисм (түрлі), уақыт (уақыт), мартаба (мәрте), турлуғ (түрлі), рақ 'ат (бас), груһ (түрлі)* – (25). Бұлардың әрбірін, конструкцияларымен қоса, лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай талдаудың реті келмейді. Сондықтан берілген конструкцияларды семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастырып, ең басты түрлеріне ғана тоқталу қажет. Олай болса, мөлшерлік конструкциялар микроөлшер ұғымдары аясында былайша көрініс табады:

– Ескерткіштерде *аршун, йығач, қат* мөлшерліктері қашықтық семантикасын білдіреді. *Аршын* – тілдің барлық тарихи кезеңдерінде кездесетін ұзындық өлшемі. *Йығач* та – мұсылман халықтарындағы ескіден келе жатқан

ұзындық өлшемі. М.Қашқари «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде бұл сөзді: *Иығаш // фарсах – ұзындық өлшемі: Бір иығаш жер // бір фарсах жер, – деп береді (МҚ, Т₃-17). Ал қат сөзі белгілі нәрсенің қалыңдығын, қабатталуын білдіретін сөз. Осы семантикалық ерекшелігіне байланысты қолданылатын затына қарай қашықтық, құн, сапа сияқты түрліше мөлшерлік ұғымдарды білдіреді. Ескерткіштерде көбіне «қашықтық» ұғымына байланысты қолданылады. Мысалы, *Йеті қат иер // жеті қабат жер: Йеті қат* йерні һәм тұтғучы ол (ХШ, 70р-20) // *жеті қабат* жерді де тұтушы Ол. Мұнда *қат* сөзі жерге байланысты қолданылып, оның тереңдігін, қалыңдығын білдіріп тұр. Сондықтан *қат* сөзі мұнда «қашықтық» ұғымын білдіреді.*

– Ескерткіштерде *лоқма, қатра* мөлшерліктері көлем семантикасын білдіреді. *Лоқма* жейтін асқа (нанға) байланысты қолданылса, *қатра* суға байланысты қолданылады. *Лоқма* сөзінің мағынасын А.Ибатов бірде *тілім*, енді бірде *жапырақ* деп береді. Алайда екеуі де, жалпы мағынасын бергенімен, аталған сөзге балама бола алмайды. Қалай болғанда да, астың белгілі бір бөлігі екені белгілі. Сондықтан бұл «көлем» ұғымына жатады. Ал *қатра* сөзінің аудармасын А.Ибатов *қайтара, рет* деп берсе, оны өзге екі ескерткіште *тамшы* деп берілген. Мысалы:

1) *Нечә қатра сув учаңдын йоқатың* (ХШ, 110в-40) // *Неше рет су ішіңнен жоғалттың;*

2) *Толун айдек қылур бир қатра суны* (МН, 17, А/9-10) // *Толған айдай қылар бір тамшы суды.*

Біздіңше, *қатра* сөзінің аудармасы *тамшы* сөзіне сәйкес келеді, яғни көлемі бір тамшыдай ғана су ұғымын білдіреді. Бірінші мысалдан *қатыра* сөзінің контекстік мағынасы «*рет*»-ке де, «*қайтара*»-ға да сәйкес келмейтінін аңғаруға болады.

– Ескерткіштерде *авуч, қабза, чингал, жур’а* мөлшерліктері сыйымдылық семантикасын білдіреді. Мұнда *авуч, қабза, чингал* сөздері – зат есімдер, яғни дене мүше атаулары. Сондай-ақ осы дене мүше арқылы өлшенетін заттарға байланысты айтылып, конструкция құрамында келіп, *ауыспалы мөлшерлік* болып жұмсалады. Яғни *уысқа, шеңгелге* сиятын заттардың мөлшерін білдіріп, сыйымдылық семантикасын береді. Сыйымдылық арқылы өлшенген заттардың белгілі көлемі болатындықтан, бұл сөздер көлем мөлшері семантикасында да қолданылады. Ал *жур’а* сөзі *жұтым* мағынасында жұмсалады да, ауыз қуысының сыйымдылығы арқылы өлшенген заттардың мөлшерін білдіреді. Мысалы: *Аңар бір жур’а сүсүн елдің артуқ* (ХШ, 33р-13) // *Оған бір ұрттам сусын елден артық.* Мысалда бір *жур’а сүсүн* конструкциясы сыйымдылық арқылы өлшенген затты (сусын) меңзейді.

– Ескерткіштерде *тар, түб, дана, жами’а, тұман, груһ* мөлшерліктері заттардың сандық мөлшері семантикасын білдіреді. Бұл сөздердің әрбірінің қолданылу ерекшелігі заттардың пішіндік қасиеттеріне байланысты айқындалады. Айталық, *тар* – жіңішке, ұзын заттарға, *түб* – жерден өсіп шығатын өсімдікке, *жами’а, груһ* – топтасып, ұйымдасып жүретін тіршілік иесіне байланысты айтылады. Ал *дана* сөзі қыпшақ ескерткіштерінде қатты, ұсақ заттарға қолданылған. Мысалы: *Адам ’алайһи с-салам айдылар: Мен бир дана бұғдай йедим. Сен хун нахақ қылдың. Қан төкдүң. Уа йана: Йа арз хазийа*

дедилар (АХ, 218/24-26) // Адам 'алайһи с-салам айтты: «Мен бір дана бидай жедім. Сен нақақтан-нақақ қан төктің. Және: Ей, жер, тарт!», – деді.

Қазақ тілінде астық, ұсақ заттарға байланысты *түйір* сөзі айтылатыны белгілі. Біздіңше, *дана* сөзінің ұсақ заттарға, дәнді дақылдарға байланысты қолданыс табуы қыпшақ тілдерінің қарлұқ, оғыз тобына тән. Қалай болғанда да, аталған мөлшерліктердің барлығы конструкция құрамында келіп, бірлік мәндегі сандық семантиканы береді.

– Ескерткіштерде *турли, кисм, турлуг, пара* мөлшерліктері *сапа мөлшері* семантикасын білдіреді. Аталған мөлшерліктер конструкция құрамында келіп, заттардың сандық мөлшерінің көптігін, сондай-ақ көп болуына байланысты оның әртүрлі сапа мен формада келетінін көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, аталған сөздер мөлшердің сапалық қырын танытады. Мысалы: *Хабарда андағ депдурлар кә Худай та ала дузах ичинда еки кисм (түрлі) халқ йаратты (АХ, 171/22-23) // Құдай тағала тозақтың ішінде екі түрлі халық жаратты.*

Мысалда *халық* сөзінің өзі адамдардың тобын білдірсе, *қисм* сөзі бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі халықтың жалпы сынын аңғартады. Ал тұтас тіркесте көптік семантикасы «сын, сапа» ұғымы тұрғысынан мағыналанады.

– Ескерткіштерде *қатла, мартаба, рак'ат* мөлшерліктері қимыл мөлшері семантикасын білдіреді. Яғни белгілі қимыл-әрекет қайталануының дүркіндік, реттік санын, жүзеге асу мөлшерін сипаттайды. Мұнда *қатла, мартаба* сөздері тікелей қимыл-әрекетке қатысты айтылса, *рак'ат* қимыл-әрекет арқылы өлшенетін заттық ұғымды (намазды) аңғартады. Мысалы: *Һәр кимса еки рак'ат намаз шукарана оқуса мен ол бандани разылығымға машарраф (иелік ету) қылурман деди (АХ, 176/11-13) // Кімде-кім шүкіршілік етіп, екі бас намаз оқыса, ол пенде менің ризашылығымға кенеледі.*

Рак'ат сөзі – әрекет. Яғни қимылдау, қозғалуды көрсетеді. Намаз оқуда шарт етілетін тәртіптелген қимылдау (отыру, тұру, иілу) тәсілдері жалпылама *әрекет* сөзімен аталып, намаздың реттік өлшеміне айналған.

– Ескерткіштерде *йыллық, уақыт* мөлшерліктері уақыт мөлшері семантикасын білдіреді. Мұнда *йыллық* – *туынды мөлшерлік* болса, уақыт – *ауыспалы мөлшерлік*. Мөлшерлік компоненттер тұлғасына қарай түбір мөлшерліктер және туынды мөлшерліктер болып бөлінеді. «Жыл» мезгіл атауына сын есім тудырушы (мөлшерлік мағына) *-лық* жұрнағы жалғанып, сол уақыт шегіне шақталған зат пен іс-қимыл мөлшерін аңғартады. Мысалы: *Күни болар уә дузахни пардаси көтәрилгай. Еки йүз йыллық йердин табы (ыстық лебі) уа харараты (от жалыны) келгай (АХ, 291-292/28-2) // Тозақтың күні туады, пердесі көтеріледі. Екі жүз жылдық жерден ыстық лебі, от жалыны шартиды.*

Мысалдағы *еки йүз йыллық йер* мөлшерлік конструкциясы жүруге екі жүз жыл уақыт кететін арақашықтықты көрсетеді. Мұндағы қашықтық өлшемі – уақыт. Ал *уақыт* сөзінің өзі зат есім болғанымен, конструкция құрамында ауыспалы мағынада жұмсалып, уақыт кезеңдерін, «шақ» ұғымын береді. Десе де, *уақыт* сөзі көбіне конструкцияның үшінші компоненті ретінде келеді де, ықшам тілдік қолданыс әсерінен түсіп қалып отырады (бір жыл (уақыт), екі сағат (уақыт) т.б.).

Конструкцияның мұндай ықшамдалу қасиеті барлық компоненттерге тән. Ол көбіне айтуды қажет етпейтін орындарда қысқарып отырады. Қыпшақ ескерткіштерінде конструкция компоненттері жиі қысқаратын қолданыс көбіне

«салмақ» ұғымына байланысты болып келеді. Мысалы: *Хала аңар харба (қару) кар (кәр) қылмас, суда езилмас, отқа күймас, асла (асылында) ада болмас. Азырлығы йүз батмандур (АХ, 209/14-16) // Еш уақытта оған қару кәр жасай алмайды, суда езілмейді, отқа күймейді, мүжілмейді. Ауырлығы – жүз батпан.* Берілген мәтінде әзәзіл және оның мойнына киілетін «лағынет қамыты» туралы айтылған. Мысалдағы *йүз батмандур* қолданысында үшінші компонент, яғни *заттық компонент* жоқ, қысқарған. Сондықтан бір қарағанда ауыр нәрсенің не екені белгісіз сияктанып көрінеді. Алайда заттық компонент тұтас контексте бар, ол күрделі синтаксистік тұтастықтың басқа жерінде алшақ тұрып немесе логикалық тұрғыда байланысады. Соның нәтижесінде қысқарған компонентті мөлшерлік конструкция салмақ семантикасын мүлтіксіз беріп тұр. «Мөлшер» ұғымына байланысты мұндай қолданыстар тілдің қай тарихи кезеңінде де жиі ұшырайды. Ал конструкция компоненттерінің мұндай ықшамдалуы көбіне жоғарыда айтылған себептерге байланысты болып келеді.

Екінші тарау бойынша қорытынды

Түркілік кезеңдегі тілдік материалдарды зерттеуге арналған еңбектердің көпшілігі «мөлшер» ұғымын «сандық» ұғымдармен теңестіріп, *көптік категория* шеңберінде қарастырады. Алайда бұлар – бірі сандарды семантикалық өзек ететін, екіншісі *тіресімдік қатар* құрайтын шамаларды негіз ететін екі бөлек ұғымдар. Сондықтан бұл екі ұғым бір-бірінен бөлек қаралып, арнайы сөз етілуі керек.

Көне түркі ескерткіштері мен орта түркі ескерткіштерінде (МҚ, ХШ, АХ, МН) мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде кеңінен көрініс табады. Бұлар негізінен «қашықтық», «уақыт», «салмақ», «көлем» ұғымдарын білдіретін *сапалық сын есім, сан есім, есімдік және үстеу* сөздерінің кейбір мағыналық топтары болып келеді. Сапалық сын есімдер көбіне заттардың *сандық шамасының* көп не аздығын, заттардың орналасуының тік және көлденең бағыттағы *қашықтығын*, сондай-ақ «көлем», «салмақ» ұғымдарын береді. Олар мәні жағынан нақты мөлшерлік мәнді емес, сипаттамалы болып келеді. Ескерткіштерде мөлшер семантикасы есімдіктің *сілтеу есімдігі, жалпылау есімдіктері* сияқты мағыналық топтары арқылы беріледі. Бұлар белгілі мөлшерлік шаманың орнына ауысып жұмсалады. Ал күшейткіш үстеулер дербес тұрып немесе кейбір атауыш сөздермен тіркесіп келіп, *күшейтпелі мөлшер семантикасында* жұмсалады. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде «қашықтық» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер көне түркі ескерткіштерінен әлдеқайда көп кездеседі. Сондай-ақ көне түркі ескерткіштерінде нақты өлшемдік мәндегі *өлшем бірліктер* тіптен аз болса, «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде *өлшем бірліктер* көптеп кездеседі және олардың көпшілігі соматизмдер болып келеді. Мұның себебі «Диуани лұғат-ит-түрік» кәдімгі толыққанды сөздік болғандықтан, онда белгілі ұғым шеңберіндегі лексикалық бірліктер толықтау қамтылғандықтан болса керек. Ал қыпшақ ескерткіштерінде (ХШ, АХ, МН) «сандық мөлшер», «сапалық мөлшер», «уақыт» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктердің саны көбірек. Мұны біз аталған ескерткіштердің тақырыптық, мазмұндық ерекшелігіне байланысты деп білеміз.

Түркілік кезеңде «мөлшер» ұғымы морфологиялық деңгейде де кеңінен көрініс табады. Көне түркі ескерткіштерінде мөлшер семантикалы синтетикалық формалар біршама. Нақтырақ айтқанда, *-мыз, -міз, -дымыз, -тіміз* (*-мыз, -міз, -тық, -тік*) аффикстері сандық көптікті, *-сыз, -сіз* // *-лыз, -ліз* (*-сыз, -сіз* // *-лы, -лі, -ты, -ті*) антоним аффикстері белгілі заттың сандық әрі шамалық көптігі мен жоқтығын, аздығын білдіреді. Ал екі кезеңде де бірдей кездесетін *-тег* (*-дай, -дей, -тай, -тей*) аффиксі салыстыру мәнді мөлшерлік семантиканы, *-са, -ча, чә, -че* (*-ша, -ше*) аффиксі бір зат пен екінші заттың көлемін, мөлшерін ұқсату, қимыл-қозғалыс шамасын салыстыру семантикасын береді. Орта түркі дәуіріне жататын «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде өлшем бірліктер жиі кездеседі дедік. Осыған орай түрлі өлшемдік ұғымдарды тудыратын *-ым, -ім, -ұм, -үм, -ум, -ам* (*-ым, -ім*) аффикстері аса өнімді жұрнақтардың қатарына жатады. Сондай-ақ аталған кезеңде *-рақ, -ырақ* (*-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -рәк, -ірәк*) аффикстері заттардың сан, сапалық мөлшерін салыстыру семантикасында жұмсалса, *-лыз, -ліз, -лұз, -лүз* (*-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті*) аффиксі *барлық, тәндік, молдық* семантикасында қолданылады. Ал қыпшақ ескерткіштерінде мөлшер семантикасын білдіретін синтетикалық формалардың ішінде *-ым, -ім* және зат есімнен сын есім тудырушы (*-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті*) формалар аса белсенді қолданыста емес. Десе де, аталған аффикстердің бұдан да кең сөзжасамдық қызметі мен семантикалық өрісін осы кезеңдер бойынша сақталған тілдік деректер толыққанды ашып бере алмайды.

Түркілік кезеңде «мөлшер» ұғымы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Мұнда мөлшер семантикасы негізінен *тіркестер, синтаксистік конструкциялар, синтаксистік модельдер* арқылы беріледі. Көне түркі ескерткіштерінде аталған тәсілдердің барлығы кездескенімен, мазмұны жағынан бай емес. Ал «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде мөлшерлік конструкциялар көптеп кездеседі, мазмұны жағынан да бай және көбіне дене мүшеге қатысты бірліктер болып келеді. Оларды лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай *өлшеуіш соматизмдер, шамалауыш соматизмдер* деген семантикалық топтарға жіктеуге болады. Дәл осы конструкциялар *мөлшер категориясының* даму иерархиясын және ұлт пен этностың дүниені тану ерекшелігін, тіл мен ойлаудың тым ежелгі қалпын танытады. «Диуани лұғат-ит-түрікте» түрлі өлшем бірліктер де көптеп кездеседі. Өлшем бірліктер – тілдің ең актив қабатында өмір сүретін, тілді тұтынушы халыққа барынша танымалдығымен, түсініктілігімен ерекшеленетін сөздер тобы. Сондай-ақ ол халықтың рухани кеңістігіндегі ең қажетті ұғымдарды сипаттайды. Осыған негізделгенде, ерте, орта ғасырдағы түркі тілі өлшем бірліктер жүйесі қалыптасқан, кең қолданысқа түскен қуатты тіл екендігі айқындалады.

«Мөлшер» категориясы көне түркі кезеңінде-ақ тәсілдері мен лексика-грамматикалық формалары қалыптасып, толыққанды категориялық деңгейге жеткен. Мөлшер семантикасының түркілік кезеңдегі құрылымдануы мен грамматикалық формаға енуі көбіне қазіргі қазақ тілімен сәйкес келіп отырады. Бұл қазақ тілі көне түркі тілінің элементтерін көбірек сақтаған мұрагер тіл екенін нақты айғақтайды.

Кесте 4: -дай/-дей (-тай/-тей) формасының құрылымдық-семантикалық даму жолы

Түркілік кезеңдер (V-XIV ғғ.)		Қазіргі кезең
- тег (V-IX ғғ.)	1. Ұқсату (мөлшер, болмыс) сем.: <i>теңрітег (тәңірдей), еңісін тег (КТҮ., 5) // ағасындай, қанын тег (КТҮ., 5) // хандай;</i> 2. Салыстыру (қимыл-әрекет, қасиет, сапа): <i>бөрі тег (КТҮ., 12) // бөрідей, қой тег // қойдай.</i>	1. Ұқсату (мөлшер, болмыс) сем.: <i>-дай/-дей, -тай /-тей (тәңірдей, ағасындай, хандай);</i> 2. Салыстыру (қимыл-әрекет, қасиет, сапа): <i>-дай/-дей, -тай/-тей, -ша, -ше (бөрідей, қойдай, қасқырша, қойша).</i>
-тег (X-XII ғғ.)	1. Ұқсату сем.: <i>ол андаг тег // ол сондай секілді; ол анандай (МҚ, Т₃-216).</i>	1. Ұқсату сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей (сондай, андай, мындай).</i>
-тег - дағ -тек -теглі (XIII-XIV ғғ.)	1. Болжалды уақыт сем.: <i>бір са аттег // бір сағаттай (XIII, 97р-37);</i> 2. Салыстыру сем.: <i>ағызтег // ауыздай; тагтег // таудай (XIII, 92р-44);</i> 3. Ұқсата сілтеу сем.: <i>андаг уақиғадур // мынадай оқиға еді (АХ, 221/40-42); аныңтег болдылар (XIII, 10в-13) // сондай болды; мундаг ешітті (XIII, 35р-29) // мұндай есіткен; мунтег йаман (XIII, 30в-3) // мұндай жаман; өмрі мунуңтег (XIII, 36р-19) // өмірі осылай (мұндай);</i> 4. Ұқсату (мөлшер, қасиет) сем.: <i>диютег // диюдай; мән теглі (XIII, 54в-3) // мен сияқты; ағыр тур тагтег (XIII, 92р-44) // ауыр бол таудай; текүк йар (XIII, 103в-13) // жар сияқты;</i> 5. Шаманы күшейту, сілтей ауыстыру сем.: <i>йер андаг нала (АХ, 181/1-3) // жер сонша нала.</i>	1. Болжалды уақыт сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей (бір сағаттай);</i> 2. Салыстыру сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей (ауыздай, таудай);</i> 3. Ұқсата сілтеу сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей (ондай, сондай, мынадай, мұндай);</i> 4. Ұқсату (мөлшер, қасиет) сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей, сияқты, секілді (диюдай, таудай, жар сияқты);</i> 5. Шаманы күшейту, сілтей ауыстыру сем.: <i>-дай/-дей, -тай/-тей, -ше/-ше (сондай, сонша)</i>

Кесте 5: -ша/-ше формасының құрылымдық-семантикалық даму жолы		
Түркілік кезеңдер (V-XIV ғғ.)		Қазіргі кезең
-ча/-че (V-IX ғғ.)	<p>1. Ұқсату (пішін, қимыл-қозғалыс) сем.: қаның субча йүгүрті // қаның судай ақты (КТү., 24);</p> <p>2. Салыстыру (мөлшерін, қасиетін) сем.: сүнүкүң тагча йүгүрті // сүйегің таудай жатты (КТү., 24);</p> <p>3. Болжалдау (сандық мәнді болжалдау, шегін болжалдау) сем.: елікче // елуше (Тон., 42), иүзче // жүзше (БК, 37);</p> <p>4. Уақыттың шегі сем.: «Олуртуқыма өлтөчиче // Қазан болғанымда өлгенше (БК, 2);</p> <p>5. Шаманы күшейту, сілтеу сем.: - анча ітдіміз // осынша еттік (КТү., 21); - бунча будун // сонша халық (БК, 12); - едгү ынча // жақсылық сонша (ХТ, 10/4).</p>	<p>1. Ұқсату сем.: -дай/- дей, -тай/-тей (судай, таудай);</p> <p>2. Салыстыру сем.: -дай/- дей, -тай/-тей (таудай болып үйілді, судай ақты);</p> <p>3. Болжалдау сем.: -дай/- дей, -тай/-тей (елудей, жүздеу);</p> <p>4. Уақыттың шегі сем.: -ша, -ше (өлгенше, келгенше);</p> <p>5. Шаманы күшейту, сілтеу сем.: -ша, -ше (бұнша, мұнша, осынша, онша).</p>
-ча/-че, -ша/-ше (X-XII ғғ.)	<p>1. Ұқсату (секілді, сияқты, қимыл-қозғалыс): «ол менің че // ол менше; ол мен секілді», «бұ аның ча // бұл оныңша; бұл сол секілді» (МК, Т₃-285);</p> <p>2. Жинақтау, жалпылау сем.: барча // барша (МК, Т₁-285);</p> <p>3. Шаманы күшейту, ауыстыру сем.: - Бир анча будун//бір қауым халық (АЙ, 124); - Мунча көңүл // мұнша көңіл (АЙ, 183).</p>	<p>1. Ұқсату сем.: сияқты, секілді (ол мен сияқты, бұл ол сияқты);</p> <p>2. Жинақтау, жалпылау сем.: барша;</p> <p>3. Шаманы күшейту, ауыстыру сем.: -ша/-ше (мұнша, анша).</p>
-ча (-че, -чә) (XIII-XIV ғғ.)	<p>1. Уақыттың шарттылық шегі, мөлшері сем.: ақызмагунча // төкпегенше (АХ, 229/34-38); сургача // тартылғанша (АХ, 196/42-45); күн батмышча // күн батқанша (ХШ, 90р-13); таң атғынча // таң атқанша (ХШ, 36в-20); айча артуқ // (бір) айдай артық (ХШ, 71в-1); давысқынча газал шах гөш қылды // Тауысқанша газалды шаһ тыңдады (МН, А/75-78).</p> <p>2. Салыстыру (көлем, форма) сем.: зәррәчә // зәредей (ХШ, 40р-20);</p> <p>3. Уақыттың созылу шегі сем.: тақийаматгача // қияметке шейін (АХ, 186/28-31);</p> <p>4. Арақашықтық шегі семантикасы: белигича // беліне дейін, (АХ, 218/24-26); бугазыгача // тамағына дейін, чыгнақыгача // шынтағына дейін, ашуқыгача // асығына шейін;</p> <p>5. Жинақтау, жалпылау сем.: барынча // барынша (АХ, 181/12-15); барча ишні // барша ісінді (МН, В/323-324);</p> <p>6. Шаманы күшейте, сілтей ауыстыру сем.: мунча йыл // осынша жыл (АХ, 208/38-39); мунча йалған //мұнша жалған (МН, А/251-252); анча ердәмі (ХШ, 74р-34) // сонша жәрдемі; мунча йүз мің адам (ХШ, 114в-21) // мұнша жүз мың адам; анча кім кіші (ХШ, 36р-12) // сонша (көп) кісі.</p>	<p>1. Уақыттың шегі, мөлшері сем.: -ша, -ше, -дай/- дей, -тай/-тей (ағызбағанша, тартылмағанша, (бір) айдай).</p> <p>2. Салыстыру (көлем, форма) сем.: -дай/- дей, -тай/-тей (зәредей, титімдей);</p> <p>3. Уақыттың созылу шегі сем.: дейін, шейін (қияметке дейін);</p> <p>4. Арақашықтық шегі семантикасы: дейін, шейін (беліне дейін, тамағына шейін, шынтағына дейін, асығына шейін);</p> <p>5. Жинақтау, жалпылау сем.: -ше, -ше (барша, барынша);</p> <p>6. Шаманы күшейту, сілтей ауыстыру сем.: -ша, -ше (мұнша жыл, мұнша жалған, сонша жәрдем).</p>

III МӨЛШЕР КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ (XV–XX ғғ.) ТІЛДІК СИПАТЫ

3.1 Мөлшер категориясының хандық дәуір (XV–XVIII ғғ.) тіліндегі функционалды-семантикалық өрісі

Хандық дәуір – қазақ тілі дамуының классикалық деңгейін көрсететін кезең. Әрі түркілік ортақ арнадан оңаша жол салып, жеке ұлттық тіл ретінде ішкі заңдылығы мен болмысы (буыны) бекіген кезең. М.Мағауин: «Мен болмасам, менің орныма мендей ғалым туады, ал жыраулар поэзиясының бір жолы болмаса, бүтін бір тарих ойсырап қалады», – деп тұжырымдағандай, жыраулар поэзиясының ұлт руханияты үшін құндылығы айрықша. Сондықтан аталмыш кезеңге тән әрбір тілдік элементті жіті қадағалап, тереңдете зерттеу қажет. Бұл дәуірде тілдік ізденістердің небір ғажап үлгілері болғаны даусыз. Бірақ жыраулар поэзиясының халық жадында сақталған аздаған бөлігі сол ізденістердің кейбірін ғана тануға мүмкіндік береді. Көркем ойлау – тіл қазынасын ұлғайтатын рухани алаң. Хандық дәуірде тілдің басты ерекшелігі де тілдің өнер ретінде көркемдік өреде ғана танылуы. Тілдегі көптеген категориялық ұғымдар көркем ойлаудың нәтижесінде мүлде жаңа сапаға көтеріледі. Хандық дәуір тілінің көркемдік өлшемі «мөлшер» ұғымының көркемдік өресін де мейлінше биікке көтерді.

«Қажеттілік – мың өнердің атасы» дейді халық даналығы. Қажеттілік – тіл өнерінің де атасы. Таным мен тілдік қарым-қатынас үдерісінде түрлі қажеттіліктерден сан түрлі сапа мен ішкі қасиетке ие тіл бірліктері туады. Бұл «мөлшер» ұғымына да тән үдеріс. Адамзат заттар мен құбылыстардың мөлшерін тек *ақпараттық қажеттілік* үшін анықтамайды. Әрі ұдайы тура мағынаны, нақты, дәл шаманы білдіре бермейді. Мөлшерлік шамалар рухани, эстетикалық қажеттіліктер үшін де анықталады. Осыған орай қалыптасқан мөлшерліктер образдылықты, бейнелілікті қажет етеді. Кейде өлшеуге мүмкін болмайтын заттар мен құбылыстардың шамасын ойша бейнелеу, салыстыру, баламалау арқылы да түсіндіруге болады.

Тіл функционалды әлеуетіне қарай бес түрлі стильде жұмсалатыны белгілі. Осы бес түрлі стильдің әрбірінде «мөлшер» ұғымының өзіндік үлесі бар. Бес функционалды стиль түрлерінің қатарында мәні жағынан да, мазмұны жағынан да ерекше тұрғаны – *көркем әдеби стиль*.

А.Байтұрсынұлы сөйлеу (шығарма) тілін *ақын тілі* немесе *көрнекі лебіз*, *әншейін тіл* немесе *жалаң (көсе) лебіз* деп екі түрлі сапаға бөлетіні белгілі [210, 20 б.]. Ғалымның бұл тұжырымы, теңгенің екі беті сияқты, тілде екі түрлі өң болатынын түсіндіреді. Әрі тіл бірліктерін шындайтын тілдің екі үлкен алаңын байқатады. Абай тілінің көркемдік қуатын зерттеген академик Р.Сыздық шығарма тілінің көркемдік қуатын қарастырғанда, көркем шығармадағы сөздердің автологиялық (*автология – тура мағына, металогия – бейнелі (фигуралды, ауыспалы мағына)*) мағынасы емес, металогиялық мағынасы жайлы сөз болу керектігін ескертеді [211, 21 б.].

Мөлшер мәнді тілдік бірліктердің үлкен бөлігін тілдік ерекшелігіне қарай *бейтарап мөлшерлік*, *поэтикалық мөлшерлік* деп екі үлкен топқа бөлуге болады.

Бейтарап мөлшерлік дегеніміз – ешқандай көркемдеуіш амалдарсыз, экспрессивті-эмоциялық бояусыз зат пен құбылыстардың шамасын, өлшемін, мөлшерін нақты, тіке сипаттайтын мөлшерліктер. Оған, *бір жұтым су, бір түп ағаш, үлкен тас, алыс жер сияқты сөздер мен синтаксистік құрылымдар* жатады. Ал *поэтикалық мөлшерліктер* – *түрлі көркемдеуіш құралдар арқылы түзілген, образды, әсерлі, экспрессивті-эмоциялық бояуы бар, баяндауды емес, бейнелеуге құрылған мөлшерлік бірліктер*. Бұл топқа *жер қайысқан қол, күн түбінен жол салу, алты құлаш ақ найза, қарға адым жер, күрек тіс* т.б. мөлшерлік бірліктер жатады.

Осы арада «поэтика» сөзінің мағыналық өрісін де нақты айқындай кету керек. Поэтика мен өлең тілі немесе поэтика мен қарасөз бір ұғым емес. Поэтика көркем, бейнелі, образды, экспрессивті-эмоционалдық бояуы қалың тілдік қолданыстарды білдіреді. Яғни, мәтін қай жанрда берілсе де, айтылмақ ойдың, ұғымның бейнелі, образды берілуін атайды. Бұл туралы Р.Сыздық: «Поэтикалық тіл» мен «өлең тілі» деген ұғымдар бір-біріне мүлтіксіз пара-пар емес. *Поэтикалық тіл* тек өлең тексінде ғана емес, қарасөзде де, ауызекі сөйлеу барысында да орын ала алады. «Поэтикалық» деген анықтауыш тіл көркемдігінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың бийігін, идеалын білдіреді», – дейді [211, 11 б.]. Демек, поэтика – көркемдік тәсілдер түрлі деңгейде қолданыс тапқан айшықты тіл. Біз де «поэтика» сөзін өлең мәтіні ретінде емес, «көркем сөз қолданысы» мағынасында қолданамыз. Жыраулар поэзиясында ойдың көркемдік сапада берілуі – басты өлшем. Ауызша айтылуы, суырыпсалмалық та оны көркем тілдің ауызша сөйлеу үлгісіне жақындатады. Сондықтан поэтика, бұл – көркем тіл.

Қарапайым сөйлеу тілі мен поэтикалық тілдің синтаксистік құрылысы, лексемалар мен граммемалардың мағыналары бір-бірінен көп өзгешеленеді. Бұл туралы поэтикалық мәтіндердің синтаксистік ерекшелігін арнайы қарастырған А.Қ.Таусоғарова былай дейді: «Поэтикалық контекст жекелеген синтаксистік құрылыстардың грамматикалық, синтаксистік жағынан толымсыздығымен, синтаксистік единицалардың өзара тіркесуінде логикалық жағынан қайшылықтағы құрылымдардың қатысуымен ерекшеленеді» [212, 21 б.]. Ғалым атап өткендей, поэтикалық мәтінде сөздердің тіркесімі логикалық қайшылықта болуымен, ырғақтан туатын толымсыз құрылымдардың келуімен ерекшеленеді. Қарапайым сөйлеу тілінің қуаты сөзжасам тәсілінде жатса, поэтикалық тілдің қуаты *тіркесім тәсілінде* жатады. Тіркесім, ол – синтаксис. Тілдің жоғарыда аталған екі түрлі өңіне екі түрлі синтаксистік құрылым тән. Мұны *сөйлеу тілі синтаксисі және поэтикалық тіл синтаксисі* деп ажыратуға болады. Ал *поэтикалық мөлшерліктердің* синтаксистік құрылысынан да екі түрлі ерекшелікті байқауға болады. Біріншісі – қарапайым сөйлеу тілінің синтаксистік құрылысы, ал екінші түрі қарапайым сөйлеу тілінің синтаксисінен ерекше. Біз төменде зерттеу нысаны етілген *поэтикалық мөлшерліктер* осы екі синтаксистік тәсіл негізінде түзілген тілдік элементтер саналады. Қ.Өмірәлиев: «Поэзия тілінің грамматикасы мен әдебиет тілінің грамматикасы да бірдей емес. Поэзия тілі әдебиет тілінде бар жеке морфологиялық формаларды әрі сөйлем түрлерін қолдануда да одан барынша ерекшеленеді. Яғни поэзияда барлық

морфологиялық формалар емес, белгілі бір морфологиялық формалар ғана актив қолданысқа түседі. Бұлар – поэтикалық реңк алған формалар», – дейді [29, 15 б.]. Ғалым тұжырымдағандай, жыраулар поэзиясы тілін категория аясында сөз еткенде, тек «мөлшер» ұғымын беруде актив қолданысқа енген грамматикалық формалар мен тәсілдер, ең басты көркемдік амалдар анықталуы тиіс. Мұнда біз сөздің тіркесім ерекшелігіне көбірек назар аударамыз.

Сөз мағынасын тудырушы, сөз жасаушы тілдік элемент ретінде жұрнақтар аталады. Бірақ шын мәнінде мағына, ұғым тудырудың бірегей үлгісі тіркестерде жатыр. Жұрнақтардың мүмкіндігі жетпейтін семантикалық әлеует тіркесім тәсілдерінде жатады. Сөздердің тура мағыналары жұрнақтар мен жалғаулардан туса, ауыспалы, бейнелі, образды мағыналары тіркестерден туады. Сөз тудырып, атаулап, дербес лексемаларды қалыптастыратын жұрнақтар болса, оған «жан бітіріп», *семантикалық өріс* қалыптастыратын – тіркесім тәсілі. Жұрнақтарға атауыштық қасиет тән болса, тіркестерге функционалдылық тән. Сондықтан *атау жасау* (сөзжасам) жұрнақтарға тиесілі қасиет болса, мағына, ұғым жасау тіркестерге тиесілі қасиет. Белгілі бір сөзге жұрнақ жалғанып, жаңа сөз жасалса, сол жасалған тура мағыналы сөздің болашағы тіркестерде жатыр. Тіркестер үшін екі сөздің тіркесуінен туған мағына сол сөздің мағыналық дамуының енді басталуы, ал оның болашағы алда, әрі оны шексіз деуге болады. Қашан да жекелеген сөздердің функционалды әлеуетін сөз зергерлері, тілдік тұлғалар ашады. Демек, «мөлшер» ұғымын білдіретін жекелеген лексемалар да сол сияқты. Оның «мөлшер» ұғымының небір күрделі, абстрактілі ұғымдарын беру қабілеттілігі тіркесім тәсілдерінде жатады. Тіпті, осы тіркестер ұзақ уақыт белгілі «мөлшер» ұғымын тұрақты беру арқылы құрылымы тұрақталып, лексикаланады. Соның нәтижесінде мөлшерлік фразеологизмдер қалыптасады. Мысалы, *қас қаққанша* деген тіркес «өте жылдам уақыт» мөлшерін білдіретін, әуелде еркін тіркес болып, сосын көркемдік тәсілдер арқылы қалыптасқан тұрақты құрылымға айналған. Р.Сыздық: «Тегі, *поэзия* – сөздің бар қабілетін ашатын, сөз мағынасының небір нәзік қырларын көрсететін майдан», – дейді [211, 23 б.]. Поэзия – көркем, образды ойлау нәтижесінде мүмкін болатын тұнып тұрған тосын тіркесімдер. Осы тосын тіркестер кез келген ұғымды бейнелеп, мағыналап береді.


Мөлшер – функционалды-семантикалық категория, яғни ұғымдық категория болғандықтан, ол тек бейтарап стильдерде ғана көрініс таппайды, сонымен қатар көркем мәтіндерде де кеңінен көрініс табады. Тілдік категориялар тілдің бейтарап стильдерінде тіл деңгейлері бойынша өріс құраса, поэтикалық мәтіндерде образды ұғымдар аясында өріс құрайды. Бұл образды ұғымдар көркемдік тәсілдер арқылы беріледі. «Мөлшер» ұғымының поэтикалық мәтіндердегі берілуі *эпитет, теңеу, метафора, перифраз, метонимия, синекдоха* т.б. көркемдік тәсілдер арқылы жүзеге асып, функционалды-семантикалық өріс құрайды. Бұлар бірігіп келіп, «поэтикалық мөлшерлік» ұғымын негіздейді. Бұл тәсілдердің «мөлшер» ұғымын берудегі өзіндік ерекшеліктері мен ортақ типтері бар. Аталған ұғым әр тәсіл аясында жеке-жеке сипаттау үстінде анықталады.

1. Жыраулар поэзиясы тіліндегі мөлшер семантикалы эпитеттер

Тілдің шынайы құдіреті көркем тіл майданында танылады дедік. Ал оның басты құралы – кез келген тілдің ішкі табиғатынан туатын көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдері. Сол тәсілдердің бірі – эпитет. Аталмыш тәсілді Р.Сыздық белгілі әдебиеттанушы ғалымдар З.Қабдолов пен Қ.Жұмалиевтің анықтамасына сүйене отырып, былай тұжырымдайды: «*Эпитет (айқындау)* дегенге «заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» (З.Қабдолов) немесе «адамның не заттың, не табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін көрсету, олардың бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой-қиялына әсер ету үшін қолданылатын сөз» (Қ.Жұмалиев) жататын болса, етістік заттың белгісін, сипатын, сапасын емес, қимыл, іс-әрекетті атайды. Демек, жоғарғы анықтамаларда берілгеніндей, *эпитет дегеніміз* заттың бір белгісін, сынын, қасиетін, сын есімдердің немесе оның орнына жұмсалатын сөздердің бейнелеп сипатталуы екен», – дейді [211, 34 б.]. «Бір сөз бір сөзге жарығын да, көлеңкесін де түсіреді» (Ғ.Мүсірепов) деген аксиоматикалық афоризмнің мәні осы эпитеттерден де анық көрінеді. Поэтикалық тілдің аталған тәсілі заттар мен құбылыстардың мөлшерлік қасиетін де анықтап көрсетуде кеңінен қолданылады. Жыраулар поэзиясында көптеген мөлшерлік ұғымдар *эпитеттер* арқылы беріледі. Мөлшер семантикалы мұндай тіркестердің бәрін де жалпылама *мөлшер эпитет* деп танығанмызбен, олар да өз ішінен түрлі тәсілдер мен грамматикалық формаларға ажыратылады.

Мұнда бір ескерте кететіні, жыраулар поэзиясындағы (XV–XVIII ғғ.) мөлшер семантикасының эпитеттер арқылы берілу жолдарын түрлі тарихи кезеңдерге, жеке авторлық ізденістерге бөліп талдамаймыз. Себебі, біріншіден, нақты грамматикалық формаларды және сол формалар арқылы берілген грамматикалық мағыналарды көбірек көрсету көзделді. Екіншіден, жыраулар поэзиясы ауыз әдебиетінің авторлы үлгісі саналғанымен, белгілі кезеңге және нақты авторға тән деген поэтикалық мәтіндер бірден-бірге көшіп, ауысып отырады. Бұл сол поэтикалық мәтіндер мен оның туған тарихи кезеңінің дұрыстығына күмән тудырады. Үшіншіден, эпитет деп танылған жүзге тарта мөлшерлік тіркестердің әрбірін қажетті мәтінімен кеңейте талдауды ғылыми жұмыстың мазмұны мен көлемі көтермейді. Сондықтан мөлшерлік эпитеттерді ұқсас белгілері бойынша топтастырып, бәріне ортақ синтаксистік құрылымдар мен грамматикалық формаларды айқындау көзделді.

Заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттің айрықша белгілерін, сапасын, мөлшерін айқындау ерекшелігіне қарай жыраулар поэзиясындағы *мөлшерлік эпитеттер* шоғырын екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның бірі – *есімді мөлшер эпитет*, екіншісі – *етістікті мөлшер эпитет*. Бұл екі топта анықталушы мүшенің *есім* не *етістік* сөздері болып келуіне қарай анықталады. Көпшілік ғалымдар эпитеттер тек есімдерден жасалады деген тұжырым жасайды. Бұл – әрине, дұрыс. Алайда кейде тілдік қажетке қарай етістіктер де көркем мәтінде анықтауыш компонент ретінде қатысып отыратындығы байқалады. Олай болса, біз *мөлшер эпитеттердің* мынадай жасалу жолдарын анықтаймыз. Мұны төмендегі сызбадан анық көруге болады:



Кесте 6 : мөлшер эпитеттердің құрылымдық түрлері

Есімді мөлшер эпитеттер заттардың ішкі сапалық белгісін, деңгейін, мөлшерін білдіреді. Бұл топтағы эпитеттердің жасалуына сын есімнен басқа да есім сөздер (зат есім, сан есім), заттанған етістіктер және үстеулердің мағыналық топтары қатысады. Дегенмен, эпитет түзуде ең жиі жұмсалатын сөздер тобы – *сын есімдер*. Сын есімдердің өзі *сапалық сын есім және қатыстық сын есім* деп екіге бөлінетіні белгілі. Осыған орай мөлшер эпитеттерді де *сапалық мөлшер эпитет, қатыстық мөлшер эпитет* деп екіге бөлуге болады. Жыраулар поэзиясында *сапалық мөлшер эпитеттердің* өзі анықтауыш компоненттердің дара немесе күрделі құрамды болып келуіне байланысты үш түрге бөлінеді. Біріншісі – *даралауыш мөлшер эпитеттер*, екіншісі – *қайталауыш мөлшер эпитеттер*, үшіншісі – *еселеуіш мөлшер эпитеттер*. Сапалық сын есімдердің кейбір түрлері есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамында келіп, заттың немесе қимыл-әрекеттің түрлі мөлшерлік белгілерін білдіретіні туралы М.Жолшаева еңбегінде кеңінен баяндалады [145].

Жыраулар толғауларында төмендегідей *даралауыш мөлшер эпитеттер* кездеседі: *тар құрсақ, ұзын жол, биік тау, терең сай, асқар тау, уақ тамыр, қалың қазақ, қалың ел, қыл майқан, жез қанат, алтын тақ, сом алтын, сом жүрек, тоқал терек, тоқал торы, тіз оқ, ақала орда, ару ұлы, қас игі, шаршы топ, қом су (лар), ежелгі дос, ежелгі дұшпан* т.б. Бұл эпитеттер екі компонентті және олар қандай да бір заттың сапалық мөлшерін білдіреді. Бұл тіркестердің экспрессивтік бояуы қалың, эстетикалық әсері күшті болумен қатар, белгілі деңгейде номинативті мөлшерлік ұғымдар да бар. Мұнда *тар құрсақ* – сыйымдылықты, *ұзын жол* – қашықтықты, *биік тау, терең сай, асқар тау* – вертикаль қашықтықты, *уақ тамыр* – көлем мен сыйымдылықты, *қалың қазақ, қалың ел* – көптік ұғымды, *жез қанат* – беріктікті, *алтын тақ, сом алтын* – құн

өлшемін, *тоқал терек, тоқал торы* – кемістікті, толымсыздықты, *тіз оқ* – жылдамдықты, *ақала орда* – айбынды, *ару ұл, қас игі* – жоғары сапаны, деңгейді, *шаршы топ* – кеңдікті, *қом су* – молдықты, екпінді, толқынды ағысты, *ежелгі дос, ежелгі дұспан* – «уақыт мөлшері» ұғымын білдіреді. Бұлар да көбіне дағдылы, константты (тұрақты) тіркестер болып келеді.

Мұндағы анықтауыш мүшелердің көпшілігі сын есім сөздер, ал *тас, жез, алтын* сияқты зат есім сөздерінде *конататтық мағына* (сезімдік) бар, яғни осы заттарға тән ең басты қасиет сапалық (сындық) ұғым ретінде зат есім сөзінде актуалданып, тірек сема ретінде сақталған. Сондықтан бұл сөздер зат есім болса да келесі бір заттардың сапалық белгісін айқындап, сапалық мөлшер ұғымын білдіреді.

Жыраулар поэзиясында *мөлшер эпитеттер* сан есім анықтауыштар арқылы да жасалады. Мысалы, *он отау, қырық шатыр, отыз екі омыртқа, он түйме, екі қары бөз, он екі құрсау жез айыр* т.б. Бұлардың бәрі де өзінен кейін тұрған зат есімдерді *сандық мөлшер* тұрғысынан анықтайды. Сонымен қатар, кейбірі *көп, мықты* деген жанама мөлшерлік ұғымдарды да білдіреді. Мұндағы сан есім анықтауыштар жай кездейсоқ берілген сандар емес, халықтың танымында терең орныққан, менталды мәні бар сандар. Қазақ халқы киелі ұғымдарды қашан да осындай киелі сандармен қатар қою арқылы өз танымын метафораландырып, жарыққа шығарып отырады. *Он, қырық, отыз екі, он екі* сияқты дара және күрделі сандар – дәстүрлі қазақ танымында айрықша маңызы бар сандар. Олар киелі ұғымдармен ұзақ уақыт бойы қатар қолданылу нәтижесінде тұрақты тілдік құрылымға айналады. Мұндай тұрақты құрылымдарда жылдар, ғасырлар бойы көптеген құнды ұғымдар жинақталады. Сол ұғымдардың бірі – мөлшерлік ұғым.

Жыраулар поэзиясында есімдіктердің мағыналық топтары да аз да болса мөлшерлік анықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы, *түгел іс, барша әлем, жімле ғалам* т.б. Бұл жалпылау есімдіктері өзінен кейін тұрған жалпы есімдерді анықтаудан гөрі, жалпылау, топтау қызметінде жұмсалады. Сондықтан мұндай эпитеттер жалпылау мәнді болып келеді. Жалпылау есімдіктердің саны шектеулі болғандықтан, тілдік ізденістерге өрісі тар, тың тіркестер тудырып, тіл өрнегін айшықтай түсуге икемсіз келеді. Сол себепті бұлар мейлінше тұрақты, дағдылы қалыпта кездеседі. Бір қарағанда тың тіркес секілді көрінетін *түгел іс* эпитеті де – «*Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би*» мәтеліндегі *түгел сөз* ұғымымен бірдей, тілдік қолданыста ежелден бар құрылым. Сондықтан есімдіктерден түзілген эпитеттер де константты (тұрақты) тіркестер болып келеді.

Жыраулар толғауларында кездесетін *мөлшер эпитеттердің* ендігі бір тобы анықтауыш компоненттердің қайталанып келуі арқылы жасалады. Мұнда бір ғана анықтауыш мүше екі рет, кейде үш рет қайталаанады. Осы ерекшелігіне қарай бұларды *қайталауыш мөлшер эпитет* ретінде тануға болады. Бұған мынадай эпитеттер жатады: *арту, арту бел; батпан, батпан мін; алаң, алаң, алаң жұрт; асқар, асқар, асқар тау; сере, сере, сере қар; тоғай, тоғай, тоғай су; қос-қос орда, қос орда* т.б.

Даралауыш мөлшер эпитеттер сияқты бұлар да белгілі бір заттардың ішкі қасиетін, сапасын, мөлшерлік тұрғыдан еселеп айқындап көрсетеді. Айталық, *арту, арту бел* – ауыр, ауыр жүкті де, сол жүкті көтеруге шыдас беретін атан түйенің бел күшін де білдіреді. Осы тіркестің толық мәтініндегі «атан» сөзінің

символикалық мәні бар. Яғни ол – ел жүгін арқалайтын атандай ерлердің күш-күдіретін сөз арқауы ету. Осы символиканың түпнегізі – *бел* сөзі. Оған *арту* сөзі екі рет қайталану арқылы оның физикалық мүмкіндігін одан сайын арттыра түскен. Әрі есімшелер сияқты, тұйық етістіктердің де анықтауыш мүше болып, эпитет түзе алатынын көрсетеді. Ал *батпан*, *батпан мін* эпитеті адам бойындағы кемшіліктердің, айыптың аса көптігін танытады. *Батпан* сөзінің өзі қазақтың салмаққа байланысты дәстүрлі танымында ең ауыр салмақты көрсетеді. Ал оның анықтауыш мүшеде екі рет қайталануы сол заттық ұғымның мөлшерін әлденеше есе арттыра түседі. *Батпан* сөзі салмақ өлшемінің атауы болса да, тіркесте *ауыр* деген *сындық мөлшер* ұғымын білдіреді.

Жыраулар поэзиясында анықтауыштардың үш рет қайталанып келуі де кездеседі. Мұның мәні екі рет қайталанудан аздап өзгешелеу. Оны кейінге қалдыра тұрып, әуелі бұлардың мағынасына келсек: *алаң, алаң, алаң жұрт* – кең аумақты, көптікті, *асқар, асқар, асқар тау* – биіктікті, *сере, сере, сере қар* – қалыңдық, сірескен қаттылықты, *тоғай, тоғай, тоғай су* – кең таралуды, молдықты білдіреді. Сонымен қатар бұл *қайталауыш анықтауыштар* бірнеше тауларды, әлденеше жұртты, сан тарау суды сандық жағынан да сипаттайтын тәрізді. Осындағы *сере* сөзі туралы С.Боранбаев мынадай бір қызықты деректерді келтіреді: «*Сунус* (қарыс – ұзындық өлшемі). Арабша – ал-фитр (пядь фитр – мера длины, равная 18 см); (указательный палец). АбуХ. – *шанус* (түрікше *сере* болып аударылған). Түрікше: *сере* (расстояние между большим пальцем и мизинцем – как мера). Қазақша – *сере* (сере қарыс қазысы бар). Арабша аудармасына қарағанда, бас бармақ пен сұқ саусақтың ұшына дейінгі аралықты көрсететін ұзындық өлшем тәрізді» [190, 61 б.]. Демек, *сере* сөзі – берітінге дейін қолданыста болған ұзындық өлшемі. Қардың қалыңдығы адамның дене мүшесі (қолдың қары) арқылы өлшенетіні – заңды құбылыс.

Қайталауыш мөлшер эпитеттерде анықтауыш сөз екі рет қайталанғанда акцент мөлшерлік ұғымға түседі де, үш рет қайталанғанда зат есім басыңқыға түседі. Яғни алғашқысында *мөлшерді анықтау* мән басым болса, соңғысында *қаратпа мәнді* болып, эпитетті номинативтендіретін тәрізді. Мұндай эпитеттерде анықтауыш компоненттердің екі немесе үш рет қайталануы – жай кездейсоқтық емес, белгілі тілдік қажеттілік пен заңдылықтан туған мақсатты қолданыс, тілдің қасаң емес, қатаң қағидасы. Бұл бір жағы, сол уақытта қайталауыш эпитеттердің өлең ырғағын тудыру, жыраудың айтылатын мәселеге көңіл аударту мақсатын жүзеге асырудағы тілдік тактика, яғни қаратпа мәнді. Сонымен қатар автордың эмоциясының білдірілу жолы, экспрессия ретіндегі қызметтері де бар. Бұл қайталауыш құрылымдар функционалды-семантикалық ерекшелігіне қарай интегративтік сипатта болады. Осындай ұйымдасқан семантикалық шоғырлар бірбүтін көркем тілдік құрылымға айналған. Сондықтан мұндай құрылымдардағы мөлшер семантикасының басқалармен салыстырғандағы қатынастық үлесін нақты болжаудың өзі қиын.

Анықтауыш компоненттер үш реттен артық қайталанғанда немесе екі қайталауды үш қайталауға, үш қайталауды екі қайталауға ауыстырғанда *мөлшер эпитеттер* барлық поэтикалық ажарынан айырылып, тіпті, өлең ағысы, ырғағы арнадан тайып, өлең синтаксисі бұзылады. Нәтижесінде мағынасыз, ажарсыз сөздер тізбегіне айналады. Бұл мысалда көрсетілген *қос-қос орда, қос орда*

эпитетінен де көрінеді. Мұны екі қайталаулы тұлғаға да, үш қайталаулы тұлғаға да ауыстыруға келмейді, әйтпегенде өзінің бастапқы мөлшерлік мағынасынан да, эстетикалық ажарынан да айырылады. Тұтас өлең ырғағынан шығып, қалыбы бөтен сөздер жұмағына айналады. Мөлшерлік ұғымдардың осындай көркемдік өреде, айрықша тәсілдер, сұлу синтаксистік құрылымдар арқылы берілуі қазақы ойлау жүйесінің өресін, тіл айшықтарының ғаламат кескінін білдірсе керек.

Жыраулар поэзиясында *мөлшер семантикалы анықтауыштар* шоғыры одан сайын түрлене, айшықтала түседі. Өлең ырғағы мен ой ағынының сұранысына сәйкес синтаксистік құрылымдар құбыла, күрделене түседі. Эпитеттердің ендігі бір шоғыры – *еселеуіш мөлшер эпитет*. Бұл топқа *алты құлаш ақ найза, (белгілі) биік көк сеңгір, (тарылды) байтақ кең жер, жасыл да байтақ ну* т.б. ұлғайған эпитеттерді жатқызуға болады. Мұнда зат есімдерге бірнеше анықтауыштар үсті-үстіне қабатталып, еселеніп келеді. Яғни, тіркес құрамындағы *алты құлаш, қаудыр құлақ, биік, байтақ, жасыл* сөздері *ақ, шал, көк, кең, байтақ* анықтауыштарға еселеніп тұр. Мұнда *алты құлаш* – ұзын әрі өткірлікті, *қаудыр құлақ* – әлсіз әрі кәрілікті, *биік* – қашықтықты, *байтақ* – кеңдікті білдіретін мөлшерлік ұғымдар. Сонымен қатар, бұл еселеуіш анықтауыштар экспрессивтік те қызмет атқарады. Р.Сыздық: «Біздің байқауымызша, авторы мәлім, ауызша тараған қазақ поэзиясы тілінде – XV–XVIII ғасырлардағы ақын-жырауларда образға алынған сөздерді тұрақты эпитеттермен беру көркемдеудің нормаға айналған ең бір ұтымды тәсілі болған», – дейді [211, 27 б.]. Мысалда берілген ұлғайған эпитеттердегі *найза, сеңгір, жер, ну* сөздері – образға алынған сөздер. Бұларға бірнеше мөлшер семантикалы анықтауыштар қабаттаса тіркесіп, образдылықты одан сайын арттыра түскен.

Жыраулар поэзиясында *есімді мөлшер эпитеттердің* ендігі бір үлкен тобы *қатыстық сын есімдер* арқылы жасалады. Бұл топтағы мөлшер эпитеттердің бағыныңқы сыңарындағы есімдерге сын есім тудырушы жұрнақтар, етістерге есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұлардың өзі құрамына қарай екі, үш және төрт құрамды болып келеді. Екі құрамды эпитеттерді *даралауыш мөлшер эпитеттер* деп атауға болатынын жоғарыда айттық. Олардың қатарына *қарағайлы көдік, қозғалы көл (дер), салуалы орда, бағаналы орда, бетегелі бел, бетегелі Сарыарқа, қорғанды шаһар, қымбатты гауһар, әкелі бала, әкесіз бала, өлшеусіз мал, өлшеусіз бас* т.б. мөлшер эпитеттер жатады. Бұл тіркестерде бағыныңқы сыңарлар (анықтауыштар) сын есім тудырушы *-лы (-лі), -ды (-ді), -ты (-ті)* және *-сыз (-сіз)* функционалды жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған. Аталған жұрнақтардың семантикалық өрісінің бірі – мөлшер семантикасы. Яғни зат есімдерге жалғанып заттарда сол түрлі қасиет пен шаманың барлығын, молдығын немесе сол түрлі зат мен қасиеттің жоқтығын, аздығын білдіреді. Жай ғана білдірмейді, бейнелі образды түрде білдіреді. Бұл образды ұғымдардың тууында мөлшерлік семантиканың қызметі айрықша. Нақтырақ айтқанда, *қарағайлы көдік, қозғалы көл(дер), бетегелі бел* эпитеттері өсімдіктері мол, ырысты мекенді, *қорғанды шаһар* – қорғандары көп әрі берік қаланы, *салуалы орда, бағаналы орда* – сән-салтанат пен салиқалы өмірдің молдығын, *қымбатты гауһар* – құн мөлшерін, *әкелі бала, әкесіз бала* – әке мен әке тәрбиесінің бар-жоғын, *өлшеусіз мал, өлшеусіз бас* – мал мен адамның көптігін білдіреді. Бұл эпитеттер бір қарағанда

эпитет емес, анықтауышты тіркес сияктанып та көрінеді. Бірақ олай емес, бұлар – құрылымы тұрақты сипатқа ие болып бара жатқан эпитеттер.

Жыраулар поэтикасында қатыстық сын есімдерден түзілген *мөлшер эпитеттердің* қайталаулы түрі кездеспейді. Бұл жыраулар поэтикасының өрлік рухтағы төкпе өлең ағыны туынды сөзформалардың қайталануын «сүймеуінен» болса керек. Ал *еселеуіш мөлшер эпитеттер* біршама мол кездеседі. Олар үш, тіпті төрт құрамды болып та келеді. Мысалы, *толғамалы ала балта, тегеурінді болат темір, жабағылы жас тайлақ, қу таяқты кедей; алпыс басты ақ орда, жез қарғылы құба арлан, еңсегей бойлы Ер Есім* т.б.

Бұл эпитеттердің бәрінде де анықтауыш компоненттер күрделі құрамды, бірнеше анықтауыштар үсті-үстіне қабаттаса берілген. Сол арқылы заттың сапалық, мөлшерлік белгісін арттырғанның үстіне арттырып көрсеткен, мөлшерлік семантиканың экспрессиясын одан сайын күшейткен. Мұндай эпитеттерді Р.Сыздық «тұрақты эпитеттер» деп атайды [211, 27 б.].

Жыраулар поэзиясында кездесетін мөлшер эпитеттердің ендігі бір тобы кері синтаксистік қатынаста болады. Тұтас тіркестің синтаксистік құрылысы қарапайым сөйлеу тілінің синтаксисінен өзгеше, өлең тілінің синтаксисіне жақын келеді. Яғни мұнда анықтауыштардың құрамы күрделеніп, күрделі баяндауыш сияктанып келеді. Мысалы, *жотасы биік Дендерім, қатынасы биік көл(дер), тобыршығы биік жай, құрсағы құшақ бай(лар), құрсағы жуан боз бие, төсі ариынды сұлу, еңсесі биік боз орда, еңсесі биік кең сарай* т.б.

Бұл *мөлшер эпитеттер* үш-төрт құрамды. Тіркестің бәрінде де бірінші мүше тәуелдік жалғауының үшінші жағында келген зат есім де, одан кейінгі екінші мүше мөлшер семантикалы сын есім сөздері. Осы екі мүше тіркесе келіп, бір күрделі анықтауыш құрайды. Әрі зат есімнің өзін тіке анықтайды не анықтауышты зат есімді үстемелей анықтайды. Бұл күрделі құрамды эпитеттерді біріктіріп тұрған бір-ақ нәрсе, ол – өлең ырғағы, екпін. Осының нәтижесінде бұл тіркестер шоғыры күрделі құрамды мөлшер эпитетке айналған. Мұндай күрделі құрамды эпитеттер өлең ағынын толықтыратын синтаксистік амалдардың бірі сияктанады. Сонымен қатар, тұтас толғауға айрықша экспрессивтік мән үстейтін көркемдік тәсіл болса керек. Бұл туралы жыраулар поэзиясының тілін зерттеген белгілі ғалым Қ.Өмірәлиев былай дейді: «Ырғақтың қатысу-қатыспауына қарай қазақ поэзия тілінің синтаксис (әрі тіркес) жүйесі ғана әр алуан болып келмейді, тіпті қазақ поэзиясы осы ырғақтың қатысу-қатыспауы жағынан дәуірге де әрі түрге де бөлінеді. Яғни қазақ поэзиясында белгілі бір жанр үшін ырғақ – тарихи категория» [29, 13 б.]. Ғалым айтқандай, осындай айрықша синтаксистік тәсілдерді тудырып, бір арнаға сыйдырып отырған, тарихтың мінезімен астасып отырған – ырғақ. Ол да мөлшер семантикасын беруде қажетті тілдік құралдардың бірі.

Анықтауыш қызметінде есім сөздер, соның ішінде сын есімдер көбірек жұмсалатыны белгілі. Алайда кейде тілдік қажеттілікке қарай есімшелер де анықтауыш қызметінде жұмсалатыны байқалады: Мысалы, *әлем асқан жан, артық туған Абылай, туғаны жоқ жалғыз, қоңқалаған көп жаман, арасы толған көп қалмақ, аңдып жүрген көп дұспан, атаңнан қалған көп халық, етектеп жиган көп халық, теңкиген қара саба* т.б.

Р.Сыздық: «Етістіктің есімше тұлғасының эпитет болып келуі дау туғызбайды. Өйткені есімшелер есім орнына қолданыла береді», – дейді [211, 34 б.]. Ғалымның айтуынша, етістік тұлғалардың эпитет деп танылуында ең басты белгі – тіркестердің экспрессиялы болуы, яғни экспрессивид (эсерсөз) болуы шарт. Жоғарыдағы тіркестердің қай-қайсынан да мұндай белгіні таба аламыз. Есімше тұлғалы дара, күрделі сөздер қимыл-әрекет арқылы анықталатын зат есімдердің экспрессиялы сынын, сипатын, мөлшерін білдіріп, эпитет болып тұр. Аталған мөлшер эпитеттерде *әлем асқан жан* – мықтылықтың ең жоғары шегін, *артық туған Абылай* – сапалық белгілердің молдығын, *туғаны жоқ жалғыз* – тұлдырлықты, *қоңқалаған көп жаман*, *арасы толған көп қалмақ*, *аңдып жүрген көп дұспан*, *атаңнан қалған көп халық* тіркестері сандық көптікті, *етектеп жиган көп халық* – төгілген тердің де, соған орай нәтиженің де молдығын, *теңкиген қара саба* – шегіне жеткен сыйымдылықты білдіреді. Бұлардың бәрі де – түрлі сандық, сапалық, шамалық деңгейлерден құралатын мөлшер ұғымдар. Олар біртұтас құрылым ретінде мөлшер эпитет саналады.

Есімше тұлғалардың эпитет болуында айрықша бір назар аудартатыны – есімше тұлғалы күрделі анықтауыштардың орны ауысып келу құбылысы. Жиёмбет жыраудың «Басы саудың түгел-дүр» деп басталатын өлеңінде *басы саудың түгел-дүр*, *толған тоғай малы-дүр* деп келетін жолдары бар. Мұнда *толған тоғай мал* эпитеті дұрысында *тоғай толған мал* боларға керек еді. Бірақ *толған тоғай малы* тіркесі де қате болып тұрған жоқ. Соған қарағанда, бұл XV–XVIII ғасырлардағы көркем поэзия тілінің айрықша бір синтаксистік құрылымы болса керек. Ал ол қарапайым сөйлеу тілі синтаксисі былай тұрсын, өлең тілі синтаксисінде де тіпті кездеспейді. Мұнда анықталатын мүше екеу, яғни *тоғай* мен *мал*. Тұтас тіркесті *малға толған тоғай* деп те, *тоғай толы мал* деп те түсінуге болады. Қалай десек те, мұнда мал санының көптігі мен тоғайдың сыйымдылығы семантикасы образды түрде берілген. Сондықтан бұл да мөлшер ұғымды білдірудің айрықша бір эпитеттік тәсілі болмақ. Көркем мәтіндердің мақсаты – баяндау емес, бейнелеу, ойды әсерлі, айшықты жеткізу. Мұндай образды-экспрессиялы тіркестер көбіне тұтас *суретті ұғымға* айналып, атаулы тіркестер сияқтанады. Сөйтеді де, күрделі ұғымды білдіреді. Сондықтан өлең тілі синтаксисін қарапайым сөйлеу тілінің синтаксисінен оқшау қараған да дұрыс.

Қорыта келгенде, эпитеттерде анықтық, әсерлілік – басты өлшем. Эпитет көркемдік тәсілдердің бірі ретінде поэтикалық мәтіндерде «мөлшер» ұғымын беруге де кеңінен және аса ұтымды қолданылады. Бұл ретте ол заттар мен құбылыстардың, қимыл-әрекеттің сапалық, мөлшерлік белгілерін анықтап, әйгілеп отыруға қызмет етеді. Соның нәтижесінде тыңдаушыға мейлінше анық, түсінікті және бейнелі, әсерлі мөлшерлік семантиканы жеткізеді. Эпитет әрқашан тың, авторлық ізденістерді сүйеді, оның бұл қасиеті «мөлшер» ұғымының да мейлінше дәл және анық болуына мүмкіндік береді. Бұл жағынан аталған тәсіл «мөлшер» ұғымына ең оңтайлы көркемдік тәсілдердің бірі саналады. Бұл мөлшер эпитеттердің *қайталауыш мөлшерлік эпитет*, *еселеуіш мөлшерлік эпитет* деген түрлерінен де айқын көрінеді. Поэтикалық тілдің анықтауыштарды сүйетін қасиетін және ойды айшықты жеткізудегі оңтайлылығын жыраулар өте жақсы сезініп, оны өз шығармашылығында ұтымды пайдалана білген.

2. Жыраулар поэзиясы тіліндегі мөлшер семантикалы теңеулер

Заттар мен құбылыстардың санын, сынын, сапасын, мөлшерін, түрлі ішкі-сыртқы қасиеттері мен белгілерін, сан-алуан ұғым мен мағынаны тіл бірліктері арқылы трансформациялаудың түрлі көркемдік тәсілдері барын айттық. Солардың бірі – теңеу. Теңеу – заттар мен құбылыстардың түрлі белгілерін анық, дәл, нақты, бейнелі формада жеткізетін тілдік тәсіл ретінде белгілі. Теңеу, шын мәнінде – салыстыру. Мұнда екі құбылыс, екі түрлі қимыл, екі зат, екі объекті түрлі ішкі-сыртқы белгілеріне қарай өзара салыстырылады. Соның нәтижесінде нәрсенің күңгірт белгісі анық белгіге, белгісіз зат, белгілі затқа, қарабайыр ұғым ажарлы ұғымға айналады. Жыраулар поэтикасында мөлшер семантикасы теңеу тәсілі арқылы да беріледі. Теңеудің синтетикалық та, аналитикалық та түрі бар. Жыраулар поэзиясында оның ең жиі қолданылатыны – *-дай, -дей, -тай, -тей* формасы. Бұл жұрнақтарды көпшілік ғалымдар сын есім жұрнағы деп таниды. Шын мәнінде, бұл – ешқандай сөз табына басы бүтін меншіктеуге келмейтін, тілде сан түрлі семантикалық қызметі бар функционалды жұрнақ. Сол көптеген мағыналардың бірі – мөлшер семантикасы. Теңеу тәсілі қарапайым сөйлеу тілі мен көркем тілде де кездеседі. Бірақ екеуінде, тілді жұмсаудың мақсатына қарай, ұқсамайтын айырым белгілері бар. *Поэтикалық теңеулерде* эстетика басты орында тұрса, қарапайым сөйлеу тілінде *нақты ұғым* басты орында.

Жыраулар поэзиясында кездесетін *мөлшер семантикалы теңеулер* шамаларды салыстыра бейнелеудің өзіндік тәсілдері мен формаларына қарай түрліше топтарға бөлінеді. Ең әуелі, *мөлшерлік семантикалы теңеулер* құрамына қарай *жалаң теңеулер* және *ұлғайған теңеулер* болып келеді. Жалаң теңеулерде мөлшер семантикасы нақты грамматикалық формалармен берілсе, ұлғайған теңеуде бүтін бір зат пен құбылыс біртұтас ұғымға айналып, оған әлденеше сөздердің жұмсалыуымен суретті шама түзіледі. Мысалы:

Ноғайлардың байлары болар *сазандай*,

Сәлдесі болар *қазандай* (Бұқар жырау, Он екі айда жаз келер, 99 б.).

Мұнда ешқандай күрделі құрылым жоқ, байды сазанға, сәлдені қазанға теңеген дағдылы, қарапайым теңеудің үлгісі ғана бар. Мұндай теңеулер көбіне заттардың сыртқы пішініне негізделеді де, нақты бір ғана ұғымды білдіреді. Айталық, *сазандай* теңеуі «семіз», *қазандай* теңеуі «үлкен» ұғымын білдіреді. Мұнда осы ұғымдарды беретін нақты лексикалық бірліктерді қолданғаннан гөрі, оны ұқсас, шамалас ұғымдармен салыстырып, теңеп көрсетсе, әрі әсерлі, әрі бейнелі болып, эстетикалық қуаты да, тіл қуаты да күштірек болып шығады. Көркем тілде теңеудің өзі сол үшін керек. Ал мына теңеулерге назар аударайық:

Құбыла көшкен байтақтың

Ордасындай Бөгенбай!

Темір жұмсап, оқ атқан

Қорғасындай Бөгенбай!

Қолтығы ала бұғының

Пәйкесіндей Бөгенбай!

Жалаң қия жерлерден

Жазбай түсіп түлкі алған,

Білегі жуан бүркіттің

Тегеурініндей Бөгенбай! (Үмбетей жырау, Бөгембай өліміне, 76 б.).

Толғауда бірнеше ұлғайған теңеулер қатар берілген де, батыр Бөгенбайдың өзгеден бөлек біткен тау тұлғасы мен алып күші, елден ерек батырлығы сипатталған. Нақтырақ айтсақ, Бөгенбайың батыр бейнесіне теңеліп отырған *орда* – көптік пен кеңдікті *қорғасын* – беріктік пен ауырлықты, *пәйке* – ірілік пен даралықты, *тегеурін* – батырлық пен күш-қуатты білдіреді. Бұлар өзінен бұрын түрлі анықтауыш құрылымдардың тіркесіп келуі арқылы күрделі құрамды ұлғайған теңеуге айналған. Ұлғайған теңеулер көбіне бір зат пен құбылысты мөлшерлік тұрғыдан жан-жақты сипаттау кезінде немесе ішкі мәнін тереңірек көрсету кезінде туатыны байқалады.

Поэтикалық мәтіндерде кездесетін *мөлшер семантикалы теңеулерді* мазмұнына қарай *заттық теңеу*, *қимылдық теңеу* деген екі топқа бөлуге болады. *Заттық теңеулер* заттар мен заттарды мөлшерлік тұрғыдан салыстырса, *қимылдық теңеулер* заттардың қимыл-қозғалысының шама-шарқын, құбылыстардың сипатын ұқсастыра салыстырады. Мысалы:

Жатқан жері *даладай*,

Екі өркеші *баладай*,

Азу тісі *қаладай*,

Жабуы *жамшыдай*,

Құйрығы *қамшыдай*

Бура сойған не сұмдық! (Үмбетей жырау, Бәкеге, 73 б.).

Толғауда қатар берілген теңеулер – *заттық теңеулер*. Мұнда *жер (жатқан)* мен *дала (аудан)*, *өркеш* пен *бала*, *тіс* пен *қала*, *жабу* мен *жамшы*, *құйрық* пен *қамшы* сыртқы пішіні, көлемі жағынан салыстырылған. Заттық теңеулердің өзі әртүрлі. Соның ішінде сыртқы пішінге, көлем, салмақ, қашықтыққа байланысты теңеулер жиі кездеседі. Заттай теңеулер кейде бір бүтін заттың бір бөлшегін екінші затпен салыстыра теңейді. Мұндай теңеулі тіркестердің бағыныңқы компоненті (теңелетін зат) ұдайы тәуелдік жалғауының үшінші жағында келеді. Мысалы, *екі өркеші баладай*, *азу тісі қаладай*.

Табиғаттағы ұқсастық, шамаластық заттардың заттық пішінімен қатар, қимыл-қозғалыс шамасында да болады. Сондықтан «мөлшер» ұғымы да қимыл-әрекет мөлшерінің ұқсастық белгісіне қарай да сипатталады. *Қимыл мәнді теңеулер* қандай да бір қимыл-әрекеттің, құбылыстың мөлшерін екінші қимыл-құбылыспен салыстыра, шамаластыра көрсетеді. Мысалы:

Екі арыстан жау шапса,

Оқ қылқандай *шаншылса*,

Қан жусандай *егілсе*,

Аққан судай төгілсе... (Доспамбет жырау, Қоғалы көлдер, қом сулар, 31 б.).

Мұнда *қан*, *жусан*, *су* ұғымдарына тән белгілі қимыл-қозғалыстар өзара ұқсас нысандар ретінде таңдалады. Нақтырақ айтқанда, қанның ағуы мен жусанның бүрінің бордай үгілуі, қанның ағуы мен судың ағуы ұқсас, шамалас қимылдық процестер ретінде сипатталған. Бұл тіркестер ұқсастық семантикасымен қатар, қанның «тоқтаусыз көп ағу» семантикасын да білдіреді. Ал, *қан жусандай егілу* тіркесі «егіле жылау» тіркесіндегі күйреген, күйзелген көңілдің көзінен парлап аққан жас семантикасын білдіреді. Күздігүні піскен жусанның басы немесе бүрі қол тигізбей үгіледі. Бұл образды түрде

метафораланып, қанның саулап ағуымен салыстырылған. Әрі қанның басқа заттарға емес, тек жусанға салыстырылуында үлкен менталды мән жатса керек. Яғни қазақтың туған жерге деген сағынышының, дарқан даласының баламасына айналған жусан – киелі ұғым. Жусанның исі мен қасиеті қазақ баласының, әсіресе ел үшін еңіреген ерлердің жүрегіне терең сіңген. Сондықтан бұл салыстыру «туған жер үшін қан кешу» ұғымын да білдіріп тұрғандай.

Деректі зат есімдермен қатар, кейбір дерексіз заттық ұғымдар да мөлшерленеді. Дерексіз ұғымдар немесе дерексіз зат есімдер атауыштық мағынамен қатар, сол заттық ұғымға тән қасиеттерді, сапаларды түгел жинақтаған категориялы ұғым саналады. Мысалы, *ерлік* десек, белгілі тарихи кезеңде қандай істер ерлік саналса, бұл сөз соның бәрін қамтиды. Ал осы сөз арқылы көрініс тапқан «ерлік» ұғымының да түрліше сипаттары болады. Сол сипаттар қажетіне қарай табиғаттағы оған ұқсас заттармен теңестіріледі, салыстырылады. Нәтижесінде дерексіз ұғымдардың сапалық мөлшері, деңгейі көз алдыға елестеп, нақты, бейнелі шама қалыптасады. Жыраулар поэзиясында бұл тәсіл кеңінен қолданылады. Мысалы:

Менің ерлігімді сұрасаң,

Жолбарыс пенен аюдай.

Өрлігімді сұрасаң,

Жылқыдағы асау тайыңдай.

Зорлығымды сұрасаң,

Бекіре менен жайыңдай.

Беріктігімді сұрасаң,

Қарағай менен қайыңдай (Жиембет жырау, Еңсегей бойлы Ер Есім, 54 б.).

Толғауда адамның ішкі болмысы мен мінез-құлқындағы айрықша сапалар баяндалған. Жай баяндалмаған, екінші бір заттарға тән басты қасиеттерге салыстырыла, теңестіріле баяндалған. Нақтырақ айтқанда, адамның ішкі болмысына тән *ерлік, өрлік, беріктік* сынды дерексіз ұғымдар, нақты көрген деректі ұғымдармен сипатталып отыр. Сапа болған жерде деңгей болады, ал деңгей, ол – мөлшер. Мұндай деңгейлік ұғымдар *сатылы тіресім* құрайды. Адамның мінез-құлқын, ішкі болмысын білдіретін сапалық ұғымдар түрлі деңгейлерден тұрады да, ал оның мөлшері соған сәйкес заттық ұғымдармен салыстырмалы түрде беріледі. Толғауда Жиембет жыраудың ерлігінің деңгейі ақырған аюдың күші мен ізінен қайтпас жолбарыстың айбатына теңестіріліп, сипатталып тұр. Ал ешкімге бас имес өрлігі жалына құрық тимеген шу асаудың тарпаң мінезімен, беріктігі қарағай, қайың сынды қатты ағаштардың беріктік дәрежесімен салыстырылады. Кейбір дерексіз заттық ұғымдардың астарында нақты іс-әрекеттердің шоғыры жатады. Мысалы, *батырлық* десек, батырлыққа тән барлық іс-әрекеттер аталған ұғымда жинақталады. Өйткені аталған ұғымдар қимыл-әрекет негізінде туады. Әрі санада сол әрекеттердің нәтижесі ретінде жинақталып, біртұтас семантикалық шоғырға айналады.

Мөлшерлік ұғымдардың шындық болмысқа қатынасына қарай теңеулі мөлшерліктер *дәлдеулі теңеулі* (реальный) және *әсірелеулі теңеу мөлшерліктер* (нереальный) болып екі топқа бөлінеді. *Дәлдеулі теңеулер* тілінің көркемдік қуаты жоғары, салыстырылатын шамалар мәні жағынан тең шамалы болады. Ал әсірелеулі теңеулерде салыстырылатын шамаларда тендік өмір сүрмейді, бір-

бірінен айырмашылық жер мен көктей болады. Мұнда шама, мөлшер семантикасы не ұлғайтылған әсірелікке, не кішірейтілген әсірелікке құрылады. Бірақ, соған қарамастан, мөлшерлік теңеулерде қандай да бір лексика-грамматикалық қателік байқалмайды. Өйткені мұндай теңеулердің түп мақсаты, арқалаған тілдік жүгі – нақты мөлшер мәнін білдіру емес, образды, экспрессиялы мөлшерлік шаманы бейнелеу, әрі мөлшерлік ұғымдардан эстетикалық сұлулық, тіл көркіне қайталанбас ажар тудыру. Жыраулар поэзиясында мұндай теңеулер көптеп кездеседі. Мысалы:

1. *Жоны бір жалпақ жотадай,
Мойны бір жалпақ бұқадай,
Балуаннан нөкер барлатып,
Күреске салар ма екенбіз?! (Ақтамберді жырау, Күлдір-күлдір кісінетіп, 63 б.);*

2. *Беглерім мінсе шұбарын,
Жұлындай қылып жаратып! (Ақтамберді жырау, Күлдір-күлдір кісінетіп, 63 б.)*
Немесе:

*Жазыда көп-ақ жортқан екенбіз,
Арғымақтың талдай мойнын талдырып (Доспамбет, Айнала бұлақ басы тең);*

3. *Хандар шыққан төбедей,
Қабырғадан бүтін шыққан сүбедей,
Аударылмас қара кемедей,
Қандыауызға сырлап салған жебедей (Шалкиіз жырау, Ер Шобан).*

Бұл үзінділерде салыстыру нысаны етілген шамалар бір-бірінен тым алшақ және оларды теңестірудің өзі шындыққа жанасымсыз. Мұнда нөкердің жоны (арқасы) жотадай болуы – тіпті ақылға сыймайтын, шындыққа жанаспайтын фантастика. Ал екінші үзіндідегі арғымақ атты қанша жаратса да, артық ет пен майдан арылып, жіңішке жұлындай болуы мүмкін емес. Бұл да – шындыққа жанаспайтын мөлшерлік теңеу. Арғымақтың мойны талдай болуы да мүмкін емес. Толғаулардағы теңеуге негіз болған – заттардың сыртқы пішіні. Мұнда көркемдік бояуын тым қоюлатып, эстетикалық әсерін күшейткен. Осының өзі белгілі семантикалық сұраныс үшін таңдалып, контекске сай жасалып отыр. Оның шындыққа жанасымды жері де бар. Жоғарыдағы мысалда заттардың тек сыртқы тұлғасы ғана салыстырылмаған. Сондай-ақ қимыл-қозғалыстағы, мінез-құлқындағы жекелеген ұқсастықтар да салыстырылған. Яғни батыр психологиясына тән басты-басты ұғымдарды сипаттау үшін де қолданылған. Мұнан біз көркем сөз табиғаты мен оқырманның эстетикалық талғамы қашан да дәлдік шамадан гөрі әсірелі шамаларды ұнататынын аңғарамыз.

Теңеудің материалы – қашан да заттар. Сондықтан барлық теңеу түрлерінде, түрлі белгілеріне қарай, не заттардың (деректі-дерексіз) заттық тұлғасы, не олардың қимыл-қозғалысы өзара салыстырылады. Осыған қарай *мөлшерлік теңеулер* де үш түрлі болады: 1) Заттар мен заттарды теңеу; 2) Қимыл-құбылыс пен заттарды теңеу; 3) Қимыл-құбылысты қимыл-құбылысқа теңеу. Мысалы:

1. *Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен алғаш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.*

Түркістанда жүр едің (Бұқар жырау, Ал, тілімді алмасаң, 91-92 б.);

2. Алтын тақтың үстінде

Ақ сұңқардай түледің (Бұқар жырау, Ал, тілімді алмасаң, 91-92 б.).

Бұл үзіндіде тұрымтай құс пен болашақ хан Абылай салыстырмалы түрде алынып, Абылай «дәрежесі де, дене кесімі де кішкене, жай ғана адам» ретінде сипатталған. Тұрымтай сұңқар тұқымына жататын жыртқыш құс болғанымен, денесі көгершіннен сәл ғана үлкен, шағын құс. Халық танымында ол ұдайы «кіші, шағын» деген ұғымдармен байланысты көрініс табады. Бұл туралы өткен тарихымызда мынадай дерек кездеседі: «Жәнібек тұсында Хан Кеңесі екі түрге бөлінетін. Бірін «Тағанақ кеңесі» деп атайтын, екіншісін «Тұрымтай кеңесі» дейтін. Біріншісі үлкен Хан Кеңесі деген мағынада, екіншісі кіші Хан Кеңесі деген түсінікте. Біріншісіне елеулі рудың басты адамдары тегіс жиналады. Онда хан сайлау, соғыс ашу тәрізді күрделі істер ғана қаралуға тиісті. Сондықтан бұл кеңесті кейде үш жүзге бөлінерде бас қосқан жерінің атымен «Қаратұз кеңесі» деп те атаған. Ал Тұрымтай кеңесінде басқа жұртқа елші жіберу, қонысқа жер бөлу тәрізді жеңілдеу мәселелер шешілген» [213, 289 б.]. Бұл тарихи дерек сипаттағандай, тұрымтай құстың сыртқы пішіні ғана емес, ішкі қасиеті, айырым белгілері де халық танымында терең менталды мазмұнға ие болған. Халық жадындағы білімдер жүйесінде тұрымтай құстың тағы бір ерекше қасиеті сақталған, ол – оның адамға ерекше үйірсектігі. Осындай қасиеті үшін қазақ құсбегілері тұрымтайды сүйікті құсы ретінде жақсы көрген. Осыған сәйкес, Бұқар толғауында Абылайдың тұрымтай ретінде сипатталуында да болашақ ханның не істесе де өз ортасына сыйымды, сүйкімді қасиеті де сипатталып отырған болса керек.

Ал толғаудың екінші бөлігінде *тұғыр* мен *алтын тақ*, *Абылай* мен *ақсұңқар* өзара салыстырылады. Мұнда да салыстырулар заттардың сыртқы пішіні мен ішкі қасиетіне байланысты. Бір қарағанда, параллелизм болып көрінеді. Тұғыр үстінде сұңқар құстың серкесі, ірісі ақсұңқар түлесе, соған ұқсас, қасиетті, қымбатты алтын тақ үстінде Абылайдай асыл ер де түлейді. Мұны, бір жағынан, *сапалық салыстыру* десе де болатындай. Жыраулар поэзиясында сапалық белгілерді айшықтап, әйгілеп көрсету көптеп кездеседі. Бұл тіпті ең өріс алған көркемдік тәсілдердің бірі. Мысалы:

Ер өзінден соңратын

Емен салдай батар ол (Шалкиіз, Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны, 40 б.).

Заттардың ішкі сапалық қасиетін айшықтау көбіне эпитеттерде жиі кездеседі. Бірақ теңеулерде де аз кездеспейді. Мұнда батыр мен емен ағашының беріктігі деңгейлес, шамалас ұғымдар ретінде берілген. Заттардың мұндай салыстырмалы беріктік дәрежесі де «*дәрежелі мөлшер*» ұғымына жатады. Заттарсыз құбылыс та, қимыл да жоқ. Сондықтан кез келген «мөлшер» ұғымы әуелі заттық ұғымнан туады. Содан кейінгі кезекте оның ішкі қасиеті, қимыл-қозғалысы түрлі заттармен салыстырмалы негізде анықталады. Сонда ғана ойдағы ұғым біртұтас образды мөлшерлік ұғымға айналады. Мысалы:

Бұзылып қалмақ кеткен соң,

Өңкей батыр жиыл деп,

Хан Абылай шақырды,

Бір төбеге жиылды

Құм төбедей үйілді (Бұқар жырау, Қалданменен ұрысып, 98 б.).

Толғауда Абылайдың шартараптан жиылған айбынды батырлары құм төбеге ұқсатылып отыр. Яғни құмның заттық (көптік) және қозғалыс қасиеті батырларға көшіріліп, біртұтас образды ұғым ретінде берілген. Мысалдағы толғаудың әр тармағы өзінше лексика-грамматикалық қызмет атқара келіп, «көп батыр» деген ортақ ұғымды білдіріп тұр. Мұнда батырлар санының көптігі құмның заттық пішіні арқылы берілсе, көп батырдың бір жерге жиылуы жан-жақтан жел айдап, бір төбеге жиылған құмның қозғалыс әрекетімен ұқсастырылып отыр. Міне, теңеу тәсілінің осындай нәзік құрылымдары ойдағы «мөлшер» ұғымын айшықты, сәтті бере білген.

Кейде әлденеше теңеулер шоғыры бір ғана мөлшерлік семантиканы білдіру үшін жұмсалады. Өйткені кейбір үлкен ұғымдар көптеген ұғымдық бөлшектерден құралады да, оның мазмұны бір ғана теңеумен ашылмайды. Мұндайда, бәрін болмаса да, оны құраушы басты-басты бөлшектер нысана етіледі. Сонда ғана ол жан-жақты сипатталған, айшықты, ажарлы ұғым ретінде танылады. Мысалы:

Қарғадай мынау Қазтуған

Батыр болып туған жұрт...

...Жарлысы мен байы *тең*

Жабысы мен тайы *тең*,

Жары менен сайы *тең*,

Ботташығы *бұзаудай*,

Боз сазаны *тоқтыдай*,

Балығы тайдай тулаған,

Бақасы қойдай шулаған...

...Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт (Қазтуған жырау, Алаң да алаң, алаң жұрт, 29 б.).

Көріп отырғанымыздай, толғауда әлденеше теңеулер, салыстырулар іркес-тіркес айтыла келіп, бір ғана «туған жер, ырысты мекен» ұғымын айшықтай түсу үшін қолданылған. Берілу жолдарының өзі әртүрлі: бірде екі зат сыртқы пішіні, көлемі тұрғысынан салыстырылса, енді бірде материалдық, әлеуметтік күйі тұрғысынан ұқсатылған, ал ендігі бір тобы қимыл-қозғалысы шамалас, ұқсас нысан ретінде алынған. Соған қарамастан, бәрі де бір ұғымды әр қырынан толықтырып тұр. Бұл туралы Р.Сыздық: «Осы бір «қайран жұрттың» қасиетін суреттеу үшін жай тайлақ емес, *жабағылы жас тайлақтың жардай атан болуын*, жай тоқты емес, *жатып қалған бір тоқтының* өсіп-өнуіне қолайлы жағдайы бар – суы мол, шүйгіні қалың мекен екенін айту үшін қажет болып тұр» [211, 28 б.]. Ғалым тұжырымдағандай, бұл – «ырысты мекен» мөлшер ұғымын сипаттау үшін автор таңдалған тілдік тәсілдер.

Тағы бір айта кететіні, салыстыру, теңеу ұғымдары *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* қосымшалары арқылы ғана берілмейді, кейде өзге де арнайы лексемалар, тіпті тұтас грамматикалық құрылымдар арқылы да беріледі. Солардың бірі – «*тең*» сөзі. Толғауда *мен* шылауы екі сөзді байланыстыру қызметін атқарса, *тең* сөзі екі нысанды түрлі шамалық белгілеріне қарай салыстыру қызметін мүлтіксіз атқарған.

Кейбір теңеулердің жасалу құрылымы күрделі келеді. Мұнда бір сөзге бірнеше грамматикалық бірліктер қатар үстелгенде, ол сөздің мағынасы тереңдей, күрделілене түседі. Бұл өз кезегінде сол сөзге тән көркемдік тәсілдерді ажыратуға қиындық тудырады. Жыраулар поэзиясында *-дай*, *-дей* тұлғалы сөздер тәуелдік жалғауының бірінші жағындағы қатыстық сын есімдерді анықтап келетін тіркестер бар. Мысалы:

Ойнай басқан *аяқтым*,
От орнындай *тұяқтым*,
Қиғаш қамыс құлақтым,
Саптыаяқтай еріндім,
Сарымсақтай азулым,
Сауырысын кере жараған,
Кекілін қыздай тараған,
Тостаған көзді торыны,
Топ тарқамай мін-сана (Үмбетей жырай, Мінген атың айтамын).

Мұнда қатыстық сын есімдердің тәуелдеулі түрі сол түрдегі нәрсенің молдығын, барлығын білдірсе, екіншіден, сол нәрсенің тиесілі екенін білдіреді. Міне, осы жерден екі түрлі көркемдік тәсілге ұқсастық туады. Бірі – теңеу, екіншісі – метафора. Теңеу болатыны екі заттық нысан *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* жұрнағы арқылы салыстырылып тұр. Ал метафора болатыны, сол затқа тән қасиет оның басты белгісі ретінде екінші атауы сияктанып келеді. Яғни синекдохаға ұқсайды. Мұндай грамматикалық формадағы теңеулерді Қ.Өмірәлиев «жаңа тұрпаттағы метафора» деп атайды [29, 236 б.]. Әдетте теңеулер көбіне бұл синтаксистік қатынасқа керісінше келеді. Яғни *сарымсақтай еріндім емес, еріні сарымсақтай* формасында келеді. Және бұл құрылымда ауыспалы мағына жоқ, тек образды мағына бар. Бірақ біз бұл құрылымды бір затты бөгде бір затқа теңемей, керісінше, бір бүтін заттың (тұлпардың) ішкі құрылымдарын (мүше) басқа заттарға теңей анықтайтындықтан теңеу тобына жатқызамыз. Мұнда тұлпардың *ерні* мен *саптаяқ*, *от орны* мен *тұяқ*, *сарымсақ* пен *азу* тіс көлемі, пішіні, ауданы жағынан өзара салыстырылған. Сондықтан бұл да «мөлшер» ұғымын образды түрде берудің бір тәсіліне жатады.

Қорыта келгенде, поэтикалық мәтіндерде теңеу арқылы берілген түрлі «мөлшерлік» ұғымдар көптеп кездеседі. Мөлшерлік теңеулер екі нысан ұқсас белгілері негізінде салыстырылады немесе теңеледі де, заттар мен құбылыстардың мөлшерлік мәні туралы бейнелі ұғым жасайды. Теңеулер кез келген нысан жайлы суретті форманы көз алдымызға әкеліп, санада олар туралы дәл, нақты, әсерлі, бейнелі «мөлшерлік» ұғым қалыптастырады. Тілдің бұл көркемдеуіш құралын да жыраулар поэзиясы барынша терең сезінген. Теңеу тәсілі XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында сөзге қарымды қуат, алапат ажар бітіретін, образ жасап, экспрессия тудырудың ең өткір тәсіліне айналған. Тұтас теңеу тәсілінің өзі «мөлшер» ұғымының меншікті тәсіліне айналған.

3. Жыраулар поэзиясы тіліндегі мөлшер семантикалы метафоралар

Дүниедегі заттар мен құбылыстардың мөлшерін көркемдік аспектіде танудың, «мөлшер» ұғымын көркем тіл майданында сипаттаудың тағы бір тәсілі – метафора. Метафора жайлы бұрын-соңды жазылған еңбектер де, айтылған пікірлер де жеткілікті. Бұл зерттеулер «метафора» ұғымын кейде тым күрделендіріп, абстракциялап жіберсе, кейде бірін-бірі толықтырып, ол жайлы терең түсінікке жол ашады. Метафора антикалық дәуірдің өзінде-ақ зерттеу нысаны етілген. Грек ойшылдары Сократ, Аристотель өздерінің «Поэтика», «Риторика» еңбектерінде қарастырған. Ал жаңа дәуірде Г.Дудек, К.Фриуд, М.Наг, М.В.Ломоносов, А.А.Потебня, Б.С. Мейлах, Е.Т.Черкасова, А.И.Ефимов, Л.Леонов, М.Шолохов, В.В.Виноградов, т.б. шетелдік ғалымдар қарастырды. Метафора лингвистика, әдебиеттану, риторика, философия сынды бірнеше ғылымдардың ортақ нысаны болғандықтан, бұл жайлы пікір айтылғанда, әр ғылым саласы өзіне көбірек басымдық береді. Сондықтан да оның мәні әртүрлі түсіндіріледі.

Отандық ғылымда да метафора көбіне тіл білімі және әдебиеттану ғылымы аясында қарастырылады. Қазақ ғылымында метафора жайлы алғаш пікір айтқан – А.Байтұрсынұлы болды. Ғалым метафораны *ауыстыру* деп атап, оны былай түсіндіреді: «Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында түк ұқсастығы жоқ екі нәрсенің ететін әсері бірдей болса, біріне қас ғаламды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, *күн құтырып кетті, аяз қарыған, қырау соққан* дейміз. Осындай ұқсастығымен *ауыстырып*, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту – *ауыстыру* деп аталады» [210, 38 б.]. Бірақ ғалымның ғылыми ұғымдарды жіктеудегі ұстанымдарында өзгешелік болғандықтан, ғалым сипаттауындағы *ауыстыру* мен бүгінде әдебиет теориясындағы *ауыстырудың (тіке теңеу немесе метафора)* арасында айырмашылық бар. Яғни ғалымның пайымдауындағы *ауыстырудың* ауқымы кең, ол сол типтегі бірнеше көркемдік тәсілді қамтиды.

А.Байтұрсынұлынан кейін де белді-белді әдебиетші, тілші ғалымдар аталмыш ұғымға соқпай өтпейді. Р.Сыздық метафораны «Сөздердің мағына *ауыстырып* жұмсалуды» десе [211, 97 б.], белгілі әдебиет теориясын зерттеуші З.Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Әдеби тілдегі ең басты құбылтулардың бірі – *ауыстыру*, яки метафора (грекше *metaphora* – көшіру) – сөз мәнін өңдендіре *өзгертіп айту*, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп, суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», – деп түсіндіреді [214, 283 б.]. Ал «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Метафора (грек. *metaphora*) – зат пен құбылыстың ұқсас белгілеріне қарай (түрі, түсі, қызметі т.б. қасиеттеріндегі) сөздің *ауыс мағынада* қолданылуы. Мыс.: *адамның қабырғасы – үйдің қабырғасы, өсімдіктің түбірі – сөздің түбірі*», – деген анықтама берілген [170, 213 б.]. Отандық ғылымда «метафора» ұғымын алғаш кең көлемде зерттеп, жеке монография арнаған (1966) ғалым – Б.Хасанов болды. Ғалым қазақ тіліндегі метафоралық сөзқолданыстың лексика-грамматикалық ерекшеліктері, ішкі мәні, метафораның мағыналық топтары мен жасалу жолы сынды көптеген

тақырыпшалар аясында зерделей келіп, оған мынадай анықтама береді: «Метафора – екі зат пен құбылысты салыстырудың негізінде сөздің *ауыс (мағынада)* қолданылуы» [215, 4 б.].

Жоғарыдағы анықтамалардың бір-бірінен тым алшақ кетпейтінін ескергенде, отандық ғылыми танымда метафора «сөздің әуелгі мағынасы өзгеріп, ауыспалы мағынада жұмсалуды» ретінде орныққан деп айтуға болады. Олай болса, біз зерттеу нысаны еткен «мөлшер» ұғымы да көркем тіл майданында сөздердің ауыспалы мағынасы арқылы көптеп беріледі. Нақтырақ айтқанда, жеке тұрғанда «мөлшер» ұғымын білдірмейтін лексемалар контексте үйірі бөтен сөздермен тосын тіркес үстінде мағынасы ауысып, мөлшер семантикасын білдіреді. Кейде керісінше, жеке тұрғанда мөлшер семантикасын білдіретін лексемалар тосын тіркес үстінде мағынасы ауысып, мөлшерден мүлде басқа ұғымдарды білдіреді. Мұндай тосын тіркес шеңберінде туындайтын мағыналардың барлығы логикалық байланыстар арқылы жүзеге асатындықтан, ол тек эстетикалық құндылықты арқау ететін көркем тіл майданында қалыптасады. Осылайша көркем қиялдың нәтижесінде туындаған барлық бейнелі ұғымдарды атаулап, мағыналап отырады. Квинтилиан метафора туралы: «Ол бір де бір зат атаусыз қалмауына ықпал етеді» дегеніндей, метафора бір де бір мөлшерлік шаманың атаусыз қалмауына, *мөлшерлік таным* кеңістігінен тыс қалмауына әрекет етеді. Метафораның өзі әртүрлі. Тавтологиялық метафора өзі тіркескен сөзді анықтап, белгілі образ тудырады, сөздің эстетикалық зонасында айрықша мағынаға ие болады. Метафора тілдік нысандардың шамасын, мәнін тікелей баяндамайды, көңілге, ақылға ұғынықты болатындай етіп сипаттайды. Мысалы, *күніңде өзім болдым деп, кең пейілге таласпа* (Асан қайғы). Адамның *пейілі* абстракті, дерексіз заттық ұғым, ал *кең* сөз нақты деректі заттық ұғымның ішкі кеңістігін көрсететін мөлшерлік ұғым. Тіркесім үйірі мүлде бөтен екі сөз тіркескенде, дерексіз ұғым нақты заттық ұғым сияктанып, мағынасы ауысып, ортақ ұғымды сипаттап тұр. Сондықтан *мөлшерлік метафоралар* да баяндау мәнді емес, сипаттау мәнді болып келеді. Біз кезекті сөз еткелі отырған мөлшерліктердің айрықша бір үлгісі осы – *мөлшерлік метафоралар*. Мөлшерлік метафоралар дегеніміз – көркем мәтіндерде «мөлшер» ұғымының образды, ауыспалы мағынада берілуі.

Метафора бұл – үдеріс, тілдің тірі өмір сүру, әрекетке, образды бейнеге ену үдерісі. Сондықтан бұл үдерісте метафора емес тілдік құбылыстар біртіндеп метафораға айналады. Кейде керісінше, метафоралық қолданыстар өзінің әуелгі ауыс, образды мағынасын жоғалтып, лексикаланады. Тіпті кей тілдік қолданыстар толық метафораға, метафораның жоғары деңгейіне жете алмауы мүмкін. Бірақ оған қарап біз оны метафора емес дей алмаймыз. Толық метафораға жетпеген, бірақ сол бағытқа қарай жылысып бара жатқан сөздер де бар. Бұл метафораланудың өтпелі кезеңінің көрінісі. Тілдің аралық бірліктері, өтпелі кезеңде тұрған тілдік қолданыстар тілдің ең қызық әрі ең күрделі көріністері саналады. Осы орайда тілдегі метафоралық қолданыстарды түптамыр дереккөздер – Орхон-Енисей ескерткіштері негізінде арнайы зерттеген Ж.А.Абитжанованың мына бір пікірі орынды айтылған: «Жалпы алғанда, тіл – өлі метафоралардың қоймасы деп айтуға болады. Өйткені көптеген метафораның ауыс мағынасы ұмыт болып, қалыпты лексика құрамына кірген» [216, 16 б.]. Біз

осы «қоймадан» бітімі бүлінбей сақталғандарын ғана тани аламыз. Жыраулар поэзиясында да осындай сападағы метафоралар кездеседі. Мысалы:

*Ормандай көп Орта жүз,
Содан шыққан төрт терек,
Тұғыр болған сол еді,
Сіздей төре сұңқарға* (Бұқар, Қазақтың ханы Абылай, 100 б.).

Мысалдағы *ормандай көп Орта жүз* тіркесі образды, бейнелі мәнде келген тіркес. Бұл тіркес бір қарағанда ұлғайған теңеу сияктанып көрінеді. Әдетте *-дай, -дей* теңеу тұлғалы сөздер тіркес соңынан келсе, бір затты екінші затқа теңеген нақты теңеулік мағынаны білдіреді. Ал мысалдағыдай алдынан келсе, мағынасы ауысып, нақты теңеуден гөрі бір ғана абстрактілі ұғымды білдіреді (Мысалы, айдай әлем – барша әлем).

Метафораның тағы бір белгісі – заттар мен құбылыстар айнала табиғаттағы образды ұғымдармен ұқсастырылады. Бұл туралы Қ.Өмірәлиев те: «Метафора теңеу сияқты суреттеудің, сипаттаудың негізгі бір тәсілі. Мұнда суреттеу, сипаттау, баламалау арқылы жасалады, яғни суреттелетін объект өзге күллі дүниеден өзіне ұқсатылған балама табады. Өзінің екінші образын (кейпін), дәлірек айтқанда, екінші өзін табады. Ал бұл «екінші өзі» «бірінші өзіне» деген көзқарас, түсінік, таным, бағалауға қарай қасиетті, қасиетсіз топтардан (зат, құбылыстан) тұрады», – деп кейбір метафоралы тілдік құбылыстардың ішкі сыр-сипаты туралы тамаша айтқан [29, 233 б.]. *Адам ормандай* болмасы анық, бірақ адам мен өсімдік (орман) ұқсатылуы арқылы образды мән алып, бейнелі жаңа мағынасын тудырған. Мұнда *ормандай көп Орта жүз* құрылымы «*көп, ел іргесін кең жайған*» деген жалпылама «сандық мөлшер», «кеңістік мөлшер» ұғымдарын білдірген. Тіркесте образды ұғымдарды пайдалана отырып, тындаушыға сөздің әсерін барынша күшейтіп беру көзделген. Яғни автор сөздің оқырманға әсер ету қызметін мықтап ескерген. Бұл тектес бейнелі ұғымдар сөз зергерлері болмаса, қатардағы адамның санасына түсе қоймайды, мұның өзі тіл жұмсаушының (жырау) шеберлігін көркем ойлау өресінің жоғарылығын көрсетеді.

Жоғарыдағы құрылымның толық метафораға жетпегендігінің тағы бір көрінісі – тіркесте образдылық болғанымен, тура мағыналы *көп* сын есім сөзі тіркес ішінде келуі. Міне, бұл тіркестің метафоралық сапасын бәсеңдетіп тұрған сияқты. Құрылымы тұрақтанбаған, метафораланып бара жатқан тіркестердегі «мөлшерлік» ұғымдарды нақтылаушы компоненттер сияктанып көрінеді. Мұндай тіркестер көркем тіл алаңында жиі қолданыла келе, құрамындағы қосымшалар, көмекші тілдік бірліктер ығысып, таза метафораға айналуы мүмкін (Мысалы, ормандай орыс – «орыс – орман», таудай тұлға – таутұлға). Сондықтан болса керек, А.А.Потебня метафораны «қысқарған теңеу» деп тұжырымдайды.

Метафоралар авторлық (оказионалды) және халықтық болып бөлінеді. Жеке авторлық ізденістен туған *мөлшерлік метафоралар* болсын, халықтық *мөлшерлік метафоралар* болсын, екеуі де дүниетаныммен тікелей байланысты. Яғни екеуі де дүниені танудың, дүниені өлшеудің ұлттық мазмұнын, ұлттық реңкін білдіреді. Жыраулар поэзиясында екі түрі де кездеседі. Мысалы:

1. Алла деген ар болмас,

Ақтың жолы *тар болмас*,
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес (Бұқар жырау, Алла деген ар болмас, 97 б.);

2. Ұстаса – қашағанның *ұзын құрығы*,
Қалайылаған *қасты орданың сырығы*, (Қазтуған жырау, Мадақ жыры, 28 б.).

Бірінші толғаудағы *тар пейіл*, *кең пейіл* метафоралары Асан қайғыда да, Бұқар жырауда да кездеседі. Тіпті одан да бұрынғы жазба мұралардан кездестіруге болады. Бұл метафоралы тіркестер – қай тілдік кезеңде болмасын, адамның ішкі әлеміне, мінезіне байланысты айтылып, мағынасы әбден тұрақтанған тіркестер. Тіпті, өзінің образдылығын жоғалтып, қайтадан тура мағыналы сөзге ауысып бара жатқан тіркесті сөз. Сонымен қатар, *ақтың жолы тар болмас* тіркесінде адамның өмір жолы кәдімгі жолға ұқсатылған. *Жолы тар* тіркесі ауыспалы мағынасында *қиындығы*, *машақаты*, *кедергісі көп* деген ұғымдарды білдіреді. Мұнда *кеңістік* (сыйымдылық) ұғымына жататын *тар* сөзі метафоралы мәнде жұмсалған. Ал екінші толғаудағы *қашағанның ұзын құрығы*, *қасты орданың сырығы* күрделі метафораларын өзге жырауларда кездеспейтін, авторлы қолданыстарға жатқызуға болады. Мұнда Қазтуғанның бойына біткен дара қасиеттері заттық бұйымдарға тән қасиеттермен ұқсастырылады. Құрық та, сырық та – ұзын зат, әрі көшпелі шаруашылықтың төл иесі саналатын түркі-қазақ жұртының танымына ғана тән. Заттық функциясынан бөлек халық танымында «ұзындық» ұғымымен байланысты орныққан бұл зат есімдер метафораланып, мүлде жаңа мағына тудырып тұр. Метафоралық мағынаның тууындағы ұлттық танымның ықпалы туралы да ғалым Қ.Өмірәлиев: «Метафораға алынатын зат я құбылыс әдебиетте кездейсоқ таңдала салмаған. Олар – ұзақ дәуірлік дәстүрдің, ұғым-түсініктің, салт-ғұрыптың жемісі», – дейді [29, 233 б.]. Қазтуғанның асаудай «қиқарды» бағындырып, жөнге саларлық тіл мен ақыл қуаты бар бірегей тұлғасы, дара қасиеті ұлттық таным шеңберінде бейнеленген. Жыраулар поэзиясында метафораның екі түрі де кең қолданыс тапқан.

«Мөлшер» ұғымын білдіретін метафоралар екі семантикалық функциялы болады. Бірінші, нақты, дәл мөлшерлік мағынаны білдіреді, екіншісі, дүниенің мөлшерлі бейнесін образды түрде, экспрессиялы бояуымен сипаттайды. Мысалы:

Жағасы алтын, *жеңі жез*,

Шығыршығы торғай көз

Сауыт киер ме екенміз?! (Ақтамберді жырау, Күлдір, күлдір кісінетіп).

Мұнда *шығыршығы торғай көз* тіркесі – метафораланған сөз қолданысы. Яғни тор сауыттың көзі *найза ұшы өтпейтіндей тар*, *торғайдың көзіндей гана* деген нақты сыйымдылық мөлшерді білдіреді. Сонымен қатар сауыттың жақсысын таңдаудың өлшемі болғандықтан, сапалық ұғымдарды да білдіреді. Автор сауыт торына байланысты «мөлшер» ұғымын «кішкене» деп айтудың орнына оны торғайдың көзімен салыстыруы ұғымға нақтылық әрі образдылық береді. Мұндай метафоралы тілдік қолданыстар адамның сезім түйсігі мен ақыл түйсігіне бірдей әсер ететіндіктен, жоғары сападағы тілдік қолданыстар саналады.

Метафора – тілдік тұлғалардың немесе тіл тұтынушыларының тілдік білімін, дүниені тану деңгейін анықтайды. Өйткені метафора – тіл қолданудың ең жоғары

сапалық белгілерінің бірі. Мұның өзі *метафораны түсіну* (мағынасын), *метафораны тудыру* сынды екі түрлі бағытта анықталады. Тілді білу деңгейі төмен кейбір тұлғалар метафоралы сөздердің мағынасын түсінбей жатады. Міне, бұл – «сөздің тыңдаушысын сынауы». Ал ендігі бір топ түсініп қана қоймай, метафоралы қолданыстарды өзі тудырады. Дүниедегі заттар мен құбылыстарда өмір сүретін түрлі мөлшерлік шамалардың барлығын атаулап, бір-бір сөз арнау мүмкін де емес. Оны метафоралы таным арқылы, метафоралы сөзқолданыстары арқылы ықшамдап, жинақтап, дәл көрсетуге болады. Дәл осы «ықшамдау тәсілі» арқылы берілген мөлшерлік мағыналар адамдағы *әлемнің мөлшерлі бейнесі* жайлы жинақтаған білімін көрсетеді. Бұл білім, өз кезегінде, белгілі зат не құбылыстың мөлшерлік шамасы жайлы ақпарат беру мен алудың дәлдігін, жетімділігін айқындайтын басты көрсеткіш.

Б.Хасанов: «Сөз тудырудың басқа тәсілдерінен метафораның негізгі айырмашылығы – сөз мағынасын ғана жаңғыртып, сырт тұлғасына фонетикалық, морфологиялық өзгеріс енгізбейтіндігінде», – дейді [215, 19 б.]. Метафорада тіркес компоненттеріндегі жеке сөздің тұлғасы өзгермейтіні шындық. Бірақ біз мұны сөз тұлғасының өзгермеуі дей алмас едік. Сөз тұлғасын өзгертетін тек синтетикалық тәсілдер ғана емес, аналитикалық тәсілдер де сөз тұлғасын өзгертеді. Сөздердің бірігу (кеңпейіл), тіркесу (асқар тау), кірігу (қарыс – қары аш) тәсілдері соның айқын дәлелі. Аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған сөздердің мағынасы да, тұлғасы да өзгереді де, тілдік санада жаңа сөз ретінде кодталады. Сөздік құрамға бұрынғы сөздердің есебінен емес, жаңа сөз есебінен кіреді. Сөз саны артады. Метафора тәсілі арқылы жасалған көптеген мөлшерлік мағыналардың бәрі тілдік санада тұрақтай бермейді, тек тілдік қолданыста ұдайы қажеттері ғана мағына жағынан тұрақталып, жаңа ұғым графикалық формаға ие болады. Метафорада дербес сөздер жаңа сөз жасауға материал болады. Бұл ретте сөздер жұрнақтар сияқты сөзжасам қызметін атқарады. Мысалы:

1. Арғымақтан туған *будан* бар,

Күнінде *көрінім жер* алғысыз (Шалкиіз жырау, Айырдан туған жампоз бар, 44 б.);

2. Қара арғымақ арыса,

Қарға адым жер мұң болар (Бұқар жырау, Қара арғымақ арыса, 102 б.).

Толғаудағы *көрінім жер*, *қарға адым жер* тіркестері – образды өлшемдік ұғымдар, әрі халықтың ұзындық өлшеміне байланысты ұғым-түсініктерінің нақты көрінісі. Бірінші мысалда адамның көру қуаты метафоралық мағынаға негіз болған. Яғни заттанған етістік (көрін+ім) «арақашықтық» ұғымының баламасы ретінде алынған образды ұғым. Ал екінші мысалда қарғаның қар бетіне түскен ізінің арақашықтығы халық танымында метафораланып, ең жақын арақашықтық ұғымына балама болып тұр. «Арақашықтық» ұғымына байланысты осы дәстүрлі метафоралар есте жоқ ежелгі дәуірлердің бірінде туып, бүгінге қалпын бұзбай жетті. Шалкиіз, Бұқар жырау сияқты жыр жампоздары мұны ескіден екшеп алып, тіл қазынасында тұғыр тепкен тілдік қолданыс ретінде өз шығармашылығында сәтті пайдаланған. Егер халықаралық стандартты метрлік өлшемдер жүйесі болмағанда, бұл тілдік қолданыстардың шамасы нақты санмен тұрақтанып, белгелі ұзындық өлшемін білдіретін тура мағыналы лексикалық бірлік ретінде қалыптасуы әбден мүмкін еді. Бұл тілдік құбылыс

туралы Ғ.Ғ.Мұсабаев былай дейді: «Сөздің ауыс мағынасы ойнақы болып келетіндігі практикадан белгілі. Бірақ ауыс мағыналар практикада қолданылу процесінде тұрақты немесе тура мағынаға айналады» [217, 24 б.]. Мағына алмасудың мұндай үлгісі жыраулар поэзиясында да, одан бергі кезеңдердегі тілдік қолданыстарда да көптеп кездеседі. Мысалы, *iші тар – іштар*.

Метафоралар құрамы жағынан бір сөзден бастап, бірнеше сөздерге дейін, тіпті тұтас сөйлем деңгейінде де күрделене береді. Мұндай күрделі құрылымдар *ұлғайған метафоралар* деп аталады. Жыраулар поэзиясында *ұлғайған мөлшерлік метафоралар* да көптеп кездеседі. Мыслай,

1. Сен – *жібексің*, мен – *жүнмін*,

Сен – *сұлтансың*, мен – *құлмын* (Шалкиіз жырау, Би Темірге бірінші толғау, 39 б.);

2. *Кебеже қарын, кең құрсақ*,

Артық туған Абылай (Тәтіқара ақын, Кебеже қарын, кең құрсақ, 70 б.);

3. *Кірмембес ауыр қолға бас болып*,

Күңіреніп күн түбіне жортқанмын! (Доспамбет, Айнала бұлақ басы тең, 32 б.).

Берілген мысалдарда метафоралардың құрамы әртүрлі және түрліше мөлшер семантикасын білдіреді. Бірінші мысалда метафоралар бір ғана сөзден құралған. Мұнда заттың қалпын емес, заттың қасиетіне ұқсатып тұр. Зат бойындағы сапалық қасиеттер түрліше деңгейден құралатындықтан, «мөлшер» ұғымының қатарына жатады. Қасиет – күн. Мұндағы мөлшерлік шама абстрактілі болады. Олай болса, бұл метафораларда (тіке теңеу) «күн» ұғымы салыстырмалы түрде берілген. *Жібек пен жүннің, сұлтан мен құлдың* арасындағы сапалық айырмашылық пен күн өлшемі қандай болса, бұлардан туатын «*күн мөлшері*» ұғымы да сондай.

Екінші мысалдағы *кебеже қарын, кең құрсақ* метафоралары анықтауыштық қатынаста екі құрамда берілген. Мұнда қарынның кебежелік, құрсақтың кеңдік сипаты тура мағынасында анықталып тұрған жоқ. Тіркес тұлғасы анықтауыштық қатынастағы тіркеске ұқсағанымен, *кебеже* мен *қарын, кеңдік* пен *құрсақ* ұқсатылып, ауыспалы мағынада салыстырылған. Сонда да метафоралардың басты нысаны ретінде оның сыртқы формасы, заттың қасиеті емес, «сыйымдылық» ұғымы алынып отыр. Яғни Хан Абылайдың кеңпейіл, көреген, қайырымды қасиеті көп «қазына» сақтайтын *кебежеге*, ал алаштың баласын алаламауы *кеңдік* ұғымына баланған. Тілдік қолданыста бар *іштар (іші тар)* сөзіне антоним *мөлшерлік метафора «ішкең» (іші кең немесе кеңіш)* болуы керек еді. Бірақ мұндай қолданыс тілде жоқ. Тәтіқара ақын тілдегі мұның қажетін «*кең құрсақ*» метафорасы арқылы бере білген. Әдетте халықтық танымда *қарын* тамақ сақтайтын, *құрсақ* ұрпақ өрбітетін ағза ретінде қабылданған. *Кең құрсақ* метафорасында Абылайдың үш жүздің баласын алаламай, ішке тартып, сыйдыра білген қасиеті айқындалып, *сыйымдылық мөлшер ұғымдар* арқылы беріліп отыр.

Үшінші мысалдың бірінші тармағы метафора үш құрамды, екінші тармағы төрт құрамды болып келеді. *Кірмембес ауыр қол* метафорасындағы *кірмембес* сөзін ғалым Р.Сыздық мағынасын түсіндіру қиын сөздердің қатарына жатқызады. Бұл – шындық. Десе де, бұл сөз, біздің болжауымызша, *қайтпас, қаһарлы, айбарлы (аскер)* мағынасын беретін сияқты. Ал *ауыр қол* тіркесіндегі екі сөз де

ауыспалы мағынада. *Ауыр* сөзі – көп, мол, қалың ұғымдарын, *қол* сөзі – әскер, жасақ мағынасын білдіріп, *қалың әскер, өте көп жасақ* мағынасын береді. Әскер санының көптігі *ауыр* (салмақ) ұғымымен, әскердің өзі қару-жарақ ұстайтын *қол* сөзі арқылы метафораланған. Анықтауышты құрылымдармен келген *кірмембес ауыр қол* метафорасы образды, экспрессиялы бояуы күшті, «көптік» ұғымды білдіретін тілдік қолданыс болып шыққан. Ал *күңіреніп күн түбіне жорту* метафорасы төрт құрамды болып, пысықтауыштық қатынастағы етістікті құрылымдар арқылы берілген. *Күн түбі* сөзі оқырман санасында бірден шалғайдағы батып бара жатқан Күннің бейнесін ассоциациялайды). Ал *күңіреніп күн түбіне жорту* тіркесі *алысқа, шалғайға жорық жасау* ұғымын образды түрде бейнелеп отыр. Демек, мұнда да «қашықтық» ұғымы заттық ұғымдар арқылы метафораланған.

Бұл үш мысал көрсеткендей, *мөлшерлік метафоралардың* түп арқа сүйер тірегі – метафоралаушыға етене таныс заттық ұғымдар. Мұны әлемдік тіл білімінде *когнитивті метафора* деп атайды. Яғни метафоралану үдерісінде этностың тілдік санасына, тұрмыс-тіршілігіне ең жақын заттар мен құбылыстар бейтаныс ұғымдарды жарыққа шығаруда өткел болады. Ал метафоралардың құрамын шығармашы қалағанынша белгілей алмайды, оны ойдың сұранысы мен тілдің мүмкіндігі белгілейді. Ойдағы анықтауыштық құрылымдар тереңдеген, артқан сайын тіркес құрамы күрделене түседі.

Мөлшерлік метафоралардың ішкі-сыртқы тілдік қасиеттерінен бөлек, айрықша сөз болатын тақырып – олардың жасалуына, метафора түзуге негіз болған сөздер тобы немесе табы. Сондықтан ендігі кезекте *мөлшерлік метафоралар* қай сөз табы арқылы қалай жасалады, соған ойысамыз.

Әуелде *мөлшерлік метафоралардың* жасалуына негіз болатын – заттық ұғымдар, зат есімдер. Мысалы:

1. Һәр бірінің баласы

Алтау болар, бес болар,

Ішінде *абаданы бір* болар (Бұқар жырау, Көктеп мінген еріңнің, 43 б.);

2. Қырық жасқа келгенде,

Алтын тонның жеңі едің; (Бұқар жырау, Ай, Абылай сен он бір жасыңда, 94-95 бб.);

3. Мен – Арғын деген *арыспын*,

Азуы кере қарыспын.

Сен бұзау терісі *шөңшіксің*,

Мен өгіз терісі *талыспын*.

...Абылай алдында бітпесең,

Атасын білмес алыспын (Бұқар жырау, Садыр, қайда барасың, 95 б.);

4. Темір еді биіміз,

Теңіз еді халқымыз, (Шалкиіз, Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны, 40 б.);

5. *Байтағың* байып мал беріп,

Байрақты жерге қыстатқан (Бұқар жырау, Күпшек санды күреңді, 105 б.).

Берілген мысалдарда жыраулар поэзиясындағы зат есімдер арқылы түзілген мөлшерлік метафоралардың негізгі тақырыбы – адами қасиеттер. Мұнда жеке адамды сөз арқауы ету арқылы тұтас бір елді сипаттау да бар. Бірінші мысалдағы *бәрі* сөзі ауыспалы мағынада *алғыр, батыр ер* ұғымының орнына алынған. Ал «абадан» *батырлардың батыры, арыстардың арысы, көшбасшысы* ұғымын білдіреді. Осы *абадан* сөзі ерлік, батырлық қасиеттердің ең жоғарғы сапасын білдіреді. Сондықтан да біз мұны *сапа мөлшері* ұғымына жатқызамыз.

Екінші мысалда адамның жас шамасына қарай толысу кезеңдері белгілі заттық ұғымдар арқылы сипатталған. Халық танымында *жаға* «үлкендік, бедел» ұғымдарына балама болса, *жең* сөзі *қол* сөзіне балама ретінде «іс» ұғымын сипаттайды деп ойлаймыз. Сондықтан *алтын тонның жеңі* метафорасы ел ішіндегі атқамінер ер-азаматтарға тән қасиеттің ең жоғарғы сапасын көрсетеді. Бұл да – «сапа» ұғымы аясында метафораланған мөлшер ұғымы.

Үшінші мысалда тұтас бір рулы ел жалғыз адам кейпінде сипатталып отыр. *Арыс* сөзі тұтас ел, бар қазақтың үлкен бір бұтағын білдірсе, *азуы кере қарыс* тіркесі *азулы* сөзінің екінші баламасы ретінде қолданылған. Ешкімге дес бермейтін азулы жыртқыш бейнесінде сипатталған арғын руының іргелі, ықпалды ру екендігін ескерту мақсаты көзделген. Мұнда арғын руының айбаты, тегеурін қуаты «азу» ұғымы арқылы метафораланып, «ұзындық, кеңдік» ұғымдары аясында сипатталған. Сонымен қатар, арғын руының іргесі кең жайылған елдігі «аудан», «кеңістік» ұғымдарымен беріледі. Яғни *талыс* пен *шөншік* етене таныс тұрмыстық заттар болса да, «ауқымы» (үлкендік) метафоралауға басты негіз болып тұр. *Атасын білмес алысын* тіркесіндегі *алыс* сөзі *жат* деген мағынасында қолданылған. Тура мағынасында *алыс* сөзі «қашықтық» ұғымын білдірсе, ол санада образды ұғымға айналып, екі туысқан елдің де арасын білдіретін абстрактілі ұғымға айналған. Сол арқылы аталас екі басты рулардың өзара туыстық, достық байланысы сипатталған.

Бұқар жыраудағы метафоралы сөзқолданыстарын арнайы сөз еткен Қ.Өмірәлиев бұл туралы былай дейді: «*Сен бұзау терісі шөніксің, Мен өгіз терісі талысын, – дегенде «мен-нің», «сен-нің» сыртында екі рулы ел ескеріліп отыр. Солардың ауқымын, мөлшерлі шамасын «бұзау терісі шөнікке», «өгіз терісі талысқа» балама жасайды. Бүкіл үлкендік атаулы мен кішілік атаулыдан Бұқардың таңдап тапқаны өзінің үй мүлкі – шөнік пен талыс қана*» [29, 179 б.]. Заттық ұғымдарға негізделген мөлшерлік метафоралардың үлкен бөлігі Бұқар жырауда кездеседі. Бұқар жыраудың адами қасиеттерді құндылық ретінде сипаттауы қазақ әдебиетінде жаңа туа бастаған образ жасауға деген талпыныстың белгісі болса керек. Мұны Р.Сыздық та: «Ақындарда портрет жасау активтенеді», – деп тұжырымдайды [218, 156 б.]. Бұл – дұрыс пікір. Бұқар мен одан кейінгі ақындардан басталған «портрет жасау» талпынысы қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің «кенжелігін» көрсетпейді. Керісінше, қазақы тіл өнерінің ұлттық «мінезін» көрсетсе керек. Портрет түзу, образ жасауды әлемдік әдебиеттің қазақ әдебиетіне келген жаңа үлгісі ретінде қарастыру керек. Қазақ «сөз өнерінде» (әдебиет) «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айту» – басты қасиет. Адам образын, портретін жиынтық заттық ұғымдар арқылы беру – ертеден келе жатқан дәстүрлі үлгі. Бұл дәстүрді Қазтуған жырауда кездесетін «*ұстаса – Қашаганның ұзын құрығы, қалайылаған қасты орданың сырығы*»

немесе «*сен – алтынсың, мен – пұлмын, сен – жібексің, мен – жүнмін*» деген іркес-тіркес келген метафоралы мөлшерліктер де айғақтайды. Олай болса, адамның жиынтық образын беруде ең ұтымды тәсілдердің бірі – метафора болса, метафоралауға ең икемді ұғымдардың бірі – «мөлшер» ұғымы дер едік. Зат есімдерден туған мөлшерлік метафоралардың дені адам тақырыбына байланысты. Яғни адами қасиеттерді «сапа, құн мөлшері» ұғымы аясында сипаттау – жыраулар поэзиясында кездесетін мөлшерлік метафоралардың ең үлкен ерекшеліктерінің бірі.

Зат есімдердің қатысымен жасалған мөлшерлік метафоралардың ендігі бір шоғыры адамдар тобына қатысты айтылады. Жеке адам турасында айтылғанда, адами қасиеттер метафораланудың басты нысаны болады да, адамдар тобына қатысты айтылғанда, адам саны, қоныстанған аумағының үлкендігі негізгі нысан болып келеді. Айталық, төртінші мысалда *халық* пен *теңіз* өзара ұқсас ұғымдар ретінде алынған. Мұнда метафора түзуге өзек болып отырған *теңіз* сөзінің екінші бір ауыспалы мағынасы – «молдық, көптік, кеңдік» семантикасы. Кейде әр заттың ішкі-сыртқы пішініндегі ерекшеліктер де сол заттың екінші бір мағынасы ретінде халық жадында орнығады. Теңіз арнасына сыймай, асыптасып жатады немесе қараса көз жетпейтін ұшы-қиырсыз кең алқапты алып жатады. Теңізге тән осы бір құбылыс халықтың көптігін сипаттайтын элемент ретінде автор танымында репрезентацияланып, метафораға айналған. Ал бесінші мысалдағы *байтақ* сөзі арғы тарихи кезеңде метафораланудың нәтижесінде мағынасы ауысқан сөз. Қазір бұл кең аумақты, жазық даланы, шетсіз-шексіз кеңістікті білдіретін сөз екені белгілі. Әуелде заттық мағынаны білдірген бұл сөз образдың үстемдік алуының нәтижесінде мағына ауыстырған. Метафоралану үдерісінде заттарға тән басты-басты қасиеттер таңдалады да, ол образды бейнеде екінші бір ұғымға көшіріледі. *Байтақ* сөзі тіл тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, ел, жұрт, халық мағынасын білдіреді. Олай болса, ел-жұрт көп болатыны және ол кең алқапты ала қоныстанатыны белгілі. Осындағы *кеңістік мөлшеріне* байланысты образды ұғым метафоралауға негіз болған. Сол сөздің тірек мағынасына айналған.

Аталмыш сөздің мағынасы туралы Р.Сыздық былай дейді: «*Байтақ* сөзі бұл күндегі әдеби тілімізде «ұшы-қиыры жоқ кең» деген сын есімдік мағынада қолданылады. Ал Шалкиіздің бір толғауында: *Алаштан байтақ озбаса, Сытайшылық сұрмен-ді* десе, мұндағы *байтақ* сөзінің семантикасы бөлекше. *Байтақ* бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі бір жұрт, халық тұтастығы» («этникалық-территориялық бірлік»), яғни «ел, жұрт» деген ұғымды білдірген. Эпостық жырда өз ханына өкпелеп, қайырылмай кетіп бара жатқан батырға «кері қайт» деп өтіне келген адам: «*Байтақ, бөліп береді, Падсалықты құр сәна*» деп уәде береді. Мұндағы *байтақ* деп отырғаны – белгілі бір мекендегі белгілі бір ел, яғни кішігірім хандық. Бұл сөздің қазірде қолданылатын *байтақ ел, байтақ жұрт* деген тұрақты тіркестердің қалыптасуына себепкер болған. О баста *байтақ ел, байтақ жұрт* деген жеке сөздердің баламасы ретінде жұмсалған. Келе-келе *байтақ* сөзінің алғашқы мағынасы күңгірттеніп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, барлық» деген мәнге ие болып қалған: *байтақ дала – кең дала, байтақ өлке – кең өлке, ұлан-байтақ*» [218, 96-97 бб.]. Ғалымның бұл

тұжырымын Бұқар жырау толғауларында кездесетін «Құбыла көшкен байтақтың ордасындай Бөгенбай» деген жолдары нақтылай түседі. Бұқар мұнда *байтақ* сөзін «ел-жұрт» мағынасында қолданып тұр. Ал қазір *анықтауыш компонент* ретінде кеңінен қолданыс табады.

Заттық ұғымдар арқылы түзілетін мөлшерлік метафоралардың дені тақырыбы жағынан адамдарға қатысты айтылады да, адами қасиеттер мен халық саны басты құндылық ретінде метафоралы танымға арқау болады.

Жыраулар поэзиясында кездесетін мөлшерлік метафораның ендігі бір шоғыры сын есім сөздерінің қатысымен жасалады. Сын есім сөздері басқа сөз таптарына қарағанда *сезімдік мағынасы* қоюлау, экспрессивті-эмоциялы болатындықтан, метафора түзуге оңтайлы келеді. Қазақ тілінде көбіне сапалық сын есімдер метафоралануға бейім келеді. Мысалы:

1. Кірмембес *ауыр қолға* бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!.. (Доспамбет, Айнала бұлақ басы тең, 32 б.);
2. Ақ табан ару торы ат жайлаған,
Алдаспан *ауыр қылыш* байлаған (Шалкиіз жырау, Ер Шобан, 49 б.);
3. Тебірлерге қалғанда
Теңселер сой-ды *ауыр ноғай* жұртыңыз!
(Шалкиіз жырау, Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны, 40 б.);
4. Арқасына *ауыр намыс* іс түссе,
Ғазизлеген сұлтан жанын қара пұлға санар ма!..
(Шалкиіз жырау, Көгерген көн сынулар жайқалса, 37 б.);
5. Менің жасым тоқсан үш,
Мұнан былай сөйлеуім
Маған болар *ауыр күш* (Бұқар жырау, Абылай ханның қасында, 93 б.);
6. *Ауыр қол* жидырып алдырдың»,
Қалмаққа ойран салдырдың (Үмбетей жырау, Бөгембай өліміне, 76 б.).

Берілген мысалдардағы *ауыр қол*, *ауыр қылыш*, *ауыр ноғай жұрты*, *ауыр намыс*, *ауыр күш* тіркестері – сапалық сын есімдерден жасалған метафоралар. Мұнда бір ғана *ауыр* сөзі әлденеше зат есімдермен тіркесу арқылы образды ұғым тудырып, ауыспалы мағынада жұмсалып тұр. *Ауыр* сөзінің ауыспалы мағынасының өзі бірнеше түрлі. Айталық, *ауыр қол* – «көп әскер», *ауыр қылыш* – «өткір, ажал шашқан қылыш», *ауыр ноғай* – «көп халық, қанатын кеңге жайған мықты ел», *ауыр намыс* – «жанға бататын, қатты намыстандыратын іс», *ауыр күш* – «қимыл-әрекеттің өте қиындауы» сынды әртүрлі ұғымдарды береді. Осы орайда ғалым Б.Хасанов: «Метафора – мағына масштабын кеңейтетін, сөздердің жаңаша қолданылуын туғызатын тәсіл», – деп дұрыс айтқан [215, 17 б.]. Бірақ бұл әртүрлі ауыспалы мағынаның тууына ортақ мотив бар, ол – «салмақ» ұғымы. Яғни бұл тіркестерде адамның қимыл-әрекетіне, жүйкесіне, сезіміне түсірер салмағы және өзге заттармен байланысында «салмақ» ұғымы семантикалық тірек. Бұл *жер қайысқан қол* тіркесінен де көрінеді. Мұнда айтылмақ басты ой – әскердің көптігі. Көркем мәтінде кез келген ұғым образдылықты қажет етеді. Тіркесте жердің белі есепсіз көп әскердің салмағын көтере алмай қайысқандай

бейне танытады. Көркем ойлаудың бұл жүйесі образ тудырады да, «салмақ» ұғымы «көптік» ұғымының семантикалық баламасы ретінде ауысып, метафора түзуге негіз болады.

Аталмыш сөз туралы Р.Сыздық былай дейді: «*Ауыр* сөзі ертеректе *жұрт*, *қол* сөздерімен тіркесіп, «күшті, мықты, зор» деген мағыналарды берген. Бұл сөз көне және орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінде осы күнгідей салмаққа қатысты мағынасымен қатар, «многочисленный, драгоценный, сильный, уважаемый, доблестный» («көп, бағалы, күшті, қадірлі, мықты») деген мағыналарда да қолданылғаны көрінеді. Қазақ жыраулары да *ауыр* сөзін соңғы осы көрсетілген мағынада жұмсаған. Ол көбінесе *жұрт*, *қол* сөздерімен тіркесте келеді» [218, 95 б.]. Ғалым көрсеткендей, бұл сөз сонау ерте тарихи кезеңдерде-ақ метафоралануға бет алған сөздердің қатарына жатады. Әрі аталмыш сөздің әр тарихи кезеңдерде де өте белсенді қолданыста болғандығы байқалады. Бір қызығы, *ауыр* сөзі жыраулар поэзиясында көбіне Шалкиіз жырау лексикасына тән. Шалкиіз жырау осы сөз арқылы жасалған метафоралардың санын, мысалда көрсетілгендей (көрсетілмегендері де бар), әлденешеге арттырады. *Ауыр* сөзі арқылы түзілген метафоралардың Доспамбет пен Үмбетей жырауда тек *ауыр қол* түрі ғана кездесе, Бұқар жырауда *қисапсыз қол* деп келеді. Ал Ақтамберді жырау *ұлы шерік қол* деп береді. Бұл, бір жағы, өлең ағынының сұранысынан туған болса, екінші жағынан, шынымен де сөз қолданудың авторлық үлгісін көрсетеді. Әрі экспрессивті-эмоциялы мәні бар, жаугершілік, ерлік рухты танытатын сөз деп те айтуға болатындай.

Кейде сын есімдер метафораланудың нәтижесінде мағынасы тұрақтанып, зат есімге, ал кейде зат есімдер сын есімге айналады. Яғни сөздердің мағына ауыстыруында түрлі аффикстер емес, көркемдік тәсілдердің де қызметі айрықша. Мысалы:

1. Еділ деген *қиянға*,
Еңкейіп келдің *тар жерге*,
Мұнда кеңес қылмадың (Асан қайғы, Қырында киік жайлаған, 23 б.);

2. Абылай алдында сен бітсең
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын (Бұқар жырау, Садыр, қайда барасың, 95 б.).

Бұл мысалдардағы *қиян* сөзі сын есімге айналған зат есім де, *аз*, *көп*, *ұзақ* сөздері – заттанған сын есімдер. *Қиян* сөзі әуелде екі-үш өзеннің қосылған сағасын білдірген. Кейін келе мағынасы ауысып, қазір сын есім сөзі ретінде танылады. Тіпті тұрақты құрылымдардың құрамында да кездеседі. Мысалы, *үш қиян*, *итарқасы қиянда*, *қиялы қиянға*, *қиядан қиянға* т.б. Осы құрылымдардан да *қиян* сөзінің түпкі мағынасын табуға болатын сияқты. Яғни *қиян* сөзінің «атырап», «шартарап», «алыс жер», «биік» деген сындық мағыналары айқындалады. Ал *Еділ деген қиянға* метафорасын «Еділ деген өзеннің сағасы» немесе «Еділ деген алыс жер» деп түсінуге болса керек. Екінші мысалдағы жіктік жалғауының бірінші жағындағы *алыспын* сөзі – заттанған сын есімдер. Негізінде жіктік жалғауында келудің өзі метафораның грамматикалық формасының бір белгісі. Мұнда *алыс* сын есімі ауыспалы мағынада жұмсалып, *жаумын*,

дұшпанмын, жатпын мағыналарын білдіреді. Адамдардың генетикалық байланысы және рухани әлемдегі көңілдің алыс-жақындығы «арақашықтық» ұғымы сияқты образға ие болып, метафоралы танымға негіз болған.

Мөлшерлік метафоралар сан есімдердің қатысы арқылы да жасалады. Есептік сан есімдер зат есімдердің сандық мәнін немесе іс-қимылдың жүзеге асу санының ортақ аты есебінде мағынасы ауысып жұмсалады. Мысалы:

Тоқсан бес деген тор екен,

Найза бойы жар екен,

Түбі терең көл екен (Бұқар жырау, Ай, Абылай сен он бір жасыңда, 94-95 бб.).

Мысалдағы *тоқсан бес* күрделі сан есімі метафоралы мәнде жұмсалған. Аталған есептік сан есімі нақты санның атауы ретінде емес, адам өмірінің уақытпен есептелген өлшемінің атауы ретінде алынып, «кәрілік» ұғымының орнына ауысып жұмсалып тұр. Жай алынып қоймайды, сан нақты заттық ұғым ретінде сипатталады. Яғни *тоқсан бес жас* құрылған тор, шыға алмайтын «терең жар», шыңырауына батыратын «өмірдің теңізі» іспетті образды ұғымдарға баламаланған. Сан есімдер метафоралы құрылымдардың құрамында заттың есебін дәл білдіру үшін емес, тыңдаушыға ерекше әсер ету үшін қолданылып, жинақтауыштық, күшейтпелілік мағына береді.

Сан есімдердің қатысымен жасалған мөлшерлік метафоралардың ендігі бір шоғыры құрамында есептік сан есімі бар күрделі сөздер болып келеді. Мысалы:

Алты арысқа білдірмей,

Басып жеймін деймісің?! (Үмбетей жырау, Ей, Ақтамберді, Қабанбай, 75 б.).

Мысалдардағы *алты арыс* тіркесі – метафоралы қолданыс. Мұндағы *алты* сан есімі нақты сандық мәнді білдірумен қатар, «қалың қазақ, тұтас ел» мағынасын да білдіреді. Бір жағы образдылық үшін қолданылып тұр. Ал *арыс* сөзі арбаның қамытқа киілетін арқауы екені белгілі. Демек, *алты арыс* сөзі біртұтас ұғым ретінде «қазақтың арқалы алты бұтағын», «қалың ел», «тұтас қазақ» мағынасын білдіреді.

Сан есімдердің қатысымен жасалған бұл мөлшерлік метафоралардың тақырыбы әр алуан, бірақ көбіне адам өміріне, адам баласының өмір жолында туылатын оқиғаларға қатысты айтылады. Метафоралы сөзқолданыстарды зерттеген Б.Хасанов та сан есімдердің метафоралық қызметін арнайы сөз ете келіп, мынадай қорытынды жасайды: «Қорыта келгенде, сан есімдер де кейде тұрақты ауыс мағына алып, кейбір реттерде мөлшерді *екіұшты білдіріп*, метафоралық мәнде қолданылады» [215, 128 б.]. Бұл пікірді қуаттай келіп, мына бір тұсын одан сайын нақтылай түсу керек сияқты. Бұл жерде «мөлшерді екі ұшты білдіру» емес, «образды түрде білдіреді» дегеніміз дұрыстау болар еді.

Жыраулар поэзиясындағы *мөлшерлік метафоралар* етістіктерден де жасалады. Етістіктер тек заттың қимыл-қозғалысын, әрекет-амалын ғана емес, оның суретті бейнесін де білдіреді. Мөлшер тек қана заттарда болатын қасиет емес, сонымен қатар қимыл-қозғалыста да болады. Сондықтан да бұл топтағы сөздер есімдерге қарағанда бейнелі, образды келеді. Мұндай бейнелі сөздерден түзілген метафоралардың да образдылық қуаты тіптен күшті болады. Бір затқа тән қимыл-қозғалысты екінші заттың қимыл-қозғалысы ретінде телінгенде, онда мүлде жаңа мағына, қуатты образды ұғым туып, метафораланады.

Етістіктердің қатысымен жасалған *мөлшерлік метафоралардың* өзі де етістіктің мағыналық топтарына қарай әртүрлі болады. Етістіктер дара тұрып метафоралана бермейді, басқа сөздермен түрлі синтаксистік қатынаста келуі арқылы метафораланады. Мөлшерлік метафоралар түзетін етістіктер көбіне *негізгі етістіктер*. Негізгі етістіктердің өзі *салт етістік* және *сабақты етістік* болып екіге бөлінетіні белгілі. Етістіктің бұл екі түрі қимыл-әрекет субъектісі мен объектісінің синтаксистік қатынастағы ішкі семантикалық мазмұнына қарай анықталады. Жыраулар поэзиясында кездесетін *етістікті мөлшерлік метафораның* сабақты түрінің өзі бірнеше түрлі.

Сын есімдер сабақты етістікке *мөлшер пысықтауыш* болып келуі арқылы, басқаша айтқанда, сабақты етістікті тіркестің арасына сөз салып келуі арқылы жасалады. Мысалы:

Жәбірлеген қалмаққа,

Тырнағын қатты батырды (Бұқар жырау, Қалданменен ұрысып, 98 б.).

Толғаудағы *тырнақ батыру* тіркесі әдетте «басыну», «күш көрсету», «қорлық көрсету» мағынасын білдіретін метафораланған тұрақты тіркес ретінде танылады. Ал мысалда аталмыш тұрақты құрылымның тіркес жігіне *қатты* сөзі «сынадай» қағылып, қимыл-әрекет мөлшерін арттырып, мағыналық реңкін күшейтіп тұр. Соған қарамастан, тұрақты құрылым бастапқы мағынасын сақтаған. *Тырнақ* батырғанда тән ауырады, ал адамды «басынғанда» жаны ауырады. Бұл екі құбылысқа ортақ ұғым – «ауырсыну». Осы ұғым метафоралық мағына алмасуға ұйытқы болған. Нәтижесінде қимыл-әрекет мөлшерін образды түрде бейнелейді.

Мөлшер үстеулер фразалық тіркестердің арасында келуі арқылы да *етістікті мөлшерлік метафоралар* жасалады. Мысалы:

1. Ей, Ақтамберді, Қабанбай!

Суытпа босқа түсінді,

Қайрама онша тісіңді (Үмбетей жырау, Ей, Ақтамберді, Қабанбай, 75 б.);

2. Орыспенен соғысып,

Басына мұнша көтерген

Еліңе жаулық сағынба! (Бұқар жырау, Ал, тілімді алмасаң, 91-92 бб.).

Жоғарыдағы *онша, мұнша* сөздері фразалық етістіктердің арасында келген. Бірінші мысалдағы *қайрама онша тісіңді* тіркесінің әуелгі қалпы – *тісін қайрау*. Бұл кектену, қарсыласу, ашу-ыза қысу мағынасын білдіреді. Мұнда етістік баяндауыш тіркес басына шығып, тіркес жігіне сөз салып, айрықша синтаксистік құрылыммен берілген. Сабақты етістіктің бұл формасы да белгілі қимылдық шаманың орнына жұмсалған *онша* сөзі *тісін қайрау* (кектену) ұғымының мөлшерін образды түрде асырмалап көрсеткен. Ал екінші мысалда тұрақты құрылымның бастапқы қалпы *басына көтеру* екені белгілі. *Мұнша* сөзі осы тіркестің мағынасын сақтай отырып, «құрметтеу» процесінің мөлшерін одан сайын асырмалап көрсеткен. Екі тіркесте де жалқы іс-әрекет жалпы ұғымның орнына метафоралана жұмсалған.

Еліктеуіштер өткен шақ есімшемен бірге зат есімдермен қабыса байланысып, мөлшерлі іс-әрекет процесінің белең алған уақыты мен созылған тұтас мезгілін сипаттау үшін де қолданылады. Мысалы:

Балпаң, балпаң басқан күн

Бай ұлынан асқан күн (Шалкиіз жырау, Балпаң, балпаң басқан күн, 47 б.).

Қандай да бір іс-әрекеттің жүзеге асу мөлшерімен қатар, жалғасу, созылу уақыттық мөлшері болады. Мұнда *күн* сөзі зат есім болғанымен, белгілі уақыт мөлшерін білдіреді. Тіпті бір ғана күн емес, мағынасы ауысып, тұтас бір мезгіл, әлденеше күнге, айға, жылға созылған уақыт кезеңін білдіреді. Яғни «байдың ұлынан байлығы артып», масаттанып, маңғазданып, шіреніп жүрген өмір кезеңдерін білдіреді. Мұнда да уақыт, қимыл-әрекет ұғымдары «мөлшер» ұғымы аясы образды түрде берілген.

Қорыта келгенде, жыраулар поэзиясында метафора да – «мөлшер» ұғымын берудің ең өнімді тәсілдердің бірі. Жыраулар өзіне дейінгі сан ғасырлық тілдік ізденістердің жауһарларын кәдеге жарата келіп, сол негізде көптеген тың метафоралық қолданыстар тудыра білген. Бұлар мазмұны ерлік, батырлық, жаугершілік, ел қорғау, адамдық, адамгершілік қасиет, байлық, ырысты мекен ұғымдарымен ұштасып жатады. Жыраулар поэзиясындағы *мөлшерлік метафоралар* түзуге қатысатын тілдік ұғымдар ұлтқа етене таныс, айнала табиғаттағы заттардың тікелей образынан алынған ұғымдар болып келеді. Ал саны мен сапасы жағынан ең сәтті *мөлшерлік метафоралар* Шалкиіз бен Бұқар жырауға тиесілі. Грамматикалық ерекшелігіне қарай зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, еліктеу сөздерінен жасалады да, оған көбіне аналитикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, көмекші сөздердің дәнекерлігі және салт, сабақты етістік формасында келуі арқылы жасалады. Нақтырақ айтқанда, жіктік жалғауы, тәуелдік жалғауында келуі, *деген, еді, екен* сияқты көмекші сөздер мен *-дай/дей, -тай/-тей* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Есімдерге анықтауыш, анықтауыштық қатынастағы, етістіктерге пысықтауыш қатынастағы келген есімді, етістікті тіркестер болып келеді. Жыраулар поэзиясындағы *метафораларлы мөлшерліктердің* дені *қашықтық, салмақ, уақыт, жылдамдық, сапа, күн мөлшері* сынды микро «мөлшер» ұғымдары аясында көрініс табады.

4. Жыраулар поэзиясы тіліндегі мөлшер семантикалы перифраздар

Көркем ойлау жүйесінде, поэтикалық мәтіндерде айрықша мәні бар көркемдік тәсілдердің бірі – *перифраз*. Перифраз әлем тілдеріне ортақ ұғым болғанымен, жекелеген тілдердің тарихи, генетикалық ерекшеліктеріне байланысты өзіндік ерекшеліктері де бар. Перифраздардың тілдік құпиясын ашу жолындағы талпыныстар антикалық дәуірде-ақ бастау алып, бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Әсіресе шетелдік ғалымдар тарапынан көп зерттеу нысаны етілген бұл тақырып соңғы жылдары қазақ тіл білімінде де мұқият қарастырыла бастады. Отандық ғалымдардың қатарында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Т.Қоңыров, Қ.Мұхамеджанов, К.Шәменов, Ә.Болғанбаев, Р.Сыздық, Ө.Айтбайұлы, З.Қ.Ахметжанова, Г.Үсенбаева, Г.Амандықова, т.б. айтуға болады. Перифраз жайлы сөз болғанда, оның ең қиын тұсы – ауыспалы мағына жасаудың өзге түрлерімен (метафора, метонимия, синекдоха) шектес жататындықтан, олармен жиі шатастырылатындығы. Сондықтан бұл тәсіл жайлы айтылған басты-басты тұжырымдарды іріктеп ұсынсақ, әрі қарай тақырыпты ашуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Қазақ тіл білімінде перифразды алғаш сөз еткен ғалым – А.Байтұрсынұлы болатын. Бірақ, бір қызығы, перифраз мәселесін арнайы қарастырған ешбір ғылыми әдебиетте бұл жайлы айтылмайды. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабында перифразды *бернелеу* деп атап, тілдік, көркемдік қызметін арнайы түсіндірген. Нақтырақ айтқанда, белгілі бір нысанаға бағыттап, астарлап сөйлеуді жалпылама *меңзеу* деп атайды да, оны өз ішінен *теңеу*, *ауыстыру* деп екіге бөледі. Ал сөз мағынасының ауыспалылығын білдіретін *ауыстыруды* өз ішінен тағы *алмастыру (метонимия)*, *бейнелеу*, *кейінтеу*, *бернелеу* деп төртке бөледі. Мұндағы *бернелеу* деп отырғаны сол *перифраз*. Ғалым бернелеудің мәнін түсіндіре келіп, оған өзін «*адамдықтың диқаншысы*», сол кездегі қазақ қоғамын «*көгі жоқ, көгалы жоқ қыр*» деп атаған өзінің өлең жолдарын мысалға келтіреді. Осы мысалдың өзінен-ақ ғалым *бернелеу* деп *перифразды* айтып отырғаны анық көрінеді. Ал ғалымның бернелеуге берген анықтамасы мынадай: «Бір нәрсенің, көбіне адамның мінезін, құлқын, ғамалын екінші нәрсенің мысалында көрсетіп айту – *бернелеу* болады. Қазақтың «бернемен сөйлеп отыр» дегені осы бернелеу. Бейнелеу ұлғайғанда бернелеуге айналып кетеді» [210, 44 б.]. Ғалымның «адамдарға қатысты айтылады» дегені тегін емес. Яғни көбіне адамдарға қатысты іс-әрекеттер мен ұғымдарды өзге жан-жануарлармен ұштастыра отырып екінші атаумен береді. Сондықтан бұл аллегорияға да ұқсап кетеді. Кейде перифразды символ, аллегориямен ұштастырып, сатиралық сипатта болады. Қазақ лингвистикасында перифраздар туралы алғаш ғылыми тұжырым жасаған ғалымдардың бірі – З.Қ.Ахметжанова. Ғалым кандидаттық диссертациясында бұл тәсіл туралы өзге тілдік материалдармен салыстыра отырып, кеңінен баяндайды [219]. Ал әдеби процестерді, көркем тіл қазынасын тілдік тұрғыдан зерделеп келе жатқан көшбасшы ғалым Р.Сыздық та перифраздарды айналып өтпейді. Перифраздарды кең көлемде арнайы қарастырмаса да, оның тілдік табиғаты жайлы түсіндіре келіп: «*Перифраз* деп бір нәрсені немесе құбылысты, іс-әрекетті олардың бір белгісін, бір қасиетін көрсетіп, суреттеп айтуды танимыз», – деген анықтама береді [211, 114 б.]. Алғашқы кезеңдерде көркемдік тәсілдерге көбіне әдеби тұрғыдан талдаулар жасалды да, оның тілдік табиғаты тереңдей қаралмады. Р.Сыздықтың Абай тілін саралауда перифраздар туралы айтқан тұжырымы осындай олқылықтардың орнын аз да болса толтырды. Ал Г.Үсенбаева [220], Г.Амандықовалар [221] перифраздарды кандидаттық диссертация көлемінде қарастырса да, кейбір түйткілді мәселелері әлі шешімін таппай келеді. Сондықтан болса керек, жақын жылдары (2014) Ө.Айтбайұлы аталмыш тақырыпты тыңғылықты зерделей келіп, мынадай қорытынды анықтама береді: «*Перифраз дегеніміз* – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, процестің, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау» [222, 152 б.]. Ғалым перифраздарды фразеологизмдердің шеңберінде қарастыру керектігін айтады.

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың еңбектерін мұқият зерделей келгенде, перифраздың басты белгісі зат пен құбылыстың *екінші атауы* ретінде келуі деуге болады. Аталмыш тәсілге тән бұдан басқа да ерекшеліктер жеткілікті. Атап айтсақ, алғашқы атаудан ішкі семантикалық байланысын үзбеуі, образдылығы, логикалық мағынаны эмоциялық мағынаға ауыстыруы, эмоциялы-эксперссивті

болуы, құрылымдық, мағыналық тұтастықтың болуы, модальдық реңк күшті болуы, кейде түрлерінде мысқыл да араласып жатуы, позитивті болуы, анықтамалық қасиетінің болуы сынды басты-басты белгілерін ажыратуға болады. Тіл тұтынушыларына мейлінше танымалдығымен әбден қалыптасқанша көбіне тілдік емес, сөйлеу единицасы болып келетіндігі де басты белгісі. Осындай белгілерге ие бола отырып, сөз қайталауға ұрынбау, табу, эвфемизмдердің орнына қолданылу және оқырманға айрықша әсер ету сынды көпгенен тілдік қызметтері бар. Аталған ерекшеліктер мен тілдік қызметі арқылы ол басқа да ауыспалы мағына тудыратын көркемдік тәсілдерден ерекшеленеді.

Ойдағы ұғымды әрлеп жеткізудің айрықша бір үлгісі ретінде перифраз – тілдің барлық тарихи кезеңдерінде де жүйелі көрініс табатын кәнігі тәсіл. Өйткені ол – ең әуелі, ауызекі сөйлеу единицасы (бірлігі). Сан ғасырлар бойы ауызша дамыған, табиғаты ауызша сөйлеу тілін арқау ететін қазақ тілі тіпті бұған бай болуға тиіс және солай да. Олай болса, зерттеу нысаны етілген XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэтикасы да перифраздылығымен көзге түседі. Қазақ сөз өнерінің аталған кезеңінде көптеген ұғымдар мен жасырын мағыналар осы перифраздар арқылы айшықты түрде берілген. Сол перифраздар арқылы берілген айшықты ұғымдардың бірі – «мөлшер» ұғымы.

Ө.Айтбайұлы өз зерттеуінде перифраздарды құрылымдық типтеріне қарай былайша топтастырады: «Қазақ тіліндегі перифраздарды құрылымдық типтерге топтастырғанда, *есім перифраздар* және *етістікті перифраздар* деп екі топқа бөлдік. Есім перифраздар өз ішінен *екі мүшелі*, *үш мүшелі* және *көп мүшелі* болып үш топқа жіктеледі. Екі мүшелі есім перифраздарды «*зат есім + зат есім*», «*сын есім + зат есім*», «*сан есім + зат есім*» деп үш құрылымдық топқа жіктедік» [222, 162 б.]. Ғалымның бұл топтастыруын басшылыққа ала отырып, жыраулар поэзиясында кездесетін «мөлшер» ұғымын білдіретін перифраздарды жалпылама «мөлшерлік перифраздар» деп атай келіп, оларды лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай *есімді мөлшерлік перифраз*, *етістікті мөлшерлік перифраз* деп екі үлкен топқа бөлуге болады.

Есімді мөлшерлік перифраздар есім сөздерден түзіліп, кемінде екі компонент тұрады. Қазақ тілінде екі компоненттен тұратын тіркестер көбіне *қабыса*, *матаса*, *меңгеріле* байланысқан тіркестер болып келеді. Жыраулар поэзиясында *есімді мөлшерлік перифраздың* матаса байланысқан түрі кездеседі.

Мысалы:

1. Жақсыдан туған жаман бар

Күндердің күні болғанда

Бір аяқ асқа алғысыз (Шалкиіз жырау, Айырдан туған жампоз бар, 44 б.);

2. Бір жаманмен дос болсаң,

Күндердің күні болғанда,

Жімле ғаламға күлкі етер (Шалкиіз жырау, Бір жақсымен дос болсаң, 44 б.).

Мысалдардағы *күндердің күні* тіркесі – перифраздық тіркес. Бұл «болашақ», «болашақтағы бір күн», «белгісіз бір күні» деген «уақыт мөлшері» ұғымына байланысты ауысып қолданылған. Тіркесте көптік жалғауы уақыт ұғымының созылықлығын білдіруге айрықша қызмет атқарып тұр. Яғни *күн* өлшемімен өлшенген белгісіз ұзақ уақытты білдіреді. Перифраздар көбіне затқа қатысты

айтылатыны шындық, сондықтан ондай тіркестер образды болып келеді. Ал кейде абстрактілі ұғымдарға да байланысты айтылады. Мұндайда онда образдылық болмайды да, экспрессия-эмоциялық, модальдылық мән артады. Сол сияқты, *күндердің күні* тіркесінде болашақта болмай қоймайтын бір іс және оған айтушының нық сенімі сияқты жасырын мағыналар сақталған. Айтушының көзқарасымен ұштасқан сол іске деген жағымсыз экспрессия да бар. Негізінен сақтандыру, ескерту ұғымдарына байланысты қолданылады. *Күндердің күні* қолданысы Шалкиіз жырауда төрт рет кездеседі. Соған қарағанда бұл *мөлшерлік перифраздар* Шалкиіз жырау лексикасына тән екені байқалады. Бүгінде бұл *мөлшерлік перифраздар* құрылымының тұрақтылығымен, тіл тұтынушыларына танымалдығымен сөйлеу единицасынан тілдік единицаға ауысып бара жатқан тіркестердің қатарына жатады.

Екі компонентті *мөлшерлік перифраздардың* ендігі бір түрі *қабыса* байланысқан тіркестер болып келеді. Мұндай қабыса байланысқан тіркестер кейде еселеп перифраздауға оңтайлы келеді. Мысалы:

1. *Алыс жерден мөһрлі шұбар хат* келсе,
Күйбеңдескен көп жаман
Құлағын салып тұрар ол

(Шалкиіз жырау, Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны, 40 б.);

2. *Тайғақ кешу, тар жерде*,
Менің достым бар-ды һәр жерде,
Іздесем табылмайды *тар жерде*

(Шалкиіз жырау, Күпшек санды тіл жалмаған күренді, 39).

Бұл мысалдарда *алыс жер*, *мөһрлі шұбар хат*, *тайғақ кешу*, *тар жер* тіркестері – перифраздар. Бұл тіркестердің бәрі ешқандай жалғаусыз *қабыса* байланысқан. Мұнда *алыс жер* – Мекке, *мөһрлі шұбар хат* – өлім хабары, *тайғақ кешу* – қиындық, *тар жер* – бәле-жалалы жер.

Меккенің бір ұғымы – *алыс жер*. Бүгінгідей емес, ол заманда Меккеге, Қажы сапарына атпен, арбамен, түйемен, тіпті жаяу-жалпылы айлап, жылдап жүргені белгілі. Сондықтан бұл – ұзақ жол, қиын сапар. Сол замандағы Мұсылман әлемінің шеткі аймақтарының бірі саналатын Қазақстан территориясы үшін Мекке қаласы әрине шалғай жер. Хадистерде келетін «*ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызың өтелмейді*» деген сөз қазақ арасына кеңінен тараған. Мұнда ананың балаға еткен еңбегі мен баланың анасын алыс жолға арқалап апарудағы көретін қиындығы салыстыра айтылған. Сондықтан халық танымындағы «*алыс қашықтық*» ұғымы Меккенің ең басты белгілерінің бірі ретінде алынып, оның екінші атауы ретінде балама болып, перифраздалып тұр. Демек, бұл «*қашықтық мөлшері*» ұғымының перифразға айналуы. Ал *мөһрлі шұбар хат келу* ешқандай «*мөлшер*» ұғымын білдірмейді, бірақ *өлім хабары* ұғымының орнына қолданылған перифраз. Бір өлең жолының ішінде екі перифраз қатар келіп тұр. Бұл, бір жағы, жырау тілінің жасампаздығын көрсетеді. Екінші жағынан Би Темірге айтуға ауыр *өлім* сөзінің жағымсыз коннотациясы болғандықтан айтудан сескеніп, өзге оралымдар арқылы жеңіл тілмен бейнелеп берген. Перифраздардың жасалуындағы табу, эвфемизмдердің қызметі туралы Ө.Айтбайұлы былай дейді: «*Эвфемистік перифраздың* қолданылуы, мақсаты мен атқаратын қызметі мүлде басқа. Ол мағынасы суық

немесе айтуға, жазуға өрескел саналатын, тіпті кейде қағаз беті де көтере алмайтын дөрекі сөздерді майдалап, тігісін барынша жатыстырып, келтірінді мағынада айту» [222, 224 б.]. Мұнда *мәһрлі шұбар хат келу* тіркесінің «мөлшерлік» мағынасы болмаса да, *алыс жер* (Мекке) мөлшерлік перифразының мағынасын нақтылай түсуге семантикалық кілт болып тұр.

Екінші мысалдағы *тайғақ кешу, тар жер* – қабыса байланысқан перифраздық тіркестері. Мұнда *тайғақ кешу* адамның көрген қиындығын білдіргенімен, «мөлшер» ұғымын тікелей білдірмейді. Ал *тар жер* перифразы да «мөлшер» ұғымын тікелей білдірмейді. Бірақ мөлшер мәнді тілдік бірліктер перифраздардың жасалуына арқау болып отыр. *Тар* сөзі тура мағынасында «сыйымдылық мөлшері» ұғымын білдіреді. Яғни адам тар жерде (жол, үй, қуыстың іші т.б.) жаны қиналып, көрген қиындығы өмірдің де қиын-қыстау кезеңдеріне балама болған. Демек, мұнда да «мөлшер» ұғымы перифраздардың түзілуіне семантикалық көпір болып тұр. *Тар жер* тіркесін метафора деп те тануға мүмкін. Бірақ мұндағы тіркестің екі компоненті де (*тар – қиындық, жер – орын, мекен*) ауыспалы мағынада қолданылады. Сондықтан бұл метафорадан гөрі перифразға жақын деп білеміз. Көріктеудің екі тәсілі де образды, ауыспалы, экспрессиялы болғанымен, айырмашылық бар. Бірінде атаулау басты тірек, екіншісінде теңеу, ұқсату басты негіз. Перифраз бен теңеу осы екі жерден нақты ажыратылады.

Есімді мөлшерлік перифраздардың ендігі бір тобы үш компоненттен тұрады. Бұлардың бәрі *қабыса* байланысқан тіркестер. Мысалы:

1. Ашу – дұспан, артынан

Түсіп кетсең қайтесің

Түбі терең қуысқа!.. (Асан қайғы, Еділ бол да, Жайық бол, 26 б.)

2. Ырысымды сындайын,

Сегіз қиыр шартараптан іздермін!..

(Шалкиіз жырау, Би Темірге бірінші толғау, 38 б.)

3. Отының болсын жантақтан.

Қатының болсын қалмақтан,

Қосының болсын қазақтан,

Сегіз қиыр шартарап,

Төрт құбылаң түгел боп,

Төріңде отыр, салмақтан (Бұқар жырау, Ай, Абылай, Абылай, 101 б.).

Бұл мысалдарда *түбі терең қуыс, сегіз қиыр шартарап, төрт құбыла* тіркестері – *мөлшерлік перифраздар*. Олар үш құрамды болып, анықтауыштық қатынаста қабыса байланысқан. Мұнда алғашқы екі компонент күрделі анықтауыш, бағыныңқы сыңар да, соңғы компонент – басыңқы сыңар. *Мөлшерлік перифраздар* екі, үш, тіпті көп құрамды болсын, «келтірінді мағына» болғандықтан, терминдер сияқты бір ұғымды білдіретін *салалас тіркестер* емес, бағыныңқы-басыңқы қатынастағы *сабақтас тіркестер* деп тану керек сияқты.

Бірінші мысалда *түбі терең қуыс* перифразы «аса қиындық» ұғымын білдіреді. Бұл перифразда образдылық мән күштілеу. Адамның алапат қиындыққа тап болуын терең орға, зынданға тасталумен ұқсатып отыр. Мұнда

тереңдік ұғымы душар болған қиындықтың өте салмақтылығына балама болып тұр. Ал *тереңдіктің* өзі тік бағыттағы «қашықтық мөлшері» ұғымы.

Екінші, үшінші мысалдағы *сегіз қиыр шартарап – әлем, дүние* [211, 115 б.], *төрткіл дүние* ұғымдарын білдіреді. Сондай-ақ сегіз бағытты да меңзейді. Түркілер жер бетін сегіз бұрышқа, еврейлер алты бұрышқа бөледі. Мұнда үш компонент мағына жағынан тұтасып, синтаксистік құрылымы да белсенді қолданыстың нәтижесінде тұрақталып, тұрақты құрылымға айналған. *Сегіз* – символдық мәні бар мөлшерлік сан есім болса, *қиыр* – алыс, шалғай ұғымдарын, *шартарап* – айнала кеңістік ұғымын білдіретін зат есімдер. Мұнда *шар* сөзі «төрт» сан есімін білдіреді. *Кеңістік, көлем, сыйымдылық, қашықтық* ұғымдарымен ұштасып жатқан бұл дербес лексемалар тіркесе келіп, *күллі жер беті* ұғымын «горизонталь кеңістік мөлшер» ұғымы аясында сипаттаған.

Етістікті мөлшерлік перифраздар кейде үш, тіпті көп компонентті болып келеді. Көпқұрамды *мөлшерлік перифраздар* сөйлем деңгейіне де жетеді. Мысалы:

1. Тіленшіұғлы Шалкиіз,
Иесі би Темірдің тұсында
Бұлтқа жете жаздады бұ мүйіз

(Шалкиіз жырау, Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны, 40 б.);

2. *Жүз нарға кілем жаптырып,*
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен,
Көңлімді хош таптырып!

(Ақтамберді жырау, Күлдір-күлдір кісінетіп, 63 б.).

Келтірілген мысалдарда *мүйіз бұлтқа жете жаздау, тал мойыңға қол арту, жүз нарға кілем жаптыру* тіркестері – күрделі құрамды мөлшерлік перифраздар. Мұнда әлденеше сөздер бір синтаксистік құрылым ішінде семантикалық жағынан тоғысып, бір ұғымды білдіреді. Мысалдардың бәрінде белгілі ұғым бүкпелей, бейнелей айтылған.

Бірінші мысалдағы *бұлтқа жете жаздады бұ мүйіз* перифразы «даңқым асты, мәртебем өсті» деген сөздің орнына қолданылған. Мүйіз сөзінің өзі тірек сөз болып, ауыспалы мағынада берілген. Әдетте «мүйіз» сөзі атақ-даңқ, мәртебе, билік, үлкендік ұғымдарының баламасы ретінде қолданылады. Сондықтан да халық тілінде *мүйізі қарағайдай, мүйізі шаңырақтай, мүйізі сала құлаш, мүйізін арбайту* (бой көрсету, сес көрсету), *мүйіздеу* (шетке қағу, күш көрсету), *мүйізін қағу* (тұқырту, бағындыру, сазайын беру) тілдік қолданыстары кездеседі. Ал Шалкиіз жырау осы ұғымды мүлде жаңа сапада перифраздап береді. Жан-жануар, аңдардың ішінде мүйіздісі ең күшті, ең үлкені болатыны бар. Олар осы мүйізі арқылы да өзге өзі тектес жануарлар мен жауларына сес көрсетіп, бағындырады. Міне, осы ұғым қазақ танымында билікке, әлеуметтік мәртебеге балама ретінде алынған да, мүйіздің ұзындығы, үлкендігі «жоғары мәртебе» ұғымымен ауыстырылып, образды түрде бейнеленіп отыр.

Екінші мысалдағы *жүз нарға кілем жаптыру* тіркесі ұлғайған перифразды қолданысына жатады. Образды түрде байлық пен сән-салтанаттың эталоны ретінде берілген. Бұл тіркестергі *жүз* саны нақты санның есебі емес, «тым көп» деген ұғымды білдіреді. Ал *нар, кілем* сөздері байлық, салтанат ұғымдарының

баламасы. Мұнда да сән-салтанат, байлық нақты образ тудыратын сөздер арқылы әдемі бейнеленіп берілген.


«Мөлшер» ұғымының немесе мөлшерліктердің перифраздалу процесіне қатысы үш түрлі: біріншісі, өзге тілдік бірліктер перифраздалу арқылы «мөлшер» ұғымын білдіреді; екіншісі, «мөлшер» мәнді тілдік бірліктер перифраз түзуге қатысу арқылы басқа мағына береді. Мұнда басқа мағына мен «мөлшер» ұғымының арасында логикалық байланысы болады; үшіншісі, «мөлшер» мәнді тілдік бірліктер перифраздалу арқылы тағы да «мөлшер» ұғымын білдіреді. Жоғарыда талданған мөлшерлік перифраздардың ішінде *күндердің күні*, *жүз нарға кілем жаптыру* тіркестері бірінші топқа, *сегіз қиыр шартарап* тіркесі екінші топқа, *алыс жер*, *тар жер*, *түбі терең қуыс*, *мүйіз бұлтқа жете жаздау* үшінші топқа жатады.

Ойымызды жинақтай келгенде, перифраз – «мөлшер» ұғымын берудің де айрықша өнімді тәсілінің бірі. Ол ауызша сөйлеу тілінің басты тәсілдерінің бірі болғандықтан, қазақ тілінің сонау ерте тарихи кезеңінен-ақ бастау алады. Ал жыраулар поэзиясында қолданысы кеңінен өріс тапқан. Жыраулар поэзиясында кездесетін мөлшерлік перифраздарды *есімді мөлшерлік перифраз*, *етістікті мөлшерлік перифраз* деп екі үлкен топқа бөлуге болады. Бұлардың әрқайсысының өзі кемінде екі құрамды болып, ұлғайған түрі сөйлем (атаулы) деңгейіне жетеді. Тіркесім тәсіліне қарай қабыса, матаса, меңгере байланысқан анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастардағы тіркестер болып келеді. Тақырыптық жағынан *уақыт*, *жылдамдық*, *қашықтық*, *құн*, *көлем* ұғымдарымен логикалық байланысқан байлық, даңқ, ерлік тақырыбы болып келеді. Шалкиіз жырау тілі перифраздылығымен ерекшеленеді.

Қорыта келгенде, қазақ әдеби тілі дамуының жыраулар поэзиясына тән XV–XVIII ғасырлар кезеңі аса жоғары сападағы образдылығымен, көркемдігімен ерекшеленеді. Классикалық тіл иірімдерінің небір ғажап үлгілері осы кезеңге тиесілі. Өйткені бұл кезеңде тіл «өнер» ретінде барлық құндылықтардан биік тұрған. Жыраулар поэзиясында «мөлшер» ұғымы өзге де көркемдік тәсілдер арқылы беріледі. Атап айтсақ, *метонимия*, *синекдоха*, *параллелизм* тәсілдері «мөлшер» ұғымын беруде өзіндік қызметімен ерекшеленеді. Алайда аталған тәсілдер жоғарыда көрсетілген бес тәсілге қарағанда аса өнімді емес. Жыраулар поэзиясында «мөлшер» ұғымын білдіретін қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтер де баршылық. Олардың қатарында *көп*, *артық*, *кем*, *мол*, *аз-ақ*, *тең*, *алыс*, *жақын*, *жуық*, *қия*, *қиуа*, *қиян*, т.б. сын есім сөздері, *бәрі*, *түгел*, т.б. жалпылау есімдіктері, *ежелден*, *бек*, *талай* үстеу сөздері бар. Аталған лексемалар түрлі деңгейде есім, етістік сөздерімен тіркесе келіп, тура мағыналы «мөлшер» ұғымын беруге қолданылған. Р.Сыздық: «Көркем әдебиеттегі, оның ішінде поэзия тіліндегі сөздерді талдағанда «орфографиялық сөз» нысанаға алынбауы керек», – дейді [211, 23 б.]. Мұнда ғалымның «орфографиялық» сөз деп отырғаны – қарапайым сөйлеу стиліне тән тура мағыналы лексемалар. Біз қазақ тілі дамуының аталмыш кезеңін (XV–XVII ғғ.) сөз ету арқылы мөлшер категориясының ерекше бір түрі ретінде *поэтикалық мөлшерліктерді* көрсетуді мақсат тұттық. Сондықтан «орфографиялық сөздер» біздің мақсатымыздан тыс.

3. 2 Қазіргі қазақ тіліндегі (XIX–XX ғғ.) мөлшер категориясының функционалды-семантикалық өрісі

Жаратылыстық дүние, болмыс заттардан құралады және олар шекті не шексіз, өлшеуге келетін немесе өлшеуге келмейтін, тек қиял арқылы болжауға болатын қандай да бір шамалардан тұрады. Болмыстағы деректі-дерексіз заттардың түрліше сипаты мен қасиеті бес сезім мүшесі арқылы және қиял, ақыл сияқты абстрактілі ұғымдар арқылы анықталады. Ал заттардың түрліше сипаттағы мөлшерлік белгілері де тілдік санада осы негізбен анықталып, тіл бірліктеріне айналады. Тілдің әр деңгейіндегі зат мөлшері семантикасын білдіретін тілдік бірліктер мөлшер ұғымының функционалды-семантикалық өрісін құрайды. Осы мөлшердің макроөрісі әлденеше микроөрістерден құралады. Ал «мөлшер» ұғымының микроөрістері жүйелі түрде ұйымдасқан лексика-грамматикалық формалардың (бірліктердің) жиынтығынан тұрады. Біздің пайымдауымызша, мөлшер макроөрісін құрайтын микросемантикалық өрістері мыналар: *көлем, аудан, сыйымдылық, салмақ, қашықтық, уақыт, сапа, құн, қимыл* мөлшері және *заттардың сандық мөлшері мен сан мөлшері* ұғымдары.



Кесте 7: мөлшер категориясының семантикалық өрісі

Мөлшер семантикасын білдіретін тілдік бірліктерді топтастырудың екі түрлі жолы бар. Бірі – тіл деңгейлері бойынша, екіншісі – микроұғымдар аясында. Біз мөлшер категориясының қазіргі кезеңдегі тілдік сипатын қарастырғанда, бұл екі түрін де қатар пайдаланамыз. Себебі, қазіргі кезең тілінің материалдары көп, мысалдар жеткілікті, толық, сондықтан оны әуелі ұғымдар аясында топтастырып, сосын әр ұғымның ішінде тіл деңгейлері бойынша бергенде, мөлшер категориясының толыққанды категориялық сипаты ашылады. Олай болса, мөлшер макроөрісін құрайтын микросемантикалық өрістер мен олардың тілдік парадигмалары мынадай:

1. «Көлем» ұғымының тілдік парадигмасы

Жаратылыстық дүниедегі деректі заттардың бәрінде қандай да бір көлем болады. Ал дерексіз заттық ұғымдар ойша болжау, шамалау арқылы ғана шартты түрде көлемдік ұғымға ие болады. «Көлем» ұғымы көбіне көзге көрінетін заттардың сыртқы пішініне қатысты айтылады. Мұнда көлемдік шамалар нақты өлшеу құралдарымен немесе соған шамалас екінші бір затпен салыстыру, теңеу арқылы анықталады, тіпті кейде образды ойлау негізінде жүзеге асады. Көлем «үлкен/кіші» ұғымдары аясында *тіресім* құрайды. Сондықтан көлем семантикасын білдіретін лексикалық бірліктер осы *тіресімдік ұғымдарды* өзек етеді. Алайда көлемнің үлкен-кішілігін ажыратуда барлық заттарға ортақ өлшем, тұрақты меже болмайды. Бұл әр заттың көзге үйреншікті, ойда әбден қалыптасқан орташа тұрқы, қалыпты мөлшері арқылы анықталады. Қазіргі қазақ тіліндегі «көлем» ұғымы лексикалық деңгейде негізінен сын есімдер арқылы берілсе, кейде ауыспалы мағынада өзге сөз таптары арқылы да беріледі. Олар мыналар:

Үлкен: *үлкен, дәу, дөй, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, ноян, сом, зараң, шоң, алып, зор, қапсағай, еңгезердей, жардай, зіңгіттей, дардай* т.б.

Кішкене: *шағын, ықшам, кіші, ұсақ, уақ, майда, титтей, қаршадай, құйттай, құйтымдай, құйтақандай, құртақандай, титімдей, зәредей, шүкейттей, шүйкімдей* т.б.

Бұл лексикалық бірліктердің көпшілігі «көлем» ұғымымен қатар, «аудан» ұғымын да білдіреді. Алайда бұлардың нақты семантикалық қызметі мәтін ішінде анықталады. Тағы бір айта кететіні, мұндағы лексикалық бірліктердің қатарында түбірге кірігіп, көнеленіп, бір сөз ретінде қалыптасып кеткен *-дай, -дей* тұлғалы сөздерді де лексикалық бірліктердің қатарына жатқыздық. Ал түбірден бөліп алуға болатын *-дай, -дей, -тай, -тей* формасы морфологиялық деңгейде өз алдына қарастырылады.

«Көлем» ұғымы морфологиялық деңгейде де кеңінен көрініс табады. Қазіргі қазақ тіліндегі (XIX–XX ғғ.) көлем семантикасын білдіретін синтетикалық формалар төмендегідей:

- көлем семантикасы кейбір деректі зат есім сөздеріне *-дай, -дей -тай, -тей* формасы жалғану арқылы беріледі (*таудай, үйдей, қазандай, бармақтай, түймедей* т.б.). Мұндайда бір заттың көлемі екінші заттың көлеміне дәлдік негізді балама болады, кейде асырмалы балама болады. Асырмалап салыстыру «үлкен» немесе «кіші» ұғымдарының бірін беру қажеттілігінен туады. Мысалы:

1) *Артына бұрылып еді – төңкерілген қазандай қаңбақтардан басқа ештеңе көзге шалынбайды* (Ә.Сараев, Тосқауыл);

2) *Қойшы, сәлдесі қазандай молданың артына мінгесіп, екі алғыш салақтап кете бардым* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Мұндағы *қазанға* теңелген *қаңбақ* пен *сәлденің* көлемі бірдей заттар емес екені анық. Яғни дәлдік негізді балама емес.

- көлем семантикасы кейбір «көлем» ұғымын білдіретін сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* шырай қосымшалары жалғану арқылы беріледі (*үлкенірек, дәуірек, ауқымдырақ, кішірек, ұсағырақ, майдарақ; үлкендеу, кішілеу, ірілеу, ұсақтау* т.б.). Мұнда шырай қосымшалары сөз болып отырған заттың көлемі бір орталық межеден не аздап үлкендеу немесе аздап кішілеу екендігін білдіру қызметін атқарады.

- көлем семантикасы белгілі көлемдік ұғымдарды білдіретін зат есімдерге - *ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі* қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*көлемді, ауқымды, аумақты, денелі, тұяқты* т.б.). Аталған қосымша *барлық, молдық* семантикасын білдіреді. Ал «көлем» ұғымына байланысты қолданылғанда белгілі деректі немесе дерексіз зат көлемінің қалыпты межеден әлдеқайда үлкен, айтарлықтай ауқымды екенін білдіреді. Мысалы:

1) *Ақ киімді, денелі, ақ сақалды* (Абай, Қыс);

2) *Оның көтерер жүгі, суреттер уақиғасы, бейнелейтін адамы романдағыдай кең, аумақты да ауқымды болуға тиіс* (Ф.Оразаев, Басты).

Бірінші аязды қыс денесі үлкен адам кейпінде сипатталса, екінші мысалда *кең, аумақты, ауқымды* сөздері дерексіз заттарға байланысты қолданылып, адамның рухани кеңістігіне ұштастырыла сипатталған. Морфологиялық деңгейде «көлем» ұғымын білдіретін синтетикалық формалардың түрі де, одан туған сөздердің саны да шекті болғанымен, олардың функционалды әлеуеті өте кең.

«Көлем» ұғымы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Бұл деңгейде *көлем семантикасы* аналитикалық және аналитика-синтетикалық формалар арқылы беріледі:

- көлем семантикасы *тіркесім тәсілі* арқылы беріледі. Олар күшейткіш буындар (*үп-үлкен, дәп-дәу, кіп-кішкене, ұп-ұсақ* т.б.), қайталама қос сөздер (*үлкен-үлкен, ұсақ-ұсақ* т.б.), қарсы мәнді қос сөздер (*ірілі-ұсақты, үлкенді-кішілі* т.б.), сыңар мағыналы қос сөздер (*ұсақ-түйек, майда-шүйде* т.б.), күшейткіш үстеулер (*аса үлкен, тым кішкене, орасан зор* т.б.) анықтауыштық қатынастағы тіркестер (*қазан бас, шартық қарын, таудай талап, бармақтай бақ, таудай ет* т.б.) арқылы беріледі. Бұл тіркестерден туған көлем семантикасының өзіндік ерекшелігі, стильдік қызметі бар. Мысалы, *Көп салт аттыдан әрмен жер түбінен сәңкиіп көрінетін жапа-жалғыз өркеш төбенің басында сегіз қанат екі үйді қабаттап тіккендей үп-үлкен бірдеңе азараңдайды* (Ә.Кекілбаев, Елең-Алаң).

- көлем семантикасы синтаксистік модельдер арқылы да беріледі. Бұл үшінші жақтық тәуелдік жалғаулы зат есім сөздері мен *-дай, -дей* қосымшалы зат есім сөздерінің тіркесі (*-ы+-дай*) арқылы жасалады (*жұдырығы тоқпақтай, көзі шарадай, кеудесі төңкерген астаудай, басы қазандай* т.б.). Кейде *-дай, -дей* формасы жасырын түрлі де болып келеді (*ақылы телегей теңіз, көңілі кең дала* т.б.). Мұнда белгілі заттың тұтас өзі емес, соның бір бөлшегінің көлемі екінші бір затпен салыстыру семантикасы беріледі. Мысалы:

1) *Жалпақ, жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады* (Ғ.Мүсірепов, Ананың анасы);

2) *Тоғайды алғаш көргенде-ақ, Бураш оған Ұлтанқұл деп ат қойған, басы қазандай, мұрны қолағаштай, аузы дорбадай бадырақ көз шомбал қара* (Әкім Тарази, Тырна, тырна, тырналар).

- көлем семантикасы синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі. Бұл құрылым үш компоненттен тұрып, әр компоненті аналитикалық тәсілмен де, аналитика-синтетикалық тәсілдер арқылы да байланысады. Мұнда бірінші компонент сан немесе сандық ұғымды білдіретін сөздер, екінші компонент өлшем бірліктер, үшінші компонент көлемі анықталатын заттар болып келеді.

Бұл үш компонент өзара тең дәрежеде байланысып, семантикалық жағынан тұтасып, бір бүтін «көлем» ұғымын береді. Мысалы, *бір үймек құм, бір мая шөп, бір бау шөп, бір түйір дән, бір жапырақ нан, бір кесек ет, бір куб ағаш, жүз текшеметр су* т.б. Мұнда екінші компоненттің қызметі айрықша. Бұл кейде халықтық өлшем бірлік, кейде халықаралық өлшем бірлік болып келсе, тіпті кейде дербес тұрғанда ешқандай өлшемдік қызмет атқармайтын сөздер де (*үймек, мая, бау түйір, жапырақ, кесек*) конструкция құрамында өлшемдік қызметте жұмсалады.

«Көлем» ұғымының синтаксистік деңгейде берілу жолдары біршама ауқымды. Бұл тәсілдер арқылы жасалған сөздердің саны да едәуір мол.

2. «Аудан» ұғымының тілдік парадигмасы

Болмыстағы аттардың барлығы ұқсамаған пішіндерге ие. Олардың бір жазықтықтың бетінде жатпайтын жалпы ауқымы *көлем* деп аталса, бір жазықтықтың бетінде жататын аумағы *аудан* болады. Көптеген аудандардың бір денедегі жиынтығы көлемді құрайды. Сол себепті «көлем» ұғымы «аудан» ұғымымен байланысып жатады. Алайда екеуі бірдей емес, екеуі болмыстағы заттардың екі басқа қасиетін сипаттайды. Кей заттардың ауданын өлшеу құралдар арқылы тікелей анықтауға болса, кей заттардың ауданын өлшеу мүмкін емес, тек екінші бір затпен салыстыру арқылы ғана анықталады. Тіпті кейде барлық жерде әр заттың ауданын нақты өлшеудің қажеті де болмайды. Жалпы «аудан» ұғымы, «көлем» ұғымы сияқты, өз ішінен «*үлкен/кіші*» *тіресіміне* бөлінеді. Сондықтан «аудан» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер осы *тіресім* негізінде тіл деңгейлерінде құрылымданады. Қазіргі қазақ тіліндегі *аудан семантикасын* білдіретін лексикалық *тіресімдер* мыналар:

Үлкен: *кең, үлкен, ірі, байтақ, шалқар* т.б.

Кіші: *кіші, кішкентай, кішкене, шағын, ықшам, титімдей* т.б.

Бұл сөздер жеке тұрғанда біреуі көлемге, біреуі сыйымдылыққа қатысты сөздер болып көрінеді. Алайда бұлар – семантикалық аясы кең, бірнеше ұғымдарды беретін сөздер. *Көлем, сыйымдылық, аудан* ұғымдары бір-бірімен параллель, өрістес жатқан ұғымдар болғандықтан, кей тілдік бірліктер бәріне де ортақ болады. Алайда оның нақты қай ұғымды білдіріп тұрғаны контексте айқын көрінеді. Мысалы:

1) *Бір кездегі Шот та сондай шағын шаһарлардың қатарына жататын* (А.Сатаев, Ақын);

2) *Балықшылар үлкен кермешеммен шағын көлді екінші қайтара тағы сүзіп келеді* (Т.Ахтанов, Дала сыры);

3) *Үлкен қоңыр столдың жанында тұрған бойшаң Жаншаның қасында Халел ұсақ көрінеді* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Берілген мысалдарда *шағын шаһар, шағын көл, үлкен қоңыр стол* тіркестеріндегі *шағын, үлкен* сөздері – белгілі бір жазықтық аумақтың беткі жағына байланысты қолданылған «аудан» ұғымын білдіретін сөздер.

«Аудан» ұғымы морфологиялық деңгейде де кеңінен көрініс табады. Оның синтетикалық формалары төмендегідей:

- аудан семантикасы кейбір жалпақ пішінге ие деректі зат есім сөздеріне - *дай, -дей -тай, -тей* формасы жалғану арқылы беріледі (*тулақтай, алақандай, тоқымдай, табақтай* т.б.). Бұл сөздер негізінде тіркестің анықтауыш сыңары

болып, тілдің икемді, ықшам қолданылуы әсерінен екінші сыңары қысқарып, өзі де қолданыла береді. Алайда қайткенде де қандай затқа балама болып тұрғаны ойда тұрады. Мұнда да бір заттың көлемі екінші заттың көлеміне дәлдік негізді, кейде асырмалы балама болады. Мысалы, *Бөгеннің негізгі міндеті өзен суын кең алқымға жию, ылдидағы Талап пен Бірлік ауылдарының жусанды даласын суару – тулақтай тақырды көк майсаға бөлеу* (Д.Досжан).

- аудан семантикасы кейбір сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* шырай қосымшалары жалғану арқылы беріледі (*шағындау, үлкендеу, кішкентайлау, кішілеу, ірілеу, үлкенірек, кішірек* т.б.). Бұл екі түрлі шырай қосымшаларының грамматикалық мағыналарында ұқсастық болғанымен, кейбір сапалық сын есімдерге жалғануында өзіндік ерекшеліктер сақталады. Десе де, екеуі де белгілі зат ауданының деңгейлі мөлшерін, орталық межеден аздаған шамалық айырмашылығын білдіреді.

- аудан семантикасы кейбір зат есім сөздеріне *-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі* қосымшасы жалғану арқылы жасалады (*көлемді, ауқымды, аумақты* т.б.). Бұл қосымшалар белгілі зат ауданының кеңдігі, қалыпты межеден үлкендігі семантикасын білдіреді.

«Аудан» ұғымының тілдегі көрінісінің үлкен бөлігі синтаксистік деңгейге тиесілі. Бұл деңгейдің өзі *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* болып үш түрге бөлінеді.

- аудан семантикасы *тіркесім тәсілі* арқылы беріледі. Мұнда да «көлем» ұғымымен ұқсас, күшейткіш буындар (*үп-үлкен, дәп-дәу, кіп-кішкене, ұп-ұсақ* т.б.), қайталама қос сөздер (*ірі-ірі жайылымдар, шағын-шағын жер телімдері* т.б.), қарсы мәнді қос сөздер (*ірілі-ұсақты, үлкенді-кішілі* т.б.), күшейткіш үстеулер (*аса үлкен, тым кішкене, орасан зор, ерекше үлкен, өте кішкене, едәуір үлкен* т.б.), анықтауыштық қатынастағы тіркестер (*кең дала, байтақ жер* т.б.) арқылы беріледі. Бұл тіркестер түрлерінің әрқайсысының өзіндік семантикалық ерекшелігі мен стильдік қызметі бар. Бұл сөздер кей мөлшерлік ұғымдарға бірдей қолданылғанымен, олардың нақты семантикалық ерекшеліктері мәтін ішінде анық көрінеді және нақты қандай затқа байланысты қолданылғанына қарай да анықталады.

- аудан семантикасы анықтауышы *-дай, -дей (-тай, -тей)* тұлғалы сөз болып келіп, жиі қолданылудың нәтижесінде тұрақты тіркеске айналып бара жатқан тіркестер арқылы да беріледі. Мысалы, *теңгедей бұлт, тоқымдай бұлт, айдай әлем, алақандай аспан, оймақтай ауыз (оймақ ауыз* т.б.). Мұндай тіркестер көбіне аудандық шамаларды салыстырудан гөрі, «үлкен» немесе «кіші» деген әсірелеулі бір ғана ұғым орнына жұмсалады. Аудан көбіне жер беті ұғымымен байланысты айтылатындықтан, жоғарыдағы тіркес түрлерінің басыңқы сыңары тек қана «жер» сөзі болып келетін түрлері де жиі кездеседі. Мысалы, *тоқымдай жер, тулақтай жер, үй орнындай жер, ошақтай жер, от орнындай жер, ұлтандай жер, алақандай жер, ат тұяғындай жер, қой өрісіндей жер, желі орнындай жер* т.б. Мұнда «жер» сөзі нақты заттық мәннен мағынасы кеңейіп, грамматикалық мағыналарға қарай ойысып, нақты бір орын, мекен, кеңістік, аумақ ұғымдарын білдіреді.

- аудан семантикасы синтаксистік модельдер арқылы да беріледі. Бұл үшінші жақтық тәуелдік жалғаулы зат есім сөздері мен *-дай, -дей* қосымшалы зат

есім сөздерінің тіркесі (-ы+-дай) арқылы жасалады. Мысалы, *беті табақтай, жауырыны қақпақтай, кеудесі есіктей* т.б.

1) *Шетінен қарны қабақтай, беті табақтай, аузы итаяқтай, обыр біреулер* (Б.Омарұлы, Асан мен Үсен);

2) *Бірі – төрдегі қалың бөстектің үстіне қонжия қонған, кеудесі есіктей, қызылсары өңді қария* (Т.Әсемқұлов, Кәрі күйші).

Бірінші мысалда *беті табақтай* тіркесінің жағымсыз мағынасы болғанымен, сол мағынаның өзі «аудан» ұғымы, яғни бетінің үлкендігі арқылы метафораланып отыр. Ал екінші мысалда қарияның кеудесі есіктей жазық, кең, жап-жалпақ бітімі сипатталған.

- «аудан» ұғымы синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі. Конструкция үш компоненттен құралып, *квадрат метр, квадрат шаршыметр, квадрат километр, квадрат дециметр, квадрат сантиметр, квадрат миллиметр, гектар, сот* т.б. халықаралық және халықтық өлшем бірліктердің зат есім, сан есім сөздермен тіркесі арқылы жасалады. Мысалы, *бір квадрат метр жер, он гектер егістік* т.б. Бұлар семантикалық жағынан нақты және сандық мәнге жақын болып келеді. Ешқандай көркем стильдік қызметі жоқ, образды, әсірелеуіш мағыналарсыз, тек тура мағыналы болып келеді.

3. «Сыйымдылық» ұғымының тілдік парадигмасы

Табиғаттағы заттардың көзге көрінетін сыртқы пішінімен қатар, ішкі аумағы да болады. Яғни бір зат екінші бір затты қамтып жатады. Мұның өзі кейде табиғи, кейде қажеттіліктен мақсатты түрде қолдан жасалады. Болмыстағы көзге көрінетін, не көрінбейтін деректі заттарды тасымалдау, сақтау, өлшеу, әртүрлі қажеттілік үшін екінші бір зат қолданылады, кейде ол қолдан да арнайы жасалады. Міне, бұдан «сыйымдылық» ұғымы қалыптасады. «Сыйымдылық» ұғымы өз ішінен *үлкен/кіші, кең/тар тіресімдеріне* бөлінеді. Осы ұғымдар аясында тілдің әр деңгейінде көрініс табады. Қазіргі қазақ тілінде *сыйымдылық семантикасын* білдіретін лексикалық бірліктер негізінен сапалық сын есімдер арқылы беріледі, олар төмендегідей:

Кең: *кең, үлкен, дәу, даңғарадай, далаяқтай* т.б.

Тар: *тар, шағын, кішкене, кішкентай, титімдей, битімдей* т.б.

Көлем мен сыйымдылық бір затта қатар табылатын «мөлшер» ұғымдары болғандықтан, семантикалық өрісі де шектес жатады. Сондықтан кейбір тілдік бірліктер аталған ұғымдарды қатар бере алады. Мұндай семантикалық сыйымдылығы кең, қолданысы контекске байланысты өзгеріп отыратын сөздер дербес тұрғанда мағынасы күнгірттеу болады. Айталық, бұлардың сыйымдылық семантикасы тіркес құрамында, мәнмәтінде ғана айқын көрінеді: *үлкен үңгір, даңғарадай үй, дәу дорба; тар киім, шағын бөлме, кішкене қап, кішкентай тесік* т.б.

«Сыйымдылық» ұғымы морфологиялық деңгейде де көрініс табады. Оның берілу жолдары төмендегідей:

- сыйымдылық семантикасы кейбір сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* шырай қосымшалары жалғану арқылы беріледі (*кеңірек, үлкенірек, дәуірек; тарырақ, кішкенерек, кішірек, кеңдеу, үлкендеу; тарлау, шағындау, кішкенеу* т.б.). Бұл шырай қосымшалары

сыйымдылық мөлшерін орталық меже негізінде салыстырып, деңгейлеп көрсетеді.

- сыйымдылық семантикасы сыйымдылық мәнге ие деректі зат есім сөздеріне *-дай, -дей (-тай, -тей)* формасы жалғану арқылы беріледі (*үңгірдей, апандай, иненің көзіндей, қуықтай, дорбадай* т.б.). Бұл сөздердің нақты сыйымдылық семантикасы тіркес құрамында, мәтін ішінде айқындала түседі. Мысалы, *үңгірдей үй, иненің көзіндей тесік, қуықтай бөлме, дорбадай ауыз* т.б.

Сыйымдылық семантикасын білдіретін тілдік бірліктердің үлкен шоғыры синтаксистік деңгейден көрініс табады. Олар да, әдеттегідей, *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* сияқты үш түрлі синтаксистік формада беріледі:

- сыйымдылық семантикасы *тіркесім тәсілі* арқылы беріледі. Мұнда да «көлем», «аудан» ұғымдарымен ұқсас, күшейткіш буындар (*кеп-кең, үп-үлкен, тап-тар, кіп-кішкене, шап-шағын, біп-биттей* т.б.), қайталама қос сөздер (*кең-кең, үлкен-үлкен, дәу-дәу, тар-тар, шағын-шағын, кішкене-кішкене, титтей-титтей* т.б.), күшейткіш үстеулер (*аса үлкен, ерекше дәу, өте кішкене, қабағат үлкен, заламат кең, тым кішкене* т.б.), анықтауыштық қатынастағы тіркестер (*кең дала, кең дүние, үңгірдей үй, қуықтай бөлме* т.б.) арқылы беріледі. Бұлардың да әрқайсысының өзіндік семантикалық ерекшелігі мен стильдік қызметі бар.

- сыйымдылық семантикасы *синтаксистік модельдер* арқылы да беріледі. Айталық, *-дай, -дей (-тай, -тей)* тұлғалы сөздер мен үшінші жақтық тәуелдік жалғаулы сөздің синтаксистік байланысы (*-ы+-дай*) арқылы беріледі. Мысалы, *аузы оймақтай, танауы үңгірдей, аузы апандай, аузы жайындай* т.б.

- сыйымдылық семантикасы *барыс, шығыс септік* жалғаулары мен *шамасында, жетеқабыл, көбірек, артықтау, көптеу* сияқты сөздердің синтаксистік байланысы (*-ге+жете -ге+жетеқабыл, -ден+көп, -ден+артықтау, ге+жақындау* т.б.) арқылы беріледі. Бұл модельдер арқылы шамасы дүдәмал, сыйымдылығы болжау арқылы анықталатын кез келген объектінің сыйымдылық шамасы беріледі. Мысалы, *бір литр шамасында, бір литрге жетеқабыл, бір литрден көбірек, бір литрден артықтау, бір литрден көптеу* т.б. Мұнда нақты меже есебінде сан есім мен өлшем бірлік атауының тіркесінен туындаған мән алынады да, сол шамадан не артық, не кем екені аталған формалардың синтаксистік байланысы арқылы беріледі.

- сыйымдылық семантикасы *синтаксистік конструкциялар* арқылы да беріледі. Мұнда *литр, текше метр, куб, грамм, килограмм, тонна* т.б. халықаралық өлшем бірліктер мен *уыс, қос уыс, шеңгел, құшақ, арқа* сияқты халықтық өлшемдердің конструкция құрамында келуі арқылы нақты сыйымдылық семантикасы туады. Мысалы, *бір уыс топырақ, бір қос уыс жем, бір шеңгел тұз, бір құшақ гүл, бір арқа отын, бір литр жанармай, жүз текшеметр су* т.б.

Ал *саба, мес, күбі, қауға, қап, қанар, дағар, қарын, астау, тостаған, торсық, құман, шәугім, құлы, тайқазан, қазан* т.б. тұрмыстық ыдыс-аяқ бұйымдары мен *машина, камаз, арба, ташке, зембіл* сияқты тасымалдау құралдарының конструкция құрамында мөлшерлік қызмет атқаруының нәтижесінде де сол затпен өлшенетін сыйымдылық өлшемі семантикасын білдіреді. Мысалы, *бір қарын сары май, бір мес қымыз, бір саба қымыз, бір астау*

көже, бір табақ ет, бір тайқазан ет, бір дағар жүн, бір қап бидай, бір күбі су, бір машина құм, бір зембіл қи т.б.

Мұнда конструкция компоненттері өзгермелі болады, сондықтан ол ешқандай тұрақты құрылым емес, керісінше, мөлшер семантикасын білдіретін айрықша синтаксистік құрылым.

Сыйымдылық семантикасы конструкция компоненттерінің аналитика-синтетикалық тәсілі арқылы байланысып, біртұтас құрылым болып келуі арқылы да беріледі:

- конструкция құрамындағы мөлшерлік компоненттерге *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтары жалғануы арқылы да сыйымдылық семантикасы беріледі. Мысалы: *бір литрлік құмыра, елу килограмдық қап, жүз текшеметрлік суқойма, бес тонналық жүккөлік, төрт адамдық көлік, жалғыз адамдық төсек* т.б. Мұнда *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтары сыйымдылық мөлшердің сол шамаға арналғандығын, лайықтығын, жарамдылығын білдіреді.

«Сыйымдылық» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер синтаксистік деңгейде едәуір мол. «Сыйымдылық» ұғымы да, оған жақын басқа мөлшерлік ұғымдар да көбіне заттар мен құбылыстарды өзара салыстыру нәтижесінде анықталатындықтан, оның тілдегі көрінісі де осы ерекшелікті сақтайды. Сондықтан «сыйымдылық» ұғымы түрлі сөздердің тіркесі арқылы көптеп беріледі. Бұл синтаксистік бірліктер үлкен жақтан бір ғана «сыйымдылық» ұғымын білдіргенімен, әрбір форманың өзіне тән семантикалық ерекшелігі, стильдік қызметі бар.

4. «Салмақ» ұғымының тілдік парадигмасы

Табиғаттағы деректі заттардың өзіндік қасиеттеріне қарай *көлемі, ауданы, сыйымдылығы* болумен қатар, олардың салмағы да болуы тиіс. Салмақ жершарының тартылыс күші әсерінен заттардың тіреуіш нүктелерге түсіретін қысымы ретінде беріледі. Кейде тіпті дерексіз заттарды да «салмақ» ұғымы аясында образды түрде сипаттауға болады. «Салмақ» ұғымы өз ішінен *ауыр/жеңіл тіресімдік ұғымына* жіктеледі. Сондықтан тілде де тілдік бірліктер осы *тіресімдік ұғымдар* негізінде құрылымданады. Қазіргі қазақ тілінде лексикалық деңгейде «салмақ» ұғымын білдіретін тілдік бірліктер де негізінен сапалық сын есімдер болып келеді. Ал кейде ауыспалы мағынада сындық ұғымды білдіретін зат есімдер де жұмсалады. Олар мыналар:

Ауыр: *ауыр, зіл, сом, батпан, зілбатпан, зілмауыр, шомбал* т.б.

Жеңіл: *жеңіл, қаңбақ, қаңылтақ, қаңылтақтай* т.б.

Тілімізде салмаққа қатысты лексикалық бірліктердің саны шектеулі болғанымен, бұлардың семантикалық аясы кең, қызметі ерекше. Бұл сөздер лексикалық бірлік ретінде де, мөлшер семантикалы синтетикалық формалар жалғанып та, тіпті аналитикалық тәсілдер арқылы байланысып келіп те «салмақ» ұғымын білдіруге негізгі ұйытқы бола алады.

Бұл сөздердің қатарында тарихи кезеңдерде зат есім сөзі болып, одан кейінгі кезеңдерде *салмақ семантикасы* тірек ұғымға айналып, «салмақ» ұғымын білдіретін сын есім сөздері болып қалыптасқан *зіл, сом* сияқты сөздер де бар. Бұл сөздердің таптық статусының өзгерісіне «салмақ» ұғымдарының да өзіндік әсері барлығын түсіндіреді.

«Салмақ» ұғымы морфологиялық деңгейде де көрініс табады. Оның берілу жолдары төмендегідей:

- салмақ семантикасы «салмақ» ұғымын білдіретін зат есім сөздеріне *-дай, -дей (-тай, -тей)* қосымшалары жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *зілдей, шойындай, қорғасындай, қаңбақтай, қаңылтақтай* т.б.

Мұнда *зіл, шойын, қорғасын, қаңбақ, қаңылтақ* сияқты заттардың өзіне тән басты қасиеттерінің бірі – салмағы, яғни тым ауырлығы мен тым жеңілдігі. Сондықтан *-дай, -дей, -тай, -тей* ұқсату формасы белгілі бір зат салмағын осы зат есімдерге ұқсату арқылы салмақ семантикасын береді. Мысалы:

1) *Қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай* (Ж.Аймауытұлы, Қараторғай).

2) *Мен саған ұқсаған қаңбақтай адамдармен күреспейтін дәумін, – дейді дәу* (Қаз. ертегі).

Бірінші мысалда адам *мінезі* мен *қорғасын*, екінші мысалда *адам* мен *қаңбақ* салмақ жағынан салыстырылып, бірі «ауыр», екіншісі «жеңіл» ұғымдарын берген. Сондай-ақ бірінші мысалда *қорғасын* метафораланып, дерексіз заттық ұғымдарды сипаттауға да қолданылған.

- салмақ семантикасы кейбір сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* шырай қосымшалары жалғану арқылы (*ауырырақ, сомырақ; жеңілдеу, ауырлау, сомдау*, т.б.) беріледі. Бұл шырай қосымшалары салмақ мөлшерін орталық меже негізінде салыстырып, деңгейлеп көрсетеді.

- салмақ семантикасы «салмақ» ұғымын сипаттайтын кейбір зат есім сөздерге *-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі / -сыз, -сіз* жұрнағы жалғану арқылы (*салмақты, зілді; салмақсыз, зілсіз* т.б.) беріледі. Бұл сөздер дерексіз заттық ұғымдарды сипаттауға көбірек қолданылады.

«Салмақ» ұғымын білдіретін тілдік бірліктердің басым бөлігі синтаксистік деңгейге тиесілі. Олар да, әдеттегідей, *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* сияқты үш түрлі синтаксистік формада беріледі:

- салмақ семантикасы *тіркесім тәсілдері* арқылы да беріледі. Мұнда да «көлем», «аудан», «сыйымдылық» ұғымдарымен ұқсас, күшейткіш буындар (*ап-ауыр, зіп-зіл, сап-салмақты; жеп-жеңіл* т.б.), қайталама қос сөздер (*ауыр-ауыр, зілбатпан-зілбатпан; жеңіл-жеңіл, қаңылтақтай-қаңылтақтай* т.б.), күшейткіш үстеулер (*тым ауыр, өте ауыр, тым зілдей, ерекше сом, аса жеңіл, тым жеңіл* т.б.), анықтауыштық қатынастағы тіркестер (*батпан құйрық, қаңбақ шал, ауыр ой, жеңіл сөз, ауыр іс, сом дене, шомбал жігіт* т.б.) арқылы беріледі. Бұлардың да әрқайсысының өзіндік семантикалық ерекшелігі мен стильдік қызметі бар.

- салмақ семантикасы *барыс, шығыс септік* жалғаулары мен *шамасында, жетеқабыл, көбірек, артықтау, көптеу* сияқты сөздердің синтаксистік байланысы (*-ге+жете, -ге+жетеқабыл, -ден+көп, -ден+артықтау, ге+жақындау* т.б.) арқылы беріледі. Бұл модельдер заттардың салмағын белгілі бір нақты салмақ негізінде болжалды түрде сипаттау семантикасын білдіреді. Мысалы, *бір тоннаға жетеқабыл, бір килограмнан көбірек, бір тоннадан артықтау, бір грамнан көптеу* т.б.

Мұндай болжалды салмақ семантикасы құрылымы тұрақтанып бара жатқан анықтауыштық қатынастағы тіркестерге *-дай, -дей (-тай, -тей)* салыстыру формасы жалғану арқылы да беріледі. Мысалы, *түйенің жарты етіндей, жел айдаған қаңбақтай, құйған қорғасындай* т.б.

- салмақ семантикасы *синтаксистік конструкциялар* арқылы да беріледі. Мұнда халықаралық өлшем бірліктер (*грамм, килограмм, тонна* т.б.) мен халықтық өлшем бірліктердің (*мысқал, сәрі, пұт, қадақ, батпан* т.б.) конструкция құрамындағы өзге компоненттермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *бір мысқал алтын, екі сәрі күміс, үш пұт астық, бір батпан қайғы, он қадақ ет, жүз грамм арақ, он килограмм алма, бес тонна көмір* т.б. Конструкцияның үш компоненті ұдайы сақтала бермейді. Кейде тілдің ықшам қолданылуы нәтижесінде бір компоненті қысқарып та қалады, басқа сөздермен ауысып та келеді. Мысалы:

1) *Ағаш тамағын жерден алатыны рас болса, топырақ 4 пұт кемісе керек қой дейді де, бірнеше мысқал ғана кем болып шығады* (А.Байтұрсынұлы, Оқу құралы);

2) *Күніне жарты қадақ нан, бір мезгіл беретін сылдыр сорпа оқумен шұғылданған жас жігіттерге ас болмады* (Ж.Арыстанов).

Берілген екі мысалдағы *мысқал, қадақ* сөздері де бірі *топырақтың*, екіншісі *нанның* нақты салмақ мөлшерін білдіреді. Десе де бірінші мысалда үшінші заттық компонент жоқ, ол күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында *бірнеше мысқал* тіркесімен алшақ тұрып байланысып тұр. Ал екінші мысалда сан есім компонентінің орнын сандық ұғымды білдіретін сын есім сөздері ауыстырған. Алайда екі конструкцияда да салмақ семантикасының мазмұны бұзылмай, дұрыс берілген.

5. «Қашықтық» ұғымының тілдік парадигмасы

Қашықтық кез келген заттардың өз бойындағы екі нүктенің немесе бір зат пен екінші заттың, тіпті әлденеше заттың аралық межесі саналады. Бұл меже түзу сызықтың бойында да, қисық сызықтың бойында да жатады. «Көлем», «сыйымдылық», «аудан» ұғымдарының өзі де көптеген арақашықтық шамалардың жиынтығынан құралады. Сондықтан заттардың *ұзындығы* мен *қысқалығы*, *биіктігі* мен *аласалығы*, *қалыңдығы* мен *жұқалығы*, *тереңдігі* мен *таяздығы*, *алыстығы* мен *жақындығы*, *жуандығы* мен *жіңішкелігі*, *кеңдігі* мен *тарлығы* – бәрі де екі нүктенің арақашықтығы. Қашықтық – заттардың заттық қасиеттерінің бірі. Қашықтық екі бағытта болады. Олар – көлденең және тік бағыттар. Қай бағытта болсын, осы қашықтық межелі екі нүктеден тыс кетпейді. Бұл туралы Ш.Бекмағамбетов былай дейді: «Тіліміздегі *ара, арасы, орта, ортасы* сөздерінің мағынасы әуелде «өз» (осы) ұғыммен бірдей болған, яғни екі немесе бірнеше заттың ортасындағы, сол заттардан бірдей қашықтықта орналасқан нүкте, орын. Кейін келе бұл ұғым болжалдық мәнге ауысып, жалпы екі немесе бірнеше денелердің аралығы, арақашықтығы ұғымын білдіретін болған» [223, 98 б.].

Қашықтық семантикасы тілдің әр деңгейінде де көрініс табады және әлденеше *тіресімдік ұғымдардан* құралады. Қашықтықты құрайтын микроұғымдарды затқа қатысына қарай былайша жіктеуге болады: Бір заттың жеке өзіне байланысты – *ұзын, қысқа*; екі заттың арақашықтығына байланысты

– *алыс, жақын*; белгілі заттың ішкі бөлігіне байланысты – *кең, тар*; жер бетінен жоғары қарай – *биік, аласа*; жер бетінен төмен қарай – *терең, таяз, қалың, жұқа* т.б.

«Қашықтық» ұғымын білдіретін лексикалық бірліктер біршама мол. Олардың көпшілігі сын есімдер, кейде сындық ұғымды білдіретін зат есімдер. Қашықтық семантикасы жоғарыда аталған *тіресімдік ұғымдары* аясында мынадай лексикалық бірліктер арқылы беріледі:

Ұзын/қысқа: *ұзын, қысқа, келте, шолақ, кеспелтек, молтық* т.б.

Алыс/жақын: *алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, ары, шалғай, жырақ, аулақ, алыс, қырым, шырқау, қиуа, керік; жақын, таяу, тақау, бері, бермен, жуық, жиі, тығыз, жуыр* т.б.

Биік/аласа: *биік, жоғары, аңсағай, еңсегей, сұңғақ, бойшаң, зәулім, асқар, талғар, заңғар, құз; аласа, тапал, тәпелтек, тайпақ, талпақ, мыртық, пәс, қортық, тырбақ, мақар, бәкене, мыртес, бақалтақ, жатаған, мәстек, быртық, тәштек, шәлтік, мықыр, шарғы, мыртиған, тәпене, мырық* т.б.

Терең/тайыз: *терең, тұңғық, ойыс, шұңғыл, шұңқыр, шыңырау; таяз, саяз, тайыз* т.б.

Қалың/жұқа: *қалың, том, бттам, сіреу; жұқа, жалаң* т.б.

Кең/тар: *кең, тар* т.б.

Бұл *тіресім* құрайтын лексикалық бірліктердің әрқайсысының ішкі семантикалық ерекшелігі бар және тілде функционалды стиль түрлеріне байланысты әр алуан қызметте жұмсалады.

«Қашықтық» ұғымы морфологиялық деңгейде де көрініс табады. Қашықтық семантикасын білдіретін синтетикалық формалар төмендегідей:

- қашықтық семантикасы кейбір деректі зат есім сөздеріне *-дай, -дей, -тай, -тей* қосымшасы жалғану арқылы беріледі (*қарағайдай, құрықтай, теректей* т.б.). Мысалы, *Мүйізі қарағайдай алып өгізді жан-жағынан тиген он бүгелек қызыл танау етіп шапқылатып, жанын қоярға жер тапқызбайды* (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Мұнда өгіздің мүйізіне *қарағай* әсерелеулі балама болса да, жалпы «мүйізі тым ұзын» деген мағынаны білдіріп, мүйіздің ұзын болуының өзі өгіздің дене бітімі үлкен, алып екенін сипаттайтын белгі болып тұр. Яғни *қарағайдай* сөзі қашықтық (ұзындық) ұғымын білдірумен қатар, стильдік қызмет те атқарып тұр.

- қашықтық семантикасы «қашықтық» ұғымын білдіретін сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* салыстырмалы шырай қосымшалары жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *ұзынырақ, қысқарақ, жақынырақ, биігірек, тереңірек, қалыңырақ, жұқарақ, кеңірек, тарырақ; ұзындау, қысқалау, алыстау, қашықтау, ұзақтау, жуықтау, тығыздау, жоғарылау, аласалау, тапалдау* т.б. Бұл шырай қосымшалары белгілі бір «қашықтық» ұғымының дәл өзі емес, соған жақындау, жуықтау ұғымдарын білдіреді.

- қашықтық семантикасы кейбір сапалық сын есімдер мен зат есімдерге *-ша, (-ше,) -шақ, (-шек), -шаң, (-шең)* қосымшалары жалғану арқылы (*ұзыншақ, ұзынша, биікше, дембелше, бойшаң* т.б.) беріледі. Бұл қосымша да шырай қосымшалары секілді белгілі бір қашықтық шаманың нақты, дәл өзіне тең емес, соған жақындық, соған деңгейлестік семантикасын білдіреді. Мысалы: *Бір топ*

талдың арасынан жөнсіз киінген, қырбық қара мұртты, көркемше, бойшаң жігіт шыға келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

«Қашықтық» ұғымы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Бұл деңгейде де, әдеттегідей, *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* сияқты үш түрлі синтаксистік формада беріледі:

- қашықтық семантикасы *тіркесім тәсілдері* арқылы беріледі. Мұнда да өзге ұғымдарымен ұқсас, күшейткіш буындар (*ұп-ұзын, қып-қысқа, жап-жақын, ап-аласа, тап-таяз, қап-қалың, кеп-кең* т.б.), қос сөздер (*қиыр-шет, алыс-шалғай, ұзын-сонар* т.б.), қайталама қос сөздер (*ұзын-ұзын, алыс-алыс, жақын-жақын, жиі-жиі, биік-биік, қалың-қалың* т.б.), қарсы мәнді қос сөздер (*ұзынды-қысқалы, алыс-жақын, жоғары-төмен* т.б.), күшейткіш үстеулер (*ерекше ұзын, тым алыс, өте жоғары, едәуір терең, ерекше жұқа, өте тар* т.б.) арқылы беріледі.

Қашықтық семантикасы синтаксистік модельдер арқылы да беріледі. Олар төмендегідей:

- тәуелдік жалғауының үшінші жағы мен салыстыру формасының (-ы+ -дай) байланысы арқылы: *мойыны құрықтай, бойы сырықтай, саусағы сояудай* т.б.

- шығыс септігі мен (-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен) келеді (*келмейді*) көмекші етістіктің синтаксистік байланысуы арқылы беріледі: *алакөл асығынан келеді, Алатау асығынан келеді, Сырдың суы сирағынан келеді, белуардан келеді, ыықтан келеді* т.б.

- барыс септігі (-ға, -ге, -қа, -ке, -на, -не) мен *дейін, шейін* демеуліктерінің байланысы арқылы беріледі: *ернеуіне дейін, кірбегіне дейін, беліне дейін, ыығына дейін, мұрнына дейін, көзіне дейін, құлағына дейін* т.б.

- ыңғайлас жалғаулықтар (*мен, бен, пен*) мен салыстыру формасының (-дай, -дей, -тай, -тей) байланысы арқылы беріледі: *есік пен төрдей, жер мен көктей, аспан мен жердей, Алматы мен Астанадай (арасы)* т.б.

- салыстыру формасы (-дай-, *дей, -тай, -тей*) мен тәуелдік жалғаулы жері, бөлігі сияқты сөздердің байланысы арқылы беріледі: *бір қарыстай жері, бір құлаштай бөлігі, бір метрдей бөлігі, бір шақырымдай жері* т.б.

Қашықтық семантикасы синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі. Оның өзі *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысады. Аналитикалық тәсілдер:

- халықтық (*елі, қарыс, кез, табан, адым, құлаш, шақырым* т.б.) және халықаралық (*миллиметр, сантиметр, дециметр, метр, километр* т.б.) өлшем бірліктердің конструкция компоненттерімен аналитикалық байланысы арқылы беріледі: *бір елі (қазы), екі қарыс (жіп), үш кез (бұл), он метр (ағаш), жүз километр (қашықтық)* т.б.;

- зат есімдер (белгілі бір ұзындық мәні бар) мен *бойы* сөзінің тіркесі арқылы жасалады. *Ат бойы, кісі бойы, арқан бойы, найза бойы, қамшы бойы, ағаш бойы, бақан бойы, оқ бойы, құрық бойы, сырық бойы* т.б. Мұндай тіркесім түрлерінде конструкцияның үшінші компоненті ұдайы қысқарып келеді. Бұл тіркес құрамын *найза бойы қар, ат бойы шалғын* деп толықтырғанда анық көрінеді.

- тұрақты құрылымға айналып кеткен синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі: *итарқасы қиянда, ит өлген жер, көз көрмес, құлақ естімес жер* т.б.

Аналитика-синтетикалық тәсілдер арқылы:

- сөзжасамдық *-ым, -ім* жұрнақтары жалғанған сөздердің (*лақтырым, тастам, шаптырым, созым, әудем, аттам*) мөлшерлік компонент ретінде конструкцияның өзге компоненттерімен байланысы арқылы беріледі: *қол созым жер, таяқ тастам жер, ат шаптырым жер, әудем жер, бір көш жер, қозы көш жер* т.б. Мұндағы кейбір құрылымдарда сан есімдер қысқарып кеткен;

- сөзжасамдық *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтары жалғанған сөздердің (метрлік, тонналық т.б.) мөлшерлік компонент ретінде конструкцияның өзге компоненттерімен байланысы арқылы: *бір метрлік сызғыш, төрт метрлік тақтай, жиырма метрлік арқан* т.б.;

- *-дай, -дей -тай, -тей* салыстыру формасы жалғанған сөздердің мөлшерлік компонент ретінде конструкцияның өзге компоненттерімен байланысы арқылы беріледі: *бір шақырымдай, бір адымдай, бір құлаштай, бір қарыстай, бір елідей, бір метрдей, бір километрдей* т.б.

Синтаксистік деңгейде «қашықтық» ұғымын білдіретін тілдік бірліктердің саны шексіз көп, берілу жолдары, тәсілдері де біршама күрделі. Олардың құрамы кейде төрт, бес сөзге дейін жетеді. Дегенмен, қанша құрамды болса да, бір ғана «қашықтық» ұғымын білдіреді. Олардың өзінде белгілі заңдылық қалыптасқан. Яғни түрлі сөздер мен синтетикалық, аналитикалық формалардың тіл заңдылығына сәйкес байланысы арқылы жасалады.

6. «Уақыт мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы

Уақыт пен кеңістік – абсолюттік ақиқат. Тек адамзат қана емес, бүкіл әлем, болмыс, осы екі ұғым аясында өмір сүреді. Адамзат өмірлік тәжірибесінде «уақыт» ұғымын әртүрлі ұғымдармен байланыстырып, әр қырынан танып келеді. Солардың ішінде ең бастысы – мөлшер, өлшем ұғымы ретінде тануы. Болмыстағы кез келген зат пен құбылыстың пайда болуы, дамуы, өмір сүруі, құрып жоғалу, басталу, жалғасын табу, аяқталу сәті болады. Яғни уақытпен өлшенетін өміршендік мерзімі болады. Бұл «уақыт мөлшері» ұғымын қалыптастырады және тілдік жүйеде кеңінен өріс алып, тіл бірліктері арқылы көрініс табады. Уақыт болмыстағы заттардың барлығына ортақ және бірдей. Алайда оның ұғымға айналуы мен тіл бірліктерінен көрініс табуы әр халықта, әр этноста, әр ұлтта өзіндік ерекшеліктер сақталады. Мұның өзі халықтың тұрмыс-тіршілігіне, рухани құндылықтарына байлаулы. «Уақыт мөлшері» ұғымы тілдің барлық деңгейінен де кеңінен көрініс табады. Алайда оның тілдегі берілу формасы басқа мөлшерлік ұғымдардан сәл өзгешелеу.

«Уақыт мөлшері» ұғымы лексикалық деңгейде көрініс табады. Уақыт мөлшері семантикасын *ғасыр, жыл, ай, тәулік, күн, түн, сағат, минут, секунд, былтыр, биыл, келер жылы, кеше, бүгін, ертең, жаз, қыс, көктем, күз* т.б. мезгіл үстеулері мен уақыт, мезгіл атаулары білдіреді. Бір қарағанда бұл сөздер ешқандай уақыт мөлшерін білдірмейтін сияктанып көрінеді. Алайда бұл сөздер де уақыт мөлшері семантикасын бере алады. Мұндағы кез келген сөз белгілі уақыт, мезгілдің заттық атауы болса, екінші жағынан, шартты түрде бөлінген уақыт шегінің атаулары ретінде оның ішкі уақыттық мәнін де білдіреді. Бұл лексикалық бірліктер тілдегі барлық уақыт мөлшері семантикасын білдіретін тілдік бірліктерге ұйытқы болады.

«Уақыт мөлшері» ұғымы морфологиялық деңгейде де көрініс табады. Оның синтетикалық формалары төмендегідей:

- уақыт мөлшері семантикасы мезгіл, уақыт атауын білдіретін сөздерге көсемшенің *-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп* жұрнағы жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *ғасырлап, жылдап, айлап, апталап, сағаттап* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы мезгіл үстеулерге *-ша, -ше* жұрнағы жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *уақытша, қазірше, бүгінше, өле-өлгенше, кетеркеткенше, қас қаққанша, көзді ашып-жұмғанша, ә дегенше* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы мезгіл мәнді зат есім сөздеріне *-шылық, -шілік* жұрнағы жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *айшылық, күншілік* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы мезгіл мәнді зат есім сөздеріне *-дай, -дей* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *жаздай, қыстай*. Бұл сөздердің алдына *ала* сөзі анықтауыш ретінде тіркесіп келіп те сол мағынаны білдіреді. Мысалы, *ала жаздай, ала қыстай* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы көмектес септігінің түбірге кірігіп, көнеленуінің нәтижесінде үстеуге айналып кеткен сөздер арқылы да беріледі. Мысалы, *түнімен, күнімен*. Мұнда *мен* көмектес септігі *бойы* көмекші сөзінің қызметін атқарып тұр.

«Уақыт мөлшері» ұғымы синтаксистік деңгейде де кеңінен көрініс табады. Бұл деңгейде де, *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* сияқты үш түрлі синтаксистік формада беріледі:

Уақыт мөлшері семантикасы мынадай *тіркесім тәсілдері* арқылы беріледі:

- уақыт мөлшері семантикасы кейбір сын есім сөздері мен (*ұзақ, қысқа, көп, аз, шекті, шексіз* т.б.) *уақыт, мерзім, жыл* сөздердің қабыса тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *ұзақ уақыт, ұзақ мерзім, ұзақ жыл, шекті уақыт* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы жатыс септік жалғаулы *арада, күнде, жылда* сөзі мен *тез, жуық, жақын* сын есім сөздерінің талғап тіркесуі арқылы беріледі. Мысал: *тез арада, жақын арада, жуық арада (жуырда), жақын күнде, жақын жылда* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы анықтауыштық қатынастағы тіркестерде бағыныңқы сыңардың қайталанып келуі арқылы да беріледі: *ұзақ-ұзақ жылдар, ұзақ-ұзақ уақыт, талай-талай ғасырлар* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы *бірқыдыру, біршама, біраз, бірталай, бірнеше* сияқты мөлшер үстеулер мен уақыт, мезгіл атауларын білдіретін зат есімдердің (*уақыт, жыл, ай, апта, тәулік, күн, сағат* т.б.) тіркесі арқылы беріледі. Мысалы, *біраз уақыт, бірталай уақыт, бірнеше жыл, оншақты апта, біраз күн, бірнеше сағат* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы барыс септігі жалғанған есептік сан есімдер (заттанған) мен зат есімдерге *қарай, таман, салым, таяу, жақын* сөздерінің тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *екіге қарай, бірге таман, үшке таяу, төртке жақын, кешке қарай, түске таман, таңға жақын, күзге салым, қысқа таяу* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы уақыт мөлшерін білдіретін барыс септігі жалғаулы күрделі сөздер мен *дейін (шейін)* септеулік шылауларының тіркесі арқылы беріледі: *бір ғасырға дейін (шейін), бір жылға дейін (шейін)* т.б.;

- уақыт мөлшері семантикасы шығыс септігі жалғаулы мезгіл, уақыт атаулары мен *бұрын, бері, кейін, соң* септеулік шылауларының синтаксистік байланысы арқылы беріледі. Мысалы, *бір ғасыр(дан) бұрын, бір ғасырдан кейін, бір ғасырдан соң, бір ғасырдан бері* т.б.;

- шығыс септік жалғаулы сілтеу есімдіктері (*бұдан, мұнан, содан, сонан, одан, осыдан, онан*) мен *бұрын, бері, бастап, кейін, соң* көмекші сөздерінің тіркесі арқылы жасалады. Мысалы, *бұдан бұрын, мұнан бастап, содан бері, содан соң* т.б.;

- шығыс септігі жалғаулы уақыт кезеңдерін білдіретін (*бұрыннан, баяғыдан, ертеден, талайдан, ежелден, атамзаманнан* т.б.) сөздері мен *бастап, бері, кейін, соң* көмекші сөздердің тіркесі арқылы жасалады. Мысалы, *бұрыннан бері, ертеден бастап, талайдан бері, ежелден бастап, атамзаманнан бері, жақыннан бастап, жақыннан бері* т.б.

Уақыт мөлшері семантикасы мынадай синтаксистік модельдер арқылы беріледі:

- уақыт мөлшері семантикасы шығыс септігі мен барыс септігі тұлғалы мезгіл үстеулердің, *дейін (шейін)* сөздермен ((-дан)+(-ға)+шейін формасында) қабаттаса тіркесу арқылы беріледі: Мысалы, *былтырдан биылға дейін (шейін), көктемнен жазға дейін (шейін), шілдеден тамызға дейін* т.б. Бұл тіркес модельдер белгілі істің не уақыттың басталған кезі мен аяқталған кезінің межесін білдіреді.

«Уақыт» ұғымы синтаксистік конструкциялар арқылы да беріледі. Мұның өзі *аналитикалық және аналитика-синтетикалық* тәсілдер арқылы байланысады:

- уақыт мөлшері семантикасы уақыт мезгіл атауларының конструкция құрамында келіп, конструкцияның сан есім (бірінші) компоненті мен зат есім (үшінші) компонентінің синтаксистік байланысы арқылы беріледі. Мысалы, *бір гасыр уақыт, бір жыл уақыт, бір ай уақыт, бір апта уақыт* т.б. Бұл құрылым көп жағдайда тілдің икемді, ықшам қолданылу заңына сәйкес конструкцияның үшінші заттық компоненті қысқарып айтылады. Мысалы: *бір гасыр, бір жыл, бір ай, бір апта, бір тәулік, бір күн* т.б.

- уақыт мөлшері семантикасы *уақыт, жыл, ай, апта, тәулік, күн, сағат* сияқты уақыт, мезгіл атауларына *бойы* көмекші сөзінің тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *гасырлар бойы, жылдар бойы, айлар бойы, апталар бойы, тәулік бойы, күні бойы, түні бойы* т.б. Мұнда конструкцияның сан есім компоненті ықшамдалған. Оның қызметін мөлшерлік компонентке жалғанған көптік жалғауы атқарады.

- уақыт мөлшері семантикасы конструкцияның құрылымы тұрақтанып, тұрақты сөз тіркестері сияқты болып кеткен халықтық өлшемдер арқылы беріледі. Мысалы: *сүт пісірім уақыт, шай қайнатым уақыт, бие сауым уақыт, ет асым уақыт* т.б.

- уақыт мөлшері семантикасы *-лық (-лік), -дық (-дік), -тық (-тік)* жұрнақтары конструкция құрамында уақыт, мезгіл атауларына, яғни мөлшерлік компонентке жалғанып келуі арқылы беріледі. Мысалы, *мың жылдық өкініш, бір гасырлық тарих, бір жылдық оқу, бір айлық демалыс* т.б.

7. «Күн мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы

Болмыстағы заттардың қасиеті сан қырлы. Сол қасиеттерінің ішінде бөлек тұратын, әрі әрбір заттың сан түрлі қасиетінің тоғысуынан туындайтын, барлық заттарға ортақ тағы бір дерексіз, абстракттілі қасиеті – құны. Құн – болмыстағы заттарда ежелден бар нәрсе емес және заттарға қажет те нәрсе емес. Заттардың

құны қажеттілікке қарай санада туындайды және ол әр дәуір, әр кезең, әр ғасыр, әр жыл, әр ай, әр күн сайын өзгеріп отырады. Сондықтан «құн» ұғымы қоғам, адам өмірімен тікелей байланысты болады. Құндылық өзгерген сайын құн да өзгеріп отырады. Оның мұндай өзгермелі, бағалауыштық қасиеті «құн мөлшері» ұғымын қалыптастырады. «Құн» *арзан/қымбат тіресімдік* ұғымдарынан құралады. Сондықтан тілде «құн мөлшері» ұғымы осы оппозициялар аясында көрініс табады.

Қай дәуірде де құнның баламасы – ақша немесе ақша орнына жүретін бағалы бұйымдар. Сондықтан «құн» ұғымын ең әуелі лексикалық деңгейде ақша атаулары, зат есімдер білдіреді: *теңге, тиын, күміс, алтын, сом, бақыр, соқыр, жармақ, ділда, динар, жамбы, тайтұяқ, қойтұяқ, аттұяқ* т.б. Бұл ақша атаулары құнның баламасы, өлшемі болумен қатар, ең бағалы тауар саналады.

- «құн мөлшері» семантикасы кейбір сапалық сын есімдер мен сындық ұғымды білдіретін зат есімдер, көмекші сөздер арқылы беріледі: *арзан, тегін, сутегін, төмен; қымбат, жоғары, өрт, удай* т.б.

Бұл лексикалық бірліктердің ішінде *арзан, қымбат* сөздері таза құн мөлшері үшін қолданылады. Ал *төмен, жоғары* сөздері ауыспалы, келтірінді мағына арқылы белгілі зат пен заттық ұғымның құн мөлшерін образды түрде бейнелейді. *Тегін* мен *сутегін* сөздерінің негізі бір. Бұл сөздер тура мағынасында құнсыздық, ешқандай өтемақысыздық семантикасын білдіреді. Шындығында, «өте арзан» ұғымын береді. Ал «өрт» сөзі базарда сауда-саттықтың өрттей қызып, өтімді болуына байланысты, бағасы шарықтап, қымбаттап кетуіне балама ретінде алынған образды ұғым.

«Құн мөлшері» семантикасы морфологиялық деңгейде синтетикалық формалар арқылы да беріледі:

- «құн мөлшері» семантикасы «құн» ұғымын білдіретін сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу* шырай қосымшалары жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *арзанырақ, қымбатырақ, бағалырақ, құндырақ, төменірек, жоғарырақ, арзандау, қымбаттау, төмендеу, жоғарылау, құндылау* т.б.

- «құн мөлшері» семантикасы «құн» ұғымын білдіретін зат есім сөздеріне *-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі; -сыз, -сіз* қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *бағалы, құнды, қымбатты, татымды, татымсыз, бағасыз, құнсыз* т.б.

1) *Мұхиттан сүзіп шығарған,*

Қымбатты гауһар бағасы (Ақтамберді жырау);

2) *Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті*

Қылғанменен татымды бермес жеміс (Абай).

«Құн мөлшері» ұғымы синтаксистік деңгейде де көрініс табады. Мұнда *аналитикалық тәсілдер, аналитика-синтетикалық тәсілдер* арқылы байланысқан *тіркестер, синтаксистік модельдер, синтаксистік конструкциялар* сияқты үш түрлі синтаксистік формада беріледі:

- «құн мөлшері» семантикасы күшейткіш буындар (*ап-арзан*), қайталама қос сөздер (*арзан-арзан, қымбат-қымбат* т.б.), күшейткіш үстеулер (*өте арзан, қатты арзан, едәуір арзан, аса төмен* т.б.) арқылы беріледі.

- «күн мөлшері» семантикасы үш компонентті мөлшерлік конструкциялар арқылы беріледі: *бір теңге (ақша), мың теңге (ақша), он ділдә (ақша), бір сәрі күміс, жүз сәрі алтын, бір сом (ақша), бір тиын (ақша), мың жармақ (ақша)* т.б.

- «күн мөлшері» семантикасы конструкция құрамындағы мөлшерлік компонентке *-дай, -дей (-тай, -тей)* қосымшасы жалғану арқылы беріледі. Мысалы, *бір теңгедей (ақша), он теңгедей (ақша), жүз теңгедей (ақша)* т.б.

- «күн мөлшері» семантикасы конструкция құрамындағы мөлшерлік компонентке *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* қосымшалары жалғану арқылы беріледі. Мысалы: *бір теңгелік сіріңке, он теңгелік темекі, жүз теңгелік арақ, мың теңгелік ет, он мың теңгелік аяқкиім* т.б.

8. «Сандық мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы

Табиғаттағы, болмыстағы заттар мен құбылыстардың тағы бір ажырамас белгісі – саны, сандық мөлшері. Яғни заттарда, өзге мөлшерлік ұғымдарымен қатар, қандай да бір сандық мәні болады. Заттар біреу ме? Жоқ, әлденешеу ме? Ол да – ұғынуды қажет ететін зат мазмұны. Тілде заттардың санын білдіру қызметін тек сан есімдер ғана атқармайды, кейде айрықша стильдік мақсат, тілдік қажеттілік туғанда сандық ұғымды білдіретін түрліше сөздер мен құрылымдар қолданылады. Тіпті, кейде сандық семантиканы беруде бұл «сандық» ұғымды білдіретін сөздердің қызметі ерекше. Кейде сан есімдер атқара алмайтын айрықша тілдік қызметі бар. Мұндай «сан есім емес» сөздер, бір жағынан, сандық семантиканы білдірсе, екінші жағынан, сол заттарды сапа, сын, қасиет жағынан сипаттайды. Мысалы, *түп, қора* сөздерін алайық: *түп* – діңі бар, жер бетінен өсіп шыққан өсімдіктерге (*ағаш түрлеріне*) қолданылады; ал *қора* – бірлесіп өмір сүретін, тобымен жүретін, жануарларға, аң-құстарға қатысты қолданылады. *Бір алма* десек, бір тал алманы (жемісті), *бір түп алма* десек, алма ағашының бір түбін (өсімдікті); *бір қой* десек, қойдың біреуін (мал), *бір қора қой* десек, белгілі сандық мәнге ие қойдың тобын көрсетеді. Міне, сандық мөлшерліктердің сан есімдерден ерекшеленетін осындай лексика-грамматикалық қызметі бар. Демек, сандық мөлшерліктер белгілі заттың бірлік мәндегі санын немесе әлденеше сандық мәнінің шоғырын көрсетеді.

Олай болса, *сандық мөлшерліктерге* мына сөздерді жатқызуға болады: *сабақ, шоқ, буда, тал, топ, түп, ауыз, қора, үйір, бас, дана, пар, жұп, есе, жаңқа, қабат, қанат, түрлі, қатар, тізбек, шумақ, тұяқ, түйір, бет, орам, бума, парақ, тайпа, рулы, ауыл, ұя, шақпақ, келе, табын, отар* т.б.

Сандық мөлшер семантикасы негізінен күрделі құрамдар арқылы беріледі. Мұнда мөлшерлік конструкция бұның ең оңтайлы жолы. Сондықтан жоғарыдағы сөздердің бәрінің де сандық, зат қасиетін сипаттау семантикасы осы конструкция құрамында нақты ашылады. Жоғарыдағы сандық мөлшерліктердің ішінде ең жиі қолданылатыны *тал, топ* сөздері. Мұнда *тал* сөзі бірлік ұғымды, *топ* сандық көптікті білдіреді. Осы үш сөз адам, жан-жануар, өсімдік, аң-құстардың, т.б. барлығына қатысты айтылады. Мысалы, *бір тал гүл, бір тал шөп, бір тал алма, бір тал сіріңке, бір тал бала, бір тал шаш; бір топ гүл, бір топ адам, бір топ ағаш* т.б.

Бұл тіркестердегі *тал* сөзі мынадай мағыналарды білдіреді:

- 1) «бір» сандық ұғымын білдіреді;
- 2) «ұзын, жіңішке» деген сандық ұғымды білдіреді;

3) «жар дегенде жалғыз» деген сындық ұғымды білдіреді т.б.;

Ал *топ* сөзі мынадай мағыналарды білдіреді:

1) әлденеше сандық ұғымды білдіреді;

2) бір жерге шоғырлы орналасқанды білдіреді;

3) заттардың ажырамай, жұбын жазбай бірге жүретіндігін білдіреді т.б.

Бұл тіркестерде, көбіне, *бір* сөзі мен *топ*, *тал* сөздерінің семантикалық жағынан тоғысып, бір күрделі сөз ретінде қалыптасу құбылысы да бар.

- өсімдіктерге ғана қолданылатын сөздер: *түп*, *шоқ*, *буда*, *сабақ*, *сап* т.б.

Бұл сөздерден мынадай тіркестер түзіледі: *бір түп ағаш*, *бір шоқ гүл*, *бір буда*, *бір күлте гүл*, *бір сабақ гүл*, *бір сап жүзім* т.б.

Бұлар жеке тұрғанда дербес лексикалық мағынасы бар зат есім сөздер. Десе де мөлшерлік қызметінде жиі қолданылуына байланысты кейде лексикалық мағынасы көмескіленгендей, қандай да бір сөздердің тіркесуін қажет етіп тұрғандай болып көрінеді. Бұл сөздер өсімдіктердің өзіндік сипатына байланысты қалыптасқан. Яғни діңі бар, жер бетінен өсіп шыққан қандай да бір өсімдікке *түп* сөзі қолданылса, бір сабақтан тараған немесе бір сапқа тізіліп тұрған жеміс, өсімдіктерге сол қасиетіне байланысты *сап*, *сабақ* сөзі қолданылады. Ал өсімдіктердің жиынтық түрін не әдемілігін білдіруге *шоқ*, *буда* сөздері қолданылады. Бұдан осы мөлшерліктер заттардың сандық мөлшерін білдірумен қатар, ең басты сындық белгісін де білдіретіндігі айқын көрінеді.

- адамдар тобына қатысты қолданылатын *тайпа*, *ру*, *ауыл* т.б. сөздерден мынадай тіркестер жасалады: *бір тайпа ел*, *бір рулы ел*, *бір ауыл ел* т.б.;

- малға, жан-жануарларға ғана қолданылатын *үйір*, *қора*, *табын*, *отар*, *келе*, *бас*, *тұяқ*, *соқыр* т.б. сөздерден мынадай тіркестер жасалады: *бір үйір жылқы*, *бір үйір қасқыр*, *бір бас сиыр*, *бір қора аң*, *бір тұяқ қой*, *бір келе түйе*, *бір соқыр түйе*, *бір табын сиыр*, *бір отар қой* т.б.;

- жұп заттарға қолданылатын *пар*, *жұп* т.б. сөздерден мынадай тіркестер жасалады: *бір пар шұлық*, *бес пар ат*, *бір жұп аяқкиім*, *бір жұп қолғап* т.б.;

- әртүрлі заттарға аралас қолданылатын *жасар*, *ауыз*, *сабақ*, *бас*, *шумақ*, *қабат*, *дана*, *қатар*, *тізбек* т.б. сөздерден мынадай тіркестер жасауға болады: *жетпіс жасар қария*, *бір ауыз сөз*, *бір ауыз үй*, *бір сабақ жіп*, *бір бас сарымсақ*, *бір бас сиыр*, *екі қабат үй*, *бес дана қарбыз*, *екі қатар кітап*, *бір тізбек маржан* т.б.;

- заттардың сандық мөлшер семантикасы қайталама қос сөздер арқылы да беріледі. Мысалы: *құшақ-құшақ гүл*, *тал-тал шаш*, *топ-топ адам*, *түп-түп ағаш*, *үйір-үйір жылқы*, *отар-отар қой* т.б. Мұнда аталған мөлшерліктердің сан есімнің орнына жұмсалғаны нақты көрініс табады.

Конструкцияның мөлшерлік компоненті синтетикалық формаларды да қабылдап, болжалды сандық семантика тудырады. Бұл төмендегідей:

- сандық мөлшер семантикасы *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* салыстыру формасының конструкцияның құрамында келуі арқылы беріледі. Мысалы, *бір қорадай*, *бір үйірдей*, *екі тізбектей*, *үш шумақтай*, *төрт орамдай*; *бір қорадай қой*, *бір үйірдей жылқы*, *екі тізбектей маржан*, *үш шумақтай өлең*, *төрт орамдай қағаз* т.б.;

- сандық мөлшер семантикасы *-лап*, *-леп*, *-дап*, *-деп*, *-тап*, *-теп* жұрнағының конструкцияның құрамында келуі арқылы беріледі. Мысалы, *бір талдап* (*бір-бірлеп*), *қоралап*, *үйірлеп* т.б.

9. «Сан мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы

Болмыстағы заттар мен құбылыстардың мөлшері нақты сан арқылы да сипатталады. Бұл – заттардың есептік саны. Ал «сан мөлшері» болмыстағы заттардың нақты есептік саны емес. Ол – топтап, мөлшерлеп, шамалап, жобамен айтылған зат санының мөлшері. Ол көбіне нақты санды көрсетпейді, нақты сандық мәнге жуық сандық шаманы көрсетеді.

Сан есімдердің мағыналық топтарының ішінде нақты сандық мәнді білдірмейтін, сандық мәні мөлшермен ғана берілетін (болжалдық, топтық) сан есім топтарының бар екені белгілі. Бұл топтағы сан есімдердің білдіретін лексикалық мағынасының өзегінде есептік сан есімдердің мәні тұрады да, сол шамада аздап артық не кем екені мөлшермен айтылады. Сан мөлшерін білдіретін сан есімнің мұндай мағыналық топтары санау мүмкін болмаған немесе санауды қажет етпейтін тілдік қолданыстарға орай қалыптасқан. Ал мұндай қолданыстар көбіне мөлшерге қатысты болады. Сан мөлшері де жалпы «мөлшер» ұғымын құрайтын кіші ұғымдардың қатарына жатады. Олай болса, *сан мөлшері дегеніміз – болмыстағы заттар мен құбылыстардың, қимыл-әрекеттің сандық мәнінің болжалмен айтылған шамасы.*

Сан мөлшері семантикасы лексикалық деңгейде берілмейді. Ал морфологиялық, синтаксистік дейгейде көптеп кездеседі.

Морфологиялық деңгейде:

- сан мөлшері семантикасы есептік сан есімдерге *-лаған, -леген, -даған, -деген, -таған, -теген* жұрнақтары жалғану арқылы беріледі (*ондаған, жүздеген, мыңдаған* т.б.). Мысалы:

- 1) *Қазірдің өзінде мыңдаған ерлеріміз шалғай жерлерде жүр* (М.Дулатұлы);
- 2) *Ұлы дала мыңдаған жылдар бойы тағаттылықтың мекені болды* (Н.Назарбаев).

Бұл екі мысалда да *ерлер* мен *жылдар* санының нақты қанша екені белгісіз, оның контекске нақтылығының да қажеті жоқ.

- сан мөлшері семантикасы есептік сан есімдерге *-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп* жұрнақтары жалғану арқылы беріледі (*ондап, жүздеп, мыңдап, онмыңдап* т.б.) Мысалы, *Егер біз бұған дейін жүздеп, мыңдап қырған болсақ, енді, қажет болғанда, он мыңдап қыра алатын ұйым, аппарат құратын мезгіл келді* (Ғ.Қабышұлы, Сегіз ауыз сөз).

Мұнда да *жүздеп, мыңдап, он мыңдап* сөздері нақты сол сандарды емес, «осы санның шамасында» деген сандардың болжалды мөлшерін білдіреді.

- сан мөлшері семантикасы есептік сан есімдерге *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғану арқылы беріледі (*елудей, жүздей, мыңдай* т.б.). Мысалы, *Дәл осы күннің түс кезінде Құнанбай жүз елудей атбал азаматқа ең жүйрік аттарды мінгізіп, қолдарына тегіс сойылдарын ұстатып, айбалта, найза бергізді* (М.Әуезов, Абай жолы).

- сан мөлшері семантикасы есептік сан есімдерге *-ларда, -лерде, -дарда, -дерде, -тарда, -терде* жұрнағының жалғануы арқылы беріледі (*бестерде, алтыларда, ондарда, жиырмааларда* т.б.). Мысалы, *Бұл үйде Маруся атты қызметкер қазақ-орыс әйелі тұрады екен, жас шамасы сол кезде жиырмааларда* (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

Бұл құранды жұрнақтардың құрамындағы жатыс септігінің орнына барыс, шығыс септігі жалғаулары ауысып та келе береді. Мысалы, *үштерге (қарай),*

екілерге (жақын), үштерден (кейін), екілерден (кейін). Бұл құранды қосымшалар есептік сан есімдермен тіркесіп келіп, адамның жас ерекшелігіне, уақытқа қатысты жерлерде ғана айтылады және болжалды сандық мөлшер семантикасын білдіреді.

Сан мөлшері семантикасы аналитикалық формалар арқылы да беріледі:

- сан мөлшері семантикасы іргелес тұрған есептік сан есімдердің қосарланып келуі арқылы беріледі (*бір-екі, он-жиырма, жүз-екі жүз* т.б.). Мысалы, *Қонақтар төрт тараптың бәрінен қырық-елуден, жиырма-отыздан лек-лек болып, аттарын жай-жай бастырып, жылжып келе жатыр* (М.Әуезов, Абай жолы).

- сан мөлшері семантикасы есептік сан есімдерге *шақты, шамалы, қаралы неше, тарта, таман, таяу, жуық, астам, артық* көмекші сөздердің тіркесуі арқылы беріледі (*оншақты, жүз шамалы, жүз қаралы, бірнеше, оннеше, онға тарта, жүзге таман, онға таяу, мыңға жуық, миллионнан астам, он мыңнан артық* т.б.). Мысалы:

1. *Айтқандай, сол жаңағы үш жігіт Құнанбайдың мал айдатқан жігіттері екен. Олардың алдарында жүз қаралы жылқы бар* (М.Әуезов, «Абай жолы»).

2. *Жиыны жүз шамалы кісі болып, біраз тоқырап тұрысып, ақыры: «Қош, қош, мырза... жолың болсын! .. Сапарыңды оңғарсын!» дескен тілектермен қалды да, Құнанбайдың отыз шамалы тобы тобықтыға қарай тартты* (М.Әуезов, Абай жолы).

Жоғарыдағы мысалдарда анықталғандай, сан мөлшері семантикасы синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық формалар арқылы беріледі. Барлығы дерлік нақты сандық мәнді білдіруге емес, сол нақты сандардың көмегінде мөлшермен, шамамен айтылған сандық мөлшерді білдіруге жұмсалады. Сан мөлшерін білдіретін сөздердің бұл шоғыры бірлік орынды сандардан бастап, шексіз сандық мөлшерді бере алады.

10. «Сапалық мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы

Болмыстағы заттар мен қимыл-әрекеттің сындық, сапалық белгілері бір деңгейде болмайды. Тіпті, бір типтегі заттардың өзінің сындық, сапалық дәрежесі әртүрлі болады. Ұқсас немесе ұқсамаған заттардың әртүрлі дәрежедегі сапалық қасиеті сапа мөлшерін қалыптастырады. Олай болса, «сапалық мөлшер» дегеніміз – заттар мен құбылыстардың әртүрлі қасиеттерінің, сапалық белгілерінің, сындық дәрежесінің ұқсамаған мөлшерінің жиынтығы.

Қазақ тілінде сапалық мөлшер семантикасы морфологиялық және синтаксистік деңгейде кездеседі:

Морфологиялық деңгейде:

- сапалық мөлшер семантикасы түр-түске байланысты сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* салыстырмалы шырай қосымшалары жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *қызылырақ, семізірек, жуасырақ, әдемірек, арығырақ, қаралау, қоңырлау, арықтау*, т.б. Мұнда *қызыл* мен *қызылырақ* сөзінің арасында түс деңгейінің белгілі мөлшері бар.

- сапалық мөлшер семантикасы сапалық сын есімдерге *-ғыл, -гіл, -ғылт (-ым), -қылт, -кілт, -ғылтым, -қылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -ілдір, -қай, -қан, -кей, -аң, ғыш, гіш, -ша, -ше, -ақ, -ек* жұрнақтары жалғану арқылы

беріледі. Мысалы, *тарғыл, қызғылт, ақшыл, көкшіл, қоңырқай, сарғыш, көгілдір, жолақ, сұрғылт, сұрша* т.б.

- сапалық мөлшер семантикасы *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* шырай қосымшаларының қатыстық сын есімдерге, сын есім тудырушы кейбір жұрнақтардың үстіне қабаттаса жалғануы арқылы беріледі (*арықшалау, семізшелеу, жүргіштеу, ашушаңдау, кіршеңірек* т.б.). Мысалы:

1) *Семізшелеу қараторы ханзу жігіт таза қазақ тілімен күбірлеп, мені ерте кетті жиынға* (Қ.Шабдан, Қылмыс);

2) *Ол үшін Сопытай бұдан гөрі қаталдау, қытымырлау, ашушаңдау болу керек* (Д.Исабек, Ескі үйдегі жана қоныс).

Сапалық мөлшер семантикасын білдіретін тілдік бірліктердің морфологиялық деңгейде синтетикалық тәсіл арқылы жасалуында шырай қосымшаларының қызметі зор. Олар көбінде сапалық сын есімдерге жалғанып, олардан түрлі сындық дәреже мағынасын тудырады. Осы сындық дәреженің ұқсамаған мөлшері сын мөлшерін тудырады.

Сапалық мөлшер семантикасы синтаксистік деңгейде тіркесім тәсілдері арқылы беріледі:

- сапалық мөлшер семантикасы күшейткіш буынды қос сөздер арқылы беріледі (*қып-қызыл, сұп-суық, ып-ыстық* т.б.).

- сапалық мөлшер семантикасы күшейткіш үстеулердің (*өте, тым, ерекше, айрықша* т.б.) сын есім сөздерімен қабыса тіркесуі арқылы беріледі. Мысалы, *өте қызыл, тым жақсы, өте ақылды, ерекше әдемі* т.б.

- сапалық мөлшер семантикасы *әлдеғайда, анағұрлым, біршама, біраз, едәуір, әжептәуір* т.б. мөлшер үстеулер мен сын есім сөздерінің тіркесі арқылы беріледі. Мысалы, *әлдеғайда жақсы, анағұрлым төмен, біршама арзан, біраз қымбат, едәуір мықты, әжептәуір ыстық* т.б.

11. «Қимыл мөлшер» ұғымының тілдік парадигмасы

Болмыстағы, табиғаттағы жанды, жансыз заттар мен құбылыстардың барлығы үздіксіз қимыл-қозғалыста болады. Олардың қимыл-қозғалыстары да бір-біріне ұқсамайды. Біреуі баяу, біреуі жылдам қозғалады, ал біреуі күшті, енді біреуі әлсіз, бірде тұрақты, бірде өзгермелі болады. Қимыл-әрекеттің осындай құбылмалы, өзгермелі, қайталамалы күйі бір-біріне салыстырмалы түрде «қимыл мөлшері» ұғымын қалыптастырады. Олай болса, *қимыл мөлшері дегеніміз – болмыстағы заттар мен құбылыстардағы іс-әрекеттердің, процестердің әртүрлі әсер етуші күштердің ықпалында туындайтын ұқсамаған мөлшерінің жиынтығы.*

«Қимыл мөлшері» ұғымы *тез/баяу, көп/аз* тіресімдік ұғымдары негізінде барлық тіл деңгейлерінде де көрініс табады.

Қимыл мөлшерін білдіретін лексикалық бірліктердың саны аз. Олардың қатарына *тез, жылдам, шапшаң, ақырын, баяу, сылбыр* т.б. сөздер жатады. Бұл түбір сөздер болмыстағы заттар мен құбылыстардың қимыл-қозғалысының уақытпен өлшенген өлшемін, жүзеге асу сипатын білдіреді. Мұнда істі істелуге, аяқтауға тиісті қалыпты уақыт мөлшері орта меже ретінде алынады да, бір тобы қимылдың баяу мөлшерін, енді бір тобы қимылдың тез мөлшерін білдіреді. Бірақ іс-әрекеттің орындалу барысының нақты уақытпен өлшенген сандық мәні айқын болмайды. Бұл сөздердің жалпы грамматикалық мағынасы ұқсас болғанымен,

өзге сөздермен тіркесім қабілеті, сөздерге тіркескенде туындайтын туынды мағыналарында өзгешеліктер болады. Сондықтан бұл сөздерден туындайтын қимыл мөлшері мағынасы ұқсас емес. Шын мәнінде, жоғарыдағы бірнеше түбір сөздер қимыл сынын білдіретін сөздер. Қимылдың жәй сыны емес, мөлшер сыны. Мысалы:

1) *Адам жегілген шананы қызық көріп, әуелі шанаға қуана-қуана мініп алған балалар арқан бойы барған соң тез-тез секіріп түсіп, қайтып кетті* (Ғ.Мүсірепов);

2) *Ал жанары әлгілердің бәрімен қанша жыл өмір сүрсе, сонша уақыт қадалғандай тым баяу қозғалады* (Т.Жұртбай).

Морфологиялық деңгейде:

- қимыл мөлшері семантикасы *тез, жылдам, шапшаң, ақырын, баяу, сылбыр* т.б. сапалық сын есімдерге *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* шырай қосымшасы жалғану арқылы беріледі (*тезірек, жылдамырақ, шапшаңырақ, ақырынырақ, баяуырақ, тездеу, жылдамдау, шапшаңдау, ақырындау, баяулау, сылбырлау* т.б.). Мысалы:

1) *Жылы суда кір жылдамырақ ериді. Сабын жылдамырақ көпіреді. Сондықтан салқын судан гөрі жылы су денедегі кірді жылдамырақ кетіреді* (Х.Досмұхамед, Шәкірттердің саулығын сақтау);

2) *Бұл өзі не қылған билет, бос жатқан?! – деді әкем, алар-алмасын біле алмаған кескінмен қолын сылбырлау созып* (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат).

Бұл синтетикалық формалар қимыл-әрекет мөлшерінің ұқсамаған деңгейін, салыстырмалы мөлшерін білдірген.

Синтаксистік деңгейде:

- қимыл мөлшері семантикасы *рет, дүркін, мәрте, қайтара* сөздерінің мөлшерлік конструкция компоненті ретінде келуі арқылы беріледі: *бір рет барды, екі дүркін алды, үш мәрте сәлемдесті, төрт қайтара жазды* т.б.

Қимыл-әрекет мөлшерін білдіретін мөлшерліктердің саны тым аз болғанымен, қызметі ерекше. Бұл мөлшерлік конструкция компоненттерінің қай-қайсысын да ретіне қарай өзге сөздермен ауыстырып, жаңа мағына жасай беруге болады. Алайда әрқайсысының өзінің семантикалық ерекшелігі, стильдік қызметі бар екенін ұдайы ескеріп отыру керек. Оны *дүркін* сөзінің ғана қайталанып келіп, етістік баяндауышқа пысықтауыш бола алуынан да көруге болады. Мысалы, *дүркін-дүркін барды, дүркін-дүркін шабуылдады* т.б.

Бір қарағанда, *мәрте, рет, дүркін, қайтара* сөздерінің лексикалық мағынасы, тіркес құрамында тудыратын грамматикалық мағынасы ұқсас сияқты болып көрінгенімен, шын мәнінде, айырмашылық бар. *Рет* негізінен іс-әрекеттің, процестің тәртіппен, кезекпен өткенін білдіреді, *дүркін іс-қимылдың* тәртіппен де, кезекпен де емес, арт-артынан, іле-шала өткенін білдіреді, ал *мәрте* сөзінде іс-қимылдың қалай өткенін білдіретін пысықтауыштық мәннен гөрі, қанша рет өткенін білдіретін сандық мән басымдау. Сондықтан да ол толық қайталанатын процестердің сандық ретін білдіреді. *Мәрте* мөлшерлігі тілде жеке-дара қолданылмайды, лексикалық мағынасы да күңгірт және қандай да бір қосымшалар жалғанбайды. Ол көбіне тіркес құрамында келіп, тіркесті грамматикалық жақтан байланыстыру және грамматикалық мағына тудыру қызметін атқарады. Көсемше тұлғалы *қайтара* сөзі дербес мағыналы түбір

етістіктен жасалған туынды сөз. Ол бір іс-қимылдың дәл өзінің әлденеше рет қайталанғанын, атқарылғанын білдіреді. Мысалы:

- 1) *Ай қамын бір рет ойласаң, жыл қамын он рет ойла* (Мақал);
- 2) *Бәйбіше бүгін екі дүркін қонақ жөнелтіп, жаңа ғана жантайып еді, дабырлаған дауысқа жұмулы көзін ашып алды* (Ғ.Мұстафин, Шығанақ);
- 3) *Не де болса, Дәрменнің бір күйді үш мәрте қайталап тартуынан мәжіліс тынды* (Т.Әлімқұлов, Сейтек);
- 4) *Үш қайтара мұны сайратып, деді: «Көкейіңе енді ме?»* (Ш.Құдайбердиев, Шығармалар жинағы).

Қимыл мөлшері семантикасы етістікті тіркестер арқылы көптеп беріледі. Олар – мынадай тіркесім түрлері:

- қимыл мөлшері семантикасы көсемше тұлғалардың қайталанып келуі арқылы беріледі. Мысалы, *көре-көре, сөйлей-сөйлей, жылай-жылай, жаза-жаза, айта-айта* т.б.

- қимыл мөлшері семантикасы мезгіл үстеулердің қайталанып келіп, етістік баяндауышқа пысықтауыш болып келуі арқылы беріледі. Мысалы, *әлсін-әлсін шулайды, дамыл-дамыл боздады, бірте-бірте жақындады* т.б.

- қимыл мөлшері семантикасы кейбір *-ша, -ше* тұлғалы сын-қимыл үстеулердің етістік баяндауышқа пысықтауыш болып келуі арқылы беріледі. Мысалы, *мейлінше ішті, барынша секірді, әлінше жүгірді, тиісінше үлестірді* т.б.

- қимыл мөлшері семантикасы мөлшер үстеулердің етістік баяндауышқа пысықтауыш болып келуі арқылы беріледі: Мысалы, *соншама өкінді, сонша күлді, мұншалық қайғырма, бұншалық түңілме* т.б.

Қимыл мөлшерін білдіретін тіркестердің жасалуына тіліміздегі сөз таптарының басым бөлігі қатысады. Олар түбір күйіндегі лексикалық мағынасын сақтай отырып, өзге сөздермен тіркесе келіп, қимылдың әртүрлі сипаттағы мөлшерін білдіреді. Яғни бір тобы қимылға күшейтпелі мән үстесе, тағы бір тобы қимыл мөлшерін уақытқа қатысы тұрғысынан сипаттайды, ал енді бір тобы қимылдың үздіксіз немесе белгісіз қайталана жалғасуын білдіреді. Ал негізінен зат есімдермен ғана тіркесетін бір топ мөлшерліктер қимылдың өтуін сандық, дүркіндік тұрғыда жалғасуын сипаттайды. Қимылдың әртүрлі барысын әр қырынан сипаттайтын осы мөлшерліктер тұтастай қимыл мөлшерін құрайды.

Үшінші тарау бойынша қорытынды

Қазақ тілі дамуы «жыраулар поэзиясы» (XV–XVIII ғғ. хандық дәуір) дәуір кезеңінде басқа тарихи дәуірлерге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, айрықша көркемдік қуатымен көзге түседі. Тілдегі көптеген категориялық ұғымдар көркем ойлаудың нәтижесінде мүлде жаңа сапаға көтеріледі. Аталмыш кезеңде «мөлшер» ұғымының да семантикалық сыйымдылығы артып, категориялық әлеуеті барынша күшейе түсті. «Мөлшер» ұғымы бұрында болмаған мазмұндармен толығып, жаңаша көркемдік тәсілдер туындады. Атап айтқанда, *эпитет, теңеу, метафора, перифраз, метонимия, синекдоха, параллелизм* сияқты көркемдік тәсілдер «мөлшер» ұғымын түрлі деңгейде сипаттауға кеңінен қолданылды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің көркем тіл майданында ауызша дамуына айрықша ықпал етіп, стилін байытты. Жыраулар поэзиясында *поэтикалық мөлшерліктер* тақырыбы жағынан ерлік, батырлық, жаугершілік, ел

қорғау, адамдық, адамгершілік қасиет, байлық, ырысты мекен ұғымдары мен хан, батыр образын сомдау аясында туындайды. Мұның өзі «мөлшер» ұғымы (категориясы) жыраулар поэзиясының тарихи миссиясын орындауға айрықша қызмет еткен логикалық категориялардың бірі екендігін түсіндіреді. «*Жаңа идея әдетте жаңа тілді талап етіп отырады*», – дейді В.Г.Белинский. Жыраулар поэзиясының идеялық мазмұны да көркем тіл майданында мейлінше шындалған, өрісі кең мөлшер категориясын қажет етті. Осылайша мөлшер категориясы жыраулар поэзиясы тілінің меншікті категориясына айналды. «Мөлшер» ұғымының поэтикалық тілде мұнша жоғары сапада көрінуіне Шалкиіз, Бұқар сынды тіл жауынгерлерінің үлесі ұшан-теңіз.

XIX–XX ғасырларда да мөлшер категориясы одан бұрынғы тарихи кезеңдердің заңды жалғасы болды. Өзінен бұрынғы барлық тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін сақтай отырып, мазмұн жағынан одан сайын толығып, стильдік тармақтарға бөліне бастады. Қазіргі кезеңде қазақ тіліндегі мөлшер категориясы тілдің үш деңгейінде және бес түрлі функционалды стиль түрлерінде кеңінен көрініс табады. Бұл стиль түрлері бойынша да өзіндік ерекшеліктері бар. Яғни ғылыми, публицистикалық, ресми іс-қағаздар стиліндегі мәтіндерде кездесетін мөлшер мәнді тілдік бірліктер негізінен тура мағыналы болып келеді де, мөлшерлік шамалардың мәнінде нақтылық басым болады. Ал ауызекі сөйлеу стилінде мөлшерліктер қысқа құрылымда, ықшамдалған формада беріледі және тура, ауыспалы мағыналы мөлшерліктер аралас қолданылады. Көркем әдеби стильде көбіне ауыспалы, бейнелі, образды ұғымдар болып келеді.

Бұл стиль түрлері бойынша берілген мөлшерліктерді семантикалық және жасалу тәсілдеріне қарай *поэтикалық тілдегі мөлшерліктер және қарапайым сөйлеу тіліндегі мөлшерліктер* деп екі үлкен салаға бөлуге болады. Осы екі сала бойынша мөлшер семантикасы ұғымдар аясында да, сөз таптары негізінде де көрініс табады. Ұғымдар бойынша «уақыт», «қашықтық», «көлем», «аудан», «салмақ», «сыйымдылық», «күн», «сан», «сапа», «қимыл-әрекет» сияқты он түрлі микроұғымдар аясында көрініс табады. Ал сөз таптары бойынша зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, еліктеу сөздерінің мағыналық топтары арқылы және көмекші сөздер мен аналитикалық, синтетикалық формалар арқылы беріледі.

Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі ретінде «мөлшер» ұғымының өзге тілдермен ықпалдасуын және адамзат қоғамының даму ерекшеліктерін артықша сезінуін айтуға болады. Яғни мөлшер мәнді тілдік бірліктердің ішінде маңыздылығы жағынан басымдыққа ие өлшем бірліктер бұрынғы дәстүрлі өлшемдер жүйесінен ауытқып, халықаралық өлшем бірліктер жүйесіне ауысты. Соған орай халықаралық өлшем бірліктердің танымдық мәні болмайтындықтан, тек ақпараттық қызмет басымдық алды. Сондай-ақ адамзаттың тұрмыс-тіршілігінің барлық саласы стандартқа айналып бара жатқандықтан, мөлшер семантикасының мәні барынша нақтылық алып, сандық семантикаға ауысуда. Соның нәтижесінде «мөлшер» ұғымының логикалық құрылымы дәреже, деңгей, параметр, өлшем (стандарт), тепе-теңдік, симметрия, т.б. ұғымдармен кеңейеді.

Қорытынды

Мөлшер – болмыстағы заттар мен құбылыстардың ажырамас бөлігі, жаратылыстан бар қасиеті. Мөлшердің пайда болуы мен өмір сүру негізі рухани құбылыстардан тысқары жатады. Сондай-ақ «мөлшер» адамзат рухани ізденістері, субъективті танымы арқылы анықталатын логикалық, философиялық категория, содан кейін ғана адамзаттың рухани кеңістігінен кең өріс алып, тілдің барлық деңгейінен көрініс табатын тілдік категория. Сондықтан мөлшер категориясы тілдік кеңістікте жалпы тілдік, лексика-грамматикалық категория саналады. «Сана» мен «мөлшер» ұғымы диалектикалық байланыста болады. Сана қай деңгейде болса, мөлшердің ұғымдағы, тілдегі бейнелену формасы мен тәсілі сол деңгейде болады. Мөлшер категориясы ғылым тарихында философия, математика, тіл білімі, экономика, физика, механика, логика, бұдан басқа да ғылымдардың басты категориясы болып келді.

Мөлшер категориясының зерттелуі адамзат тарихының есте жоқ ежелгі кезеңдерден бастау алды. Бұған әдеттегідей антикалық дәуірдегі грек философиясының қосқан үлесі зор. Бұдан бөлек немістің классикалық философиясы мен дәстүрлі қазақ философиясында да «мөлшер» ұғымы кеңінен қарастырылып, рухани-материалдық құндылықтардың негізгі арқауы ретінде танылды. Қазіргі кезеңде қазақ тіліндегі «мөлшер» ұғымының логика-семантикалық құрылымы барынша тармақталып, рухани-материалдық өмірдің түрлі салаларында кеңінен қолданылатын шатыр тәрізді (зонтичная категория) категорияға айналды. «Мөлшер» ұғымы ұлттық таным кеңістігінде *өлшем, шама/қалып, көлем/ауқым, меже/болжам, симметрия, тепе-теңдік, параметр, дәреже, деңгей, қарқын* т.б. сипаттарда көрініс табады. Сондықтан мөлшер категориясы – белгілі бір бағытта ғана кеңейіп отырған категория емес, адамзат танымында үздіксіз трансформацияланып, дамып, жаңа мазмұндармен толығып отыратын, динамикалық қалыпта өмір сүретін тірі организм іспетті категория.

«Мөлшер» категориясының тілтанымдық аспектіде зерттелуі Еуропа халықтарында ерте кезеңдерден басталса, қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап ғылыми деңгейде зерттеле бастады. Десе де, бұл көбіне құрылымдық бағытта өрбіді. Осыған орай соңғы жылдары «мөлшер» ұғымын таныммен, мәдениетпен, тілдің түпнегізімен тарихи сабақтастықта қарастыру қажеттілігі туды. Бұл бір жағы қазақ қоғамында күш алып бара жатқан ұлттық құндылықтарға қайта оралу, «рухани жаңғыру» идеясымен байланысты да болды. Қазақ тілі бастауын түптүркі тілінен алатын ежелгі тілдердің бірі болса да, оның сол ежелгі қалпын танытатын тілдік деректер сақталмаған. Сондықтан мөлшер категориясының тарихи парадигмасын сипаттайтын тілдік деректер көне түркі кезеңінен (V–IX ғғ.) басталады. Аталған уақыттан бастап қазірге дейінгі дәуірлерді бес тарихи кезеңге бөле отырып, ондағы мөлшер категориясының тілдік сипатына үңілгенде мынадай ерекшеліктер анықталады:

1. «Мөлшер» ұғымы тілдің бес тарихи кезеңінде де лексикалық деңгейде көрініс табады. Мөлшер семантикасы лексикалық деңгейде көбіне бірде заттық, бірде өлшемдік қызмет атқаратын зат есімдер (*қап, қача, тағар, кесүргү, шөміше, сарныш, сұсғақ, сағрақ, бұқаш*), сапалық сын есімдер (*аз, тар, кең, тең* т.б.) арқылы беріледі. Мұндай мөлшерліктер семантикалық дамудың нәтижесінде кейде зат есімнен сын есімге айналса (*қиян, зіл, байтақ* т.б.), енді бірде сын

есімнен зат есімге айналған (сом). Кейбір сөздердің семантикалық өрісі кеңейсе, енді бір тобында қолданыс аясы мен мағынасы тарылған (*ауыр, ару, улуг, улу* т.б.). Тіпті кей сөздер бір кезеңнің өзінде іргелес бірнеше мөлшерлік ұғымдарды қатар білдіреді (узун). Сондай-ақ барлық түркілік кезеңде болғанымен, қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерінде кездеспейтін сөздер де бар (*үкүш, телім* т.б.).

Мөлшер семантикасын білдіретін лексикалық бірліктердің ендігі бір тобы – есімдік, үстеу сөздері мен шылаулардың мағыналық топтары: жалпылау есімдік (*түгел, барша, ҳамма, жұмла, жісім* т.б.), мөлшер үстеу (*анча, бунча* т.б.), мезгіл үстеу (*түнлә, түнлі, хулд* т.б.), күшейтпелі үстеулер (*тес, аррығ, шым, қоп, шам* т.б.), демеулік шылаулар (*кейин, нича, соң, та, соңра* т.б.) жатады. Бұлардың бір ерекшелігі көбіне екінші бір сөзбен семантикалық байланыста болады. Яғни мөлшер семантикасы екінші бір сөзбен тіркесу арқылы нақты айқындалады. Түркілік кезеңде демеулік шылаудың *тег, тегі, тегін //дейін* тұлғасы сын есім, үстеу тудырушы *тег, тегі, -дай, -дей* формаларымен бірдей айтылған. Біздің ойымызша, қазіргі қазақ тіліндегі *-дай, -дей, -тай, -тей* функционалды жұрнағының арғы тегі осы шылау тұлғасы болса керек.

2. «Мөлшер» ұғымы бес тарихи кезеңде де морфологиялық деңгейде көрініс табады. Оларды грамматикалық мағынасына қарай әр тарихи кезең бойынша былайша сипаттауға болады:

- қазіргі қазақ тіліндегі *-дай, -дей, -тай, -тей* функционалды жұрнағы заттар мен құбылыстардың түрлі мөлшерлік белгілері мен қимыл-әрекет шамаларын салыстыру, ұқсату, уақыт, сан, сапа жағындағы болжалды деңгейлестік семантикасын білдіреді. Бұл форма XV–XVIII ғасырлар мұраларында ғана *-дай, -дей, -тай, -тей* формасында кездессе, одан бұрынғы барлық тарихи кезеңде бір ғана «*-тег*» формасында кездеседі. Барлық кезеңдерде бұл салыстыру формасының семантикалық ерекшеліктері негізінен ұқсас. Тек көне түркі ескерткіштерінде ғана «*-че*» салыстыру формасы *-тег* формасының орнына есептік сан есімдерге жалғанып, болжалдық сандық семантиканы (*елігче ер// елудей ер*) білдірген.

- қазіргі қазақ тіліндегі *-ша, -ше* функционалды жұрнағы үстеу тудырушы жұрнақ ретінде уақыттың белгісіз созылыңқылық мөлшерін, шегін және күшейтпелі мөлшерлік семантиканы білдіреді. Бұл жұрнақ XV–XVIII ғасыр мұраларында мөлшерлік семантикада кездеспейді. XIII–XIV ғасырларда *-ча, -ча* формасында, X–XII және V–IX ғасырларда *-ча, -че* формасында кездеседі. Бұл форманың *түркілік кездегі* тілдік қызметі мен мағынасында *төлтілдік кезеңнен* айтарлықтай өзгешеліктердің барлығы байқалады. Яғни *-ча, -че* аффиксінің түркілік кезеңде көбіне заттардың сандық, шамалық мәнін салыстыру, уақыт шегін көрсету мәнінде жұмсалып, мөлшер семантикасын білдіру қызметі басымдау болған. Ал қазіргі қазақ тілінде бұл семантикалық қызмет *-дай, -дей, тай, -тей* формасына ауысқан.

- қазіргі қазақ тілінде *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті // -сыз, -сіз* жұрнақтары белгілі заттың сандық әрі шамалық көптігі мен жоқтығын, аздығын білдіреді. Мұнда *-сыз, -сіз* барлық тарихи кезеңдерде бірдей формада кездеседі. Ал барлық, молдық семантикасын білдіретін *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* формасы XIII–XIV ғасырларда *-луг, -луг, -ліг, -лі, X–XII ғасырларда -лығ, -ліг, -лұғ, -лұғ, V–IX ғасырларда -лығ, -ліг* формасында кездесіп, *барлық, тәндік, молдық*

семантикасын білдіреді. Бұл формалардың түркілік кезеңде сөзжасамдық қызметі кең болғанға ұқсайды (*бедүк бағырлық*).

- қазіргі қазақ тілінде *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* шырай қосымшалары заттар мен құбылыстардың шамасын, кимыл-әрекет мөлшерінің түрліше деңгейін, дәрежесін білдіреді. Бұл форма XIII–XIV ғасырларда *-рақ, -рәк, -рак, рәг*, одан бұрынғы X–XII және V–IX ғасырларда *-рақ, -ырақ* формасында кездеседі. Аталған тарихи кезеңнің бәрінде шырай қосымшасының грамматикалық қызметі, семантикалық ерекшелігі ұқсас. Тек XV–XVIII ғасырлар ескерткіштерінде шырай формасы мөлшер семантикасын беруде кездеспейді. Бұл хандық дәуір тілінің поэтикалық ерекшелігінен және жауынгерлік рух тілінің нақтылыққа құрылатын қасиетінен болса керек.

3. «Мөлшер» ұғымы бес тарихи кезеңде де синтаксистік деңгейде кеңінен көрініс табады. Мұнда мөлшерлік семантика аналитикалық, аналитика-синтетикалық формалар арқылы беріледі. Бұлар негізінен үш түрлі: 1) тіркестер, 2) синтаксистік модельдер, 3) синтаксистік конструкциялар.

- мөлшер семантикасы тіркестер арқылы берілгенде екі немесе одан да көп сөздер тіркесіп, бір ұғымды білдіреді. Мұндағы сөз тіркестері анықтауыштық, пысықтауыштық, толықтауыштық қатынаста болады. Тіркесім тәсілі бес тарихи кезеңнің ішінде XV–XVIII ғасыр мұраларында аса белсенді қолданыс тауып, мөлшер семантикасын берудің ең оңтайлы тәсіліне айналған. Бұл жыраулар поэзиясы тілінің айқындауыштық құрылымдарды сүйетін табиғатын танытады. Өзге тарихи кезеңдерде тіркесім семантикасы көбіне тура мағыналы болып келсе, хандық дәуірде образды, бейнелі, ауыспалы мәнде болып келеді.

- мөлшер семантикасы синтаксистік модельдер арқылы берілгенде, көбіне септік формалар мен демеулік шылаулар, көмекші сөздер, үстеудің мағыналық топтары синтаксистік байланыста болады. Мұнда көмекші сөздер мен синтетикалық формалар негізгі сөздерді семантикалық жағынан тоғыстырып, грамматикалық жағынан байланыстырып, бір бүтін мөлшерлік ұғымды береді. Бұл модельдердің түрлері біршама мол және әр микроұғымдікі кейде әртүрлі.

- мөлшер семантикасы синтаксистік конструкциялар арқылы берілуі мөлшер категориясының төл тәсілдерінің біріне жатады. Синтаксистік конструкция негізінен екі түрлі болып келеді. Олар мыналар:

Φ^1 : [(сан + мөлшерлік) + зат есім не етістік сөздер] = мөлшер ұғымы

Φ^2 : [зат есім не етістік сөздер + (сан + мөлшерлік)] = мөлшер ұғымы

Бұл құрылымдар арқылы шексіз мөлшер мәнді тілдік бірліктер құрастыруға болады және мөлшерлік семантиканың мазмұны да шексіз болады. Мұнда үштік компоненттің әр құрамы өзара аналитикалық тәсілдер арқылы да, аналитика-синтетикалық тәсілдер арқылы да байланысады және ортақ бір мөлшерлік ұғымды білдіреді. Конструкцияның мөлшерлік компоненті көбіне өлшем бірлік болып келеді. Нақтырақ айтқанда, осы синтаксистік конструкция өлшем бірліктерді қалыптастырушы құрылым саналады. Бұл көне түркі дәуірінде де нақты қалыптасқан. Әсіресе X–XII ғасырлардағы орта түркі кезеңіне жататын «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегінде кеңінен көрініс табады. Осыған орай түрлі өлшемдік ұғымдарды тудыратын *-ым, -ім, -ұм, -үм, -ум, -ам (-ым, -ім)* аффикстері аса өнімді жұрнақтардың қатарына жатады.

«Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі өлшем бірліктер қалыптасу ерекшелігіне қарай соматикалық атаулар, құрал-жабдықтар, металл, бағалы

бұйымдар және кірме тілдік элементтерді негіз етеді. Мұның өзі негізсіз, кездейсоқ құбылыс емес. Көне түркі кезеңінде ең бағалы бұйымдар және заттардың мөлшерлік шамасын өлшеу процесінде ең жақын, әрі қолайлы заттар дене мүшелері болғандықтан, ол семантикалық дамудың нәтижесінде өлшем бірліктерге айналған. Бұл заңдылық әлем тілдерінің көпшілігіне тән құбылыс. Сонымен қатар осы өлшем бірліктер ішкі және сыртқы лингвистикалық факторлардың әсеріне, өзге үстем тілдердің ықпалына ең тез ұшырайтын қабат. Бұл тілдегі жаһандану үдерісінің алғашқы сипаттарын көрсетеді. Өлшем бірліктер орта ғасыр кезеңінде де мөлшер категориясы семантикалық өрісінің өзегінде орналасқан. Өлшем бірліктер жүйесі дамыған және оның мәні нақты сандармен стандартталған тіл өміршең тіл саналады. Осыған негізделгенде ерте, орта ғасырдағы түркі тілі өлшем бірліктер жүйесі қалыптасқан, кең қолданысқа түскен қуатты тіл екені айқындалады. Тұтас бір дәуір тілінің келбетін көрсететін «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде 260-қа тарта мөлшерлік бірліктердің кездесуі *мөлшер категориясының* сол дәуірдің өзінде өте ауқымды тілдік категория екенін түсіндіреді. Ал осынша сөздің 40-қа таяуы, яғни 15 % соматикалық мөлшерлік болып келуі тілдегі мөлшер категориясының ең үлкен бөлігін соматизмдер құрайтынын түсіндіреді.

Өлшем бірліктер тілдің ең актив қабатындағы сөздер тобына жатады. Ол басқа тілдік бірліктерге қарағанда сол тілді тұтынушы халыққа барынша танымалдығымен, түсініктілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар өлшем бірліктер халықтың рухани кеңістігіндегі ең қажетті ұғымдарды сипаттайды. Әрі сол тілді тұтынушылардың тілмен арақатынасын, тілдің әлеуметтік статусын да көрсетеді. Сондықтан ғасырлар бойы ұлтпен, этноспен бірге туып, біте қайнасқан осы ұлттық өлшем бірліктерді заман талабына сай қайта жаңғыртудың тіл үшін де, руханият үшін де маңызы зор.

Мөлшер категориясының қалыптасуы мен дамуында халықтың, этностың, ұлттың тұрмыс-тіршілігі, арман-мұраты бағдарлаушылық сипатқа ие және бұған тарихи оқиғалар, саяси шешімдер тікелей ықпал етеді. Осындай тілден тыс факторлардың нәтижесінде «мөлшер» ұғымында сол тілді тұтынушы халықтың рухани кодтары қалыптасады. «Мөлшер» ұғымына кодталған мұндай күрделі рухани құбылыстарды ашу ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту үшін маңызды. Сондықтан мөлшер категориясы тұтас бір ұлттың, халықтың, этностың рухани-мәдени өмірі мен құндылықтарын ғасырлар бойына тоғыстырып жатқан тін іспетті.

Сонымен, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, мөлшер категориясының мынадай екі түрлі ерекшелігін анықтауға болады: бірінші, мөлшер категориясы – әр тарихи кезеңнен екінші кезеңге көшіп, үздіксіз сақталып отырған, алайда әр тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар категория; екінші, мөлшер категориясы қазіргі қазақ тілінде өте белсенді қолданыстағы категория болғанымен, әр стильдік мәтіндерде өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, ауызекі сөйлеу стилінде «*бұл жұмысты жазуға бір жыл керек*» деп қысқартылған құрылыммен айтылса, ғылыми, ресми ісқағаздар стилінде мұндай қысқартуларға көбіне ерік беріле бермейді, сондықтан «*бұл жұмысты жазуға бір жыл уақыт керек*» деп мөлшерлік конструкция толық құраммен айтылады. Бұл мөлшер категориясының адамзаттың рухани-мәдени өзгерістеріне тікелей байланысты екенін түсіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Петрушевский Ф.И. Общая метрология. – СПб: Въ типографии Эдуарда Праца, 1849. – 632 с.
- 2 Депман И.Я. Меры и метрическая система. – М.: УЧПЕДГИЗ, 1954. – 125 с.
- 3 Молчанова Л.А. Народная метрология (к истории народных мер длины). – Минск: Наука и техника, 1973. – 84 с.
- 4 Черепнин Л. В. Русская метрология. – М.: 1-я тип. Трансжелдориздата, 1944. – 94 с.
- 5 Романова Г.Я. Наименование мер длины в русском языке. – М.: Наука, 1975. – 173 с.
- 6 Копыленко М.М. Средства выражения количества в русском языке. – Алма-Ата: Евразия, 1993. – 184 с.
- 7 Каменцева Е.И. Историческая метрология. – М.: Высшая ш., 1978. – 55 с.
- 8 Кононов А.Н. Показатели собирательности – множественности в тюркских языках. – М.: Наука, 1969. – 32 с.
- 9 Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М. – Л.: Наука, 1956. – 104 с.
- 10 Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). – Л.: Наука, 1977. – 190 с.
- 11 Насилов Д.М. Изучение памятников древнеуйгурского языка в отечественном востоковедении // Тюркологический сборник 1970. – М.: Наука, ГРВЛ, 1970. – С. 93-110
- 12 Аракин В.Д. Тюркские лексические элементы в памятниках русского языка монгольского периода // Тюркизмы в восточнославянских языках. – М.: Наука, 1974. – С. 112-148 .
- 13 Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков // Синтаксис. – М.: Наука, 1986. – 282 с.
- 14 Хинц В. Мусульманские меры и веса с переводом в метрическую систему (перевод с немецкого Ю.Э. Брегеля). Давидович Е.А.: Материалы по метрологии средневековой Средней Азии. – М.: Наука, 1970. – 148 б.
- 15 Давыдович Е.А. Материалы по метрологии средневековой Средней Азии. – М.: Наука, 1970. – 148 б.
- 16 Ахмедова Ж.Ш. Казахские народные наименования понятий об измерениях: дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1975. – 162 с.
- 17 Сайрамбаев Т. Күрделі сөз тіркесінің кейбір мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 92 б.
- 18 Болғанбаев Ә. Өлшемдік ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері // Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 133-142 б.
- 19 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. 2-тіл танытқыш кітап. IV басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспаханасы, 1927. – 128 б.
- 20 Ахметжанова З.Қ. Функционально-семантические поля русского и казахского языков. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 108 с.
- 21 Данияров А.Д. Категория множественности в современном казахском языке: автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алматы: Наука, 1965. – 30 с.

- 22 Рысалды Қ.Т. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы: Триада, 2007. – 52 с.
- 23 Жаңабекова А.А. «Уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010. – 348 б.
- 24 Жолшаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 305 б.
- 25 Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 180 б.
- 26 Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер (Түркі [қазақ] тілдері бойынша). – Алматы: Ғылым, 2002. – 616 б.
- 27 Наджиб Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века на материале «Хосрау и Ширин» Кутба. – Астана: Ғылым, 2017. Кн. I-IV.
- 28 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 282 б.
- 29 Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 30 Шаймердинова Н.Ғ. Когнитивная семантика древнетюркских Орхонских текстов: дисс. докт. филол. наук. – Алматы, 2007. – 274 с.
- 31 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 126 б.
- 32 Жәутіков А.О. Жаратылыстану ғылымдары мен техниканың дамуындағы математиканың рөлі. – Алматы: Изд. ЦК КП Казахстана, 1970. – 60 б.
- 33 Аристотель. Физика / Пер. В.П. Карпова. – М.: Соцэкгиз, 1936. – 192 с.
- 34 Аристотель. Метафизика. Переводы. Комментарии. Толкования. СПб.: Алетейя, 2002 г.; Киев: Эльга, 2002 г. – 832 с.
- 35 Жұмаділов Т. Сан (мөлшер) категориясы және оның қазіргі математикадағы рөлі (Оқу құралы). – Қарағанды: ҚМУ, 1978. – 77 б.
- 36 Декарт Р. Правила для руководства ума. – М. – Л.: ГСЭИ, 1936. – 172 с.
- 37 Спиноза Б. Этика. – М. – Л.: ГСЭИ, 1932. – 222 с.
- 38 Кант И. Сочинения в шести томах. Т. -3. – М.: Мысль, 1964. – 799 с.
- 39 Гегель Г. Сочинения. Т. -5. – М.: Соцэкгиз, 1937. – 520 с.
- 40 Гегель Г. Наука логики. – СПб: Наука, 205. – 799 с.
- 41 Маркс К. и Энгельс Ф. Сочинения. Т. -36. – М.: Госполитиздат, 1964. – 805 с.
- 42 Кузнецов С.К. Древнерусская метрология. Малмыж-на-Вятке: тип. Н.Н.Черемшанского. 1913. – 138 с.
- 43 Прозоровский Д.И. Древняя русская метрология. СПб: Лекции в Археологическом институте. 1888. – 337 с.
- 44 Каменцева Е. И., Устюгов Н. В. Русская метрология. Изд. 2-е. – М.: Высшая школа, 1975. – 328 с.
- 45 Химик В.В. Количественность в структуре простого предложения современного русского языка: автореф. дисс. канд. филол. наук. – М., 1978. – 17 с.

- 46 Худяков А.А. Понятийная категория количественности и ее реализация в имени существительном и номинативном словосочетании: автореф. дисс. канд. филол. наук. – Л., 1990. – 16 с.
- 47 Чиркинян Н.С. Поле количественности (на материале русского и английского языков): автореф. дисс. канд. филол. наук. – Ереван, 1980. – 28 с.
- 48 Дизенко Н.Д. Существительные с количественным значением в современном русском языке (Семантика и синтаксическое функционирование). Дисс. канд. филол. наук. – М., 1986. – 207 с.
- 49 Новицкая В.В. Лексика с количественным значением в современном русском языке: дисс. канд. филол. наук. – Уфа, 1978. – 170 с.
- 50 Перетягко Т.П. Лексические средства обозначения неопределенно большого количества предметов: автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1972. – 23 с.
- 51 Бондарко А.В. Количественность // Теория функциональной грамматики. Качественность. Количественность. СПб.: Наука, 1996. – с. 5-125.
- 52 Бондарко А.В. Функциональная грамматика. – Л.: Наука, 1984. – 124 с.
- 53 Тураева З.Я., Биренбаум Я.Г. Еще раз о функционально-семантической категории количества // Коммуникативно и структурно обусловленные модификации единиц языка. –Л.: Ленинг. гос. пед. института, 1988. – С. 110-121.
- 54 Чеснокова Л.Д. Категория количества и способы ее выражения в современном русском языке. – Таганрог: Таг. гос. пед. института, 1992. – 198 с.
- 55 Гарина Н.Н. Обстоятельственные синтаксические структуры, передающие количественные отношения (на материале современного английского языка): автореф. дисс. канд. филол. наук. – М., 1967. – 20 с.
- 56 Щебетенко Е.В. Группа квантификаторов как лексико-грамматическая система выражения неопределенного количества в английском языке: дисс. канд. филол. наук. – М., 1971. – 204 с.
- 57 Кашина Д.А. Функционально-семантическое поле количества (на материале современного немецкого языка): дисс. канд. филол. наук. – Горький, 1973. – 192 с.
- 58 Беляева Л.М. Квантитативы неопределенной множественности современного французского языка: автореф. дисс. канд. филол. наук. – М., 1981. – 22 с.
- 59 Холодович А.А. Категория множества в японском языке в свете общей теории множества в языке // Проблемы грамматической теории. –Л.: Наука, 1979. – 173 с.
- 60 Ball D. Semantics as Measurement. The science of meaning. Oxford University Press: 2018. 381-410.
- 61 Solt S. On measurement and quantification: The case of most and more than half. Language 2016, N° 92 (1), 65-100.
- 62 Solt S. Measurement scales in natural language. Language and Linguistics Compass. 2015, N° 9 (1), 14-32.
- 63 Scontras G. The Semantics of Measurement. PhD diss., Harvard University. Cambridge. 2014. MA. USA.
- 64 Chambon G. Numeracy and Metrology. In K. Radner & E. Robson (eds.), The Oxford Handbook of Cuneiform Culture. Oxford: Oxford University Press. 2011. Pp. 51-67.

- 65 Rett J. The Semantics of many, much, few, and little. *Language and Linguistics Compass*. Vol. 12, 2018. pp. 12-26. USA.
- 66 Wellwood A. On the Semantics of Comparison across Categories. *Linguistics and Philosophy*. 2015. Vol. 38, № 1: 67–101. Germany.
- 67 Швачко С.А. Языковые средства выражения количества в современном английском, русском и украинском языках. – Киев: Вища школа, 1981. – 144 с.
- 68 Степанова А.В. Функционально-семантическое поле количественности в разноструктурных языках: на материале английского, русского и чувашского языков: автореф. дисс. канд. филол. наук. – Чебоксары, 2007. – 24 с.
- 69 Акуленко В.В., Швачко С.А., Букреева Е.И. и др. Категория количества в современных европейских языках. – Киев: Наукова думка, 1990. – 284 с.
- 70 Парнюк М.А. Категория количества в науке / Отв. ред. М.А.Парнюк; АН УССР. Кафедра философии. – Киев: Наукова думка, 1990. – 243 с.
- 71 Бодуэн де Куртенэ И.А. Количественность в языковом мышлении // Избранные труды по общему языкознанию – Т. II, – М.: АН СССР, 1963. – С. 311-324.
- 72 Ma Jianzhong. Ma zhi wen tung. – Bei jing: Shang wu yin shu guan, 1998. – 457 y.
- 73 Li Jinxi. Xinzhi guoyu wenfang. – Bei jing: Shang wu yin shu guan, 1998. – 347 y.
- 74 lu Shuxiang. Zhongguo wenfang yaolue. – Bei jing: Shang wu yin shu guan, 1956. – 438 y.
- 75 Wang li. Zhongguo xiandai yufa. – Bei jing: Shang wu yin shu guan, 2011. – 402 y.
- 76 He jie. Xian dai han yu liang ci yan jiu. – Bei jing: Min zu, 2000. – 235 y.
- 77 Каримов А.А. Счетные слова в китайском языке: автореф. дисс. канд. филол. наук. – Ташкент, 1994. – 20 б.
- 78 Хамдамов П. Нумеративы в современном узбекском языке: автореф. дисс. канд. филол. наук – Самарканд, 1967. – 26.
- 79 Шакиров С.А. Семантико-типологический анализ нумеративных фразеологических единиц в разнотипных языках: дисс. канд. филол. наук. – Самарканд, 1985. – 249 с.
- 80 Atmaca E. Kazak Türkçesinde ölçü ve ölçü adları. *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*. 2009, Sayı 27, Sayfalar 21-48.
- 81 Gümüştam G. Eski türk tıbbında (XIV-XVI Yüzyıllar) ölçüler ve ölçme usulleri. *Turkish Studies – International Periodical For the Languages, Literature and History of Turkish or Turkic Volume 7/1 Winter 2012 p. Sayfalar 1189-1216*.
- 82 Ekinçi İ. Osmanlı deniz ticaretinde ölçü birimlerinin batılılaşmasına bir örnek: kile'den tonilatoya, moorsom usulü'nün uygulanması. *Uluslararası Sosyal Araştırmalar Dergisi*. Yıl 2011. Cilt 4, Sayı 17, Sayfalar 312-324.
- 83 İncelik H. İntoduction to Ottoman Metrology. – Turcica: 1983, C. 15, sayfalar 311-348.
- 84 Günergun F. Osmanlılar ve Metre Sistemi. *Osmanlı VIII*, – Ankara: 2002, Sayfalar 655-663.
- 85 Şenel M. Türkiye türkçei ağızlarında ölçü birimleri. – Karadeniz. 2009, Sayı 12. Sayfalar 80-93.

- 86 Özyetgin M. Eski Türklerde Ölçü. Orta Zaman Türk Dili ve Kültürü Üzerine İncelemeler, – Ankara: Ötüken, 2005, Sayfalar 139-149.
- 87 Taş İ. Hititlerde ölçü birimleri ve bunların hitit metinlerinde kullanımı üzerine bir değerlendirme. Hitit Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi. 2008, Cilt 1 , Sayı 1, Sayfalar 73-90.
- 88 Kaymaz Z. Anadolu Ağızlarında Ölçü Bildiren Kelimeler. BİR Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. 1998, Sayı 5, Sayfalar 393-407.
- 89 Gökyay O. Halk Dilinde Ölçü Birimleri. Türk Folkloru Araştırmaları, Kültür Bakanlığı Yayınları. – Ankara. 1981, Sayı 1, Sayfalar 41-48.
- 90 Seyhan T. Çağatayca iki Zafernâme Tercümesinde Kullanılan Bazı Uzunluk Ölçüsü Birimleri. 2007. MTAD, Cilt 4, Sayı 2, Sayfalar 116-145.
- 91 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I-V. СПб.: Тип. Имп. АН, 1893-1911.
- 92 Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий со включением употребительнейших слов арабских и персидских. Т. I-II. СПб.: Тип. Имп. АН, 1869-1871. – 810 с., – 418 с.
- 93 Грамм М. И. Занимательная энциклопедия мер, единиц и денег. – Челябинск: Урал ЛТД, 2000. – 416 с.
- 94 Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Восточной литры, 1962. – 606 с.
- 95 Баскаков А.Н. Тюркские языки. Изд. 4-е. – М.: ЛКИ, 2010. – 248 с.
- 96 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Ин-т языкознания. – М.: Наука, 1974. – 768 с.
- 97 Қашқари М. Түркі тілдер сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. I – 588 б.; II – 585 б.; III – 597 б.
- 98 Бұйрық-жарлықтар һәм қаулылар жинағы / Түркістан Республикасы Хүкметінің орындауға өте қажет тауып шығарған бұйрық-жарлықтарының һәм барлық қаулыларының жинағы (сентәбір-өктәбір). Халық комиссарлар кеңесі комиссиясының бастырғаны. – Ташкент: Түркімембас, 1923. – 335 б.
- 99 Омарұлы Е. Көптомдық шығармалары / Құраст.: Е.Маралбек. 1-том (Тілтанымдық мұралары). – Алматы: «Лұғат» қоғамдық қоры, 2018. – 299 б.
- 100 Досмұхамедұлы Х. Табиғаттану. – Ташкент: Түркістандағы хукметтік кітап басушы махкама, 1922. – 175 б.
- 101 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі / Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 102 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы: Инжумаржан, 2007. – 388 б.
- 103 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі. – Алматы: Арыс, 2010. – 640 б.
- 104 Хасенов Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдар. – Алматы: Қазақтың мемлекеттің оқу-педагогика баспасы, 1957. – 91 б.
- 105 Көпбаева Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер пысықтауыш: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 23 б.
- 106 Қазіргі қазақ тілі. ШҰАР тіл-жазу комитеті құрастырған. – Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2002. – 510 б.

- 107 Құралұлы А. Қару-жараққа, құрал-жабдыққа, өлшемге, ойындарға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Өнер, 2007. – 64 б.
- 108 Өтебаева Э. Байырғы өлшемдік ұғымдарды білдіретін теңеулер // ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы. 2007, №3. – 88-91 бб.
- 109 Назарқұлова Г. Қазақ тіліндегі қашықтық және көлемдік ұғымдар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2003, №9 (71). – 111-113 бб.
- 110 Ахметжанова Ф.Р., Қасенова Р.Е. Қазақ тіліндегі «-ым» қосымшалы туындылар жөнінде // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2005, №8 (90). – 17-18 бб.
- 111 Байназарова Л.А. Қазақ тіліндегі мөлшер категориясын жасаушы модельдер // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2009, №7-8 (123-124). – 82-84 бб.
- 112 Кәмалашұлы Б. Қазақи дәстүрлі өлшемдер // Туған тіл альманахы. 2015. №1. – 60-64 бб.
- 113 Кенжеахметұлы С. Мысқалдан батпанға дейін // Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 56-58 бб.
- 114 Қинаятұлы Б. Қазақ халқының дәстүрлі өлшемдері // Ана тілі. – Алматы, 1995. №43. – 5 б.
- 115 Қалиқызы Г. Халықтық өлшемдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2000, №8. – 40-42 бб.
- 116 Кейкин Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: Өлке, 2006. – 456 б.
- 117 Бектемірова С.Б. Фраземалардағы «ит» семасының коннотациялық мағынасы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2005, №3 (85). – 16-19 бб.
- 118 Тілеубекұлы Т. Уақыт өлшемі, ұзындық өлшемі, салмақ өлшемі және бөлшек өлшемдер // Орталық Қазақстан, 1992. 19-21 қараша. – 5 б.
- 119 Елешева А. Фразеологические единицы с компонентами числительными в казахском языке: дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 188 с.
- 120 Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1995. – 182 б.
- 121 Солтанбекова А. Қазақ тіліндегі шақтық локальдылық/шақтық бейлокальдылық функционалды-семантикалық категориясы: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 126 б.
- 122 Караджа О.С. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері (қазақ-түрік тілдері негізінде): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2005. – 124 б.
- 123 Сарбасова Г.А. Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 26 б.
- 124 Тоқтанова Ә.К. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі уақыт, кеңістік, өлшемге негізделген фразеологизмдерге ұйытқы болған сөздер // Вестник КазНУ. Серия филологическая. 2011. №4 (134). – 204-207 бб.
- 125 Джельдабаева Р.Б. Мөлшерлік ұғымды білдіретін сөздердің қытай және қазақ тілдеріндегі валенттік-дистрибутивтік заңдылықтары: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 29 б.

- 126 Желдібаева Р.Б. Қытай және қазақ тілдеріндегі сан-мөлшер сөздердің сөйлемдегі атқаратын қызметі // Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2008. №2. – 61-66 бб.
- 127 Қайдар Ә.Т. Тысяча метких образных выражений. – Астана: Білге, 2003. – 368 б.
- 128 Кажибекоев Е.З. Семантика тюркского слова. Проблема межуровневой сопряженности: автореф. дисс. докт. филол. наук. – Алматы, 1988. – 64 с.
- 129 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 212 б.
- 130 Аққошқаров Е. Халық арасында кең таралған байырғы өлшемдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 2000. №11. – 46-48 б.
- 131 Базылхан Н. Древние монеты каганов, тегингов и тудунов // Вечерний Алматы. 2013. 6 августа, №99-100. – С. 4.
- 132 Базылхан Н. История денег в Казахстане // Войн Казахстана. 2002. 20 дек. – 7 б.
- 133 Жанпейісова С.Е. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы (қазақ ақын-жазушыларының шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1996. – 26 б.
- 134 Жанпейісова С.Е. Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер // Известия НАН РК. Серия филологическая, 2006. №4. – 45-50 бб.
- 135 Тұрышев А.Қ. М.Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2005. – 343 б.
- 136 Сабырханова Р.Т. М-Жүсіп шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемдері мен нумеративтер). – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2007. – 159 б.
- 137 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. 2-тіл танытқыш кітап. – Ташкент: Қазақстан мемлекет баспаханасы, 1920. – 96 б.
- 138 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. 2-тіл танытқыш кітап. IV басылуы. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспаханасы, 1924. – 128 б.
- 139 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- 140 Маманов И. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
- 141 Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков: дисс. докт. филол. наук. – Алматы, 1989. – 288 с.
- 142 Ахметжанова З.К. Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2005. – 408 с.
- 143 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 144 б.
- 144 Момынова Б. Қазақ тілінің морфологиясы (Оқу құралы). – Алматы: Арыс, 2012. – 242 б.
- 145 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі сын есімдердің валенттілігі. – Алматы: Толғанай Т, 2007. – 176 б.
- 146 Жұбаева О. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэкеттілігі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы. 2010. – 305 б.

- 147 Қабылдина Л.М. Мөлшер-өлшем мағыналарының функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. дисс. – Астана, 2007. – 117 б.
- 148 Сәрсекке Г. Көптік категориясының функционалды ерекшеліктері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2003. №10. – 57-64 бб.
- 149 Асқар Л.О. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 24 б.
- 150 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 2-кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 828 б.
- 151 Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі (Ұжымдық монография). – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 400 б.
- 152 Жұмсалымды грамматика (Монография-оқулық). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2016. – 508 б.
- 153 Маралбек Е. Поэтикалық мәтіндерде «мөлшер» ұғымының теңеу тәсілі арқылы берілуі. Ф.ғ.д., профессор Г.Б.Мәдиеваның ғылыми-педагогикалық қызметінің 35 жылдығына арналған «Филология мен шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 204-211 бб.
- 154 Маралбек Е. Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының метафора тәсілі арқылы берілуі. 6 Халықаралық Қытайдан Адриатқа дейінгі әлеуметтік ғылымдар конгресі. – Анкара, 2018. 29-31 март. – 60-74 бб.
- 155 Маралбек Е. Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының перифраз тәсілі арқылы берілуі. 6 Халықаралық Қытайдан Адриатқа дейінгі әлеуметтік ғылымдар конгресі. – Анкара, 2018. 29-31 март. – 75-84 бб.
- 156 Maralbek Ye., Koçak M. Miktar Semantiğini Dünya Dillerine Ortak Eski Sentaktik Yapısı. 21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum / Education And Society In The 21st Century Cilt / Volume 7, Sayı/Issue 20, Yaz/Summer 2018504
- 157 Маралбек Е. Поэтикалық тілдегі мөлшер ұғымының көрінісі // Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филология сериясы. 2017. №4. – 152-158 бб.
- 158 Маралбек Е. М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі «мөлшер-өлшем» ұғымын білдіретін соматизмдер. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. Филология сериясы. 2017. №2 (60). – 67-76 бб.
- 159 Маралбек Е. Мөлшер категориясын зерттеудің логика-семантикалық тәсілдері. Филол.ғ.д., профессор Б.Қ.Момынованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Қазіргі қазақ тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: Арыс, 2017. – 119-131 бб.
- 160 Maralbek Ye., Koçak M. Kaşgarlı Mahmut'un Divanu lügati't-türk adli eserinde yer alan ölçü birimleri. Türk kültürü ve Hacı Bektaş Veli araştırma Dergisi (Türkiya). 1KİŞ 2018/SAYI 88 187-199.
- 161 Akhmetzhanova Z., Maralbek Ye., Kassenov Ye., Kerembekova M. Language Units Expressing the Notion of Degree or Quantity on Turkic Monuments. Opción, Año 35, Especial No.20 (2019): 1590-1620. Universidad del Zulia (Венесуэла)
- 162 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011. 11-т. – М–О. – 752 б.
- 163 Есім Ғ. Мәселе қазақтың намысшыл болуында (Сұқбат) // Ана тілі. 28 мамыр – 3 маусым, 2009. №21. – 3 б.

- 164 Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 384 с.
- 165 Ахметжанова З.Қ., Ерназарова З.Ш. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос (Монография) – Алматы: Елтаным, 2016. – 288 с.
- 166 Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
- 167 Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
- 168 Соссюр Ф. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
- 169 Тіл білімі сөздігі // ред. басқарған Э.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 554 б.
- 170 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- 171 Некрасова Н.А., Некрасов С.И. Философия науки и техники: Тематический словарь справочник. Учебное пособие. – М.: МИИТ, 2009. – 424 с.
- 172 Современная русистика как полипарадигмальная наука: ключевые проблемы: программа курса / сост. Л. Б. Карпенко. – Самара: Изд-во Самарский университет, 2015. – 12 с.
- 173 Кароннова Е. В. Парадигма в историческом знании: филос. ғыл. канд. дисс: автореф. – Москва: МПГУ, 2001. – 21 с.
174. Кот А. Г., Пержинская Н. И. Историческая парадигма природопонимания в немецком языке и литературе на примере лексических единиц «DIE NATUR» (природа), «DER WALD» (лес). Современные технологии сельскохозяйственного производства: сборник научных статей по материалам XIX Международной научно-практической конференции. – Гродно: ГГАУ, 2016. – 358 с.
- 175 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 1969. – 383 с.
- 176 Құрышжанұлы Ә., Көмеков Б.Е., Жүнісұлы Д.С. Ескі қыпшақ тілі (Оқулық). – Алматы: ҚазМҚПУ, 2007. – 316 б.
- 177 Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы (Оқулық). – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 283 б.
- 178 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 282 б.
- 179 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі (Оқу құралы). – Алматы: Мектеп, 1971. – 230 б.
- 180 Малғаждаров Қ. Рун жазуындағы септеулік шылаулар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология ғылымдар сериясы. 1998, №25. – 20-23 б.
- 181 Бекжан О. Жай сөйлемнің теориялық мәселелері және Күлтегін ескерткішіндегі ұйысымдық, типтік сипатталуы: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1997. – 203 б.
- 182 Маралбек Е. Мөлшер есімдіктер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2016. №3. – 60-66 бб.
- 183 Саурықов Е. Үстеу сөз табы: тарихи дамуы және қалыптасуы: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2010. – 233 б.
- 184 Жаңабекова А. Қазақ тіліндегі функционалды қосымшалар. – Алматы: Елтаным, 2016. – 112 б.

- 185 Сапашев О. Көне түркі тіліндегі сөйлем мүшелері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2000. – 139 б.
- 186 Сапашев О. Сөйлем мүшелері (Оқу құралы). – Өскемен: Медиа-Альянсы, 2003. – 116 б.
- 187 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258 б.
- 188 Древнетюркский словарь. – Л.: Наука, 1969. – 676 с.
- 189 Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) // «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері» сериясы бойынша II том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.
- 190 Боранбаев С. Ескі қыпшақ тіліндегі есімдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу («Арабша-қыпшақша сөздік» бойынша, XIV ғ.): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2000. – 136 б.
- 191 Қасым Б. Түркі тілдеріндегі аталымдардың сөзжасамдық уәжділігі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2015. №3 (53). – 66-71 бб.
- 192 Керімұлы Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштеріндегі сөз жасайтын жұрнақтар. – Алматы: РБК, 1999. – 109 б.
- 193 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – (иллюстрацияланған) 1. Т. А – Д. – 738 б.
- 194 Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1997. – 284 б.
195. <http://sozluk.gov.tr/>
- 196 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2012. – (иллюстрацияланған) 2. Т. Е – И. – 736 б.
- 197 Қазіргі заман қытай тілі сөздігі (Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы Тіл білімі институты Сөздік редакциялау бөлмесінің 6-редакциясы). – Пекин: Сауда басылымы, 2012. – 1874 б.
- 198 Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Жалын, 1990. – 320 б.
- 199 Даль В. Толковый словарь живого велико-русского языка. Т. I, II, III, IV. – М.: Государственное изд-во иностранных и национальных словарей, 1956. – 683 с.
- 200 Рубинштейн Н.Л. История Татарии в документах и материалах. – М.: Гос. социально-экономическое изд-во, 1937. – 532 с.
- 201 Зиёуддин А. Исломда ўлчов бирликлари (<https://azon.uz/content/views/islomda-ulchov-birlik-11>).
- 202 Садықбеков Қ. «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткішінің тілдік ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 129 б.
- 203 Ақкөзов Ә. Сапалық сын есімдердің семантикасы және жүйесі: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004. – 118 б.
- 204 Байымбетова Р.К. Түркілер дүниетанымының тілдік репрезентациясы (VII–IX ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің тілі негізінде): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 124 б.

- 205 Ескеева М. Бір және екі буынды сөздер соңындағы қ~к~ғ~г~у~й дыбыстарының сәйкестігі (түркі тілдері деректері негізінде): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 113 б.
- 206 Ибатов А. Құтыбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі (XIV ғ.). – Алматы: Ғылым, 1974. – 278 б.
- 207 Сүйеркұл Б. Хорезмидің «Мұхаббатнамесіндегі» [XIV ғ.] лингвистикалық кеңістік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 376 б.
- 208 Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 302 б.
- 209 Сабыр М. Құтыбтың «Хұсрау мен Шырын» поэмасының лексика-грамматикалық сипаты (Монография). – Алматы: Арыс, 2013. – 276 б.
- 210 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1926. – 282 б.
- 211 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
- 212 Таусоғарова А.Қ. Өлең мәтінінің синтаксистік ерекшелігі (Оқу құралы). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 185 б.
- 213 Есенберлин І. Алмас қылыш (Көшпенділер – 1). – Алматы: Есенберлин атындағы қор, 2004. I. – 340 б.
- 214 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Бижің: Ұлттар баспасы, 1988. – 790 б.
- 215 Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданысы. – Алматы: Мектеп, 1966. – 206 б.
- 216 Абитжанова Ж.А. Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі метафоралардың уәжділігі мен семантикасы: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы: Әрекет-Print, 2008. – 29 б.
- 217 Мусабаев Ғ. Современный казахский язык (Лексика). – Алматы, 1959. – 15 б.
- 218 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XVIII ғғ.): Көптомдық шығармалар жинағы. III Т. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 347 б.
- 219 Ахметжанова З.Қ. Сопоставительное исследование лексики тюркских (казахского, киргизского, узбекского) и русского языков (универбы и перифразы): автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1982. – 24 с.
- 220 Үсенбаева Г. Перифраздардың тілдік табиғаты. – Алматы: Санат, 1996. – 214 б.
- 221 Амандықова Г. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар. филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1999. – 22 б.
- 222 Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 400 б.
- 223 Бекмағанбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Қызылорда: Тұмар, 1999. – 158 б.

ҚОСЫМША

«Көлем» ұғымының тарихи парадигмасы	211
«Сыйымдылық» ұғымының тарихи парадигмасы	212
«Салмақ» ұғымының тарихи парадигмасы	213
«Уақыт мөлшері» ұғымының тарихи парадигмасы	214
«Аудан» ұғымының тарихи парадигмасы	215
«Сан мөлшері» ұғымының тарихи парадигмасы	216
«Құн» ұғымының тарихи парадигмасы	217
«Сапа» ұғымының тарихи парадигмасы	218
«Қашықтық» ұғымының тарихи парадигмасы	219
«Қимыл мөлшері» ұғымының тарихи парадигмасы	220

ҚОСЫМША: Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы

		«Көлем» ұғымының тарихи парадигмасы					С-ы	
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері			
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.		
Лексикалық деңгей	Зат есім		бөлүк, сүрүк, кесек, қап, қача, имрәт, бұқаш, иапұрғак (8)	әндәзә, махак (2)	тал, қыл, сызашық, теңіз, алқа, кебеже (6)	тау, теңіз, құрт, түйе, атан, дөңбек т.б. (6)	22	
	Сын есім	улуғ, иінчге, йоған, кічіг, сыңар, артуқ, учруғлуғ, алп, иінчге (9)	бедүк, телім, бүтүн, пұшғак, қалын, ұшак, өкіл, алп, алпағұт, көп, тап, иап, иүк иоғұн, тікү, иінчке, иартым, иығын, тең (19)	улуғ, зурбазуйлықдур, табиқа, улуғ, хар, аз, улу, кічі, тар, ағызтег, ақбар, жісм, бәса, зәррә, зәррәчә, йінічкә, қалын, оқұшрәг, тағтег, улу, ушак (21)	үлкен, уак, телегейдей, сом, ауыр, аршынды, жуан, қазандай, қарғайдай, тұрымтайдай, төбедей, аяқты, тұяқты, таудай, төбедей, алатаудай, ордасындай (17)	үлкен, дәу, дөй, дөкей, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, ноян, жоян, сом, зараң, шоң, алып, зор, қапсағай, еңгезердей, зіңгіттей, дардай, таутұлғалы; кішкене, шағын, ықшам, кіші, ұсақ, уак, майда, титтей, қаршадай, құйттай, құйтымдай, құйтақандай, құртақандай, титімдей, зәредей, шүкеттей, шүйкімдей т.б. (41)	107	
	Сан есім							
	Есімдік	анча, коп, қамуғ, коп (4)	түгел, барша, каш, нече (4)	андағ, анһама, жами', әмма, тамам, һамма, һәмма, барча, жұмла, қамуғ, қамуқ, бүтүн, жәм (13)	бәрі, түгел, жімле, барша (4)	түгел, барша, барлық, тұтас, бәрі т.б. (5)		49
	Етістік	улғарт (1)	қалбұз, шөп, кеңүді, кеңіт, кеңүрді, түврады (6)	улғай (1)		ұлғаю, зораю, теңкиген, далиған, қампиған, дүңкиген т.б. (6)		14
	Үстеу					тым, орасан, бек, өте, аса, ерекше, недәуір, мейлінше, бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты т.б. (27)		27
	Шылау			текүк (1)		дейін, шейін (2)		3
	Еліктеу							
Өлшем бірліктер		пішім, тікім, тілім, сағым, өпүм, тілге, орым, үзүм, егім, ақым, үгүм, күнлүк, өкүн, үгме (14)	жамидә, қатра, қабза, чингал, улуғ, жар'а, сахиға, кез, дана, авуч, әвр, локма, пара, жур'а (14)	аяқ, құшак (2)	куб, текше метр; үймек, мая, түйір, жапырақ, бау, том, тарау, тілім, үзім, тағым, атым, кесім, салым, сығым, шөкім, жұтым, есім, қайнатым, шымшым, түтім, жайым, буда, құшак т.б. (25)		55	
Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы		-лық, -ым, -ім, -үм, -ге, -лүк; -үн, -ме; -үді, -іт, -үрді, -ын, -ады (13)		-ды, -ты, -ті, -лы, -лі (5)	-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі (6)	24	
	Форма тудырушы	-сыз, -лығ, -ча (3)	-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-тег, -чә, -рәг (3)	-дай, -дей, тай (3)	-дай, -дей -тай, -тей; -рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу; - қыл, -кіл, -ғыл, -кылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -ақ т.б. (23)	37	
Синтаксистік деңгей	Тіркестер	төрт булуң (1)	шар-шар, өкүн топрақ, үгме топрақ (3)	гуруһ-гуруһ, йети табиқа, он секиз мың алам, улуғ көза, фарик-фарик, фуж-фуж, улу черув, жұмла шахлар, тар агз, парә-парә, харвар харвар (11)	алан, алан, алаң жұрт, тал мойын, қыл майқан, қарғай қазтуған, тебінгіге жетер-жетпес су, сом жүрек, жімле ғалам, барша әлем, күрек тісі, кебеже қарын, кең құрсақ, тұрымтайдай ұл, жардай атан, аударылмас кара кемедей, саптыаяқтай ерінді, сарымсақтай азулы, дөмпеш таудай (17)	үп-үлкен, дәп-дәу, іп-ірі; кіп-кішкене, кіп-кішкентай, ып-ықшам, шап-шағын, үп-ұсақ, мап-майда, тіп-титтей; үлкен-үлкен, ірі-ірі, дәу-дәу; ұсақ-ұсақ, шағын-шағын, титтей-титтей, биттей-биттей, кішкентай-кішкентай, кішкене-кішкене; ірілі-ұсақты, үлкенді-кішілі; уақ-түйек, ұсақ-түйек, майда-шүйде, кішігірім; таудай талап, бармақтай бақ; ақылы телегей-теңіз, көңілі кең дала; қазан бас, шартық қарын т.б. (30)	62	
	Модельдер	бір үлүгі, екі үлүгі (2)		ның+сі (гәвһәрінің парәсі) (1)	құрсағы құшак, құрсағы жуан, бір аяқ ас, -ы+дай (жоны бір жалпақ жотадай, мойны бір жалпақ бұқадай, -і+дай (желіні бар қазандай, екі өркеші баладай, азу тісі қаладай), басы үлкен (9)	-дай+бөлігі, -дай+бөлігін, -дай+жер, -дай+жері, -дай+жерін, -дай+жерді (6)	18	
	Құрылымдар (конструкция)		бір сүрүк кой, бір иүк бұғдай, бір тікү ет, бір пішіп қағұн, бір тілім ет, бір сағым сүт, бір өпүм мүн, бір тілге ет, бір орым от, бір егім жер, бір ақым сув, бір үгүм иармақ, бір иартым бодзүн (13)	бир жамидә фаришталар, бир қатра суни, бир қабза, бир чингал алтун, бир улуғ су, бир чингал тофрақ, жар'а (бір жұтым) нушидур, отуз сахиға, үч дана бұғдай, бир қатра су, бір авуч тобрақ, бір локма йегү, бір пара қағад, бір жур'а сүсүн (14)		бір үймек құм, бір мая шөп, бір бау шөп, бір түйір дән, бір жапырақ нан, бір кесек ет, бір куб ағаш, жүз текшеметр су т.б. (8)	35	
		20	85	81	63	185	434	

		«Сыйымдылық» ұғымының тарихи парадигмасы					С-ы	
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері			
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.		
Лексикалық деңгей	Зат есім		қап, қача, тағар, кесүргү, шөмше, сарныш, сұсғак, сағрак, бұқаш (9)	қадах, әндәзә, махак (3)		машина, камаз, арба, ташке, зембіл, саба, қарын, мес, астау, табақ, тайқазан, дағар, күбі, тостаған, торсық, құман, шәугім, құлы, қазан, тегене, шелек, аяқ, кесе, самаурын, сандық, шөміш, ожау, құмыра, шелек т.б (29)	41	
	Сын есім		тап, иасы, тар, иі, иігі, чігі, кең, тең (8)	улуғ, улу, тар, ақбар, жісм (5)	тар, кең (2)	кең, үлкен, дәу, даңғарадай, далаяқтай; тар, шағын, кішкене, кішкентай, титімдей, битімдей, үңгірдей, апандай, қуықтай, дорбадай т.б. (15)	30	
	Сан есім							
	Есімдік		түгел, каш, нече (3)	һамма (1)	жімле, түгел, барша (3)	тұтас, түгел, барша (3)	10	
	Етістік		кеңүді, кеңіт, кеңүрді (3)			тыртиған, ұлғаю, үлкею, кеңею, тараю, кішірею (6)	9	
	Үстеу		чың (1)	анһама, сансызын (2)		аса, өте, қабағат, мейлінше, недәуір, ғаламат, тым т.б. (7)	10	
	Шылау							
	Еліктеу							
Морфологиялық деңгей	Өлшем бірліктер		тізік, тізім, өпүм, құшам, сағым, орым (6)	қабза, чингал, улуғ, жар'а (бір жұтым), авуч, локма, жур'а (7)	аяқ (1)	литр, текше метр, куб, грамм, килограмм, тонна, қанат, бақан, сөре, ауыз, қорап, тізбек, бау, нуа, атдорба, жұтым т.б. (17)	31	
	Сөз тудырушы		-ым, -ім, -үм, -ам; -үді, -іт, -үрді (7)			-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік (6)	13	
Синтаксистік деңгей	Форма тудырушы		-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)			-рақ, -рек -ырақ, -ірек (кеңірек, кішірек); -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу (кеңдеу, кішкенеу), -дай, -дей -тай, -тей (14)	19	
	Тіркестер, аналитикалық формалар		чың толұ көл, тар етүк (2)	он секиз мың 'алам, улуғ көза, тар ағз (3)	тар жер, кең пейіл, тар құрсақ, азуы кере қарыс, барша әлемге, кең сарай, торғай көз, кең құрсақ (8)	кең-кең, үлкен-үлкен, дәу-дәу, даңғарадай-даңғарадай; тар-тар, шағын-шағын, кішкене-кішкене, кішкентай-кішкентай, титімдей-титімдей, битімдей-битімдей; кеп-кең, үп-үлкен, дөп-дәу; тап-тар, кіп-кішкене, кіп-кішкентай, шап-шағын, тіп-титтей, біп-биттей, біп-битімдей, иненің көзіндей; бір литрлік бачок, бір тонналық бочок, елу килограмдық қап, жүз текшеметрлік суқойма, бір литрлік құмыра, бес тонналық жүккөлігі, екі адамдық орындық; қарын-қарын сарымай, мес-мес қымыз, саба-саба қымыз, астау-астау көже, табақ-табақ ет, күбі-күбі су, тостаған-тостаған шарап, торсық-торсық сусын, құман-құман су, шәугім-шәугім шай, шыны-шыны сорпа, қазан-қазан ет, тегене-тегене көже, шелек-шелек сүт, аяқ-аяқ ас, кесе-кесе сорпа, сандық-сандық алтын, дағар-дағар жүн, қап-қап астық, жілік-жілік ет т.б. (47)	60	
	Модельдер					-ы+дай немесе -дай+ы формасы: ауызы оймақтай – оймақтай ауызы, танауы үңгірдей – үңгірдей танауы, аузы апандай – апандай аузы, ауызы жайындай – жайындай аузы т.б.; бір литрдей, бір литр шамасында, бір литрге жетеқабыл, бір литрден көбірек, бір литрден артықтау, бір литрден көптеу т.б. (14)	14	
Құрылымдар (конструкция)		бір тізік иінжү, бір тізім иүнжу, бір өпүм мүн, бір құшам нән, бір сағым сүт, бір орым от (6)	бир қабза, бир чингал (шеңгел) алтун, бир улуғ су, бир чингал тофрақ, жар'а (бір жұтым) нушидур, бір авуч тобрақ, бір локма йегү, бір жур'а сүсүн (8)	бір аяқ ас (1)	бір қарын сары май, бір мес қымыз, бір саба қымыз, бір астау көже, бір табақ ет, бір тайқазан ет, бір дағар жүн, бір қап бидай, бір күбі су, бір тостаған шарап, бір торсық сусын, бір құман су, бір шәугім шай, бір құлы су, бір қазан ет, бір тегене көже, бір шелек сүт, бір аяқ ас, бір кесе сорпа, бір қасық шекер, бір самаурын шай, бір сандық алтын, бір шөміш су, бір ожау су, бір құмыра бал т.б. (25)	40		
			50	28	15	185	277	

		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		С-ы	
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.		
«Салмақ» ұғымының тарихи парадигмасы	Лексикалық деңгей	Зат есім		қап, қача, иүк (3)	әндәзә, махак (2)	тайтұяқ, атантұяқ, ботақөз, койтұяқ (4)	қаңбақ, қаңылтақ, қорғасын, кіртасы, шойын т.б. (5)	15
		Сын есім	Ағыр, толқу (2)	ағыр, алп, иенік, иарым, тең (5)	ағыр, йәсір, тағтег (3)	ауыр, қорғасындай (2)	ауыр, зіл, сом, зілбатпан, батпан, зілмауыр, шомбал; жеңіл, қаңылтақтай, қорғасындай т.б. (10)	21
		Сан есім						
		Есімдік		Қаш? Нече ? (2)			Қаншалық? Қанша? Неше?	5
		Етістік						
		Үстеу	бунча (1)		анһама, иңән (2)		бүнша, бүншама, бүншалық, бүншалықты, мүнша, мүншама, мүншалық, мүншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты, аса, тым, ерекше, өте, барынша, мейлінше, недәуір т.б. (26)	29
		Шылау						
		Еліктеу						
	Өлшем бірліктер		сун, сағұ, ырклұм, батман, кевші (5)	батман, хантар (2)	батпан (1)	мысқал, қадақ, сәрі, пұт, батпан, грамм, килограмм, тонна т.б. (8)	16	
	Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы				-дай, -дей (2)	-дай, -дей -тай, -тей: зілдей, шойындай т.б. (4)	6
Форма тудырушы			-тег, -ча -че, -рақ, -ырақ (5)	-тег (1)		-рақ, -рек -ырақ, -ірек: ауырырақ, жеңілрек т.б. -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу: ауырлау, сомдау т.б. -ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі; -сыз, -сіз: салмақты, зілді; салмақсыз, зілсіз т.б. (18)	24	
Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар			йүз батман, алтмыш батман, харвар-харвар (3)	ауыр намыс, ауыр қылыш, батпан-батпан мін, ауыр күш, қырық мың атан тарта алмас, аударылмас кара кемедей (6)	ап-ауыр, жеп-жеңіл; ауыр-ауыр, сом-сом, зілбатпан-зілбатпан; жеңіл-жеңіл, қаңбақтай-қаңбақтай, қаңылтақтай-қаңылтақтай; жеңіл-желпі, батпан құйрық, қаңбақ шал, ауыр ой, жеңіл сөз, ауыр іс, сом дене, шомбал жігіт т.б.; -дай, -дей -тай, -тей: түйенің жарты етіндей, жел айдаған қаңбақтай, құйған қорғасындай; бір грамдай, бір килограмм шамасында, бір тоннаға жетекабыл, бір килограмнан көбірек, бір тоннадан артықтау, бір грамнан көптеу т.б. (25)	34	
	Модельдер					-ның+дайы (-дей+і), -ның+дайын (-дей+ін), -ның+дай бөлігі: астықтың бір тоннадайы, жүгерінің бір тоннадай бөлігі т.б. (5)	5	
	Құрылымдар (конструкция)		бір иүк бұғдай (1)	10 хантар алтын (1)		бір мысқал алтын, бір қадақ ет, екі сәрі күміс, үш пұт астық, бір батпан қайғы, жүз грамм арақ, он килограмм алма, бес тонна көмір т.б. (8)	10	
		3	21	14	15	112	164	

		«Уақыт мөлшері» ұғымының тарихи парадигмасы					С-ы
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.	
Лексикалық деңгей	Зат есім	йыл, өдүшке, күн, түн (4)	көш, иыл, тадүн, бұрұң, күн, тыдзын (6)	ал-ауқат, фурсат, умур, са'ат, күн, йыл, йаш, іч, апта, һафта, аср, әндәзә, адінә, дәһр, маһак, рузгар, мүддат, вақыт, гәз (19)	ғұмыр, ай, алтысында, жетісінде (4)	ғасыр, жыл, ай, тәулік, күн, түн, сағат, минут, секунд, былтыр, биыл, келер жылы, кеше, бүгін, ертең, жаз, қыс, көктем, күз т.б. (20)	53
	Сын есім	узун, улуғ, ырақ, ілк (4)	ұзақ, ұзұн, иақын, иырақ, иағұқ, кібе, бүте (7)	узун, аз, улу, кічі, өкүш, артуқ, көб, қысқа, мәңгілік, йарым, узақрақ (11)	үлкен, қыршын, аз-ақ, жас (4)	ұзақ, қысқа, көп, аз, артық, шекті, шексіз, шұғыл, көне, ескі, жас, кәрі, үлкен, кіші, қазіргі, ежелгі, байырғы, ілкі т.б. (18)	44
	Сан есім						
	Есімдік	анта, анчып, қаш, нече (4)		андин, анчунан, нича, неча ким, хамиша, анчақ, түкәл, ніча (9)		мынша (уақыт), мынанша (уақыт), осынша (уақыт), неше, қанша (5)	18
	Етістік						
	Үстеу	ең, кечүрү, нең, ілгерү, беңгү, (5)	мәңгү, былдұр (2)	дайим, тез, аууал хала., дайма, меңгі, кеча, өлгінчә, бираз, давыскынча, жавидана, хар, айча, күндә, мәңгү, мәңү, түнлә, түнлі, хулд, анһама, мунча (20)	күнінде, ежелден, ежелгі, біраз (4)	аса, тым, өте, ең, ерекше, барынша, сәл, талай, түнімен, күнімен, баяғыдан, өткеннен, бұрыннан, ертеден, талайдан, ежелден, атамзаманнан, жақыннан, жаңадан, жуырдан, жуықтан, былтырдан, биылдан, мәңгі, бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты т.б. (43)	74
	Шылау	тег, тегі, кісре, ынағару, қғару (5)	ісре, тегін, баса, соң (4)	кейин, нича, соң, та, соңра, дірә, текин, ичра, тағы, кәдін, тегрү, тәгі, тегі (13)	ақ (1)	дейін, шейін, соң, кейін, бері (5)	28
	Өлшем бірліктер		күнлүк	нафас, уақыт, йыл, са'ат (4)		дақыл, секунд, минут, сағат, күн, тәулік, апта, ай, жыл, ғасыр, дәуір, заман, бөлек, ауық, жасар (15)	16
Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы	-ча, -че; -лық, -лік (4)	-лүк (1)	-чә, -ча, -тег, -ліг, -рақ (5)		-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп (ғасырлап, айлап); -ша, -ше (уақытша, қазірше); -шылық, -шілік (айшылық, күншілік); -дай, -дей, -тай, -тей (жаздай, қыстай); -рақ, -рек, -ырақ, -ірек (ұзағырақ уақыт, қысқарақ уақыт); -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу: (ұзактау уақыт, қысқалау уақыт) (24)	34
	Форма тудырушы		-ча/-че, -тег (3)	-ча, -дур, -лық, -лик, -лә, -лі (6)	-дей (1)	-ды, (-ді): ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді т.б.; -лық (-лік), -дық (-дік), -тық (-тік): ұзақ уақыттық, ұзақ мерзімдік, қысқа уақыттық, он ғасылық тарих т.б. (8)	18
Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар	түнлі-күнлі, йарын кіче, күн йеме түн йеме, күн орту, таң үнтүрү (5)	түн-күн, мәңгү ажүн, ұзұн иашағү (3)	тез фурсат, бир нафас, кеча күндүз, кеча уа күндүз, ким бас, күндин күнга, қырық кеча күндүз, қырық сахар, мың йыл, уақыты кі, үч йүз йыл, һар кеча, һар күн, һәр йыл, 1 йаш, күндүә у кечә, миң йыл, хар йүз, хамиша йаз, аз вақыт ічіндә, аср ічрә, таң атғынча, күн батмышча, күн-түн, ніча күн, түн-күн, түнлә-күндүз, түнлә-күндіз, түнмә-күн, түнмә-күндүз, түн йарым, узун түн, узун күн, аз вақыт ічіндә (34)	күн-түн, жеті күндей, күндердің күні (3)	бір уақ, бір мезгіл, бір мезет; бірқыдыру уақыт, біршама уақыт, біраз уақыт, бірталай уақыт, бірқанша уақыт, біраз жыл, бірталай жыл, бірнеше жыл, оншақты жыл, біраз күн, бірталай күн, бірнеше сағат; бұдан (мұнан, содан, осыдан, сонан, онан) бұрын, бұдан бастап, бұдан кейін, бұдан соң, одан бері, одан кейін, одан соң; ұзақ-ұзақ жылдар, ұзақ-ұзақ уақыт, талай-талай ғасырлар, талай-талай жылдар, талай-талай күндер; талайлаған жылдар (талай жыл), көптеген жылдар, мындаған жылдар, жүздеген жылдар, ондаған жылдар, көптеген күн; бойы: ғасырлар бойы, жылдар бойы, тәулік бойы, күні бойы, түні бойы, өмір бойы; екіге қарай, біргет аман, үшке таяу, төртке жақын, кешке қарай, түске таман, таңға жақын, күзге салым, күзге қарай, көктемге қарай, күзге таяу, қысқа таяу, тез арада, жақын арада, жуық арада (жуырда), жақын күнде, жақын жылда, өле-өлгенше, кетер-кеткенше, қас қаққанша, көзді ашып жұмғанша, күні-түні т.б. (61)	105
	Модельдер	(ай) ө +артуқы, анта /йа/ қғару, қа + тег (3)	ол андан ісре, қырк иылқа тегін, андан баса, соңда кел (4)	андин кейин, андин нича, андин соң, аууалин уа ахрин, дин+соң (қырық йылдың соң, нича замандин соң, үч күндин соң), ға+ча (сурғача, қийаматғача, тақийаматғача), дин+кейин (йылдин кейин, йети мың йылдин кейин, нича махалғача, ол уақытдин та бу уақытғача, 40 күндан соңра, 40 күндә дірә, аз күндан соңра, мундан соңра, қыйаматқа текин, миң йыл ичра, таңқа текин, айча артуқ, нічәгә тегрү, анчақа тәгі, қыйаматқа тегі (25)		1) сан есім + (уақыт, мезгіл атаулары) + (-дай/-дей, -тай/-тей) + уақыт (мерзім): бір жылдай уақыт, екі-үш ғасырдай уақыт, жарты жылдай мерзім т.б. 2) сан есім + (уақыт мезгіл атаулары) + шамасында + уақыт (мерзім): бір жыл шамасында уақыт т.б. 3) сан есім + (уақыт атаулары+(-ға/-ге))+ жуық уақыт: бір жылға жуық уақыт т.б. 4) (уақыт, мезгіл атаулары+ға)+шейін (дейін, салым, таман,): биылға дейін, жазға дейін, түске дейін (шейін), қазірге дейін (шейін), осыған дейін (шейін), көпке дейін (шейін), талайға дейін (шейін), біразға дейін (шейін), күзге салым, жазға таман т.б. 5) (сілтеу есімдігі+ған) + шейін: бұған дейін, осыған дейін, соған дейін, т.б. 6) -нан+бері: бұрыннан бері, ежелден бері, баяғыдан бері т.б. 7) (-дан)+(-ға)+шейін: былтырдан биылға шейін, азаннан кешке шейін т.б. 8) дан+ бұрын (соң, кейін, бері):) бір ғасыр бұрын, бір ғасырдан кейін т.б. 9) (мезгіл үстеу+шығыс септік)+бері (бастап, кейін, соң): бұрыннан бері, баяғыдан бері, талайдан бері, өткеннен бері, ежелден бері т.б. (12 тәсіл)	44
	Құрылымдар (конструкция)	екі йүз йыл, еліг йыл (2)	бір көш күдзгіл (1)	елик уақыт намаз, йетмиш мың йылдық йол, қырық йыл, тоқуз йүз алтмыш йыл 'умур, үч кеча уа күндүзлик йол, үч са'ат, йүз алтмыш йыл, бір са'аттег (8)		1) есептік сан есім + (уақыт, мезгіл атаулары): бір ғасыр, екі жыл; 2) болжалдық сан есім + (уақыт, мезгіл атаулары) бір-екі ғасыр, екі-үш жыл; 3) бөлшектік сан есім + (уақыт, мезгіл атаулары) + уақыт немесе мезгіл: жарты жыл уақыт; ширек ғасыр уақыт, сүт пісірім уақыт, шай қайнатым уақыт, бие сауым уақыт, ет асым уақыт т.б. (4)	15
		36	30	155	17	215	450

		Түркілік кезең				Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		С-ы	
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.			
«Аудан» ұғымының тарихи парадигмасы	Лексикалық деңгей	Зат есім		бөлүк, кесек, имрәт, иапұрғақ (4)	әндәзә, бөләк, махак (3)		бөлік, кесек, жапырақ т.б. (3)	10	
		Сын есім	аз, улуғ, учруғлуғ (3)	бүтүн, пұшғақ, қалын, алпағұт, тап, иап, иарым, тең, алынлығы, иартым (10)	аз, ақбар, зурбазуылқықдур, табиқа, улу (5)	тар, байтақ, кең, жайпақ, аршынды, даладай (6)	кең, үлкен, ірі, байтақ; кіші, кішкентай, кішкене, шағын, ықшам, титімдей, битімдей, ауқымды; тоқымдай (жер), тулақтай (жер), үй орнындай (жер), ошақтай (жер), от орнындай (жер), ұлтандай (жер), алақандай (жер), тілдей, оймақтай, жапырақтай т.б. (22)	46	
		Сан есім							
		Есімдік		түгел, барша, қаш (3)	әмма, жісім, хамма, жұмла, барча, (5)	жімле, барша (2)	барлық, тұтас, бәрі (3)	13	
		Етістік		қалбұз, кеңуді, кеңіт, кеңүрді, тұврады (5)			ұлғаю, үлкею, кеңею, тараю (4)	9	
		Үстеу			анһама, іңән (2)		бұнша, бұншама, бұншалық, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, аса, тым, ерекше, өте, қабағат, барынша, мейлінше, недәуір т.б. (24)	26	
		Шылау	тегі (1)				дейін, шейін (2)	3	
		Еліктеу							
		Өлшем бірліктер		тілге, тікү, орым, егім, иұғрұм, кесек (6)	лоқма, пара (2)		квадрат метр, квадрат шаршыметр, квадрат километр, квадрат дециметр, квадрат сантиметр, квадрат миллиметр, гектар, сот, шаршы метр, кесек, бет, парак, орам, бума, қиқым, т.б. (15)	23	
	Морфологикалық деңгей	Сөз тудырушы		-ге, -ым, -ім, -лығы, -ұм, -ек; -үді, -іт, -үрді, -ады (10)			-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі: көлемді, ауқымды т.б. (6)	16	
		Форма тудырушы		-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)		-ды, -дай (2)	-рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу; -дай, -дей -тай, -тей, т.б. (14)	21	
	Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар	төрт булуң (1)	алынлығы ер (2)	йети табиқа, жұмла шахлар (2)	байтақ кең жерім, барша әлем, күрек тіс, көлдей қамқа (4)	үлкен-үлкен, ірі-ірі; ұсақ-ұсақ, шағын-шағын, титтей-титтей, кішкентай-кішкентай, кішкене-кішкене, үп-үлкен, кіп-кішкене, кіп-кішкентай, ып-ықшам, ұп-ұсақ, тіп-титтей, шап-шағын, ірілі-ұсақты, үлкенді-кішілі, ұсақ-түйек, майда-шүйде, кішігірім, ат тұяғындай (жер), қой өрісіндей (жер), желі орнындай (жер), ат төбеліндей, иненің жасуындай, теңгедей бұлт, айдай әлем, алақандай аспан, т.б. (27)	36	
		Модельдер			бір лоқма йегү, бір нічә лоқма, бір пара қағад, парә-парә, гәвһәріңнің парәсі (5)	жатқан жері даладай (1)	-ы+дай, -ы+(нақты сандық шама), бет+і табақ+тай, табақ+тай бет+і (табақ бет), жауырын+ы қақпақ+тай, қақпақ+тай жауырын+ы, ауданы жүз гектар, көлемі елу шаршы метр, аумағы жүз квадрат километр, -дай +бөлігі, -дай +бөлігін, -дай +жер, -дай +жері, -дай +жерін, -дай+жерді: алақандай бөлігі, тоқымдай жері т.б. (16 модель)	21	
Құрылымдар (конструкция)			бір тікү ет, бір тілге ет, бір орым от, бір егім жер, бір кесек етмек (5)			үй орнындай жер, ошақ орнындай жер, тоқымдай жер, табақтай жер т.б. (4)	9		
		5	50	24	15	139	233		

		«Сан мөлшері» ұғымының тілдік парадигмасы					С-ы
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.	
Лексикалық деңгей	Зат есім		бөлүк, сүрүк, имрәт, қат, тү (5)	бөләк, әндәзә, махақ (3)	байтақ, көп, аз, теңіз, алқа, тоғызы (6)	көп, аз, көпшілік, топ, халық т.б. (4)	18
	Сын есім	аз, азқына, анығ, үкүс, улуғ, йеме, сыңар, артуқ, үкүш (9)	үкүш, аз, телім, түпен, қалын, өкіл, көп, күп, иі, иігі, бүте, чігі, тең, ұларлығ, үгүрлүг, иартым (15)	аууал, табиқа, көб, көп, чандан, аз, көп, ексік, улу, өкүш, фараван, артуқ, тәлім, бәса, буржіс, жуфт, қалың, оқушрәг, өкүш, өкүш, сансызын, сісабсіз, тәлім, телім, хайлі, чаксыз (26)	көп, артық, мол, ауыр, жалғыз, қалың, аз, жалқы, қаба, ормандай, рулы, ұлы, қарағайлы (13)	жалғыз, қос, егіз, жұп, көп, аз, мол, жарты, қалың (9)	72
	Сан есім	алты, төрт, секізінч, бес, түмен, биң, бір, екі, йүз, еліг, йегі йегірімі, йегі, биш отуз, тоқуа, екі йегірімі, тоқуз йегірімі, үч биң, екі биң, үч отуз (19)	түмен (1)	алтмыш мың, алтмыш, алты, беш йүз, бір, елик, елліг, йети, йетмиш еки, йетмиш мың, йүз алтмыш, йүз мың, қырық, миң, мың беш йүз, мың, он тоғуз, миң, он төрт, тоқуз йүз алтмыш, төрт йүз қырық төрт, түмән, үч, үч йүз, үчүн йүз мың (26)	бір, екі, үш, он, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, онбір, он екі, он бес, он жеті, жиырма бес, отыз, отыз екі, қырық, алпыс, сексен сегіз, тоқсан, жүз, мың, қырық мың, қос, жалғыз, біреу, екеу, алтау, жетеу (30)	бір, екі, үш, он, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, онбір, он екі, он бес, он жеті, жиырма бес, отыз, отыз екі, қырық, алпыс, сексен сегіз, тоқсан, жүз, мың, қырық мың, қос, жалғыз, біреу, екеу, алтау, жетеу, ондаған, жүздеген, мыңдаған, онмыңдап, жүзмыңдап, миллиондап, миллиардтап; екіжүздей, бес жүздей, ондарда, жиырмаларда т.б. (43)	119
	Есімдік	анча, коп, қамуғ, коп (4)	қамуғ, түгел, барша, қаш, нече (5)	анһама, жами', әмма, һамма, тамам, пара, , барча, бары, жұмла, камук, бүтүн, жәм, қамуғ, қач, неча, тәлім, түкәл (17)	бәрі, түгел (2)	бүкіл, барлық, барша, бәрі, түгел, неше, қанша т.б. (7)	35
	Етістік		ката (1)			қайтара (1)	2
	Үстеу	бунча, ынча (2)		анча, аууал, ең, һәр, не түрлү, ніча кім, біраз, тег, інән, мунча, анчақ, (11)	біраз, күнде, жан біткен, талай (4)	өте, ерекше, айрықша, тым, орасан, бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты (24)	41
	Шылау						
	Көмекші сөз					шақты, шамалы, тарта, қаралы, неше, таман, таяу, жуық, астам, артық, есе т.б. (11)	11
	Өлшем бірліктер		тізік, тізім, үгүм (3)	түб, авуч, дана, жами'а, қатра, кисм, уақыт, мартаба, қат, йер, пара, сахиға, дана, рақ'ат, турлуг, хантар, қатра, тар, әвр, түман, қатра, саф, хатла (23)	бас, ауыз (2)	тал, топ, түп, бас, дана, пар, қора, үйір, жұп, шоқ, күлге, қыдыру, қатар, тізбек, тұяқ, түйір, том, ұя, табын, тайпа, ру, келе, отар т.б. (23)	51
Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы	-лығ (1)	-ік, -лығ, -ым, -ім, -үм; -лүг, -лүг, -лығ, -а (9)		-лы, -лі (2)	-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті (6)	18
	Форма тудырушы	-мыз,-міз, -сыз, -ча, -че (5)	-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-рақ, рәг, -сызын, -сіз, -сыз (5)	-сыз, -сіз, -дай (2)	-лаған, -леген, - даған, -деген, -таған, -теген; -лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп; -дай, -дей, -тай, -тей, -ларда, -лерде, -дарда, -дерде, -тарда, -терде; -дарда, -дерде, -ларда, -лерде (26)	43
Синтаксистік деңгей	Тіркестер	екі-үч биң сүмүз, елігче ер, он уйгур, тоқуа оғуз, түмен кон, үч отуз балық (6)	бір сүрүк кой, түмен мың иармақ, топұнлұғ тарғ, ұларлығ тағ, алымлығ ер, үгүрлүг ер, иұмығы нең (7)	гуруһ-гуруһ, йетмиш еки тил, йүз хисса, күна күн, нича мың, он төрт йерда, үчүн йүз мың хорлық, фарик-фарик, фуж-фуж, йетмиш мың ағызы, йүз мақар, йүз мың ла'нат, йүз мың пашиман, улу черув, жұмла шахлар, миңда бир, азын-азын, алтмыш батман, отуз-қырқ, саф-саф (20)	бетегелі бел, шашынан көп жала, алаң, алаң, алаң жұрт, ауыр қол, ауыр жұрт, ауыр ноғай жұрты, алтау-жетеу, он сан ноғай, қалың ел, жер қайысқан қол, алты арыс, ормандай көп, қалың қазақ, қисапсыз қол, қырық мың атан, қырық сан қара қалмақ, он сан алаш, өлшеусіз мал мен бас, үш жүз, ұлы шерік, шаршы топ, қос-қос, көз жетпеу, есебіне жан жетпей (23)	жиырма-отыздан, елу-алпыстан, жүз-екіжүзден, мың-екі мыңнан, бес-алты мыңнан, бір-бірлеп, он-ондап, неше ондаған, неше жүздеген, неше мыңдаған; он-онбестей, қырық-елудей, алпыс-жетпістей, екі-үш жүздей, бес-алты жүздей, бір-екі, екі-үш, он-жиырма, жүз-екі жүз, оншақты, қырықшақты, елушақты, он-онбес шақты, жүз-екі жүз шақты, бірнеше, оннеше, жиырма неше, жүз-жүзден, мың-мыңнан; он-жиырмадан т.б. (29)	85
	Модельдер	бір үлүгі, екі үлүгі, йүз артуқ (3)		бир данасы, еки данасы, хаддин фузун, 'ададдин бирун, сачың бир тары, миң артуқ (6)		сан есім+барыс септік+демеуліктер (үштерге қарай, екілерге жақын, үштерден кейін), оннан бірі, жүзден екісі, бір бүтін екіден бір, екі жарым, онға тарта, жүзге тарта, мыңға тарта, жүзге таман, мыңға таман, онға таяу, жүзге таяу, мыңға таяу, мыңға жуық, он мыңға жуық, жүз мыңнан астам, миллионнан астам, он мыңнан артық, оннан артық (20)	29
	Құрылымдар (конструкция)	бес түмен сү, тоқуз он бош кой, он түмен сү, төрт түмен сү (4)	бір тізік тирек, бір тізік инжү, бір тізім иунжу, бір үгүм иармақ, бір иартым бодзүн, бір сүрүк кой, бір тү саш, бір ката айдым (8)	би түб сукт, бир авуч жисм, бир дана бұғдай, бир жами'а фаришталар, бир қатра су, еки кисм халқ, елик уақыт намаз, йермиш мартаба ант, йетмиш еки груһ халиқ, йетмишқат хала, отуз пара қыран, отуз сахиға, төрт йүз қырық төрт пара астахан, үч дана бұғдай, еки рақ'ат намаз, йүз мың турлуг хашарат, 10 хантар алтын, бир қатра су (18)	алпыс басты ақ орда, үш ауыз сөз (2)	бір сабақ гүл, бір құшақ гүл, бір құшақ отын, бір шоқ гүл, бір тал гүл, бір тал шөп, бір тал асық, бір тал алма, бір топ гүл, бір топ адам, бір топ мал, бір топ құс, бір түп ағаш, бір қорап сіріңке, бір қора кой, бір үйір жылқы, бір бас сарымсақ, бір бас сиыр, бес дана қарбыз, бір пар шұлық, бес пар ат, бір жұп аяқкиім, бір сап жүзім, екі қатар керпіш, бір тізбек маржан, бір тұяқ кой, бір түйір дән, бір тайпа ел, бір ұя түлкі, бір шақпақ қаныт, бір шақылдақ көмір, бір табын сиыр, бір келе түйе, бір табын сиыр, бір отар кой т.б. (35)	67
		53	59	155	86	238	591

		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		С-ы		
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.			
«Құн» ұғымының тарихи парадигмасы	Лексикалық деңгей	Зат есім	алтун, күмүш, тейің (3)	күмүш, пұл, бенек, бақыр, иармақ, адли, фельс, дирхем, мусейяби, мухаммади, гитрифи, фулс, динар (13)	алтун, кенич, алтын, туснах, ақча, әндәзә, бақыр, тәнкә, баһа, махак, танга, пул, дирхем, пени, фулс, динар, манат, ділда, жамбы (19)	күміс, алтын, пұл, жібек, жүн, монета, жамбы, аққұйрық, бақыр, кара бақыр, күреш, кара күреш, соқыр, жармақ, шақа, тиын, тайтұяқ, атантұяқ, ботакөз, койтұяқ (20)	ақша, пұл, теңге, тиын, күміс, сәрі, алтын, сом, жармақ, ділда, жамбы, тайтұяқ, койтұяқ, аттұяқ, атантұяқ, доллар, рубль, еуро, жарна, актив т.б. (20)	75	
		Сын есім	егрітебі (1)	қыз, иұфға, иұмғын, тең, үгүрлүг, алымлығ (6)	аз, кічі, улу, артук, көп, мунаввар, қыймат, асыл, көбрәк, телім, фараван (11)	дәулеті, мол, арзан, болмашыдай, сом (5)	арзан, тегін, сутегін, төмен; қымбат, жоғары, өрт, өрттей, құнды, бағалы т.б. (10)	33	
		Сан есім							
		Есімдік	анча (1)	қаш, нече (2)	неча, анча (2)		мынша, осынша (2)	7	
		Етістік							
		Үстеу			йетмишча, ніча кім, біраз, хасә, іңән, барча, (5)	талай (1)	бұнша, бұншама, бұншалық, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты, аса, тым, ерекше, қатты, өте, мейлінше, недәуір т.б. (25)	32	
		Шылау							
		Еліктеу							
	Өлшем бірліктер		үгүм, сун (2)	қат, хантар, түман (3)		теңге, тиын, сәрі, сом, жармақ, доллар, рубль, еуро т.б. (8)	13		
	Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы		-лүг, -лығ (2)			-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі; -дай, -дей, -тай, -тей; -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік (16)	18	
		Форма тудырушы	-сыз (1)	-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-рақ, -рәк, -ча (3)	-ті, -сыз, (2)	-рақ, -рек -ырақ, -ірек; дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу (10)	21	
	Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар		үгүрлүг ер, алымлығ ер (2)	кічі өлчев, улу өлчев, миң артук, ніча кім тәнкә (4)	қымбатты гауһар, сом алтын, жүз нарға кілем жаптыру, қырық мың атан тарта алмас, өлшеусіз мал мен бас, толған тоғай мал, есебіне жан жетпей (7)	жанып тұр, күйіп тұр, аспандап тұр, шарықтап тұр, ұшып тұр; арзан-арзан, қымбат-қымбат, бағалы-бағалы (8)	21	
		Модельдер					-ге+жете, -ге+жетеқабыл, -ден+көп, -ден+көптеу, -ден+көбірек, -ден+артықтау, -ге+жақындау (7)	7	
		Құрылымдар (конструкция)		бір үгүм иармақ (1)	бир чингал алтун, йетмиш қат хала, 10 хантар алтын, йүз түман (4)	туырлықсыз қара үй (1)	мың теңгелік ет, он мың теңгелік аяқкиім, бір сәрі алтын т.б. (4)	10	
			6	33	52	36	110	237	

		«Сапа» ұғымының тарихи парадигмасы					С-ы
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.	
Лексикалық деңгей	Зат есім		бағыр, қап (2)	көп забандаразлық, әндәзә, бақыр, алтун, махак, ід (6)	тал, терек, қыл, сырық, дәреже, күміс, алтын, пұл, жібек, жүн, бадан, бура, емен, болат, арғымақ, атан, арлан (17)	тал, терек, қыл, күміс, алтын, емен, болат, қорғасын, шойын т.б. (9)	34
	Сын есім	улуғ, иінгге, йоған, йаблақ, қатығды, учруғлуғ, үзе (7)	бедүк, ұлұғ, бүтүн, ызұқ, сайрам, әдіз, едзіз, ағыр, алп, алпағұт, қыз, қырт, иап, иарым, иүксек, тейіз, тең, топұнлуғ, алынлуғ, ұларлуғ (19)	улуғ, зурбазуылықдур, көрүглүг, көп, улу, аз, артук, көп, мунаввар, хабибуллах, бәдік, аһл, улу, ушақ (14)	кем, арыстандай, тең, тар, артық, морттық, түгел, жақсы, жаман, қыршын, сом, жүйрік, қатты, ауыр, ару, жалсыз, малсыз, жұлындай, аталы, атасыз, қаба, тоқал, тұрымтайдай, болмашыдай, сом, жуан, салуалы, жабағылы, сазандай (30)	жақсы, жаман, артық, кем, үздік, текті, тексіз, сом, жуан, тең, тар, кең, ару т.б. (16)	82
	Сан есім						
	Есімдік		түгел (1)	анчунан, неча, аныңтег, мундағ, мунтег (5)		Қандай? Мұндай (2)	8
	Етістік			өлчү, улғай (2)	бұдырайған, асу (2)		4
	Үстеу	ынча (1)	тес, арығ, шым, қоп, шам (5)	биғайат, көп, асры, не түрлү, ким асру, бәғайат, өтә, хасә, іңән, мунча, анһама (11)	қас, кілең (2)	өте, тым, ерекше, айрықша, әлдеғайда, анағұрлым, біршама, біраз, недәуір, әжептәуір, бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты т.б. (29)	39
	Шылау			теглі (1)	ақ (көп-ақ, аз-ақ) (1)	-да, -де (1)	3
	Көмекші сөз					қарағанда, гөрі т.б. (2)	2
	Өлшем бірліктер			кисм, алам, груһ, қат, пара, дана, турлуғ, турли, саф (9)	құлаш, тұтам (2)	түрлі, бөлмелі, шақпақ, шақылдақ, жәрікшек т.б. (5)	16
Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы	-лығ (1)	-лық, -лұғ, -лығ (3)	-рақ, -тег (2)		-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; -сыз, -сіз; -шыл, -шіл, -қой, -паз, -ық, -ік, -ғыш, -гіш, -шаң, -шең, -ша, -ше, -ғыр, -гір, -қыр, -кір т.б. (24)	30
	Форма тудырушы	-тег, -сыз, -ырақ (3)	-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-лүг, -рақ (2)	-дай, -лы, -ты, -сыз (4)	-ғыл, -гіл, -ғылт (-ым), -қылт, -кілт, -ғылттым, -қылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -ілдір, -қай, -қан, -кей, -аң, -ғыш, -гіш, -ша, -ше, -ақ, -ек, -рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу (32)	46
Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар	ілгерү-қурығару (1)	сап-сарығ, үп үрүң, тес тегірме, шым иік ет, шым өл тон, қоп едзгүнең, шап кел, топұнлуғ тарғ, алынлуғ ер, ұларлуғ тағ (11)	йүз хисса, көп михнат, күна күн, раң рандур, көп түрлү, улу черув, миң нур, парә-парә, саф-саф (9)	толғамалы ала балта, талдай мойын, тал мойын, қыл майқан, қалайылаған қасты орда, тең атаның ұлы, сом жүрек, түгел іс, жез қанат, көп жүгірер күлік, арту-арту бел, ауыр қылыш, қас игі, ару ұл, тар пейіл, кең пейіл, алтын тонның жеңі, алтын тақ, азуы кере қарыс, әлем асқан жан, күрек тісі, қынайда бел, дүниеге кең, торғай көз, тоқал терек, тұрымтайдай ұл, сом алтын, жардай атан, туған айдай, білегі жуан (23)	одан гөрі жақсы, оған қарағанда семіз, оған қарағанда сұйық, одан гөрі ыстық, оған қарағанда ақылды, одан жақсы, одан қызыл, одан биік, одан ақылды, былтырғыдан ыстық, кешегіден қараңғы, одан да жақсы, одан да сұлу, одан да ақылды, бұдан да жақын, қып-қызыл, сұп-суық, ып-ыстық, биік-биік, жақсы-жақсы, әлдеғайда жақсы, анағұрлым төмен, біршама арзан, біраз қымбат, недәуір мықты, әжептауір ыстық т.б. (26)	77
	Модельдер						
	Құрылымдар (конструкция)			еки кисм (түрлі) халқ, йетмиш 'алам нур, йетмиш еки груһ халиқ, йетмиш қат хала, отуз пара қыран, үч дана бугдай, йүз мың турлуғ хашарат, миң қатла хошрақ, миң турли асрар (9)	алты құлаш ақ найза, тұтам емшек бие (2)	екі түрлі халық, жеті қабат тон, алты қанат үй, ай мандайлы ару, бес жұлдызды қонақүй т.б. (5)	16
		13	46	70	89	148	366

		«Қашықтық» ұғымының тарихи парадигмасы					С-ы
		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.	
Лексикалық деңгей	Зат есім	екін ара (2)	сүнгү (1)	елг, әндәзә, бод, махак (4)	терек, асқар (2)	асқар, талғар, шын, құзар, шыңырау, заңғар (6)	15
	Сын есім	асра, иуйқа, йағру, йағук, иоқару, йөгеру, йуғуру, қалын, кічиг, узун, үзе, иинчге (12)	бедүк, ызүк, ұзүн, ұшақ, әдіз, едзіз, сайрам, алп, алпағұт, қырт, иоқ, иарым, иақын, иасы, иұға, иырак, иағұк, иоғұн, иұвка, иұпка, иүксек, теиіз, тапы, иинчке, тең, иұвға (26)	узақ, ағлак, бәдук, бәдік, бодлуғ, әдізрәк, йақын, йақынырақ, йырак, йырақрақ, йінічкә, қысқа, узун, үзә (14)	қиян, терең, алыс, биік, сеңгір, жақын, алыс, жуық, ұзақ, ұзын, биік, тұқыл, еңсегей, қия, биік, мортық, жуан, тоқал (18)	ұзын, қысқа, келте, шолақ, кеспелтек, молтық; алыс, қашық, қиыр, шет, шыған, қиян, ұзақ, шалғай, жырақ, алшақ, қырым, шырқау, қиуа, керік; таяу, тақау, бері, бермен, жуық, жиі, тығыз, жуыр, жақын; биік, жоғары, аңсағай, еңселі, еңсегей, сұңғак, бойшаң, зәулім; аласа, тапал, тәпелтек, тайпақ, талпақ, мыртық, пәс, қортық, тырбақ, мақар, бәкене, бақалтақ, жатаған, мәстек, быртық, тәштек, шәлтік, мықыр, шарғы, мыртиған, тәпене, мырық; терең, тұңғиық, түпсіз, шыңырау; таяз, саяз, тайыз; қалың, том, сіреу; жұқа, жалаң, кең, тар т.б. (73)	143
	Сан есім						
	Есімдік	бунча (1)	қаш, нече (2)			Қаншалық? (1)	4
	Етістік						
	Үстеу			Іңән, аһама (2)		аса, тым, ерекше, қатты, өте, барынша, недәуір, бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты, мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты, осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты, онша, оншалық, оншалықты, сонша, соншама, соншалық, соншалықты т.б. (26)	28
	Шылау	тегі (1)		-ча, тегү (2)		шейін, дейін т.б. (2)	5
	Еліктеу						
Өлшем бірліктер		тұрұм, құшам, иаршым, ағым, оқтам, иүгрүм, қат, қамдұ иығаш, фарсах, чығ (11)	йыллық, қат, дирам, хулач, харыш, қат, аршун, йығач (8)	тұтам, құлаш, құшақ, адым (4)	елі, қарыс, табан, аршын, саржан, кез, адым, құлаш, құшақ, шақырым, миллиметр, сантиметр, дециметр, метр, километр, сабақ, қабат, шумақ, жол, тармақ, тұтам т.б. (21)	44	
Морфо логикалық деңгей	Сөз тудырушы		-ұм, -үм, -ам, -ым, -м (5)	-лық, -лик, -луғ (3)	-ды, -ді (2)	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік т.б. (6)	16
	Форма тудырушы		-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-рәк, -рақ, -ча (3)	-дай, - тай (2)	-дай, -дей, -тай, -тей; -рақ, -рек -ырақ, -ірек; -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу; -ша, -ше, -шақ, -шек т.б. (18)	28
Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар			узун бодлуғ (1)	тебінгіге жетер-жетпес су, басынан қарға ұшырмас, күн түбі, тал мойын, сере, сере, сере қар, қарғадай Қазтуған, сегіз қиыр, көрінім жер, асқар, асқар, асқар тау, алыс жер (Мекке), еңсегей бойлы, найза бойы жар, биік тау, терең сай, тоқал терек, саптыаяқтай еріндім, көз жетпес (17)	ұп-ұзын, қып-қысқа, шоп-шолақ, жап-жақын; тап-тапал, тап-тайпақ, тап-талпақ, шұп-шұңқыр, тап-тайыз, қап-қалың, жұп-жұқа, кеп-кең, тап-тар; ұзын-ұзын, қысқа-қысқа, кеспелтек-кеспелтек, алыс-алыс, ұзақ-ұзақ, шалғай-шалғай, алшақ-алшақ, тақау-тақау, жуық-жуық, жақын-жақын, жиі-жиі, тығыз-тығыз, биік-биік, аласа-аласа, терең-терең, шұңғыл-шұңғыл, тайыз-тайыз, қалың-қалың, том-том, сіреу-сіреу, жұқа-жұқа, кең-кең, тар-тар; ұзынды-қысқалы, алыс-жақын, жоғары-төмен, биік-аласа, қалыңды-жұқалы; қиыр-шет, алыс-шалғай, ұзын-сонар; ат бойы, адам бойы, кісі бойы, арқан бойы, шылбыр бойы, найза бойы, қамшы бойы, ағаш бойы, бақан бойы, оқ бойы, құрық бойы, сырық бойы; ит арқасы қиян, көзі ұшында т.б. (58)	76
	Модельдер	-ке+тегі (1)		-ға+ча (ашуқығача, чығнақығача, буғазығача), -ги+ча (белигича), -дин+ғача (машриқдин ма'рибғача), -ы+сан+өлшем бірлік (узуны йүз сексан миң дирам), -ға+тегү (тоғардың күн батарға тегү) (5)	-ы+сапалық сын есім (еңсесі биік, құрсағы құшақ, құрсағы жуан); -ы+өлшем бірлік (құйрығы бір тұтам) (2)	-ы+дай (мойын+ы құрық+тай); -дай +бөлігі, -дай +жер (бір қарыстай жері, бір құлаштай бөлігі, бір метрдей бөлігін, бір елідей жерін т.б.); барыс септігі+дейін, шейін: (ернеуіне дейін, кірбегіне дейін, беліне дейін, иығына дейін, мұрнына дейін, көзіне дейін, құлағына дейін т.б.) -ға+жетеқабыл (бір шақырым+ға жетеқабыл); шығыс септік+сапалық сын есім (бір құлаш+тан артықтау, бір метр+ден биіктеу, бір қарыс+тан ұзындау, бір адым+нан жақындау, бір километр+ден алыстау, бір елі+ден кеңдеу); -нан+келеді (алакөл асығынан келеді, алатау асығынан келеді, сырдың суы сирағынан келеді, белуардан келеді, иықтан келеді, тобықтан келеді, шашасынан келеді, құлағынан келеді, мойнынан келеді, қабырғадан келеді, кірбегінен келеді т.б.); -ы+ (...) мен (...) +дай: ара+сы (осы) мен (Қапшағай)+дай, аралығы+ты (есік) пен (Алматы)+дай, есік пен төрдей, жермен көктей, (аралығы) аспан мен жердей т.б. (8)	16
	Құрылымдар (конструкция)	сүңгү батыма қарығ (1)	бір ер тұрұмы сувғ, бір құшам нәң, бір иаршым иер, бір ағым иер, бір оқтам иер, бір иүгрүм иер, бір сүнгү тұрқы (7)	еки йүз йыллық йер, йетмиш қат хала, йетмиш мың йылдық йол, йүз сексан миң дирам, мың беш йүз дирем, үч кеча уа күндүзлик йол, 7 хулач бой, 7 харыш йүрәк, йеті қат зарнигар, бір йығач йер, йеті қат йер (10)	алты құлаш ақ найза, қарға адым жер, тұтам емшек бие (3)	тас лақтырым жер, бір аттам жер, бір көш жер, әудем жер, ит өлген жер, көз көрмес, құлақ естімес жер, көз көрім жер, көз шалым жер, бие бауындай жер, бойдақ қой ауылындай жер, қозы көген жер, қозы көгеніндей жер, қозы көш жер, қозы қайырым жер, қозы өрісіндей жер, қой өрісіндей жер, желі басындай жер, ошақ басындай жер, бұт артым жер, қол созым жер, ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер, бір көш жер, түйе көш жер, құрық сілтем жер, сойыл салым жер, қамшы салым жер, құрық тастам жер, таяқ тастам жер, түйенің табаны түсетін жер, қарға адым жер, шыл адым жер т.б. (33)	54
		18	57	52	50	252	429

		Түркілік кезең			Қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері		С-ы	
		V–IX ғғ.	X–XII ғғ.	XIII–XIV ғғ.	XV–XVIII ғғ.	XIX–XX ғғ.		
«Қимыл мөлшері» ұғымының тарихи парадигмасы	Лексикалық деңгей	Зат есім						
		Сын есім	қатығды, улуғ, чруғлуғ (3)	үкүш, түпен, ұзақ, ағыр (4)	көб, көп, чандан, ексік, көп, улу, аз, артукрақ, тәлім, чаксыз (10)	көп, мол, ақырын, ауыр (4)	тез, жылдам, шапшаң, ақырын, баяу, сылбыр т.б. (6)	27
		Сан есім						
		Есімдік	анча, қоп (2)	қаш, нече (2)	анча, барча, неча, анчақ, нечә, түкәл (6)	онша (1)	онша, қаншалық, түгел, барша т.б. (4)	15
		Етістік	улғартдым (1)	қалбұз, қата (2)	ағырла, өлчү (2)		ұлғаю, үлкею, кеңею, тараю (4)	9
		Үстеу	бунча (1)	пат (1)	анһама, анчунан, мунча, барынча, биғайат, дархал, асры, барча, ақырын (9)	бек, тіз, күнде, талай (4)	мейлінше, барынша, аса, тым, ерекше, өте, қабағат, недәуір, бұнша, онша, бұншама, бұншалық, мұнша, мұншама, мұншалық, осынша, осыншама, осыншалық, оншалық, сонша, соншама, соншалық т.б. (22)	37
		Шылау		соң (1)		соң (1)	соң (1)	3
		Еліктеу		пат (1)				1
		Өлшем бірліктер		орым, иүк (2)	қатла, мартаба, рақ'ат, саһат, лоқма, қатра, қата, хагла әндәзә (өлшем), махак (10)	ауыз (1)	рет, дүркін, құр, мәрте, қайтара, баттам, атар, атым т.б. (8)	21
	Морфологиялық деңгей	Сөз тудырушы		-ым (1)			-ым, -ім, -дақ, -дек, -тақ, -тек (6)	7
Форма тудырушы			-тег, -ча/-че, -рақ, -ырақ (5)	-рақ, -ла, -сыз (3)		-рақ, -рек, -ырақ, -ірек; -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу; -ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ша, -ше (18)	26	
Синтаксистік деңгей	Тіркестер, аналитикалық формалар	ерүр-барур, ілгерү-қурығару (2)	зып-зып, шар-шар (2)	қыла-қыла, хаддин фузун, 'ададдин бирун, чандан (көп) йығылады, йүз мың ла'нат, йүз мың пашиман, улу черув, азын-азын, миң қата, нечә қатра (10)	қабырғасын сөктірдін, тіз оқ, ауыр күш, тырнағын қатты батыру, көзіңнің жасын көл қылу (5)	көре-көре, сөйлей-сөйлей, жылай-жылай, жаза-жаза, айта-айта, осып-осып, тіліп-тіліп; әлсін-әлсін шулайды, дамыл-дамыл боздады, ауық-ауық ыңыранды, бірте-бірте жақындады т.б. (11)	30	
	Модельдер							
	Құрылымдар (конструкциялар)	бес сүнүсді, бiш йолы сүнүшдiмiз, екi йор тiдi, йетi йегiрiмi үнүсдi, йетi сүнүсдi, төрт йолы сүнүшдiм, iкi йаңықа сүнүсдiм (7)	қаш қата айдым, бiр көш күдзгiл, бiр иүк бұғдай, бiр орым от (4)	бiр қатла машриф, бiр нан йемагай, йетмиш ант ичти, йетмиш мартаба қасам ичти, йермиш мартаба ант, йети мартаба айлантур, қырық нафас, үч мартаба сурған, еки рақ'ат намаз, бiр ничә лоқма ашаб (10)	сәлем айтты үш қайта, үш ауыз сөз (2)	бiр рет барды, бiрнеше рет барды, неше рет көрдi, қаншама рет алдады, тұңғыш рет ұтылды, талай рет сынады, жиырма-отыз рет ескерттi, үш дүркін барды, неше дүркін ескерттi, дүркін-дүркін сөз сөйледi, бiр мәрте жүгiндi, талай мәрте ұшты, екi қайтара ұсынды т.б. (13)	36	
		16	25	60	18	93	212	